МӘДЕНИЯТ

ШОҚАН Уәлиханов



3

Көптомдық шығармалар жинағы



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша
шығарылып отыр



**«МӘДЕНИ МҰРА»
БАҒДАРЛАМАСЫ
ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢЕСІНІҢ
МҮШЕЛЕРІ**

М.С. Әшімбаев *кеңес төрағасы*
Ә.А. Асқаров *жауапты хатшы*
С.А. Абдрахманов
Б.F. Аяған
М.Қ. Әбусейітова
С.Е. Әжіғали
Н. Әлімбай
М.М. Әуезов
К.М. Байпақов
Т.О. Балықбаев
F. Есім
Б. Жақып
С.А. Қасқабасов
М.Қ. Қойгелдиев
М.А. Құл-Мұхаммед
С.Ф. Мәжитов
А. Мұхамадиұлы
Д.Қ. Мыңбай
Ә.Н. Нысанбаев
Қ. Салғара
З. Самашев
Р.Х. Сариева
Қ.С. Сұлтанов
Қ.Қ. Түяқбаев
Ж.Қ. Түймебаев
К.Ш. Хұсайынов

Шоқан Уәлиханов

Көп томдық
шығармалар
жинағы

Үшінші том



Алматы
2010

УДК 910
ББК 26.8 г
У 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы

Ғылыми редактор:
Көшім Есмағамбетов

Уәлиханов Ш.Ш.
У 17 Көп томдық шығармалар жинағы / Шоқан Уәлиханов. – Алматы: «Толағай групп». 2010. Т. 3. – 424 б.

ISBN 978-601-280-068-5

Ш.Ш. Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының үшінші томына негізінен қазақ ғалымының 1858-1859 жж. Қашғарға сапары кезінде жазған жолжазбалары, күнделіктері, Шығыс Түркістан және оған шекаралас Орталық Азия өңірлерінің тарихы, экономикасы, саясаты, географиясы жөніндегі зерттеулері енген.

Кітап 1985 ж. Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты дайындаған Ш. Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағының негізінде қазақ тіліне аударылып, жарияланып отыр.

Басылымда қазіргі уақыттың талаптарына сәйкес, грамматикалық және стилистикалық ерекшеліктер ескеріле отырып, иллюстрациялар, карталар, кең көлемді түсіндірмелер берілген.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

43178

УДК 910
ББК 26.8 г

ISBN 978-601-280-068-5 – (т. 3)
ISBN 978-601-280-065-4

© Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы, 1984
© «Толағай групп», 2010

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

018

Жобаның үйлестірушісі:
Е.Б. Саиров

Редакциялық алқа:
Қ.С. Алдажұманов
М.Қ. Әбусейітова
М.М. Әуезов
Ә.С. Бейсенова
Ә.Б. Ғали
С.З. Зиманов
Т.Е. Жабелова
К. Л. Есмағамбетов
Б.Е. Көмеков ***(жауапты редактор)***
С.А. Қасқабасов
С.Ф. Мәжитов
С.К. Өтениязов
Е.Б. Саиров
А.Ә. Сарым
Е.Ж. Уәлиханов

Құрастырушы:
В.А.Моисеев

Аудармашы:
А.Ш. Нұрманова



[ҚАШҒАРҒА САПАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР][1]

/42а/ Бұйрыққа сәйкес, подполковник Гутковскийдің[2] хатын алған бетте, кідірмей Қапал қаласына жөнелдім, (Йақубпен келіскеннен кейін)[3] жол қиындығы себепті Верныйға ертерек шығуға мүмкіндік болмай, сәуірдің ... жұлдызына дейін сонда тоқтадым. Верныйға келісімен Сіздің мәртебеңізден хат алу құрметіне ие болдым, бірақ менің Қашғарға сапарымның жоспарын тыңғылықты шешу үшін Алатау округінің бастығымен[4] сапарға шығып және Шығыс Түркістанда, Қоқанда және қырғыз рулары арасындағы жағдай туралы нақтырақ мәлімет жинап, тек қазір ғана Сіздің жоғары мәртебеңізге Йақубпен кеңесімнің нәтижесі мен былтырғы жылғы Қашғар көтерілісінің егжей-тегжейі туралы почта арқылы хабар жеткізу мүмкіндігін алып отырмын.


Мен бұл хабардың шындыққа жақын екендігіне негіз бар деп ойлаймын, оның үстіне, менің жинаған соңғы мәліметтерім сенуге тұрарлық, өйткені олар бұл аймақты жақсы білетін *болорлық* Сарыкөл Сарымсақ пен түбі Қашғардан шыққан, ата-бабалары Кіші Бұхараны қытайлар басып алғаннан кейін Қоқанға қоныс аударған, қоқандық *датқа**[1] Әлішерден[5] алынған.

Йақуб Жанқұлов менімен сөйлескеннен кейін /42б/ біздің үкіметке пайдасын тигізуге барынша ынталы екендігін көрсетті, бірақ Қашғарда бірнеше рет болып, жергілікті жағдайды білетін кісі ретінде, өзінің ойы бойынша менің Шығыс Түркістанға бару ниетіме байланысты кездесуі мүмкін бірнеше кедергілерге көңіл аударды, оларды Сіздің жоғары мәртебеңіздің игілікті назарына ұсыну құрметіне ие болып отырмын.

1. Қашғарға Қоқан ханы иелігі арқылы бару оған да, маған да мүмкін емес: жолда Семей мен Петропавлда болған ташкенттіктер кездесіп, мені танып қоюлары мүмкін. Оның өзі де Қоқанда сенімсіз кісі ретінде белгілі және де танымал ренегат Кузнецовтың арандатуымен бірнеше рет мерт бола жаздаған, тек кезінде Омбы мен Петерборда қоқандық елші

---

*[1] *Датқа* – Қоқан хандарының қазақ және қырғыз байлары арасынан қойған өкілетті әкімдеріне берген жоғары атақтары.



Бейтаныс кісінің портреті (Гасфорт?). Қалам. 1858 ж. Ш. Уәлихановтың суреті.

болған ишан Сахиб-заденің болысуы ғана оны ажалдан құтқарған.

2. Ортаазиялық иеліктер арқылы қандай да бір сапарды жергілікті биліктің күдігін туғызу қаупінсіз ұйымдастыру мүмкін емес, оны тек белгілі-бір керуеннің құрамында және оның өзінде көп сомаға болмаса да жеке тауары бар саудагер бейнесінде жасауға ғана болады.

3. Қытай Түркістаны қалаларына Қытай үкіметінің қазыналық көлігі және жергілікті көпестердің керуендері ғана жүре алатын, Құлжадан Мұзарт арқылы Ақсу, Үш-Тұрфан және Қашғарға шығатын жол ең қауіпсіз болғандықтан, /44а/ Зауқы өткеліне Ыстықкөл арқылы, біздің *бұғы* руының жерлері арқылы өтетін жолдан басқаны таңдауға болмайды.

4. Йақубтың өзі, қаражатының тапшылығынан, ең нашар керуенді де жабдықтай алмайды, Қашғарға өз есебінен сапар ұйымдастыруға тіпті мүмкіндігі жоқ.

Йақубтың алға тартқан қолайсыз шартының соңғы тармағы менің күдігімді туғызды, бірақ Қапал саудагерлері мен Абакумов[6] мырзадан тәптіштеп сұрағанда, Мамед-Йақубтың саудасының жүрмей тұрғандығы шындыққа сай екені белгілі болды.

Мамед-Йақуб біздің жоспарымызды жүзеге асыру үшін, әрине, Сіздің жоғары мәртебеңіз мүмкін деп тапса, Қапал мен Верныйдан 2 немесе 1,5 мың күміс сомға тауар алып, керуен жабдықтап, *бұғы* болысы Текес пен Қарқараға жайлауға шыққан уақытта Зауқы өткелінен өту керек деп санайды. Бұл тау-

арды Қашғарда күміске немесе басқа тауарға алмастырса болады, оның ойынша, қазына бұдан ешқандай шығынға ұшырамайды. Йақубтың осындай пікіріне байланысты, және де, естуімше, Ыстық-көл жаққа *бұғылықтардан* және Тянь-Шаньның арғы жағында көшіп жүрген басқа да қырғыз руларынан зекет жинау үшін жорыққа шықпақшы қытайлықтардың жаушылық істерінің нәтижесінде, мен Сіздің жоғары мәртебеңізден әрі қарайғы өкіміңізді күтуге мәжбүрмін, ал сол аралықта Қытай Түркістанына енудің қандай да болмасын жолдарын табуға бар күшімді саламын. Бұған өз тарапынан Боранбай[7] да көмектеседі, [бірақ] ісіміздің оңтайлы орындалуына керуеннің өтуі де көптеп кедергі етеді (*бұғыдағы* қазіргі жағдай), Файзолланың[8] жазуы бойынша, онда, өзіңізге белгілі Телахмет-құл үлкен бүлік салып отыр. Менің ойымша, керуен жолға шықпастан бұрын, менің *бұғы* арасына барып, бөлінушілік[9] рухын басуға тырысып, сол жерде қырғыздардың Қашғар жеріне мата әкелуге қалай баратынын және де жақында естігенімдей, аракідік болып тұратын Ташкент керуендерінің Зауқы арқылы қашан өтетінін білуім қажет.

/1а/ Осыдан бұрын жолдаған хатымда мен Сіздің жоғары мәртебеңізге Қашғарда басталған бүліктер туралы хабарлау құрметіне ие болғанмын. Бұл қауесет болып шықты, тіпті шындыққа сай келмейді. Ойымызша, қазіргі таққа үміткердің Шығыс Түркістандағы өз құқығын қайтару әрекеті, біржола болмаса да біраз уақытқа дейін тоқтаған. Мен бұл оқиғаның егжей-тегжейін білдім, және де Сіздің жоғары мәртебеңізге бар жағдайды жеткізу қажет деп санаймын. Бұларды шындыққа жақын деп ойлауыма негізім бар, өйткені, мәліметтерді мен, сенімді әрі аймақты жақсы білетін *болорлық* Сарымсақ пен қазір біздің Верныйда жүрген атасы қашғарлық, қытайлықтардың Шығыс Түркістанды алғашқы басып алуы кезінде қоныс аударған, қоқандық *датқа* Әлішерден естідім.

Қожалардың сол ортадағы маңызын ұғынып, олардың Шығыс Түркістандық мұсылман тұрғындарына ықпалының себебін түсіндіру үшін, бұл халықтың оларды монғолдардың жаулап алуы кезінен бастап тарихына көз жүгірту қажет. Батысында Болор қыраттары және Тянь-Шаньмен, оңтүстігінде Куен-Лунмен, шығысында монғолдық Гоби шөлімен шектелген аумақтың әлі күнге белгілі-бір атауы жоқ. Елдің шығысында бұл жерлер Алтышаһар – алты /1б/ қала, Ұйғырстан, немесе Қашғар деп аталса, Еуропада ол Кіші Бұхария, Шығыс Татария, Шығыс немесе Қытай Түркістаны атымен белгілі, кейде Қашғария деп те аталады. Қытайлықтар *олоттардан* жаулап алынған барлық өңірді Батыс Си-Юй, Тянь-Шань деп атап, оны Солтүстік және Оңтүстік жолдарға бөледі. Шығыс Түркістан тұрғындары шығыста және бізде қашғарлықтар атымен белгілі

болса, қытайлықтар оларды *чанту* (оралған бас) деп атайды. Біздің ойымызша Шығыс Түркістан аталуы – ең дұрысы.

Шығыс Түркістан қытайлықтарға миладидан бұрын екінші ғасырдың өзінде ақ белгілі болған. Миладиден бұрынғы 140 ж. қытайлық Джан-кян Батыс өңірдің халықтары туралы алғашқы толық мәліметтер әкелген. Қашғар, Яркенд, Хотан, Ақсу, Уш, Куча, Қарашар қалаларының өз патшалары болған, және де, Қытай тарихына сәйкес, Үнді өркениетінің [ықпалында болып], пұтқа табынған. Білетініміздей, Жошы-хан қайтыс болғаннан кейін Шығыс Түркістан Шағатайдың үлесіне тиіп, ол өз астанасын Бешбалық*[2] қаласына орнықтырған /2а/. Көп ұзамай Шағатайдың мұрагерлері астананы Самарқандқа көшірген. XIV ғасырдың басында, Шағатай ордасы Қазанның өлімінен кейін (Шағатай әулетінен 25-билеуші) көптеген әмірлер билеген тәуелсіз иеліктерге бөлінген кезде, шағатай руының бір ханзадасы Есенбұға хан лауазымымен Шығыс Түркістан қалаларында орнықты. Әбілғазы бойынша: "Қашғар, Яркенд, Алатау және Ұйғыр елінде осы күнге дейін хан болмағандықтан, монғол ақсақалдары Есенбұғаны таққа отыруға шақырды". Есенбұғаның ұлы мен мұрагері Тұғлық-Темір Орта Азиядағы күшті билеушілерінің бірі ретінде танылады. Хижраның 763 ж. ол Мауераннахрды жаулап алып, ұлы Ілияс-қожаны Самарқандта қалдырады, дегенмен оның Самарқанға иегерлігі ұзаққа созылмады: екі жыл өткен соң оның ұлын Самарқандтан әмірлер – Хүсейн мен кейіннен Темірлан атымен белгілі болған Тимур қуып шыққан. Бәрінен де бұл [Тұғлық-Темір] бірінші болып мұсылмандықты қабылдап, оны Алты қалаға таратқанымен көрнекті.

Ханды мұсылмандыққа тартқан Мұхаммедтің [Пайғамбар] ілімін таратушы бұхаралық Джуджаг ад-дин және оның ұлы Рашид ад-дин (басқа деректерге қарағанда ол Жамал ад-дин деп те аталған) болған. Бұл шайхтар Мұхаммедтің қызы Фатимадан, беріректегі буында имам Ризадан таралады.

/2б/ Қазіргі қашғарлық қожалар тікелей Джуджаг және Рашид ад-диннен таралады. Тұғлық-Темір бірінші исламды қабылдаған хан ретінде, шайх Рашид ад-дин бірінші дін ұстазы ретінде қытай мұсылмандары арасында ерекше құрметке ие болған және олар екеуін де әулие санайды*[3].

Мұсылмандық Шығыста Пайғамбардың ұрпақтары ерекше

---

*[2] Шыңғыс хан империясын бөлген кезде Шығыс Түркістан Шағатайдың үлесіне тиген, оған әкесі барлық Мауераннахрды мұраға қалдырған. Шағатай өз астанасы ретінде Бешбалықты таңдаған, бұл қаланың нақты орналасқан жері белгісіз, бірақ оның Іле мен Қашғар аралығында орналасқаны анық. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*)

*[3] Рашид ад-диннің мазары мұсылмандардың зиярат ететін орны болған. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*)

құрметке ие болып, саййид, шайх, қожа, әмір аталып, жоғары таптың ерекше, жоғарғы дәрежелі тобын құрайды. Яғни Шығыс Түркістанға қожалардың ықпалы мұсылмандықтың енуімен басталған. Ол тарихи түрғыдан халықтың аңыздарымен байланысты, олардың діни-рухани басшы және ата-баба ретіндегі ықпалы хандардың зиялы билігімен қатар дамыған. Соңында Шағатай әулеті бытырағаннан кейін қожалар зиялы билікті де өз қолдарына алған. Шығыс Түркістанды Ғалдан-Бошоқту тұсында 1679 ж. жаулап алған жоңғарлар да қожаларға жебеушілік еткен. Қожалардың бірі, Махмұд, халықтың өзіне берілгендігіне сеніп, /3а/ тәуелсіздік алмақ болады, бірақ пиғылы ашылып, ол 1755 ж. қапаста мерт болады. Қожалар көтерілісімен кең танымал, қытайлардан өз отандарын ұзақ әрі қайсарлықпен қорғаған, атақты ағайынды қожалар Бұрхан ад-дин мен Қожа-Жаһан, осы Махмұдтың балалары және де олар жоңғар қонтайшысының *Ұргасында* туған еді.

Шығыс Түркістанды жаулап алу барысындағы Қытай үкіметінің қатігез істері (бұл елді алу барысында Кучада қытайлықтар 1000-ға дейін, Уш-Тұрфанда 1765 ж. *богдыханға* қарсы бүлік үшін барлық тұрғындарды өлтірген) ішкі қарсылықтарды ушықтырып, үрей туғызды, тек олардың жазалаушы күштері ғана түркістандықтарды көтерілістен тізгіндеп тұрды. Қожалар халық үшін сақтаушы-әулиедей болды, олардың есімі естілісімен-ақ олар қол жиып, қытайлардың қандай болса да шараларына қарамай, көтеріліске шығуға дайын тұрды. (Қашғардан 200 шақырымдағы) Ташмалық қаласындағы Ахунд Зиауддиннің көтерілісі бірінші шайқаста-ақ талқандалды. Қырғыздар тастап кеткен Ахунд қытайлардың қолына түседі. Сонымен қатар, Қашғар мен Яркендте 1825 және 1837 ж.ж. болған көтерілістер де белгілі.

* * *

/4а/ Сіздің жоғары мәртебеңізге, Шығыс Түркістанның 1765 ж. дейін тәуелсіз болғаны белгілі, тәуелсіздігін Бұрхан ад-дин[10] мен Қожа-Жаһан қытайлықтардың қолына түскен кезде жоғалтқан.

Шығыс Түркістан Қытай бодандығына түскеннен кейін, қожалар әулетінен Сали-қожа[11] Қоқанға қашқан, үрпақтары осы күнге дейін сонда тұрады. Бұған қарамастан Қытай үкіметі Қоқан ханына 1756 ж. бері қожалардың бұрынғы иеліктеріне қайтуына кедергі болу үшін 1000 жамбы төлейді, соған қарамастан қожалар жиі-жиі жолын тауып отырады, тіпті Жәңгір-қожаның (1825 ж.) көтерілісінде Қоқан ханы Мамед-Әли қызу қатысып, өзіне пайдалы көптеген шарттарды қойған; айта кетер бір жайт, қытайлықтар Қоқан ханына Шығыс Түркістанның Алты қаласынан алынатын діни зекетті берген, оны жинап түру үшін қоқандықтар Қашғарда тұрақты

өкіл – ақсақал ұстайды. Бұл зекет 12 мың тіллә (ассигнациямен 1407 сом) сомаға дейінгі көлемде. Жаңгір көтерілісінен кейін қашғарлық 70 мыңға дейінгі отбасы Қоқан, Шагрихан және басқа да Ферғана даласының қалаларына көшеді, соңынан болған көштердің есебінен олар *таулықтар* деген атпен 300 мың жанға дейін жетті.

/4б/ Қазіргі уақытта Қоқанда қашғарлық қожалар әулетінен 200-ден астам кісі бар деп саналады.

Сали-қожаның бірнеше ұлы болған, олардың ішінде бәрінен белгілісі Жүсіпхан-төре, 1825 ж. көтерілістің қолбасшысы Жаңгір-қожа және 1825 ж. көтерілісте қаза тапқан Төрехан-төре. Жаңгір-қожаның жалғыз ұлы Бұзрұқхан-төре Махдум Ағзам 37 жаста, ал Жүсіпхан-төренің он ұлы, Төрехан-төренің бес ұлы бар. Бұл ханзадалардың барлығы ханның қарамағында Қоқанда тұрып жатыр. Қазіргі тақтан үміткер Уәлихан-төре – Сали-қожаның бауыры Әулиехан-төренің ұлы.

Шығыс Түркістан қытайлықтар жаулап алғаннан кейін екіге бөлінді: *Қаратаулықтар* мен *Ақтаулықтар*. *Ақтаулықтар* – қожаларды және ұлттық еркіндікті қолдайтындар, *қаратаулықтар* – қытайлар жағына шыққандар[12]. *Ақтаулықтардың* басымы Қашғар, Яркенд, Үш-Түрфан мен Ақсу түрғындары, ал *қаратаулықтар* – көбіне түрфандықтар, комулдықтар және басқалар. Болжамдауымыз бойынша *ақтаулықтар* қарсылас топқа қарағанда көбірек және олардың жерлері Кіші Бұхарияның орталығында жатыр, ал керісінше *қаратаулықтар* ең күшті әулеттерге жатады және барлық хакімбектерді, жергілікті билеушілерді қытайлықтар түрфандық бектерден сайлайды, олар елді жаулап алу кезінде-ақ *богдыхандық* үкіметке берілгендіктері үшін императорлық *ван* (ұлы князь) лауазымын алған. Солай бола түрса да, қожалар әрдайым қаралардан да, сұлтан әулетінен де көптеген ізбасар тауып, мысалы /5а/ итальяндық мазаринилер сияқты, қырғыздардың қарапайым руларынан қажетті көмек алып отырған. Соңғы кезде Қытайдағы ішкі соғыстар туралы лақап пен манжұрлық *амбандар* мен *қаратаулық* бектердің жебірлігі өлкенің мұсылман түрғындарының қарсылығын күшейтіп, жағдай ушығып, үлкен нәтижелі болмаса да, бірнеше кішігірім көтерілістерге ұшыратты (1854 және 1856 ж.ж.). Уәлихан-төре, соңғы тәуелсіздік үшін көтерілістің ұйымдастырушысы, оның барлық мұсылмандарды көтеруіне мүмкіндігі болды, бірақ қысқа уақытқа Қашғарды алғандағы шектен шыққан қатігездігі мен көзсіз қылықтары *ақтаулықтардың* тәуелсіздікке ұмтылған қызу ынтасын суытты. Сәуір айының соңында қожа Уәлихан-төре Қоқаннан бес жолдасымен үлкен қашғар жолымен қашып шығып, Қашғар шекарасындағы Белурдағтан өтіп, қоқандық шекаралық күзет – Буртоқаны қолына алады, серіктерінің санын 25-ке жеткізіп, түнде Қашғар қабырғасына келіп, түрғындардың

қақпаны ашуын талап етеді. Желіккен "сұлтандар" қаланы толқытып, халық қожаны қуанышпен қабылдайды. Қытайлықтар қаланың орталығында орналасқан қамалына тығылады, қожа қашқанша 7000 адам қоршауда болады. Сол уақытта Уәлихан-төре Қашғардың барлық маңайын өзіне қаратып, тәуелсіз билеуші ретінде әскерге қоқандық үлгіде тәртіп орнатып, мыңбасы етіп әндіжандық Нұрмұхаммедті көтереді, ал /5б/ таулық Мұхаммед-Айиубты, *датқа* лауазымын беріп, Яркендке жіберген, әскердің негізгі қолбасшысы (Амир-и лашкар) тағайындайды, бірақ бұл қолбасшы қытайлықтардан талқаны шығып жеңіледі.

Уәлихан-төренің қысқа мерзімді билігі Темірланға тән (бір күнде 200 адамнан өлтірген) қанішерлікпен ерекшеленеді, ол Қоқан ақсақалы Намет-хан мен Қоқан ханына сыйлық апара жатқан ағылшын елшісін өлтірген; сөйтіп өзінің одақтастарын [өзіне қарсы] қойды. Сол арада Іле басшылығы шілденің соңында екі *амбан* мен торғауыттық *ванның* басшылығымен 60 мыңдық қол жіберді. Бар уақытын араққа салынып, жеңіл жүрісті әйелдер ортасында өткізетін қожасының адам естімеген қанішерлігі мен қатігездігінен ашынған халық, тезірек құтылудан үміттеніп, өз қожасына көкірегінің қақпасын жабады. Бұл үшін қала Мұхаммедтің қатты қаһарына ұшырайды, бұл Уәлихан-төренің соңғы ісі болды: серіктерінің басымы тастап кеткен, Оқсалар өткелінде қытайлар қуып жеткен ол талқандауға ұшырап, қалған серіктерімен шөл арқылы Дарваз шахы Исмаил-ханнын иелігіне қашады, ол өз кезегінде Қоқан хандығының талабы бойынша оны Құдайар-ханның қолына тапсырады. Осыдан үш ай бұрын оны Қоқанға алып келді. Әлішер датқа оны өлтірмек болғанда *үлемдер* қожаны қорғап, Сізге белгілі Сахиб-заде ишанның ықпалымен жазалатпаған, өйткені қожа Мұхаммед Пайғамбардың тұқымынан тарайды, сондықтан оны өлтіруді үлкен күнә деп есептейді. Қайтыс болған Мамед-Әли хан ажал алдында, өзінің барлық бақытсыздықтары сеидті өлтіргеннен болды деп айтқан.

Уәлихан-төре хан сарайында күшті күзетте отыр. Қожаны беруді талап еткен Қытай елшісін, Әлішердің айтуы бойынша, хан өте салқын қарсы алып, жоғары лауазым иесімен тіпті амандаспаған. Тәуекел-қожа[13] қазіргі уақытта қоқандық қорған Ташқорғанда (Әмударияның жоғары жағында) тұрып жатыр және оған Қытай императоры он мың *тіллә* зейнетақы тағайындаған. Ол Уәлихан-төренің көтерілісіне қатыспаған.

Қожалардың Салиғи әулетінен басқа тағы бір үнділік бар, ол өзін Қоқаннан Мультанға (үнділік қожалар) кеткен қожалар тұқымынанмын дейді. Тәуекел 1845 ж. Хотаннан Ақсуға дейінгі бүкіл аумақты қамтыған, қытайлар арасында "Жеті қожа көтерілісі"[14] атымен белгілі көтерілісті ұйымдастырған.

[І ҚАШҒАР КҮНДЕЛІГІ]

Зауқы өткелінің шыңы

/2а/ 14 қыркүйек

Біз бүгін Зауқыдан өтіп, көрмеген, білмеген елдерге аяқ бастық. Бұл белгісіздік мені бұрынғыдан гөрі нақты және дұрыс күнделік жазуға мәжбүрлеп отыр. Біздің керуеніміз жаңа ғана кей жерлерінде қар жатқан батпақты алаңқайға тоқтап қос пен шатыр қойып үлгерді. Жан-жағымыз тау, төменде түбінде кішігірім көлі жылтыраған қараңғы шатқал. Қар жауып тұр және суық. Мен бұл жолдарды көште, сапар отының жарығымен жазып отырмын: отын тамызығы қорлап алып шыққан Juniperus Sabina*[4]-ның сүрғылт бұтақтары мен Caragana jubatae, өйткені бұл жолда Қытай шекарасына дейін тезектен басқа отын жоқ. Менің аспазшым Қошқар кешкі ас дайындап, шай қойып жүр; уақыт өткізу, әрі жылынбақ үшін, мен /2б/ көпестерше, яғни асқазаның толғанша, шай ішіп дағдыланғанмын. Айнала толған қойдың маңырағаны мен кешкі асты күтіп от маңайында отырған қызметшілердің дауыстары. Әңгімелері бүгінгі тауға көтерілгеннің қиындықтары жайлы сияқты. Бекмырза атты көрші қостың қырғызының, жүк тиеген түйесінің беткейден құлап, оның өз түйесін қалай құтқарғаны туралы қызбаланып айтып жатқаны естіледі; ал басқа кереуенде өзінің қызылтілділігімен белгілі болған Ақжол қырғыз, өзінің осыдан екі жыл бұрын, қыстың күні жаңбырдан соң Хабарасу мен Тарбағатайдан өткені туралы және жолдың тайғақ болып, өздерінің күні бойы баспалдақ ойып, ойпаң жерлерде түйенің табанының астына киіз төсегені туралы әңгімелегені естіледі. Олардың бірі Зауқыны Ташкенттен Қоқанға баратын жолдағы Кендір-даванмен салыстырып, Кендірді Зауқыдан да тігірек және биігірек дейді. Олардың әңгімесі қызғылықты да пайдалы. Олардың бәрі де көпті көрген кісілер, көбісі өмір бойы керуендерде қызмет етіп, өздері өткен елдердің жағрафиясын жақсы біледі. Айғай-шу: отарлар тауға қарай жүгіруде. Міне, керуенбасының дауысы да естілді. Әңгімешілер отарларға қарай жүгіріп кетті. "Айт! Айт!"

*[4] Арша.

деген айқайлар естіледі. Хабарасудағы оқиғаны аяқтауға от басына асыққан сөзуарымызды айнытпай таныдым.

/3а/ – Не, қасқыр ма? – деп, от басына қарай әңгімекұмар қырғыздарға оқиғасын жалғастыруға асыққан сөзуардан сұрадым.

– Соның өзі, – деді Ақжол, іле-шала қамыққан болып қойшым келді, жылаңқы дауыспен қасқырдың біздің қойды "тартып" кеткенін айтып, өзімшілдікпен "Оңбаған неме басқаныкін тартпай. Жоқ, бәрі біздікіне өш" – деді.

– Қатты тартты ма?

– Бар құйрығын жұлып кетті.

Тартылған қой қызметшілерге беріледі.

Қарқарадан Санташ қорғаны тұсынан Төп өзенінен өтіп, Қызылқия тауының басына көтеріліп, Белбұлақ тұмасының жанында түнедік. Асу өте биік емес және өтуге ыңғайлы. Екінші [қоналғы] Жырғалаң*[5] өзенінде. Бұл жайылымы тоқ жерлер; ...үшінші – Қаракөл өзені. Жол Ыстық көлдің оң жақ алқабы арқылы өтеді, тақтайдай тегіс. Жырғалаңнан Қаракөлге дейін [айнала] *белектер*[15] мен *салмекелердің*[16] шабындықтары. Борсық ауылының тұсында түнедік, ауылға барған бос жүріс. Жетіоғыз өзеніндегі төртінші [аялдау]. Борсық ауылымен бірге көштік. Телтай – ерекше құбылыс. Бұл өзенде *қыдықтар* мен *желдендердің* астық шаруашылығы.

Бесінші [қоналғы] Қызылсу өзенінде, /3б/ *қыдық* руы биінің ауылы. Ташеке мен Маманың осы ауыл туралы айтқаны. Алтыншы [қоналғы] Зауқы өзенінде.

Жол алдымен даламен жүріп отырып, Қызылүңгір саңылауына көтеріледі. Бұл жолда Боранбайдың мазары мен оның жеміс бағының қалдықтары көңіл аударады. Бау шым қорғанмен қоршалған; аман қалған бірнеше шабдалы және өрік ағаштарын көрдім. Қызылүңгір үңгірі (қызыл құмдақ). Бұл шатқалға кіреберісте Зауқыға оң жағынан Зауқышақ өзені құяды, оның өзінің асуы бар; Зауқышақтан екі шақырымдай өткен жерде түнедік. Жол өте ыңғайлы, аңғарда тастар жоқ. Жетінші [қоналғы] Зауқы өзенінде, Қашқасу шатқалынан (1½ шақырым) биікте. Асу өте үлкен емес. Жол Зауқы өзенінің аңғарымен жүріп отырады, екі жерде асу бар, бірақ өте күрделі емес. Зауқыға оң жағынан қосылатын Қашқасу шатқалының өз асуы бар. Ұрыларды ұстау және Жанетпен келіссөздер. Сегізінші қоналғы Зауқы өзенінде, 6 шақырымдық жүріс, аңғармен жүру ыңғайлы және тастарсыз. Тоғызыншы қоналғы. Алтыншы қоналғыға қайту. Жанетпен соғыс, біздің қашқанымыз, татарларды тұтқындау және ұятты келісім. Оныншы – Зауқы өзені, оң жақтан қосылатын Дункурасу шатқалына жақын жерде, жолы ыңғайлы.

---

*[5] Күнделіктің жол шетінде, өзендердің тұсында 5, 6, 7, 8 сандары жазылған.

[Он бірінші] қоналғы, бірінші көл. Бұл көл ұзындығында 500 *сажыннан* ұзақ емес. Зауқы осы көлден бастау алады. Өте үлкен емес белдік (вал) /4а/ бұдан үлкенірек көлден бөліп тұр. Бұған екі бұлақ құяды. Біреуі, оң жағынан құятыны, біз тұрған аңғар арқылы өтеді, екіншісі, сол жақтан, тау шыңында жатқан қардан толығады. Айтуынша бұл көлдердің жер астылық байланысы бар. Түнеп шыққан жерімізден жол айтарлықтай күрделі асулармен басталады, ал екінші көлден өткеннен кейін тіпті түйе тұрмақ атқа да өту қиын болды. Бұл қиын асу биіктігінде жарты шақырымнан артық емес, бірақ өте тік, бәрінен қиыны, гранит жартастардың үлкен сынықтарымен жабылған, олардың үстіне секіріп шығу қажет еді.

Естуімізше, судың төбесінен Шахрқорымның өзіне дейін, қырғыздар арасында "Сырт" атымен белгілі кең алқап жатыр. Ойымызша "Сырт" 7 мың фут биіктікте жатыр, бұны қар мен қысы-жазғы суық (жер ылғи тоңазып жатады) пен мал мен адамға жаңбыр мен боран кезінде қауіп туғызатын ауаның жетіспеушілігі дәлелдейді. Қырғыздар бұл құбылысты "түтек"[17] деп атайды, оған ерекше қасиет балап және өздерін қорғау үшін аластаулар айтады. Албас[ты][18] туралы және бұл қасіретті асуды қалай өтіп, одан біз қаншама /4б/ жас пен қан төккеніміз туралы ертең айтып береміз. От сөніп қалды, тоңа бастадым, уақыт та кеш болған секілді, өйткені тынымсыз Ақжол өзінің таусылмас әңгімесін аяқтады.

– Қошқар, төсек сал!

Таудың негізі – гранит, Қызылүңгірден жоғары ... өткелге дейінгі тас та, өзен малтатастары да гранит, ... бері тас арасында сазды және шақпақ (кремний) тақтатастар (сланец) кездеседі. Екі көлдің аралығы сланецтің үлкен бөліктеріне тола. Ақ кварц та кездеседі, жоғарғы асудың сол жағындағы жартас толығымен ақ кварцтан.

15 қыркүйек. Жетімшоқының оң беткейі.

Керуен 6 сағат жүрді, демек асудағы түйелердің тоқтағанын ескерсек, 20 шақырымдай жүрді деуге болады.

Мен, Зауқы шатқалынан көтерілгенде үстінде мәңгілік қар басқан онша биік емес таулары бар, батпақты алқапқа шыққанымызды айтып өткен болатынмын. Бұл "Сырттың" нақ өзі. /5а/ Керуен алдымен алқапта 14-інде қонған жылға ағымын бойлап жоғары қарай жүрді. Бұл алқап толған шоқалақ пен су, сондықтан түйе мен аттар әрең жүрді; екі шақырым өткеннен кейін [біз] сопақша, ұзындығында 1½ шақырым болатын көлді көрдік, бұл көлден жоғарыда айтып өткен жылға ағып шығады. Өте биік емес төбешікті белдік бұл көлді, бұдан кішірек екінші көлден бөліп жатыр; алдымызда қатқақ топырақты алқап, оны көлденеңдеп Сырдарияның тармағы Нарын ағып жатыр, батыстан шығысқа қарай бағытта-

лып, ары-қарай оңтүстік-шығысқа бұрылады; бұл алқапты оң жағынан Жетімшоқы аталатын таулар шектесе, батысы мен шығысында тағы қарлы шыңдар көрінеді. Жол Жетімшоқы арқылы өтеді. Солтүстік-шығыс беткейінде қар жатыр, сайларында қалыңдығы 6 және одан да көп сажын қар жатыр. Өткелдің ортасында кішігірім көл бар. Көлдің осы жеріне дейін жер көтеріледі, одан ары төмендейді, таудың беткейінде /5б/ Нарынға құятын өзен ағып жатыр. Бүгінгі ызғарлы қалың қар мен суық, біздің жақтың қысындай, соған қарағанда Жетімшоқы көлі Тянь-Шаньның ең биік нүктесі. Мәңгілік қар жататын тұстар бұл көлдің деңгейінен көп төмен жатыр. Жетімшоқыдан өткен жерлерде кішігірім асулар мен тік беткейлер бар; кеше түскен қар бүгін біздің жүрісімізді қиындатты.

Жетімшоқы балшықты және кремнийлі тақта тастардан және диориттен тұрады, кейде әктас пен құмтас та кездеседі, бір ғажабы – гранит жоқ, тіпті гранит сынықтары мен тастар да жоқ.

16-сы [қыркүйек]. Қарасай*[6] өзені жағасындағы қоналғы (30 шақырым). Керуен ерте көтерілді, таң өте суық болды. Түйелердің айғайы мен қызметкерлердің дауыстары мені қатты үйқыдан оятты. Қос ішінде от жанып /6а/, қайнаған шайнектің құлаққа жағымды шуы естіледі. Тонға оранып, мен оттың жанына орнығып шай ішуге кірістім. Кенет керуенбасының: қостарды бұзып, түйеге тиеңдер деген бұйрықты дауысы естілді. Айнала шуылдаған қозғалысқа толып: түйелердің айғайы, ұрыс-керіс, балағат, Аллаға, Пайғамбарға және әулиелерге жалбарынған діндар дұғалар тар шатқалды толтырып кетті. Шай ішіп болғаным сол еді, керуен жолға шықты. Бұхаралық мырзалар әлі от басында отыр, мен темекі (трубка) шектім. Бұхарлықтар оныншы шайнегін бастап, қор-қор дайындап жатыр. Керуеншілер, оның ішінде мен пақыр да, бұхаралықтардың отының жанына жиналдық, қор-қор бәрімізді айналып шықты, жиналғандарды қалың түтін жапты. Керуенбасы атқа отырды, біз де сөйттік. Керуенбасы түйелерді қуып жету үшін атын қамшылады, біз де қалмай келеміз. Арамызда мүлгіген үнсіздік. Суықтан қасарысқан денеміз бен жарылып кеткен ерініміз аузымызды аштырмайды. Тон киіп, енді белдікпен белімізді бекем буған, /6б/ қызыл мұрынды, суықтан көгеріп кеткен бетімізбен біздер будда *бұрхандарына*[19] ұқсаймыз. Домаланған денеміз еш қозғалыссыз; біздің тондарымыз бен мақталы шапандарымыз тас қабықтай қолымызды қолғалтпайды. Түйелер өзен жағасымен ұзын тізбекпен Нарын өзенінің көлденең алқабына түсіп келеді. Киіз шапан[20] киген

*[6] Қара сай немесе арна; түркі атауы. (*Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі*).

қызметші қырғыздар бізден де гөрі тірі жанға ұқсамайды. Барлығы да терең үнсіздікте. Айналадағы көрініс онан сайын үнжырғаңды түсіріп, көңілсіз ойларға жетелейді: жан-жағымызда жалаңаш таулар – сап-сары, тақыр. Жылқы, қойлардың қаңқалары бүкіл алқапты алып жатыр, көбінде әлі де тері пүшпақтары сақталған, кей-жерлерде кеуіп кеткен ет те көрінеді. Бұл, екі жыл бұрын көктемде жердің қары мен суықтан қырылған мал. Мұндай қарды қырғыздар "сарықар" деп атайды, ол көбіне жаз айларында болады, сол кезде малға нағыз апат келеді. Алдымыздағы төбеде біздің сапарлас жолдастарымыз – Қазан татарлары мен қашғарлықтар тұр; біздің сарттарымыздың бірі үнсіздікті үзді, таң қалған біз оған қарадық.

– Неғып тұрсыздар, бізді шақырып жатқанын көрмейсіздер ме, – деді ол. Шынында да, Қашғарда бұрын бірнеше рет болған татарлардың бірі – Мамеджан, ақ сақалын құрметтеп біздер оны да керуенбасы дер едік, қолын оңға бұлғап тұр екен, бұл қырғыздар арасында шақыру белгісі. /7а/ Біз төбеге қарай шаба жөнелдік.

– Не болды? Сарыбағыштар емес пе?

– Әзірге, Құдайға шүкір, – деді ақсақал маңғазданып, – көрініп тұрған қауіп жоқ, бірақ абайлаған жөн. Мынау Наманган тұсында Сырдарияға құятын Нарын өзені. Бірақ, бұл алқап ең қауіпті жерлердің бірі; барымташылардың бәрі осы жолмен жүреді, сондықтан мен сіздерден қауіпсіздік қамын жасап, мылтықтарыңды оқтаулы ұстап және түйелерден алыстамауларыңызды сұраймын.

– Алланың қалауы болар, – деді біздің тағдырға сенгіш керуенбасымыз, – Оның қалауынсыз сақалдан қыл да түспейді. Дегенмен керуенді тоқтатып, кісілерді топтастырды. Күн көтеріліп, жылы сәуле табиғатты жібіте бастады, біздің керуеніміз тіршілік нышанын бере бастады; түс жарымында ысығаны сондай, қырғыздардың тасбақанікіндей сауыттары мен тондары қанжығаға байланды.

/7б/ Жол Нарын өзенін кесіп өтіп, оңтүстік-батысқа қарай бағытталады; Нарын алқабын өткеннен кейін жер бедері төбешіктеніп, сорлана бастады; топырақ қатқақ, сазды. Бұл жерлердің ерекшелігі Қарасай өзенінің (Нарынға сол жағынан құятын) алқабы түгелімен дерлік су толған терең сайлардан тұрады. Қашғар керуенінің ізі, ат пен пешкеш Мамеджан табылды.

Нарын өзені солтүстік жағындағы биік емес таулардың аяғына дейін оңтүстікке, оңтүстік-батысқа ағады, оның аңғары батпақты әрі тегіс; 8 шақырым өткеннен кейін жол өзенді кесіп өтіп, оңтүстікке бағытталады, жер биіктей түседі, адырлы, ащы су толған терең сайларға толы; топырақ қатқақ және сорланған; ары қарай жол батысқа жоғарыда айтып кеткен

43178

Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУҚАНОВА
г. Петропавловск

17

таулардан шығатын өзеннің кепкен арнасымен жүреді; Нарынның сол жақ жағалауы Қарасай өзені алқабына шығады. Жағалар төбешікті жерлерге шыққанда тіктеніп, жартастардың арасына тығылған. Қарасай алқабы /8а/ Теректің тік құлауымен шектелген; сол жағында Шахрқорым тауының оңтүстік-шығыстан батысқа қарай бағытталған қарлы шыңдары көрінеді. Қарасай алқабы енінде 6-5 [шақырым], оның арнасы сорланған қабыршақтар мен ақ және сұр әктаспен жабылған. Топырағы сазды әрі құрғақ; керуен одан өтіп бара жатып қалың шаң көтерді.

17-інде. Шахрқорым*[7] мен Қаракөл (25 шақырым). Жол оңтүстікке Шахрқорымға бастайды, 4-ші шақырымда жолдың сол жағында Жаужүрек аталатын төбе тұр, оң жағында Қапшағай, жол екеуінің ортасынан өтіп, оңтүстікке – оңтүстік-батысқа бұрылады. 19 шақырым өткенде [жол] оң жағында жатқан шатқалға кіреді (сол жағында басқа шатқал бар). Кіреберісте бұл екі шатқалдың жылғалары қосылады, бұлақ бойымен тауға солтүстік бағытта көтерілдік, жол ыңғайлы. Шатқалдың екі жағында жатқан таулар әктас пен мәрмәрдан, немесе, охра мен мыс тотығымен боялған сазды қабыршақтан тұрады. Осы бұлақтың бойымен көтеріліп жол оңтүстік-батысқа бұрылып, кішігірім батпақты алаңқайға кіреді; бұл алаңнан бұлақ ағып шығады, шатқал жолдың сол жақ бетінде. Бұл алаңқайдан оң жақ төбеге Шахрқорымға өзіндік арнасы бар бұлақ ағады. /8б/ Таудың солтүстік беткейі біртіндеп көтеріледі, оңтүстік беті төменге терең кетеді. Бұл таулар сол мәрмәрдің жиынтығынан тұрады, бірақ өзара қызыл және сары охрамен байланысқан, сол себепті қатты бұзылып, көктемгі судың ағынынан шайылып, тікбеткейленген. Жол тік төмен кетеді, бұралаңқы, егер тастақ болмаса түйелер үшін тіпті өтуге болмас еді, бірақ бақытымызға орай, теп-тегіс және ұсақ тастармен жабылған. Бірнеше сажын аралығында екі жерде тастар бар, солардың кесірінен біз осы өткелде екі түйеміздің айырылдық. Оңтүстік беткейде Қаракөл өзенінің тұсында түнедік.

Қаракөл өзені шығыстан батысқа қарай ағады, содан кейін Шахрқорым тауын жарып өтіп, Нарынға құяды.

Қаракөл алқабы Сырттың ең төмен жері.

Түнде өте жылы болды. Жанеттің барымташыларымен кездесу. Қойларға байланысты жағымсыз оқиға. Күшіген көрдік.

18-і. Күбергенті*[8]. (шамамен 20 шақырым). Қаракөлді өттік. Қаракөлге құятын Күбергенті жылғасының ағысымен

---

*[7] Чахрхорум – ұсақ тастар, моңғолша атау, хорум – құм [шашылған тастар]. (*Ш. Уалихановтың түсіндірмесі*).

*[8] Үйпаланған немесе көтерілген [моңғолша]. (*Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі*).

жоғары жүрдік. Күбергентінің жағалауы құяр түста өте тік; жол осы жағалаудың бойымен жүреді, бұл жер /9а/ Келінтайған аталады, немесе басқа жолдардағыдай Келінтайғақ*9, қар мен жаңбырдан кейін ол жерде өте қауіпті. Күбергенті шатқалында түнедік; жер батпақты, егеуқұйрық көп. Түнде өте суық болды. Жолдың жалпы бағыты оңтүстік пен оңтүстік-батыс болды.

19-ында. Қалмақ-Ошақ. (20 шақырым)*10. Келінтайғаннан бастап жол біртіндеп көтеріле бастайды. Күбергентідегі жоғары жол, радиусында 15 шақырым ошақ жерлерге шығу; айнала дөңгелек төбелер. Бұл жер болжауымызша өте биікте жатыр; төбелер мен сайларда қар жатыр, сондықтан бар жаққа жылғалар ағып жатыр. Бұл жер Нарын мен Ақсу жүйесінің су бөлігі. Ақсудың бір тармағы оңтүстік-шығысқа, енді бірі – батысқа ағады; біздің жолымыз осы соңғыны бойлайды. Сол жағасынан да, оң жағынан да қатарласа қарлы, айтарлықтай биік таулар көрініп отырады. Оң жақ жағалауымен жүріп отырып, Қалмақ-Ошақ шатқалында түнедік. Жол жаман емес, тек Күбергенті өзенінің оң жағалауында платоға көтерілетін жер қардан тайғанақ тік беткей екен: Бірнеше түйе мен жылқы төменге сырғанап кетті, бірақ тірі қалды. Топырақ қатқақ, тіпті шаң көтерілді.

Бұл күндері ауа-райы ашық болды, желі өткір де суық, әрі бағытын жиі ауыстырып тұрады, көбіне оңтүстік-батыстан соғады. Бұл жерлерде тіпті жазда да қарлы боран болып тұрады екен. /9б/ Түні өте суық. 20 градусқа дейін жылыса, 25 градусқа дейін суық болады. Сырт табиғаты өте жұтаң: жалғыз қоңырбас көрінеді, оның өзі де сарғайып кеткен, бүгін әр жерден шеміршек*11 көрдік, Күбергентіден бастап гранит пен егеутас, кварц кездесіп тұрды; мәрмәр көрінбейді. Егеуқұйрықтар орасан көп, жердің беті тегіс солардың інімен тесілген. Түлкі мен борсық көп дейді. Қасқырлар бар – түнде біздің қойларымызға шапты. Жол бойы (Нарын бойымен) шашылған бассүйектеріне қарағанда, бұл жерлерде арқар көп болуы тиіс. Құстардан қарғалар, үйректер мен қаздар көрінді, бір рет күшіген көрдік.

Біздің қашғарлықтарымыздың айтуынша, бұл жерден Қашғарға да, Әндіжанға да қашықтық бірдей. Жолдың бағыты ал-

---

*9 Аңыз, келін тайған жер. Түркіше. (*Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі*).

*10 Түркіше, бір кездерде бұл жерде Іледен Қашғарға бара жатқан қалмақтар тоқтаған, 1825 ж. дейін одан кейін де ұзақ уақыт олардың тамақ дайындауға қазған ошақтарының орны қалған. (*Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі*).

*11 Бұл өсімдік батпақты төмен жерлерде кездеседі, қырғыздар оның түбірін қазып жейді. Дәмі аздап шалқанға (репа) келеді. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

дымен оңтүстікке, кейін батысқа қарай. Оңтүстікке жол Қалмақ-*Ошақ өзенінің биігіне дейін жүреді және жолдың* $1^1/_3$ бөлігінен сәл астамын құрайды.

Геджеге, немесе Кечге*[12] (шамамен 30 шақырым). Жолдың бағыты оңтүстік батыс – батыс. Жол өткелдің тұсында сол жақ жағалауға шығады; өзеннің аңғары кең, екі шақырымдай. Тезектің көптігі, бұл жерлерді қырғыздардың жиі-жиі жайлау ететінін көрсетеді. Кетіп бара жатқан жолбарысты көріп, біраз қауіптеніп қалдық.

20-сы. Жол сол өзеннің бойымен төмен кетеді; сол жағынан да оң жағынан да бірнеше бұлақтар қосылады; [ең] үлкендері шатқалдың сол жағынан құятын үш бұлақ. Геджеге шатқалында өзен оңтүстікке бұрылып тауды тесіп өтеді де Ақсайға құяды (Ақсай Ақсуға ағады). Керуен Геджегеде түнеді. Топырағы қатқақ, гранит кездеседі.

21-і. Шатыртас*[13]. 20 шақырымнан сәл астам, яғни 23 шақырым. Жол жарты шақырымдай оңтүстікке жүреді, содан кейін мүйісті айналып өтіп батысқа, одан әрі оңтүстік-батысқа – оңтүстікке кетеді. /10а/ Жер көтеріңкі, төбешікті, солтүстіктен оңтүстікке қарай ағып, Ақсайға құятын өзеннен өтеді. Геджегеде Зауқының ең биігінде кездесетін Caragana jubatae өседі. Екінші өзенде түнедік. Геджеге мүйісінің жартасы қызыл порфирден.

Бұл күні оңтүстік-шығыстық күшті жел болды. Солтүстік-шығысты түнек басып, күн керемет суыды; жолдан көтерілген қалың тозаң бізге түйелерді көрсетпей, айналаны айырудан қалдық. Қар жауып тұрды, бірақ қалың емес, призматикалық кристалданған.


22-інде. Текликсуусы [өзені].

Шатыртас шатқалындағы Ақсай өзенінің алабына шықтық. Ақсай солтүстіктен шығысқа ағады. Жол осы өзенді кесіп өтіп, өзенге қатарласа түрған Көкқия қарлы тауының етегіне көтеріледі. Сол жағымыздағы таулар аласара бастайды. Шатыртас тармағының соңы шатқалдың ішінде Бұғықашты аталса, оның арғы жағында Атбаш болып ағып жатыр. Шатыртастан тура оңтүстікті бетке алып Көкқия арқылы Көкшалға өтетін жол бар, ол Тесіктастағы Қытай күзетіне шығады. Бұл жол Көкшал арқылы өтеді, ол жолда отын, терек ормандары бар бірақ өте тік әрі жүріске ыңғайсыз, тіпті атпен жүру де қиын. Көкқияның етегі биік те енді. Ақсайға сол жақтан бірнеше өзендер құяды (Измаил бойынша екі өзен), сол екеуінің бірінде түнедік, ...Текликсуусы төбесінен Текликсенгірге ашық саңылау бар. Измаил бұл өзенді Құлжабасы деп айтады (ایکی تاش سایدان اوتوب غولجا باشی قوندوق – *Екі тас сайдан өтіп Құлжабасы қондық*).

---

*[12] Моңғолша – желке. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

*[13] Тас-шатыр. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).



1. Қашғар күнделігінің мәтіні. Ш.Ш. Уәлихановтың қолжазбасы.

/10б/ Бұл күні өте жылы болды. Бұл жерлердің біршама төмендегенін байқауға болады. Қашғарлықтар оңтүстіктің иісі келе бастады дейді. Жол бойы мен бір жерде ұсақ жыландар көрдім. Геджегеден бері барлық жерлерде адамдардың болғаны байқалады, қоныстарының жұрты, үй жануарларының қиы кездеседі. Мұнда тезек мол.

Ақсай *чириктардың* жайлауы. Жол алдымен оңтүстікке, өзенді кесіп өтіп, 2 шақырымнан кейін оңтүстік пен оңтүстік-батысқа [бұрылады].

Сырттағы боран мен қар туралы. Мысалы: Тат-

лық-қожа 56 күнде тек Қашғарға жеткен. Чириктар туралы. Керуен тоқтап тұр, қырғыздардың сапарлас болуы. Бүгін ... шақырым өттік.

23-і. Қызылсу өзені (23 шақырым). Измаилда біздің қоналғымыз Терек өзенінде көрсетілген. Жол оңтүстікке – оңтүстік-батысқа немесе оңтүстіктің өзіне бағытталған. Күн ыстық. [Жол] жотаға көтерілді. Бірнеше өзендерден өттік (Измаилдың айтуынша, *жетелер* оларды Текликтің Қызылсуы деп атайды). Чон-Қызылсу өзені жартасты жағалауларда ағады, әсіресе Қызылсу арқылы өткенде биік те аласа да жерлер кездеседі, бірақ аса қиын емес әрі жақын. Жер бедері тегіс емес. Жағалау Қызылүңгірдегідей тақтатас пен сары балшық.

/11а/ Бүгін Мамай мен Измаилды хат беріп алға қарай ақсақалға[21] жібердік.

24-і. Кіші-Қызылсу (16 шақырым), оңтүстік-батыс пен оңтүстікке қарай жүрдік. Жер бедері төбешікті, Қызылсу аталатын [және басқа да] өзендерден өттік. Олардың бірінің жағалауы, сазды тақтатасты тік жартас, дегенмен жалпы алғанда жол жаман емес. Күн жылы.

25 [қыркүйек]. Терек өзені (шамамен 20 шақырым). Оңтүстік-батыс пен оңтүстікке қарай жүрдік. Жер бедері биіктеп келеді. Ақсайға құятын бірнеше бұлақтардан өттік, содан Ақсайға құятын Теректі өзенінің алабына шықтық, ары қарай оңтүстікке бұрылдық. Жер мұнда *глаубер* тұзымен қапталған.

26 [қыркүйек]. Терек өткелінің оңтүстік беткейі. Теректі бойымен жоғары көтерілдік, оңтүстік бағытқа. Жер тұзды сор. Балшықта және кремнийлі тақтатасты таулар, кварцты жарықтармен тілгіленген. Сынып түскен тас бөліктері көп. Теректіге ақырын көтерілуге болады, есесіне түсетін жер тік беткей, әрі үшкір тастар көп. Оның шыңында еріген ...*[14] қар жатыр.

/11б/ Біздің қазір тұрған оңтүстік беткейі, кәдімгідей жылып қалды, жусан мен ши өскен. Теректі шыңынан Ислыққа [бірінші қытай бекетіне] дейін 60, Қашғарға дейін 135 шақырым.

Асығыспын: күнделік қазір жерге көміледі, Құдай қалап, аман-сау оралсақ, [оны] ылғал бүлдірмесе, [біз] тағы да [оны] жарыққа шығарармыз. Аллаға тапсырдым, кездескенше.

Күнделік барынша жүйесіз, есте сақтау үшін ғана жазылды. Бәрін жүйеге келтіру қажет. Өткен жерлеріміз туралы толық түсінікті, әрине, ешкім одан ала алмас.

Ертең, мүмкін, күзетке жетерміз, бізді әбден тінтетіні күмәнсіз. Екі күннен соң Қашғарда боламыз, одан ары не болары – Құдайдың еркінде, үміт-сенімімізді бір Құдайға тапсырдық. Әумин.

---

*[14] Бір сөз оқылмаған.

* * *

/55б/ **12 наурыз**,*[15] Сөгеті. [Қашғар] қаласының маңайындағы Сасықтан сағат 10-да жолға шығып, күзеттен*[16] өтіп Әкімбектің*[17] жазбасына орай аздаған юсун*[18] бердік. Күзетке дейін бізге шенеунік еріп барды. Күзетке дейінгі жол солтүстікке қарай бет алып, күзеттен өткен соң, құрғақ арнамен батысқа бұрылады. Жер Қашғардағыдай, сазды, кей жерлерді түз басқан. Қашғар мен күзет арасындағы тау сілемдері /5ба/ қатпарлы саздан тұрады, онда кейде кремнийлі тақтатастың малтатастары, кварцты жарықтар және ақ кварц кездеседі. Бұл жол ұзақ болғанымен, жалпы алғанда ыңғайлырақ, әрі алдыңғы жол сияқты еуропалықтарға белгілі болмағандығынан да маңыздылығы арта түседі.

Сасық дегеніміз, үш талмен көмкерілген бұлақтың аты. Сөгеті де сол сияқты. Бұл маңайда көшіп жүрген қырғыздар не болса соған таңғалады. Олар осы талдарды жаратылыстан тыс керемет көріп, сөйтіп оларға /56б/ құрбандыққа шалынған қойлардың мүйіздерін іліп, маңайына тас үйген, ол да табынатын зат (*фетиш*) санатында болар. Қырғыз фетишінің бірін мен пайда қылып, өз коллекцияма қостым; ағашта асылып тұрған тұмарлардың ішінде домалатып, қызыл жібектен торлап өріп жоғарыға асылған... ерекше.

Шатқал /57а/ айтарлықтай кең, қиыршық тас жабылған және қандай да бір жүріске ыңғайлы. Күн жылы, көк шөп көрінеді, көп кесірткелер жүгіріп жүр, бұл жерде қарағаш, итмұрын, қызылша өседі. Сасықта да қарағаш пен итмұрын бар. Кешкісін бақалардың шуылы естіліп тұрды.

13 наурыз. Мырзатерек. Байқұртқа асуы аласа және қиын емес; тау: негізі – // жол бойы қатпарлы саз №4*[19] //////, төбелерде №2, Мырзатеректің етегі №6, төбесі №2, кремнийлі тақтатастың малтатастары.

Жол асудан түскеннен соң Тойын өзенінің кең алабына шығады, бұл жерде жолдың төмен жағында терек ағаштары көп, ал жоғары жағында тек Мырзатерек.

---


*[15] Қашғардан Ресейге қайтқан жолда мен өткен жолда қатер туғызып, қытайлықтарға еш күмән туғызбас үшін ерекше сақтықты талап еткен әртүрлі жағымсыз жағдай болар деп қорыққан едім, қатер тек қана қоқандықтар мен қарақырғыздар тарапынан ғана туындады, олардан үрікпеуге Қашғар ақсақалының кепілдеме хаты мүмкіндік берді. (*Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі*)

*[16] Яғни, Ислық Қытай бекеті.

*[17] Дәлірек: хакімбек.

*[18] Юсун – төлем.

*[19] Бұл сандармен Ш.Уәлихановтың жол бойы жинақтаған тау жыныстарының үлгілері белгіленген.



I. Теректі-Даван асуындағы Қашғар күнделігіндегі жазба (1858 ж.). Ш.Ш. Уәлихановтың қолтаңбасы.

14 наурыз. Мырзатеректен Көктанға дейін кең шатқал, жолы тегіс, тау конгломератпен араласқан ақ және сұр ақбалшықтан (известняк) тұрады; бұдан ары тау жартасты, сазды /58а/ тақтатаспен және конгломераттан тармақталған №2, ары қарай, қоналғыға жақындағанда, қойтастардағы (валун) сиенит [кездеседі], жағалауда гранит те кездесіп қалады, шамасы, сумен ағып келген. Бір байқағанымыз, тау етегі №2-ден тұрады, ең шыңында малтатасты саз. Мырзатеректе тал, терек, жыңғыл және ұсақ шырғанақ өседі; біздің қоналғы орнымыздан біраз жоғарыда, Тойын мен Сүттібұлақ өзендерінің қосылған жеріндегі шатқал Балғын [аталады]; Біздің қоналғымыздан кейін тау қатпарлары өзгереді, конгломерат пен /////// қызыл қатпарлардан және сары тақталардан тұрады,

ары қарай жоғарыда сиенит кездеседі; қоналғыдағы тау түгелімен осы қызыл және сары [түсті] тастан.

Тойын таулары біраз биік, ал жоғарғы ағыста [биіктігі] кішірейеді, бұл жерде биіктігі көкпектей жусан мен шырғанақ кездеседі. Тойынның бойы түгелімен *чонбогыштар* мен *чириктардың* қыстауы. Ауа райы жылы болып тұрды, мұзда жатқан қар тез еруде; Сөгетіде бұта түбінде қар жатыр; /58б/ Мырзатерек түсында – әр жерде, ал жоғарғы Тойында – үлкен кеңістікте.

/14б/ **15 наурыз**. Балғыннан Тойынтөбеге дейін 35 шақырым. Алдымен бағыт солтүстік-батысқа; екі шақырымдай жер өткен соң, жол Тойынға Сүттібұлақ өзенінің құйылған жерінде Тойынның ағысы бойымен солтүстік-шығысқа бұрылады. Күн жылы, өзен үстінде мұз бен қар; алаб кеңейіп келеді, [өзен] жағасындағы таулар қоналғыға жақындаған сайын бірте-бірте аласарып келеді, өйткені біз айтарлықтай биікке көтеріліп келеміз. Алдымен тау қатпары – қызыл конгломерат, қызыл, сары және басқа да саз балшық, содан бұл таулар қызыл болып көрінеді; қатпарлар параллелді немесе оңтүстік жақтан көтеріңкі, жоғарғы қабаты №4 тастан (графитке ұқсас, қара). Жолда алғашында балғын мен шырғанақ кездеседі, 10 шақырымнан кейін кездеспейді. Ары барған сайын жердің биіктегені белгілі болады – мекен жоғарырақ; таулар тіктеніп, кей жерлеріне шөп өскен, әр жерде ағараңдап қар жатыр, шырғанақтың өзі де мұнда шөңгір шөп түрінде өседі. Мал азығы көп: қоңырбас, жусан мен ши; қырғыздардың түрмысында бұл жерлердің маңызы зор екені Тойынтөбе алабында қалған қыстақтардың көптігінен көрініп тұр. Түптіден Тойынтөбеге дейін қыс бойы тыныштық көшпелілердің бәрінің жылқысы жайылады.

16 наурыз. 30 [шақырым]; Тойынтөбеден Торғатының беліне дейін. Тойынтөбе – кішірек төбенің аты, бұл төбені шайып жатқан Тойынның оң жақ жағасында жатыр. Бұл жер өте қауіпті, біздің *чауышымыз* Тоқтар түсіндіргендей; бұл жерде төрт тараптың жолы түйіседі, сондықтан бұл жерде ылғи керуендерді барымталап, тонайды. Алайда біздің жүрген мезгіліміз /15а/ барымта жасауға тиімсіз, тіпті мүмкін емес кезең еді, сонда да болса қамдандық, дегенмен, аса мазаланған жоқпыз.

Тыныштық қырғыздарда жылқы өте аз; жемшөптің жетіспейтіндігі мен қыстың ұзақтығынан олар соншалықты арықтайды, сол себепті мамырдан ертерек жолға шықпақ түгіл, аяқтарына да тұра алмайды. Бұл жер өте биік, қар да өте мол түседі, сайларда біз қарды жарып өтуге мәжбүр болдық. Бұл жерде Тойын өзенінің бастауы жатыр, кішігірім асулар бар. Бізді Құртқа қамалының коменданты жіберген қуғыншы қуып жетті.

17 наурыз. (28 шақырым). Алғашында бағыт солтүстік-шығыс, Торғат шыңында жатқан тау өзені Шадыркөлді кесіп өттік, бұл жер болжауымызша өте биікте; маңайдағы алқап тау-

мен айнала қоршалып, қалың қар басқандықтан бізге жол жарып отыруға тура келді. Көлдің ені шамамен 10 шақырым, ұзындығы 20-дан артық. Бұл /15б/ биіктіктен өзендер бастау алады: шығыс жағынан Ақсай, оңтүстіктен – Тойын, солтүстіктен – Ташрабат өзені, ал Күкірдек тау тізбегі жатқан батыс жағынан Сүттібұлақ өзені, Нарынға құятын Тойын, Арпа тармақтары және Түсшы шатқалы тұсында Сырға құятын Үзген өзені бастау алады. Шадыркөл алқапында қоңырбас мол өскен, қыстың күні мұз үстімен Ташрабат қаласына апаратын өткелге тура өтеді; /16а/ жаздың күні, шығыс бұрышын айналып өтіп, бұл жерден Ақсай алабына өтуге болады, одан бұл үстірт төбешікті тізбекпен бөлінген. Көлдің батыс шетінде Арпа өзені алабына шығатын өткел бар, ол Рабат өткелінен ыңғайлырақ дейді. Рабат тауының үстінен әрең дегенде өттік, бұл өткелдің қиындығынан емес, қар мен батпақтың салдарынан түйелер тайғанақтап жүре алмады. Біз қоналғыға шатқалда /16б/ Рабаттың биік тізбегінің астында тоқтадық. Шадыркөл алқабына түсетін оңтүстік беткейі сондай маңызды емес, кварцты тармақтармен араласқан кремнилі тақтатастан тұрады; биікте кремнилі элемент біртіндеп сазды тақтатасқа алмасады.

18 наурыз. (23 шақырым). Асу, 23-ші шақырымнан жол өзенді бойлап, солтүстік-батысқа [беттейді], содан кейін солтүстік-шығысқа; алғашында жол тар шатқалмен кетіп, көптеген жерлерде /17а/ тік беткеймен өтеді, ондай жерлерден жүру біз үшін өте қиын болды, бірақ өзен бетінде мұз жатқандықтан, біз Ташрабатқа дейін аман-есен жеттік (қоналғыдан 8 шақырым), одан ары өзен алабы кеңейіп, ал Атбаш тұсында осы өзеннің шөбі мол тегіс те кең алабына шығады.

Шығыста *рабат* деп алыс жолда жолаушыларға пана болатын ғимаратты атайды. Осындағы медресе, керуен-сарай, субұрқақ, даладағы құдық және көпірлер құдайы садақа ретінде салынады. Бұхара хандарының бірі /17б/ Абдулла-хан[22] осы тектес ғимараттар салуды өте жақсы көрген, бұл *рабат* та соның салдырғаны дейді.

Ғимарат сазды тақтатас плиталарынан қаланған, ұзындығы шамамен 12 сажын және ені 4 сажынды құрайды. Ұзын дәліз сфералық күмбезі бар үлкен бөлмеге (ұзындығы 5 аршын)*[20] жетелейді; дәліздің екі бүйірінде еңкейіп кірмесең болмайтын аласа есіктер жасалынған. Бұл есіктер ұзын саны 41 болатын көлемі 2 аршын төртбұрышты бөлмелерге апарады. Дөңгеленген үлкен бөлмеден басқа (диаметрі 5 сажын болатын), басқа бөлмелер екі аршыннан тұратын сопақша, тар немесе тең төртбұрышты, олар көлденең бөлмелердің жартысына тең. Кейбір [бөлмелер] зат қоюға арнап жасалса, көлденең сопақшалары – мал қамау үшін, сондықтан да есіктері өте аласа, /18б/

*[20] Қате жазылған, сажын болуы керек.


қара қырғыздар қыстың күні бұны малқораға айналдырады екен. Іші мен сырты ақталған, ішінде текшелер жасалып, арабескалармен безендірілген, айналма текшелер әлі күнге сақталған.

Ташрабат құрылыс мәнері жағынан, қазіргі Қашғардағыдан гөрі, үздік сәулет өнері заманына жатады. Ырымшыл азиялықтар көп еңбек пен өнерді талап ететін нәрсенің бәрін жаратылыстан тыс, /19а/ киелі деп санайды.

Бұл ғимараттың өзіндік аңызы бар, мысалы, [бір] санағанда – қырық бөлме болса, келесіде – 39, тағы с.с. дейді. Қабырғаларында, сылағы сақталған жерлердегі сан алуан жазулар – осы ғимарат пен оны салушыға деген үлкен құрметтің дәлелі.

Қара қырғыздар бұл *рабатты* күмәнсіз киелі деп, оған қой сойып құрбандық шалады /19б/, бұған қандалған кіреберіс пен дарбазаға асылған қой мен ешкі бастары дәлел.

Атбаш жазығы қара қырғыздардың ең жақсы жайлауы саналады, осында және Арпада бидай өседі; Атбаштан төмен қарай әлдебір үлкен қаланың жұрты бар деп естідік. Бұл уақытта *чириктер* Атбаштан төмен көшіп жүрген болатын, сондықтан Асанбай-елбегі[23] бізбен бірге жүрген қырғыздарды, туысқандарына хабар бермес үшін, ешқайда жібермеді.



Ташрабат ғимаратының жоспары. Қалам. 1859 ж. Ш.Ш. Уәлихановтың жолшыбай сызбаларынан.

19 наурыз. (38 шақырым) Күн жылы да ашық. Қардың қалдықтары еріп жатыр. Алдымен батыс тарапқа өзенге дейін жүрдік, одан ары өзен бойымен шығысқа қарай, ары қарай солтүстік-шығысқа, екінші асудың етегіне түнедік. Бұл жерлерде шөп жақсы өскен, өзен бойы аздап батпақты; тауы қызыл сазды, конгломератпен араласқан, /20б/ олар шөгінді формацияда жатыр. Оң жақта тау шыңы шпат бөлшектерінің бұзылуынан фантастикалық зәулім үйлерге ұқсаған жартастар тобын құраған. Қырғыздар оны Түйемойнақ деп атайды. Жол жартасты емес, тау етегі дөңгелек болып келген, сондықтан арасында өте биік емес қыраттар болғанымен, өтуге ыңғайлы; бұл асуды /21а/ біз *чириктер* ізімізге түсер деп қорыққаннан жылдамдатып өттік.

20 наурыз. (36 шақырым). Оңтүстік беткейінде шырша ормандары, арша өскен, ал өзен жағалауларында – үшқат, тал басқан тау қыраттарынан өттік; төменге тасты, тар, биік емес, бірақ жартастардың үлкен бөліктері құлаған шатқалмен түстік. Әр жерде қар жатқандықтан түйелер тайғанақтады; қырғыздарды осы жерде /21б/ өз болыстарына жібердік, өйткені енді Құртқаға жақын келгендіктен, шабуылдан қорқыныш жоқ еді. Бұл қырат Бәйбіше[24] деп аталады, өйткені шыңындағы жартастарда «о» әрпіне ұқсас ойықтар бар. Жол шатқалды тастап, кішкене адыр арқылы батысқа беттейді; бұл жерден Ақтал өзенінің жазығы ашылады, [ол жерлерде] терек /22а/ ағаштары мен тал басқан. Жер топырағы құмды болғанымен берік емес, өзен терең сайларды шайып тастаған.

Күн көктем болғандықтан, біз бұл жерде бой көтере бастаған көк пен бірнеше жәндіктер көріп таң-тамаша қалдық. Осында Қашғардан бері бірінші рет отарлы қой баққан қойшыны кездестірдік. Осы жерден тау етегі Қашғар жақтағыдай жалаңаш қатты қатпарсыз сазды төбешіктерден тұрады. /22б/ Сол жағымызда солтүстік беткейдің қатты жыныстарының шегі мен тау етегі аралығында мұз басқан кішігірім көл. Бірнеше сағат жүргеннен кейін біз барлық ортаазиялықтар мен қытайларда қолданатын, түйе тартатын ерекше ағаш соқамен жер айдап жүрген қырғыз егіншілерін көрдік. Бұл *монол* аталатын кішігірім рудың қырғыздары екен, олардың ауылы егіндікке жақын жерде орналасқан. /23а/ Шалғынды жерлерді бойлап отырып біз олардың ауылдарының ортасынан шықтық. Қырғыздар біздің жылқыларымыздың қоңды денесіне таңқалысты, олар үшін қоңды жылқылар әлдебір ғажайыптай көрінді, шынымен де қырғыздар мініп жүрген жылқылар аласа бойлы, әрі сүйектері аршаланған арық еді, ал ауылдың маңайында жайылып жүрген сиырлар, есімізге /23б/ бір заманда Египет перғауынының үйқысын бұзған жеті көтерем сиырды түсірді. Біздің жолбасшы елбегіміз – жол приставы, кейбірімізді олардың билеушілеріне жоғары мәртебелі грамота апара жатқан Қоқан шенеуніктері деп таныстырды. Кешкісін жол бойы комендanttың күші мен маңызы туралы мақтанып келген біздің *сипайларымыз*[*21], қырғыздардың бүліншілікті пайдаланып, бағынушылықтан қалғанын мойындады, /24а/ Қоқан астан-кестен еді, *чириктер* Әлімбек-датқаға[25] өкілдер жіберіпті, Құртқаға бағынышты болғылары келетінін айтып және де Атбаш өзенінің жанында олар басқару үшін ерекше қорған салуды сұрапты; тіпті біз біреуін кездестірген қырғыз руы да өздерінің аздығына қарамай, тәуелділіктен шығыпты, өйткені әндіжандық батыр-басы[26] /24б/

[*21] *Сипай* – жалдамалы атты әскер; Қоқан ханының атты әскері, көбіне оған жас қырғыздарды алатын болған.

осы қырғыз руынан екен. Жалпы қырғыздар Әлімбектің жоғарылауы себепті көбі өз беттерімен кетіп, бұзақылық жолға түсіп, *чириктердің* ұмтылыстары немен бітерін қадағалап, сарттарға қарсы көтерілуге дайын отырды. Осы себепті Асанбай қырғыздардың мысын басу үшін [кейбіріміздің] киген бай киімдеріміз бен мінген қоқандық қарабайырларды*[22] пайдаланды және де олардың арасына Мамыразық[27] тағы да күшінде деген сыбыс жіберді. /25а/ Сол сәтте қамал сипайлары қырғыздарға жоғары қонақтарға қой союға міндеттеп, біреуі өздерінің командиріне хабар беру үшін қамалға жөнелді, әрі олар қырғыздардан [әндіжандық] әмірдің атынан Ахмет-пансат[28] атты шенеуніктің зекет жинауға келгенін естіді. Бұл жаңалық біздің күзетшілеріміздің көңілін түсірді, олар бізден /25б/ Шадыркөлде-ақ зекет алып Ақсай арқылы жібере салмаған екенбіз деп өкінді, енді бұл зекетті келімсек шенеунік алады, немесе онымен бөлісуге тура келеді, қалай болғанда да, бірінші датқаға естіртуге шешім қабылданды, мүмкін ол бізден жасырын зекет алып басқа жолмен жіберер ме екен. Дегенмен, бұл шешімді жүзеге асыруға мүмкін болмады, өйткені қырғыздардан ештеңе жасыруға болмайтын еді.

/26а/ **21 наурыз**. Келесі күні [Құртқадан] жіберілген солдат келіп, салтанатты түрде өздерінің басшысы [Мамразық-датқаның] орнында қалғанын, оны хан парша халатпен марапаттағанын және *чириктердің* дымсыз қайтқанын жариялады; зекетші туралы, оның комендanттың күйеу баласы екенін және әмір оған қандай жағдайда да датқаның кеңесімен санасуды тапсырғанын айтты.

Сағат 10-да керуен көтеріліп, 10 шақырым өтіп, Нарын өзенінің жағасына тоқтады. Өзен үстінде әлі де мұз /26б/ жатып, қамалмен қатынас жалдамалы болғандықтан, біздің өзеннен өткенде тауарымыз су болмас үшін өтініп сұрауымызбен, мейірімділік етіп осы жағада қалуға рұқсат етті. Біз киіз үйлерімізді қамалдан 4 шақырымда қоқандықтар датқа дәрежесін берген, *саяқ* руының биі Осман ауылына көршілес құрдық. Келесі күні, **22 наурызда**, қамалға комендантқа сәлем беруге бардық.

Құртқа қамалы көлденеңінен 200 сажын болады, айнала /27а/ үш жағынан қабырғамен қоршалып, төртінші жағы тік жағалауға шығады. Қабырғаның биіктігі 3 сажын, қалыңдығы 2 сажын, шығыс жағынан негізгі қақпа салынса, солтүстік жағында басқа – Жәңгір-қожаның үйі болған қасиетті жерге апаратын келесі қақпа. Ол жерде кішігірім мешіт үйі бар, бірнеше ағаш отырғызылған, барлық қасиетті мазарлардағыдай *бунчуктар*[29] қадалған, көптеп қошқар мүйіздері ілінген. /27б/ Қақпадан кірген бетте біз құм үйінділерімен қоршалған киіз үйлерді

*[22] *Қарабайыр* – жылқының жергілікті тұқымы.

және бірнеше саман үйлерді көрдік; негізгі көшесімен өтіп ақырында комендантың үйіне жеттік, ол да қабылдау бөлмесі, гарем, мешіт, атқора және қамба аталатын балшық үйлерден тұрады екен. Аула ортасында бірнеше қырғыз киіз үйлері орналасқан. Саздан жасалған кішігірім төбешікте /28а/ ескі мақта халат пен қырғызша етік киген комендант Мамразық-датқа отыр. Сәлемдескеннен кейін ақсақалдың өкілі оған біз туралы өкілетті хат пен сыйлықтарды тапсырды. /28б/ Ақсақалдың хатын және басқа да бірнеше хатты өзі оқып шығып, ол Нұрмұхаммет ақсақал туралы сұрастыра бастады, ол онымен бұрыннан жолдас болып, жас кезінде бірге қызмет атқарған екен. /29а/ Датқа бізге Верныйға ең жақын, Жұмғал арқылы Пішпекке өтетін жолмен жүруге кеңес берді. /29б/ Содан кейін бізден қанша зекет төлегенімізді сұрады. Біздің жауабымызға миығынан күліп, оған бұл туралы Қашғардан жазғанын айтты. /30а/ Содан комендант бізді татар деп ойлағанын, қара қырғыздар бізді орыстардың тыңшысы екен, жерлерді барлауға келіпті деп естігенін айтты. Қоштасарда Мамразық бізден дүрбі сұрап алып, біз қалаған жағымызға бара алатынымызды, егер біз қаласақ бізді шығарып салуға өз сипайларын бере алатынын және бізді Найманбай бидің қарамағына тапсыратынын айтып, /30б/ сол жерде бізді аталмыш қырғызбен таныстырды. Біз сынық кесемен шайды қанып ішіп, қырғызша туралған ет жеп, ақырында жүріп кеттік, ал датқа өз ұлын зекет алуға жіберетінін ескертті.

/31а/ Сағат екі кезінде керуенге комендантың ұлы жанына бір әндіжандық саудагерді және байқауымызша, пысық саналып, ақыл мен тапқырлықты талап ететін барлық жағдайларда жұмсалатын *елбегіні* ертіп келді. /31б/ Қонақтарды шайға қандырып және жақсы палауға тойдырып, біз келіссөзге кірістік. Қоқандықтар бізде үлкен байлық бар деп ойлап, біздің Қашғарда тек 124 алтын *зекет* бергенімізге сенбей, міндетті түрде біздің жүгімізді ашып көргілері келді.

23 наурыз. Келесі күні саудагердің көмегімен 2 *жамбы* мен 20 *лан* күміс, /32а/ 5 халат, 1 қадақ (*фунт)* шай мен т.б. беріп, біз тағы датқаның алдына бардық, ол бұл жолы жақсы киініпті. Датқа бізді өте жылыұшырай қарсы алды, өзінің зекет алудағы қателіктерін түсіндіріп, бізді өз ұлысының шетіне дейін шығарып салуға сол Асанбай мен /32б/ Найманбай қырғызды қосты, және оған біздің бәріміздің қоқандық екенімізді ескертті. Үйге оралғаннан кейін, біз Қашғар ақсақалы мен қашғарлық таныстарымызға хат жаздық.

24 наурыз. (8 в.). Келесі күні сағат 10-да жолға шықтық. Біз Құртқада болған күндері ауа-райы жақсы болды, әсіресе осы күндері; айнала көктеген жас шөп; біз *саяқ* руының ауылдары арасымен жүрдік – қай жерде де қырғыздар жер айдап жүрді; /33а/ бұл рудың бас биі Осман егістіктерді аралап,

[оларды] өз қырғыздарына бөліп жүрді; одан бізді ауылына шақыруға бір қырғыз шауып келді. Жанымызда Мамразықтан шенеунік болып, әрі қамалдан алты шақырым ғана жерде болғандықтан, біз оның шақыруына көңіл бөлмей, өз жөнімізбен жүре бердік. /33б/ Басқа қырғыз шабарманы келді, Осман атынан тағы сол шақыруды қайталап, бағзы заманнан керуендердің Осман әулетінің ауылына соқпай өте алмайтынын және оның бізді тек қой сойып қонақасы беріп, қымыз ішкізбестен басқа ойы жоқ екенін айтты. Біз оған алғысымызды айтып, біз үшін әрбір сағаттың санаулы екенін, /34а/ сондықтан кез-келген жерге тоқтау біздің есебімізге кірмейтінін түсіндірдік. Сол арада қырғыздардың жүріс-тұрысы күшейді. Бірнеше минут өткен жоқ ауылдан боза ішкен бір топ қырғыздар шығып, керуенге тап беріп, бізді ауылға бұрылуға мәжбүрледі. Біздің қоқандығымыз Османға барғанымен, ештеңе /34б/ істей алмады. Осман әрбір керуеннен қонақжайлық дәстүрді бұзғаны үшін *жамбы* талап етеді. Біздің Асанбаймен сөйлесуіміз, Асанбайдың қорқақтығы. Қоқанда ханға шағымданамыз деп қорқытқанымыз, оны қырғыздарды тоқтатуға қатаң кірісуге мәжбүрледі. Біздің бақытымызға орай, қамалдан Османды шақырып солдат келді, осылайша одан біз 25 сом күміс сомаға сый беріп құтылдық.

Құртқа қамалын 1832 – айдаһар жылы Мадалі хан[30] тұсында Хаққұлы мыңбасы*[23] салған. Мадалі хан билігінің алғашқы жартысы /35а/ Қытаймен болған табысты шабуылдарымен, Қаратегін мен Дарвазды бағындыруымен және Қоқанға қара қырғыздарды бағындыруымен белгілі. Екі қолбасшы: Хаққұлы мыңбасы, йуз (жүз, юз) руынан жүзбегі*[24] және парсы құлдарынан шыққан Ляшкар құшбегі*[25]. Мадалі бұл екі танымал кісіні қадірлей білді: құшбегі беклербегі*[26] лауазымы-

---

*[23] *Мыңбасы* – ортаазиялық хандықтардағы жоғарғы лауазымдардың бірі, XIX ғ. 20-шы жылдары Омар хан тұсында қыпшақтардың саяси басымдығы кезеңінде Қоқанда бекітілген. Мыңбасы – темник, бірінші уәзір, ханнан кейінгі екінші адам. Қашғарда мыңбасы – алым-салықты қадағалайтын шенеунік.

*[24] *Жүзбегі* – болыстың билеушісі, Қоқан хандығы мен Шығыс Түркістандағы ең төменгі әкімшілік биліктің басшысы.

*[25] *Құшбегі* – ортаазиялық хандықтардағы жоғарғы лауазымдарының бірі. Бұхарада – бірінші лауазым, уәзір. Оған әкімшілік билік, мемлекеттің кірісі мен шығысын қадағалайтын жоғарғы міндет тиесілі. Эмирдің жоғында тек құшбегі орнын басқан. Бірақ оның қызметі эмирдің қатаң бақылауында болған, барлық істер тек оның құдыретімен және оның бұйрығымен орындалған.

Қоқанда құшбегі лауазымы бойынша мыңбасыдан кейінгі екінші орында болған, ол үлкен қалалары бар аумақтың әмірі, және де әскербасының лауазымын да қоса алып жүрген.

*[26] *Беклербегі* – бектердің бегі, ортаазиялық хандықтардағы жоғарғы әкімшілік лауазым, атап айтқанда үлкен қалалар кіретін уәлаятардың билеушілері де осылай аталған (мысалы, Ташкенттің беклербегі).

мен Ташкенттің әмірі болып тағайындалды; Хаққұлы /35б/ қытайлықтармен соғысқан, қара қырғыздар – *буруттардың* руын бағындырған, олардың атышулы қолбасшылары Атантай мен Тайлақты тұтқындап Қоқанға алып келген; осы кезден бастап *саяқтар* мен *чириктер* бағындырылып, *ясак* салынған, оларды билеуді ыңғайлы ету үшін алғашқы қамалдар Тоғызтарау, кейінірек Құртқа салынған. Атантай мен оның бауыры, тұтқыннан босағаннан кейін, қоқандықтарға бағынғысы келмей, Ілеге /36а/ Ұлы жүздің қырғыздарына көшіп кеткен, кейін, көші-қоннан шығынға ұшырап, сол кезде Ташкенттің әмірі болған Иса датқаның кеңесі бойынша қайта қайтқан. Қамалда барлығы 200 адам *сипай*, көбісі әндіжан қырғыздарынан таңдап алынған, ішінде 50 адам ғана сарттар.

Қамалдың қазіргі комендanты бірінші рет бұл орынға Әндіжандық Иса датқа билеп тұрған кезде тағайындалып, кейін қыпшақтардың биліктен кету[31] кезеңінен бастап біржола отырған. Оның қоластына /36б/ *саяқтардың* үш руы: *шора*, оны Тайлақтың ұлы Осман билейді; *құлшұғаш* (кулчугач) бөлігі, оны Ералының ұлы Төлеке басқарады; *имам* бөлігі, оларды Жеманақтың Байтұры басқарады. *Чириктер* өздерінің жайлауы бойынша екіге бөлінеді, Атбашты және Көкшалды жайлаушы болып. Біріншісінің беделді билері: Ұрыс би, Сасық-Ұрыс, Кенжес және ең беделдісі Қарымсақ; екінші руды би /37а/ Тұрдыке басқарады, ол Қоқан билігін тек шартты түрде ғана мойындап, не зекет, не салық төлемейді. Құртқаның қарамағына тағы *бұғы* руы, Мамеке мен Шопақ бастаған қалмық бөлімі бағынады. Олардың ішіндегі беделдісі Бүйдаштың ұлы Найман және Әлекенің балалары Әлжан мен Тобылды.

Құртқа зекетті /37б/ Тұзыртау мен Жұмғал қарамағындағы, бұрындары Құртқаның қарамағында болған, қазір бөлек *бассыз* және басқа да қырғыз руларынан алады. Бұл қамалдардың Қоқандық әскерлері зекет жинағанда, Құртқаның және басқа да қамалдардың сипайлары арасында, мысалы, Сібірді басып алу барысындағы *мангазей* мен красноярлық казактар арасында болғандай көп шатасулар болып тұрады.

/38а/ *Саяқтар* 600 үйдей, *бұғы* 1200*[27] Тұрдыке қарамағындағы *чириктер* – 1500, басқалары – 1300 деп есептеледі. Бұл қырғыздардан *зекет* екі түрлі жиналады: не қырғыздардың өз көрсетулері бойынша "*үлфан*"*[28] (улфан) немесе санақ арқылы; 100 қойдан екеуін алып отырған, оның үстіне *салық*[*29] алады, осылайша *бұғыларға* 60 жылқы белгіленген.

---

*[27] Жол шетіне NB (нотабене) белгісі қойылып, "анықтау қажет" деп жазылған.

*[28] Жан басы салығы, бұл жерде шаруашылықтан салық.

*[29] Ақшалай салық, бұл жерде малмен алынады.

Қоқандықтардың билігі жалпы алғанда /38б/ тек ерекше саясат пен келісімге келу арқылы жүргізіледі, көзіміз көргендей оған қазіргі комендант төселіп алған секілді. Өз билігін ұстап тұру үшін ол рулардың жақсы әулеттерінен *аманат*[*30] алады, сыйлықтар береді және рубасыларын әрдайым бірбіріне қарсы қойып айтақтап отырады.

/39а/ Осы мақсатта ол Османды көтермелеп, онымен туыстық қатынас орнатқан, сол арқылы бағынбаған басқа қырғыздарды жазалап отырады. Османның одан сайын құлшынысын арттыру үшін, оны *пансад* және *датқа* деп атайды, ол өз кезегінде қырғыздардың өзімшілдігіне майдай жағады; *бұғылармен* де жақсы қарым-қатынаста, мүмкіндігінше олардың билеріне қымбат сыйлықтар тапсырып тұрады. Мамразықтың саясаты көпжылғы тәжірибесіне негізделген. Қыпшақтардың тұсында, қазіргі қоқандық уәзір Әлімбек датқа қыпшақтармен жауласып Нарынға кетіп барлық қырғыздарды көтерген. Құртқа қоршалып, комендантын келіссөзге шақырып, арандатып өлтірген. Мамразық та бірнеше рет қоршауда қалған. Соңғы кездері Түрдыке тіпті /40а/ зекет төлеуден қалды, қалған *чириктер* төлесе де, уақытылы емес. Мамразықтың Әндіжандық *наместникке* қырғыздарды жазалау үшін 700 адамдық әскер жіберуін сұрап өтінгеніне үш жыл болды, бірақ бәрі бекер. /40б/ Қоқандағы соңғы болған бүлік пен көтерілістер кезінде қырғыздар Мамразықты тіпті тыңдаудан қалды, өйткені Қоқанда ханның ауысуымен бірге бүкіл басшылық та ауысады. /41а/ Әлімбектің көтерілуімен қырғыздар, оның қамқорлығына үміттеніп, бүлікті жалғастыра берді. *Чириктер*, алдында айтып кеткендей, елшілер жіберіп өздеріне жеке билеуші сұраған, бұл елшілер біздің алдымызда ғана қайтып келген екен. Мамразық бізге, олардың өтініштерінің нәтижесіз екендігін айтқан, соған қарамастан олар шақыруға келмеді. /41б/ Біздің ойымызша, оларды қанағаттандырмайтын нәрсе, Мамразықтың өзіне, саясат үшін, Османды жақын тартуы, *чириктердің* онымен қаны қарсы екені белгілі.

/42б/ **25 наурыз**. (44 шақырым). Керуен, *саяқтардан* тезірек құтылу үшін өте ерте көтерілді, Нарынның жоғарғы ағысы бойынша аялдамалар көп болғанымен, 45 шақырымдай тоқтамай жүріп кетті. [Жол] Нарын өзенінің сол жағасымен жүріп отырды; бұл жерге бірнеше кішігірім өзендер құяды – (екі) Суық-қапшағай, Құланақ және соңғысы Атбаш. Нарын өзенінің арнасы бірте-бірте оң /43а/ жағына жақындап, Атбаштың құйған жерінде ол Қаратау тауының қатқыл қатпары астынан ағады. Бұл жерде жол Нарынның тура жағасына түседі, Атбашты өткел арқылы өтіп, кейін тағы да тегіс жазықтыққа шығады, бұл жерлер Шекқамыс аталады. Бұл жерде

*30 Аманат – тұтқын.

[бізді] Османның адамдары деп таныған, олармен /43б/ барымталас қарулы қырғыздар қарсы алды. Біз келерден бірнеше күн бұрын Осман олардың рубасыларының бірін өлтірген екен; бұл қырғыздар қарапайымдау екен, олардың бізге деген мысы, тек олардың Мамразықтың солдатынан қорықпайтынын, ал бізді тек Найманға деген құрмет үшін ғана кедергісіз жіберіп отырған ескертулерімен шектелді. /44а/ Тағы бірнеше шақырым өткен соң, біз Қаратау тауының аяқталып, Ақмүшіктің басталған бұрышына тоқтадық; бұл жерде кішкене жылға Жымбұлақ ағып жатыр, басқаша Қапшағай-бұлақ деп те аталады; Қапшағай бұлақтан біраз биікте Нарынға Отын-Онарша өзені құяды, ол өз кезегінде екі ағыстан түрады: Отын мен Онарша; кішкене төменіректе тағы басқа өзен бар, оның атауын /44б/ біле алмадым. Қоналғы орнында қорған бар. Онарша арқылы солға қарай Алабаш өзені бойымен Ыстық-көлге апаратын жол кетеді; бұл жолмен *сарыбағышқа* баратын барлық керуендер жүреді. Аршының құятын жерінен биігіректе Нарын біршама оңтүстік-шығысқа (SOO) бағытталады, бұл жерлерде ежелгі егіншіліктің іздері бар; суару арналары таспен қаланған.

/45а/ **26 наурыз**. (38 шақырым). Жол, осыған дейінгідей, Нарынның сол жақ жағасымен кетеді де үшінші шақырымда Нарынға кірігіп түрған мүйістен асады; асу қиын емес; мұнда сол жақ жағалау кеңейеді, сол арада арна оңға кетеді. Бидай сепкен даламен 22 шақырым жүргеннен кейін, Нарынды кешіп оң жағына өттік, өйткені ол жерлерде мұз жатқандықтан, жақын арада таудан су тасиды деп ойладық. Су тасқыны кезінде Нарынды кешіп өту мүмкін емес; біздің кешіп өткен тұсымыздан жоғарырақ жерде, Нарынға сол жағынан келіп құятын екі өзен аралығында, ерте замандарда қытайлықтар салған өткел бар. Ол жерде әдетте шекараны қадағалаушы қытай әскерлері тоқтап, кестелермен (таблицалармен) алмасады. Әдетте бұл отрядтарға қытай саудагерлері еріп жүріп, әр түрлі тауарларын қырғыздардың жылқы мен қойларына алмастырған. Бұл екі өзеннің бірі Сарқырама (Чаркрама) деп аталады, оны кесіп Аламысық (Аламышық) таулары арқылы Атбаш пен Ақсай жазықтығына жол өтеді. Қытайлықтар Қашғарға қайтарда осы өткелмен Қалмақошақ шатқалына жүріп отырып, сол арқылы Ақсай мен Теректіге, ал Құлжалықтар – /46б/ Тарағай мен Зауқы арқылы ары-бері жүретін болған. Оң жаққа өткеннен соң біз бірнеше кішігірім Көккия және Аққия асуларынан өтіп, шамамен сағат алтыда Найманның туысы – рубасы Тобылдының ауылына келдік. Осман секілді оның шамына тимес үшін біз қоналғыға түстік. Ол Қоқандық зекетшілерді күтіп жатыр екен. Өз ортасында Тобылды өзінің ержүректігімен белгілі, әрдайым қасында шабуыл мен із кесуге дайын /47а/ жігіттер ұстайды. Екі жыл ол Мамразықпен

дауласып, Тарағайда жалғыз көшіп жүрген, өзінің айтуынша Верныйға кетіп орыстардың қоластына кріуге де дайын болған, біздің келген уақытымызда ғана, осы жанжалдан кейін бірінші рет Құртқада болды. Мамразық оны жақсы қарсы алып, оған хан атынан жіберген шапан кигізді. Кешкісін бізге кешкі асқа үш қой, /47б/ аздық еткен қымыз бен айран беріп жіберді. Келесі күні ол ауылда болған жоқ; түнде көрші ауылдардан бірнеше жүз жылқыны айдап кетіпті; Тобылды, [тонаушыларды] Сарқырама шатқалында қуып жетіп, малды қайтарып, үш кісіні, *чириктер* болар, түтқынға түсіріп, одан ары жауларын қуып кетіпті.

27 наурыз. (10 шақырым). 10 шақырым өттік, бізге еріп жүрген Найман бидің ауылында тоқтадық, оның ауылы жолдан біршама бұрыста екен. Жол бойында, сол жақ жағалауда, Қайынды өзенінің құйған тұсынан біршама төменде Текесенгір атты мүйіс бар, осы мүйістің артынан өтетін тар да тік жалғыз аяқ жол арнаның екі жағынан таулармен қысылатын жерге дейін [апарады]. Бір сөзбен айтқанда, Қапшағайға дейінгі жазық сол жағында тағы да кеңейеді, тегіс те ыңғайлы, айтқандай /48б/ оң жағы, құмды тау етегіне жақындаған тұста, көптеген асулардан, аздаған қия беткейден тұрады. Бұл ауылда 28-ші наурызға дейін тұрдық. Осы жерде бізге еріп жүрген солдатпен қоштастық, ол өз еңбегіне 32 сом ақы алды. Бізді Ыстық көлге дейін шығарып салмақшы болған Найманбай, өз ауылына келген соң маңызданып, саудаласып 120 сомға әрең келісті.

/49а/ **29 наурыз**. 23 шақырымдағы асу. Жолға шықтық, 9 шақырым өткен соң, Үлкен мен Кіші Нарынның қосылған тұсына жеттік. Үлкен Нарын жартасты, кісі өтпес жағаларға жалғасады; бұл жерде барлық жолдар тоғысып, кейін Кіші Нарынға өтеді де, тағы Шығысқа бағытталады. Бұл жерде Ыстық көлге [апаратын] Қалмақасу өткелі бар, ол өте қиын да тік. /49б/ Найманбай қалған түйелерді өзіне алу үшін болар, бізді осы өткел арқылы өтуге үгіттеді. Біздің бақытымызға орай, өз шаруасымен бізбен еріп келе жатқан бір қара қырғыз бұл өткелмен қырғыздардың өзі тек басқа жол қалмағанда ғана жүретінін түсіндіріп берді. Бұл жол көпшілік дауыспен жоққа шығарылды. Одан арғы бағыт тура шығысқа қарай, бұл жерлер айтарлықтай биік екен; Кіші Нарынның құйған тұсынан бастап Нарынның жағасында шыршалар өскен, бұл жердің самырсын ормандары шекарасына өткендігінің дәлелі. /50б/ Біз өткен биіктікте кей жерлерде көкбұта өскен. Бұл жерлерде біз таудың батыс беткейін індерімен шұрық-тесік еткен алпі суырларын байқадық. Кәдімгідей суық болды, өзеннің кей жерлерінде қар жатты. Қапшағай (Нарынның жоғарғы жағы осылай аталады) бұғы, жабайы ешкілердің көптігімен әйгілі, қырғыздардың көпшілік бөлігі аңшылықпен

күнін көреді. /51а/ Болат және Чаакташ – екі өзенін өтіп, соңғы өзеннің жағасында түнедік. Қоналғы орны Айдаһар ұялары деп аталады, өйткені жартастарда біраз терең үлкен үңгірлер бар. Аңыз бойынша бұл үңгірлерден айдаһарлар шығып, жақын маңайда көшіп жүрген қырғыздарды жалмаған. /51б/ Бірақ бір батыр айдаһарды үңгірден шыға бастаған сәтте өлтірген. Чаакташ арқылы Кіші Нарынға өткел бар. Чаакташ ең жақсы жазғы жайлау болып саналады.

30 наурыз. (28 шақырым). 25 шақырымдық асу; Ақбел атты кішігірім асудан өтіп, Нарын жазықтығына түстік, өзен жағасымен жолымызды жалғастырып Айрансу өзенінің құяр жеріне жеттік, одан кейін тағы да Мұзбел биіктігіне көтеріліп, өзенді оң жақта қалдырдық, /52а/ ол шырша орманымен, шетен және талмен көмкерілген. Бұл жерден Молалы өзеніне түсу өте тік те тасты, бірақ айтарлықтай кедергі келтірмейді.

Осы өзеннің құйған тұсындағы жағада түнедік.

31 наурыз. (25 шақырым). Молабаш биіктігіне көтерілу тасты, [жол] көкбұта мен қараған өскен биіктікке шығып, ары қарай Нарынға түседі, бұл жерден кешіп өтеді. Өзенді кей жерлерде мұз басқан, /52б/ ағыс қатты бірақ терең емес; аман есен өттік; Нарынның жағалары бұл жерде тар да тасты, әсіресе оң жағасы тік, ол жерде тік жағадан Қомсу аталатын жол өтеді, ал біз жүрген жағасында шырша өскен, жер тоңды, біраз жерлерде қар жатты. /53а/ Жол бойы кей жерлерде батпақтар бар, кей жерлер өте тар және де жартастың үлкен сынықтарымен толған. Бұл жерден, өзеннің құяр тұсына жете бергенде, сол [жақта] Ұлан, Күрмекті оң жағында Нарынның жазықтығы кеңейе түседі; ендігі жерде орман жоқ, жол тептегіс, біршама батпақты. Ұлан өзенінің жағасында түнедік; Нарын бұл тұста өте таяз, кей жерлерінде тұтас мұз басқан. /53б/ Кешкісін өте суық болды, осы жерде түнедік.

1 көкек. (32 шақырым). Нарын бойы жолы тегіс; айнала таулар биіктей түсті. Жол бойы суыр аттық. Бұл жерде мен Тянь-Шаньның басқа жерлерінде кездеспеген ежелгі молаларды көрдім. Жолмен 25 шақырым [өтіп] Қаракөл өзенін кесіп өттік, бұл өзенді біз алғашқы жолы*[31] Шахрқорым тауы етегінде кешіп өткенбіз. /54а/ Нарынды бірнеше рет кесіп өттік. Өзен бойында түнеп, тағы [Нарынға] оң жақтан құятын Айғырбұлақта, одан сәл төменде, сол жақтан Қоянды өзені құяды.

2 көкек. (30 шақырым). Күн суық, қатты жел, [таудың] шығыс беткейінде қар жатыр, Нарынның ағысы бойымен бұл жерде кішкене жоғарыға жүрдік. Нарынға оң жақтан: Ішкі, Укурка және Суяк өзендері құяды. Соңғысы арқылы өткел бар, /54б/ ол да солай аталады. Жетімасу тауларында түнедік;

*[31] 1856 ж. қыркүйегінде өткен жолды айтып тұр.

өткел бойында қар көп жатыр екен, жер де ылғал. Қатты суық болғаны сондай, аяғымыз тоңды.

3 көкек. Келесі күні Зауқыдан өттік, көл бетінде мұз қозғалмаған, өте қатты аяз түрды, Үкі (Уку) арқылы түстік, жүгімізді қармен сырғанап түсіріп, өткен қоналғыдан біршама төменде – Кунгурма шатқалына қондық.

Қызыл үңгірден төмен үш рет асудан өттік.

4 көкек. Жетіоғыз өзеніне дейін Төрегелді ауылы. Ыстықкөлде көк шығып қалыпты, үшқат пен бөріккарақаттың бүршігі атқан. 12 сәуірде Верный қамалына келдік. Ағаштар гүлдеп, көк қаулап көтеріліп қалған.

[II ҚАШҒАР КҮНДЕЛІГІ][32]

/2а/ **28 маусымда** мен Қарамола шатқалында *Сарыбағыш* ауылында Сарыбұлақ бекетінің тұсында керуенге қосылдым. Керуен 8 жеке кісіге тиесілі 6 көштен, немесе "оттан", (мені қосқанда) 42 адам, 101 түйе, 65 жылқы және 18300 сом 32 тиыннан (кедендегі төленген салық бойынша) және шамамен 400 [сомға] ұсақ-түйек тауардан тұрады. Тауар: Удин (Шығыста Йақуби атымен белгілі), Ярмаков, Тушин, Ремизов фабрикаларының сисасы; нанка: Мединцовтың қытайша жасағаны (на китайскую руку), Ярмаковтың; шұға, вер-веред, Тушиннің бояу фабрикасының жартылай барқыты, Ярмаковтың люстрині мен коленкоры; орамалдар, айналар, подностар, мыс шаралар, бәкілер (перочинные ножи), майшам аяқтары т. с.с. қазандар, қытайылар (китайка) және басқа да орыс фабрикаларының өнімдері, сонымен қатар құндыз терісі, штоф*[32], канитель, терілер.

13 шілде Құрбан [айт] күні Іледен өттік. Сарыбұлақтан Ілеге дейін керуен 10 рет жолға шықты. (Tageruten).

23 шілдеде Адбан болысына жеттік. Мені мен Мұхаммед-Разық[33] – Жүністе (*құрман* руынан), Мұсабай[34] – Әділ биде (ол да *құрман* руынан), содан соң *соқырсары* руынан Есенбайда т. с.с. сауда жасадық.

6 тамызда Шалқыдыдағы *бұғыларға* келдік. /2б/ Мұсабай Шоң Қарашада[35] (*салмеке*), Нишада. Қачибектің бауыры Абделкарим, Ауенбайда (*шапақ*) – Мырза, Хожеке – Ширинбалада сауда жасады; мен Мұхаммед-Разықпен – Борсықта (*қадық*). **2 қыркүйекке** дейін Текесу бойымен қырғыздармен көшіп жүрдік.

27 [қыркүйекте] Ислық қарауылына, 2 қазанда бейсенбі күні Қашғарға келдік. 7 қарашадан кіші цян (кіші пұл – ұсақ пұл) енгізілді, және үлкен [цяндар] (جون فول يڭا فول) айналымнан шығарылды. Үлкен пұлдардың бірі 20 пұлға, келесісі 10-ға жүрді.

Бұл пұлдарды көптеп болор қырғыздарынан алынып, Қаш-

*[32] *Штоф* – жібек (шелковая полотняная ткань с разводами).

ғарға, Яркендке және Янгихисарға әкетіліп отырған. Ұсақ пұлдар да екі түрлі; екі пұлдық *дачан*[*33] және бір пұлдық *чаучан*[*34].

14 қарашада арықтардың суы тоқтатылды.

19 қарашада алғашқы қар түсті, түс кезінде тоқтады, екінші рет 7-8 қаңтарда, соңғы рет 14 қаңтарда жауды.

2-3 қаңтарда жылы күндер болып, көктем басталды. 14 ақпанда түс кезінде арықтарда су ақты.

6 ақпанда "Аям"[36] тойладық نجده 15 ايام رجب نك

7 наурызда үлкен "Аямды"[37] тойладық 14 تا شعبان

9 наурызда "жаңа жылды"[38] тойладық نوروز عالم

4 наурызда біздің керуеніміз жолға шықты, 7-де біз, 10-да Мұсабай.

/5а/ **9 наурызда** датқа бағында екі ағаш жапыраққа көміліп түрды. Қоқанда бұл кезде бар ағаш гүлдеген, сондықтан Қашғарға 15 күнге келген бір қоқандық, ол шығар кезде өрік гүлдеп тұрғанын айтты. 15 ақпаннан жапырақтар өсе бастайды. Ошта бір апта кейін жемістер пісе бастайды, бірақ інжір мен анар, кішкене ...[*35].

Қашғарда жылына салыққа: 61 бөлек дабы, 31 қапшық тары мен бидай, және ай сайын 2500 теңге ақшалай береді. Яркендте де солай деп естідік.

/6а/ 27 қыркүйекте Ыслық-қарауыл аталатын алғашқы Қытай бекетіне келдік. Бекетте Измаилдың байқауы бойынша 15 кісі солдат бар. Бекет шатқалдың кіреберісінде орналасып, саздан жасалған мұнаралы қабырғамен қоршалған, оның алдына үлкен теректер мен тұт ағаштарынан саяжол салынған. Бірнеше шақырым жетпей тұра мен бір белгілі жерге жол бойы оқып келген бірнеше кітапты көміп тастадым, керуендегі орысша жазылған барлық қағаздардың көзін құрттым. Керуен бекетке 50 сажын жетпей тоқтады; өте ерте келгендіктен, сағат таңғы 5 кезі болатын, біз тезірек қытай офицерінен рұқсат қағаз алып, ары қарай жүріп кетсек дедік. Біздің қоқандықтарымыз жол бойы, қытайлардың өздерінен қорқатынын, сондықтан олар егер керуеннен бізді көрсе тоқтатуға батпайтынын, ал егер тоқтатқан күннің өзінде, олар бізді қалаға билетсіз алып кіретіндіктерін айтып сендіріп келген. Бірақ іс жүзінде басқаша болып шықты. Біз жақындай бергенде, мұнаралардың бірінде отырған қытайдың кезекші-қарауылы "Баронда" деп айқай салды, ағаш көлеңкесінде отырған қытай жауынгерлері тез арада қамалға жүгіріп, дарба-

---

[*33] *Дачан* – құндылығы 3-4 тиынға теңдес қытайлық ұсақ мыс тиын.

[*34] *Чаучан* – құндылығы 1,5 – 2 тиынға теңдес қытайлық ұсақ мыс тиын.

[*35] Сөйлем аяқталмай қалған.

заны жауып алды, мұнараларда бірнеше өрілген шаштары бар тақыр бастылар пайда болды да, жоқ болып кетті. /6б/ Біздің қоқандықтар қытайлықтар бізді қожалар деп ойлап қалды деп күліп, қытай бекетіне қарай шаба жөнелді, біз де оларға ілестік. Біз бекетке жақындағанда, онда тым-тырыс еді, және біздің айғайымыз бен дарбазаны қаққанымызға да бірден жауап болмады, ақырында бір қашғарлық егіншінің басы көрінді.

– Сіздер кімсіздер?

– Біз? Сен бізді шынымен танымай тұрсың ба? – деді біздің сипайлар.

– Әә! Ал мына бір түрлі кісілер кім?

– Бұлар бізге бағыныштылар, ханның құлдары, керуенмен келді.

– Хабарлауға рұқсат етіңіз.

– Бол тезірек, қарындасыңды лағнат атсын! – деп, қылышын ұрды біздің тоқсаба*[36] қариямыз. Қашғарлық жоқ болды. Қақпадан бір қытайдың басы көрініп, бізді өзінің қысық көзімен сүзіп шығып, жоқ болды. Қытай тіліндегі айғай естіліп, тыныштальп қалды, ақырында қақпа ашылып, боп-боз, құ сүйегі қалғандай жүдеу қытайлық шықты, шамасы нашақор болар, аузында мүштігі бар, қасына бағанағы қашғарлық пен бір шал ерткен, кейін білгеніміздей ол *тунчи-толмач* екен.

– Хау, хау, ахшыма? – деді түркіше қытайлық көк дәрі түстес ұзын да өткір тістерін ақситып.

– На, бошко*[37] – деп жауап берді қоқандықтар. Қытайлық /7а/ біздің қоқандықтардың бәрін таниды екен, тоқсобаға өзінің мүштігін берді. Ол, өзінің әдетіндегі "қарындасыңды лағнат атсынын" айтып алды. Қақандықтар оны "бошко" деп атаудан танбай, бізді өткізу туралы сөйлесіп, көп дауласты, ақырында, оларға "юсун" (пешкеш) ретінде екі қой беруге уәде қылса да, билет беретін офицердің жоқтығын, онсыз өткізе алмайтынын айтты.

– Не істейміз? Бүгін осында қонамыз? – деп тоқсоба, өзінің бізді билетсіз де өткізе алатынын, бірақ қытайлықтарды күдіктендірмеуге шешкенін айтты...

Біз жол шатырларымызды құрып жатқанда, *тунчи* келді, таныс қашғарлығымыз кішкене мыс шайнек пен кесе әкеліп, бізге кесені берген, алған кезде иіліп тұрып кезекпе-кезек қою кірпіш шай ұсынды. Ол қашғарлықтардың әдеті бойынша өте кішіпейілділік көрсетті. Бекеттен 50 сажын жерде қара қырғыздардың *чонбагыш* руының, *машақ* тайпасының бірнеше киіз үйі тұрды, олардың биі Жәңгір-қожаны қытайлықтарға

---

*[36] *Тоқсаба* – Қоқан хандығындағы әскери лауазымның төменгі дәрежесі, штабтың обер офицері лауазымына сәйкес.

*[37] *Бошко* – алтын жалатқан шары бар қытай шенеунігі.

ұстап берген. Халықтың айтуы бойынша, бұл тайпа жасаған ісі үшін қарғыс алғандықтан /7б/ әбден кедейленіп, тіпті құруға жақын қалған. Қазіргі кезде анық болған Бадахшан билеуші әулетінің құлдырауын да осылармен байланыстырады. *Чонбағыштар* Қашғар маңайында солтүстік және солтүстік-батыста, Қызыл, Түмен, Оқсалардың жоғарғы бойын жайлаған. Жылқы жоқ, арық қой мен ешкілері бар. Егін салып, қызметшілікте жүреді. Әрдайым жаяу жүреді, осылары таңқаларлық. Римдік сандалға ұқсас түйе терісінен тігілген башмақ киеді. Кешкісін бізге *тунчиді* ертіп *бошко* келді. Ол *сиболардан* еді, бізден елі туралы сұрастырды.

28 [қырқүйек].

Бұл жерде "қолдай" аталатын, қарауыл офицері бекетке әлі келмеді, біз өзімізді бұдан әрі тежемеулерін сұрадық, сипайлар да өздерінің дәлелдерін келтірді.

Келісті. Юсун бердік: үш қой. *Тунчи* біздің жүктерімізді, адам санын, түйе, жылқыларымызды жазып алды. Бізді, татарларды да әндіжандық деп жазды. *Тунчи* қажет емес деп, бәрін жазбады, тек ырымын жасасақ болды деді. Керуен сағат 10-дарда жолға шықты, жолда қоқандық қарауылбегі қарсы жолықты, ол келген, кеткен керуендерді тіркеп, өзінің осы еңбегіне отбасынан бір қой алады. /8а/ Қарауылбегі барлық қоқандықтар сияқты өте кішіпейіл. Сасық бұлақ бойындағы ағаш көлеңкесінде [ол] керемет дәмді де хош иісті қауын кесіп, сөз арасында, егер біз оған *пешкеш* бермесек, бізге үлкен кесапат жасай алатынын, яғни түйелердің жүгін шешіп, жүкті тіркейтінін, оған толық бір күнді жоғалтатынымызды ескертті.

Алдында біздің қамқоршыларымыз, ақсақал[39] бізден ештеңе алмауға бұйырған деп қарсыласты да, кейін онымен сөйлесе келіп, бізді оларға бірдеңе беруге көндірді, кейін (олар ұрысып қалғанда) білгеніміздей, өздері де үлес алған екен.

Қарауылдан 8-9 шақырымнан саз қатпарларынан тұратын таулар басталады да сіз сол тауларға шығасыз; қатты таужыныстары жоқ; үстірт сазды төбешіктерден тұрады; Сасық бұлақ тұсында жер тегіс, кей жерлерін тұз бен малтатас басқан.

Сазды таудың етегінде Үстін-Артыш ауылы жатыр. Үстін-Артыш – жоғарғы жағы Тойын деп аталатын Артыш өзені бойына орналасқан бірнеше ауылдардың жинама аталуы. Ауыл үлкен бау, бақшалары бар 30-50 балшық үйлерден тұрады, сондықтан алыстан өте үлкен болып көрінеді. Біз Изгек аталатын ортаншы ауылдың тұсына 80 сажын жерде тоқтадық, біздің көшімізді құрып жатқанша, біз Қашғар халқымен танысу үшін ауылға бардық. Артыштың барлық тұрғындары қара қырғыздардың *сарыбағыш* руымен саудамен айналысады да өте алдамшы. Олар мылтықты жақсы атады және қырғыздармен

жиі қарсыласқаннан, басқа қашғарлықтарға қарағанда, әскери іске шебер келіп, жаужүрек халық саналады.

Олардың мыңбегі*[38] /8б/ Тайырбек қожа тұсында "*пансад*" – полковник болған, соған қарамай [ол] әлі де бұрынғы орнында бек*[39] болып отыр, қытайлар оған албан мен алымнан босатамыз деп, артыштықтардан мыңдық жасақ құрып, әрқашан дайын тұруды ұсынған екен. [Ол] келісім бермепті. Сонда да Артыштан 500 кісі шекараны қарауылдап, қашғарлық қолға кірген.

Тұрғындар қауын, сәбіз, сұлы және жылқы мен түйеге жем әкеліп, біздің [керуен] жүріп кеткенше қызу саудаға кірісті.

29 [қыркүйек]. Керуен Артыш өзеніне басқаларына қарағанда жақын тұрған шеткі Артыштан Үшбұрхан тұсында өзенді кесіп өтті. Үшбұрхан (қатпарлы сазды) тауларынан ары қарай тұтас ағашты өңір көрінді, бұл Қашғар мен маңайындағы ауылдар. Әлемет шаң. Қап тиеген есектер; жаяу "йезылықтар"; шулы *чапракты* жолдар; жол тегіс, тасты; ... шеткі ғимараттар – мазарлар: Қарахан-Патша, Куффал-қожа. Біз осы жерге тоқтадық. Керуенбасы қасына бірнеше кісі ертіп қалаға, ақсақалға кетті. Басына шар мен тауыс қауырсынын[40] таққан қытай бас киімін киген қашғарлық шенеунік келді, алғашқыда біз оны қытай екен деп қалдық.

/9а/ Ол өзін бізге хакімбектің жібергенін айтты. Алыпқашпа сөздер, түншидың сатқындығы туралы хабар, қатты қорқыныш, таңқалдырар жағдайлар. Біздің татарша бас киімдеріміз[41] оларға жақпайды. Керуеннің жанындағы жолда жүрген Дорға [бек]*[40] те полицей шенеунігі. Құдайар бек бізге дос болып, сіздер жақсысыздар деп сендіріп, өзінің сарайына тоқтауға шақырды. Князьға хабар айтуға қайтып кетті.

30 қыркүйек. Біздікілер қайтты: ақсақалдың жылыүшырай қарсы алғанына байланысты қуаныш. Ақсақал біздің керуенбасымыздың ертеден танысы. Ақсақалдың бізге деген көңілі ерекше – бізге зекет ету үшін өз ұлын жіберіпті; өзі келмек болған екен, ол князьдың күдігін тудырыпты, ол бізге қосылар деп (бізді Қашғарды алу үшін келген орыстар деп ойлапты). Ақсақал ұлының хакім бек қақпасына тақағанда керуенбасын сұрайды. Мырза "Ол оттайды, барма" деп, Татар Мұхамеджанды жіберді, ол қорыққанынан бізді 40 кісі деп айтыпты, ал біз Құдайардың тізімі бойынша 57 кісіміз.

Бұл қате жағымсыз жағдайға қалдырды. Зекет. Халықтың жиналуы. Әндіжандық саудагерлер, қоқан солдаттары, сүйкімді *баччалар*. Түскі ас. Түстен кейін жолға шықтық, жол бойы әр

---

*[38] *Мыңбегі* – мыңбасы.
*[39] *Бек* – билеуші.
*[40] Дорга бек – полиция басшысы.

түрлі шарлармен сәнденген бірнеше қашғарлық шенеуніктерді жолықтырдық.

– Тоқта! Бұл не хабар? Менің князім сіздердің жүктеріңізді тексеруге бұйрық етті, онда не бар?

– Оны қалада қараса да болады.

– Мен осы жерде қараймын.

– Біз ақсақалға зекет береміз, және де тек ол ғана бізді тексере алады.

/9б/ – Мен сендерді қайтара аламын.

– Сендердің қыспағыңа көнгенше, кері қайтамыз.

Біздің әндіжандық саудагерлердің ара түсуі. Шенеунік сабасына түсіп, біз ашық аспан астына беде танабына түстік. Өйткені қостар Дәулетбаққа жөнелтіліп (мылтықтар жасырылып немесе қоқан солдаттарына сақтай түруға берілген) еді. Измаил-мыңбегі көпті көрген қария, ақылды кісі. Ол семейлік сарттарды көрген, тіпті Қашғарда отырып орыстарды көрген, білетін кісі, сондықтан біз қалаға кедергісіз кіре аламыз. Онымен жақын танысып, біз оған сыйлықтар бердік; ол бекке хат жолдады, онда бәрінің жалған екенін, және де біздің жүктерімізді шешіп қиналдырмауларын, әрі зекет кезінде қашғарлық шенеуніктің қатысуын сұрады.

1 қазан. Керуен жолға шықты. Бізге молла Мұхаммед Рақым зекетші, Измаил мыңбегі, бірнеше *сипай* және жергілікті *дорға* [шенеунік] еріп шықты. Қорған арқылы жүріп, Түмен өзенін кесіп өттік. Бұл жерде бізді тағы бірнеше шенеунік қарсы алды. Бізді қала қақпасының алдында тоқтатты. Шенеуніктер ордаға хакімбекке кетті, сол арада біз бассүйектерге (11 бас) қарап, бұл дүниенің өткіншілігі туралы ойға шомдық. Жиналған халық бізге таңқала қарап, өзара әңгіме қылады. Біреуі: "Ана бір оғаш тақия кигені орыстан айнымайды" дейді.

– Сен орыс көріп пе едің?

/10а/ – Жоқ, бірақ солай ойлаймын.

Әйтеуір келді-ау. Измаил және Әлішбек пен бұрынғы хакімбек Амяд-ванның бірнеше шенеуніктері келіп, бізге [қалаға кіруге] рұқсат етілгенін жариялады.

Көше көрінісі: базарлар, дүкендер, үйлер, есектер, атты, жаяу және т.б.

Біздің барлық түйелеріміз жүктерімен кеден орнындағы – "Зекетхана" аталатын сарайға кірді. Ақсақал келіп, бізге ілтипат етіп: "Арман (harman), хошкелдинляр" және т.б. айтты.

Хакімбек аласа бойлы, жастау, қараторы, бет-әлпеті мейірімді *ішкаға*[*41] Сипергибек пен ескі танысымыз Измаил келді. Халық көп; әндіжандық, қашғарлық шенеуніктер

[*41] *Ішкаға* – қала хакімбегінің көмекшісі, сонымен қатар сарайдың бас күзетшісі ретіндегі полицейлік қызметті де қоса атқарған.

тексеріп, сандықтарға үңіле қарап жүр. Зекет: сататын бағамыздың 40-тан бірі, қойды қоса санағанда 124¼ алтын бердік. Шенеуніктердің барлығы кімге не ұнаса, соны "юсунге" алды. Зекет кешке дейін созылды, аяқталған соң сарайға барып, бірекі бөлмеден алып орналастық. Сарайдың сипаты.

2 [қазан]. Жұма күні, бұл жерде *азна* деп атайды. Мешітке бардық. Бізді көргісі келген кісі көп болды. Басымызға шалма орауға тура келді. Керуенбасын хакімбектің кеңсесіне "*данзафанға*"*42 шақырып кетті. /11б/ Орда – 5 аршын қабырғамен қоршалған үлкен кеңістік екен, үлкен қақпаның кіре берісінде оң жағында күйген кірпіштен салынып глазурьмен жабылған мешіт пен *мерап*[*43], сол жағында – биік мұнара, күнделікті сол мұнарадан күндізгі сағат екіде, түскі ас уақытында қоқандық кернейге ұқсас ұзын мыс сырнай мен қытай сыбызғысында әуен тартады. Екінші қақпаның жанында күрке бар, онда 10 шақты кісі отыр, қарауыл болуы керек, өйткені күркенің жанында мылтық, қылыш пен сойылдар ілулі тұр. Осында бекке жолыққысы келетін кісілердің арызы мен өтінішін жазатын екі хатшы отыр. Екінші қақпадан оңға қарай – жылқы қорасы. Үшінші қытайша кішкене қақпа, ортаншысы – "*мапа*"*44 мен жүк арба үшін, бүйіріндегі – жаяулар үшін. Оң жақта – үй мешіті, сол жағында "*данзафан*" мен кеңсе; ортасында қытайша салынған сарай, мешіттің артында басқа бектер мен қызметкерлердің үйлері. Мешіттің маңайында бір жағында әрбір бейсенбі күні бектің құдыреті мен бақыты үшін Құран оқылып, күнәсіна кешірім тіленетін *қарыхана*[*45]. Екінші жағында тормен қоршалған қытайша шатыр. Бұл жерде ол [бек] қажет болғанда халыққа көрінеді.

Бұл шатыр *чифанза* деп аталады. Сарай саздан салынып, ішкі жағы ақталып, күйген кірпіш төселген. Әр жерде /11а/ үстіне Хотан кілемдері жабылған диван тәріздес отыратын кірпіш текпіштер жасалған. Оны "*қаранғудалан*"*46 деп атайды, ол үлкен, не қабырғасында не төбесінде терезесі жоқ қараңғы бөлме, жарық тек басқа бөлмелерге өтетін есіктерден түседі, ол бөлмелерде қағаз жапсырылған қытай терезелері орнатылған. Кейінірек бұл жерде бізді қабылдады.

"*Данзафан*" туралы айтар болсақ. Бұл ұзын келген дәліз, қабырға бойымен үстіне киіз төселген кірпіштен нар салынған, онда екі аласа үстел қойылып, тізерлеп хатшылар отыр,

---

*42 *Данзафан* – түрғылықты сарай.

*43 *Мерап* – молданың уағыз айтатын орны.

*44 *Мапа* –жоғары дәрежелі кісілерді таситын қытайлық жабық арба.

*45 *Қарыхана* – бірнеше бөлмеден тұратын үй, онда оқушылар Құран жаттайтын болған.

*46 *Қараңғудалан* – сонымен қатар бұл бөлме жаздың ыстық күндері демалыс бөлмесі, қыста ас үй ретінде пайдаланылады.

біреулері қытайша, біреулері манжұрша жазып отыр. Хатшылардың ешқайсысында шар жоқ. Олардың бірі бізден "Қайдан келдіңіздер?" деді.

– Семейден.

– Кімсіңдер?

– Әндіжандықпыз.

– Кай әндіжандық?

– Маргелан мен Ташкенттен.

– Әндіжаннан қашан шықтыңдар?

– 12 ай болды, Ресейде болдық, тауар сатып алып, сіздерде сауда жақсы жүреді деп естіп Қашғарға келдік: саудагер пайда түсер жерде ғана жүреді.

– Қандай тауар әкелдіңдер?

Айтып бердік.

– Қанша қожайын мен қызметші бар? – деп, бәрін атыжөнімен, ал қырғыздарды аймақ байынша жазып алды.

– Қарауылда неге 7 "от" бармыз және 7 қызметші деп көрсеттіңдер, ал керуенбасы татар – 40 дейді?

Түсіндірдік.

– Барсаңыздар болады.

Мәлімет *амбанға* жіберілді.

/11б/ 3 [қазан]. Алмастыру мен сауданы бастадық. Сауда қызып жатқанда *дорға* келіп, керуенбасын *дорғабектің* кеңсесіне шақырды. Оның үйі өте таза, әрі жақсы әктелген, бір жақ қабырғасы қытай торынан жасалып баққа апарады және айнала гүл қойылған.

Ол софада отыр, басқа бектер қабырға бойлай жерге төселген киіз үстіне жайғасқан. Біз келді деп айтқанда ол залдан шықты, біз залда тұрдық, ол қою-қызыл шары бар қытай *мандарины* киімінде келіп, жанымыздан өтіп кетті, кенет бізбен бірге келген Найманбайды көріп қайта бұрылды да екі қолын көтеріп, сұрады:

– Ә, мынау біздің қонақтар ма? Қайдан? Кімсіңдер? Қай әндіжандықсыңдар?

– Маргелан мен Ташкенттен.

– Қанша маргеландық?

– Төрт.

– Ташкенттіктер?

– Екі.

– Бұхарлықтар?

– Екі.

– Отандарыңнан қашан шықтыңдар?

– 12 ай.

– Не мақсатпен келдіңдер?

– Сауда.

– Қанша кісісіңдер?

– Қырық екі.

– Есімдерің кім болады? Араларыңда бұрын-соңды осында болған біреу бар ма? Сіздерді алыс елге келіп, қырғыздар мен қолайсыз ауа-райынан болатын қауіпке бас тіккізген не жағдай?

– Жол ашу. Бұл жолмен көптен бері ешкім жүрмеген, тек біздің ата-бабаларымыз жүрген.

/12а/ – Сіздер хан бекетіне өздерің туралы мәлімет бермей қалай империя шекарасына аяқ бастыңдар? (Қарауылдың жеткізген мәлімдемесіне қарап), неге кісі саны туралы жалған мәлімет бергенсіңдер?

– Біз Іледе болдық, шекара бұзу туралы ештеңе білмейміз. Біз офицерді күтіп бір қондық, *юсун* бердік; егер офицер ханның *чарлянын*[*47] бекер жеп, бекетте түрмайтын болса, *тунчи* дұрыс жаза алмаса, онда біздің не кінәміз бар. Орынды – деді бай, – кім ханның күмісін жесе, қызметін де орындауы керек. Мұхамеджаннан сұрап жатыр: "Біз Ташкент татарымыз" дейді.

– Орыс емессіңдер ме?

– Он жыл орыс көргеніміз жоқ.

– Егер әндіжандық болсаңдар, неге сіздің халыққа ашылған жолмен келмедіңіздер? Ал егер орыс болсаңдар, неге үкімет беретін рұқсаттарыңыз жоқ, сонда біз сенер едік.

– Бұл жерде орыс саудасы жоқ.

– Семейге дейін қанша күндік жол?

– 65 күн.

– А! Алыс. Ыстық көлде кім бар? Орыстар бар ма? Үй салды ма?

– Жоқ.

– Неге олар бізге жақындап келеді?

– Қалай жақын! Орыстардың Қытай шекарасынан 4 күндік жерде қала мен ауылдары бар.

– Қай жерде?

– Іле аумағында.

– Араларыңда орыс бар ма?

– Жоқ.

– Қанша қару бар?

– Айтарлықтай ештеңе жоқ.

– Бүлбүл деген не?

Кешкісін ақсақалға барып қытайлықтардың бізге маза бермей жатқанын айттық. Ол қытайлықтардың қарындасына қарғыс, көпірлердің нәжіс жейтінін айтып, бізге өзіне үміт артуымыз қажет екенін айтты.

4 [қазан]. Сауда бітті. Ибрагим-қари матаның басым бөлігін алды, Самеджан ұсақ-түйек сатып алып, өзінің /12б/ "*фузул*" дүкеніне (Самеджанның дүкені [солай аталады],

---

[*47] *Чарлян* – парсының *чар* (чаһар) және қытайдың *лан* – салық деген сөзінен. Бұл жерде өткен керуендерден алынатын салық.

дүкендердің бәрі де, асханалар – *ашфузул*). Саудадағы ресми делдал (*хандаллял*) Ибадулла-қожа – ханның атасы – жамбыдан 3 теңге алады, әр 10 алтыннан – 1 теңге. Бір күні Қоқанға жіберілген шай үшін Ташбай 5 жамбы алды. Біздің Қашғардан шыққанымызда әрбір буаз түйеге – 2 т[енге], әр буаз жылқыдан – бір теңге. Қытайлықтардан билет алардағы делдалдығы үшін ақсақалдың көмекшісі әр кісіден 1 теңге және 5 пұлдан алды.

Сағат 11-лер шамасында біздің сарайымызға *ішкаға* Сиперки бек سفركى بك, Измаил *наиббек*[*48] және көптеген бастарына шар таққан кісілер келді. Біздің шар таққандардан жүрегіміз айниды, көрген сайын, жүрегіміз соғып, жақсылық әкелмейтіндерін білеміз. Сол күні ақсақал барлығымызды танитыны, біздің Орта Азиядан және ханға берілген, әрі сенімді адамдар екендігіміз жөнінде және осыған өзі мен барлық әндіжандық саудагерлер кепіл болатындығы туралы тілхат берді.

Бектер бізді *амбанның* шақырып жатқанын айтты. Тіпті қорқып кеттік. Біз, мен және менің екі жолдасым, хакімбекке жөнелдік. Сиперки, /13а/ жақсы кісі, жол бойы бізге ақырындап, ақсақалдың біз үшін тілхат бергенін, қорқатын ештеңе жоқтығын айтып жұбатты, тізе бүгіп жерге жығылмауымызды, тәуелсіз азамат ретінде өз әдетімізше амандасуымызды айтып, егер қысып бара жатса, барлығын ақсақалға айтқандарыңды, ал оның өздеріне жеткізгенін, басқа ештеңе қоса алмайтындарыңды айтыңдар деп ескертті. Аттарымызды жедел ерттеп мініп, бектердің соңынан ердік. Қала қамалының сыртына шықтық, ашық алаңдағы бірнеше шатырды және дарға ұқсаған бірнеше бағандарды көрдік. Біздің Мамыразық[*49] деген жолдасымыз, тақтайларды көріп, менің қолымнан шымшып алды, үмітін үзіп тақтайларды нұсқады да қолын бір сілтеді; біз жолдасымыз есінен танып қала ма екен деп қорықтық, оның көңілін сабасына түсіру үшін, егер бізді асатын болса ақсақалға беретінін, ал қоқандық шенеуніктерден қандай жағдайда да пара беріп құтылуға болатынын айттық. Шатырларды 100 ден астам шар таққандар қоршаған, жылқылар, жылқышылар, үзеңгішілер[*50] – осылардың бәрі үлкен тобыр құрап, біздің бейшара жолдасымыздың үрейін ұшырды, ол қалтырап, бозарып кетті. Біз шатыр есігінің жанында тұрып, үлкен креслоларда отырған төрт *мандаринді* көрдік. Олардың бірі толық, қара, /13б/ бетінде шешек ізі бар, бірақ түрі мейірімді *хебе-*

[*48] *Наиббек* – жергілікті полицияның бастығы.

[*49] *Мухаммед-Разық* – Ш. Уәлихановтың сапарласы.

[*50] *Үзеңгіші* (стремянный) – Қашғардағы сарай маңы шенеунігі: ол ханға атты алып келетін болған, сол заманғы асықпай жүрісте үзеңгі жанында жаяу еріп отырған, сонымен қатар хан жолға шыққанда шана мен арба жанында болған.

амбан, басқа үш *мандаринда* қызыл шар. Оң жақта шетте үшкір сирек сақалды, түрі шырайлы толық *мандарин* хакімбек отыр.

– Аман-есен, жақсы жеттіңдер ме? – деп жылыүшырай сұрады *хебе-амбан*. Жүдеу қашғарлық *тунчи*, *амбанның драгоманы**51 керуенбасының желкесіне қолын қойып: "Сәжде қылың" деді.

– Мұсылмандарға ондай сөз айтпаңдар, – деді түрікше *мандарин*-шал. Біз сонда барып оны танырық. Біз қолымызды қусырдық та керуенбасы жауап берді: "Алланың жебеуімен және жоғары мәртебелі *хебе-амбанның* құдыретімен біз аман-есен жеттік. (Бізді көргенде *амбан* өзінің көршісіне қытайша "Жынде анджанде жень"*52. Қытайша түсінетін біздің жолдасымыздың бұл сөзді естігенде бетіне қан жүгіріп, қимылдауға келіп қалды).

– Қайдан келесіңдер, қанша күн жүрдіңдер? Қай жерлермен, біздің халықтарымыз тыныш па екен? Қандай тауар әкелдіңдер?

Тунчи тауарлардың атын аударғанда қинала бастаған соң, Құлжада жиі болып жүрген керуенбасы өзі қытайша сөйлей жөнелді. *Амбан* оған риза болып Іле туралы сұрай бастады, қашан онда болды, қай *жанжундар**53 мен *джан-бау дажень**54 т.б. тұсында. /14а/ – Хао, хао*55 – деді *амбан*. Бір *амбан* күміске сауда жасайтынын айтып, біздің одан артық сұрамауымызды ескертті. Содан соң хакімбектің үйіне келуімізді бүйырып, сонда барып тауар қарайтынын айтты. Біз әлі де тірі жүргендігімізге қуанып қайттық, иығымыздан тау құлағандай болды. Бірінші рет тыныш отырып, рақаттана түскі ас іштік. Түстен кейін бекке бардық, бізді кеңсеге кіргізді. Сол уақытта бишілерді келтіріп, үйдің ішкі жағынан жергілікті әуен ойнап, дабылдың дыбысы шықты. Біз ұзақ отырдық, соңында мен бір жас шенеунікке қарап, бізді қашан жіберетінін сұрадым. Ол күліп, князь азғындық туын көтерсе, таңға дейін созылатынын айтып, көңілімді аулау үшін оқуға кітап берді.

– Сіз оқи аласыз ба?

– Әрине.

Ол менің сөзіме сенбей құлағын түріп отырды. Мен дауыстап оқи бастадым, танысымнан гөрі жақсы оқығаным болуым керек, ол: "Тамаша, өте сауатты, сіз қайда оқыдыңыз?" деді.

5 сағаттан кейін екі *мандарин* Аличбекті қолтықтап алып шықты, ол қалталақтап, түзу тұра алмады. Бір атпен келген

---

*51 *Драгоман* – аудармашы-хатшы.

*52 Таныс өндіжандықтар.

*53 *Жанжун*, қараңыз *цзянь-цзюнь*.

*54 Яғни *мырза*.

*55 Жақсы, жақсы (қытайша).

мандарин атынан құлап түсіп, оны да арбаға салды. Бәрі де өлесі мас. Хакімбекке біз туралы айтып еді, мұрнын тыржитып: "күтсін" – деді. Таңға дейін күтуге тура келер еді, бірақ бізге рұқсат берді. Біз /14б/ тура өзіміздің қамқоршымыз ақсақалымызға аттандық.

– Ха, – деп айғай салды *датқа*, нағыз өзбек, турашыл, қайырымды, бірақ өте дөрекі, – мырзалар, көрінбей кеттіңдер ғой?

– Тақсыр! – деді керуенбасы, – біз әбден шаршадық, ит боп кеттік қой, біресе *дорғабекке* шақырады, біресе хакімбекке, итбекке, шошқабекке, Қашғарда бектер менің шашымнан да көп қой. Бүгін *амбанда* болдық, ол кәпір болса да мына сатқындардан ақылды (керуенбасы біраз боқтап алды), аздан соң жіберді. Тергеп бітті енді басқаша азап ойлап тапты, тауар көрсетуге шақырады да (қызын сыбап алып), өздері қытайлармен арақ ішеді, бишілерді шақырады, ал біз қараңғы бөлмеде ассыз, шәйсіз отырамыз. Тақсыр, құтқарыңыз! Біздің әбден есіміз кетті.

Датқа өз маңайындағыларға қатты ашуланып: "Қайда қарап отырсыңдар, неге болыспайсыңдар" – деді. Бүгіннен бастап ол шошқалардың біріне де бармаңдар, ал егер біреуі сендерге бірдеме дейтін болса, мен, Алланың құдыретімен, оның қызын қор қыламын да, Уәлихан-төреден кем түспейтін бүлік шығарармын деді. Бектеріңе айтып барыңдар. Соңғы сөзі хакімбектің қызметшісі – Қари-Муминге айтылған еді.

/15а/ **5 [қазан]**. Біз бүгін алаңсызбыз. Бектің кеңсесіне ешкімді шақырмады. Бәріміздің де көңіліміз жайлы болды. Ендігі тергеу-тексеруден құтылғандай болдық.

Алдыңғы жазбаларда біздің бар уақытымызды алған тек тергеуді айтып өттік. Енді кейін оралып, мен басқа да болған оқиғаларды толықтыра айтып өтейін.

[Қыркүйектің] 27 жұлдызы, біз сағат бестер шамасында келдік. Кешкісін бізге көрші ауылдың қырғыздары келді. Бекеттің маңайы жақын арада жыртып өткен, ши мен шалғын басқан. Бекет қатты таужыныстарынан тұратын тау шатқалында орналасқан, бекеттің арт жағындағы жер сазды, сайға аққан судың ағынымен жырылған болуы керек, кей жерлерін тұз басқан. Алдымызда аласа тау бөктерлері көрінеді. Оған жақындай түскенде жолаушы бірнеше тал мен сасық сулы бұлақты кездестіреді, содан соң қатпарлы саздан тұратын, еш өсімдік өспеген тауға келеді. Сазда қойтастар мен кремнилі кварц пен құмдақ тастар кездеседі. Керемет шаң, күн ыстық, Реомюрдің термометрі бойынша $+21^0$. Әлдебір шөп тиеген есектері бар бірнеше қашғарлықтарды кездестірдік. Бұл жерде отынның тапшылығынан әр түрлі шөптер, жүгері сабанын да осы қажеттілікке жұмсайды. Шатқалда бекетке қайтып бара жатқан *қолдайды* кездестірдік, ол бізге "Яхшима?" – деді де

өтіп кетті. Ол ақ шар таққан, жыртылған ер мен кір-кір жол дорбасы, ол қытай *бурбондары* немесе *сибодан* болуы керек, олар біздің казак офицерлері сияқты аса тазалықпен ерекшеленбейді. /15б/ Жол бойы мен Сатқұлмен әңгімелесіп келдім. Ол *тоқсабаға* қатты ашулы. Оны оңбаған дейді, оның өз жолдастарымен арасы жақсы емес. Әдеттегідей әңгіміміз қашғарлық әйелдерге ауысты. Біздің әскеріміз тақырыпқа байланысты болсын, болмасын бірнеше күлдіргі әңгімелер айтып берді. Ол Қашғарда ендігі жеті рет үйленіпті, сондықтан әйелдерге затқа қарағандай, тіпті одан да жаман, қажетсіз заттай қарайды – азиялық!

/3а/ *Раби' ул-ахираның* 22 жұлдызы, хижраның 1275 жылы (біздің эрамыздың 30 қазаны) Маллабек хан болды; бұл туралы хабар Қашғарға он алты күннен кейін жетті – 15 қараша. Бұл хабарды Бабатүнғыз жеткізді, ал Муминбек, Алимбек-датқаның бауыры, екі күн ғана бұрын Насреддин-датқаға ханнан шарапатты хат пен құрметті шапан әкеліп, ханның игі ниетін жеткізген еді, ал Бабатүнғыз Нұрмұхамедті датқа тағайындау туралы ханның "*инайат-намесін*" әкеліп, бұрынғы датқаның мүлкін тізімге алды.

25 қарашада "*Аркан-и дәулет*"*[56] жаңа ақсақал келді, "джаляу сакла" деген айғайға барлық әндіжандықтар оған [қарсы алуға] шықты; естуімізше, 15 мыңдай адам болыпты. Онымен бірге елші Мадкерім би де келді, бұл атақты Хиуада бес рет болған, және де қашғарлық елші шайх Сунулла-қожа (Санааллаһ-қожа). Елші өзімен бірге 15 мың қашғарлық эмигранттарды және Тохта-манжу ертіп кеткен 9 мың үй *долон* ертіп келді. Насреддин келгенде тағы 10 мыңдай кісі келді.

Қожалардың көтерілісінен кейін бірінші ақсақал бізден бұрын бір жарым (екі) ай бұрын келіпті. Ол осыған дейін үш рет Қашғарда елші болған, бірінші [рет] – Жеті қожаның [көтерілістен] кейін, соңғы рет – Уәлихан төреден кейін.

/3б/ "Жеті қожа" көтерілісіне Қаттахан төре, Кішіхан төре, Тәуекел төрелер [қатысқан]. Қалай десе де қатты қыстың ортасында 30 мың [кісі] суықтан қаза тапқан. Қар көшкінен керуендер мен қар астында қалған шай зиян шекті, [оны] көктемде қар еріген соң ғана алған. Қар жүргенді көшкін [деп атайды].

[1]. Орта Азияда Мұхаммедтің ұрпақтары "саййид", қожа атымен белгілі; халифтардың ұрпақтары да осылай аталады, тіпті әр түрлі әулиелердің басында отырған шейхтар бұл атты өздеріне негізсіз қосып алған.

Сахиб-зада, Омар (Фарухтың), ал анасы жағынан имам Раббанидің (Аянди) ұрпақтары; бұл әулет Үндістаннан, Сары-Индтан, Пешавар маңайынан шыққан. Бұл әулеттің өкілдері

*[56] Мемлекеттің тұғыры.

өте құрметті: Бұхарада хазірет Миян-Фазыл Улем Қадыр, оның бауыры Миан Бузрук, Қоқанда Қатта хазірет – Үлкен хазірет атымен белгілі, ишан Миан Халид, алдыңғы екеуінің ағайынды бауыры; Яркендте де хазірет Миан Абдулрахман бар, бірақ оның алдыңғы үшеуі сияқты саяси маңызы жоқ. Бұхарлық хазіреттің хан тұқымды ханшайымнан туған ұлы, Ақча және Анчада (Балхта) тұрады, оның ауғандық Дост-Мұхаммед ханға сөзі өтеді. Бұл әулеттің өкілдерінің ортақ есімі – хазірет.

/4а/ 2. Қашғарлық қожалар. Сарымсақ қожаның балалары Қоқанда – Патшахан қожа, Маргеланда – Ибадулла қожа. Бұл қожалар аумақты жерлерді иелік етеді, керемет үйлері бар және өте бай, қашғарлықтардан зекет алып тұрады. Бұл қожалар ерекше құқықтың иелері және "төре" титулына құқықтары бар.

3. Түркістандық қожалар да Әлидің ұрпақтары, олар Түркістан мен көшпелі тайпалар арасында [тұрады].

4. Касан-қожалары Касан, Наманган қалаларында тұрады, өте кең тараған және көп әулет.

5. Майдан-қожалар Әндіжанда қаланың жартысын алады, қара қырғыздардан зекет жинап, шешек егумен айналысады, сондықтан *буруттар* арасында "шекме-қожа" – шешек егушілер атымен белгілі.

6. Омарилар, Ташкенттегі Антаһура шейхтың ұрпақтары. Маргеланда Хүсейни мен Мешгеди әулеттері. Шахи-Мардан жанындағы шейхтар да қожа деп аталады, Мешгед махалласында 70 үй, Оштағы Тахт-Сүлеймен шейхтары да, Ташкенттегі Қожа Ахрар-Уәли әулетінің қожалары да, Зәңгі-Баба шейхтары да және көптеген басқалар.

Үргеніште (Хиуа хандығында) – Хазірет-палуан, Ахмад-Джамши, Бұхарада – Хазірет Бахаурдин-Балягярдан (Нақшбанд), Ташкентте – Зәңгі-атаның мазары, Қожа Жаһан Гиждаванда /4б/ және Қожа Ахрар Уәли, Түркістанда – Қожа Ахмет Йасауи; Маргеланда – Әлидің жерленген жері дейтін он бірінші орын. Ошта Соломонның тағы және Асаф, Салман-Фарс, Ахмед-Аркандікі дейтін мазар, Оштың маңайында Жүністің мазары (Юнус, Ион). Анбар ана, Зәңгінің жұбайы, Зәңгінің ұстазы Хакім атаның жесірі, Эрхуббу бірінші күйеуінен туған ұлы, Әли-Асқар – екіншісінен. Анбар ана күйеуі сиыр бағып жүргенде тамақ тасыған, және оған байланысты басқа да әңгімелер.

1857 [ж.] рамазан айында айт күнінде Уәлихан төре Оштан қашып шыққан. Абдуллахан қожа Маргеланнан, Шахи-Мардан шейхтарынан, Қашғарда Ақшапан қожа атымен белгілі, Тілла-хан, оның шыбықшылары (*чубукчи*) Янысарда билеуші болған, ол да төре атымен. Мұса-панач Хиуадан, Қашғардан келген.

Сафар айының басында 40 үйге дейін *қаш-қаш*[*57] болды. Тоқтаманжу ханға 9 мың *долон* әкеліп, оларды басқару, зекет алу құқығына ие болды, оларды Шахрхан мен Қарасу [арасына] орналастырды.

Ташкенттің оңтүстік жағында Йанишар деген махалла бар, оны Қашғар эмигранттары мекен еткен. Шахрханның жартысынан астамы қашғарлықтар, Қарасуда да қашғарлықтар.

/5б/ Мір Әлішер Науаи. Оның мырза Хүсейннің шапағатына ие болғаны туралы әзіл әңгіме. Мырза Сучук оның сүйіктісі. (Қожа Жаһан мен Қожа Ахмет қожа Йусуф Хамаданидің шәкірттері болған).

Маулауи Джами, "Жүсіп пен Зылиха" поэмасының авторы, оның Мырза-Хамдам атты сүйкімді бозбалаға махаббаты. Мырза Бедил, Шакир-ханның авторы.

1. برگ درختان سبز در نظر هوشیار هر ورقش دفتر یست معرفه ئت کردگار [Жасыл ағаштағы әрбір жапырақ ғұламаның көзіне Құдіреттіні тану дәптері болып көрінер].

2. ان الله جمیل یحب الجمال [Құдай хақ сұлу және сұлулықты сүйеді].

3. من طلب جده فقد وجده [Кім де кім талаптанса, табады].

4. خیر الناس من ینفع الناس، شر الناس من یضر الناس

[Адамның қайырлысы адамдарға жақсылық етер, адамның жаманы қасірет етер].

5. مقول شیخ ابن حاجب [Шейх Ибн Хажиб айтқан екен].

6. دو وقتست قلیان کشیدن ضرور یکی بعد خواب یکی بعد خور[*58] [Кальянды екі рет шегу керек: бір рет ұйқыдан кейін, сосын тамақтан кейін].

7. دییو قوندوردی برنجه کون لازم مه دور، کریمه قوناقدین حساب الا دونیا که کیلتور [(Адамды Құдай) дүниеге жаратып, бірнеше күнге жіберген. Жаратушыға қадірменді қонақтан (істері жөнінде) есеп сұраған жөн бе].

8. می دو ساله و معشوقه چهارده ساله همین بسست صحبت صفر و کبر

[Екіжылдық шарап пен он төрт жасар сүйікті – жасқа да көріге де серік болуға жеткілікті].

9. گفت با الله راست گفت ما بساط هر دو عالم را بیك داو باختیم پارساء مرا معمر [Бір Құдайға тіленуші мені шал деп айтты; хақ айтты: мен екі дүниенің кілемін бір қойғанда ұттырдым].

10. اشنا شدن اسان جدا شدن مشکل [Танысу оңай, қоштасу қиын].

11. از کرنایچی چه میرود یك پوف [Кернейшіден не шығады? Жалғыз (бос дыбыс) "пуф". Былайша айтқанда: бос сөз сөйлеушіден не күтуге болады?][*59]

[*57] *Қаш-қаш* – қашқын.

[*58] Дұрысы خورد

[*59] Парсы тілінен аударған К.А. Пищулина, араб тілінен – В.Н. Настич.

ҚАШҒАРҒА БАРА ЖАТҚАНДАҒЫ және АЛАТАУ ОКРУГІНЕ ҚАЙТАРДАҒЫ ЖОЛЖАЗБА[42]

/56а/ **28 маусымда** мен Қапал қаласынан 30 шақырым жерде Қарамола шатқалында керуенге қосылдым. Керуен семейлік азиялықтардан құралып, жеті кісіге тиесілі екен. Сапар құрамы төмендегідей: 1 керуенбасы, 7 басқарушы және 34 қызметші. Керуенде 6 жол киіз үйі, 101 түйе, 65 жылқы және 18545 күміс ақша тұратын тауар. Керуенбасымен кеңескеннен кейін мен Әлімбай атын алып, Маргеланнан шыққан қоқандық кісінің баласы болдым. Керуенбасының туысқаны ретінде менің қарамағыма аталған заттардың бір бөлігін және бір жол киіз үйін берді. Сөзіміз бір ауыздан шығу үшін керуен мүшелеріне менің жаңа атым мен шыққан тегім ескертілді.

1 шілдеде керуен жолға шықты, кішігірім он асудан асқан соң Іле жағалауына жеттік. Алтын-Емел бекетіне дейін біз бекет жолымен жүріп отырдық, бірақ /56б/ бекетке жетпей, солға бұрылып Якши-Алтын-Емел өткелі арқылы Іле өзенінен өтетін, *албан* қырғыздары ұстап тұрған өткелге жеттік. Өзеннен өтуде түбі жайпақ қайықтарды пайдаланды; өткізу тәсілі барлық Шығысқа ортақ: қайық жылқылардың құйрығына байланады, сөйтіп олар өзеннен жүзіп өткізеді. Қайық өте ескі: бір қайықшы ескекпен бағыттап отырса, қалғандары нашар киізбен бекітілген қуыстардан кірген суды төгіп отырды. Тауарымызды өзеннен өткізуге тұтастай үш күніміз кетті. 14-жұлдызда керуен орнында қалып, құрбан-байрамды тойлады.

Іле жағалауынан 7 күндей жүріп Ұлы жүздің *албан* қырғыздарының ауылына жеттік, олар Қарқара мен Кеген өзендері бойындағы жайлауда орналасыпты. Шығыс Түркістанның алты қаласын: Қашғар, Яркенд, Янысар, Хотан, Ақсу мен Түрфанды қытай үкіметі көршілес азиялық халықтармен және қара қырғыздармен саудаға ашып қойған. Орыс татарлары бұл елге әндіжандықпыз*[60] деп келіп түрған. Шығыс Түркістанда қоқандықтар ерекше құқыққа ие болған. 1830

*[60] Кіші Бұхарада әндіжандық деп қоқандықтар, бұхарлықтар мен басқа да ортаазиялықтарды атаған (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

жылдан бастап қытай үкіметі оларға шетелдік керуендер тауарынан зекет алу құқығын берген, және де барлық шетелдіктер барлық жағынан, тіпті полицейлік жағынан да қоқандықтарға тәуелді. Қоқандық хан Қашғарда ерекше шенеунік, консул және саяси резиденттік құқығы бар – ақсақал ұстайды. Қоқандықтар Қашғармен және басқа да бес қаламен, бізге Қашғар аңғары атымен белгілі, Теректі-даван арқылы қатынасып тұрады. Тянь-Шань арқылы жүретін жолдарды қытайлықтар тек Қара ордадан мал айдап келу үшін ғана ашқан. Сол себепті қолға алған шарамыздың табысты жүзеге асуы үшін тауарымыздың бір бөлігін қойға сатуымызға тура келді, әрі әр /157б/ түрлі темір, шойын заттар: қазан, таған, қысқыштар түйелердің арқасына батып келе жатқан, олар онсыз да тұяқтарына жұқпалы індет тиіп асқынып (panaricium) қиналып келе жатқан еді.

Дағдыланған әдет бойынша, әрі айырбас саудасының ыңғайына қарай, керуен әр ауылға бөлініп кетті. Мен өз көшіммен, мені бұрыннан жақсы танитын қырғыздың ауылына түстім. Соның салдарынан мен оның ауылында тұрған 12 күн бойы, танып қоймас үшін, өз шатырымнан, ауруды сылтауратып, шықпауға мәжбүр болдым.

Тамыз айының басында қырғыздар, бір шапқыншылықтан қауіптеніп, Кегеннен ауа көшіп, тез жүріп отырып Іле аумағына келе бастады, асыққандары сонша 4-і тамызда жайлаудың шөбі түгесілмесе де Кеген мен Қарқарада бірде бір ауыл қалмады. Біздің қырғыздармен саудамыз жақсы жүрді, аз уақытта /158а/ біз 900-ге дейін қой сатып алып үлгердік. Бұл біздің керуенімізге жеткілікті емес еді.

Қашғардағы қойдың қымбат бағасы мен олардың тапшылығы туралы қауесет менің жолдастарымды айырбас саудасын үлкен көлемде жүргізуге мәжбүр етті.

Сол себептен біз қара қырғыздардың *бұғы* болысына сапар тарттық, олар бұл мезгілде Кеген мен Текесу өзендерінің жоғарғы тұсында көшіп жүрген болатын. Тамыздың 6-да керуен *бұғылықтардың* шеткі болыстарына түсіп, *салмеке* руының рубасысы Чон-Қараш манап жайдары қарсы алды. Бұл жерде де Ұлы жүз болыстарындағыдай керуен бөлініп кетті. Алатау басшылығымен[43] ескертілген орданың негізгі рубасылары біздің қонған жерімізге өздері келіп, ауылдарына бөліп алып кетті. Бұл жолы мен өткенен гөрі бақыттырақ болдым: менің көшім кедей ру *қыдық* ақсақалының қамқорлығына түсті, ол манаптардан шықпағаны себепті, халық жиындарына қатыспаған және мен оны бұрын көрмегенмін. Борсық, біздің қожайынымыз, әдетте өзінің жайлау жеріне ортақ көштен шеткері жерлерді таңдайды. Біз болған бар уақытта ол Мұзарт шатқалында, жоғарғы Текес бойында тығылып жатты, сол арада басқа рулар жиылып, Кеген жазығында жайылып, 1857 ж. қай-

тыс болған үлкен манап Боранбайдың жылына бәйге тігіп, той беруге дайындалып жатты.

Қара қырғыздардың арасында біздің керуен келгеннен кейін сәлден соң ақ, біздің Қашғарға бара жатқанымыз және керуенде орыс офицері бар деген қауесет тарап кетті. Бір таңқаларлығы, бұл қауесетті таратқан Құлжадан келе жатқан ташкенттіктер, соған қарағанда ол Құлжада тараған болуы керек, яғни Іле басшылығына да жеткен болар. Біздің керуендегі ташкенттік жас жігіт, /159а/ оның қосында темір керует пен самаурыны болатын, соған қырғыздар күдіктене қарады. *Бұғы* арасында бұл кезде қашғарлық саудагерлер көп болатын, олар әрине қосып айтқанды жандары сүйетін қырғыздардан осының бәрін естиді.

Қара ордада олармен бірге көшіп жүріп бір айдай тұрып, үзбей саудамызды жүргізіп отырдық, сонымен 3026 қой, 6 жылқы, 11 түлкі терісі мен 44 қой терісін айырбастап алдық.

Тамыздың соңғы күндері қашғарлықтар өз шаруаларын бітіріп Қашғарға жинала бастады. Біздің қырғыз достарымыз қашғарлық керуенге қосылуға кеңес берді, өйткені аз санды керуен үшін жолға шығу қырғыздардың шапқыншылығынан қауіпті болатын. Осы кеңеске үйып, әрі қашғарлық саудагерлер қоғамының шақыруымен, біз олармен бірге жүруге келістік. Үшқапқақ өткелінің етегінде Текес жағалауы жиналу орны болып белгіленді. Қыркүйектің екінші жұлдызына /159б/ бұл жерде 60 көш, немесе азиялықтардың айтуы бойынша 60 от жиналды, сонымен қатар 3 көш петропавлдық татарлардікі болатын. Екінші қыркүйек қай жолды таңдау туралы мәжіліске арналды.

Тянь-Шань арқылы Ыстық-көл жазығынан Қашғар мен Түрфанға өтетін жолдар көп. Маңызды да әрі көп жүретін жолдар үшеу: біріншісі Үшқапқақ пен Көкжар өткелдері арқылы Текес бойымен Түрфанға баратын жол; бұл жолда керуеннің 10 күндік жолы мен мен үш ауыр асу бар: Құялы, Ишекарт және Қайшы. Жол тасты, арасында майқарағай ормандары кездесіп тұрады.

Екіншісі Ақсай жолы аталады, ол Түрген-Ақсу, Зауқы, Қашқасу, Зауқышақ, Дунгурама және Баскауын өткелдері арқылы Тарағайға шығады. Бұл жолда биік жолды есептемегенде екі ғана қиын асу кездеседі: Жетімасу мен Шахрқорым және бір Келінтайғақ атты қия беткей. Шахрқорымның түсер беті өте тік. Қашғарға дейін бұл жолда 18 асу бар және жол бойы жануарлардың кепкен қиынан басқа отын жоқ.

Үшіншісі – Алабаш пен Жуанарық өткелдері арқылы Нарын мен Шадырқөлге одан Қашғарға өтеді; бұл жолда үш айтулы асу бар: Улақкөл, Бәйбіше мен Ташрабат; Қашғарға дейінгі керуен жолы 16 күн деп саналады. Жол бойы отын жеткілікті, тек Бәйбіше мен Балғын шатқалына өткен жерде

ғана отынға жарар өсімдік жоқ, бірақ тезек бар. Сырт тауларында бұл үш жол қосылады, солай Үшқапқақ арқылы Қашғарға, Шадыркөл арқылы Түрфанға өтуге болады, бірақ олардың бәрі де азды көпті ауыр.

Дегенмен, Ақсай жолы Қашғарға бара жатқан керуендер үшін ыңғайлырақ: біріншіден, өйткені, Зауқыға дейін жол Ыстық көлдің тегіс те шабындықты жазығымен барады, екіншіден, тек екі асудан өтеді. Соған қарамастан қашғарлықтар Үшқапқақ арқылы жүруді ұсынды, яғни /160а/ мәжбүрсіз-ақ Қашғар жолына шыққанға дейін бекерден Ыстық көлдің тегіс жазықтығымен жүрмей, өте ауыр таулы жерлермен жүруге тура келер еді. Қашғарлықтар қалай болса да жаздың күні көшпелілер жайламаған, яғни сол кезде *бұғылармен* жаушылықта жүрген *сарыбағыштардың* жорығы мен шабуылына ашық Ыстық көл жазықтығын айналып өткілері келді. Қырғыздардың түсінігі бойынша сарттар*[61] өздері сауда жүргізетін қырғыздардың меншігі. Осындай ағат түсініктердің нәтижесінде *сарыбағыштар*, *бұғылықтарды* кемсіту үшін, олардың болыстарынан келе жатқан керуендерге қысым көрсетеді, олардан үлкен сыйлықтар талап етіп, кейде тонап та алады.


Күтпеген оқиғаның салдарынан біздің жоспарымызды өзгертті. *Бұғы* рулары арасында осы мезгілде Пішпектен зекет жинауға жіберілген қоқандық жүзбасы жүр еді. /161а/ Үлкен керуеннің жиналғанын естіген ол жүзбасы өзінің 6 солдатын ертіп керуенге келіп, толық зекет төлеуімізді талап етті: $^{1}/_{40}$ бөлігін немесе капиталдың [2]½ пайызы. Қоқандықтар ретінде біз онымен ерткендеріне асқа үш қой беріп, біз Қашғарда қоқандық ақсақалға зекет төлейтінімізіді айттық, бірақ егер ол бізге заңды түрдегі куәлік (патта) берсе, оның талабын орындамақшы болдық. Оның бұған дәті бармай, өзінің талабын аздаған сыйлықтармен шектеді. Қашғарлықтар қоқандық жүзбасының талабын заңды деп танымай, оның талабын орындаудан бас тартты, оны кекетіп, боқтады. Қорланған қоқандық өз талабын күшпен орындатуға көшіп, 300 қойды тартып алды. Қашғарлықтар шатырларының сүйеулерін алып қарсыласты, /161б/ тез арада қоқандықтарды қашырды. Қашғарлықтардың арасында қылыш тиіп жараланғандар көп еді, ал қоқандықтар жүзбасымен қоса ауыр соққыға жығылған еді, олардың кішірек шендегі бірі басынан бірнеше ауыр жарақат алыпты. Оның өміріне қауіп төніп тұрды. Жүзбасы *бұғылық* ақсақалдарға жүгініп, олардың қашғарлықтардан жарақаттанған солдаттың қанының құнын алып беруін талап етті, олай болмаса ташкенттік *парванашы*[44] тарапынан болатын кекпен қорқытты. Қырғыздар мен қашғарлықтар істің насырға

*[61] Сарт деп бұхарлықтар, қоқандықтар, хиуалықтар мен басқа да ортаазиялықтарды айтады. (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

шапқанын көріп келіссөздер жүргізуге үйғарды. Қоқандықтар қашғарлықтар төлей алмайтын үлкен сома сұрады. Көріп отырғанымыздай іс бірнеше күнге созылатын болды, ал бізге уақыт қымбат еді: күз жақындап келеді, тауда қар түсе бастаған.

Осыған байланысты біз сапарымыздың жоспарын өзгертіп және /162а/ Санташ арқылы Ыстық көлге баруға үйғардық, одан Зауқы шатқалымен Ақсай жолына көтерілуді мақсат еттік. Татарлардың үш көші мен төбелеске қатыспаған бірнеше қашғарлықтар біздің керуенімізге қосылды. Сөйтіп, біздің құрама керуеніміз "10 оттан" тұрды, адам саны 60-қа дейін көбейді. Текес биігінен біз екі асу асып, тегіс жазық түріндегі Санташ өткелін және өте биік емес Қызылқия асуынан өтіп, Жырғалаң өзенінің жазықтығына шықтық. Осы өзендегі қоналғыда біз казак отрядына келгенімізді білдірдік, олар бізді қорғау үшін Ыстық көлдің солтүстік жағасында Қарабатпақ өзенінің бойында тұрған. Орыс әскерінің керуенді қадағалауы арамыздағы татарлар мен қашғарлықтардың күдігін туғызбас үшін, біз отрядтың командиріне керуеннің соңынан жер бедерін тексеру сылтауымен еріп отыруын сұрадық. /162б/ Бұл қоналғыдан біздің жолымыз Терiскей жазықтығындағы тегіс те құнарлы, *бұғылардың* шабындықтары жапқан жерлермен өтіп отырды. Жетіоғыз өзенінде біз бидай шабуға келген өзіміздің *қыдықтарды* және басқа да сол рудың Самсалы және Жанет билеріне тиесілі ауылдарын кездестірдік, олар жазды Тянь-Шаньда өткізеді. Олардың соңғысы батыр ретінде белгілі болып, үлкен қарақшылық атағы бар-ды. Боранбай өмір сүрген уақытта ол қудаланған, сондықтан тяньшаньдық қырғыздар арасында тығылуға мәжбүр болған, және тек рубасының өлімінен кейін ғана өз туыстары арасына оралуға мүмкіндік алған.

9-жұлдызында керуен, Қызылсу өзенінен шығып, Зауқы шатқалына көтерілдік, ал отряд кейін қайтып кетті. Отряд кеткен екі күннен соң біз қырғыздармен алғашқы қақтығысқа тап болдық. 9-нда түнде керуеннен жылқы жоғалды, біздің қызметшілеріміз жылқы ізімен тауға көтеріліп, қалың орманның түкпірінен ұрыларды тапты, /163а/ олар жағылған от басында жатыр екен. Олардың бірнешеуі ұсталды, оның ішінде атақты Жанеттің бауыры бар, ал қалғандары қашып үлгерді, оның бірі керуен атына мініп қашыпты. Жанет бұл уақытта керуенде болатын. Ол бауырының қылығына кейіген түр көрсетіп, өз ауылына ұрланған жылқыны қайтармақ уәдесімен кетті, ал бауырын біздің қолымызға аманатқа қалдырды. Екі күннен соң Жанет 70 кісілік қаруланған қарақшылармен, олардың ішінде атышулы екі батыры бар, тар қапталдан келіп керуенге шабуыл жасады. Мылтық үні қырғыздарды шегінуге мәжбүр етті. Бұл шайқаста біздер үш қырғызды, арасында арнайы белгісі бар бір батырды тұтқынға алдық; біз жақтан екі татар жауыздардың қолына түсті, екі қызметкер басы мен




Іле Алатауынан бастау алатын Іле өзенінің салалары. Ш.Ш. Уәлихановтың қарындашпен салғаны (набросок).

қолынан жеңіл жарақат алды. Іс кісілерді айырбастаумен бітті. Борсық биді біздің керуенді қорғау үшін алып шыққан едік, бұл жағдайдан ұялып, тіпті біз оған /163б/ уәде еткен сыйлықты да сұрамай кетіп қалды, кейін білгеніміздей, ол соңынан Жанетке шабуыл жасапты.

Зауқы шатқалы Зауқы өзенінің ағысынан пайда болған; оған құятын Зауқышақ, Қасқасу (Кашкасу), Дунгурама өзендері де өз ағыстарымен өткелдер жасаған. Біз басты өзен Зауқы бойымен өттік. Зауқы өзені Дунгурама өзенінің қосылған жеріне дейін біртіндеп көтеріледі, тек үш жерде көлденең мүйістермен кесілген. Өзен бұл жерлерде кең де тегіс жазықпен ағады, тау бөктерлерін қалың майқарағай ормандары басқан, ал өзен жағалауында әр түрлі бұталы өсімдіктер өскен: қарақат, үшқат және итмұрын. Дунгураманың қосылған жерінен жоғары жағынан өткел тіктеніп, тарыла бастайды да екі альпілік өзені бар терасса құрайды.

Жартастың сынықтары үлкен теңдей болып шашылып, жүрісті қатты қиындатады. Зауқы шатқалы тік, биіктігі шамамен 800 сажындай тік беткеймен



Іле Алатауынан бастау алатын Іле өзені салалары суретінің реконструкциясы.

аяқталады. Бұл беткейді басып жатқан әр түрлі жануарлардың сүйек қаңқалары /164а/ жол ауырлығының дәлелі.

13-інде біз беткей етегіндегі көлдің жағасында түнедік. Жүктерді таудың шыңына күнімен көтерсек те үлгермедік, сондықтан керуеннің бір бөлігі төменде қалып, келесі жартысы Зауқы өткелі бітетін кішігірім батпақты жонда түнеді. Біздің жүк көшіруімізге әсіресе күні бойы жауған қар кедергі болды; жүк тиеген жылқылар мен түйелер дымқыл тастардан тайғанап, кейбірі аяғынан ұшып түсіп, лагерьге дейін сырғанап өлі күйінде құлап түсті. Керуен бұл беткейге көтерілгенде бес түйе мен екі жылқыдан айрылды.

Қырғыздар бізге Зауқы өткелінен Теректі-даванға (Қашғардан 150 шақырымда) дейінгі жерлерді биік, таулы және төбелі жерлер деп суреттеді. Бұл жерлерді оның биік орналасқаны себепті олар Сырт (арқа) деп атайды.

Қырғыздар мен қашғарлықтар Сырт туралы көп әңгімелеген болатын, соның ішінде, онда ылғи суық болып, /164б/ жаздың күні қар түсіп, үзаққа созылатын борандар болып кереуендердің жолын бірнеше күнге бөгейтінін айтқан; боран болғаны тіпті қауіпті,

өйткені керуеннің жолында жануарлардың кепкен қиы – тезектен басқа отын жоқ. Олар сонымен қатар, Сырттың ауасынан ерекше тыныс тарылатынын, адамдар мен жануарлар *түтектің*[*62] кесірінен өлім құшатынын да айтты. *Түтектен* сақтану үшін диета ұстап, тамақ жегенде сарымсақты көбірек пайдалануға кеңес берді. Бұл әңгімелерден мен Сырт біркелкі болмаса да айтарлықтай биік, үлкен таулы аймақ болар деп ой түйдім. Шынымен, Зауқы өткелінің жоғарғы жақтарында, әсіресе, ол біткен жотада өте суық болды, күнімен, түнімен қар жауды, түнде тіпті аздаған аяз болды, өзенге жұқа мұз тұрыпты, жер де кей тұстарда қатып қалыпты. Айнала тауларды мәңгілік қалың қар басқан. Ауаның жеткіліксіз /165а/ қысымынан айтарлықтай қиындық сезінбедік.

15 қыркүйекте біз осындай қонақ жақтырмайтын жерлерге аяқ бастық. Күн суық болды. Керуен бірнеше көлі бар батпақты жазықпен жүріп отырып, Жетімасу өткелінің оңтүстік беткейінде түнеді. Бұл өткел айнала қоршаған жазықтықпен салыстырғанда өте биік болмағанымен, таудың дәл етегіне дейін қарлы жамылғы жабылған. Жағасынан керуен жолы өтетін шатқалдың орта тұсында жатқан кішігірім көлді мұз басқан, одан төменгі сайларда ғаламат зор көлемдегі қар жатыр, өткелдің ең биік тұсында үйытқыған суық жел соғып тұрды, Реомюр термометрі 3° градусқа төмендеді. Біздің керуеннің Тянь-Шань арқылы өткен жолымыздағы ең биік жер Жетімасу болды. Келесі күні біз Сырдарияның бастауы Нарыннан өттік, радиусында 12 шақырым болатын Тарағай жотасынан өткеннен соң, Жаужүрек тауына кіреберісте түнедік.

17-інде керуен өзеннің құрғақ аңғарымен тауға көтеріліп, өте тік те қиын беткейлі Шахрқорым өткелін көп қиындықтармен өтті. Бұл өткелдің таулары жыл сайын дүркін-дүркін сумен шайылатын ұсақ конгломераттан тұрады. Бұл жерде керуен биік жартастарға шығып, шыңырауға құлап кеткен 200 қойдан айрылды. Кеш жылы болды.

18-інде Келінтайғақ атты қауіпті жон мен Күбергенті атты қар басқан төбешікті биіктен өттік. Бұл жерде Ақсуға құятын бірнеше өзендер бастау алады. Жол /165б/ батысқа қарай ағып жатқан Қалмақ-Ошақ (Калмакучак) өзенінің алабына бағытталды. **20-ында** Гечжге атты кішігірім асудан өтіп, **21-інде** Чадырташ шатқалы жанындағы Ақсай өзенінің алабына шықтық. Ақсай шығысқа қарай ағады да, төменгі ағысында Көкшал деп аталады. Чадырташ шатқалында жол Ақсайдың оң жағалауына өтіп, Көккия тауының етегімен оңтүстік-батысқа беттеп, бәріне ортақ Қызылсу деп аталатын бірнеше өзендерден өтеді. Керуен төрт күн бойы осы жолмен жүріп отырды: Қызылсу ағып жатқан тік жоталар біздің жүрісімізді қиындатты.

[*62] Олар бұл құбылысты осылай атайды. (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).



Тянь-Шань Сыртының схемасы. Қалам. 1858 жс.

26-ында, оңтүстікке бұрылып, Тянь-Шаньның оңтүстік беткейін құрайтын Теректі-даван тауларына жеттік. Ақсай жотасының асуынан Теректіге көтерілетін тұс өте биік емес, бірақ құлама көлемі Зауқы шатқалының үзындығынан асып түседі. Ыстық көл алқабынан, Жетіоғыз өзенінен Теректі-даванға дейін керуен 11 асудан өтіп, шамамен 175 шақырымдай жер жүрді. Зауқы өткелі биігінен басталып Теректі-даванға дейінгі жазықтық айтарлықтай биік көлденең кішігірім жота түріндегі жазықтықтармен кесілген таулы қыратты жерлер. Ақсай өзенінің жоғарғы ағысы тұсындағы жазықтық, Тау көлі Чадыркөлден Көккия шатқалына дейін, Ақсайдың оңтүстікке бұрылып, Кішібұхар жазығына түскен жерінде, Сырт қия тауларында ең кең де көлемді үстіртті құрайды. Бұл тұстағы өткелдер ауырлау, бірақ түйемен өтуге болады; суды кез-келген жерден табуға болады, тек тезектен басқа отын жоқ. Жол бойы, тағдыр бізді қолдаған болуы керек: айтарлықтай суық болғанымен, күн ашық болып тұрды. Геджеге шатқалында қарлы боран болып, кешке дейін созылды; жолда қара қырғыздардың ауылы болмағандықтан біз олардың қарақшы топтарын кездестірмедік.

Зауқыдан өткен екінші асуда-ақ /166а/ біздің қырғыздар бізден екі күн бұрын өткен керуеннің іздерін байқады; қоналғыда өліп қалған жылқының белгілерінен біздің қашғарлықтарымыз, бұл біздің Текесте қалдырған кереуеннің нақ өзі екенін таныды. Олар тездетіп жүріп, әрі өте сақ болғандықтары сондай, қонған жерлерінде от та жақпаған. Біз де барынша сақтық шараларын жасадық. Керуенге қосыл-



Тянь-Шань Сырты жобасының реконструкциясы.

ған қырғыз жиһанкездерін, олардың ауылы керуеннен, соңымыздан қуғыншы күтпейтіндей жерде қалғаннан кейін ғана жіберіп отырдық. Жиі-жиі кездескен асулар мен азынаған суық біздің жүк артылған малымыздың титығына жетті; жылқы мен түйелердің тұяғынан қалып, жүдегендері сондай, біз күніге бір, кейде біреше малдан айырылып отырдық. Осылайша, 101 түйеден Қашғарға тек 36-сы жетті.

Теректі шатқалы биігінен Қытай бекеті Ислыққа дейін шамамен 60 шақырым, ал Қашғарға дейін – 125 шақырым деп есептелінеді. Осындай көздеген жерімізге жақын қалғанда, /166б/ біздің алдымыздан жаңа да қиындығы мол қауіп төнді. Бұл кезде Теректі өткелінде атышулы тонаушы, *чонбағыш* руының қырғызы, Әтеке көшіп жүрген еді, ол Қашғар керуендерінің үрейі, Ақсудан Қашғарға барар жолда жақында ғана, Қытай бекетінің алдында олардың қазыналық жүк керуенін тонаған болатын. Біздің керуенде келе жатқан қашғарлықтардың кеңесімен, біз Қоқан ақсақалына, керуеннің келіп қалғандығын айтып және бізді қарсы алуға өзінің бірнеше солдатын жіберуді өтініп, шабарман жөнелттік. Қырғыздар тарапынан күткен қаупіміз ақиқат болды: керуеннің шатқалға түскені сол еді, жан жақтан топ-тобымен қарулы қырғыздар көріне бастады.

Бұл қырғыздар Қоқан ханының билігін мойындайтынын, сондықтан Қоқан азаматтарына өте көп тиісе бермейтінін, алайда қашғарлықтар мен татарларды өзінің құлындай көретінін айта кету шарт. Қырғыздар бізді татар деп ойлағанмен, бізден тек 8

қызыл тері алды, ал біздің алдымыздан өткен керуеннен /167а/ алаңсыз өткендері үшін үлкен өтеу және оның үстіне 500 қойын үрлап алған болатын. Осындай сыпайылықтың себебі, кейіннен білгеніміздей, біздің алдымызда өткен керуен, өздерінің соңынан 200 кісі орыс келе жатқанын және де біздің түйеге теңдеген сандықтарымызда әр түрлі қару-жарақ тиелгені туралы қауесет таратқан екен. Осы қауесеттің салдарынан үлкен жол бойы қонған ауылдар бүйірдегі шатқалдарға көшіп кетіпті.

Осылайша ең дөкір де қанішер қырғыздардан оңай құтылған керуен өзін енді қауіпсіз сезініп, ақырын, күннің жылуына масайрап келе жатты. Теректі шатқалына енгеннен соң біз тағы да жазды көрдік: күн ашық, жылы болып, өзеннің жағалауы терек, тал, қарақат, райхан, шіліктің әр түрінен тұратын ашық жасыл тоғаймен көмкеріліп тұрды. Сол арада қырғыздар естерін жиып алыпты, олардың Ақсайға жіберген тыңшылары еш жерде орыстардың жоқтығын жеткізіпті. Қырғыздар өздерінің алданғанын біліп, бізді қуып жетуге аттаныпты. Керуен /167б/ соңғы асу Көкқияға жақындап қалған болатын, артымыздан шабуылдаған айғай естілді. Қырғыз тобыры жанымыздан шауып өтіп, өткелді алды. Керуен қорғанысқа дайындалып, ал қырғыздар үсті-үстіне көбейе бастады.

Өткелді алған қырғыздар бізге қорғанысқа мұрша бермеді, сондықтан біз келіссөз жүргізген дұрыс деп шештік. Қырғыздар қызыл шұға, тері, барқыт, сиса және т.б. он тоғыздық талап етті. Осындай қысылтаяң шақта Қашғардан 5 кісі, қоқандық сипайлар көмекке келіп жетті; олардың келгені керуеннің түсіп кеткен үнжырғасын көтеріп, қоқандықтардың қолдауымен біз тез арада қарақшы тобырды қуып тастадық. *Тоқсаба**63 ақсақалдың бізге деген ерекше көзқарасының белгісі ретінде беріп жіберген шапандарын өз қолымен кигізіп, керуенбасына ақсақал-датқаның ерекше шапағатын жеткізген хатын тапсырды.

27-інде біз Қытай империясының шекарасына аяқ басып, қытай бекеті Ислыққа 50 сажын қалғанда тоқтадық, /168а/ ол шатқалдың кіреберісінде орналасқан екен. Бекет бұрыштарында орналасқан төрт мұнарасы бар сазды қабырғамен қоршалған, қақпа алдына тұт және терек ағаштары отырғызылыпты. Елге аяқ басқан керуендерді қадағалап, кісі, түйе мен жылқы санын жазатын офицер болмағандықтан, біз күн ерте болса да, қоналғыға тоқтадық, келесі күні күндізгі сағат 12 дейін офицерді күтіп бекетте қалдық. Ақырында, оның орнында қалған *бошко**64, қоқандықтардың талап етуімен және аз-маз

---

*63 Әскери дәреже. (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

*64 Қытай дәрежесі, алтындаған шары бар. (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

сыйлықтың арқасында, керуенге жолға шығуға рұқсат берді. Қашғарлық аудармашы біздің есімдерімізді, қызметшілердің, түйелердің, жылқы мен қойлардың санын жазып, оған сыйлық бермегеннен соң болар, керуенбасы мен қоқандық солдаттар бізді өндіжандық деп айтса да татар деп жазады, оның үстіне 57 кісінің орнына 14 деп көрсетіп, біз артық көрсетпеді деп ескертпе жазыпты. /168б/ Аудармашы өзінің сандырағының үстіне тағы, бізді шын мәнінде қаруланған 100 кісі деп қосыпты.

Бекеттен шығып керуен әр жерін тікенді шөптер – жантақ басқан, қазылған тақыр даламен жүріп отырды; алдымызда аласа құмдақ таулардың сілемдері көрінді. Сол қатпарлы саздан тұратын, еш шөп өспеген таулардың аржағында, Үстін-Артыш ауылдары жатыр. Үстін-Артыш – Артыш пен Тоин өзендерінің бойына орналасқан бірнеше ауылдардың жинақтама аталуы. Үстін-Артышты құрайтын ауылдар бау-бақшамен қоршалған 30-дан 50-ге дейін саман үйлерден тұрады. Тақыр шөлдің ортасында жасыл ағаштармен көмкерілген бұл ауылдар, көңілге тосын жағымды әсер қалдырады.

Ізгек ауылының маңайында түнеп, келесі күні, 19-нда Артыш өзенін Үшбұрхан шатқалы тұсында кесіп өттік. Сазды жардың биігінде, өткелдің тұсында, үш қақпа тесіліп жасалған, олар осы күнге дейін сақталған. /169а/ Жергілікті халық, бұл пұтқа табынушылық кезеңнің қалдығы және ол жартаста пұтқа табынатын орындардың барлығын айтады. Үшбұрханға кіру мүмкін емес, оны ешкім зерттеуге қызықпайтын тәрізді. Келесі бір сазды сілемдерге көтеріліп, біз алыстан Қашғар маңайын қоршаған бақтарды көрдік. Кешкісін керуен [Қашғар] маңайына жетіп, Куффал-қожа мазарының маңына, Қашғардан 12 шақырым жерде, лагерьді орналастырды. Керуенбасы біздің жолдастарымыздың бірекеуін ертіп ақсақалға сәлем беруге жөнелді. Біздің алдымызда келген керуеннің таратқан қисынсыз қауесетінен, оның үстіне бекеттен жеткен хабар, Қытай билеушілерін айтарлықтай шошытып тастапты. Қытай генералы мен хакімбек (жергілікті билеуші) керуенді тексеріп, тергеу үшін тәжірибелі шенеуніктерін жіберіпті.

Бекеттен хабар алысымен қала қамалына қарауыл қойып, түнімен атты қарауыл қарауылдап жүріпті. Қоқан ақсақалы /169б/ біздің керуенбасын жақсы танығандықтан, жергілікті билік көтерген дүрлікке құлақ қақпай, біздің жіберген өкілдерімізді жылы қарсы алып, керуенге зекетші (салық алатын шенеунік) мен өз үлын жіберді. Қоқандықтар қой санап, зекет алып жатқанда, қашғарлық шенеунік келді, бізбен сұхбаттасып, біздің жүктеріміз бен лагерімізді көргеннен соң, тез арада Қашғарға қайтып, шабуыл күтіп отырған қала тұрғындарын сабасына түсірді. Зекет алып болған соң, келесі

күні қызметшілерді малмен Тозгун ауылына жөнелтті, ал өзіміз тауарымызбен қалаға аттандық. Жолдың жартысына жеткенде алдымыздан бірнеше қашғарлық шенеуніктер қарсы шықты, олар таза қытайша киінген; олардың бірі, үлкен лауазым иесі Измаил бек, жүгімізді шешіп сандықтарда не барын көрсетуімізді талап етті, әйтпесе керуен қайта қайтарылады деп қорқытты. Кешкі сағат 8 кезі болатын, сондықтан, бектердің талабымен біз /170а/ *мусюй* аталатын жемдік шөп егілген шабындыққа қоналғыға тоқтадық, ертеңіне тексеретін болды. Кешкі шай мен ас кезінде біз өзіміздің тексерушімізбен жақын танысып үлгердік.

Қоқандық зекетшінің делдалдығы мен сый-сияпаттың арқасында Измаил бекті жүктерге жеке тексеріс жүргізбеуге көндіріп, қоқандық кеденде салық алу кезінде *амбанның* өзі тағайындаған шенеуніктің қатысуын сұрадық. Таңертеңгісін Измаил бек қалаға барып, өз басшылығын келген керуеннің Семейде сауда жасаушы әндіжандықтардан құралғанына сендіріп, бұрында да семейлік керуендердің жиі келіп түрғандығына мысал келтіріп, керуеннің қалаға кіруіне рұқсат беруін сұрап алды.

Қалаға жақындап келіп, біз Түмен өзенін ағаш өткел арқылы кесіп өттік. Қала биік саз қамалмен қоршалған. Алыстан тек қабырғалары мен бұрыштарында орналасқан қытайлық сәулеттегі жеңіл мұнаралар көрініп түрды. Үйлер мен бақтар жабық, көрінбейді. /170б/ Қақпаның алдындағы жол бойына аллея түрінде аса таяқтар орнатылған, оған 1857 жылғы көтерілістен кейін жазаланған қылмыскерлердің басы салынған торлар асылған.

1858 жылы **1 қазанда** керуен қашғарлық және қоқандық шенеуніктердің ертуімен Қашғарға енді. Қақпа жанында бізді тоқтатты. Шенеуніктер хакімбекке барып, кіруге болады деген хабармен оралды. Оңтүстік-шығыс қақпа арқылы біз тура "зекетхана" кеден орналасқан "Анджан" сарайына өттік.

Тауарларымызды тізімге алу барысында ақсақал мен екі қашғарлық бек: ішкаға мен біздің танысымыз Измаил қатысты. Ақсақал өте кішіпейіл болып, бізді өзіне қонаққа шақырды және де ханның өкілі ретінде бізді қанатының астына алатынын айтты.

Қашғарлық шенеуніктер өз тарапында темір күректерге көңіл аударып, *амбанға* көрсету үшін бір үлгісін алды. Жергілікті биліктің бізге деген сенімсіз көзқарасы ақсақалдың көңілін алаңдатты /171а/ өйткені 1825 ж. бері қоқандықтар барлық көтерілістерге қатысып отырған. Келесі күні, жұмада, бізді хакімбектің кеңсесіне шақырып, біздің кім екенімізді, қайдан және не мақсатпен келгенімізді сұрады. Біздің жауабымызды жазып алып, босатты.

3 қазанда бізді Қашғардағы жоғарғы лауазымдардың бірі –

доргабек[*65] шақыртты, оның қызыл маржан шары бар, әрі өзінің ақылы мен қабілетімен бегілі болған.

1857 ж. қожаны қуып шыққанан кейін *доргабек* хакімбек қызметін атқарған, біздің ісімізді қарау соған тапсырылды. Ақсақал өзіне бағынышты адамадарға қытайлықтардың жүргізген тергеуіне наразылық білдіріп, біздің бәрімізді жақсы танитынын, біздің әндіжандық екенімізді және осында болған кезімізде біз үшін өзі жауап беретінін айтып *амбанға* хат жазуға бұйрық етті, әзірге біздің қасымызға, тергеу кезінде бізге еріп жүру үшін, ең сыйлы саудагерлерін қосып берді. Қоқандық саудагерлер бізге барынша болысып және бізге ерекше /171б/ ықылас, көп жанашырлық пен қамқоршылық көрсетті.

Доргабек пен біздің керуенбасымыздың арасында төмендегідей сұхбат болды:

– Сіздер кімсіздер және не үшін мұнда келдіңдер?

– Біз әндіжандықтармыз, Маргелан, Ташкент пен Бұхараның түрғындарымыз; сауда жасап Ресейге бардық, онда тауарымызды сатып, орыс бұйымдарын сатып алдық және пайда түсіруге болатынын естіп Қашғарға келдік.

– Егер әндіжандық болсаңдар, сіздер үшін ашылған жолмен жүрмей, неге басқа жолмен келдіңдер?

– Өйткені біз қой айырбастап алу үшін Ыстық-көлде болдық.

– Семейден неше күнде жеттіңдер?

– 75 күнде.

– Сендер неге бекеттен рұқсатсыз өтіп, кісі санын жалған көрсеттіңдер?

Керуенбасы офицердің бекетте болмағанын, оның орнында қалған кісі бізге рұқсат бергенін, біз кісі санын дұрыс көрсеткенімізді, бірақ аудармашының оған құлақ аспағанын; оның мәліметтерінің жалғандығының дәлелі, біздің кісі санымыз 100 кісідей деп жазады, алайда /172а/ өзіңіздің шенеуніктеріңіздің көрсетуі бойынша керуенде тек 57 кісі.

Одан соң *доргабек* бізбен келген татарларға қарап, олардан орыс үкіметінен рұқсаттарың бар ма деп сұрады. Татарлар, өздерінің Ташкентте жергілікті татарлардан туғандарын, Ресейде ешқашан болмағандарын айтты. Соңында бек бізден неге соншама қару алып келгенімізді сұрап, үстел үстінде жатқан күректі меңзеді. Оған жапсырылған қытайша қағаз күректің қытай сотында болғанын көрсетіп тұрды. Біз бұның сатуға арналған тауар екендігін айттық, бір қоқандық, егер бек бұл қарудың қолданылуынан қорқатын болса сатып алсын деді. Осымен екінші тергеу бітті. Осылай қолайсыз басталған іс

[*65] *Доргабек* – хакімбектің ерекше тапсырмаларын орындайтын шенеунігі.

бізді алаңдата бастады, әсіресе төртінші күні ішкаға мен бірнеше бектер келіп бізді *амбан* шақырып жатқанын айтқанда. Аттарымызды жедел ерттеп, біздер бектердің соңынан ердік, қаланың қақпасынан шыға бере, бірнеше шатыр мен дарға қатты ұқсайтын, әлдебір бағандарды көрдік. Бізді шатырдың есігінің алдына алып келді, онда бас киімдерінде қызыл және көгілдір түсті шарлары бар төрт *мандарин* креслода отыр екен. Оның бірі Қашғардың бас *амбаны*, екіншісі – Қашғардың хакімбегі; екеуінің де қызыл шарлары бар; көгілдір шарлары бар екі шенеунік қытай приставтары екен.

Бізді шатырға кіргізді. Біз, шетелдіктер ретінде, *амбанға* қолымызды кеудемізге басып амандастық. *Амбан* бізге көз алмай қарап, қытайша "Бұлар орыс та татар да емес, әндіжандықтар" – деді, содан соң бізге қарап, қытайлық шенеуніктердің әдеттегі сұрағын қойды: "Қалай жеттіңіздер, қай жерлермен, қандай тауарлар әкелдіңіздер?". Жол бойы көшіп жүрген халықтардың тыныштығын сұрап, кейін Құлжа туралы жеке әңгімеге көшті; керуенбасыдан өзіне таныс Іле *мандариндері* туралы сұрай бастады. Қоштаса келе *амбан* бізге сәтті сауда тіледі, жалпы алғанда бізге ықыласты болды. /173а/ *Амбанға* таныстырғаннан кейін және де ақсақалдың бізге берген пікірі нәтижесінде бізді жайымызға қалдырып, бұдан кейін тергеуге шақырмады, бірақ қадағалап отырды.

Әндіжандықтар ретінде біз толықтай, Қашғарға келген шетелдіктерді басқаратын қоқандық ақсақалдан тәуелді болдық, ол тәуелсіз және де өз полициясы бар еді, сондықтан бізге шетелдік саудагерлермен жақындасып, ақсақалдың ықыласын алуымыз керек болды. Біздің керуеннің мүшелерінің көпшілігі маргеландықтар мен бұхарлықтар еді, олар Қашғарда көптеген туысқандары мен таныстарын тапты. Біздің керуенбасының туыстары мен жерлестері маргеландық: Найманбай, Саадатбай мен Асанжан, бұхарлық Қари және басқа да бай саудагерлер қоқандық және жергілікті биліктің құрметіне ие болған кісілер еді, сондықтан бізге ақсақал мен қашғарлық бектермен жақындасу оңай болды. Жергілікті қытай билігінің тергеуінен құтылған біздер, /173б/ болысқаны үшін алғысымызды айтып, әдет бойынша *пешкеш* тарту үшін ақсақалға аттандық. Тарту өте қымбат емес болатын, бірақ салыстырмалы түрде қоқандықтардың әдетте беретінінен артық еді. Ақсақал бізді ықыласпен қарсы алып, өзінің қамқорына алуға уәде етті. Оның ісін жүргізіп жүрген ұлымен біз жақсы тамыр болып, оған өзі жақсы көретін қоқандық талғамдағы той "*базм*" ұйымдастырып тұрдық. Өзара берілген тарту-таралғы, қонақ етулер біздің керуенді маңызды деген кісілермен жақын етті. Қашғарлық бектер, қытайлық маңғаздығын сақтай отырып, біздің пәтерлерімізге келмесе де, біздің дүкендерімізге келіп, шайға шақырып тұрды. Осылайша біз

көпшіліктің ықыласы мен құрметіне ие болдық. Ақсақал бізді әрдайым асқа шақырып, маңызды жағдайларда кеңес болғанда біздің керуенбасымызды қатыстырып отырды.

Алғашқы аптаның өзінде ақ біздің тауарымыз үлкен пайдамен алтын мен күміске, бір бөлігі ақшаға, кей бөлігі, егер біз жолға шығар болсақ қолма-қол берілетін болып, қарызға сатылды. Біздің керуеніміз "Кунак" сарайында он бір бөлме алды, оның үстіне біздің Устенбуи мен Жанкуче көшелерінде пәтерлеріміз болды. Қашғарда, жалпы Алты шахарда, сонда келген шетелдіктер келген уақытына үйленетін әдет бар. Кіші Бұхарияның тұрғындары, уақытша үйленуге тиым салатын Имам Ханафи ілімін ұстанушылар болғанымен, бұл әдет әбден орныққан. Неке шариғат бойынша орындалып, күйеуден тек әйелін киіндіріп отыру талап етіледі. Орныққан әдеттен аспау үшін және таныстарымыздың мәжбүрлеуімен, біз де осы әдетке бағынуға тиіс болдық.

Қашғарда біздің татарша шапан мен қалпағымызға барша жұрт көңіл аударатын, сондықтан біздің бірінші парызымыз киім ауыстыру болды. Біз әндіжандықтар секілді шалма (қашғарлықтар, дінилерден басқасы, шалма тақпайды) мен бұхарлық шапан кидік. /174б/

Біздің малымыз әбден титықтап арықтаған еді, оларды семірту үшін кем дегенде екі ай қажет болатын. Сол уақытты пайдаланып, мен Яркендке барып келмек болдым. Керуенде сатылмаған тек бірнеше *юфти* қалған болатын, соны иесі бұхарлық Мухсин Сағитовпен бірге Яркендке алып жүрдік. Біздің сапарымыз қытайлықтардың күдігін туғызбас үшін, ниетіміз туралы уақыты келгенше ешкімге айтпадық та ақсақалдан рұқсатты басқа бұхарлықтармен бірге алдық, ал тауарды алдын ала жалдамалы кісіден жібердік.

10 қазанда біз 6 кісі болып жолға шықтық, Тозгун мен қытайлық қала арасындағы бекетте жергілікті жүзбегіне билетімізді көрсетіп, жол ортасында бір *лянгарда*[*66] түнедік. Келесі күні түс уақытында Янысарға[*67] жеттік. Янысарға дейінгі жол бойы тұрғылықты ауылдар үзілмейді, тек қалаға жақындай бере аласа құмдақ төбелер кездеседі. Атымызды арбакештерге арналған арнайы сарай бар *гайчанда* қалдырып, біз /175а/ қалаға кіріп, өзіміздің бір танысымыздың үйіне түстік. Қалада біз Қашғарда танысқан әндіжандық саудагерлер көп болғандықтан, олар бізді түскі ас пен кешкі асқа шақырып екі күн бойы ары қарай жібермеді. Бесінші күн дегенде, түстен кейін, біз ары қарай жолға шығып, Топлық бекетіне бірнеше шақырым жетпей қоналғыға тоқтадық. 14-нде, ерте тұрып, жолдағы үшінші бекет Көкрабатқа тездетіп жету үшін

---

*66 *Лянгар* – пошта бекеті.
*67 *Янысар* – Янги-Гисар.

жолға жинала бастадық. Янысардан бірінші бекетке дейінгі жолда ауылдар тығыз орналасқан, жол тоғай, ауылдар арасымен өтіп, көптеген өзен мен арықтармен кесіледі; бірақ екінші бекет Қызылға жақындай бере, түрғылықты жерлер бірте-бірте сиреп, осы бекеттің тұсында маңайы тақыр далаға алмасады. Қызылдың тұсында шығысқа қарай құмды дала — Құмшайдан жатыр, ол мұсылмандар үшін қасиетті жер; бұл арада аңыз бойынша, дін үшін шайқастар болған, мұсылмандардың басшысы Арсланхан-ғазы *шаһид* болған. Оның моласының үстіне түрғызылан мазарға Қашғар мен Яркендке келген барлық мұсылмандар зийарат етеді.

Көкрабат бекеті /175б/ 30 шақты үйі бар, ағашпен көмкерілген жазира тәріздес мекен. Көкрабаттан кейін құмдар басталады, олар төбешіктеніп батыстан шығысқа бағытталған; жол бойы көптеген бойында қамыс өскен түзды суы бар көлдер кездеседі. Топлық бекетінен бірнеше шақырым өткеніміз сол еді, бізді Қашғардан біздің жолдастарымыз жіберген қуғыншы қуып жетті, одан Қашғарға Қоқанды Малибектің басып алғаны туралы жеткізген жергілікті жансыздың келгені және қожа Уәлихан төренің қашқаны туралы қауесетке байланысты Қашғардағы үрейлі жағдай туралы хабарлап, Қашғарға тезірек қайтуымызды сұраған хат беріпті. Біз қауіпті жағдайға ұшырамай түрғанда қайта қайтуға асықтық.

Қара орданың өзінде-ақ Қоқандағы күдікті істер туралы қауесет таралып жүрген болатын. Теректі шатқалында бізді қоршауға алған Тянь-Шань қырғыздары біздің керуенді қорықпай тонай алатындарын айтқан болатын.

Қоқанда ертеден бір дәстүр бар, ол бойынша билік ауысқан уақыттағы барлық жағдай осы дәстүрге бағынады, бұндай жағдайда талан-тараж жасап, /176а/ оны ханталау деп атайды.

Қоқандағы жағдайлар, Малибектің өзінің бауыры Хұдайар ханмен ұрысынан бастап, ең аяғы, Малибектің Қоқанды алғандығы туралы оқиғалар, Қашғарға кезек-кезегімен және уақытылы екі жолмен жетіп отырды: Хұдайар мен Малибектің ресми қуғыншыларымен және де қашғарлық жасырын тыңшылар (тан-шан)*[68] арқылы.

Қазан айында Қашғарға Малибектің көтерілісі туралы мәліметтер жеткен болатын. Көп ұзамай Хұдайар мен Малибектен, тез арада зекеттің толық сомасын жіберу туралы талабымен қуғыншылар келген. Ақсақалдың жағдайы өте қатерлі болып түрды: біреуінің бұйрығын орындау, екіншісінің қаһарына ұшырау болып шығатын, істің қалай болары белгісіз еді.

*[68] Қате жазылған, дұрысы — тыңшы.

Осынау неғайбыл жағдайда, 15-нде, Малибектің хандыққа отырғаны туралы ресми хабар жетті де, ақсақал хандық жарлық алды, онда ақсақалдың орнында қалғандығы туралы және ханның оған деген ықыласы туралы айтылған еді; бірақ бұл Насраддин*[69] ақшаны жоқ қылмасы үшін жасалған қулық екен. Бір күннен соң /176б/ жаңа ақсақал Нұрмағамбет-датқаның сенімді кісілері келіп, Насраддинді қамауға алып, оның бар мүлкін, жеке меншігін қоса тартып алды. Билікке жаңа ақсақалдың туысқаны Сүлейменқұл келді, ол көтерілістен бері түрмеде отырып жақында ғана босатылған еді.

Қоқанда биліктің ауысуы жаңа билеушілердің алдындағыларды осылайша алдап, қорлауынсыз ешқашан болған емес. Бізді барлық қоқандықтардың бұрынғы ақсақал мен оның үлымен қарым-қатынасының өзгергендігі қатты таңқалдырды: бұрын тығыз қарым-қатынаста болған кісілер, оны танымай, ұлы тіпті ұсақ қажеттерге жұмсар ақшадан тапшылық көрді. Керісінше, Сүлейменқұл, жаңа ақсақалдың сенімді кісісі, осы күнге дейін ешкім оны көзге ілмес еді, аяқ астынан құрмет пен жарамсақтанудың үлгісі болып шыға келді, оған арнап қала сыртында сауық, той ұйымдастырып, баршасы оған азды-көпті сыйлықтар тартып жатты. Жаңа әкімнің жансыздары, Насраддин өз мүлкінің бір бөлігін тығып үлгермеді ме екен деп, тәптіштеп сұрастырып жүрді, сол /177а/ мақсатпен бізден де бұрынғы ақсақалға тартқан таралғыларымыздың тізімін сұрады. Біз, Насраддиннің ұлының сұрауы бойынша, сағат пен тапаншаны (пистолет) көрсетпей, талап еткен тізімді бердік. Жергілікті билік пен саудагерлер, Насраддиннің тыныштық орнатқанына қарамай және жергілікті билікпен қарым-қатынаста өте тік те шешімді, әрі саудагерлерге әділ, бай мен кедей деп бөлмейтіндігіне қарамастан орнынан түскеніне өте ырза еді.

25 қарашада жаңа ақсақал Нұрмағамбет-датқа мен Оңтүстік жақтың (линия) басшылығына биліктің ауысқанын жеткізуге Малибектің елшісі келді. Бұрынғы ханға жіберілген Қашғар елшілігі олармен бірге келді. Сүлейменқұлдың бұйрығы бойынша барлық шетелдіктерді жаңа басшылықты қарсы алуға міндеттеді; арасында менің кейбір жолдастарым бар құрметті деген кісілер бірінші бекетке шығып қарсы алды; қытай үкіметі өз тарапынан ішкағаны жіберді. Ақсақал өзінің қоластындағыларын ертіп, толық /177б/ салтанатпен қоқандық лауазым иелерінің әдетіндегідей қалаға енді. Салтанатты шерудің алдында "Шылбырларыңды тартыңдар" деген айғаймен жол босатып *сипай* келе жатты. Оның артында алтын, күміс жүгенді, үстеріне керемет тоқым жабылған бірнеше арғымақты жетектеген *наждар* келеді.

*[69] Қашғарлық ақсақалдың есімі.

Келгеннен соң келесі күні барлық шетелдіктерді, оның ішінде біз де бармыз, бізге міндет еткен *фу-чайдың* бір тақтасын алып сәлем беруге бардық. Бұдан бұрын да барлық шетелдіктерден Малибектің таққа отырғандығы туралы қуанышты хабардың сүйіншісі ретінде осы шайдың бір тақтасынан алған болатын. Оның үстіне бірнеше күннен кейін біз ақсақалға өз атымыздан сыйлық алып бардық. Біздің сыйымыз: бархат шапаннан, шұға, темір керует, алтын сағат, шай, қант және т.б. тұрды, оның жақындары да сыйлық алды.

Жаңа ақсақал, қоқандықтарға мүмкін боларлықтай өте сыпайы да әдепті кісі екен. Нұрмағамбеттің есікағалық сарай лауазымы мен датқа дәрежесі бар, 1856 ж. Қашғар ақсақалы, ал қожалар тұсында – мыңбасы болған. Датқа қызу шараптар мен көңілді ортаны жақсы көретін, сондықтан /178а/ бай саудагерлер онымен өте именбей араласатын. Қызмет ісімен өзі аз шұғылданып, саудагерлермен ол жай тұрғын кезінде ақ жақсы қарым-қатынаста болған, Сүлейменқұлдың кеңесінсіз ештеңе істемейтін. Бұл жағдай біздің жаңа ақсақалмен жақындасуымызға септігін тигізді. Күнде кешкісін ақсақал бізді өзіне шақыратын, немесе өзінің келетінін айтып кісі жіберетін. Әрдайым тарту тартатын, біздің бір жолдасымызға, өзінің жақыны деп санайтынын білдіріп, әбзелімен ат, парша шапан мен әскери етік сыйлады. Жергілікті биліктің бізге деген күдігі біртіндеп сенімділікке айналып, бізге түнде жүруге де рұқсат берді, бұрындары қатаң тиым салынған болатын.

Сол арада түйелер мен жылқыларымыз оңалып, біз енді қайтуды ойластыра бастадық; Ақсай арқылы, яғни келген жолымызбен қайту мүмкін емес болатын, өйткені өткелдерді қар басып, әрі тап-тақыр ормансыз дала, бұл таулы елде қатуланып тұрған қатты суық пен боран, қандай да бір саяхатты жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін. Қоқан арқылы жүруге де қорықтық, өйткені саяхатымыз ұзаққа созылып, ақыр аяғында, ол жерлерде мені танитын кісілер кездесіп қалуы мүмкін еді. Ақырында Үш-Тұрфан арқылы жүруге ниет еттік. Қарыздарымызды жинау, біздің жолға дайындығымызды баяулатты, кетерде Қытай үкіметі тарапынан берілетін рұқсат-билет те тек ақпанның ортасында ғана берілді. Сол арада кейбір жағдайлар біздің жолымызды болжаудан бас тартқызып, бізді шекараға тезірек жетіп алуға мәжбүрледі. Қаңтардың аяқ тұсында Қашғарға Құлжадан бірнеше қашғарлық саудагерлер мен Семейден бізден кейін шыққан ташкенттіктер келді. Олар арқылы біздің керуенде орыс жансызы бар деген қауесет тарап кетті. Біздің бәрімізді жақсы танитын Нұрмағамбет, біздің арамыздан бұны растайтын ешбір дәлел таппай, күлкіге айналдырып, шындыққа жатпайды деп тапты; Қоқанда /179а/ саудагерлер арасында да бұл туралы, орыс жансызы ауылда, біз

түйелерді үстап түрған жерде екен деп сөз қылыпты, сондықтан қоқандық *михтар**70 өзінің Қашғарға жіберген шенеунігіне, ауыл мен біздің қызметкерлерімізді мұқият тексеруді тапсырыпты. Бұл қауесет көбіне қоқан саудагерлерінің арасында таралған еді, бірақ оларға ешкім сенбеді, қашғарлықтар Уәлихан қожаның қашқаны мен, оның Түрфанға кеткені туралы жаңа мәліметтермен әуре болып жатқан еді. Түнде қалада атты қарауылдар жүріп, қамал қабырғасындағы күзетті мықтап, шекара бойымен қарауыл бөлімдері жүріп отырды.

*Дынзада**71 (қарауыл тәріздес) найза мен шаншарларды жинап, шенеуніктер қамал қабырғасында кезектесіп тұрды. Бізге көңіл аудармағандай болғанмен, керуенді жіберу туралы сенімді мәліметтер жетпей түрғанда, қайтар жол туралы ойластыру керек болды.

Ақпаннан Қашғарда көктем басталды, сондықтан наурыз айында Сырт таулары арқылы аман-есен өтіп кетуге үміттенуге болатын еді. /179б/

7 наурызда керуен Қашғардан Теректі тарапына жолға шықты, ал біз Қытай үкіметінен елден шығуға басқа рұқсатбилет алу үшін қалада қалдық. Жолды барлап келген біздің кісілеріміз, қар жатқандықтан Теректіден тіпті өтуге болмайтынын, тек қоқандық Құртқа қамалы арқылы жолдың ашық екендігін айтып келді. Ақсақал бізді наурыздың ортасына дейін, барлық жолдар ашылғанша қалуға үгіттеді, бірақ біз не болса да жолға шығуға бекіндік. Біз Құртқа комендантының әрі Тянь-Шань қырғыздары билеушісінің Қашғарда бізді бақылаушы жансыздары бар екендігін жақсы білетінбіз. Оған бағынышты ұлыс қырғыздарына келген *бұғылықтар* біздің байлығымыз туралы асыра сілтеп, біздің керуенбасымыз темір тақтайда отыратынын, бізде сонымен қатар ішінде ағаш үстінде бұлбұл ұшып ән салатын керемет алтын жәшік барын, тағы сондай неше түрлі аңыздар айтыпты. Қырғыз қойларынан басқа ештеңе көрмеген құртқалық датқа, осындай келеңсіз әңгімелерге сеніп, қалай болса да /180а/ бізден зекет алмақшы болды, алайда ол бізден зекет емес, жүк тиеген мал басынан алынатын ерекше салық қана алатын құқы бар еді. Біздің жақсы танысымыз ақсақал Құртқа аймағы арқылы жолға шығар ниетімізді біліп, керуенді шығарып салуға өзінің бір сарбазын, Құртқаның комендантты Мамразыққа бізді өзінің досы ретінде қабылдауды сұрап қолдау хат беріп, үлкен ықылас көрсетті.

11-інде ақсақалдың үйінен бізді шығарып салуға келген үлкен тобырдың еруімен Қашғардан аттандық.

---

*70 *Михтар* – Қоқан хандығындағы сарай шенеунігі.

*71 *Дынза* – дұрысы *тинцзы*.

Үстін-Артыш пен Қытай бекеті Ислықтың ортасында түрған керуенге келіп, онда керуенді шекараға шығарып салу үшін хакімбек жіберген артыштық жүзбегіні кездестірдік. Әдеттегі керуендер бұндай мәртебеге ие бола бермейді, біз ерекше жағдайға ие болдық. Біздің жолымыз Тойын өзенінің ағысы бойымен Тешіктас қарауылына қарай жатты, бірақ біздің билетіміз Ислық арқылы өтуге берілгендіктен, біз кішігірім айналма жолмен жүретін болдық, сөйтіп /180б/ тура жолға шығу үшін. Бекетте тағы да қытайлық офицер – *бошко* жоқ болды, түйемізді, жылқыларымызды санап, *юсун* (сыйлық) алды; қашғарлық шенеунік те *юсун* алды. Керуен тауда бекеттен 8 шақырым жерде түнеді. Келесі күні батысқа қарай құрғақ та кең арнамен жүріп отырып, бір кішігірім асудан өтіп, Тойын өзенінің алқабына шықтық. Күн жылы болып түрды, табиғат енді ғана оянған; шатқалда қар өте аз қалған, кей жерлерде көк көтерілген, кешкісін бақалардың бақылдағаны айқын естіліп түрды. Керуен үш күн бойы Тойын ағысы бойымен солтүстік және солтүстік батысқа қарай жоғары көтерілді, 17-нде осы өзеннің шығар тұсында Торғат шатқалында түнеді. Тойын өзені алқабы өте кең, оның жолы өте оңтайлы болды. Өзеннің жағалауында терек өскен, тек бірінші қоналғыда бүрген өскен.

Торғатта бұта көрінбейді. Жол өзен ағысымен жоғарылаған сайын, ауа райы суыта бастады. Жоғары жақта өзенді мұз басыпты, сайларда қар жатыр, керуен оны /181а/ күрекпен бұзып, жол салуға мәжбүр болды.

18-нде біз айтарлықтай кең, жан-жағынан таумен қоршалған, терең қар жамылған тау көлі Шадыркөл алқабына шықтық. Бұнда, Қашғарда қыста қаңтарда болмаған суық еді.

Керуен қар опасынан, көлдің көк мұзынан үлкен қиындықтармен өтіп, алабты солтүстік жағынан қоршап түрған Ташрабат тауларында түнеді. Шадыркөл көлі көлемінде 10 шақырым, ұзындығында шамамен 20 шақырым болады, ол өте биікте жатқан болуы керек, кемінде 7000 фут биіктікте. Келесі күні Ташрабат тауларынан өтіп, Атбаш өзенінің кең де тегіс алқабында лагерімізді құрдық. Ташрабат өткелі түйелі керуенге өте қиын соғатын бір жері бар, түсер тұста жол биік жартастың шетінен өтеді, бірақ өте ұзақ емес. Шетінен жол өтетін өзен қатып қалғандықтан, біз қауіпті жерден қашып, мұз үстімен өттік.

Жолдың шатқалдан шығар тұсында тастан салынған Ташрабат атты үй бар, /181б/ тау соның аталуымен аталып кеткен. *Рабат* деп шығыста үлкен жолдар бойы жиһанкездер тоқтауға арналып салынған үйлерді атайды. Олар мешіт, медресе, керуен-сарай, бұрқақ пен шөлдегі құдықтар сияқты садақа ретінде салынады. Бұхара хандарының бірі Абдулла, осындай үйлер салуды ұнатқан, сондықтан бұл *рабаттың* са-

лынуын да соның арқасында дейді. Үй сазды қатпар тастан салынған, ұзындығы шамамен 12 сажын және көлденеңі шамамен 7 сажын. Ұзын дәліз дөңгелек залға апарады (радиусында 5 аршын), сфера тәріздес күмбезі бар, дәліздің бүйірінде кішкене аласа есіктер жасалған, оларға еңкеймесең кіре алмайсың; бұл есіктер кішкене төрт бұрышты, ұзынша бөлмелерге бастайды. Бұл үйдің іші мен сырты кезінде сыланған екен, қабырғадағы текшелердің шеттеріне салынған ою-өрнектер (арабески) әлі де кей жерлерінде сақталып қалыпты. Ташрабат салыну нұсқасына қарай ерте заманғы сәулет өнері үлгісіне жатады. Азиялықтар өздерінің жалқаулығы мен білімсіздігі себепті, үлкен өнер мен еңбекті талап ететін нәрселерді /182а/ қасиетті деп санайды. Ташрабаттың да өзіндік аңызы бар, мысалы, оның бөлмелерін санағанда бір жолы 40 болса, келесі жолы 41 болады, тағы с.с. Қара қырғыздар үшін бұл үй табыну мен құрбандық шалар орын болып табылады. Торғат шатқалында түнеген кезде біздің керуенге, Қашғарға Құртқа комендантының біздің елден шығуымызды аңдуға жіберген, екі қоқандық сипайдың қосылғанын айта кету керек. Оның бірі коменданттың туысқаны, ал екіншісі Асанбай есімді, *чириктер* ұлыстарында қарауыл қызметін атқарушы. Қоқандықтар қырғыз руларында өздерінің шенеуніктерін ұстайды; елбегі, қырғыз қарауылы, ұлыстарды көшіп жүріп, сот істерінде арашашы болып, жазықтылардан қазына пайдасына айыппұл жинауға міндетті.

Біздің лагеріміз тұрған тұста жол бірнеше тарапқа бөлінеді, оның екеуі Құртқаға апарады. Атбаш арқылы өтетін ыңғайлырақ жолды біздің қоқандықтарымыз жүруге болмайды деп тапты, өйткені бұл кезде оның бойында /182б/ *чириктер* тұрған еді, олар Құртқа аймағына бағынышты болғанымен, қоқандықтарға бағына бермейтін көрінеді. Асанбай елбегі *чириктерден* қорыққандығы сондай, бізбен бірге келе жатқан қырғыз жиһанкездерін, олар *чириктерге* хабар бермес үшін, ауылдарына жібермей, зордың күшімен Құртқаға баруға мәжбүрледі.

Сырт тауларында – Атбаш, Арпа және Нарынның ойпаң және жылы алабтарында ғана бидай мен арпа өседі. Ерте замандарда, біздің ойымызша, бұл жерлерді отырықшы немесе жартылай отырықшы халықтар мекен еткен тәрізді, өйткені, қырғыздардың айтуынша, Атбаштың төменгі жағында үлкен қаланың орны бар, ал Нарында біз өзіміз егін шаруашылығының іздерін көрдік. Атбаштағы қала орны өзінің орналасуы бойынша, үйсіндердің астанасы Чигу[45] қаласына сәйкес келеді, қытай тарихының деректеріне сәйкес, ол Ақсудан солтүстік-батыста және Тимуртонардың (Ыстықкөл) оңтүстігінде жатыр. Атбаш өзенінің жағасынан біз солтүстікке жол тарттық, бірнеше аласа асулардан өттік, оның соңғысы Бәйбіше,

оңтүстік беткейінде самырсын орманы бар, ал /183а/ сулы жерлерде – үшқат, зерек, т.б. шоқталдар өседі. Торғат пен Бәйбішенің арасындағы жерлер ормансыз.

21 наурызда керуен Құртқадан 10 шақырым жерге, Ақтал өзенінде, *монулдыр* руы қырғыздарының ауылы тұсына тоқтады. Кешкісін Құртқадан келген солдат біздің сипайларымызға, өздерінің комендантының ханнан ықыласты жарлық пен күрметті парша шапан алғанын, *чириктердің* Қоқаннан дымсыз қайтқанын айтып қуанышты хабар жеткізді. *Чириктер*, олар туралы айтқан болатынбыз, ханнан Атбаш өзені бойына қамал салып, оларды Құртқа комендантынан тәуелсіз етулерін сұраған еді. Ең соңында [солдат] Әндіжаннан зекетші келгенін де айтты. Бұл жағдай біздің қоқандықтардың көңілін түсірді; олар біздің керуеннен түскен зекет осы шенеуніктің қолына түсе ме деп қорықты. Құртқа әндіжандық әмірге қарайды, оны ханның бауыры Суфибек билейді. Әр жылы, көктем кезінде, әмірден зекетші келіп, /183б/ комендантан қырғыздардың барлық зекетін алады.

22-інде сағат он кезінде керуен жолға шығып, 10 шақырымдай жүріп, Нарын өзенінің бойына тоқтады. Өзен үстінде әлі де мұз қалып, қатынас жүзіп өту арқылы болып тұрған, сондықтан біздің сұрауымыз бойынша тауарымызды өткізу кезінде суға батырмас үшін, осы жағада қалуға рұқсат етті. Қамалдан 4 шақырым жерде, бір күшті рулардың бірі *саяқ* руының биі – Осман ауылының тұсында біз киіз үйлерімізді құрдық, оны қоқандықтар датқа лауазымына көтерген. Келесі күні, 23 наурызда, біз комендантқа сәлем беру үшін қамалға бардық.

Құртқа қамалы Нарын өзенінің оң жағалауына орналасқан, көлемі 200 сажын, үш жағынан қамал қабырғасымен қоршалған, төртінші тарапы өзеннің тік жарына тірелген. Қамал қабырғасының биіктігі шамамен 3 сажын, көлденеңі 2 аршындай болады, шығыс жағынан қабырғаға негізгі қақпа жасалынған, ал солтүстігінде – басқасы, бұрындары /184а/ Жәңгір қожаның үйі тұрған жерге апаратын қақпа; ол жерде намазхана орналасқан, бірнеше ағаш отырғызылып, барлық қасиетті жерлердегідей, тулар қадалып, құрбандыққа шалынған көптеген қошқар мүйіздері ілінген. Қақпадан кіре бере біздер құм топырақпен қоршалған киіз үйлерді және бірнеше саз балшықтан салынған үйлерді көрдік. Комендanttың үйі де бірнеше бөлек-бөлек саздан сыланған, қабылдау үйі, гарем, мешіт және т.б. салтанатты атаулары бар үйлерден тұрады, ауланың ортасында бірнеше қырғыздық киіз үйлер құрылған. Кішігірім саздан жасалған көтерме жерде ақ сақалды қараторы бір сарт отырды, үстіне мақта шапан, қызыл теріден тігілген қырғыз етік киген. Бізге бұл комендант Мамыразық-датқаның өзі деп таныстырды. Хатты оқыған соң, Мамыразық өзінің

ескі танысы ақсақал туралы сұрастыра бастады, содан соң біздің қанша зекет бергенімізді сұрады да, осыған дейін бізді /184б/ татар деп ойлап келгенін және қара қырғыздардан бізді жер шолып жүр деп естігенін айтты.

Сағат екілер шамасында керуенге, датқаның сеніміне кірген, әрі ақыл мен айла қажет жағдайларда жұмсалатын, өндіжандық саудагерді ертіп коменданттың ұлы келді. Қонақтарды шайға қандырып, жақсы палау жегізіп, біз іске кірістік. Қоқандықтар бізде үлкен байлық бар деп ойлап, біздің Қашғарда зекетке 124 алтын бергенімізге сенбей, біздің жүктерімізді тексереміз деп жариялады. Келесі күні біздің жүктерімізді шешіп, біздің алдында көрсеткен заттарымызды ғана тауып, зекетке 2 жамбы, жиырма лан күміс, сыйлыққа бес шапан мен бір фунт шай алды. Зекеттен кейін біз тағы датқаға бардық. Мамыразық бізді ықыласпен қарсы алып, бір-бір кесе көк шай ұсынды, жақсы жол тілеп, керуенді өзіне тәуелді ұлыстардан шығарып салуға біздің ескі танысымыз елбегі Асанбайды берді, және бізді /185а/ өз ұлысына жолға шыққан Найман бидің қарамағына тапсырды.

Күртқа қамалы 1832 жылы, айдаһар жылында Хаққұлы мыңбасысы Мадалі хан тұсында салынған. Мадалі ханның билігінің бірінші жартысы Қытаймен болған жеңісті соғыстармен, Қаратегін мен Дарбазды алу, қара қырғыздарды бағындыруымен белгілі. Екі қолбасшы: мыңбасы Хаққұлы, *юз* тайпасының өзбегі, және құшбегі Ляшкар, парсы құлдарынан шыққан, қырғыз руларының бәрін бағындырған; Хаққұлы қара қырғыздардың шығыс бөліктерін, ал құшбегі Ляшкар – Шудан Ілеге дейін көшіп жүрген қырғыз мен қайсақ тайпаларын тәуелді етіп, жасақ алатын болған. Хаққұлы 1832 ж. *саяқтарды* талқандап, олардың қолбасшылары Атантай мен Тайлақты түтқынға алып Қоқанға алып келген, *чириктерден*, *бассыздардан* және *монулдырдан* жасақ жинайтын болып, Күртқаны салдырған. Тоғызтарау қамалы одан бұрынырақ салынған. Атантай мен оның бауыры Тайлақ қоқандықтарға бағынғылары келмей, түтқыннан босанғаннан кейін Ілеге /185б/ Ұлы жүздің қырғыздарына көшіп кеткен, бірақ кейіннен, қайсақтардың тонауына ұшырап, өздерінің рулық жерлеріне қайта оралған.

Қамалда 200-ге дейін, өндіжандық қырғыздардан алынған, *сипай* бар деп саналады, қоқандықтардың саны 50-ден аспайды. Қазіргі комендант бұл орнына алғаш рет 30-ншы жылдардың соңында, өндіжандық өмірлікті Иса-датқа билеп тұрған кезде тағайындалған, екінші рет қыпшақтар билігінің құлаған тұсында орныққан. Оның қарамағына: *саяқ* тайпасынан үш ру, *чириктер* және *бұғы* руының аздаған бөлігі жатады. Күртқаға бағынышты саяқ рулары: 1) *шора*, оларды ең күшті рубасы Тайлақтың ұлы Осман басқарады; 2) *кулчугач*, оларды

Ералының ұлы Төлеке басқарады; 3) *иман*, рубасысы Байторы Жаланақов. Бұл үш ру өзара руаралық соғыстар жүргізеді. *Чириктер* өздерінің көштері бойынша екі бөлікке бөлінеді. Бір бөлігі Атбаш, Арпа, Ақсай бойымен көшіп жүрсе, екінші бөлігі – Көкшал өзені бойында мекендейді. Бірінші бөліктің әрбір руында өзіндік көсемі бар; олардың ішіндегі беделдісі Ұрыс би, /186а/ Сасық-Ұрыс, Кенжес және күштісі Сарыжақ; екінші бөлігі бір бас би Түрдыкенің билігін мойындайды. Түрдеке қытайлықтардан қызыл шар алған, танымал қарақшы, қоқандықтарға бағынбай, зекет пен салықты өзіне алады.

Құртқа қоластына тағы да *буғы* руының *тыным-сеит* тармағының қырғыздары, Нарынның жоғарғы жағы мен Тарағай үстіртінде көшіп жүрген қалмақтардың бөліктері бағынышты. Оларға Мамеке Шопақ әулеті билік жүргізеді. Олардың ішіндегі беделділері: Бүйдаштың ұлы Найман, Әлеке балалары Әлжан мен Табылды. Құртқа сонымен бірге *монулдыр*, *бассыз* және басқа да рулардан зекет алады. Тоғызтарау мен Жұмғал қамалдары бұрындары Құртқаның комендантына тәуелді болатын, бірақ қазір олар жеке тәуелсіз иеліктер. Зекет жинаған уақытта Құртқа мен аталмыш қамалдардың сипайларының арасында жиі-жиі қақтығыстар болып тұрады, ескі Сібірде мангазей мен красноярлық казактардың арасында ясак үшін болған қақтығыстар тәрізді. Құртқаға бағынышты *саяқтардың* саны шамамен 600 үй, *чириктер* /186б/ Түрдыкенің иелігіндегі – 1500, Атбаш пен Арпа өзендері бойында көшіп жүрген *чирик* рулары – 1300-ге дейін және *буғылар* – 1200. Бұл қырғыздардан зекетті Құртқа екі жолмен алады: не қырғыздардың өз көрсетулері бойынша "үлфан", немесе санақ жүргізу арқылы, бірінші тәсілмен 40 бастан бірін алса, екінші жолмен санақ жүргізгенде – 100 бастан екі бас алады. Оның үстіне қырғыздар қамалдың әскерін нанмен қамтамасыз етуге міндетті. Зекеттен тыс әрбір рудан жылына бір рет, кейде тіпті жылына екі рет мөлшері нақтыланбаған "салық" алынады. Биылға жылы *буғылардан* осы салыққа 60 жылқы алыпты. Жалпы алғанда қоқандықтардың билігі бұл қырғыздардың арасында жалғаншы, әрі айлалы саясат арқылы жүргізіледі, оған қазіргі комендант үйреніп алған секілді. Өз билігін қауіпсіздендіру үшін ол беделді әулеттерден аманат ұстап, рубасылар арасындағы бәсекелестікті қоздырып отырады. Мамыразық Османмен туыстық қарым-қатынас орнатып, оны көтермелеп, соның қолымен басқа қырғыздарды қысып отырған. Қызғаныш туғызу үшін ол Османды *пансад* (полковник) және *датқа* деп атайды, бұл өз тарапында атаққұмар қырғызға майдай жағады. /187а/ Осман коменданттың бүйрығын орындауға дайын түрған 500 кісі ұстайды. Мамыразық *буғылармен* өте сақ саясат ұстанып, олардың билеріне қымбат сыйлықтар беріп аузын алған. Мамыразықтың өзінің айтуы бойынша бұл саясат

ұзақ уақыттық тәжірибеге негізделген, өйткені әскер санының аздығы салдарынан қырғыздарға күшпен ештеңе істей алмайсың. Қыпшақтардың түсында қырғыздардың рубасысы, қазіргі қоқандық уәзір Әлімбек датқа қыпшақтармен жауласып, Нарын асып кетіп, барлық қырғыздарды көтерген. Құртқаны қоршап алып, комендантты – қыпшақ келіссөзге шақырылып, арандатып өлтірілген. Мамыразықтың өзі бірнеше рет қоршауда қалған. Соңғы кездері Түрдыке зекет төлеуді тіпті қойған, ал басқа *чириктер*, төлесе де, уақытылы емес. Мамыразық екі жыл болды әндіжандық әмірден қырғыздарды жазалау үшін 700 кісілік әскер сұрағалы, бірақ әлі бекер болып тұр. Қоқандағы бүлік кезінде қырғыздар Құртқа комендантын тіпті елемеген, өйткені ханның /187б/ ауысуымен әдетте барлық билік өкілдері де ауысатын болған. Өз туысқаны Әлімбектің уәзір дәрежесіне көтерілуімен қырғыздар, оның болысуына үміттеніп, бүлік салуды жалғастыра берді. *Чириктер*, алдында айтып кеткендей, өздеріне жеке билеуші тағайындауды сұрап өкілдер жіберген; бұл кісілер тура біздің алдымызда ғана қайтып оралған. Мамыразық бізге олардың бүйымтайларының нәтижесіз болғанын айтқан, соған қарамай ол, *чириктердің* өзінің шақырғанына келмегеніне қатты алаңдаулы еді. Құртқаға тәуелді қырғыздар, *бұғы* мен *сарыбағыштармен* салыстырғанда кедей, саны аз, әрі өзара қантөгістік қырқыстары оларды одан сайын әлсіретер еді. Біздің *бұғылықтар* олармен қақтығыста әрдайым басым түсіп, бірнеше рет *саяқтар* мен *чириктерге* қирата соққы берген.

24 наурызда керуен Құртқадан шықты. Нарын алабында көктем наурыз айының басында келеді, ал Сырттың басқа тараптарында, мысалы, Тарағай мен Ақсай үстіртінде, қар сәуірдің ортасына дейін жатады. Біздің Құртқада болған уақытымызда көктемнің жылы күндері орнады. 24-нде ақ /188а/ өзен үстінде мұз қалмады, айналаны жусанның жас өркені мен қызғалдақтар басқан еді. Керуен қырғыз ауылдары мен шабындықтардың арасымен келе жатты. Қырғыздар жер жыртып жүрді. Осман, *саяқтардың* рубасы, шабындықтарды аралап, оларды бөлімдерге бөліп жүрді. Керуенді көріп және де оның Құртқаға келгенін бұрын естіген Осман, бізге оның ауылына "қонаққа" түсе кетуге шақырып өз қызметшілерінің бірін жіберіпті. Қырғыз рубасылары арасында өткен керуендерді тонау тұрақты дағдыға айналған, олар ежелгі дәстүр мен құқыққа негізделген өздерінше «заңды» тонау жүргізеді. Бұл дәстүр мен құқық: 1) керуен қырғыз рубасысының ұлыстарынан өткен кезде зекет төлеуге міндетті (қоқандықтар бұл құқықты жойып, қазір ол тонаушылық болып есептеледі); 2) алаңсыз өткендері үшін төлем төлеулері тиіс; 3) рубасының беделі мен күштілігіне қарай тарту берулері тиіс; 4) беделді рубасылардың ауылдарын аттап

өтпей, олардың ауылына түсіп қонақжайлықтарын /186б/ қабылдаулары тиіс. Бұл дәстүрлердің екінші және үшінші тармақтарына қоқандықтар тиым салғанымен, ол үшін аса қудаламайды да, ал төртінші тармағы құқықтық дәрежесін сақтап, оны қоқандықтар да мойындаған. Қонаққа түсу дегеніміз кешкі асқа бір-екі арық қой жеп, келесі күні "қонақжайлықтары" үшін сыйлық беру керек, ал сыйлықтар қожайын – рубасының дәрежесіне (әрбір қырғыз рубасысы өзін ру ішінде ең басты деп санайды) сай келмесе, керуен айыпқа ұшырайды. Мінекей, мақтаулы шығыстық қонақжайлықтың үлгісі! Бұл жағдайды жақсы білетін біздің керуенбасымыз, ортаазиялық әдептіліктің барлық түрлерін пайдалана отырып, Османның ұсынысынан бас тартты, әрі біз тек қана 10 шақырым өткен болатынбыз, күн де әлі ерте. Басқа жағдайда біздің бұлай жасауға батылымыз бармаған болар еді, ал қазір жанымызда Мамыразықтың шенеунігі еріп келе жатқандықтан, әрі қамалдан 10 шақырым ғана жер өткендіктен, қырғыздар бізге ештеңе жасай қоймас деп ойлап, еш алаңдамай жолымызбен жүре бердік. Осман жіберген келесі бір қырғыз, өз қожайынының атынан тура сол ұсынысты қайталап, бізге өз рубасысының қадірменді әулеті ерте заманнан бері өзінің қонақжайлылығымен белгілі болғанын және де осы қасиетті атағымен мақтанатынын айтты. Керуенбасы тағы да майда тіл, сұлу тіркестермен Османға алғысын айтып, біз үшін әр сағаттың қымбат екенін, әрі осындай ерте уақытта тоқтаған керуеннің жоспарына енбейтінін түсіндіріп, сөзінің соңында Османның ата-бабаларының атақ-даңқы туралы біршама мадақтаулар, Османның өзінің ержүректігі мен қадір-қасиеті туралы да мақтау сөздер айтты. Керуенбасы өзінің қызылтілділігіне сеніп, енді қырғыздар бізді жайымызға қалдырады деп сендірді, алайда ол қырғыздарды терең білмеген екен. Бірнеше минут өткені сол еді, бір ауылдан боза ішіп мас болған қырғыздар тобыры шығып, кесе көлденеңдеп керуенге қарай шауып, боқтық пен қорқыту арқылы бізді ауылға қарай бұрылуға мәжбүрледі. Осман қатты қапаланып, өз әулетінің ежелден келе жатқан құқығын бұзғанымыз үшін айып ретінде, әр шатырдан бір жамбы күміс талап етті. Біздің қоқандығымыз Османға өзі барғанымен, ештеңе істей алмады. Біздің кіслеріміздің бірі қырғыздардың сөздерінен Асанбайдың Османмен келісімде істеп отырғанын байқапты. /189б/ Бұл бізге шындыққа жақын көрінді. Біз қырғыздарды жайына қалдырып, өз әскеріміздің қыса бастадық. Керуенбасы оған Османға өз еркімен ештеңе бермейтінін, ханға Құртқа иелігіне арызданатынын жариялап, сөзіне ісін сай қылып, біздің бір жолдасымызға Қашғар ақсақалына арыз-хат апаруға дайындалуын бұйырды. Біздің қоқандығымыз осыдан кейін ғана біздің жағымызға шығып, ісіміз оңала бастады. Біздің бағымызға орай кешкісін Османды

қамалға шақырған солдат келді. Осының бәрі ақыр аяғында Османның бізден 25 күміс сомнан аспайтын сомада сыйлық алуымен бітті, соған қарамастан ол қамалға аттанар алдында біздің керуенге келіп, өзінің Қоқан ханынан қорықпайтынын, бірақ Мамыразыққа қарсы келгісі келмейтінін, өйткені ол оның туысқаны және де керек адам екенін, ал оның керуенді тонамағынына, біз Мамыразыққа міндетті екенімізді айтып түсіндіріп кетті. Ол өз сөзін "Жолдарыңды Құдай қолдасын және де мені мен менің туысқаным Мамыразықтың атағының ұзақ болуын Құдайдан тілеңдер!" – деп сөзін аяқтады.

Келесі күні, күн шыға, біз лагерден аттанып, тездетіп отырып екі күн жүрдік. Үшінші күні, Османға қарсылас, *саяқтардың* жерлеріне, одан соң рубасылары Найман біздің керуенде келе жатқан *бүгылардың* ұлысына жеттік. Найман біздің жанымызда болғанымен, біз қонақжайлық дәстүрді бұзбауға шешіп, 26-нда Найманның туысқаны – Тобылдының ауылына түстік, оның үстіне, бұл /190а/ рубасы батыр атағымен танымал. Тобылды – отыздар шамасындағы жас жігіт, соған қарамай барлық *бүгы* руларын өз қоластына алуға тырысатыны көрініп тұр. Ол да Осман сияқты шабуыл мен жауларын қудалауға әрдайым дайын жігіттер ұстайды. Бұл қырғыз екі жыл бойы Мамыразықпен араздықта болып, оған зекет төлемеген, Тарағайға көшіп кеткен, өзі айтқандай, тіпті орыстардың қоластына кірмек үшін Верный қамалына кетпекші болған. Жалпы алғанда тыныштық *бүгылар* орыс қоластына кіру туралы көп сөз қозғап, жиі сұрастырады, ыстықкөлдік туысқандарының үлгісіне еруге де дайын, тек оңтайы болмай тұрған секілді. Мамыразық бұл *бүгылықтардың* қадірін біледі, олар оның иелігіндегі басқа қырғыздарға қарағанда өте бай. Түнде ауылда дабыл қағылды. *Чириктер* көрші ауылдан бірнеше жүз жылқыларды қуып кетіпті. Тобылды өз жігіттерімен жаңа ізбен қуғынға шықты, кейіннен білгеніміздей, қарақшыларды қуып жетіп, жылқыны қайтарып алыпты, бірнеше кісіні тұтқынға алып, өзі *чириктерге* шапқыншылық жасауға аттаныпты. /190б/ Найманның ауылы жолдан 8 шақырым қиыста жатқан еді, сонда да біз оның ауылына барып оның үйіне жақын жерде шатырларымызды тіктік.

Бүгылардың ұлысы Құртқа иелігіне жататын қырғыздар жерінің ең шеті болатын, сондықтан біздің қоқандығымыз осы жерде қалуы тиіс еді. Бұл жерден ары қарай елсіз аймақ, яғни барымташылардың еркін кезетін жерлері. Найман бізді Ыстық көлге дейін шығарып салуға ұсыныс жасап, осы қызметі үшін бізден 120 сом көлеміндегі сыйлықтар сұрады. Біз Құртқа уезінің қырғыздарының соңымыздан түсуінен қауіптенген едік, сондықтан оның ұсынысын қуана қабыл алдық. Жол бойы өзін өте қарапайым ұстаған Найман, өз ауылында көкірегін көтеріп, маңызды бола қалды; ол бізді сол

жерде 29-на дейін тоқтауға мәжбүр етті, өйткені 27 мен 28-нші күндер сапарға шығуға қолайсыз деп саналады. Бізден қызметіне 30 сом алған Асанбай, өз қалауымен, соңғы рет кешкі асқа жақсы палау жеу үшін бізбен бірге тағы бір асу асты.

Найман ауылынан 9 шақырым шыққанан соң, /191а/ біз Үлкен мен Кіші Нарынның қосылған жеріне келдік (Кіші Нарын оң жақтан келіп құяды). Осы арадан бастап жер бедері өзгеше. Құртқадан бұл екі өзеннің қосылған жеріне дейін, менің шамалауым бойынша, 150 шақырым. Бұл кеңістікте Нарын алқабының көлденеңі 5 тен 2 шақырымға дейін, жол тегіс те ыңғайлы, әсіресе сол жағасында. Сол жағалау бойымен жүретін жолда, тек бір жерде, Тобылды ауылының тұсында, Текесенгір көлденең мүйісі бар; ал оң жағалауда көпірден (оны қытайлар салған және ауылдан төмен қарай 27 шақырымда орналасқан) жоғары қарай көптеген аласа асулар мен сайлар бар. Су тасқынынан қауіптеніп, біз көпірдің тұсында Нарынның оң жағына суды кешіп өттік. Нарынның оң және сол жағынан шатқал түзетін көптеген өзендер келіп құяды.

Оң жағынан құятын өзендердің ішіндегі елеулісі Онарша (Құртқадан 50 шақырым жоғарыда), өз сағаларымен екі өткел жасаған, оның бірі Қошқарға құятын Жуанарық, ал екіншісі Улаққөл мен Алабаш арқылы Ыстық көлге құяды. Сол жағынан Нарын Атбаш пен Сарқырама (Шаркрама) қабылдайды. Өзеннің оң және сол жағынан жүріп отырған таулар шырша ормандарымен жабылған және аңға толы. Өзен жағалауын бүрген, емен, тал мен шілік өскен орман көмкерген; Атбаштың құятын жерінен жоғарырақта өсімдіктер сирей бастайды, ал көпірден асқан соң тіпті өсімдік жоқ. Кіші Нарынның қосылған жерінен өзен жартасты жағалау жамылған, жер бедері жоғарылады, өйткені Тянь-Шаньның тек биік алпілік аумағында ғана өсетін шырша мен қара арша бұл өзеннің тура жағасында өскен. Кіші Нарынның құйған тұсынан Тарағай үстіртіне дейінгі Нарынның ағысын қырғыздар Қапшағай (жартасты)*[72] деп атайды. Бұл таулы жерлер, өзендер биіктен құлайды және ағысы қатты. Жол алдымен оң жағалаумен жүріп отырып, кейін сол жағасына ауысады; асу мен сайлар жиі кездесіп, жүк тиеген малдың ығырын шығарды; тағы қауіпті беткейлер мен тар сүрлеулер бар, кей жерлерде жолды жартастың қалдықтары басқан. Қапшағай тік тау кертпешімен көтеріліп, айтарлықтай биікке кетеді. Таудың солтүстік-шығыс /192а/ беткейінде әлі қар жатыр, ал оңтүстік-шығыс жағы алпі суырларының інімен шұрық-тесік. Өзеннің кей жерлерін мүз басқан. Тау жайылымға бай, жаздың күні *бұғылардың* жайлауы

*[72] Дұрысы: жартасты тар шатқал.

болады. Үш күн бойы (шамамен 70 шақырым) біз жүріске қиыншылықты таулармен көтерілдік; содан соң жол аздап оңтайлы бола бастады, алаб кеңейіп, тегістелді; өзеннің ағысы сондай қатты емес, өте терең емес, маңайдағы таулары тақыр. **2 сәуірде** керуен Тарағай үстіртіне шықты. Күн суық болып, қар жауып, солтүстік-шығыстан қатты жел соғып тұрды. Жетімасу тауларында қоналғыға тоқтадық, тура осының алдында өткенде тоқтаған жерімізде. Осы жерден керуен бұрынғы өткен, осыған дейін сипаттап кеткен жолмен жүрді. Жетімасуда қар жатты, Зауқыда қар азырақ болды. Зауқы шатқалының солтүстік беткейіне түскенде біз көктемнің нағыз өзін көрдік; зерек пен итмұрын түптері бүршік атып, алаңқайлар ашық жасыл көк кілем жамылған.

Қашғардан Зауқыға дейін біз 23 асудан өтіп, шамамен 530 шақырым жүрдік. Құртқаға /192б/ біз 10 көш (250 шақырым) жүріп жеттік, Құртқадан Қапшағайға дейін шамамен 150 шақырым, тақыр даламен 70 шақырым жүрдік, одан ары Зауқыға дейін шамамен 60 шақырым өттік.

Қашғардан Ыстық көлге дейін барлығы, біздің пайымдауымызша, 580 шақырым. 30-нда біз Құртқаға бара жатқан кіші керуенді кездестіріп, олардан Ыстық көлде *сарыбағыштардың* көшіп жүргендерін білдік. Бұл бізге жағымсыз хабар еді. Бұны естіген Найман, өзінің бұрындары берген уәдесіне қарамай, Тарағайдан ары барудан бас тартты, бізге Орман немесе Төрегелдіге кісі жіберіп, олардан бізді өз қанатының астына алуын сұраңдар деп кеңес берді. Орман, Төрегелді мен Жантай – *сарыбағыштар* руы ішіндегі үш беделді рубасылар; соңғы екеуі осы кезде Ыстық көлде көшіп жүрген. Қырғыз ауылдары арқылы өткенде керуен міндетті түрде бір беделді рубасының қамқорында болуы тиіс, өйтпеген күнде кездескен әр ауыл тоқтатып, тарту сұрап, қонақжайлық құқықтарын талап етеді. Найманның жолдасы, аздаған сыйлық үшін, /193а/ біздің хатымызды жолымызда ауылы кездесетін жоғарыда аталған рубасылардың біріне жеткізбекші болды.

Керуен Зауқы шатқалынан шыққан кезде, бізді қарсы алуға жіберген Төрегелдінің ұлы мен бауыры қарсы кездесті. Менің қатты таңқалғаным, бұл қырғыздар керуенде менің барлығым туралы біледі екен, және олардың бірінші сұрағы мен туралы болды. Оларға біздің керуенде ондай кісі жоқ деп жауап берілді, бірақ Верныйда мені көрген *сарыбағыштардың* бірі мені көрсетіп қойды. Төрегелді қырғыздардың ішіндегі ең дөкірі екен, керуенді өз тайпаластарының ішінде ең қыстаған сол болды. Ол 300 сомға сыйлық алды, және де өте дөрекі түрде алды; егер оған біреудің шапаны ұнаса, ол "Әй, шапаныңды шеш те бізге бер" – дейді. Ылғи керуенді тонап, мені Қоқанға жіберемін деп қоқан-лоққы жасады. Осылай ол бізді ауылында бірнеше күн ұстап, жібергісі келмеді. Біздің

бақытымызға орай, Ыстық көлге керуенді қарсы алуға жіберілген отряд келді, Төрегелді /193б/ қоқандықтар мен Жантаймен қырғиқабақ болғандықтан, орыстардан қатты қорқатын, сондықтан оған өз еркімен бізді жіберуге тура келді. Керуенге жасаған өзінің қыспағын жуып-шаю үшін ол, қоштасарда керуенбасы мен маған бір-бір ат сыйлады.

1859 жылдың **12 сәуірінде** Верный қамалына келдім. Менің бұл сапарым 1858 жылдың 28 шілдесінен 1859 жылдың 12 сәуіріне дейін 10 ай 14 күнге созылды.

Қашғарда біз шамамен 5 ай тұрдық, 1 қазаннан 13 наурызға дейін. Біздің керуеннің жүргізген саудасы бұл қалада жалпы алғанда қанағаттанарлық болды. Керуенбасының маған айтқан есебінен, керуен жиналған кезде 19 мың күміс ақшаның тауары болған. Ұлы жүз бен Қара Ордада 3026 қойға тауар сатылып (оның ішінде екі жылдық сектерді санағанда); бұл қойлар мен қалған тауар Қашғарда 4068½ қоқандық алтынға*[73] сатылды. Біздің тауарларымыздың тез сатылып, әсіресе күміс /194а/ пен алтынға сатылуын, ерекше оңтайлы жағдай деп түсіну қажет. 1857 жылғы көтерілістен кейін Қашғар мен Қоқанның қарым-қатынасы үзілген болатын, біздің керуеніміз осындай үлкен сомаға тауар әкелген керуендердің біріншісі болды. Әсіресе қойлар өте үстеме пайдаға сатылды: жамбысына 63 тен; әр қой ½ алтыннан артық түрды. Артық шыққан шығындар мен көбіне зорлықпен алынған тартулар, ақыры, керуеннің жүк малының жетіспеушілігінен көп тауар алып шыға алмағандықтан, біздің ойымызша, керуен Қашғар базарының саудасынан түсетін пайданы толық пайдалана алмады. Керуеннің шығындары: Қашғарда зекетке 622 сом 50 тиын, Құртқада – 360 сом, 1302 сомға тартулар берілді. Керуеннің үлкен шығындарының бірі қызметшілер мен жүк малын ұстау болды. Қоқандықтар мен басқа халықтар, жолдың ыңғайлығына байланысты өз тауарын жалдамалылармен жіберіп, бір ғана қызметші ұстайды, ал біздің керуенімізде қырғыздардан 32 қызметші, /194б/ көп түйе мен жылқы болды. Қызметшілер көтерме бағамен жалданған еді, сондықтан киім мен жалақысына 1036 сом 13 тиын алды. Қашғарда малды ұстап, бағу да өте қымбат. Тебіндейтін жем-шөптің тапшылығынан мал жыл бойы кептірілген шөп жейді, ал біздің керуеніміздің титықтаған жылқылары мен түйелерін қондандыру үшін көбірек жемдеуге тура келді. Күнделікті шай-су да қымбат. Осылайша, керуен тамақ, қонақасы, малдың жем-шөбі мен т.б. 4067 сом жұмсады.

Жолдың алыстығы мен ауырлығы себепті керуен Қашғарға

*[73] Әрбір алтын ақша 1 алтын 10 бөлік тартады, Қашғарда ол біздің ақшамен орташа есеппен 3 сом 70 тиынға жүреді. (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

дейінгі жолда 60 түйе мен 8 жылқыдан айрылды. Жүк малының жетіспеушілігі, керуеннің пайдалы болатынына қарамай, Қашғардан *дабы* (көбіне көк түсті қытай мақта матасы) алып шыға алмауының себебі болды. Қашғардан алып шығатын негізгі тауар – шай, көбіне көк шай, ол бізде өтпейді; ал негізгі жергілікті қолөнерден: *дабы*, мақта мата, жібек көп жүк малын талап етеді де /195а/ құлаған малдың шығынын өтемейді. Сондықтан керуен 11 жәшік шай, дабы мен қоқандық жартылай жібек маталары мен *машрадан*[*74] барлығы тек қана 14051 сом 75 тиынға алып шығып, 11 түйе сатып алуға мәжбүр болды. Кейбіреулер күміс алып шықты. Қашғардан біздің керуен 27 жамбы алып шықты. Осынау шығындарды есептегенде, біздің ойымызша, керуен өз айналымына өте разы емес, тым болмағанда, жағдай басқаша болғанда түсіруге болатын пайданы түсіре алмады. Менің керуенде болуым олардың қолын байлады деп ойлаймын. Олар қоқандықтардың бұл керуенді жіберудегі орыс үкіметінің қатысын біліп қалуынан қауіптеніп, әдетте тарту бермейтін жерде тарту беріп, немесе басқа керуендерден артық беріп отырды. Қашғарда барлық саудагерлер оларға Қоқан арқылы жүріп, бар сомаға тауар әкетуге кеңес берген еді, өйткені Қашғардан Қоқан мен Ташкент арқылы Семейге дейін жүк малын өте арзанға жалдауға болады. Бұл пайдалы жағы басым түрған жолдан, Қоқан мен Ташкентте мені танып қоюларынан қауіптенді, өздері Қоқан ханының азаматтары ретінде, /195б/ өмірлерінен айрылар еді. Осы себепті керуен салықтан босату туралы үкіметтің берген жеңілдігін де пайдалана алмады, олар әкелген 11 жәшік шайдан салық алынды.

Маған келер болсақ, Қашғарда болған уақытымызда бұл өлке туралы барынша нақты мәліметтер жинауға тырыстым, әсіресе Кіші Бұхарияның саяси жағдайы туралы, ол үшін барлық ұлттардың, ұлыстардың және партиялардың өкілдерімен таныстым, бірінен алынған мәліметті екіншісінің сөзімен салыстырдым; оның үстіне мен бірнеше қожалар билігі заманы туралы тарихи кітап[46] сатып ала алдым, кейбір ғұлама *ахундармен*[47] жақсы қарым-қатынаста болдым. Мен жоңғар билігі мен елдің Қытай қол астына түсуіне дейінгі уақыттағы қожалардың ықпалы туралы мәліметтерді осы кітаптардан алдым. 1825 жылдан бергі болған көтерілістер туралы мәліметтерді сенуге тұратын адамдардан: "*газатқа*" тура өздері қатысқан және әжептәуір беделді қызметтерде болған қоқандықтардан және /196а/ осы төңкерістердің куәгері болған Қашғар *ахундарынан* алынды.

Қашғар ақсақалы Нұрмағамбет датқаның өзі қожалардың отанына тәуелсіздік әперу үшін үйымдастырған шараларына

---

*74 *Машра* – хотандық жартылай жібек қалың мата.

белсенді қатысқан. Бізді Құртқаға бастап барған жолбасшымыз, Тохтар жасауыл, сібір қырғыздарынан шыққан, 1857 жылы қожаларда сарай күзетінің басшысы болған, кейін Яркендті қоршағанда жеке отрядты басқарған. Тохтар қазір ұлғайған, соған қарамай қожалардың ісіне қатты берілген, 1825 жылдан 1857 жылға дейінгі болған барлық көтерілістерге қатысып отырған және де болашақта болатын көтерілістерге қатысудан да бас тартпайды. Мен тағы бір қыпшақпен таныс болдым, ол қожа Уәлихан төренің көтерген соңғы көтерілісінде сарайда *удайшы* деген қызмет атқарған. Ал қожалардың Қоқандағы маңызы мен, олардың Қоқан және Қашғар халықтарына қатысы туралы, және олардың әулеттік қарым-қатынастары туралы барлық мәліметті, мен маргеландық саудагер Найманбайдан алдым, оның әпкесі Каттахан қожаға күйеуге шыққан және оның гаремінде бәйбіше болады. /196б/ Алты шахар жерлері мен жергілікті түрғындар туралы мәліметтер қашғарлық *бектер*[48], *шайхтар**[75], *ахундар* мен "менің қашғарлық туысқандарымнан", бұл істің білгірлерінен алынды. Қоқандықтармен болған тығыз да үзіліссіз қарым-қатынастардың арқасында, мен бұл хандықтың жағдайы туралы, әсіресе Хұдайар[49] ханның құлауына алып келген соңғы оқиғалар жайында көп құнды мәліметтер алдым.

Мен жинаған жағрафиялық мәліметтер, жол бедері (маршрут), қазірге дейін жинақталған зерттеулермен байланысты маңызы бар, және де дерек көздерімен алдын ала танысуды талап етеді, сондықтан оларды, Қоқан туралы мәліметтермен қоса, жеке мақаланың өзегі ретінде қалдырып отырмын, ал енді Алтышаһар, немесе Шығыс Түркістанның Алты батыс қалалары туралы жазбаларымды қосып отырмын. Жазбаны мен 5 бөлімге бөлдім. Ұзаққа созылған ауру бұл жазбаны толықтай өңдеп шығуыма мүмкіндік бермеді, дегенмен ол бұрын-соңды белгісіз мәліметтерді қамтыған.

---

*[75] Шайх — ақсақал, үстаз, мұсылмандық діни қоғамның басшысы.

[ҚАШҒАР КҮНДЕЛІГІНЕН ҮЗІНДІ][50]

/5а/ 1. Қарқара өзенінен Қызылқия өткеліне дейін.

Жол тамаша жайлау түріндегі теп-тегіс жерлермен өтеді. Керуен таулы қырат Санташ өткелінен өтті, Төп өзенінен кесіп өтті. Бұл өзеннің жағалауында терек, тал, шетен, бүрген ормандары өскен, ал тау үстін самырсын ормандары басқан. Өткелден кейін Төп пен Жырғалаң өзендерінің ағыстарын бөлетін Тасма таулары басталады. Қызылқия асуының төбесінде қондық. Санташ пен Қызылқия тауларында қалың алпілік өсімдіктер өскен.

2. Жырғалаң өзені.

Қызылқияны өткен соң – аласа әрі ыңғайлы асу, керуен Жырғалаң алқабына шығып, осы өзеннің ағысымен төмен қарай жүрді. Жол тау арасынан шыққан соң теп-тегіс те кең алабты басып отырады.

/5б/ Бұл өзен жағалауының маңында тамаша жайылымдық жерлер көп.

3. Қаракөл.

Бұл жерлер теп-тегіс, жолдың екі жағында да қара қырғыздардың *белек* және *салмеке* руларының шабындықтары жатыр. Қаракөл өзенінің жағасына, қырғыз ауылына жақын жерде түнедік. Қоналғыда зерек, бүрген мен мойыл көп, өзен жағасының шөбі шүйгін екен.

4. Жетіоғыз.

Жол тегіс алабты басып отырды, оң жағымызда Бөрібас төбесін қалдырдық.

/1а/ ВЕРНЫЙ БЕКІНІСІНЕН: ТҮРФАН, АҚСУ, ҚАШҒАР, ЯРКЕНД, ХОТАН ҚАЛАЛАРЫНА ДЕЙІНГІ КЕРУЕН ЖОЛДАРЫНЫҢ СИПАТЫ*[76]

Іле Алатауы алабынан Ыстық көл арқылы өтетін жолдарды керуен және көшпе жолдар деп екіге бөлуге болады. Іле алабынан Қашғарға қарай және сол жақта жатқан басқа да Қытай аймақтарына шыққан керуен жолдары тек үш тау өткелі арқылы жатыр: Санташ, Тобылғоты және Саты.

Бірінші жол Түрген (Асу)*[77] өзенінің шыңдары арқылы жатыр, оған көтерілер жол қиын болғанымен, түйелер өте алады; Бұл өзеннің басынан жол шығысқа қарай бастайды, Қызыл-Ауыз тауынан қиыншылықсыз өтіп, Жіңішке өзенімен төмен кетеді, онан соң Шелек өзені бойымен жоғарылап, Саты өткеліне қарай бағыттайды, әжептәуір қиыншылықты, содан соң сол аттас өзен бойымен Ыстық көлге тіреледі, Қарабатпақ өзені арқылы *сарыбағыштардың* атақты Жантай ұлы Исабектің моласы түсынан Төп өзенін кешіп өтіп, одан ары, Тасманың төбелерінен өтіп /1б/ Тибке өткелінің жанында Жырғалаң өзеніне жетеді; бұл жерден Қаракөлге қарай бет алады, ол жерде қоқандық қамал болған, Рлық пен Шелпек өзендерін кесіп, содан соң Жетіоғыз бен Қызылсу өзендерінен өтіп, Зауқы өзеніне маңдай тірейді.

Екінші жол – Асу жолы да Жіңішке өзеніне дейін жоғарыдағыдай келіп, одан кейін оңтүстік-шығысқа бұрылады, Тобылғоты таулы өткеліне бара жатып: алдымен Өсербай шатқалында кешіп өтуге ыңғайлы Шелек өзенінін кесіп өтеді, бұл жерден жазыққа түсіп, ол арқылы Жалаңаш және Қарабұлақ бұлақтары арқылы өтеді, Үш-Мерке өзені арқылы жолға шығады; осы өзендердің соңғысынан оңтүстік-батысқа бұрылып, оның бойымен Тобылғоты өткелінің басына көтеріледі. Өткелдің өзі түйелерге ауыр емес, бірақ арба өте алмайды; таудан өткеннен соң, керуен осы өзен бойымен төмен түседі де осы өзеннің сағасы Сарытолағай шатқалына дейін жүреді, одан Төп өзеніне, оны Тоқтажан арқылы кешіп өтіп, Тасма арқылы жүріп, Жырғалаң өзені арқылы жоғарыда айтылған Тибке өткелі арқылы Зауқыға қарай сол жолмен жүреді.

/2а/ *Үшінші жол* Іле алабынан Сөгеті, Торайғыр өткелдері арқы-

*[76] Аудармашы А.И. Бардашевтің жазбаларынан. (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

*[77] Асу (Асы) – Іле Алатауы тауларындағы тау жайлауы.

лы жүріп, жоғарыда айтылған біздің отряд Ыстық көлге қарай жүрген жолмен жүреді. Санташ таулы өткелінің ортасына жеткенде, осы өткелге атын берген сол тас төбе түрған түста, жол Төп өзенін кесіп өтіп Тасма тауының солтүстік қия беткейлерімен Қызылқия тау өткеліне бағытталады, сол арқылы Жырғалаң өзеніне жетіп, осы өзен бойымен төмен түсіп, Ыстық көлге құятын ағысы түсында, сол жерде Жырғалаңмен бұған оңтүстік жақтан құятын Ақсу өзенінің сағасына қосылады, суды кешіп өтіп, жол аздап жоғарыға, тауларға қарай көтеріліп, Қаракөл өзеніне беттейді, ол жерде Саты мен Тобылғоты өткелдерінен келетін жолдармен қосылады да Зауқыға кетеді. Бұл жолдар өте көп қиналмай арбамен жүруге ыңғайлы.

Төртінші жол Іле алабынан Сөгеті мен Бұғыты тауларының арасынан өтіп, оңтүстік-шығысқа бұрылады да Темірлік пен Куулық таулары арасында жатқан жазық арқылы өтеді, ол жерде арбамен өтуге аздап ыңғайсыздық тудыратын екі терең сай бар: Сарытоғай және Темірлік өзендері арқылы; оларды өткеннен соң, /2б/ жол Кеген өзеніне, Қарқара өзенінің сағасына қарай беттеп, отрядтың Санташқа жүрген жолымен бағыт алып отырады, одан Қызылқия арқылы Зауқы өзеніне дейін кетеді.

Түрфанға баратын жол Теріскейден тар тау өткелімен өтеді: 1) Түрген-Ақсу, 2) Зауқы, 3) Қашқаасу және 4) Жуукучак.

Бірінші жол Түрген-Ақсу арқылы – керуендер осы өзен шатқалымен Қырғыз-Алатау аталатын жонды өтеді, бұл [жол] арқылы түйелерге өту қиын емес, ал арбаны өткізуге болады, бірақ көптеген қиындықтармен. Қызылүңгірдегі Боранбай мен Орманнан Түрфанға дейінгі керуен жолы күнделікті өткен жолды 25 шақырымнан есептегенде 8 күн алады, яғни 180-200 шақырым (атты жүріспен 3 күн) кеңістікті құрайды.

Екінші жол Зауқы арқылы, осы өзен бойымен жоғары қарай, бірақ өткел түйелерге аса ыңғайлы емес.

Үшінші тау өткелі Қашқаашу өткелі арқылы жүреді; ол ең ыңғайлы жол, сондықтан онымен көбіне керуендер жүреді.

Төртінші – Жуукучак өткелі арқылы, бұл алдында айтылғандарға қарағанда қиынырақ; соңғы үш өткел бір-біріне жақын жатыр.

Жоғарыда айтылған өткелдер арқылы өткеннен соң, керуендер Жакташ шатқалының жалпақ шыңында қоналғыға тоқтайды. /3а/ Жол осы шатқалға дейін тасты, тік те күрделі; бұл жерден керуендер шырша ормандары жапқан Чиб өзеніне барады; жол тасты, әрі екі өткелдің екеуі де биік тау арқылы өтетін өткелдер; су мен шөп мол; Чиб өзенінен үшінші өткел, Ақбел тауының оңтүстік беткейінде ағатын, Қарасай өзені шатқалына апаратын соңғы өткелмен аяқталады. Бұл жерде осы тарапқа беттейтін барлық жолдар қосылып, тағы екіге бөлінеді: бір жол шығысқа қарай Түрфан қаласына, екіншісі – батысқа қарай Қашғарға беттейді; солға қарай шығысқа бұрылып, тегіс те қолайлы жол Иштық шатқалын бетке алады, ол жерде керуендердің қонатын орны бар; шөбі шүйгін әрі мол; су көп.

Бұл қоналғыдан ары қарайғы жол Келінтайғақ шатқалындағы

қоналғыға дейінгі үлкен кеңістік тағы таулы жерлермен өтеді, ол жерде сол аттас тағы тау өткелі бар; барлық өткелдер таулы. Келінтайғақтан ары қарайғы жолда су мол болғанымен, мал жайылатын шөп жоқ; ол сүрлеу жол болып созылып, тас жапқан; бұл өткел түйе мен жылқыға қиын тиеді; жол бойы керуендер Бедел тауынан сол аттас тау өткелі арқылы өтіп, сол өткелдің үстінде қоналғыға тоқтайды; бұл жерден Жамансу өзені шатқалымен шыға берісте Қытай қарауылы /3б/ Барчан орналасқан, ол арқылы керуендер қытайлықтарға өз билеттерін көрсетіп, салық ретінде қоймен сыйлық беріп рұқсат алады да, осы қарауылдан көрініп түрған Түрфанға тура жүреді.

Ушур өзенінен бастап барлық жол тасты, таулы және өте күрделі; тағаланбаған жылқы Түрфанға түяқсыз келеді. Бұл керуен жолымен қатынас жылдың қай мезгілінде болса да толастамайды, өйткені тау өткелдеріндегі қар жүргіншіге кедергі болмайды. Бұл жолмен ірі әскерлердің жүруі мүмкін емес, әсіресе артиллерияға, өйткені асулар мен сайлар олардың өтуіне тіпті мүмкіндік бермейді.

Түрфан қаласының 1½ мың үйлері бар, қытайлықтар мекен еткен, олар гарнизонға жергілікті адамдарды алмайды, жыл сайын ауысып отыратын 1500 адамнан аспайтын отрядтар келеді; қала өте үлкен емес, жеміс бақтарымен көмкерілген үйлер саздан түрғызылған. Мұсылмандар мен келіп-кетуші саудагерлер үшін қытай қарауылынан біраз қашықтықта орналасқан керуен-сарайы бар махалла түрғызылған.

Түрфан саудасы саудагерлердің айтуынша, айтарлықтай маңызды; әкелінетін тауар негізінен қойлар, жамбы, шығыс маталары мен Ташкент пен Қоқан және басқа қалаларда жасалынған мануфактурлық өнімдерден түрады; /4а/ Қытай үкіметінен жасырып бұхарлықтар мен қоқандықтар опиум алып шығады, онымен сауда жасауға тиым салынған, және де егер сату немесе сатып алу кезінде ұсталып қалса қатаң да көлемді ақшалай айыппұл салынады. Бұл жақтан алынатын тауар: Қоқан мен Бұхара кірпіш шай, жібек маталар, күріш, бөз, тері, алтынмен, күміспен көмкерілген маталар (қамқа), канфы, манлық және т.б. Бұл тауар Түрфанға Ақсу мен Қашғардан әкелінеді. Ауыр заттарды тасу үшін саудагерлер кейде қырғыздардан түйелер мен жылқыларды жалға алады, ал оның ай сайынғы ақысы керуенбасымен таныстық немесе қожайынның тілегі арқылы өлшенеді, жалпы алғанда түйе үшін айына кемінде 10 қой сұрайды, ал жылқы үшін жетіден кем емес.

Түрфан батысынан Көкшал өзені құятын осы аттас өзен бойында түр және оның орталығы осы өзеннің сағасында орналасқан.

Түрфанға баратын жол бойы қара қырғыздардың бірде-бір тайпасы көшіп жүрмейді, бірақ анда-санда қаңғырып жүрген қырғыздар кездесіп қалады, олар керуен адамының саны біраз көбірек болғандықтан, және де азды-көпті қаруланғандықтан керуендерге тиісе қоймайды.

Түрфандағы мұсылман махалласында /4б/ өте үлкен емес көп

мешіт бар; көшелері тар, үйлеріне дүкен орналастырған. Осы аулада қытай кедені де орналасқан және сауда мәселесі бойынша приставтың шенеуніктері де осында. Керуен-сарайға келген әрбір керуен келе салысымен өз малы мен тауарын көрсетуі тиіс, шенеунік оларға таңба басып, ешқандай салық талап етпейді, керуенбасылар оған шамалы сыйлық ұсынады, керісінше мұсылман бектері өздері ойлап шығарған Пайғамбардың заңына негіздеп керуеннен заңсыз салық алады. Олар 40-тан бірін, түйеден басқа; әрбір түйе мен жылқы жүгінен тауардың құндылығына қарай есептейді. Матадан алынатын салық ақшамен есептеледі, біздің ақшамен санағанда әрбір жүз сомнан бірін, тауардың құндылығына қарай; бірақ тауардың шын құндылығына қарай салық алу өте сирек болады, өйткені саудагерлер тауарының құнын 10 есе азайтып көрсетеді.

Қашғарға баратын жол. Қызылүңгір өзенінен [ол] Түрфанға баратын жол жатқан жерде, бірақ Қарасай шатқалынан ол Түрфан жолынан, жоғарыда ескерткеніміздей, оңға қарай батысқа бұрылады. Зауқы өзенінен Қашғарға дейін керуен жолы 18 күндік, күніне 25 шақырым деп есептесек, /5а/ шамамен 450 шақырымды құрайды. Батысқа бұрылып, жол Жалдықара шатқалына барады, ол жерде керуен қоналғысы бар; жол өткел бойы түтас таулы жерде.

Екінші өткел де осы сияқты қиын да таулы, тау арқылы өтетін бірнеше асулары бар, ең қиыны Шахрқорым тауы арқылы; осы аттас асудың бергі жағында керуендердің екінші қоналғысы бар.

Үшінші өткел 30 шақырым жерде осы аталған тау өткелімен өтеді, керуендер қоналғыға шатқалдан Келінтайғақ өзеніне шыққан жерінде тоқтайды; жол түйелер өтуіне өте қиын, тасты, қия беткейлі.

Төртінші өткел Күбергенті өзенінің шатқалында, оның атымен таулы өткел мен сол таулар да аталынады. Жол сондай тасты емес және жеңілірек; жол бойында тек екі кішігірім тау асуы кездеседі.

Бесінші өткел Қалмақ-Ошақ шатқалында, жол аздап тасты, бірақ теп-тегіс.

Алтыншы өткел Кежеге таулы асуы арқылы сол аттас тауларға өтеді, керуен тауға кірмей тұра қоналғыға тоқтайды; жол тегіс, кей жерлері тасты.

Жетінші өткел 20 шақырым жерде Кежеге таулы асуы арқылы өтеді, қоналғысы өткелдің бітер түсындаға алапта; жол тасты, бірақ түйелер өтуге боларлықтай және ыңғайлы.

Сегізінші өткел Ақсай өзені бойымен жүріп отырады, ол көлденеңінде /5б/ 100 сажын болады, су тасыған кезде [ол арқылы] өткел жоқ, керуендер бұл өзен жанында Шатыртас шатқалында қоналғыға тоқтайды; жол теп-тегіс, тасты емес.

Тоғызыншы өткел Көкқия шатқалында; жол Ақсай өзенін кешіп өтіп, сосын тағы да тастақ, көптеген тік асулары мен сайы бар таулы жерлермен жүреді; керуен асуы қиын Көкқия тауынан өткен соң, шатқалдан шыққан тұста бір кіші бұлақтың түбіне тоқтайды.

Оныншы өткел Құлдық шатқалына апарады; жол Құлдық өзені арнасымен жүріп отырады, жол өте тастақ, бірақ биік асулары жоқ;

керуендер қоналғыға Құлдық шатқалына кіреберісте тоқтайды, бұл арқылы сол аттас тау өткеліне апаратын жол жатыр.

Он бірінші өткел Ишегарт шатқалына қарай; жолды көптеген үсақ өзендер кесіп өтеді, тасты, бұралаңы көп, Ишегарт тауына қарай таулы-тасты, көптеген күрделі сайлар мен асулары бар; керуендер сол аттас өткелден өткен соң, кішкене бұлақтың жанына қоналғыға тоқтайды.

Он екінші өткел Ирбел шатқалына қарай, бұл жол да таулы-тасты, кей жерлері қия беткейлі; айтарлықтай тау асулары жоқ; керуендер қоналғыға кішігірім, бірақ өте бұралаңы көп асуды өтіп барып тоқтайды, /6а/ ол жер Ирбел аталады.

Он үшінші өткел Құрүсай шатқалында, жол аталған асудан шығатын Ирбел өзенінің жағалауында жатыр; жол өткел бойы тегіс, тастақ емес; Құрүсай шатқалына жетпей тура (Құрғақ сай) Ирбел өзені бір тастақ сайға еніп жоғалады, сондықтан керуендер қоналғыға өздерімен бірге меске құйып су алады, өйткені ол жерлерде тіптен су жоқ; бірақ, сол сусыздыққа қарамастан, шөбі шүйгін.

Он төртінші өткел Шоқтал өзенінде, жол алдыңғыдай теп-тегіс, тастақ [емес].

Он бесінші өткел Терек өзенінен, сол аттас тауға қарай, ол арқылы Терек-Ашу атты тау өткелі бар, жолдың кей тұсы тегіс болса, кей жерлері бұралаңды, ал Терек тауына өтер тұста өте таулы-тасты; асуы қиын. Керуендер тау өткеліне енбей тура қоналғыға тоқтайды.

Он алтыншы өткел өте қиын, Терек-Ашу тау асуы арқылы; керуендер күні бойы өткелден өтіп, тек кешке ғана одан шығып үлгереді, қоналғыға өткелдің шыға берісінде тоқтайды. Жолдың өне бойы ерекше таулы-тасты, әрі қия беткейлі.

Он жетінші өткел Тесіктас шатқалы арқылы; Терек-Ашу асуынан бастап тегіс болғанымен, өте тастақ, оның үстіне не малға жем-шөп жоқ, не бірде-бір бұлағы жоқ; суды /6б/ тері местерге құйып өздерімен алып жүреді.

Он сегізінші өткелмен Тесіктаста судың тапшылығы себебінен болған аз ауқатты*[78] демалыстан кейін түнде жүреді де таң атқан уақытқа дейін осындай тастақ жолмен керуен Тесіктас-қарауыл аталатын Қытай бекетіне әрең жетеді.

Бекетте әрдайым 60 адам – қытайлықтар тұрады, керуеннің не тауармен келе жатқандығы, неше адам барлығы, қанша мал т.б. туралы тексеріс жүргізу олардың міндетіне кіреді. Бұл жерде малдан салық алады, жүз бастан біреуін, ал теңдерден керуенбасымен өзара келісіммен аздаған салық төлейді. Бекет офицерінен рұқсат-билет алып, керуен бір асудан соң Қашғар қаласына жетеді, ол жерде керуен-сарайға барып, керуенге берілген билеттер мен куәліктерді көрсетуге міндетті.

Қашғарға барар жолда көшіп жүрген қара қырғыздардың *бұғы* руының *тынымсейіт*, *салмеке* және басқа да тармақтары кездеседі, На-

*[78] «аз уақытты» деген болар.

рыннан ары қарай *саяқтар* көшіп жүреді, керуен жолы Нарыннан алыс өткенімен, *саяқтар* жолда керуендерді аңдып, тонайды. Сол жерде көшіп жүрген *чирик* рулары да тонауға келгенде ешкімнен кем түспейді. Керуенбасы бұл рулардың қарақшылық шабуылының алдын алып, олардың *манаптарына* сыйлық беріп, олар керуенді шығарып салуға өз адамдарын береді, /7а/ сонда ғана керуенге жол қауіпсіз болып, алаңдамай өтуге болады.

Түрфаннан Қашғарға дейін екі жол бар: бірі Қытайдың қарауылдық жолымен, ол жол екіншісіне қарағанда қауіпсіз, [Қашғарға] түйемен 20 күнде жетеді, ал екіншісі – қара қырғыздардың *бассыз* руының жерлерімен 10 күндік жол, олардан керуендер жиі қысастық көреді. Сәуірден шілдеге дейін *бассыздар* керуен торуылдамайды, бірақ осы мезгілден күзге дейін ылғи торуылдап жүріп, тонайды; Боранбайдың мөрі басылған хат пен оның адамы еріп жүрсе ешкім тиіспейді, бірақ қай кезде де керуендердің қауіптен қашып түнімен жүретін жерлері бар.

Қашғар қаласы өзі аттас өзеннің жағасына орналасқан, мұсылмандар оны Үстен (Үстін) деп атайды. Қаланың негізгі бөлігін Қытай қорғаны құрайды, онда екі мыңнан астам гарнизон орналасқан; қамалда бау-бақшамен қоршалған жалпылай саздан салынған үйлер көп. Қала бірнеше бөліктер мен аумақтарға бөлінген; басымы қытайлықтар тұратын бір бөлігі Жаңа-Шаһар аталса; қамалдан бірнеше шақырымда жатқан бөлігі Көне-Шаһар аталады. Онда қашғарлық жергілікті халық мұсылмандар тұрады; мешіттер мен керуен-сарайлар көп, /7б/ олар қалалардың атымен төмендегідей аталған: Әндіжан-сарай, Түрфан-сарай, Қоқан-сарай, Хотан-сарай және т.б; аталған қалалардан келген керуендер өздерінің керуен-сарайларына тоқтайды. Қашғардың мұсылман тұрғындары 13 мың шамасында, ал қытайлықтар туралы тіпті шамамен санын, тұрмысын білу мүмкін емес, жалпы оларды мұсылмандардан саны жағынан кем саналады.

Бұхара мен Қоқан аумағынан Қашғарға әкелінетін тауар негізінен: бояулар, мақта мата, жібек маталар, өрік, жүзім, темір; одан басқа да тауарлар әкеледі; оның сыртында қой айдап келеді, ірі қара мен жылқы. Сауда негізінен таза сыңғырлаған орыстың, қоқанның, бұхардың алтын мен күміс ақшасына жүргізіледі, оны алу үшін барлық мал алдымен ақшаға айналдырылады. Алып кететін тауар: кірпіш шай, байха және басқа да сорттары, бірақ шай негізінен азиялық мемлекеттердің провинциялары мен қалаларына әкетіледі; қырғыздармен жүргізілетін сауда үшін: *дабы*, күріш бидайын, қытайлық жібек маталар мен т.б. сатып алынады.

/84а/ ТҮРФАН ШАһАРЫНАН ҚАШҒАРҒА ДЕЙІНГІ ЖОЛ
(Қытай азаматы Ма Тянг-шидің мәліметі бойынша)

Бірінші қоналғы. Туртан Түрфаннан 70 *ли*[*79] қашықтықтағы қытай бекеті, бұл жерде орналасқан отряд 40 адам қытайлықтардан және 50 адам қашғарлықтардан тұрады, басшысы қытайлық. Олардың бәрі бірге барлық қарауыл бекеттерінде тұрғызылған тас қамалда тұрады. Барлық қарауылдағы қытай солдаттары әрбір үш жыл сайын ауысып, бекеттерде жанұясыз тұрады. Гарнизон бұл жерде суды таудан ағып шығып, қарауылға жақын жерде құмға сіңіп кететін өзеннен алады.

Екінші қоналғы. Тугусун, Түрфаннан 80 *ли*[51] жерде, қарауылы Тортандағыдай қытайлықтар, бекетке жақын жерде түркістандық ауыл орналасқан, оның тұрғындары 500 немесе 600 адамнан аспайды. Бұл жерде де дүкендер бар және әр түрлі тауарлармен әжептәуір сауда жүргізіледі. Ауыл Туртан сияқты өзен бойына орналасқан.

Үшінші қоналғы. Субаш Тугусуннан 80 *ли* жерде, қарауыл қамалы тауда орналасқан. Суды құдықтан алып пайдаланады.

Төртінші қоналғы. Охобула Субаштан 130 *ли* жерде орналасқан қарауыл. Бұл жерден Субашқа өзен ағады да, оған жетпей құмда жоғалып кетеді. Бұл қарауыл да тауда орналасқан.

Бесінші қоналғы. Кумыш Охобуладан 140 *ли* жердегі қарауыл. Охобула мен Кумыш аралығында үш жерде нан мен таудан әкелінген су сатылады /84б/ арнайы соның үшін тұрғызылған үйлер бар. Кумыш қарауылы суды құдықтардан алады. Керуендер жол бойы осы үйлердің маңында қоналғыға тоқтайды. Су бұлақтардан алынады.

Алтыншы қоналғы. Юшуку қарауылы Кумыш қарауылынан 90 *ли* жерде орналасқан; оның жанында 5 не 6 үй жергілікті тұрғындар тұрақты өмір сүреді, олар бұнда Ақсудан көшірілген. Бұл жерде суды қазылған құдықтардан алады.

Жетінші қоналғы. Үштал Юшукудан 120 *ли* жерде, қарауыл мен оның жанында 6 не 7 үй [бар], оларда әр түкпірден көшіп келген саудагерлер тұрақты өмір сүреді. Юшуку мен Үштал арасында үш жерде нан мен жылқыларға беретін қара бұршақ сататын үйлер тұрғызылған және құдықтан алған су үшін да төлем алады. Үштал ауылы мен бекет гарнизоны бұлақтардың суын пайдаланады.

Сегізінші қоналғы. Чинг-шюй-хоза, Үшталдан 60 *ли* жерде, қарау-

---

[*79] *Ли* – ұзындық өлшемі, 0,5 шақырымға тең.

ыл мен оның жанында орналасқан түркістандықтардың 20 үйі, олар қарауыл қызметін атқару үшін 20 адам беріп тұруға міндеттелген. Солайша, бұл жердегі бекет гарнизоны 40 адамнан тұрады – 20 қытайлықтар мен 20 жергілікті тұрғындар. Бұл мекен Қара-Шәгар (Хара-Шар) қаласына ағатын өзі аттас шағын өзеннің жағасына орналасқан.

Тоғызыншы қоналғы. Шуат-хоза Чинг-шюй-хозадан 70 *ли* жерде орналасқан, қарауыл мен оның жанындағы 30 үйлік ауылдан тұрады, олар қарауыл үшін 30 адам беріп тұрады. Суды қазылған құдықтардан алады. Чинг-шюй-хоза өзені сол жағында қалады, Чинг-шюй-хоза қарауылынан 10 *ли* жерде жол /85а/ өзеннен өткел арқылы өтеді.

Оныншы қоналғы. Қара-Шәгар Шуат-хозадан 70 *ли* жерде орналасқан қытайлықтар мекен еткен үлкен қала. Қаланың маңындағы киіз үйлерде сол халықтан шыққан бір әйел билейтін қалмақтар тұрады. Бұл жерде әскер саны 500 адам және 500 дүкені бар. Бұл жерде қару-жарақ пен оқдәрі ұрасы бар. Бұл қала екі өзеннің ортасында орналасқан: 1) өте үлкен емес Чинг-шюй-хоза өзені және 2) үлкен кеме жүретін Кейду-хоза. Соңғысы арқылы Қашғар жолында бірінші асуда, Қара-Шәгардың маңайында қайықпен өту керек.

Он бірінші қоналғы. Хиучан Қара-Шәгар қаласынан 80 *ли* жерде. Қаладан 1 *ли* жерде Кейду-хоза өзенінен өтетін жер бар, су солға қарай ағады. Хиучандағы әскер саны 35 адам, оның 15-ін 15 үйде тұратын мұсылмандар құрайды. Суды бұлақтан алады.

Он екінші қоналғы. Коголе мұсылмандар мекен еткен кішігірім қала, Хиучаннан 90 *ли* жерде, оң жағындағы биік таудан ағып шығатын Шюй-дабе өзенінің бойында орналасқан. Мұнда 200 адамнан тұратын әскер бар.

Он үшінші қоналғы. Бугур Коголеден 100 *ли* жерде орналасқан қарауыл мен 200 үйден тұратын ауыл, онда егіншілікпен айналысатын мұсылмандар тұрады. Бұл жерде оң жағындағы таудан ағып шығатын өзен ағып өтеді.

Он төртінші қоналғы. Ара-Батай Бугурдан 80 *ли* жерде, қарауыл мен егіншілікпен айналысатын мұсылмандар мекен еткен 50 үйден тұратын ауыл. /85б/ Суды бұлақтардан алады.

Он бесінші қоналғы. Токан Ара-Батай мекенінен 120 *ли* жерде, қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл. Тұрғындары мұсылмандар; су бұлақтан алынады.

Он алтыншы қоналғы. Куча Токан мекенінен 70 *ли* жерде; өте үлкен қала, мұсылмандар тұратын 10000 үйден тұрады, қытай әскері бұл жерде 600 адам. Хи-шу-хоа өзені қала мен қытайлық әскерлер тұратын қамалдың ортасынан ағып өтеді. Өзен оңнан солға қарай ағады.

Он жетінші қоналғы. Янг-шюй-ку Кучадан 70 *ли* жерде; қарауыл мен мұсылмандар тұратын 30 үйден құралған ауыл. Суды бұлақтан алады.

Он сегізінші қоналғы. Яренг-ку Янг-шюй-кудан 130 *ли* жерде; қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, өзен жанында.

Он тоғызыншы қоналғы. Бяй-чин Яренг-кудан 80 *ли* жерде, қала айтарлықтай үлкен, 60000 үйден тұрады, оңнан солға қарай ағатын өзен жанында орналасқан. Бұл қаладағы әскер саны 400 адам.

Жиырмасыншы қоналғы. Яр-джю-ку Бяй-чин қаласынан 60 *ли* жерде; қарауыл мен 20 үйден тұратын ауыл, өзен жағалауында тұр.

Жиырма бірінші қоналғы. Хала-югун Яр-джю-кудан 90 *ли* жерде; қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, суды бұлақтан алады.

Жиырма екінші қоналғы. Замын Хала-югун қарауылынан 90 *ли* жерде; қарауыл мен 100 үйден тұратын ауыл, /86а/ өзен маңында.

Жиырма үшінші қоналғы. Ақсу Замыннан 90 *ли* жерде; шамамен 50000 үйі бар үлкен қала. Қаланың маңында батысқа қарай Кумбаш атты үлкен өзен ағады. Осы жерде көрсетілген жолмен өтуге болмайды. Қалада 700 адамдық әскер бар.

Жиырма төртінші қоналғы. Янгиарық, Ақсу қаласынан 40 *ли* жерде; қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, осы жаққа Қашғардан ағып келетін Қызылсу өзенінің бойында орналасқан.

Жиырма бесінші қоналғы. Яу-Али, Янгиарықтан 40 *ли* жерде; қарауыл мен 500 үйден тұратын ауыл, аталып кеткен Қызылсу өзенінің бойында.

Жиырма алтыншы қоналғы. Шисян-хан, Яу-Алидан 140 *ли* жерде; қарауыл мен 20 үйден тұратын ауыл, сол Қызылсу бойында.

Жиырма жетінші қоналғы. Шягар-танг, Шисян-ханнан 70 *ли* жерде; қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, ол да Қызылсу бойында орналасқан.

Жиырма сегізінші қоналғы. Шижи-танг (немесе Шиги-тан), Шягар-тангтан 80 *ли* жерде; қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, Қызылсу бойында.

Жиырма тоғызыншы қоналғы. Ши-танг, Шижи-тангтан 60 *ли* жерде; қарауыл мен 200 үйден тұратын ауыл, Қызылсу бойында.

Отызыншы қоналғы. Янгу-джан-тхяйдзе Ши-тангтан 80 *ли* жерде; қарауыл мен 200 үйден тұратын ауыл, сол Қызылсу бойында, ол Қашғардан ағып шығып бұрылыс жасап осы жерде тура жүретін жолға жақын келеді. Осылайша, Түрфаннан Қашғарға дейін өзен Янгу-джан-тхяйдзеден ары қарай жолдың оң жағында алыста қалады.

Отыз бірінші қоналғы. Тху-тхяй, қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, суды қазылған құдықтан алады.

Отыз екінші қоналғы. Ур-тхяй, Тху-тхяйдан 90 *ли* жерде, қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, суды қазылған құдықтан алады.

Отыз үшінші қоналғы. Сан-тхяй, Ур-тхяйдан 60 *ли* жерде, қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, суды қазылған құдықтан алады.

Отыз төртінші қоналғы. Сы-тхяй, Сан-тхяйдан 80 *ли* жерде, қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, суды қазылған құдықтан алады.

Отыз бесінші қоналғы. У-тхяй, Сы-тхяйдан 90 *ли* жерде, қарауыл мен 30 үйден тұратын ауыл, суды табиғи құдықтардан алады.

Отыз алтыншы қоналғы. Лиу-тхяй, У-тхяйдан 70 ли жерде; қарауыл мен 100 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

Отыз жетінші қоналғы. Чи-тхяй, Лиу-тхяйдан 90 ли жерде; қарауыл мен 100 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

Отыз сегізінші қоналғы. Па-тхяй, Чи-тхяйдан 80 ли жерде; қарауыл мен 70 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

/87а/ *Отыз тоғызыншы қоналғы.* Яркенд, Па-тхяйдан 90 *ли* жерде; 300000 үйден тұратын өте үлкен қала, жолдың сол жағында ағып өтетін Са-хоя өзені бойында. Қалада 1000 адамдық әскер бар.

Ма Тянг-шидің пайымдауы бойынша, Яркенд қаласы Орынбор қаласынан бес есе үлкен. Орынборда 1500 үй, ал Яркендте 30000.

Қырықыншы қоналғы. Та-лянг, Яркендтен 70 *ли* жерде; қарауыл мен 400 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

Қырық бірінші қоналғы. Тун-чан, Та-лянгтан 80 *ли* жерде; қарауыл мен 70 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

Қырық екінші қоналғы. Тир-чан, Тун-чаннан 80 ли жерде; қарауыл мен 200 үйден тұратын ауыл, суды бұлақтардан алады.

Қырық үшінші қоналғы. Тала-уба, Тир-чаннан 80 ли жерде; қарауыл мен 400 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

Қырық төртінші қоналғы. Йангсар (Йангигисар) Тала-убадан 80 *ли* жерде; жолдың сол жағында ағып жатқан Ақ-Дария өзені бойындағы үлкен қала. Қалада 300 адамдық әскер бар.

Қырық бесінші қоналғы. Пян-чо, Йангсар қаласынан 100 *ли* жерде; қарауыл мен 100 үйден тұратын ауыл, кішігірім өзен бойында.

Қырық алтыншы қоналғы. Қашғар, Пян-чодан 70 *ли* жерде; 16 мың үйі бар үлкен қала, Бұл жерден ағып шығып үлкен бұрылыс жасап Йанглыарық қарауылына дейін, одан кейін осы жерде көрсетілген жолмен Янгу-джан-тхяйдзеге дейін ағатын Қызылсу өзенінің бойында. /87б/ Қалада 1500 адамдық әскер бар.

Бұл жерде қарауыл мен ауылдардың жанындағы қоналғылар ғана көрсетілген, бірақ кейбірінің арасының қашықтығы сондай, керуендер оларды бір күнде өте алмайды, сондықтан жол бойына қоналғыға тоқтайды, осылайша Түрфаннан Қашғарға дейін 48 күн емес, 58 күндік жол болады.

АЛТЫШАР[52] НЕМЕСЕ ҚЫТАЙ ПРОВИНЦИЯСЫ НАН-ЛУДЫҢ[53] (КІШІ БҰХАРИЯ[54]) АЛТЫ ШЫҒЫСТЫҚ ҚАЛАЛАРЫНЫҢ 1858-1859 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШОЛУ

/197а/ Шығыс Түркістан үш жағынан таулармен қоршалған: солтүстігінде Тянь-Шань, батысында Болор[55] және оңтүстігінде Куен-Лун. Бұл таулар Ішкі Азияның ең биік жоталарына жатады да Қытай империясының Батыс өлкесінің табиғи шекарасы болады. Ресми шекаралық шек ретінде, тау етектерінде орналасқан бекеттер қатарын санаймыз, өйткені бұл шекараның сыртында Қоқан ханының билігін мойындайтын қырғыздар көшіп жүреді. Шығыс Түркістанның шығыс жақ шекарасы Махай және Комул Гобиінің*[80] елсіз даласымен шектеседі. Осындай шекарамен алғанда Кіші Бұхария /197б/ солтүстік ендіктің 36° мен 43° арасында және Париж меридианынан*[81] шығыстық бойлықтың 70° пен 92° арасындағы кеңістікті алып жатыр.

Шығыс Түркістан шығысазиялық таулы өлкенің орталығында жатыр. Гумбольдт[56], өсімдіктерді өңдеу тәсілдерін негізге алып, Кішібұхарлық жазықтық 1200 футтан аспайтын шектеулі биіктікте деп пайымдаған, және оны үлкен кішібұхарлық өзен Тарымголдың (басқаша атауы Эргол) атауымен Тарым төмендігі деп белгілеген, ол [Тарымгол] өз алабында Шығыс Түркістанның барлық кеңістігін алады. Расында да Кіші Бұхария ашық, жазық түріндегі терең аңғар, Эргол өзенінің ағысына қарағанда /198а/ шығысқа қарай шамалы ойысады. Бұл елдің ішкі бөлігі Янысар мен Яркенд арасында тар да төбелі тізбек түрінде басталатын құмды шөл, ол бірте-бірте шығысқа қарай кеңейе түсіп, байтақ құмды шөл (Гоби)[57] даласына айналады, онда өсімдік өспейтін, ащы-түзды су қоймалары бар дала, онда құмның тау-тау болып үйілгені сондай, жергілікті халық оларды "тау" деп атайды.

Егер жергілікті жазушылардың мәліметтеріне сенетін болсақ, бұл құм таулар африкалық құм сияқты көшіп жүріп, тұтас қалаларды басып қалады. Тарихта осындай оқиғалардың*[82] бірнешеуі болып өткен. Тау етектеріне жақын жатқан жерлер

---

*[80] Яғни Хами шөлі.

*[81] Парижден Гринвич бойынша 2°20□0□ бойлығында.

*[82] XIV ғасырда осылайша Лобнор көлінің маңайындағы Лоб пен Кедек қалалары жоқ болды. (қараңыз: "Тарих-и Рашиди", Ғылым академиясының қолжазбасы.) (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

үсақ малтатастар басқан, кей жерлеріне түз сіңген саз топырақты. Көптеген /198б/ көрші таулардан ағып шығатын өзендер, жерді қолмен суғаруға ыңғайлы жағдай жасайды, ол жерлер суғарусыз, ауаның қатты құрғақтығынан, өте сирек те құнарсыз өсімдіктердің шығуына әкеледі. Тек сумен қоректенетін жерлер, шүйгін жазираларды құрастырады. Осылайша, өңделген және қалың көгалды алап Тянь-Шань, Болор мен Куен-Лун таулары етектерінде доға тәріздес орналасқан. Тарым өзені мен оның сағаларының жүйесі бұл шөлдің бөліктеріндегі өсімдіктерді жандандырады. Тік орографиялық бедерлері жоқ, таза жазық түріндегі оңтүстік жақтың жалпы сипаты осындай.


Кішігірім сазды төбелермен бітетін айнала қоршап тұрған таулар тізбегі кейде жазыққа тіреледі; олар кішібұхаралық Сахарадағы құм таулар сияқты, өте биік емес, бірақ /199а/ соған қарамастан елдің жалпы көрінісінде өзіне сай ерекше сипаты бар. Ортаазиялық халықтардың дамуы мен олардың тарихи тағдырында алған орнымен әйгілі үлы таулардың үш тізбегі: *гүндар* мен *тугю* түркілері үшін қасиетті Көк таулары, Александр Македонскийден тарағанбыз дейтін ерекше халықтардың тобы тұратын Болор мен Куен-Лун Шығыс Түркістанды алапат зор доға тәріздес айналып жатыр. Бұл таулар елдің саяси шекарасынан тыс жатқандықтан, мен ол таулар туралы тек Кіші Бұхарияға апаратын жолдар мен өткелдерге қатысты айтамын.

Шығыс Түркістанға апаратын немесе Шығыс Түркістаннан шығатын жол болсын, бәрібір, кей тұстарында шатқалдар мен тау асулары арқылы өтеді. Бірінші жағдайда [жолда] көптеген қиындықтар мен қауіптер кездеседі. Жолаушы әрдайым не көтерілуі тиіс, не төмен түсіп, тар да ирелеңі көп сүрлеулермен жүріп, кейде тіпті терең жартастың шетімен және қауіпті беткейлермен жүріп отыруға мәжбүр. Жолдар таулы үстіртті басып өткенде кішігірім дөңес асулар мен тайыз сайлар кездеседі де, олар жүріске ыңғайлы болып келеді. Тянь-Шань жол қатынасы түрғысынан ең ыңғайлы. Бұл тау жоталары Куча меридианынан Болормен қиылысқанға дейінгі кеңістікте өзіне тән үш түрлі бедері бар. Шығысқа қарай Ақсу өзенінің көлденең ағысынан Кучаға дейін Көк таулары мәңгілік қарлар мен байтақ мұз басқан биік қырат түрінде, сондықтан олар /199б/ Мұзарт (мұз таулар) аталған.

Бұл алқапта одан ағып шығатын өзендер көлденең ағысты болып келеді; таулардың беткейлерін қылқан жапырақты ормандар басқан және шүйгін жайлауы көп, бірақ адам мекендемеген. Мұзарт арқылы бір ғана өткел бар, қытайлықтарда ол мұз өткелі деген атпен белгілі болса, Гумбольдттың жол жобасында Джепарле[58] деп белгіленген. Бұл өткел арқылы Құлжадан Ақсуға баратын жол өтеді. Ол қытайлықтардың сипаттауы бойынша үлкен қауіп-қатерге толы болса да түйемен өтуге болады. Мұзарт өткелі шетелдіктер үшін жабық.

Ақсу өзенінен батысқа қарай Қашғар меридианына дейін Тянь-Шань кең таулы үстіртке айналады, ол жерді қырғыздар Сырт деп атайды, көлденеңінде шамамен 150 шақырым болады, оны көлденең /200а/ айтарлықтай шектеу биіктігі бар алқаптар кесіп өтеді. Сыртта орман өспейді, ылғи болып тұратын төменгі температура салдарынан тіпті өсімдік өспейді, ұсақ болғанымен қалың шөп жапқандықтан қырғыздар мұнда жаз жайлауға келеді. Сырт арқылы көптеген керуен жолдары өтеді, олардың барлығымен де түйемен өтуге болады. Меридианнан батысқа қарай Тян-Шань бірнеше тармақтарға бөлінеді. Бұл жердегі таулар орманмен жамылған. Өзендер терең арналар қазған, олардың жағалау алқаптарын *урема* басқан. Дегенмен асулар биіктей береді. Бұл жерлерде Ферғана алқабынан Қашғарға баратын көптеген атты жүріс жолдары және екі керуен жолы бар: біреуі Әндіжаннан Үзгенд, Шадыркөл арқылы Тоинбашы өзенінің бойымен Қашғарға дейін барады, ал екіншісі біздің ішімізде Қашғар тар шатқалы атымен белгілі Теректі-Даван асуы арқылы. Бірінші жол арқылы /200б/ өте ерте замандарда Азия мен Қытай арасында сауда қатынастары жүргізілген (Серыға апаратын Птоломей жолы). Ол жолмен Моңғолиядан келіп Түранға шапқыншылық жасаған ордалар өткен. Бұл жол Қоқан қаласының негізделіп және күшейген уақытынан бастап пайдаланудан қалған (XVII ғасырдың соңында), қазіргі кезде онымен тек анда-санда қырғыздардан қой айырбастауға баратын әндіжандық саудагерлердің кішігірім керуендері өтеді. Оның орнын ендігі жерде Оштан Қашғарға баратын Теректі жолы басты. Соңғы жолмен жыл бойы, күнделікті дерлік жүк тиеген жылқылардың тізбегі өтеді. Теректі жолы отын мен шөп-жемге бай. Қоқаннан Қашғарға дейін бұл жолмен керуен жүрісі 18 күндік.

Болор, немесе, оны әндіжандықтар Алай[59] дейтін, батыс беткейінде өте тік те аяқ баспайтын жерлер, ал оның шығыс жағы биік те суық Памир үстіртіне айналады, оған тек жаздың күні қырғыздар барады. Болор арқылы тек бір ғана керуен жолы бар, ол Бадахшан арқылы өтеді. Бадахшан жолы, естуімізше, өте ауыр, онымен тек атпен ғана өтуге болады. Яркендтен жол Бадахшан арқылы Хулумға[60] бағытталып, одан /201а/ Бұхара мен Кабулға барады; Бұхараға дейін керуендер 65 күнде жетеді. Памир қырғыз көштерінің өткен жолдарымен шимайланған; олардың бәрі де Қоқан хандығына бастайды немесе Қаратиген[61] мен Дарбазға[62]. Куен-Лунда тағы басқа бірнеше жолдар бар: біріншісі – Кашмирден Даирим[63] арқылы Корча мен Яркендке, екіншісі – Яркендтен Канджут[64] пен Гундзеге[65], онан кейін Искардоға[66], бірақ бәрінен де белгілі бір өткел – Қарақорым асуы, ол арқылы Шығыс Түркістан Тибетпен және Үндістанмен қатысады. Тибетке дейінгі жол кей жерлерде адам мекендемеген және шөбі аз жерлерден өтеді, ал



Орта Азия мен Шығыс Түркістан бір бөлігінің картасы, картография депосында 1816 жылы құрастырылған. Ш.Ш. Уәлихановтың мұрагатынан.


Тибеттен Үндістанға өтетін жолдың қиындығы сондай, Үндістанның өнімдері Шығыс Түркістанға Бұхарадан Теректі асуы арқылы жеткізіледі. Яркендтен Тибетке дейін 40 күндік жол; ал Тибеттен Кашмирға дейін 12 күн; бұл жолдармен жүк тасу үшін жылқы мен қодас пайдаланылады.

Жалпы алғанда Кіші /201б/ Бұхарияны қапсырып жатқан таулардан санарлық қана жақсы өткелдері бар, тек Тянь-Шань тау тізбектерінен Ақсудан бастап, оның Болормен қиылысқан жеріне дейін біршама ыңғайлы өткелдер бар.



Орта Азия мен Шығыс Түркістанның бір бөлігі картасының қалпына келтірілген түрі.

Барлық аталып өткен жолдардың ішінде қазіргі кезде Теректі асуын керуендер де әскерлер де жиі пайдаланады; ол үзіліссіз болып отыратын сауда-саттықпен қайнап жатады, ол арқылы керуен өтпейтін күн болмайды. Қыстың күні, әсіресе осы жылдары, қар көп түскен уақытта, Кіші Бұхарияны қоршап жатқан таулар өткелсіз қалады, Теректі мен Мұзарт асуынан басқа асулар түгел жабылады. [Өткелдер], қарашада, тіпті кей жағдайда қазан айының басында жабылады. Кейбірі наурыз айында, ендігі бірлері көп кейінірек ашылады.



Қаратегін мен Дарбаздың схемасы және осылар арқылы өтетін жолдар. Ш. Уәлихановтың сызған жобасы.

[Өзендер]

Кіші Бұхарияның өзендері Тарымгол өзендік жүйесіне жатады; тек олардың Куен-Луннан бастау алатын кейбірі ғана, көлдерге құяды немесе құмға сіңіп жоқ болады. Тарымголды құрайтын негізгі өзендер: Ақсу-дария, Файзабад-дария (басқаша айтқанда Қашғар-дария), Яркенд-дария мен Хотан-дария. Ақсу-дария /202а/ екі тармақтан тұрады: Ақсу (жоғары ағысында Сарыжаз, онан кейін Қапшағай және тек төменгі ағысында өзінің нағыз атауын алады) өзенінің өзі мен Көкшал өзенінен. Ақсу өзені өз бастауын Хантенгри-Уланың солтүстік беткейінен алып, меридианға қатарласа ағып келіп, Тянь-Шаньды көлденеңінен кесіп өтіп, терең де тасты арна жасайды. Көкшал таудағы Шадыркөлді шығыс жағынан қоршап тұрған қыратты төбелерден ағып, Ақсай атауымен айтарлықтай кең тау үстіртімен тура шығысқа қарай ағады, одан кейін [ол] оңтүстікке қарай тік бұрылып, Тянь-Шаньның оңтүстік беткейіне түсіп Ақсуға құяды, /202б/ тау табанына қатарласа солтүстік-шығысқа[67] қарай ағады. Қашғардарияны құрайтын өзендер Тянь-Шань мен Болордан бастау алады. Файзабад-дария екі өзеннен құралады: Түмен мен Қызыл-дария. Біріншісі Шадыркөл

көлінен солтүстік-батысқа қарай Коктоин*[83] тауынан шықса; екіншісі – Қызылдың[68] бастауы Алай тауында Тенгритөбе шыңында, Тянь-Шаньның Болормен қиылысқан жерінде.

Файзабад-дарияға: оң жағынан Үстен[69] немесе Ханарық өзені (біздің карталарымызда Яманйар-Үстен атымен белгіленген), және Янгисар-Үстен өзені, ал сол жағынан Артыш өзені құяды. Артыш өзені Торғат*[84] биіктігінен ағып шығады, ол оңтүстігінде Шадыркөл көлін қоршап түр, /203а/ алқапқа шықпай тұра Тойын деп аталады; ол тау ішінде көптеген өзендерді қабылдайды, оның ішіндегі ең үлкені оң жағынан*[85] құятын Теректі, немесе Астын-Артыш. Үстен немесе Яманйар, өз бастауын Памир[70] жерінде Қаркөл көлінен алады. Янысар-Үстен Сарыкөл[71] көлінің маңайынан бастау алады және сол жағынан*[86] Қашғар-дарияға құяды. Яркенд-дария, немесе Яркенд-үстен[72]: Яркенд-дарияның[73] өзінен, Сарыкөлден ағатын және жоғарғы жағында: Сарыкөл мен Заравшан атаумен аталатын, және Куен-Лун тауларындағы Қарақорым асуының солтүстік беткейінен ағып шығатын Тызнап[74] өзенінен құралады. Хотан-дария да Қарақұрым тауларынан басталып, екі өзеннен құралады: Қарақаш пен Юлгункаш*[87] (/203б/ қытайша айтылуы бойынша Юрункаш). Ақсу, Қашғар, Яркенд пен Хотан-дариялардың бір жерге жиналып, қосылғанынан кейін, өзен Тарым-Үстен атауын алады, ал Қытай жағрафиясы бойынша – Тарымгол немесе Ергол (Эргол).

Тарымға құятын өзендердің ішіндегі белгілілері: Тянь-Шаньнан ағып шығып, өзеннің сол жағынан құятын Мұзарт, Куча-дария мен Хайду[75]. Тарым өз суын, моңғол тілінде жұлдызды теңіз дегенді білдіретін, Лобнор[76] көліне құяды. Лобнор, қытай деректеріне қарағанда, ұзындығында 400, көлденеңінде 200 *ли* болады. Көлдің маңайы лайлы су бұлақтарына бай, олар бұрқақ тәрізденіп жоғары шапшып тұрады, қытайлардың сендіруі бойынша жұлдызды аспанға ұқсайды.

Көлдер /204а / Кіші Бұхарияда көптеп кездеседі, олардың бәрі де ішкі шөлдің шеттерінде жатыр, суы ащы-тұзды. Жергілікті халық арасында: олардың отаны ішкі теңіздің түбі болған деген аңыз бар.

Шығыс Түркістанның барлық өзендері өзінің жоғарғы ағыстарында азды-көпті тау сарқырамаларының сипатында болады да, өте терең болмағанымен, тасты арнамен қатты ағады. Шілде мен тамызда қар еріген кезде су біршама көбейеді, со-

---

*[83] *Көктойын* – қазіргі карталарда Коктун.
*[84] Дұрысы: *Торугарт*.
*[85] Қате, *сол жағынан* болуы тиіс.
*[86] Қате, *оң жағынан* болуы тиіс.
*[87] Үйғырлардың қазіргі айтуы бойынша: Урункаш.

ған қарамастан [өзендерді] жылдың қай мезгілінде де кешіп өтуге болады; тек бірнеше сағалардың қосылғанынан кейін ғана [олар] біршама терендеп арнасы кеңейеді. Қызыл өзенінде, Қашғар мен Қытай қамалы арасында, және Файзабад-дарияда (Төмен мен Қызылдың қосылғаны) өткел бар. /204б/ Қашғар-дария мен Яркенд-дария толса да, ал Тарым жыл бойы толып тұрғанымен және кеме жүретін қай кезде де, жергілікті халық қатынастың бұл құралын пайдаланбайды.

Қатынас құралы ретінде, жалпы Кіші Бұхария өзендерінің маңызы өте зор, өйткені ол шөл жерлерді суғарып құнарландырып, адамды ұната қоймайтын жерлерді тұрақты мекен етуге жағдай жасайды.

[Ішкі қатынас жолдары]

Түркістандық Яркенд, Қашғар мен Ақсу қалаларының өзара қатынасы өзен бойларымен жүргізіледі. Ішкі қатынас жолдары, яғни Шығыс Түркістан қалалары мен Қытаймен қатынас жолдары өте ыңғайлы. Қытайлықтар барлық жолдарға бекеттер – *уртэн*[77] салған, онда 15 немесе 20 қытайлық /205а/ офицермен және осынша жанұя түркістандықтар тұрады, олар *жәмшік* міндетін атқаруға тиісті; оған қоса соғыс немесе көтерілістер кезінде тез хабар алу үшін белгі беретін мұнаралар орнатылған. Бұл бекеттерден кішігірім керуендер өзіне қажет жем-шөп пен тамақ алуларына болады.

Ақсу қаласы қатынас жолдары бойындағы, барлық жолдар тоғысатын орталық. Ақсудан жолдар Қытайға, Ілеге және Шығыс Түркістанның барлық қалаларына шығады.

Ішкі Қытайдан Батыс өлкелерге жүретін барлық жолдардың бәрі Гунчанфу қаласында тоғысады; бұл жерден жол Лянджеуге апарады, онда азық-түлік қоры жасалған /205б/ Батыс өлкеде[78] соғыс бола қалған жағдайға. Одан 37 шақырым жерде, Ұлы Қытай қорғанының батыс шетінде Цзя-юй-гуань қамалы жатыр, ол шекара бекеті болып табылады. Бұл шекара бекетінен Комулға дейін кісі мекен етпейтін, су мен өсімдікке тұл құм дала жатыр. Комулда астық қоры жасалған.

Одан ары жол екі тармаққа бөлінеді: бірі "солтүстік жолы" Жоңғарияға бастаса, екіншісі "оңтүстігі" – Шығыс Түркістанға. Жоңғар жолы Тянь-Шаньның шығыс қапталы арқылы Баркөл, Үрімші, Хурхараусу, Ілеге қарай өтеді. Оңтүстік жолы батысқа қарай беттеп, Пичан арқылы Түрфанға барады, оның тура /206а/ Үрімшіге шығатын, Богдо-Оло арқылы, жол қатынасы бар. Одан ары жол Харашарға барады да Жолдус және Нарад-даван өзендері бойымен Ілемен байланысады. Харашардан оңтүстікке қарай батпақты қорыстар жайылған, олар батысқа қарай Бугюр қаласына дейін созылып жатыр, ол жерде құм төгілген, және ақыр аяғында жол Куча арқылы Ақсуға жетеді.

Пекиннен Ақсуға дейін қытайлықтар 3844 шақырым деп есептейді. Оңтүстік жолы тегіс те азды-көпті адам мекендеген жерлермен өтеді, тек Цзя-юй-гуань шекара бекеті мен Хами арасындағы 750 шақырымда құм дала жатыр, ол Хами жазирасына 65 шақырым жерде ғана аяқталады. Бұл жолда қытайлықтар бірнеше қоныстар орнатып, бекеттер қойған. Оңтүстік жолындағы көңіл аударар мекендер: /206б/ өзінің астық пен қару-жарақ қорымен Комул және Бугюр. Бұл қала кісі өтпес батпақтың арасында жатыр және аздаған күшімен Оңтүстік жолды қорғай алады. Пекиннен керуендер мен әскерлер Ақсуға дейін 4½ және 5 айда жете алады, ал жедел пошта бір айда жеткізіледі.

Ақсудан Батыс өлкенің әскери және азаматтық басқару орталығы Ілеге (Құлжа), дейін 615 шақырым деп есептеледі; жол кей жерлерінде өте ауыр таулы жерлермен өтеді. Бұл жол бойында атақты мұзды өткел – Джепарле жатыр. Бұл жол арқылы жедел қатынас 15 күнде болады; жол бойында *уртенгилер* бар. Ақсудан қытайдың негізгі даңғыл жолы Үш-Түрфан мен Яркендке апарады. Үш-Түрфанға дейін 120 шақырым деп пайымдалса, /207а/ Яркендке дейін – 670. Яркенд жолында 290 шақырым жерде Қытай гарнизоны мен қайық өткелі бар Бурчук қаласы. Бұл жерден Қашғарға апаратын тура жол бар; Қашғар мен Бурчук арасының қашықтығы шамамен 240 шақырым деп саналады. Сауда керуендері Ақсудан Қашғарға дейін осы жолмен тура кетеді. Яркендтен даңғыл жол Янысар арқылы Қашғарға жүріп, Хотанға кетеді. Яркендтен Янысарға дейін 170, ал одан Қашғарға дейін 85 шақырым; Хотан мен Яркенд аралығы 405 шақырым деп есептелінеді. Қытайдың әскерлері мен қазыналық көліктері Қашғар мен Хотанға Яркенд арқылы жеткізіледі.

Бұл екі жолдан басқа, Ақсудан Хотанға дейін тура апаратын Хотан-дарияның ағысы бойымен (онымен керуен жолы 18 күн болса, жедел жүріс 15 күн алады) және екі /207б/ жол Үш-Түрфаннан Қашғарға дейін. Бірі Үш-Түрфаннан Яркендтік жолдағы төртінші бекетке тура шығып, онан Бурчукқа, ары қарай Яркенд пен Қашғарға, ал екіншісі – тура Қашғарға апарады. Соңғысы Көкшалдың ағысы бойымен жоғары қарай жүріп отырып, Борчан қарауылы арқылы Алтын-Артышқа шығады; бұл жолмен Қашғарға дейін 350 шақырым деп есептеледі. Бұл жол кей жерлерде адам мекендемеген, бірақ жем-шөбі, отыны мол жерлермен өтеді.

Ақсудан Үш[-Түрфанға], Қашғар, Яркенд және Хотанға апаратын жолдар, адам мекендеген жерлермен өтеді, ал соңғы үшеуі – өзендер ағысы бойымен, олардың жағалауының жайылма алқаптары тамаша табиғи жайылымдар; тау етегімен жүретін жолдар, халық тығыз /208а/ қоныстанған жерлермен жүреді, тек Түрфаннан Қашғарға жүретін жолдан басқасы.

Ерте замандарда қытайлықтар Батыс өлкемен Гуачжеу (Цзя-юй-гуаньнан батысқа қарай 200 шақырымда орналасқан) арқылы құмды даламен тура Хотанға бару арқылы қатынасып түрған, ал қазіргі кезде бұл жол тіптен ұмытылған. Түрфаннан Лобнор арқылы өтетін жол да бар, ол да жоғарыдағыдай ұмытылған.

[Ауа райы]

Шығыс Түркістан өзінің ғаламат үлкен кеңістігіне қарамай ауа райының тамаша біркелкілігімен ерекшеленеді, оны тек жағрафиялық орналасуының ерекшелігімен түсіндіруге болады. Көршілес жатқан таулы елдер, Кішібұхарлық жазықтықтан өзгеше ауа райының билігінде; тауда тіпті жаздың күні /208б/ қарлы борандар болып түрады. Жазда салқын күндер басым болып, мәңгілік қар басқан шыңдарын айтпағанның өзінде ақ алқаптарда қар мамыр, шілде айларына дейін жатады; қыс қазан айынан басталады, себебі біз келгенде (1 қазанда) Қашғардан шыққан керуен Теректі шатқалын қалың қар басқандықтан өте алмай кері қайтқан болатын.

Ал енді біз төмен жазықтықтың, тек қана "Алтышаһар" жерінің ауа райы туралы айтатын боламыз.

Өзіміздің жеке бақылағанымыздан бастасақ. 27 қыркүйекте, біз Тянь-Шань жотасының оңтүстік беткейіндегі Теректі шатқалына кірген кезде, Теректі өзенінің жағалауы көкпеңбек /209а/ ағаштар мен бұталардың көгімен жамылған болатын, Реомюр термометрі бойынша 22^0 көрсетіп түрды; Қашғарға кіре берісте біздің керуеніміз жеміс баулары арасынан өткен болатын, әйелдер мен балалар қалған жүзім сабақтарын кесіп жатты, ал анарлар әлі де ағаштарда түрды; сорочиндік тары мен мақта әлі жиналмаған болатын. Базарларда жаңа піскен жеміс, көкөністер: алма, квиты, алмұрт, шабдалы мен інжір сатылып жатты.

27 қыркүйектен қарашаның ортасына дейін ауа райы ылғи жылы да ашық болып түрды, +23°-ке дейін ыстық болды; 10 қараша шамасында түн салқындап, жапырақтар түсе бастады, арықтардағы суға түнде жұқалап мұз түра бастады, сондықтан 14 қарашада арықтардағы суды тоқтатты. Желтоқсанның 19-да алғашқы қар түсіп, келесі күні түске дейін жауды. /209б/ екінші рет – қаңтардың 7-де – күні бойы түн ортасына дейін, одан кейін қаңтардың 12-інен 14-інің таңертеңіне дейін. Көбіне термометр нөлден жоғары, не 0°-те түрды; тек екі рет: 19 қаңтарда −8°-қа және 16 қаңтарда −16° дейін түсті.

Қыс бойы Қызыл мен Түмен қатқан жоқ, бірақ қала тоғандарына төрттен бір қалыңдықта мұз қатты. Жергілікті халық көктемнің басы деп есептейтін Қытай жаңа жылынан

кейін, шынымен де күн жылынып – 14 ақпанда арықтарда су пайда болып, табиғат тез жандана бастады. Ақпанның соңғы күндерінде, жаңалық ретінде, алғашқы көктің өсінділері салынған бәліштер сатылады, ал 9 наурызда біздің пәтеріміздің ауласындағы /210а/ бірнеше ағаштар толық жапырақ жайды. Керуеннің жазықтан шыққанша (17 наурыз) барлық уақытта ауа райы ашық және жылы болды, тек 14 мен 15 күндері солтүстік-шығыстық жылы жел соқты. Жалпы алғанда тұман, жауын дегендер өте сирек: екі күн, оның өзінде анда-санда жаңбыр сіркіреп өтті. Ақпан басында жиі-жиі батыстық немесе солтүстік-батыстық жел соғып тұрды. Осы мәліметтер негізінде және жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша, көктем бұл жерлерде Ферғана алқабына қарағанда аздап кешірек – ақпанның басында келеді, көршілес, өйткені біз кетер алдында 15 күн бұрын келген қоқандықтар олар Қоқаннан шыққан уақытта өріктің гүлдеп тұрғанын айтқан еді.

Айтуларына қарағанда, жаз қатты ыстық болып, ауаға көтерілген қалың шаңнан тыныс тарылатын көрінеді, /210б/ оның үстіне жаңбыр сирек жауады екен. Шығыс Түркістанның тұрғындары жауын-шашыннан қатты қорқады. Егер аспан шетіне бұлт жинала бастаса, барлық *ахундар* өз оқушыларымен мешіттердің алаңына (терасса) шығып, қатты дауыстап "қамшы" аталатын дұғасын оқи бастайды, бұл дұғаға бұлт қуатын қасиет телінеді. Бұл қорқыныштың себебі, жаңбырдан кейін жер бетіне тұз шығып, соның салдарынан өнім нашар шығады, оның үстіне бұл жердегі үйлер үгітілген саздан салынып, төбесі жазық болып келеді, сондықтан егер бұл жерлерде қатты жауын-шашын болса Кіші Бұхарияның қалалары сөзсіз /211а/ қираған болар еді.

Қысы, айтуларынша, біз болған кездегідей сипатта, яғни қар үш-төрт күннен артық жатпайды; өзендер қыс бойы қатпайды. Егер өзеннің жағаларына мүз түрса соны суық қыс болды дейді. Ең суық күндер қытайша санағанда он екінші айдың соңында, яғни қаңтарда болады, ал түркістандықтардың моңғол сөзімен "*чаган*" атайтын, қытайдың жаңа жыл мейрамынан бастап, көктем келеді.

Жаздан күзге біртіндеп ауысып және қыстан көктемге бірден ауысатындығы бұл елдің ауа райының ерекшелігі болып табылады.

Жылдың төрт мезгілінің ауысуы өсімдіктердің кезек түрленуімен қатар жүріп отырады. Наурыздың орта кездерінде /211б/ өрік гүлдей бастайды, одан кейін басқа ағаштар да бүршік жара бастайды, қолмен өңделген алқаптар *мусуй* атты қалың шөптің өскіндерімен жабылады, содан соң далада қызғалдақ пен бәйшешектер шыға бастайды; сәуірде өрік ағаштарында жеміс түйнектей бастайды; мамырдың соңына қарай

түт, өрік және "*замуша*" аталынатын қауын піседі. Осы уақытта арпаны орып алып, орнына сәбіз, жуа, шалқан және басқа да көкөністер отырғызылады. Шілдеден тамызға дейін алма, шабдалы пісіп, басқа бидай мен жеміс-жидектер тамызда піседі. Қыркүйектен қазанға дейін: қарасора, күнжіт, күріш, жүгері мен мақта қалады.

Бұл жерлердегі басым желдер батыстық және солтүстік-батыстық; [олар] /212а/ көбіне көктемде соғып, ылғи сазды топырақты басып жатқан шаң мен құмнан қалың күйын көтеріледі.

Янысар, Яркенд пен Хотан Қашғармен біркелкі деп айтуға болатын ауа райылық кеңістікте жатыр; Хотанда қыс тіпті байқалмайды деуге болады. Түрфан, Ақсу, әсіресе тауларға жақынырақ, солтүстікте жатқан Бай мен Сайрамда, жаздың күні өте қатты ыстық болмайды, ал қысы қаттырақ. Өзендерді мұз басады, бірақ қар қаңтардың соңында түсіп, сол мезетте еріп кетеді; дегенмен, мұның бәрі Ақсуда анар, інжір ағаштары мен мақта өсуіне еш кедергі жасамайды. Канси[79] императорының және патер Жербильонның[80] апельсин ағаштарын өсіру туралы мәліметтерінің негізінде, біздің ойымызша, /212б/ Комулдың ауа райы көбірек жағымды болар; шығыстағы қалаларда, естуімізше, қыс қаттырақ болады, ал жазы өте ыстық. Ол жақтарда өзінің көкөніс өнімдері жағынан Түрфан мен Комул әйгілі, әсіресе соңғысы Қытай сарайына алдыратын қауындарымен белгілі.

Шығыс Түркістанның ауа райы, түрғындарының денсаулығына қарағанда және де шетелдерден келген адамдарға жағуына қарағанда өте қолайлы. Қырып салатын жұқпалы аурулар түркістандықтарға тіптен белгісіз, тек бұрындары тұтас ауылдар шешектен қырылып, түрғындар қатты қорыққаннан тауларға кететін болған; /213а/ ал қазір шешекке қарсы егетін болған. Жеміс-жидектерді өте көп жеп және адам ағзасын күйретететін әсері бар есірткі тартқандарына қарамастан, түркістандықтардың арасында ауру адамдар сирек кездеседі. Түрғындар арасында нәпсіқұмарлық көп таралғанымен, жұқпалы жыныс ауралары әлі етек алмаған. Бүкіл Қашғардан біз тек осы аурумен бет-әлпеті аздап бұзылған екі адамды ғана білдік. Жергілікті еркектер ірі денелі, күшті болып келеді, соған қарамастан өте үлкен жасқа жете қоймайды. Әйелдері әлжуаз қалыпты және өте ерте (12, кейде тіпті 10 жасында) күйеуге шығатын болғандықтан әр түрлі созылмалы ауруларға бейім; 50 жаста қашғар әйелдері біздің 70–80-дегі қарияларымыз тәрізді салдырап қалады. Яркендте /213б/ мойын бездерінің ісіктері, немесе зоб ауруы жиі болады; оның себебін жергілікті халық судың құрамынан көреді. Бұл ауру Қоқанда да кездеседі.

[Табиғи байлықтары]

Ендігі жерде Кіші Бұхарияның табиғи байлықтарына көше отырып, біз өлкенің негізгі өнімдерінің сипатына көңіл аударамыз. Кіші Бұхарияның минералды байлықтары өте аз зерттелген. Керия елді мекенінде түрғындар алтын шайып алумен айналысып, салықты сонымен төлейді, жеке тұлғаларға сату мүмкіндіктері де бар. Жыл сайын Хотаннан сарайға 80 *ланга*[81] дейін алтын жіберіледі. Мыс – Ақсу, Сайрам мен Кучада өндіріледі; ақсулық мыс өзінің дайындалу сипатымен белгілі, жергілікті халықтың айтуы бойынша, /214а/ оның құрамында қымбат металдар бар, бірақ оны қалай бөліп алуды білмейді.

Шығыс Түркістан: күкірт, мүсәтір, ашутас пен селитраны көптеп өндіреді. Куча қаласының маңайындағы жанартаулы жерлер, әсіресе осы өнімдердің кені ретінде белгілі. Үш-Түрфан мен Яркенд өңірінде ыстық күкірт өндірсе, Сайрам мен Үш-Түрфанда – селитра өндіріледі. Тұз кені Ақсудың шығысындаға Янчи-шань тауларында орналасқан.

Шығыс Түркістанның тамаша минералды өнімдерінің біріне – нефрит, немесе шығыс яшмасы (Jade oriental) жатады, ол Қытайда ю[82] атауымен белгілі болған асыл тас. Нефрит екі түрлі болып келеді: /214б/ таулық, жергілікті *лоуча* немесе *биш-базгандарда*, оның жарықшақтары Яркендтен 45 шақырым жерде жатыр, Мирджай мен Суташ тауларында, [және] Юлгункаш өзенінде (қытайша айтылғанда Юрункаш) Қытай офицерінің ерекше бақылауымен өндіріледі. Жыл сайын 10 мың *гинге*[83] дейін тау нефриті мен Юрункаш өзенінен алынған барлық табыс Пекинге жіберіліп отырады; олармен жеке сауда-саттық жасауға Қытай үкіметі қатаң тиым салған.

Кіші Бұхарияда күміс, темір, қорғасын кені мен тас көмір өндірілмейді және бізге белгілі болғандай, күміс, темір мен тас көмір, кем дегенде "Алты шаһар" жерлерінде әлі күнге табылған емес. Қытай тарихында /215а/ Комул маңайындағы күміс кендері туралы айтылады, бірақ біз бұның қаншалықты растығын білмейміз.

Екі зауыт: мыс пен қоғасын шығаратын Қашғардан Қоқанға баратын жол бойы орналасқан, саяси себептермен өңдеусіз қалдырылған. Минералды өнімдердің басым бөлігі Қытайға салыққа төленіп, ал барлық мыс Ақсудағы ақша сарайына жіберілетіндіктен, түрғындардың сұранысы толық өтелмейді. Темір, қалайы мен қорғасын, мыс пен жезді Қоқаннан әкелінеді, оған өз кезегінде құйма күйінде және дайын өнім түрінде Ресейден алдырылады. Металл өңдеудегі білімдерінің жеткіліксіздігі мен кен өндірудің ең қарапайым әдістерін білмеу түркістандықтарға қазба /215б/ байлықтарды пайдалануға мүмкіндік бермейді, Кіші Бұхарияны қоршаған тау жыныстары осындай кеннің көзіне бай болуы тиіс.

Қоқандықтар Тянь-Шаньнан ағып шығатын Сыр өзенінің жоғарғы жағында, естуімізше айтуға тұрарлық дәрежеде алтын шайып алады; Әндіжанның шығыс жағындағы тауда күмісті қорғасын өндіреді. Болор қазба байлықтарға өте бай. Қаратегиннің Қоқанмен сауда-саттығының басым бөлігін табиғи таза алтын, ал Бадахшанның Яркендпен саудасы – құлдар мен алтын, ляпис-лазурь, ақық (бирюза) және лағыл (рубин) құрайды.

Памир қырғыздары Яркенд пен Қашғарға тау хрусталі, әр түрлі яшма мен таза алтын әкеледі. VIII ғасырлық қытай жиһанкезі Гуэн-Цсанг[84] /216а/ Помоло (Памир) елі от түсті алтын өндіреді деп жазып кеткен. Куен-Лунда әлі күнге минералдар іздестіру жүргізілген емес, біздің ойымызша бұл қыраттар металл қоймаларынан кенде емес. Алтын кендері бар Керия өзені осы таулардан ағып шығады. Заравшан (алтынды) аталатын кейбір өзендер, осы таулардан ағып шығады, Кіші Бұхарияда кең таралған *гильгиттердің*[85] билеушісі өз үңгірінде алтынның үлкен тақталарын сақтайды деген аңыз осы ойымызды растайды.

[Өсімдіктері]

Кіші Бұхарияның өсімдік әлемі бай емес, түрлері де көп емес. Жергілікті флора Іле алқабының далалық өсімдіктерімен сәйкес. /216б/ Тянь-Шаньның Ыстық көл алқабы жағына шығатын солтүстік беткейін альпілік бай флора басқан, ол қалың көк шөп пен ашық түсті гүл өскен керемет жайылымдар; тау беткейлері самырсын*[88], шетен, ырғай ормандарымен жамылған, ал өзен жағалауларына – зерек, үшқат, альпілік қарақат, итмұрын және басқа бұталар өскен. Шырша алабынан жоғарырақ арша*[89] (Juniperus sabina) және шілік – түйеқұйрық (Caragana jubatae) өскен.

Кішібұхар жазықтығына төніп, Ақсу меридианынан батысқа қарай кететін Көк тауларының оңтүстік беткейі сазды сланец, конгломераттан тұрады, ал төменгі тау етегі – қатпарлы саз қабаттарынан тұрады. Оңтүстік жағының жалаңаш жартастарында әр жерде жалғыз-жалқы /217а/ шөпшек өскен немесе тақыр. Қырғыз қой-ешкілері күз кезінде тебіндікке өрең шөп тауып жейді. Ақсудан шығысқа қарай таулар шырша (самырсын) ормандарын жамылған; шүйгін тау жайылымдары бар.

Атбаш, Арпа және Нарын өзендері алқабын есептемегенде Сырт таулы өлкесі өсімдікке түл, ормансыз, өте ұсақ та

*88 Негізінде: шырша ормандары.

*89 *Көкарша* – бұл жерде және бұдан ары да қате, негізінде *арша* болуы тиіс.

қалың шөп басқан. Атбаш пен Арпа жазықтықтарында қырғыздар бидай, арпа мен тары егеді; ол жерлерде де ағаш пен бұта жоқ, маңайына ұсақ шөп пен жусан және артемзия өскен.

Нарынның терең ағысы биіктігі Ыстық көл алқапымен шамалас өсімдікке бай алқап түзеді. Нарынның жағалауы бүрген (Hippophae rhamnoides), тал, терек, әр түрлі шілік ормандарымен көмкерілген, ал тауларды /217б/ қалың самырсын ормандары мен солтүстік беткейдің альпілік аумақтарына тән өсімдіктер басқан. Тянь-Шаньның Болорға түйісетін бөлігінде тобылғы (Spirea), көкарша мен ырғай (Cotoneaster multiflora) өскен. Соңғы өсімдік пен лалагүлдің әр түрлері: қызғалдақ пен жуа жайылымдық жерлерге бай Болор флорасын сипаттайтын негізгі өсімдіктер.

Куен-Лун Томсонның[86] көрсетуі бойынша, флора жағынан келгенде өте жұтаң: оның жартастарын жалғыз-жарым шошайып тұрған өсімдіктер басқан, оның ішінде таспашөптер (астрагал) басым.

Кішібұхар жазықтығының өсімдіктік сипаты бұдан да аянышты. Елдің ішкі жағының басым көпшілігі сексеуіл (Anabasis saxaul)*[90] өскен құм төбелер, /218а/ немесе тұз сіңіп жалаңаштанған, кең жайылған шөл түріндегі құнарсыз дала. Тау етегі мен құм арасында жатқан жерлер азды-көпті құнарлы деп есептелінеді; біз Қашғарға келген қазан айында, бұл қаланың маңайында сирек өсімдіктер бар еді, олардың ішінде түрлік жағынан алғанда: тікенекті жантақ (түйе шомырты), гребенщик, артемзия мен әр түрлі астық дақылдары және ши, Iris angustifolia сияқты құмдақ, сазды топыраққа тән өсімдіктер.

Ауа райының шектен шыққан құрғақ болуы мен топырақтың ерекше қасиетінен өсімдіктер тек өзен жағалауларында ғана өседі. Өзен ағыстарына өсімдіктің екі жіңішке таспасы мен әр түрлі бұталар мен жапырақты талдардың тоғайлары еріп отырады. Жергілікті кісілер бұл жағалау тоғайларын парсы сөзімен /218б/ *жыңғыл* деп атайды, одан Үндістанда қабылданған ағылшындық (Jungle) сөзі шыққан; біздің Орынбор аймағында және Сібірде осы тәріздес тоғайларды *урема* деп атайды.

Кішібұхарлық *уремалар* өзендердің жоғарғы ағысында, Тянь-Шаньда зерек пен гребенщиктің аласа бұталарымен, ал Болорда ырғай тоғайларымен сипатталады. Өзеннің орта ағысында, өзен тау етегіне шыққан кезде, *урема* әр түрлі бола бастайды, оның арасында терек, тал, күлгін мен қара зерек, үшқат, итмұрын, сарыжапырақты қараған (Caragana frutescens) және басқа да (Halimodendron argenteum) сияқты және басқа

*[90] Ескі аталуы, қазір *Haloxylon*

да көбелекті бұталар кездеседі. Ырғай бұл ағыс бойында үзіліп, бүрген көптеп өседі. Ең төменгі ағысында, яғни өзеннің құлаған түсында, судың өсе түскен қысымының салдарынан өзендердің арнасы кеңейіп, /219а/ арнадан асып жайылған жерлерін сулы шабындықтар мен қамыс басады, ал жыңғыл өзенді қалың да жалпақ көмкермемен басады да, онда өсімдіктің тағы жаңа түрлері кездесе бастайды: долана мен жиде (Eleagnus angustifolia). Бұл өзендердің Тарыммен қосылғаннан кейін *урема* бітіп, Тарымның жағалары қалың құрақ пен қамыс басқан кең де батпақты қорыстарға айналады.

Мұқият жүргізілетін суландыру мен ғасырлар бойғы өңдеу жұмыстарының арқасында Кіші Бұхарияның мәдени өсімдіктері сан түрлі. Қала мен ауылдардың маңайлары қалың баулармен қоршалған, онда көптеген анар, інжір сияқты нәзік жемістер өседі; мақта плантациялары мен екпе жайылымдар өте үлкен жер телімдерінде орналасқан, ал төмен жерлерге күріш егілген.

Жер өңдеу /219б/ өнімдері Кіші Бұхарияның төмендегідей: астықтар – күріш, бидай, арпа, джугара мен екі түрлі гаулен[87]: қызыл (Holcus sorghum) және ақ, ол бізде қантты деген атпен белгілі, жасымық, жүгері және өте сирек тары өндіріледі; сұлы егілмейді.

Шығыс Түркістанда бояулы және өндірістік өсімдіктерден: біржылдық шөп түрлеріне жататын мақта (Gossypium herbaceum), кенепшөп (немесе қарасора), күнжіт (Sesamum oriental), ойран (немесе риян) (Rubia tincterum) мен темекі өсіріледі.

Бақшаларында әр түрлі асқабақ тәрізді: әр түрлі керемет дәмді қауындар, қарбыз, ұзын мойын асқабақтар, шалқан, сәбіз, тұрып, қызылша, пияз, жалбыз, бұршақ (Cicer orientinum), көкнәр мен зағыпыран өсіріледі. Қияр /220а/ өте сирек және оның өзі қытайлық деген атаумен белгілі түріне жатады.

Бауларда: жергілікті флораға тән тал, пирамида тәріздес күміс жапырақты терек (Propulus pruinosa), тұт ағаштары, жиде (Eleagnus hortensis) мен чилян; соңғы екі өсімдік жеміс береді, олардың дәмі құрма жемісіне ұқсайды; біріншісінен жабайы желім алынады; жеміс ағаштарынан екі түрлі, бірақ онша дәмді емес алма, Орта Азиядағы ең керемет бергамот алмұрты, шабдалы, өрік, беже (квиты, айва), анар мен інжір өседі.

Жүзімнің бұл жерде негізінен екі түрі өседі: ақ, ұзынша келген және өте тәтті –*хусайни*, және домалақ, қызыл түсті – *сахаби*. Бұл аталып өткен өсімдіктер барлық Кіші /220б/ Бұхар жазықтығына тән; тау бөктерлерінде жатқан жерлердің ғана айырмашылығы бар; мысалы, Сайрам мен Бай-да шабдалы, анар мен інжір өспейді, алайда жүзім мен мақта өте жақ-

сы өндіріледі. Оған қоса Яркендте шие, қараөрік пен грек жаңғағы өседі. Яркенд аймағындағы Қарғалық ауылы тек қана жаңғақ ағаштарын өсірумен шұғылданып, ол жердің негізгі сауда көзі осы ағаштардың жемісін сату болып табылады.

Бұл әңгімеміздің Кіші Бұхарияның өсімдік әлемінің бай емес және егіс мәдениеті құлдырауда екенін көреміз. Бір ендік астында жатқан, өзінің жартылайтропикалық өсімдіктерінің байлығы мен әр түрлілігімен ерекшеленетін Еуропа елдерін айтпағанның өзінде, Кіші Бұхарияның флорасы осы ендікте жатқан басқа Азия елдерінен де нашар. /221а/ Жоңғар-қырғыз даласы тауларының өсімдіктері табиғи түрлерінің өзінде ақ бұдан артық. Верный маңайында өрік пен алма жабайы түрде өсіп жатыр; жапырақты ағаштар өздерінің биіктігімен ерекшеленеді, ол жерлерде де қатты суық пен қалың қар түсетініне қарамастан шөп өсімдіктерінің түрін санап болмас. Көршілес Ферғана алқапы барлық Орталық Азияда ең жақсы мекен саналады. Оның тауларын шырша, грек жаңғағының ағаштары, пісте бұталары мен шие ағаштары басқан; астық пен бау-бақша өсіру сауда ісінің маңызды бір бөлігі; Кіші Бұхарияда өсірілетін жеміс-жидектерден басқа, Ферғана бауларында бадам мен алхоры өседі; тіпті Бұхарада, /221б/ құм мүхиты ортасындағы құнарлы жердің аралында өсірілетін өсімдік түрлері Кіші Бұхарияда мәдени өсірілетін өсімдік түрлерінен әлдеқайда көп.

Шығыс Түркістан шабындықты жерлердің жоқтығы, жер өңдеу сапасының нашарлығы, айнала таулардың ормансыздығы және құнарсыздығымен сипатталады. Өсімдіктердің аздығын елдің төмен орналасқандығымен түсіндіруге болар, өсімдіктер бұл ендікте тек әжептәуір биіктікте ғана өсуі мүмкін, оған дәлел боларлық Ыстықкөл жағасында өсетін жүзім мен шабдалы, сонымен қатар ешқашан жаңбырмен дымқылданбайтын жергілікті топырақтың ерекшелігі мен жердің қажетті дәрежеде өңделмеуі себепті. Өсімдік өнімдері туралы әңгімеміздің соңында біз /222а/ Қашғар маңайында еш жерде қант құрағы өспейтінін айта кетуді жөн санадық, ол туралы милади жыл санауы бойынша 1 жүзжылдықта қытай жылнамаларында айтылған және осыған Риттер көңіл аударуды сұраған болатын. Біздің ойымызша, қытайлықтар бұл атаумен не балжүгеріні, немесе джугарыны айтпақ болған, олардың сабағында жергілікті балалардың сүйіп жейтін тәтті шырыны бар.

[Жануарлар әлемі]

Жан-жануарлар патшалығының өзіне тән бірнеше түрлік ауытқулары бар. Тауларда қасқыр, түлкі, шибөрі, сілеусін, аю, сусарлар (куница) көп. Жартасты шыңдарда тау ешкілері (Capra tatarica) мен арқарлар (Ovis argali) өмір сүреді. Орман-

дарда бұғылар жасырынған. Альпі суырлары өздерінің індерімен /222б/ Тянь-Шань биік таулы өлкесінің барлық шыңдарының оңтүстік-батыс бөктерлерін үңгіп тастаған, өзендердің бастарындағы батпақты жерлерде егеуқұйрықтар көптеп кездеседі. Естігеніміз, құмдақ далада жабайы есектер (Equus onager) мен киіктердің (Antilopa subgutturosa) көп үйірлері көшіп жүреді екен.

Қытайлықтар өте ерте замандарда осы қалалардың билеушілері айналысқан жабайы түйелерге аңшылыққа шығу туралы көп жазған. Біздің қолымыздағы жергілікті қолжазба шығарма осындай керемет оқиғаны тура растағанымен, жергілікті тұрғындар қазіргі күні [түйелердің] жабайы түрде болуы туралы ешқандай растайтын мәлімет бере алмады, сондықтан біздің пайымдауымызша, қазіргі күні жабайы түйелер не толықтай жойылған, не кішібұхарлық Сахараның адам аяғы баспайтын түкпірлеріне кеткен. Жазықтықты /223а/ тұстарында қараған-түлкілер (Canis melanotus) мен қарсақтар (Canis corsak) бар. Жыңғыл арасында жолбарыс, қабан мен қояндар кездеседі.

Жыртқыш құстар тобындағы құстар тауларды паналаған; бізге белгілі түрлері: қозықұмай (Gypaetus barbatus), қытайлықтардың сипаттауында түйедей болған күшіген (Vultur fulvus), бүркіт (Aquila chrisaetus), сұңқар, ақ түйғын және басқалар. Жергілікті ақсүйектердің түлкі мен тау ешкілеріне аңшылыққа пайдаланатын жалғыз құстары – бүркіт, оны негізінен Хотаннан алдырады; сұңқар мен ақ түйғынды Ақсу өлкесінің шырша ормандарынан алдырып, аңшылық үшін негізінен қоқандықтар үйретеді. Тауық тектестерден бұл тауларда: Tetrae caucasicus-ке ұқсас, бірақ дене түрқы жағынан одан үлкендеу болатын, күлгін-сұр түсті /223б/ қауырсынды құс және көзінің айналасы қызылмен көмкерілген ұлар мен кекіліктер (Perdix saxatilis) бар. Бұл құстар Азия елдерінің басқа да таулы жерлеріне, әсіресе Жоңғар Алатауына тән. Ұлардың еті өте жұмсақ болғандықтан, Қоқанда ол ең сүйікті ас саналады; кекіліктің де еті өте тәтті және Англияда әтештерді үйреткендей, төбелеске үйретіледі. Жыңғыл мен қамыс арасында фазан, бөденелер болса, жазық жерлерде Syrrhuptes paradoxus*[91]-тер үйірімен үшып жүреді. Қалаларда қарға, қаратағаң, сауысқан, торғай, қараторғай және тағы басқа құстар үшып жүреді.

Адам мекендеген және тау көлдерінде су құстары өте сирек кездеседі, көбіне үйректер мен қаздар, /224а/ алайда Тарымның төменгі ағысында және әсіресе Лобнор көлінде аққулар, қаздар, үйректер мен басқа да су құстары, жергілікті адамдар мен қытай жазушысының айтулары бойынша, көптігі

*[91] *Syrrhuptes paradoxus* – саджа.

сондай, жергілікті түрғындар құс мамығын салған тұлыптар киініп, құс мамығынан жасалынған төсек жастанады. Бір ерекшелігі Шығыс Түркістанға құтандар[88] келмейді, ал олар Батыс Түркістанда өз ұяларын мешіт пен үйлер үстіне көптеп салып, көшелерде үй жануарларымен бірге жайылып жүреді.

Кіші Бұхария өзендері мен Лобнор көлінде балықтар өте көп. Қытайлықтардың айтуына қарағанда, лобнорлықтар өз шаруаларымен Корлаға (Куча аумағының түрғылықты мекені) келгенде, өздерімен тамағы үшін балық ала келеді екен, өйткені олар басқа тамақты /224б/ жей алмайды. Басқа түркістандықтар балықты тамаққа жемейді десе болады. Бұл елдің табиғи өнімдерінің жалпы сипаттарына қарағанда, балықтары Балқаш пен Арал жүйесіндегі өзендерде болатын балықтардың түрлеріне сәйкес болуы тиіс.

Кіші Бұхарияның құмдақ-сазды топырағын көптеген улы жәндіктер мекен еткен, олар: саршаян, сарыазбан мен бүйі. Әсіресе мұнда шегірткенің түрлері көптеп кездеседі; біз жыландарды көрмедік, есуімізше, мұнда жыландар аз және олардың кісіні шағып алуы өте сирек болады. Жаздың күні, әсіресе қамыс басқан батпақты жерлерде сона, маса мен шыбындар көп болады. Пайдалы жәндіктерден Кіші Бұхарияда /225а/ жібек құрттары бар, оны жалғыз Хотан мен оның маңайында ғана үстайды. Айтуларына қарағанда, бұл қаланың маңайында жабайы жібек көбелектері бар екен.

Кіші Бұхарияның үй жануарлары көрші халықтар үстайтын мал түрлеріне жатады. Жылқылары қырғыз жылқыларының тұқымынан, оларды Ұлы жүз бен қара қырғыз ордаларынан алдырады. Жылқыны ондап тек бай кісілер мен кірешілер ғана үстайды, өйткені жыл бойы табиғи шөп-жемнің тапшылығынан мал кепкен жем жеуге мәжбүр болады. Өздерінің ерекше сенімдері бойынша, әлде қытайларға еліктеп, жергілікті ақсүйектер қырғыз жылқыларын таңдайды, ал түркімендік жылқылар бұл жерлерде өте сирек кездеседі де, оларды тек қоқандықтар міністе үстайды, олар /225б/ не таза қанды *топчак* немесе аралас қанды *қарабайыр* тұқымына жатады. Бектер, қытай сәніне еліктеп, арбаға *қашыр* жегеді, олар басқа мұсылман елдерінде харам мал саналып, оларды үстаған үлкен күнә деп есептелінеді. Түйелер Моңғолияда таралған тұқымға жатады, оларды тек қытайлықтар қазыналық жүктер мен шай таситын керуендерде пайдаланады, кейде қоқандықтар да үстайды. Түркістандықтар тек қой, қодас пен есектер үстайды.

[Қалалар мен ауылдардың топографиясы]

Шығыс Түркістанның қалалары мен ауылдарының топографиясына кіріспей тұра, біз, кейін қайталанбас үшін, алдымен олардың жалпылама сипатын айтып өтеміз. Шығыс

Түркістан қалаларының сыртқы пішіні біркелкі де тартымсыз. /226а/ Кіші Бұхарияда мешіттер мұнарасыз салынатындықтан – тек жалғыз Яркендте ғана, көне мешіт Регистанда ғана мұнара бар – және де үйлер аласа салынып және төбелері тайпақ болғандықтан, саяхатшы, қалаға жақындай бере тек айналадағы топырақпен бір түстес саз қабырғалар мен олардың бұрыштарында орналасқан қытай сәулет өнерінің жеңіл торлы мұнараларын көреді. Шығыс Түркістанның барлық қалалары жоғары жағында жіңішкеретін және қалыңдығы 5 сажын болатын қабырғалармен қоршалған; олардың биіктігі 8 сажын кейде одан да биік болады. Қақпа маңында және бұрыштарында контрфорстар жасалынған. Қақпалар тақтайдан жасалынып, үш қатар орналастырылған. Қабырғаны айнала сырт жағынан 3 сажын, не одан да терең болатын орлар қазылған, /226б/ олардың үстінен көпірлер асылған.

Үйлер де саздан салынады, тіпті билеушінің сарайлары да, төбелері тайпақ болып, қамалмен қоршалған. Олардың ішкі жағында жанында бір-екі ағашы бар қауыз орнатылған ашық алаңқай, түрғын үй, жылқы қорасы және кейде бақшасы болады. Үй бөлмелері үлкенді-кішілі болады; үлкендерінің төбесі ашық; қабырға жанына үй жиһазының орнына саздан көтермелер салынып, олардың үстінен шатыр орнатылған. Ішкі бөлмелердің төбесі жіңішке талмен жабылған, төбеде жарық түсу үшін кішкене тесіктер қалдырылған. Отты каминге жағады, ал қыстың күні бөлменің ортасына шоқ салынған таба қояды. Ауқатты кісілердің үйлерінің ішкі қабырғалары сыланып, /227а/ қабырғадағы текшелер арабескілермен*[92] безендіріледі; көбі қытайша терезе жасатып, қағаз жапсырады. Бұның бәрі қожайынның табыстылығына байланысты. Бір үйдің қабырғасы екінші үйге тығыз жабысып салынады да, сол себепті көшеден тек қабырғалар мен есіктер көрінеді; тек мешіт пен медреселер және басқа да қоғамдық мекемелер бір жағымен көшеге шығып, оның сырт жағы түрлі-түсті қыш тақталармен әрленген. Көшелер өте тар – тек басты көшелермен екі дөңгелекті арбалар өте алады – әрі түзу емес. Дүкендер, асханалар, шаштараздар үлкен қала қақпасынан қаланың орталығында орналасқан сауда алаңына дейін апаратын көшелердің екі жақ бетінде де орналасқан. Бұл көшелердің кейбірі шиден тоқылған өрмелермен жабылған.

Қаланың орталығы /227б/ әдетте "Регистан" немесе "Айтга" аталатын жұма мешіті мен көбіне "Чарсу" аталынатын оның жанындағы базар алаңынан түрады. Қала арқылы ағашпен көмкерілген бір немесе екі арық өтіп, олар бірнеше тоғанды сумен толтырады. Қыстың күні арықтағы су қатып

*[92] Арабескі – жапырақ, гүл, өсімдіктердің суретімен айшықталған мүсін немесе көркем жазу өнерінің өрнегі.

қалатын болғандықтан оларды тоқтатып, тұрғындар тоған суын пайдаланады, немесе өзендерден су тасиды.

Қытай қамалдары – *маньчендер*[*93], немесе оларды жергілікті халық атауы бойынша *гүлбақтар*, тура мұсылман қалалары тәрізді салынған. Егер *маньчен* жергілікті қалаға жақын орналасса, олардың арасындағы кеңістік көшеге айналып, оған қытай асханалары мен дүкендері орналасады. Бұндай көшелерді *гайчан*[*94] деп атайды. Яркенд пен Хотанда *гайчан* апталық базар орны ретінде. Қашғарда алыс орналасқандықтан *гайчанның* орны бос, салынбай қалған.


Түркістандық ауылдар мен тұрғылықты мекендер шашыраңқы орналасқан, бір-бірінен жеке орналасқан үйлерден тұрады. Әрбір үй қамалмен, бау-бақшамен және астық шабындықтарымен қоршалған. Осындай бірнеше оңаша шаруашылықты үйлер бір-бірімен тұт пен жиде ағаштары саяжолымен қосылып ауыл құрайды. Көп кісілік ауылды мекендерде үйлер бір-біріне жақынырақ орналасады да қамалмен қоршалмайды. Қытайлықтар үлкен ауылдарды қала деп атайды, бірақ жергілікті халықтар оларды *язы*[*95], яғни ауыл деп атайды.

/228а/ Жергілікті әкімшілік бойынша Шығыс Түркістанның алты батыстық қалалары бір-біріне тәуелсіз жеке ведомстволар немесе округтарды құрайды. Қытайлықтар билікке тікелей әсер етпейтіндіктен, біз жергілікті бөлінуді басшылыққа аламыз.

Бірінші – Қашғар округі

Қашғар – Шығыс Түркістанның ең үлкен қалаларының бірі – онда 16 мың үй бар, Қызыл мен Түмен өзендерінің аралығында орналасқан, 6 сажын биіктігі бар саз қамалмен қоршалған, ол жоғарғы жағында жіңішкереді, қалыңдығы: негізінде шамамен 10 аршын, ал үстіңгі жағында 5 аршынға дейін; қамал айналымында шамамен 12 шақырым болып, алты мұнарамен қаруланған. Қалада екі қақпа бар: шығыс және оңтүстік-батыс жағында: біріншісі Сув-дарбаза[*96] аталса, екіншісі – Құм-дарбаза[89] аталады. Көшелері /228б/ ауаның ылғи құрғақ болып тұруы арқасында, кір емес, бірақ қисық та тар, тек екі басты көшелермен екі дөңгелекті арбалар өте алады. Үйлер саздан салынған, тек төрт медресе мен бір мола үстіндегі мазардан басқасы, олар сырт жағынан қытай әдетіндегідей кіреукеленген қыш тақталармен әрленген. Қала теңдес екі бөлікке бөлінген: ескі қала "Көне-шаһар" мен жаңа

[*93] *Маньчен* – манжұр қамалы дегенді білдіреді.
[*94] *Гайчан* дұрысы *гайшан* – базар немесе базар көшесі.
[*95] Дұрысы: *йеза*.
[*96] *Су-дарбаза* – өзен қақпасы.



Қашғар қаласының схемалық жоспары. Ш. Уәлихановтың салған суреті. Қалам. 1859 ж.

қала "Ян[ы]-қорған", оны 1838 жылы Зурдунбек[90] атты билеуші салдырған.

Ескі қала биік жар үстіне орналасқан, ал жаңа қала одан біршама төмен жерде салынған. Қаланың орталығы Айтга атты сауда алаңынан (жұма мешітінің алаңы) тұрады. Ескі қала екі махаллаға бөлінеді: Чарсу мен Амбаршы, ал жаңа қала төртке: Ордаалды, Үстінбуи, Юмалак-шаһар және Әндіжан-көше.

Қашғарда 17 медресе, 70 мектеп, 8 керуен- /229а/ сарай және екі базар алаңы (Айтга мен Чарсу): біріншісі жұма мешітінің алдында, ал екіншісі ескі қалада. Екі қақпадан Айтга орталық алаңына дейін екі басты көше өтеді, олардың бойында асханалар, шаштараздар, шеберханалар мен ет, май мен дайын тамақ өнімдерін сататын дүкендер орналасқан. Айтга алаңынан басталатын төбесі жабылған көше мен Чарсу базары, қонақтар қатарын құрайды. Шетелдерден келген саудагерлер сарай дүкендерінде сауда жасайды.

Керуен-сарайлардың ішіндегі ең үлкені Әндіжан-сарай; ол орталық алаңда салынған; бұл сарайда осында әкелініп, бұл жерден әкетілетін шетелдік тауарлардан салық алатын қоқандық кеден орналасқан. Қонақ-сарай бұл айтылғанға жақын, Құм қақпасынан Айтгаға баратын көшенің бойында орналасқан, онда көбіне маргеландықтар мен Шахрисабз қаласынан келген саудагерлер мен ауғандықтар түседі. Осы көшеде тағы бір өте үлкен емес /229б/ сарай бар. Басқа керуен-сарайлар жоғарыда аталған төбесі жабылған көше бойында орналасқан, олардың ішінде азды-көпті белгілісі: Ұратөпелік, онда бұхарлықтар мен ұратөпелік тәжіктер, Яркендік, Ақсулық және Еврейліктер түседі.

Бұл айтылғандардан басқа, Құм қақпасының жанында жыл бойы жұмыс істеп тұратын мақта сататын *Пахта-базар* және *Гундан* атты *дабы* сататын көтерме сауда базарлары бар. Мал қаланың сыртында Құм қақпасына жақын орналасқан *гайчанда* сатылады. Қаланың тыныштық пен тәртіпті

сақтау үшін екі жерде "*тынза* немесе *дынза*" салынған, ол полицияның бір түрі; бір түрме мен *гунданда дабы* өндірісінен салық алатын кеден орнатылған; оның үстіне қалада екі тоған мен бүкіл қала арқылы өтетін арық (үстен) бар. Бір тоған хакімбектің үйінің қарсысында, ал екіншісі Юмалак-шаһар махалласында.

Әр жұма сайын қалада үлкен базар болып, оған /230а/ маңайдағы ауылдар мен қала шеберлері өздерінің бір апталық еңбектерін алып шығады.

Қашғар аймағына жататын ауылдардан белгілісі: Ауылдардың бірінші тобына жататын Үстін-Артыш ауылдары Қашғардан солтүстікке қарай 25 шақырым жерде, Артыш пен Тойын өзендерінің бойында орналасқан; кішігірім Аргу селосы Қашғардан солтүстік-батыста 95 шақырым (190 *ли*) қашықтықты; Сааран Термечуке өзенінде; Астын-Артыш немесе басқаша Алтын-Артыш Қашғардан солтүстік-шығыста 60 шақырым жерде, онда сұлтан Сатук Боғрахан-ғазидың[91] моласының үстіне салған керемет мазар мен мешіт бар, ол мұсылмандардың зийарат ететін жерлері. Калта-йайлак – Артыш өзенінің Файзабад-дарияға құятын тұсында, Қашғардан шығысқа қарай 57 шақырым жерде. Бишкерим – қаладан солтүстік-шығысқа қарай 12 шақырым жерде, Артыш пен Түмен өзенінің аралығында. Түмен өзені бойында: /230б/ Муши Қашғардан солтүстік-батысқа қарай 70 шақырым қашықтықта, Самен мен Тоғузташ (басқаша Джанкурган); бұл соңғы екі ауыл қаланың шетін құрап, Қашғарды қоршап жатыр: біріншісі солтүстік-батыс жағын, ал екіншісі батыс жағын. Жіңішке мен Абат Қашғардан шығысқа қарай 12 шақырымда, Түменнің сол жақ жағасында. Шаптан Файзабат-дария өзенінің оң жағасында, Түменнің Қызылмен қосылған тұсынан төменірек, Қашғардан шығысқа қарай 42 шақырым жерде, қайық өткелі бар. Файзабад – [Қашғардан] 52 шақырым жерде, Файзабад-дарияның оң жақ жағалауында орналасқан үлкен ауыл. Янгиабад – осы өзеннің оң жағында, Калта-йайлакқа тұстас, Файзабадтан 15 шақырым жерде орналасқан.

Қызыл өзені бойындағы ауылдар: Тоғызақ, қаладан 25 шақырым жерде; Тозгун өзеннің оң жағалауында, Қашғардан оңға қарай 9 шақырымда. Ханарық ауылы Қашғардан оңтүстік-шығысқа қарай 40 шақырым жерде, Үстін немесе Ханарық (Яманъяр) өзені бойында жатыр. Бұл жерде *алим-ахун* тұрады, ол /231а/ *қаратаулық тариқаттың* жетекшісі саналады. Бурахатай, Упал мен Ташмалық ауылдары Қашғардан батысқа қарай тау етегінде орналасқан; Ташмалыққа дейін шамамен 180 шақырым деп есептелсе, Бурахатайға дейін – 60 шақырым. Қашғар аймағының барлық ауылдарының ішінде ең ірілері: Файзабад, 2 мыңға жуық үйі бар, Ханарық – онда да сол шамалас, Астын-Артыш – 1500 үй; олардың барлығын

хакімдер басқарады да өздерінің *алим-ахундары* (діни басшылары) бар. Файзабадта аптасына бір рет дүйсенбі күні базар болып тұрады; Ханарықта екі рет: жексенбі мен сейсенбі күндері.


Қашғардың маңайында бірнеше қасиетті әулиелердің мазарлары бар, олар жергілікті халық пен басқа да азиялықтардың құрметіне бөленген. Аппақ-қожа мазары – барлық Қашғар өлкесіндегі ең керемет ғимарат, ол қаладан солтүстік-шығысқа қарай 6 шақырым жерде, Түмен өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ол күйген кірпіштен салынып, іші мен сырты /231б/ түрлі түсті қыш тақтайшалармен безендірілген; дуал ернеулері құрбандыққа шалынған арқар, тауешкі мен бұғы мүйіздерімен сәнделіп, тулар мен *бунчуктар*[*97] кіреберіс пен мазардың өзін сәндеп тұр. Мазардың жанында қожаның ұлдарының бірі салдырған, керемет сфералық күмбезі бар мешіт бар. Ақмазар мен Падшахан-қожа мазарлары Артышқа барар жолда Қашғардан 11 шақырым жерде салынған. Қаланың өз ішінде Абразыкказы-қожаның мазары бар; онан басқа да көптеген мазарлар бар, бірақ атап өткендеріміз көбірек танымал. Қытай қаласы (Маньчен) Қашғардан оңтүстікке қарай 7 шақырым жерде, Қызыл өзенінің оң жақ жағалауында жатыр, Қашғардікі тәріздес қамалмен қоршалған, солтүстік және оңтүстік жағынан екі қақпасы бар, оның гарнизоны шамамен 5500 кісіге дейін жетеді.

Янысар округі

Янысардың[92] 8 мыңға тарта үйі бар, Қашғардан оңтүстікке қарай 70 шақырым (қытай мәліметтері бойынша шамамен 200 *ли*) жерде жатыр, қамалмен қоршалған, екі қақпасы және екі керуен-сарайы бар. Басты көшесі /232а/ Яркенд қақпасынан хакімнің үйіне дейін өтеді, ол жерде хакімнің үйіне қарсы тоған салынған және арық өтеді; барлық дүкендер, асханалар мен басқалар осы көшенің бойында; сарайлар да осы маңға орналасқан. Апталық базар жексенбі күні қаланың сыртында Қашғар қақпасының алдында *гайчанда* өтеді.

Бұл қаланың қоластына қарайтын ауылдардан азды-көпті белгілісі: Лаба, Янысардан мен Теректектен оңтүстікке қарай 15 шақырым жерде, ол жер наша өсіруімен белгілі. Янысардың маңайында әулиелі жерлерден көрнектісі: Чиланлық оңтүстік-шығысқа қарай 15 шақырымда және Бегим мазары Чиланлықтан ары қарай сол бағытта 15 шақырымда. Яркендке барар жолда хакімбекке тиесілі лотос өсетін үлкен тоғаны бар бау бар. Қытай қаласы батысқа қарай біржарым шақырым жерде орналасқан. Оның гарнизоны, естуіміз бойынша 2000 кісіге дейін.


[*97] Шоқпар басты ұзын таяққа ілінген қылқұйрық.



Яркенд қаласының толық жоспары.
Құрастырған Ш Уәлиханов. Қалам. 1859 ж.

/232б/ Яркенд округі

Яркенд-дарияның екі сағасының аралығында орналасқан Яркенд түркістандық қалалардың ішіндегі ең үлкені, хандар мен қожалардың бұрынғы астанасы. Оңтүстік жолдың бас билеушісі *хебе-амбань*[93] осы қаланың қытай қамалында тұрады. Яркендте 32 мыңға жуық үй бер. Қала биіктігі 8 сажынға дейін, ұзындығы 25 шақырым қамалмен қоршалған, төрт қақпасы бар, төрт сарайы бар, 70 медресе мен үлкен мешіт – Регистанның маңайында орналасқан бір *тынзасы* (полиция) бар. Алтын-дарбаза қақпасынан басты көшемен Қабағат қақпасына дейін барлық дүкендер, асханалар, сарайлар және де Чарсу сауда алаңы орналасқан. Махалларынан белгілісі: Урдаалды, Сокакул, олардың маңайында кашмирліктер мен үндістер өмір сүреді; Ақсақал-көшесінде бадахшандықтар мен әндіжандықтар тұрады. Ең көрнекті үйлер: Хотан қақпасына жақын жерде орналасқан хакімбектің сарайы мен регистан, көне /232б/ мешіт, биік мұнарасы бар. Базар мұнда регистаннан басталатын көшемен Насходжа-кулидің тоғанына дейін күнделікті кешкі сағат 7-ден болып тұрады. Апталық базар жұма күндері қытай қамалы мен қаланың ортасындағы *гайчанда* болады. Алтын қақпасынан қытай қамалының қақпасына дейін



Яркендтің толық жоспарының жаңғыртылған түрі.

дүнгендер[94] асханаларын салған үлкен көше пайда болған, барлық сауда осы жерлерде қызу жүргізіледі.

Шетелдіктерден бұл қалада көбіне, өздерінің ақсақалы бар бадахшандықтар мен құл сатушы кашмирліктер тұрады. Одан басқа, мұнда жалданып қызмет ететін Кіші Тибеттің тұрғындары – *балтилар*; кірешілер мен су тасушылардың көпшілігі осы таулықтардан. Үндістердің де өз махалласы бар.

Яркенд маңайында таулық иеліктер Чатрар[95] мен Ваханнан босатылған құлдар мекендеген, олар /233б/ бұл жерде *рофиздар* деген жалпы атаумен белгілі. Яркенд аймағының солтүстік шекарасында жатқан ауылдардың көрнектілері: Барчук – Яркендтен 380 шақырым жерде Яркенд-дарияның Тарим мен Маралбасына құйған тұсында. Бұл ауылдарды ерекше *долон* тайпалары мекен еткен, олардың өздерінің хакімдері бар, ал Барчукта 300 адамдық Қытай гарнизоны орналасқан. Яркендтен батысқа қарай Сарыкөл көлінің маңайында Сарыкөл[96] ауылы орналасқан, онда тибет сиырларын өсіреді. Хотаннан Яркендке баратын жолда сауда жағынан белгілі болған Гума ауылы жатыр, ол Яркенден 200 шақырым жерде, 200-ге дейін үйі бар, апталық базары сенбі күндері өтеді.

Куен-Лун тауының етегінде: Санчжу мен Кильян атты көптеп сиыр өсірумен белгілі болған ауылдар орналасқан. /234а/ Тызнаб өзені бойында орналасқан ауылдардың ішінде белгілісі: Тагбуи, Көкжар, Жоларық пен Қарғалық немесе Қарғалы (350 үй), ол грек жаңғағын өсіруімен танымал болған, оның 1000-ы күміспен 30 тиын тұрады. Яркендтің маңайында: Қожа Мұхаммед-шариф пирдің мазары, Алтын-мазар, қасиетті шаш*[98] мазары (Муй-мубарак) және ең негізгі қасиетті орын – Афту-Моодан мазары қаланың ішінде орналасқан. Қытай қамалы мұсылман қаласынан екі шақырым жерге орналасып, қамалмен қоршалған, ол Қашғар қамалынан биік те қалыңырақ, және 2200 кісі гарнизоны бар.

Хотан округі


Хотан, қытайларша Илца, /234б/ Қарақаш пен Юрункаш өзендерінің аралығында жатыр, аласа қамалмен қоршалған, 8 сарайы бар, оның 3-іне шетелдік саудагерлер тұрақтаған, ал қалғандарында маңайдағы: Ильци, Қарақаш пен Юрункаш ауылдарының саудагерлері сауда жасайды.

Хотанда 18 мың үй бар. Қытай қамалы батысқа қарай 2 шақырым жерде орналасқан, онда 1400 кісілік гарнизон бар. Қаланың жан-жағы бақпен көмкерілген, әсіресе Қытай қалашығына дейінгі кеңістік тығыз, Яркендтегі тәрізді барлық сауда қызметі шоғырланған көше түзілген. Хотан кең жайылған жібек өндірісімен, /235а/ жұқа киіз басумен, кілем, жартылай жібек – *машра*, жұқа бөз мен жібек мата – *дарай* өндірістерімен белгілі. Юрункаш өзенінен нефрит алынады, ол ең таза саналғандықтан Пекинге жіберіліп отырады. Ауылдардың ішінде қалаға шығыс жағынан түйісіп тұрған Ильци ауылы белгілі. Қарақаш, Юрункаш, Кария және басқа да ауылдарда тұрғындар саны көп, әрі сауда жағынан белгілі.


Ақсу округі

Ақсу қаласының 12 мың үйі бар, орналасқан жері /235б/ Ақсу мен Көкшал өзендерінің түйіскен жері, саз қамалмен қоршалған, ол көлемі жағынан Қашғардікінен көп кіші, бірақ төрт қақпасы бар. Ақсуда 6 керуен-сарай мен 5 медресе бар. Қаланың орталығы болып Чарсу алаңы саналады, одан батысқа қарай Тимурчи қақпасына дейін және шығысқа қарай Акин қақпасына дейін дүкендер, асханалар мен және басқа үйлер орналасқан басты көшелер өтеді. Базар аптасына екі рет болады – бейсенбі мен жұма күндері. Ақсу қаласы онда

*[98] Мұхаммед Пайғамбардың сақалының қылы. *(Ш. Уәлихановтың ескертпесі).*



Қақпалары мен қолөнершілер махаллалары белгіленген Ақсу қаласының жоспары. Ш. Уәлихановтың салғаны. Қалам. 1858 ж.



Қақпалары мен қолөнершілер махаллалары белгіленген Ақсу қаласының жоспарының жаңғыртылған түрі.

Қытай саудасының шоғырлануымен көрнекті, әскери жағынан да маңыздылығы өте жоғары, өйткені Ішкі Қытайдан келетін жолдар /236а/ мен Іледен келетін жолдар осында түйіседі. Сонымен қатар Ақсу *дабы* өндірісімен де белгілі, ол басқаша *шиша* деп те аталады, Хотан, Яркенд пен Қашғарға шығарылатын терілері де жоғары сапалы.

Ақсу округіне қарайтындар: Ақсу қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 205 шақырымда тауларға жақын жерде орналасқан Бай (қытайша Пай) ауылы, қой шаруашылығымен және киіз өндірісімен белгілі; онда 500 үй бар. Одан шығысқа қарай 40 шақырым жерде (Куча аймағымен шекаралас жерде) Сайрам жатыр, онда қытай гарнизоны бар. Ақсуға жақын орналасқан ауылдардан /236б/ Кумбаш пен Айкөл белгілі. Қытай қамалы Ақсудан батысқа қарай бір шақырымдай жерде орналасқан, 4 қақпасы бар. Ақсулық *маньченде* Шаньси губерниясының сауда үйлерінің көп қытайлық саудагерлері мен көбіне қытай мұсылмандарынан (*хуйхуй*)[97] болатын түйе айдаушылар тұрады. Оның гарнизоны 600 кісіден құралған.

[Үш-]Түрфан округі

Үш-Түрфан – кішігірім қала, немесе дұрысырағы ауыл, ол шашыраңқы орналасқан үйлерден тұрады, қабырға мен қамалдары жоқ; онда 40-қа дейін /237а/ жүзбегі, яғни 4 мыңға дейін үй бар деп саналады; басқа мәліметтерге қарағанда 6 мың үй. Жексенбі күндері базар болып тұрады. Үлкен мешіт пен медреселер жоқ. Үш-Түрфан мал айдап келу мен Қырғыз ордасына шығарылатын жақсы темекі өндірісімен белгілі. Тарихи жағынан келсек 1765 жылғы көтерілістің салдарынан қаланың барлық халқы қырылып қалған, және олардың орнына жергілікті қалалардан 500 әулет көшіріліп жер өңдеушілер (*тараншы*) деп жазылған, және қытайлықтардан әскери тұрғындар құралған. Қытай /237б/ қамалы мұсылмандар мекенінің тура орталығында орналасқан, оның 4 қақпасы бар, және қамал бір (солтүстік) қабырғасымен жартасқа тіреледі; [ол] жақсы қауіпсіздендірілген деп саналады, 800 кісілік гарнизоны бар.

ТАРИХИ ОЧЕРК


/1а/ Шығыс Түркістан солтүстігі, батысы мен оңтүстігінде таулы және қонақжай емес жерлер белдігімен қоршалған. Бұлайша өзгеше табиғи орналасу шығысқа ашық, батысқа жабық болып, табиғи оқиғалардың тарихи жайын айғақтап, түркістан халықының өзгеше тұлғасын байқатады.

Шығыс Түркістан тарихы шекаралық жағдайының халқының дамуына қандай дәрежеде әсер еткендігін көрсетеді. Өткен ерте замандардан, Хань династиясы кезеңінен бастап, Христос тууынан екі ғасыр бұрын, Қытайда Чжан-Цянь[98], немесе Чжан-Кянь*[99] Батыс өлкені ашқан уақыттан, қазіргі заманға дейін Шығыс Түркістан не Қытай, не Моңғолияда билік жүргізген Көшпелі Ордалар тәуелділігінде болған, және керісінше ешқашан өзінің батыс көршілерінің саяси билігіне бағынған емес; /1б/ тіпті Азияның даңқты жаулап алушысы Темірлан, Шығыс Түркістаннан жеңіспен өткенімен, өз қоластына бағынышты қылып үлгірген жоқ.

Шығыс Түркістан діни бастауларын оңтүстік пен батыстан алды. *Буддизм* бұл жерде Хань әулеті тұсында-ақ үстемдік құрды және IX ғасырға дейін оны Мауераннахрдан Болор мен Тянь-Шань арқылы келген Ислам шеттеткенге дейін ұстанған.

Әрине Шығыс Түркістанның халықтық мекемелері Исламға бағынуы тиіс болды, бірақ қарсы әрекеттердің ықпалы нәтижесінде бұл мекемелер діни сипаттарынан мүлдем айрылды. Соған қарамастан Шығыс Түркістанның саяси тағдырында

*[99] *Чжан-Цзянь* деп те жазылады.



Ақсу қаласында тоғысатын жолдар.
Ш. Уәлихановтың салғаны. Қалам. 1856 ж.

Исламның әсері маңызды, тек оның таралуы мен дамуын тәптіштеп қарастырғанда ғана, бұл елде белсенді қызмет етіп түрған саяси партиялардың құрылуы, рухы мен маңызын түсініп, қазіргі күні жиі-жиі көтеріліс бастап жүрген қожалардың осыншама рухани әсер етуін, /2а/ олар тіпті қудалауда жүріп өздерінің саяси маңызын жоғалтпаған себептерін ашуға болады.

Шығыс Түркістанда буддизмнің қай уақытта таралғанын кесіп айту қиын, бірақ, Қытай тарихшыларының жазуы бойынша, ол Хань әулеті тұсындаақ болған. Милади бойынша 140 жылы Шығыс Түркістан қалалары жеке-жеке иеліктер түрінде болып, буддизмді ұстанған. Гуэн-Цсанг*[100], Тан әулеті тұсындағы қала милади жыл санауынан бұрын 629 жылы Бұдда дінін тұтынған, бұған куә осы жердегі көптеген монастырлер, ұстаздар мен қасиетті кезбелер, *арандар*. Әсіресе Хотан қаласы өзінің үнділік мәдениетімен белгілі болған.

Бұдда дінінің осыншама ұзақ уақыт басымдығынан кейін Шығыс Түркістанға VII ғасырдан, араб саудагерлері бұл өлкеге келе бастағаннан бері таралған Мұхаммед ілімі тез арада бұл жерде сіңіп кете алмауы табиғи нәрсе. Арабтар қалаларда көп кедергілерге тап болды және олардың алғашқы ізбасарлары көшпелілер болды.

Қытайлықтар VIII ғасырда Шығыс Түркістанда арабтар жүргізген қантөгісті соғыстар туралы жазады. Мұсылман тарихшыларының айтуы бойынша да Шамар – /2б/ Мауераннахрдың бірінші арабтық

*[100] Орыс әдебиетінде қабылданған жазылу түрі: *Сюань-Цзан* немесе *Сюань-Чжуань*.

билеушісі қытайлықтармен соғыста қаза тапқан. IX ғасырда бірқатар мұсылмандықты таратушылар, олардың ішінде көбірек танымалы шайх Хасан-Басри мен Абунаср-Саманилерге[99], көшпелі ордалардың ханын мұсылмандыққа өткізуге мүмкіндік алады, олар Шығыс Түркістанның қалаларын билеп тұрған және күштіліктері сондай, Мауераннахрдағы *саманилердің*[100] билігін құлатады. Бұл түркілер жаңа қабылдағандардың қарқынымен, бар жерлерде қылыштың күшімен Мұхаммед ілімін тарата бастады. Сол замандағы түркістандық патшалардың мазарлары оларға *гази* (дін үшін жан бергендер) атағын сақтап қалды. Олардың бірі хижраның 429 жылы қайтыс болған Сатук Богрохан, ол *газатты* Түрфан мен Комулға дейін таратқан. Хотан, сонымен қатар Яркенд пен Янысар аралығындағы діни соғыстың "*шаһидан*"*[101] аталатын кең байтақ орындары, яғни дін үшін қаза тапқан *газилардың*[102] орындары, ислам тарату үшін көп қантөгістердің қажет болғандығының дәлелі. Осыған қарамастан, оның таратылған аумағы ұзақ уақыт тек батыс қаларымен шектелген.

Марко Полоның айтуы бойынша, XIII ғасырда Комулдың түрғындары *пұтқа* табынушылар болған. /3а/ Шамамен сол уақыттарда Шығыс Түркістанда Шағатай әулетінің моңғол хандары билеген тәуелсіз иеліктер құрылды, сонда бұл елде тағы да пұтқа табынушылық пайда болды.

XIV ғасырдың соңында, *хижраның* 754 жылы, Іледен Болор мен Куен-Лунға дейінгі жерлерді билеген Шыңғыс хан ұрпағының бірі Тұғлық-Тимур-хан Сайиид[103] Рашид ад-диннен исламды қабылдап, көптеген моңғол және ұйғыр әмірлері оның үлгісіне ерсе де, келесі жүзжылдықта да *пұтқа* табынушылық шығыс жақ қалаларында басым болды, сондықтан Шахрухтың*[104] (Темірланның ұлы) жіберген елшілігі Қытайда 1420 жылы Комулда Мұхаммед [Пайғамбар] ұрпағынан шыққан әмірдің тұрғызған керемет мешіттерінің жанынан *пұтқа* табынушылардың шіркеуін кездестірді, тек XVI ғасырда мұсылмандық Шығыс Түркістан аумағынан *пұтқа* табынушылықты түбегейлі шеттетеді.

Солайша, мұсылман дінін бұл елдің батыс өңірінде басым дін ретінде XVI ғасырдан санауға тиіспіз. Тұғлық-Тимур ханның мұрагерлері де мұсылмандыққа қатты берілген болған, олар Рашид ад-диннің ұрпақтарына вақуфқа бай жер телімдерін берумен бірге, оларға ерекше құқық беріп, құрмет көрсеткен.

---

*101 *Шайдан* немесе *шаһидан* – дін үшін қаза тапқандардың орны.

*102 *Ғази* – қасиетті соғыста қаза тапқандар.

*103 *Сайиид-шайх* – Мұхаммед Пайғамбардың ұрпағы. (Ш. Уәлихановтың ескерпесі). Ол Шығыс Түркістанда исламға шақырушы болған.

*104 Шахрух/Шах-рох, Темірланның мұрагері.

/3б/ XIV және XV ғасырлар ортаазиялық мұсылмандар үшін өте ерекше уақыт болды, көптеген *шайхтар* пайда болып, олар әулие және қасиетті керемет иесі деген атақ иеленді. Самарқанд пен Бұхара Шығыстың діни ғылымының орталығы болып, онда дамып өрбіген *казуизм**[105] ақыр аяғында Қашғарға да жетті. Саййидтардың бірі, Мұхаммедтің ұрпағы, ең жақын аталары имам Ризадан[101] тараған Махдум-и Ағзам[102] Бұхарада діндарлық, ғұламалық атаққа ие болады. Қашғарға келіп, ол халықтың құрметіне бөленіп, қашғарлық хандардан бай елді мекендерді вакуфқа сыйға алады; ал Махдум-и Ағзамның өлімінен кейін оның ұлдары, Имам-Калан[103] мен қожа Исхақ-Уәли[104] де осындай құрметке ие болып, Шығыс Түркістан мұсылмандарының діни басшысы болады.

Осы уақыттан бастап қожалар үлкен маңызды рөл атқара бастаған. Хандар оларға сый-сияпат көрсетсе, халық оларға үлкен құрмет еткен. Махдум-и Ағзамның ұлдарының айналасында ізбасарлары, сонымен қатар көптеген көзсіз берілген *сопылар**[106] (наибтар), *диуаналар**[107] (дәруіш) және шәкірттері толып жүрді.

/4а/ Осылайша, ілімінің мазмұнымен емес, басында тұрған кісілердің мінезі және қасиетіне байланысты екі *тариқат* құрылады. Имам-Каланның ізбасарлары *ишқия* аталса, қожа Исхақ-Уәлидің ізбасарлары өздерін *исхақия* деп атап, кейіннен алғашқылары осы күнге дейін сақталып отырған *ақтаулық* атауын алса, келесісі – *қаратаулық* деп аталған.

Бұл *тариқаттардың* пайда болуынан көп ұзамай ақ, олардың арасында қайшылықтар туа бастады, әрине, ол алдымен діни сипатта болды; алайда әр *тариқаттың* шеңбері ұлғайып, Алтышаһардың барлық түрғындары екі бір-біріне қарсылас тараптарға бөлінген соң, діни қайшылықтарға саяси басымдылық үшін тартыс қосылды. Бұл, әсіресе, *ақтаулықтар тариқатының* басшысы Қожа Аппақтың жоңғарлардың араласуымен үкімет басына келуінен көрінеді, бұл жағдай Шығыс Түркістанның өз тәуелсіздігінен айрылуына соқтырды, өйткені жоңғарлар да, қытайлықтар да *ақтаулықтар* мен *қаратаулықтардың* арасындағы өзара жаушылықты пайдалана білді, бір тарапты қолдай отырып бүкіл мемлекетті өздеріне тәуелді етіп алды.

/4б/ Қожа Аппақ халықтың үлкен құрметіне ие болған еді; ғұлама әулиенің кең тараған атағы оның басшылығымен қасиеттілік жолын үйрену үшін барлық Шығыстың мұсылман

---

*[105] Орта ғасырларда схоластика әдісімен жеке фактіні жалпы догмаға айналдыру, қисынын шығару жолы.

*[106] *Сопы* – мұсылман аскеті, сопылық таратушы – мұсылмандықтағы мистикалық бағыт.

*[107] *Диуана* – ортаазиялық дервиштердің бір бұтағы.

жастарын Қашғарға тартты. Мауераннахрдың көптеген билеушілері оның шәкірті болатын. Оның Қашғардағы мазарына әр түрлі мұсылман елдерінен, әсіресе шағыстүркістандық *зияратшылар*[*108] көптеп келеді, олар [Аппақ қожаны] өзінің рухани пірі санап, қауіп-қатерге тап болғанда оның атын атап арашаға шақырады.

Қашғар ханы Измаил, *қаратаулықтарға* жан-тәнімен берілген болатын, Аппақты елді тастап шығуға мәжбүр етеді. Қожа Кашмир арқылы Тибетке барып, *далай-ламамен* кездеседі, оған ұнап, ол оны жоңғар *қоңтайшысы*[105] Галданға Аппаққа Қашғар мен Яркендті қайтаруға көмектесуін сұрап хат беріп жібереді. Галдан осы жағдайды пайдаланып, 1678 жылы Кіші Бұхарияны тәуелді етіп, Аппақты өз өкілі етеді, оған Яркендті астана қылып, ал Қашғар ханының әулетін тұтқындап өзімен Ілеге алып кетеді, оларды мұсылман қаласы Құлжаға орналастырады. Далай-лама Галданның тіл алғыштығына ырза болып, /5а/ оған (жаратушының игілігі түскен) *бошекту*[106] атағын береді.

Осы уақыттан бастап Кіші Бұхарияны қытайлықтар алғанша бұл ел жоңғарлардың қол астында болды, олар елдің ішкі билігіне араласпай, айына төрт жүз мың теңге салық алуды қанағат тұтқан. Ішкі билік ерте заманнан бері қазірге дейін ұсталып отырған лауазымдық сатыға негізделген: әр қалада өзінің әкімін, билеушісін (правитель), оның көмекшісі – *ішкаға*, *шанбегі*, *қазынашы*, *мыңбасы*, *жүзбасы* және т.б. болған. Осының салдарынан ішкі қайшылықтар мен *тарықаттардың* тартысы жалғаса берді. Аппақтың тұжырымдауы бойынша *қаратаулық* қожалар қуатты болғанымен (олардың бай *вакуфтары* болған: Қашғарда Файзабад, Яркендте Тоғызкент, Хотанда Ақсарай мен Ақсуда Ақжар елді мекендері), Яркендті тастап Кашмирге кетуге мәжбүр болған.

Көп уақыт ұзамай Аппақ қожа өзін оған отанын сатқан сатқын ретінде қараушы мұсылмандардың алдында ақтап алу үшін болар, зиялы биліктен бас тартып, Үш-Түрфаннан Измаил ханның бауыры Мұхаммед-Еминді алдырып, оны хан жариялайды да, жоңғарларға қарсы шабуыл жасауға көндіреді. Мұхаммед-Емин қалмақ ұлыстарына еніп, олардың /5б/ мекендерін талқандап, әйелі бар, еркегі бар отыз мың тұтқын, мал мен дүние алып келеді; бірақ өз істегенінен қатты қорыққаны сондай, тауға қашып кетеді, арада көп уақыт өтпей ақ оны өзінің бір серігі өлтіреді. Аппақ тағы да зиялы билікті өз қолына алады, бірақ көп ұзамай қайтыс болады.

Бұл қожаның өлімінен кейін оның жесірі Ханым-Патша, ханның қызы, өте биліксүйгіш әрі батыл әйел, жоғарғы билікті өз ұлы Мехдиге алып бермек болып, көзсіз берілген

*108 *Зияратшы* – кезбе тәу етуші.

дәруіштердің көмегімен Аппақтың үлкен ұлы – Йахия қожаны өлтіріп үлгіреді, оның жас баласы Ахмед тауға қашып құтылады, ақыр аяғында [Ханым-Патшаның] өзі де сол *дәруіштердің* пышағынан қаза табады.

Аппақтың әулетіндегі тартыстарды пайдаланып, Измаил-ханның басқа бауыры Ақбаш Яркендке хан болып, Ходжентten *қаратаулық* қожа Данийалды шақыртып алды. Әрқашан *ақтаулықтарға* берілген қашғарлықтар Ахмед-қожаны алдыртып, оны хан көтереді. Қашғар мен Яркенд арасында қырғын соғыстар болады. Қара қырғыздар көмекке келген қашғарлықтар Данийал қожаны тұтқындау үшін Яркендті қоршауға алады, Яркенд ханы Ашем*[109], мұнда Ақбаш ханның белгісіз себептермен Аппақтың ұлы Мехдимен Үндістанға кеткеннен кейін шақырылған қырғыз (қазақ) сұлтандарынан еді, /6а/ өз қайсақтарымен қашғарлықтарды түгел қырып салады, бірақ көп ұзамай, қожалардың арандатушылығынан, өз даласына кетуге мәжбүр болады, солайша Яркенд пен Хотан қалаларының зиялы билігі Данийал-қожаның қол астына өтеді.

Дәл осы уақытта жасаған шапқыншылығы үшін Қашғарды жазалауға мүмкіншілігі болмаған қалмақтар, үлкен әскермен Яркендке келеді. Данийал-қожа осы мүмкіншілікті пайдаланып, жоңғарлардың көңілінен шығу үшін, өзі Яркендтіктерімен Қашғарға бара жатқан қалмақ әскеріне қосылады. Қашғарлықтар бірнеше соғыстардан кейін қақпаларын ашуға мәжбүр болады. Қалмақтар халықтың қалауымен хакімбек тағайындап, ал қашғарлық қожа Ахмед пен өз жақтаушыларын, олардың әулеттерін қоса Ілеге алып кетеді.

1720 жылы Цеван-Раптан[107] Данийал-қожаны отанына қайтарып Алтышаһардың билігін тапсырады. Яркендке оралғаннан кейін қожа өз қалауы бойынша қоластындағы қалаларға хакімбектер тағайындап, өз пайдасына алынатын кірісті анықтады, барынша қанағатшылдық көрсетіп, жылына жүз мың теңге қойды, ал кезінде Аппақ қожа өз пайдасына жүз мың түрғыннан жүз мың теңге алым алып отырған. Оның үлкен ұлы Жаһан қожа аманатта /6б/ жоңғар хандарының қолында болып, [оның] өзі де анда-санда Ілеге барып тұрады. Галдан-Черен хан тағына отырғаннан кейін, оған бұрынғы құқықтарын қалдырады. Осылайша, Кіші Бұхарияның билігі қожа Исхақтың тұқымдарының, яғни *қаратаулық тарикаттың* қолына көшті.

Данийал қожа қайтыс болғаннан кейін, Галдан-Черен осыны пайдаланып Кіші Бұхариядағы билікті бөлшектеуге кірісті, осылайша ол мөр басылған жарлықтарын жіберіп, оның үлкен ұлы Жаһан қожаға – Яркендті, екіншісі Йусуфқа – Қашғарды, үшіншісі Аййубқа – Ақсуды, ал кішісі Абдоллаға – Хо-

*[109] Хашем, қазақ Есім-хан

танды берді. Олардың ішінде белгілісі қашғарлық Йусуф еді. Оның анасы қалмақ *нойонының*[*110] қызы еді. Жастық шағын анасының жанында өткізген ол қалмақ тілі мен жазуын жақсы білетін.

Даваци[*111] хан өзінің жанында Іледе тұруға міндеттеген Йусуф Жоңғарияны сілкіндіріп тұрған ішкі қайшылықтарды жақсы білетін, және де биліккұмар кісі ретінде, езушілердің әлсіздігін пайдаланып, өз отанын тәуелсіздікке жеткізбекші болады. Сол арада Йусуф қожа Қашғарға қара қырғыздар тарапынан қауіп төніп тұр деген сылтаумен, Давацидан отанына баруға рұқсат алады. Мұнда ол қаланың қорғанысын мықтау мен /7а/ әскер ұйымдастыруға қызу кіріседі. Бұл Амурсана *богдыханға* барып, одан Жоңғарияны қоластына алу үшін әскер сұраған 1754 жыл еді. Соңғы жылдары қалмақтар хакімбек ретінде өздеріне берілген, яғни олармен билікке қатынасты байланысы бар кісілерді қойып отырған.

Олардың кейбірі, ақсулық Абд ул-Уахаб, үштұрфандық Сыбек қожа (қытай жылнамаларында Хадис атымен белгілі), қалмақтарға Қашғардағы әскери дайындықтың шынайы себептері туралы жеткізеді.

Сол уақытта, олардың арандатушылығымен Қашғар ішкағасы Хұдайар бек пен Артыш бегі Абсаттар Йусуф-қожаны мешіттегі намаз кезінде өлтіріп, кейін Амурсана мен Давацидің қайсы жеңсе соның қоластына кіруге қақпан құрады. Қастандықтары ашылып, оның ұйымдастырушысы Хұдайар бек жазаланады. Абсаттар мен жазаланған Хұдайардың ұлы қашып құтылып, Давациге келіп, қашғарлықтар мен Яркендтіктердің тәуелділіктен шыққанын және Йусуф қожаның қашғарлық *ішкағаны*[108] жоңғарларға берілгендігі үшін жазалағанын жеткізеді.

Қалмақтар, /7б/ өз елі ішіндегі жағдайға байланысты, әскер жіберетін мүмкіншіліктері жоқ еді, сондықтан Даваци істің шынайы барысын білу үшін елші жіберуге шешеді. Елшіге осыдан бірнеше жыл бұрын Куча арқылы Хотанға көшіп кеткен қара қырғыздардың *қыпшақ* руының қайтуын талап етіп, және Яркенд пен Қашғар қалаларының соңғы жылдары жібермеген салықтарын сұрау бұйырылады; сонымен қатар елшіге сенімді кісілердің көмегімен Йусуф пен Яркендтік Жаһан қожаны ұстап алып, оларды әулеттерімен Ілеге жіберу туралы құпия бұйрық берілген еді.

Жоңғарлардың беделі әлі де күшті еді, сондықтан Йусуф қожа қашғарлықтарға бұрынғы әдет бойынша елшіні қала қақпасының сыртында қарсы алуға бұйырады, соған қарамастан өз сарайында қаруланған мың кісі даярлап, қақпа жанына

---

*110 *Нойон* – өз жер иелігі бар князь, императордың вассалы.
*111 *Даваци: Дабачи, Дебачи* немесе *Давачи.*

күшейтілген күзет қояды. Қалмақтардың қожаны Қашғарда ұстау ойы іске аспайды, алайда Яркендте Ғазибек хакімнің көмегімен қалмақтар Жаһан қожаны Ғазибектің үйіне алдап шақырып, түтқынға алады.

Бұл хабар Қашғарда /8а/ наразылық туғызады. Йусуф қожа халықты жинап Жоңғарияның тығырықта тұрған жағдайын жариялап, енді кәпірлердің қоластынан босанатын уақыт жетті деп ұран тастайды. Бұл ұранды көпшілік қызу қолдайды. Қала қақпаларында *даңғара* ойнап, қашғарлықтар осы шешімге берік болуға ант етеді. Йусуф қожа тәуелсіз мұсылман билеушісі ретінде халыққа, қала маңында шатыр құрып тұрған үш жүз қалмақ саудагерлерін исламға өткізу керек дейді, егер қарсылық көрсететін болса оларды қырып салыңдар деп бұйырады.

Кіші Бұхарияның қалаларына полицейлік қарауыл ретінде *қарахан* атымен отырған аздаған *олоттарды*[109], жоңғар ханына болған жағдайды жеткізу үшін қуып жібереді. Сонымен қатар Йусуф, егер қалмақ елшісі Ілеге Жаһан қожаны алып кететін болса жолда шабуыл жасау үшін қожа Барчуққа мың кісі жібереді, және де Яркендке бару үшін үлкен әскер дайындай бастайды. Жаһан қожаның ұлы Садық қожа, түтқынға түспеген еді, екі күн ішінде Хотаннан жеті мыңға дейін қол жинап, қырғыздарды қосып, Яркендке қарсы жолға шығады, өзімен бірге Ғазибектің әулетін, ол Хотаннан шыққан еді, шынжырлап алып жүреді, /8б/ оларды егер өз әкесі бақытсыздыққа душар болған жағдайда өлтірмек болады.

Ғазибек өз әулетінің тағдыры туралы және Йусуфтың жасап жатқан батыл іс-шараларынан хабар алып, қатты сасады, оған қоса өз жағдайы да қыл үстінде, оған Яркенд халқы тегіс қарсы шыққан еді. Оған тек бір жол: өте мейірімді де бос Жаһан қожадан кешірім сұрау ғана қалған еді. Көзіне жас толтырып, басына Құран қойып ол Жаһан қожаға келеді де, өз күнәсіна кешірім алады. Ғазибек Қашғардағы жағдайды естіртіп, жоңғар елшілерін өлтіріп, Исламның туын көтеруге рұқсат сұрайды. Қожа кәпірлерді тек соғыста өлтіруге рұқсат барын айтып, қалмақтарды қаладан шығарып, ендігәрі бұл жақтарға аяқ баспауларын жариялауға бұйрық етеді. Сол арада Йусуф қожа Қоқан мен Бұхараға кәпірлердің билігінің құлағанын айтып, көмек сұрап елшілер жібереді; сонымен қатар ол әндіжандық қырғыздардың рубасылары мен олардың биі Кабатмурзаға (Қуат мырза) ұран тастайды. Жоңғар билігін құлатқан үш қаланың тәуелсіздігі ұзаққа созылмады. Бұл уақытта Жоңғарияда кейіннен Кіші Бұхарияның тағдырына шешуші әсер еткен жағдайлар орын алады.

Амурсана 1755 жылы Қытай әскерімен Жоңғарияға келеді. Даваци /9а/ қарсылық көрсетуге мүмкіндігі болмай, үш жүз кісімен Мүзарт асуы арқылы Үш-Түрфанға қашады. Бұл

қаланың хакімі Сыбек қожа (Хадис) оны қытайларға үстап береді, сол үшін князьдық дәреже алады. Осылайша бірнеше жылдар бойы көршілеріне қырғидай тиіп, Қытай да қауіптеніп отырған Жоңғария қарсылықсыз жаулап алынады.

Аспан асты елінің әскерлері бірінші жорықтан кейін, Іледе генерал Бандиді[110] бес жүз манжұрмен Амурсананың көмегімен жаңа тәртіп орнату үшін қалдырып, кері қайтады. Амурсана Ілеге келгеннен кейін, бөлініп кеткен қалалар: Қашғар, Яркенд пен Хотанды қоластына алу туралы ойлай бастайды. Амурсанаға үлкен әскер жіберу мүмкін болмайды. Сонда Ақсу хакімі Абд ул-Уахаб пен Үш[-Түрфандық] бек Сыбек қожа, бұл үшін Іледегі Ахмед қожаның балаларын пайдалану керектігін түсіндіреді. Олар, егер Ахметтің балаларының бірін аздаған әскермен жіберіп, оның билеуші болатыны жарияласа, Қашғар қарсылықсыз алынатынын, онан соң басқа қалалар да өздігінен қосылатынын, өйткені қашғарлықтар бұл қожаларға жан-тәнімен берілген және басқа қалаларда да олардың ізбасарларының көптігін айтады.

/9б/ Қытай генералы Бандидің келісімімен Ахмедтің балалары – Бұрханад-дин мен Ханқожаны, олар кейіннен Қытай империясында Бураниду мен Ходжи-Чжан аттарымен белгілі еді, олар айдауда түрған Ерен-Бұғадан Құлжаға алдыртылады. Олардың үлкені Бұрхан ад-дин *олоттар* мен түркістандықтардан тұратын әскермен және аздаған қытайлықтарды қосып алып Ақсуға жолға шығады, ал кішісі Ханқожа Іледе аманат ретінде қалады. Бұрхан ад-дин Ақсуда өз әскерін қуаттандырып алып, Үш[-Түрфанға] келеді, онда түрғындар қуанышпен қарсы алады.

Қаратаулық қожалардың соғысқа дайындалып жатқандығы туралы мәліметтер Бұрхан ад-дин мен оның жақтаушыларын қорқытқаны сондай, олар ары қарай баруға жүрексініп, кідіріп тұрды. Бұрхан ад-диннің қолы Куча, Ақсу мен Түрфанның бес мың мұсылмандарынан, долондардан және Дан-чин *зайсаң* басқарған бір мың жоңғарлардан, Турунтай-даженнің билігіндегі төрт жүз қытайлықтардан тұратын еді, сондықтан Яркенд, Қашғар, Хотан мен Янысардың, көршілес қырғыз қолдарымен күшейтілген сан жетпес әскеріне қарсы түруға жеткіліксіз еді. Сол арада Ақсуға әскер келгені туралы хабар Яркендке жетеді. Бұл қаланың түрғындары жауға қарсы үлкен қол шығармақ болады.

/10а/ Қашғарлық Йусуф қожа, биліктен кетіп, соңғы кездері Яркендте түрып жатқан болатын; ол Яркендтіктердің бұл ұмтылысына қарсы шығып, Бұрхан ад-дин ары қарай жылжуға өзі де жүрексінетінін, ал егер қарсы жіберген қол жеңілсе, оның мүмкіндігі үлкен еді, өйткені *ақтаулықтар* сатып кетуі мүмкін, ал қырғыздарға да сеніп болмайтын, сондықтан бұл жағдай жауларды ары қарай әрекет жасауға түрткі

болатынын айтқан еді; бірақ өз қожаларына деген қызғаныш итермелеген Яркендтіктер, Ақсуға қарсы аттануға қызу ұмтылған олар, бұл қаланы алып, *ақтаулық* қожаның пиғылын бір ақ кеспекші болады. Хотандықтар, Яркендтіктер мен қырғыздардан құралған Жаһанның үлкен ұлы Йахия қожаның, Яркендтік *шанбегі* Хұдайберді, Қарғалықтың хакімбегі Миргузбектің басшылығымен әжептәуір үлкен қол Янысар жаққа шығып, осы қаланың қолын қосып алып, Артыш арқылы Үш жолына түседі.

Сол арада Йусуф қожа қайтыс болады да оның орнына, елдегі дәстүр бойынша кілемге көтеріп Қашғар билеушісі етіп оның ұлы Абдолла қожаны Патша-қожа атымен хан көтереді. Бұл жаңа билеуші Яркендтіктерге қашғарлық әскерді көмекке жібереді, /10б/ өзінің бауыры Мүмін-қожа басқаруымен. Қашғар, Янысар, Яркенд пен Хотанның біріккен қолы Ақсай мен Көкшал арқылы Үш-Түрфанға келіп, қаланы қоршап алады.

Қаратаулық қожалар қоршау ішіндегілерге Құран мен ортақ бабаларының аттарын айтып, жаушылықты ұмытуға, өздеріне қосылып, ортақ біріккен күшпен Ілеге баруды ұсынған елшілік жібереді.

Бұрхан ад-динге Қашғар, Ақсу мен Түрфанды беретін болып, ал бұл қаланың бектеріне мұрагерлік құқық беруге уәде етеді. Елшілер *ақтаулық* қожаны қытайлықтар, қалмақтар және басқа да, жергілікті жазушының айтуы бойынша, көпірлердің: Ақсу бегі – Абд ул-Уахаб, Куча бегі – Аллакули, долондардың бегі – Абдрахим ортасында көреді; сонымен бірге Бұрхан ад-диннің жанында оған қашып кеткен көптеген *ақтаулық тариқаттағы* қашғарлық, Яркендтік *ахундар* мен бектер бар еді. Бұрхан ад-дин оларға, *қаратаулық* қожалардың Ілеге барып, Қытай императоры өкілі мен Амурсанадан кешірім өтінгендері жақсырақ болады деп жауап береді.

Қоршап тұрған әскер арасында, әсіресе қолбасылар арасында *ақтаулықтар* көп еді. Келіссөздер жүргізіліп жатқан уақытта *ақтаулықтар* мен қырғыздар Бұрхан ад-динмен хабарласады. Бірінші қақтығыстың өзінде ақ қырғыздар сатылып, /11а/ олардың соңынан бектердің де көпшілігі өзіне бағынышты әскерімен жау жағына шығады, сондықтан қолбасшылардың өздері әзер дегенде тұтқынға түспей қалады, соңдарына қырғыздар құдалаған олар әрең дегенде Қашғарға жетеді. Бұрхан ад-дин бұл жетістікке қанаттанып Қашғарға қарай жүреді. Бұл қаланың тұрғындары тобыр-тобыр болып оны қарсы алуға шығып, *қаратаулық* қожаларға бағынудан бас тартады; бұл бақытсыздық аз болғандай, қаланы қорғауға шақырылған Кабат (Қуат) мырза бастаған әндіжандық қырғыздар Бұрхан ад-дин қожаға қарсы шықпайтындары туралы жариялайды. Осындай жағдайда *қаратаулық* қожаларға Қашғарды тастап шығудан басқа жол қалмайды, олар Яркендке

қарай асығыс шығады, қашғарлық *тарықатқа* берілген Қашғарлық хакімбек Хош-Кефек те Яркендке кетеді.

Осылайша, *ақтаулық* қожалар Қашғарға қарсылықсыз, халықтың қуанышты шуымен кіреді, олар қала қақпасында дауылпаз қағып, керней ойнайды. Көп ұзамай Бұрхан ад-дин Кабат қырғызды Қашғардың хакімбегі қылып сайлап, Яркендке қарай жолға шығады. Енді оның жанында қалмақтар тек алты жүз кісі болса, қытайлықтар екі жүз кісі болды. *Қаратаулық* қожалар, өз жағдайларының тығырыққа тірелгенін біліп, /11б/ отандарын тастап, Меккеге зийаратты сылтау қылып әулеттерімен саяхатқа жинала бастайды.

Жаһан қожа өте мейірімді де текті кісі еді, ғалымдарды қолдайтын, сондықтан жергілікті жазушы оның заманын мырза Хұсайынның[111] заманымен салыстырады. Яркендтіктердің басым көпшілігі *қаратаулықтар* болатын және де бұл билеушінің жеке қасиеттері де оларды тартатын. Ол өзінің отанын тастап кету ниетін айтқанда, олар көздеріне жас алып, осындай қиын-қыстау заманда тастап кетпеуін сұрап, соңғы қаны тамғанша көпірлер мен сатқан *ақтаулықтарға* қарсы соғысатынын айтып ант береді. Халық сонымен бірге хакімбек Ғази мен ішкаға Ниязды қызметтерінен аластатуын сұрайды, өйткені олардың біріншісі өзінің сатқындығын дәлелдесе, ал екіншісі *ақтаулық* еді және де өзінің сенімін ешқашан жасырған емес, Бұрхан ад-диннің әкесі Ахмед қожамен үзбей қатынасып тұрған. Қожа Жаһан қалады, бірақ Ғазибек пен Ниязды өзінің мейірімділігі мен бостығы себепті тұтқынға алуға келіспейді.

Яркенд қамалы түбіне келген *ақтаулық* қожа, қалаға елшілік жібереді: бір қытай *мандаринін*, қалмақ *зайсаңын* және кейбір өзіне берілген /12а/ бектерді. Елшілікті Жаһан қожаға алдымен сарай табалдырығын сүйгізетін дәстүрмен қорлап, алып келеді. Бұрхан ад-диннің *богдыхан* мен Амурсананың атынан айтқаны беріліп, Қытайдың қоластына кіру туралы ұсынысына, өзінің мұсылман билеушісі екенін, ал көпірлермен тек *газауаттан* басқа қатынас жасай алмайтынын айтып, хатты жыртып, отқа тастауларын бұйырады. Қоршау басталады; қоршау ішіндегілердің сыртқа шығып жүргізген шайқастары әрдайым жеңісті болады, тек, Яркендік хакім орнын алу туралы уәдеге иланған ішкаға Нияз бен қожаның өз қызметшілерінің басы Ашуркузи бек, қастандық ұйымдастырады, ол ниеттері ашылғанымен, халық ол күнәхарларды жазалауды талап етсе де, қожаның бостығы себепті жазасыз қалады.

Осындай нәтижесіз қоршау тағы біраз уақытқа созылады, бір шайқаста Жаһан қожаның бір ұлы қаза табады да, сол кезде хакім Ғази бек, халықтың жалпы рухының түсуін пайдаланып, бұрыннан ойлап жүрген әрекетін — қаланы жаудың қолына беруді жүзеге асурға кіріседі.



Белгісіз кісілердің басы (Ш.Уәлихановтың Қашғарға бірге барған серіктері болуы мүмкін). Қалам. 1858.

/12б/ Ол Бұрхан ад-динмен жасырын хат жазысып, кейін Яркендте мұрагерлі бек дәрежесін алу уәдесін алады. Ол енді қаланың өмір сүруге қажетті қорға деген тапшылығын сылтауратып, жалпы халықты шешуші шайқасқа шығару керек дейді; қожа бектің арам пиғылынан сезіктенбей, қаланың барлық халқы, кішісі мен үлкені ғазат үшін қол жинап, өйткені ол жолда өлгенде *шаһид* болып, өлтіргендер *ғази* болады деп ұран тастайды; қырық мың Яркендтіктер қала қақпасының сыртына шығады да жауды тұрған жерінен қашырады; осы мезетте Ғазибек туын тастап, кейін қарай қаша бастайды, осы себепті жалпылай дағдарысты туғызады. Қалтарыста тұрған Кабат бастаған қырғыздар жаңа күшпен шабуылға шығады да кері қашқан Яркендтіктерге тап береді, олар қала қақпасы жанында шоғырланып бір-бірін таптап, көпшілігі буруттардың қолынан қаза табады. Қала халқы әбден түңіледі; Ғазибек өз арандатушылығын әрі жалғастыра береді. Жаһан қожаға бір ғана жол бар: не Ғази бекті өлтіру, не қаланы тастап шығу.

Жаһан қожа соңғысын таңдайды. Түн ішінде /13а/ Махасар дарбазасы арқылы Яркендтен *қаратаулық* қожалардың барлық әулеті бала-шаға, әйелдерімен шығып, Қарғалық жолымен тауға қарай беттейді, ең болмаса Үндістанға өтіп кету үшін. Келесі күні қала халқы қожалардың қашқанын біліп, дарбазаларды ашады да Ғазибек Бұрхан ад-динді салтанатпен қалаға кіргізеді.

Жаңа қожа сол сәтте қуғынға долон бегі Рахымкули мен қырғыз Абдолла басшылығымен бес жүз кісілік әскер жібереді, олар Заравшан өзенінен өтіп жатқан кездерінде қуып жетеді. Қожалар бар қуатын салып қарсыласады; олардың бірі Ерке, Йусуф қожаның ұлы, шайқаста қаза табады; ақырында қожалар жағалауын мұз басқан өзеннен өтеді, әбден титықтаған олардың ары қарай жүруге шамалары болмайды. Бұл әулеттің тек бір жас ханзадасы

Назар қожа, екі жолдасымен Үндістанға кетіп құтылады, қалғандары қолға түседі. Қырғыздар оларды әбден тонап алып, Яркендке алып келеді де, бірнеше күннен кейін жазаға үшырайды. Осылайша *ақтаулықтар* тағы да жалпы билікке қол жеткізеді.

/13б/ Кейіннен Бұрхан ад-дин, өз бауыры Ханқожамен бірігіп, 1758 жылы көтеріліс бастайды, ол туралы Қытай тарихшыларынан жақсы білеміз. Үш жылға созылған тірескен қарсыластықтан кейін Бұрхан ад-дин мен қожа Жаһан, Іле цзян-цзюны Чжаохой[112] мен оның көмекшісі Фудядан[113] жеңіліс тауып, Бадахшанға қашады да онда оларды бұл елдің билеушісі Сұлтан-шах (қытайларда Султан-ша) өлтіріп, ал бастары Қытай лагеріне жіберіледі.

Аппақтың барлық әулетінен тек Бұрхан ад-диннің бір жасөспірім баласы – Сарымсақ, немесе Саали қожа құтылады, қалғандарынан: төртеуі шайқаста қаза табады, екеуі қытайлардың қолына түседі де Пекинге жөнелтіледі. Бұл 1758 жылы болған.

Осы уақыттан бастап Кіші Бұхария Қытай империясының провинциясына айналады. Батыс өңірдегі өз жеңістерін бекіту үшін қытайлықтар 1764 жылы Іле бойына, бұрындары жоңғар хандарының курені болған жерге, Хой-Юан-чен, бізде Құлжа[114] атымен белгілі қаласын салады.

Жарты миллион *олоттарды* қырып салғаннан кейін бос қалған Жоңғарияға, Гань-су провинциясынан қытайлықтар көшіріліп, бодандауды ары қарай жүргізу мақсатында жарлық шығарылады, ол бойынша бұл ел /14а/ ылғи қылмыскерлердің жер аударылатын жері болады. Елдің қорғанысы үшін манжұрлар, жасыл ту астындағы әскерлер көшіріліп, Іле өңірінде *сибо*, *солон*, *даур* мен *чахарлардан* әскери мекендер ұйымдастырылған. Жер өңдеушілік үшін мұсылмандардың жеті мың әулеті қазыналық жер өңдеушілер (таран) деп жазылған, қырылғаннан қалған жоңғарлар көшіп жүруге белгіленген жерлер алады. Басып алынған жерлерді басқару үшін үш орынбасары бар цзян-цзюн тағайындалады, орынбасарларының бірі Тарбағатайда, ал екіншісі Кіші Бұхарияда тұруға тиісті болды.

Қатты қарсылық көрсеткен Кіші Бұхарияға келгенде, қытайлықтар өте сақтық көрсетті; ішкі басшылық бұрынғы қалпында қалдырылып, тек ішкі тыныштықты сақтап тұру үшін маңызды деген қалаларда гарнизондар орналастырылып, шекараны қорғау үшін бекеттер (қарауыл) тұрғызылып және хабармен жылдам алмасу үшін бекеттер (станциялар) орнатылады. Жоңғария мен Кіші Бұхарияны осынша жетістікпен жаулап алулары, қытайлықтардың бойында әскери рух пен басып алушылық пиғылын оятты. Цянь-Луннің[115] билігі тұсында, қытайлықтар, пайымдауымызша, /14б/ Тан әулеті заманын

қайталағысы келген сияқты. 1756, 1758 және 1760 жылдары Қытай әскерлері Орта жүз қырғыздары (қазақтары) жерлеріне аяқ басады.

Орта Азияға қатерін төңгізіп түрған қуатты Жоңғарияның құлауы мен ақырында діні бір Кіші Бұхарияны басып алуы барлық Азияға қатты қорқыныш туғызды, оның үстіне бұрыннан келе жатқан сенім бойынша ақырзаман болғанда дүние жүзін Қытай басады деген түсінік бар еді. Қазақ ордаларының билеушілері: Орта жүздің – Абылай, Кіші жүздің – Нұралы және бурут рубасылары Аспан асты империясымен қарым-қатынас орнатуға асықты. Абылай 1766 жылы өзін *богдыханның* вассалы деп жариялап, князь титулын алды. Нұралы Пекинге елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Ердене-би[116] (қытайлықтарда Одона) 1758 жылы, кейіннен оның мұрагері Нарбота-би (қытайлықтарда Налопота) де Аспан ұлының билігін мойындайды.

Осындай көрініп түрған бойсұғушылыққа қарамастан, азиялықтар қатты алаңдаулы еді, әсіресе 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 кісі ерткен қытай елшілері келгенде, олар Цянь-Луннның[117] шешімімен көктем шығысымен Түркістан мен Самарқандқа әскер жіберілетіндігін және /15а/ әскерге жол көрсету үшін адамдар, бұқалар мен қойлар сұрағанын хабарлаған еді. Осы уақытта Ташкентті жаулап алған Ердене батыр, Ходжент пен Ұратепе билеушісі Фазыл би мен қырғыз (қазақ) сұлтандары, сол уақыттағы азиялық билеушілердің ішіндегі ең күштісі саналатын, ауған билеушісі Ахмет шахқа хат жазып, мұсылман әлемін дінсіздердің шапқыншылығынан құтқаруын сұрайды.

Бұрхан ад-диннің ұлы мен қашғарлық көшіп келушілер де барлық мұсылман иеліктерін аралып, қытайлықтарға қарсы көмек сұрап жүрген болатын. Қытайлықтардан қорыққандары сондай, тіпті ортаазиялық билеушілер біраз уақытқа өзара талас-тартыстарын ұмытып, одақ құрады, оның басшылығына Кандагардың билеушісі Орталық Азияның ең қуатты билеушісі, Дурани әулетінің негізін қалаушы Ахметті сайлайды. 1763 жылы көктемде ауған әскері келіп Қоқан мен Ташкент аралығына тұрады. Ахметтің елшілері ғазатқа – дін үшін қасиетті соғысқа шақырып барлық мұсылман елдеріне жіберілген болатын. Ортаазиялықтардың сауда қарым-қатынастары Қытаймен үзілген болатын, бұған қырғыздардың да көзін жеткізеді.

Шығыс Түркістанды қожаларға қайтару туралы талаппен жіберілген Ахметтің елшілігін Пекинде нашар қарсы алады. /15б/ Түркістандықтар өздерінің босануын күтіп, тәуелсіздік үшін күресуге ант берді; ал Үш-Түрфанның түрғындары мұсылмандардың көмегіне үміт артып 1765 жылы көтеріліс бастайды, осының салдарынан бұл қала түгелімен жойылады. Ауған

шахы *сейкалармен* соғыспен әуре болып жатқан, ал басқа орта-азиялық хандар әлсіздігі сондай, Қытайға қарсы келуге шамалары жоқ еді, осылайша бұл одақ еш нәтижесіз аяқталды, дегенмен оның маңызы, Қытайдың өз шекарасын жоңғарларға тәуелді болған Ташкент, Сайрам, Созақ пен Түркістанға дейін таратпақ болған пиғылы тоқтатылды; тек қожаларды өлтіргені үшін қарғысқа ұшыраған Бадахшан біраз қасірет көреді. Он бес мыңдық ауған әскері бұл елді тонап, оның билеушісі Сұлтан шах жазаға ұшырайды. Бұл билеушінің қожаларға жасағаны осы күнге дейін бұл елдің үстінен сейілмей түрған қасіреттің себебі болды.

Батыста Қытайдың билігі Шығыс Түркістанның табиғи шекарасымен және қарсыласуға дайын түрған одақпен шектелді. Солтүстік-батыста Қытайдың шекарасы /16а/ қазақтар (қырғыздар мен буруттардың жайлауларына тіреліп, табиғи кедергілері аз болды. Солтүстік-батыстың аса берілмеген халықтары *богдыханның* қоластына өздері барды. 1763 жылы қазақ (қырғыз) елшілігінің сұрауымен *богдыхан* қазақтарға (қырғыздарға) жоңғарлардан кейін бос қалған жерлерде, яғни Балқаш пен Жоңғар Алатауы[118] аралығында, көшіп жүруге рұқсат береді.

Қытайлықтар бұл үшін, қырғыздардан (қазақтардан) жүз жылқы мен ірі қарадан бір бас, ал мың қойдан – біреуін беруін талап етті. Осы алымды жинау үшін жыл сайын жасақ жіберіп отырған: екі жасақ Іледен және Тарбағатай мен Қашғардан бір-бірден. Іле жасақтарының бірі Қаратал арқылы Аягөзге барып, сол жерде тарбағатайлықтармен қосылады, ал екіншісі – Санташ арқылы Ыстық көлдің солтүстік жағалауымен, оның батыс жағын айналып, Зауқы өткелі арқылы Нарынның ағысымен жоғарыға қарай жүріп, оған Шаркратма*[112] (сол жағынан құяды) өзенінің құйған жеріне дейін жүрген; бұл жерде көпір салынған. Қашғар жасағы Теректі арқылы Ақсу үстіртіне көтеріліп, онан ары Биш-Билчир тауы арқылы Атбаш өзеніне барып, одан Чаркраманың ағысымен жасалынған өткел арқылы Нарынға шығады. Бұл жасақтар таблицаларымен алмасып /16б/ сол жолмен қайта қайтатын болған. Әдетте жасақтарға қытай саудагерлері еріп жүретін болған, олар жол бойы өз тауарларын малға айырбастап отырған. Бұл жасақтар жүргінші жасақтар аталатын болған, ал олар жүретін жол жүргінші шекарасы аталған.

Оның сыртында, қытайлықтар Құлжа мен Чугучакта қырғыздармен сауда-саттық жасаған. *Богдыхан* олардың хандарын[119] өз жарлығымен бекітіп, жасақтармен бірге өлген сұлтандарға[120] бағыштап азалы *куща* (от) жағу үшін шенеуніктер қоса жіберіп отырған. Осы себепті Іле цзян-цзю-

*[112] Дұрысы: *Шаркрама* (Чаркрама) – сарқырама.

ны шетелдік хандар үрпақтарының бас қолбасшысы деген дәреже алған, және де Қытайдың сыртқы қарым-қатынастар жарғысында[121] жаңа, қырғыздар (қазақтар) мен *буруттардың* сарайына елші жіберу мен тыныштық бұзғандары үшін бұл көшпелілерді өліммен жазалау құқығы туралы баптар пайда болады.

Үш көтерілісінің[122] қасіретті аяқталуынан кейін Шығыс Түркістан өз тағдырына көніп, Қытай анықтаған алым-салықтың қамытын киюге мәжбүр болды. Жағдай 1825 жылға дейін, Кіші Бұхарияда *буруттар* мен қырғыздар (қазақтар) арасында да қуатты Қытайдың беделі шайқалғанға дейін осылай болып тұрды. /17а/ Орта жүзде ішкі округтар құрылып, Жетісу мен *бұғы* жайлауларында орыс жасақтарының пайда болуы қырғыздар (қазақтар) мен бүрүттар арасындағы Қытай ықпалын жойды, ал Сарымсақтың үрпақтары үйымдастырған Жәңгір-қожаның[123] Кіші Бұхариядағы көтерілісі ортаазиялықтарға қытайлықтардың бұрынғыдай қорқынышты емес екендігін көрсетті.

Бұл қожалардың іс-әрекеттеріне шолу жасамақпын, өйткені олардың кейінгі оқиғаларға үлкен ықпалы болды.

Алдындағы очерктеріміздің белгілі, Кучадан шығысқа қарай жатқан Шығыс Түркістандық қалалар оның тарихи өміріне, әсіресе қожалар тұсында, қатыса қоймады. Шығыстық қалалар Қытай империясына жақын орналасқандықтан, оның ықпалында болды. Хань әулеті тұсында бұл жерлерде қытайлықтардың әскери тұрақтары болған, кейін Түрфан мен Комулда Қытай қоластындағы түркі иелігі Ойхор құрылған. Юань әулеті тұсында Комул мен Түрфан Хұбылай иелігіне жатса, Кіші Бұхарияның басқа қалалары Шағатай балаларына мұрагерлікке тиген. Кейін, Кіші Бұхария тәуелсіз болып тұрған кезде, оның шығыс бөлігі /17б/ әлі де Мин әулетінің вассалдығын мойындап тұрды, тек бұл әулеттің соңғы жылдарында өз күшін байқатты және амалсыз жоңғарлардың билігіне бағынды.

Манжұр әулеті билігінің ең басында Комул бегі Қытайдың қоластына кіріп, император Каньси бұл қалада болған, ал Түрфан өздерінің жоңғарлармен жазаланған бегі Емин-қожамен император Юн-Чженнің[124] қоластына беріледі де, олар Қытай қорғаны жанында орналасқан қалалар Аньси-Чжеу мен Ша-Чжеуге көшіріледі, тек 1755 жылы өз жерлеріне қайтарылған. Қожалардың билігі бұл жерлерге жүрмеген.

Осы себепті қытайлықтар шығыс қалаларының түркістандықтарына ерекше құқықтар мен басымдылықтар беріп тұрған. Екі қаланың князьдары цзюн-ван*[113] мұрагерлік дәрежесіне ие болған, және император Цянь-лун, түркістандықтарды өзіне тарту үшін, Комул бегімдерінің[125]

*[113] *Цзюн-ван* – екінші дәрежелі князь атағы.

(княжна) біріне үйленеді. Қытайдың бұл саясаты Шығыс Түркістанның шығыс бөлігінде нәтижелі болса, алайда көбірек бостандықта болған батыс қалалары, /18а/ жаңа тәртіпке бой үйрете алмады. Тәуелсіздік рухымен қызуланған, ылғи болып түрған тартыс пен соғыстардан мазасыздыққа үйренген, ақыр аяғы дінге қатты берілген көршілерінің әсерімен Шығыс Түркістанның батыс қалалары қытайлықтарды жек көретін. Үш*[114] көтерілісі Қытайға бұл қалалардың осыншама сенімсіздігін көрсетті, оларды тек қорқыныш пен қатаң полицейлік шаралар ғана халықты тыныштықта ұстап тұра алатын еді. Алты шаһардың жергілікті халқына сенбей, қытайлықтар жергілікті жоғарғы қызметтерге, өздеріне берілген, комулдықтар мен түрфандықтарды сайлап, қуатты гарнизондар ұстады. Үштүрфандықтарды қырып салғаннан кейін туған қорқыныш пен қытайлықтарды жеңу мүмкін емес деген сенім ғана Алты шаһардың түрғындарын ашық көтеріліс бастаудан ұстап түрды, алайда қатігездік пен билеушілердің парақорлығы халықтың әбден титығына тиген еді.

Осындай жағдайда құдаланған қожалар халық үшін ерекше құрметтің иегері болды. Олар өз отандарымен байланысты, қытайлықтар өз билігімен елге оңашалану жүйесін енгізгендерімен, Кіші Бұхария жерлерінде мал өсірудің жеткіліксіздігі себебінен, /18б/ ақыр аяғы, өз өнімдерін өткізу мақсатында, Кіші Бұхарияның шекараға жақын жатқан алты қаласын *буруттар* мен көршілес азиялық мемлекеттермен сауда үшін ашуға мәжбүр болды. Шетелдіктерге берілген жеңілдіктер, қытайлықтардың осындай сауда байланыстарының қажеттілігін түсінгендерін дәлелдейді. Қытай есебі төмендегідей болған: шетелдіктер айдап келген малдан, $^{1}/_{30}$ алып отырған, ал түркістандықтар мен Қытайдың көшпелі тәуелділері $^{1}/_{20}$ төлеп отырған.

Шетелдік сауда бостандық құқығы Комул, Түрфан, Харашар мен Кучаға жүрмеген. Бұл жағдай Алты шаһарда құдаланған қожалармен байланыс жасап түруға себеп болды. Оларға үзбей *нияз* жіберіліп түрды: түркістандықтар қатты наразылықтарын үлкен күшпен жасырып, олар өз тағдырына шыдамдылықпен мойынсұнды.

Тыныштық 1816 жылға дейін бұзылмады, осы жылы Зйа уд-дин[126] Қашғардан 180 шақырымдағы Ташмалық мекенінде түратын *қаратаулық тариқаттың ахуны*, өзін /19а/ *қаратаулық* қожалардың *наибынан* тарататын, көтеріліс туын көтеріп, тауға кетіп, қырғыздардың көмегімен қытайлықтарға шабуыл жасап түрған. Ол ұсталып, жазаланғанымен, көтеріліс оның ұлы Ашраб-бектің басшылығымен жалғасты, ол да көп ұзамай ұсталып, әкесінің тағдырын қайталады. Зйа уд-диннің

*[114] Яғни: Үш-Түрфан.

жасөспірім ұлы Сұбх ад-дин Пекинге әкетіліп, көмелеттік жасқа жеткен соң жазаға ұшырағаны. Бұл көтеріліс маңызды еш нәтижеге әкелмеді, өйткені оның басшысы қожа емес еді, бірақ осы күнге дейін *қаратаулықтардың* отаншыл *тариқатының* соңғы әрекеті ретінде белгілі, алайда, төменде сөз болатын жағдайлардың нәтижесінде, [олар] қарсылас жаққа өтті, яғни қытайлықтар жағына өтіп кетті, оларды жақсы көргендіктен емес, тарих сахнасына Қашғар тағына заңды мұрагер ретінде *ақтаулық* қожалардың келуіне байланысты. *Қаратаулықтар* қытайлықтарды жек көргенімен, *ақтаулықтарды* одан бетер жек көреді.

Сарымсақ қожа әр түрлі ортаазиялық иеліктерді ұзақ уақыт аралап жүргеннен кейін, өмірінің соңына қарай Қоқанға тұрақтайды, /19б/ Қашғарға жақынырақ болып, сол жақтан өзінің пайдасын алып тұру үшін. *Ақтаулықтар* Қоқанға көшіп келе бастайды, сөйтіп Орталық Азия қашғарлықтарға толады, олар барлық жерлерде өз отандарының қасіретін, әділетсіздік, қатігездік және қытайлықтардың жасап отырған қысымы туралы, көпірлер олардың әйелдері мен қыздарын тартып алатынын, діни міндеттерін орындауға тиым салатындарын асыра айтып, таратады. Қасіреті мен екі қашғарлық қожаның қанды өлімі азиялықтардың әрдайым тебірентетін.

1820 жылдың басында Азияда бұл мәселе тағы да көтерілді. Қашғарлықтарға барлық жерде үлкен құрмет көрсетілді. Бұл елден көшіп келгендер бір қаладан екіншісіне барып, болашақта болады деген ғазатқа садақа жинайды. Олардың отандарының тағдыры туралы әңгімелері қатты әсер ететін: көздерінен жас ағызатын, сонымен садақаның көлемін үлкейтіп, олар мұсылман халықтарына азап шегуші болып көрінетін. Бұхарада Абу Муслимнің[127] кітабын көпшілік алдында оқуға тиым салынған еді, өйткені ол кітапта, бұл билеушінің көпірлермен соғысқаны туралы айтылып, жастар осы кітапты оқығаннан кейін, оның әсерімен Персияға аттанып, дінге жағымды *гази* атағын алып, немесе /20а/ *шаһид* болып қаза табуға аттанар еді, Құран бойынша олар бірден жұмаққа түсер еді. Бұхара Персиямен бейбіт қарым-қатынаста еді, сондықтан бұл көрсеқызарлық қайшылықтарға соқтырар еді.

Қашғар эмигранттары да өз әңгімелерімен осыған ұқсас әсер етер еді. Түркістандықтардың бір-біріне жау үрпақтарын біріктіре білген және Персияға шапқыншылық жасаған атышулы Сұлтан-хан Муравьевтің[128] куәландыруы бойынша қашғарлық екен.

Бадахшанды кундуз әмірінің жаулап алып, бұл тамаша елдің тұрғындарын өздерінің батпағына көшіруі, азиялықтардың айтуы бойынша, қожаларға бағышталып жасалған шара

екен, әрі Мұратбек Сарымсаққа туысқан болып келеді. Сарымсақ қожаның үш ұлы болған: Мет-Йусуф-қожа, Баха уддин-қожа және Жәңгір-қожа; үлкені Бұхарада өмір сүрген.

Қожалардың Қоқанға көшіп кеткенінен кейін қытайлықтар Қоқан ханымен қатынас орнатқан. Қытай елшілігі сыйлықтардың күшімен Қоқан ханын қожаларды қатаң бақылауға алуға көндірген және сол үшін қоқандықтарға жыл сайын екі жүз жамбы беріп отыруға уәде берген. Қоқанда 1813 жылы болған аудармашы Назаров[129] Қоқан ханы Омарда[130] Қытай елшілігін кездестірген.

/20б/ Жәңгір-қожа[131] 1783 жылы туылған, ол өзі алдын болжай алатын, ақылды кісі еді, Қытайдың жағдайымен танысып, қожаларға деген жергілікті түрғындардың берілгендігін білген ол, көтеріліс бастауға шешім қабылдайды. 1822 жылы Омар ханның қайтыс болғандығын пайдаланып, Жәңгір Қоқаннан қара қырғыздардың жайлауына шығып, сол жерде Қашғарға жорыққа дайындала бастайды. Сөйтіп, Жәңгір осы күнге дейін жалғасып келе жатқан көтерілістердің негізін қалайды. Олар Қытайда "қожам" бүліктері атымен белгілі, ал азиялықтар арасында "*газат*" деген құрметті атау алған.

Бірінші жолы Жәңгір Қоқан маңындағы құс салу аңшылығынан [қайтып] келе жатып күтпеген жерден дайындықсыз қара қырғыздарға барады да, оларды Қашғарға аттануға көндіреді. Қырғыз руы *чонбагыштың* рубасысы Сұраншы[132] қалаға жақын келіп, маңайдағы ауылдарды тонайды, бірақ тез арада қуып шығарылады. Қожаның бұл алғашқы әрекеті қытайлықтарға "бурут Сұраншының бүлігі" атымен белгілі. Бұл сәтсіздіктен кейін Жәңгір Болордың таулы иеліктерінде, /21а/ қырғыз ұлыстарында ел аралап жүреді, қырғыздардың *саяқ* руы иеліктеріне жеткенше. Бұл рудың абыройлы екі рубасылары Атантай мен Тайлақ оның жан-тәнімен берілген ізбасары болады.

Нарын өзенінің жоғарғы тұсы қырғыз көштерінің жиылатын жері, қожаның түрғылықты жеріне айналады. Жәңгір қырғыздар арасында әулие және тәңірберген атағын ала білген. Тянь-Шань қырғыздары әрдайым Қашғар істеріне белсенді араласып отырған, сондықтан қашғарлықтардан *тариқат* рухы мен қожаларға деген табынушылықты үйренген. Олардың үлттық аңыздары қожалар туралы үлкен құрметпен әңгімелейді, әсіресе *ақтаулықтар тариқаты* туралы, жалпы алғанда, қырғыздар көбіне *ақтаулықтар* жағында. Жәңгір өзінің *саяқ*, *бассыз* және *каба* руларынан шыққан көшпелі тыңшыларымен Қашғарға бірнеше шапқыншылық жасайды, алайда, олардың бәрі сәтсіз аяқталып отырғанымен, бір жағдай оны өз ісін ары қарай жалғастыруға себеп болып, оның ізбасарлары санын ұлғайтады.

Қытайлықтар, оның шапқыншылықтарын біржола тыю

үшін *амбан* басшылығындағы бес жүз кісі *солондар* мен *сиболарды* жібереді, олар Атантай[133] ауылына күтпеген жерден шабуыл жасап, Жәңгірді тұтқындаулары тиіс болатын. Бұл жоспар ерекше ыждаһаттылықпен ұйымдастырылған болатын. Қырғыз жол көрсетушілері жасақты Тойын өзені бойымен жоғары қарай Чадыркөл арқылы Нарын жағалауына өткізеді, Құртқа бекінісінен біршама төмен жерде Атантайдың ауылы тұрған еді; қытайлықтар тек қоналғыда жүріп отырғандықтан ешкімнің олардың келе жатқандығынан хабары жоқ еді, алайда, Жәңгірдің бақытына орай, бұл уақытта ол Атантай ауылында болмаған еді, сондықтан қытайлықтар ауылды тонап, кері қайтады.

Қырғыздар мен Жәңгір әлдебір тойда болып, Атантай ауылында болған жағдайды естіп, қытайлықтарды бір тар шатқалда қуып жетеді. *Бассыз* руының биі Чибылды оларды соншама тегеурінмен шабуылдағаны сондай, тек бір қытайлық құтылады да, қалғандары генералдарымен қоса шауып тасталады. Бұл іс керемет деп саналып, Жәңгір ендігі жерде батылырақ қимылдай бастайды. Ол Қоқан ханына, Ұратепе билеушісі мен Кундуз әміріне өзінің жеңісі туралы жедел жеткізеді; оның тыңшылары әр түрлі өзбек, қайсақ пен бурут көшпелі тайпалардың арасына таратылып жіберіледі. 25-шы жылдың бойы түгел дайындықпен өтеді. Қашғар эмигранттары, Қоқан *сипайлары*, *юз*, *қыпшық* руының өзбектері, түркілер мен /22а/ басқа да мұсылман әскерлері, тіпті, таулық тәжіктер, өздерінің қара киімдерімен Аппақтардың туының астына жиналуға асықты; көптеген қоқандық шенеуніктер де өздерінің жылы орындарын тастап, *газатқа* аттанды.

1826 жылдың көктемінде (мамыр айында) Жәңгір, қоқандық қала Әндіжанның бұрынғы коменданты – Иса-датқа басқарған өзінің әскерімен, Бишкирим ауылындағы лагерьге тұрып, өзінің қолын Қашғар өңірінің басқа да айылдарының тұрғындарымен күшейтіп, Даулетбақ жазығында, Түмен өзенінің оң жағалауында Ілелік цзян-цзюннің басшылығымен қарсы шыққан қытайлықтарды тегіс қырып салады. Мұнда қару-жарақ жеңушілердің қолына түседі. Таулық тәжіктер ерекше тегеурінмен шайқасады; олардың қара да тар киімдері, сол кезде кең жайылып кеткен бұл көтеріліске ағылшындардың қатысуы туралы қауесеттің себебі болады, олар әрине ешқашан қатысқан емес. Қытайлықтар өз қамалдарына жасырынып, қожа тұрғындардың қуанышты айғайымен Қашғарға енеді, Сайиид Жәңгір-сұлтан дәрежесін алып, қоқандық дәстүрдегі сарайлық және әскери шенеуніктерді тағайындайды.

/22б/ Мыңбасы дәрежесіне қоқандық Иса датқаны шығарып; барлық қашғарлық бектер өз орындарында қалдырылады, тек қытайлық домалақ шары бар тақияларды шалмаға ауыстырып, қоқандық ер салған қоқандық жылқыларды мінді.

Қашғар билеушісі Мед-Саид-ван, Комулдан шыққан, қожа туралы айтқан қорлық сөздері үшін және халықты езгіге салғаны үшін ахундар сотымен өлім жазасына кесіледі. Яркенд, Янысар және Хотан қалалары да қытайлықтарға қарсы көтеріліп, гарнизондарын қырып салып, Қытай қамалдарын түп-тұқиянымен қиратады, ал олардың жиылған қолдары Қашғарға қожаның қоластында қызмет етуге асықты.

Маусым айында Қоқан ханы 15 мың әскерімен келді, ол да атақ-даңқты тілеп, бұл оқиғалардың сыртынан қарап отыра алмады. Жәңгірдің оны не себептен суық қарсы алғаны белгісіз, сондықтан хан Қытай қамалдарына өз күшімен бірнеше рет шабуыл жасап, бір мыңға жуық кісілерінен айрылады. 12 күннен кейін ол еліне оралып, *гази* дәрежесімен тиын соға бастайды.

Сол уақытта Жәңгір /23а/ Қытай қамалын қоршап тұрған болатын. Су мен қорегі біткен қытайлықтар, жетпісінші күні қорғанысты аяқтаулары керек болатын. *Мандариндер* өздерін өздері өлтіріп, қалған қытайлықтар түнде қаладан қашып шығып, қашғарлықтар оларды тек Тесіктас қарауылынан асқан тұста тауда ғана қуып жетіп, төрт жүз кісі дұңгендер мен исламды қабылдаған қытайлықтардан басқасын қырып салады.

Қашғар гарнизоны, *гун* атағы бар Іле *цзян-цзюны* У-я басқарған, бір мәліметтер бойынша, он, ал басқа деректер бойынша, – сегіз мың кісіден құралған болатын. Осыдан кейін қожа өз елшілерін 400 кісі қытайлықтарды қосып Қоқан, Бұхара, Кундуз, Балх, Хиуа мен көшпелі тайпаларға жібереді; қожаның адамдары Ұлы жүздің қырғыздарына (қазақтарына) дейін жетеді.

Ортаазиялық мұсылмандардан көмек күтіп отырған Жәңгір өз жеңісін пайдалана алмай, кешеуілдетіп отырып, қытайлықтарға әскер жиып алуға мүрша берді. Егер де Жәңгір Қашғар қамалын алғаннан кейін Ақсуға тура тартқанда, әрине барлық Шығыс Түркістан оның қолында болар еді, тіпті Құлжаға да /23б/ қатер төнер еді.

Жәңгір өзінің ұстамды саясатымен кез-келген, тіпті Қытай саясатына берілгендерлі де өз жағына шығара алар еді, көптеген бектер кейіннен оның басына түскен қасіретін бөлісті; халық оны шектен аса жақсы көрер еді. Ақыры, Жәңгір өз жағына, оларға бостандық беріп, *қаратаулықтарды* да тартуға тырысты. Әңгімешілердің айтуына қарағанда, қалмақтар да соншама бүліншілікке ұшырап, қытайлықтар оларды қожаларға қарсы пайдалану ойынан бас тартады, өйткені олар топтобымен қашып кетеді. Тіпті қытайлықтардың қол астында тұрған қалалардың мұсылман тұрғындары, Құлжаның өзінде, олардан құтылу туралы ойластыра бастайды. Көптеген астыртын әрекеттерді қытайлықтар біліп қойып, олардың ұйымдастырушылары оңтүстік губернияларға жер аударылған еді, сол

арада Қоқан ханының арандатушылығы іске асып, қожа әскері ішінде бөлінушілік болады да, қожа Исаны мыңбасы дәрежесінен алып, оның орнына қашғарлықты қоюына тура келеді; бірақ бұл ауысу істің өзгеруіне соқтырмады да, Жәңгірдің жайбасарлығы оның алғашқы сәтті ісінің жемісінен айырды; қытайлықтар естерін жинап алып, Құлжада /24а/ олардың әскері жинақтала бастады.

Жәңгірдің екі жүз мыңдай не болса сонымен қаруланған әскері болды, қытайлықтардан қолға түскен бірнеше зеңбірегі, қарпайым мылтықтар мен қытайлық шаруа мылтықтары, оларды үш кісі оқтауы қажет болатын; одан басқа оларда *замбуректар*[134] (түйе артиллериясы) болды. Қырғыздар тыңшылар ұстады, олардан тамақ пен мал жемін таситын Қытай жүктерін тонайтын партизан бөліктерін құрды; олардың басшысы Атантайдың қожа кеңесінде үлкен абыройы бар еді, ол оған бұрынғы хакімбектің қызын алып берген еді.

Қыркүйек айында Ақсуға жетпіс мың қытайлықтар келеді, оларды жоғарғы Қытай сановнигі Джунь-тань басқарып келген еді. Ақпан айына дейін қытайлықтар Ақсуда тұрып, тек жаңа жылдан кейін Қашғарға шығады. Қашғардың Яркенд, Хотан және ортаазиялық еріктілер мен қара қырғыздар, Кундуз бен Ұратепе, тәжіктерден тұратын мыңғырған қолы қытайлықтарға қарсы шықты.

/24б/ Қытайлықтар тәртіппен келе жатты және жауын зеңбірек оғымен қарсы алды. Сычуэнь[135] провинциясынан келген солдаттар, қоқандық шапан мен шалма киіп, Жәңгір қолына араласып кетіп, олардың сапының топалаңын шығарды. Қоқандықтар алғашқылардың бірі болып сасқалақтап, қаша бастады, олардың соңынан басқа да жиылған қол еріп, сол себепті қожа тауға қашып әрең дегенде, құтылады да, тоғыз ай бойы үстап тұрған иелігінен айырылады.

Сәттілікке қанаттанған қытайлықтар, Жәңгірдің қуғыншылығына үлкен жасақты жібереді, ол Ош қаласына жақын келеді. Бұл қозғалыс қоқандықтарға тағы заманақырды еске салады. Хан әскер жинап, олардың бәрі қатты қорқынышта болады. Сол арада Жәңгір қара қырғыздардан көп қол жинап, қытайлықтармен тағы шайқасқа түсіп, қырып салады. Бұл оның соңғы ерлігі болады.

Көне-Түрфаннан шыққан Исак-ван, өте айлалы да қытайлықтарға берілген кісі, төрт ай бойы осы қызметте болған Қасымбектің, ал Яркендте – Паянды бектің орнына Қашғардың хакімі болып сайланған еді. Исак-ван кейбір қара қырғыздарды ақшаның күшімен өз жағына шығарып, өз тыңшылары арқылы Жәңгірді өзінің берілгендігіне сендіріп, оған Қашғарды тапсыратынын айтып, ақыр аяғында *машақ* руынан шыққан *чонбағыш* биінің көмегімен Жәңгірді арандатып ұстап алып, қытайлықтардың қолына тапсырады. Пекинге

жіберілген оны, бірнеше жылдан кейін, бүлікші ретінде, кескіленіп өлтіріледі.

1828 жылы аяқталған Жоңгір көтерілісі, барлығы тоғыз ай ғана болғанымен, өзінің нәтижесі жағынан үлкен маңызға ие болған. Жоңгір өзінің шапқыншылығына мұрагердің өз тағын алу құқығы үшін жүргізген заңды түр берді, ал "ғазат" – қасиетті соғыс атауы барлық Орта Азия мұсылмандарының барынша қолдауына түрткі болды.

Жоңгір көтерілісінен кейін қытайлықтардың барлық әлсіз жағы ашылды, олар осы күнге дейін азиялықтар үшін жеңіліссіз көрінетін. Қашғарлық отаншылдардың рухы көтеріліп, өз отандарының тәуелсіздігін қайтаруға деген жаңа да қуатты үміт алды, ал Қытай шенеуніктері мен өз бектерінің жасаған қатігездіктерін шыдамдылықпен төзіп келе жатқан Шығыс Түркістан халқы, қожаларға әрқашан қолдарына қару алып өздерінің құқығын қорғаушысы, сенімді қамқоршылары сияқты қарады.

/25б/ Қоқандықтар осы күнге дейін пайдаланып отырған саяси ықпалға ие болды.

[Қытайдың] өкілі Наян-Чэнге[136] Батыс өлкені тәртіпке келтіру тапсырылған еді, ол осындай жағдайларды болашақта болдырмау үшін қатаң шаралар қолданды; шаралардың барлық ауыртпашылығы жергілікті халықтың мойнына түсті, олар жазаланып, үйлері тоналды, дүние-мүлкі қазына пайдасына алынды. Қоқандық ханның барлық арандатушылық істерінен хабардар ол, оны көтеріліске қатысқаны үшін жазаламақ ниетімен, қоқандық барлық саудагерлерді бүлікші ретінде тұтқындап, екі арадан барлық байланысты үзуге бекінді. Қытайлықтардың пайымдауынша, барлық халықтар сауда жағынан келгенде олардан тәуелді, сондықтан өкіл қоқандықтармен сауда қатынасын үзу олар үшін ең жоғарғы жаза болады деп ойлаған.

Осы мақсатта Тоғызақ ауылында, Қашғардан 20 шақырым жерде, және Лянгар ауылында, Яркендтен 40 шақырым жерде, кедендік бекеттер орнатылып, олардың жанына сауда сарайлары орналастырылады. Әрбір керуен бекетке жақындаған тұста оларды сенімді офицер бастаған солдаттар қарсы алып, олар қарауылдың сыртында тауарларды, /26а/ келген кісілердіің санын, теңдер саны мен жүкті тізімге алып, сауда ауласына алып барады; одан соң басқа шенеунік келіп соның бақылауымен сауда-саттық жүргізілген. Сауда барысында келген саудагерлер қарауыл бақылауында болған, ал сауда аяқталған соң керуен қатаң әскери қарауылдың, сол кіргенде қарсы алған офицердің еруімен Қытай иелігінің шекарасына дейін шығарып салынатын болған.

Осы қысымды күшейте түсу үшін, қытайлықтар бұхарлықтар мен күндүздықтармен байланысып, оларға өз тауарла-

рын әкеліп түруға ұсыныс жасаған; бірақ ол саудагерлер де әндіжандықтар үшін ойлап табылған қатаң тексеріс арқылы өтулері тиіс болған. Қара қырғыздар да қоқандықтар тәрізді жаза қолдануға лайықты болса да, Алты шаһар қалалары өңірінде мал өнімдерінің жеткіліксіздігі себепті қытайлықтар оларға тәуелді болады, сондықтан оларды елге жіберіп, тіпті мал айдап әкелуге шақыруға да мәжбүр болған. Саудагер Пиленковтың[137] айтуынша, Жәңгірмен соғыс уақытында Ақсуда қымбатшылықтың өскені сондай, /26б/ қытайлықтар екі қойды бір жамбыға (113 сом) сатып алған, ал Қашғарда – күміспен 30 сом төлеген.

Қытай өкіметінің шаралары өз мақсатына жетті; барлық Орта Азия мен Ауғанстан Қоқан арқылы Қашғардан әкелінетін шайды пайдаланып, шай ішу көпшілікке таралған еді.

1829 жылы шай саудасындағы қысымның шегіне жеткендігі сондай, қоқандықтар қолдарына қару алып өздеріне сауда жолын ашуға ұмтылды.

Мадалі хан, жас әрі байлық пен нәпсіқұмарлыққа әуес адам еді, соған қарамай өз маңайына өзіне лайықты, *юз* тайпасынан шыққан өзбек Хаққұлы мыңбасы және Мадалі хан жоғары лауазымдарға дейін көтерген және беклербек дәрежесімен Ташкент хакімі болып тағайындалған парсылық құл Ляшкар сияқты қолшоқпарлар жинай алатын. Осы уәзірлердің көмегімен Мадалі: Қаратегін, Дарбаз, Куляб сияқты тау иеліктерін басып алып, өз билігін барлық бурут тайпалары мен Ұлы жүз бен Орта жүздің бір бөлігіне жүргізген.

Бұл ханның билігінің бірінші жартысы қоқандықтардың әскери жеңісінің жарқын заманы болды, /27а/ сондықтан әрине Мадалі қытайлықтармен соғысуға қызу кірісті. Қоқандықтарды онша жақтыра бермейтін жергілікті халықтың наразылығын туғызбай, керісінше олардан қолдау табу үшін, ол Бұхар әмірінен құпия түрде, Бұхарада тұрып жатқан Жәңгір-қожаның үлкен бауыры Мад-Йусуфты шақыртып алады. Осыдан кейін хан хандықтың барлық тұрғындарына, ол мұсылман билеушісі әрі көрші ретінде кәпірлердің мұсылмандардан алып отырған ауыр алым-салығына, олардың мұсылман әйелдері мен қыздарын зорлап отырғанына сырттан сұлық қарап отыра алмайтындығын, т.б. айтып, ұран тастайды. Халықтың қарсылығын одан ары қоздыру үшін ол бұған тіпті болмаған әңгімелерді қосады, онда қытайлықтар мұсылман қасиетті жерлерін қорлап, мұсылмандық парыздарды атқаруға мүмкіндік бермейтінін, және де қашғарлықтардың күніренген дауысына сәйкес, ол қашғарлықтарды құлдықтан азат етіп, Мад-Йусуф-қожаны ата-бабаларының тағына отырғызбақшы екенін қосады.

1830 жылдың қыркүйегінде Мад-Йусуф-қожа жиырма мыңдық – қоқан әскерімен, он бес мыңдық – ташкенттіктермен,

Қаратегіннің екі мыңдық тәжік әскерімен, қашғарлық эмигранттарды қосқанда барлығы қырық мыңдық әскермен, түйе үстіндегі он зеңбірегі бар, Хаққұлы мыңбасының өзінің қолбасшылығымен, ханның атасы Мад-Шарифтің және ташкенттік күшбегі Ляшкардің еруімен жорыққа шығады. Қоқандықтардың жорыққа дайындалып жатқанына хабардар қытайлықтар олардың алдынан екараға маңайлатпас үшін үш мың кісімен алдынан қарсы шығады, бірақ Минюл шатқалы түсында түгел қырылады.

Осыдан соң Хаққұлы, қытайлықтарды тағы жеңіліске ұшыратып, Қашғарды алып, Мад-Йусуфты билікке отырғызады. Күшбегі Ляшкар Янысар, Яркенд, Хотанды алып, Ақсуға жол тартады, жол бойы қарсы шыққандардың бәрін қылыш астына алып, өз жорығын Мұзарт өткеліне дейін кеңейтеді. Қытай әскері Қарашарда тұрған, шабуылдарын кешеуілдете берді.

Құлжада қалмақтардан түйе жинай бастайды, торғауыттар да екі мың кісі беруге міндетті болатын, олар да қалауынсыз жиналып жатты.

Сол арадағы Бұхар әмірінің жаулық әрекеті Хаққұлыны қайтарып алуға мәжбүрледі, ол /28а/ Қашғар қамалын қоршап тұрған еді, осылайша қараша айында Қоқан әскері қайтып кетті. Мад-Йусуф-қожа жалғыз өзі қарсы тұра алмайтынын біліп және де өте бейбітшіл кісі болғандықтан, ол да Қоқанға қайтады. Оның билігі тура тоқсан күн болды. Осы соғыстың кезінде Қоқан иелігіне жетпіс мыңдай қашғарлықтар көшірілді, олар Сырдария, Ходженттің төменгі жағына, Далвас шатқалына және Ташкентте орналастырылып, Йанишаһр ауылын құрады.

Барлық бұл қашғарлықтар он жылдық жеңілдіктер алады. Оның үстіне қоқандықтар бұл соғыста бес жүзге дейін қытайлықтарды тұтқынға алады, көптеген қару-жарақ қолға түседі және көп шамадағы шай мен күмісті тонап алады.

Бұл жылы Батыс Қытайдың жағдайы қиын болды. Шаньси губерниясы көтеріліп, инсургенттер біршама жетістіктерге жетеді; Баркөлді мұсылман көтерілісшілері басып алады да, тұрғындарын қырады, сондықтан Ілеге тек қаңтар айында әскер жиыла бастайды, ол кезде қоқандықтар Қашғарды тастап кеткен болатын.

1831 жылдың көктемінде қоқандықтар /28б/ қара қырғыздармен соғыс бастайды. Хаққұлы жеті мың сипайларымен Нарынның жоғарғы түсында *саяқтардың* ұлысын шауып, олардың қолбасшыларын: Атантай мен Тайлақты тұтқындайды және көптеген мал, дүние мен әйел-еркегі бар көп тұтқындар алып оралады, ал ташкенттік күшбегі Іле өңіріне еніп, *сибо-лардың* әскери қамалдарына дейін жетеді. Бұл жағдайлар қытайлықтарды өз саясатын қайта қарауға мәжбүр етеді.

1831 жылдың көктемінде қытайлықтардан бейбітшілік туралы ұсыныстарымен төрт кісілік елші келеді. Қоқан ханы олардың үшеуін ұстап, төртіншісін өз елшілерімен Пекинге аттандырады. Қоқанның өкілі болып саудагер Алим-патша тағайындалды, ол өз билеушісінің пайдасына төмендегідей құқықтарға қол жеткізеді: біріншіден, Шығыс Түркістанның Алты шаһарына: Үш-Түрфан, Қашғар, Янысар, Ақсу, Яркенд пен Хотанға шетелдіктер әкелетін тауардан түсім қоқандықтар пайдасына беріледі; екіншісі, бұл түсімді жинау үшін қоқандықтар жоғарыда аталған әрбір қалада қашғар приставының бас бақылауындағы өзінің сауда приставын – ақсақал ұстайды, олар негізгі /29а/ қашғарлық ақсақалдың қарауында болады, ол сонымен қатар өз билеушісінің саяси өкілі қызметін атқарады; үшіншіден, Алты шаһарға келетін барлық шетелдіктер әкімшілік те полициялық қатынаста да қоқандық приставқа тәуелді болулары тиіс.

Қоқандықтар өз тарапынан қожаларды бақылауда ұстауға міндетті және оларды өз иеліктерінен шетке шығармай ұстаулары қажет, ал қашып кеткен жағдайда қамауға алулары тиіс. 1832 жылы тура сол Алим қашғарлық ақсақал болып тағайындалады, ол бұл қаланы, Қоқандағы барлық қызметтер сияқты жалға алады.

Осылайша, Қоқанның Батыс Қытаймен сауда және саяси қарым-қатынасы қайта орнықтырылып, сонымен қатар қоқандықтардың ықпалы күшіне мінді, қытайлықтардың бейбітшіл саясатын пайдаланып, бірте-бірте өздеріне әр түрлі артықшылықтар теліп ала берді, олар халықаралық қатынастардың тәртібін білмейтін халық ретінде, өздерін өте дөрекі ұстап, әдепсіздіктер істейді, қытайлықтар үлкен шыдамдылықпен бұларына төзіп келеді.

/29б/ 1825 және 1830 жылдардағы Шығыс Түркістандағы көтерілістер мен оның салдары қытайлықтарға ауыр соққы болып тигені сондай, олар әлі күнге есеңгіреп отыр; әскер жүретін (разъездная) шекараға қытайлықтар 1825 ж. бері келген емес, әскер жүру үшін басқа Мұзарт мұздағы арқылы өтетін жол пайдаланылады. Мин-юлға Нарын шекарасынан асыра Жәңгірге қарсы жүргізілген сәтсіз жорық, қытайлықтарды бүгінгі күні ерекшелендіріп отырған өз шекараларына қатысты бейжай күйге түсірді. Қоқандықтар қара қырғыздарды тәуелді етіп, Шығыс Түркістанның шекарасын Хотанға дейін айналдыра өздеріне қаратып алды. Қоқандықтар 1832 жылы Нарында – Құртқа, ал кейін Памирде – Ташқорған қамалдарын салады.

Шығыс Түркістан қалаларында да қоқандықтардың әсері күшті, өйткені түрғылықты халықтың ¼ бөлігі оларға бағынады. Қоқанның бұл жерлердегі пайдасы ендігі жерде қожалардың шапқыншылығына қарсы шаралар қолдануды қажет етті,

сондықтан олардың үстінен қадағалау қойылды. 1846 жылға дейін Шығыс Түркістанда Қытай үкіметі алдында халықтың мүддесін қорғай білген әділетті *хакімбек* /30а/ Зурдуннің басқаруымен тыныштық орнады.

Зурдун-бек 1830 жылы Қоқанға көшіп, одан Сібір шекарасына Петропавловскке өтіп, Қазанда болған, одан соң Семей арқылы Құлжаға қайтқаннан кейін, *цзян-цзюннің* қабылдауында болған. Зурдун Қоқан тұтқынынан қашып шықтым деп, осының негізінде Қашғардың *ішкағалық*, кейіннен *хакімбектік* қызметіне сайланған. Зурдун-бек сауда-саттықты қолдап, біздің татарларға қамқорлық еткен және де оларды Қашғармен тікелей қатынастар орнатуға шақырған; соның арқасында Қашғарда жаңа қамалдар түрғызылып, жаңа *махаллалар* салынған.

1845 жылы Қоқанда күшті уақытша билеуші Мұсылманқұлдың қамқорлығындағы он төрт жасар Хұдайарды хан көтеруге байланысты бүлік басталды. Қоқандағы бүлік Қашғарға да әсерін тигізбей қоймады: ақсақалдар үздіксіз ауысып, тіпті олардың біреуі Абд ул-Афур Қоқанға шақыртылып дарға асылған. Қара қырғыздар топ-тобымен Қытай бекеттері шекарасынан өткен, ал Қоқан ақсақалы сыйлықтар алып, есесіне /30б/ қырғыздарды тоқтатпақшы болған. Қожалар бұл аласапыран кезді пайдаланып, қашғардан көшкендер мен қара қырғыздардан құралған аздаған қолмен 1847 жылдың күзінде Қашғарға келеді.

Қаланың хакімбегі Қасым-бек қожалар Қытай қамалын алмайынша қаланы бермеуге шешім қабылдайды. Қамал сыртына шайқасқа шыққан қытайлықтар жеңіліс тауып, қаша бастайды, қожалар оларды қуып, Қызыл өзеніне батырады. Қожалар өз жеңісі туралы қалаға керней үнімен хабар береді, алайда бектер қорғанысқа шығып, қала қабырғасына түрғындарын қуып шығарады. Сол арада бұл қызметке қыпшақтар сайлаған, Ташкент саудагерлерінен шыққан Намед-хан деген қоқандық ақсақал жер асты жолдарымен қожалармен қатынас орнатып, оларға қаланы бермекші болады; екінші апта болғанда таңертең ерте қоқандықтар қақпаны ашып, қожалар қалаға енеді. Қасым хакімбек пен басқа да бектер қашып құтылып, Қытай қамалына тығылады.

Бұл көтеріліс "жеті қожа көтерілісі" деген атпен белгілі, өйткені оған Аппақ әулетінен жеті кісі қатысқан; олардың үлкені Ишанхан-төре, ол Каттахан деген атпен белгілі болған, /31а/ ол билеуші деп жарияланып, басқа қожалар маңайдағы елді мекендерге билеуші болып тағайындалған. 1857 жылғы соңғы көтерілісті басқарған Уәлихан-төре Янысар қаласының билеушісі болып, өз билігін асқан қатігездігімен есте қалдырып үлгерген.

Жеті қожаның билігі бектердің үйлерін тонау мен үлкен

гаремдер жинаумен басталған. Қоқанда өсіп, тәрбиеленген олар, өз отандастарының дәстүр-салттарынан жеріп, маңайларына әндіжандықтарды жинаған; қоқандық ақсақал Намед-хан мыңбасы дәрежесіне көтерілген. Жалпы Каттахан халықты өзіне не тарта алмаған, не қорқыта білмеген. Бұл көтерілістегі қабілеті зор адам Тәуекел-қожа еді, ол да Мұхаммед [Пайғамбардың] ұрпағы, бірақ басқа, Болор тәжіктері арасына сіңіскен тармақтан шыққан кісі. Бұл пысық та ерекше батыл қожа, батырбасы дәрежесінде Қашғарды қоршауға алған әскерді басқарып, кейіннен Ақсуға жіберілген.

Сол кездері Құлжада соғысқа дайындала бастайды. Тез арада /31б/ көтеріліс туралы хабар келісімен Құлжадан жасақ шығады да, көп ұзамай қаланы әлсіретпеу үшін кейін қайтарылып, Қашғарға жіберу үшін Үрімші мен Лянчжоудан әскер күтіледі. Олар келісімен, қараша айында, бірнеше жүз маньжурлар, жасыл ту солдаттары *сибо* мен *солондардан*[138] тұратын, және де бір мың кісі *торғауыт* пен үш мың *шампан*, жорыққа шығар алдында Құлжаның жеке дүкендері мен үйлерін тонаған оңтүстік губерниядан жер аударылған қылмыскерлер қосылған әскер Құлжадан шығады. Бұл цзян-цзюн У-яның басшылығымен Маралбасына қыстауға тоқтайды.

Қытайлықтар келмей тұра Каттахан қожа Яркендті алуға жорыққа шығады. Қытай қылмыскерлері салынған тиымға қарамай, қожаның алдынғы шептегі бөлімдеріне шабуыл жасап, қырып салады. Каттахан асығыс Қашғарға қайтады, бірақ оның әндіжандықтарды артық көріп, әрі оларға салынған ауыр алым-салыққа наразы қала тұрғындары, қаланың қақпасын бекітіп алады. Қытайлықтармен бірнеше рет ұрысқан қожа Қоқанға қашып кетеді, ал қытайлықтар көп күш шығармай Қашғарды алады. Естігенімізше, қытайлық әскердің саны алпыс төрт мыңдай болыпты және оларды қолдау мақсатымен Құлжаға қосымша әскерлер аттанған.

/32а/ Бұл сан, біршама көбейтіліп айтылған секілді; біздің пайымдауымызша, Үрімшіден төрт мың, Құлжадан алты мың, ал Лянчжоудан жиырма мың әскер шықты деген басқа мәлімет шындыққа жақынырақ. Бұл жолы Қашғардан әйелі бар еркегі бар жиырма мыңнан артық кісі көшіп шығып, олардың көпшілігі қатты аязда Теректі тауларында үсіп өледі, олардың сүйектері әлі күнге бұл асуда шашылып жатыр. Олар қыстың ең суық күндері, қаңтарда қашып шығады; қар көшкіндері қашқындарға көп кедергі келтіреді; бір шай керуені қар көшкінінің астында қалып, тауарлары көктемге дейін қар астында қалған.

Осы жылы-ақ, қытайлықтардың ұсынысымен, бұрынғы негізде қоқандықтармен сауда-саттық және саяси қарым-қатынастар қайта орнатылған. Қоқандықтар қытайлықтардың әлсіздігі мен өздерінің күшін біліп, әрі қолдарында қожаларды

үстап отырғандықтан, *богдыхан* үкіметімен шектен шыққан ожарлықпен қатынасады; Қашғарды қожаларға ашып берген, әрі олардың түсында мыңбасы болған Намед-ханды Қоқан ханы тағы да ақсақал етіп тағайындайды. Қожаларға қызмет еткен қоқандықтар Қашғарда ақсақалдың қамқорлығында жайбарақат өмір сүреді. Қоқандықтар /32б/ қожалардың іс-амалдарына көңіл аудармады, өйткені олардың әрекеті қарым-қатынастарға теріс әсер етпей, керісінше бұлардың ықпалын одан әрі күшейтті.

1855 және 1856 жж. Кішікхан-төре мен Уәлихан-төре бірнеше рет шапқыншылық жасайды, бірақ өздерінің қолының аздығы салдарынан шекаралық бекеттен ары өте алмайды.

1857 жылы соңғы көтеріліс болды. 1857 жылдың көктемінде, рамазан айында, рамазан айт мейрамының күні Уәлихан-төре қожа қашғарлық жеті адамның көмегімен Қоқаннан қашып шығады. Түнде Оштан Қашғарға апаратын жолдағы қоқандық Оқсалур қамалына келіп, қожа қамал комендантын өлтіріп, гарнизонды өз қарамағына алады. Қашғар ақсақалы Нүрмұхаммед-датқа қамал төңірегінде көшіп жүрген қырғыз руы *чонбағыштардан* зекет жинауға жіберген бірнеше солдатты да өзіне қосып алады; Қашғарға баратын барлық жолдарға қарауыл қояды, /33а/ қырғыздар қалаға хабар жеткізбес үшін, өзі осында қалып, тыңшыларын қырғыздардан қол жинауға жібереді.

Қытайлықтардың Ош жағына қожалар туралы үзынқұлақтан сыбыс жинауға жіберілген бірнеше қашғарлық бектер ұсталып, Уәлихан-төреге жеткізіледі, ол олармен сөзге келмей өз қолымен бастарын шауып тастайды. Келесі күні, Қызыл өзенінің өткелі түсында түнеп шығып, осыдан кейінгі түні ол бірінші Қытай бекетіне жетеді; қақпа маңындағы қарауылшылар орындарында жоқ екен, сондықтан қожаның серіктерінің бірі қабырғадан асып түсіп, қақпаны ашады. Уәлихан-төре қылышын жалаңаштап, өз серіктерін ертіп казармаларға кіріп, наша шегіп жатқан қытайлықтардың бірін қалдырмай шауып тастайды; бекетте болған басқа қашғарлықтар да солардың кебін киеді. Бекеттің шараусын бітіріп, қожа таңғы сағат төрт кезінде Қашғардың оңтүстік-батыс қақпасының алдынан шыға келеді. Қала тым-тырыс жатқан болатын; қожаның жақтаушылары қалада сатуға жинап әкелініп қала сыртында қалдырылған отынды жинап, /33б/ қақпа алдында үлкен от жағып, бекетте қолға түскен оқдәріні қақпаны жаруға пайдаланады.

Соған қарамастан қаланың тыныштығын ештеңе бұзбайды, және де ешкім не болып жатқанын білмес еді. Қақпа құлаған сәтте қожаның серіктерінің бірі қала көшелерімен "Бұзрық-хан-төре жасасын!" деген ұранмен шауып өтеді. Баршасы бірден көтеріліп; қаланың тұрғындары қолдарына қару алып, тез арада барлық қытайлықтарды қырып салады, олардың

дүкендері мен үйлерін тонайды. Қоқан ақсақалы қақпа алдына шығып қарсы алған қожа қалаға енеді. Басқа қақпадан Қытай қамалына қашып үлгерген хакімбектің сарайы тазартылып, Уәлихан төрені сарайда дабыл мен керней үнімен қарсы алады. Қашып үлгірмеген барлық бектерді қала түрғындары ұстап, қожа бірнеше кісіні өз қолымен өлтіріп айызын қандырады.

Келесі күні үлкен абыройлы *ақтаулық* шайх-ахун мен екі бек: Халықбек пен Таирбек бастаған Артыш, Бишкирим мекендерінің түрғындары келеді. Қытайлықтарға қызмет еткен және Қытай қамалына қашып, құтылып үлгірмеген бектердің барлығы балаларымен жазалаушылардың қылышының құрбаны болып, /34а/ ал әйелдері қожаның солдаттарына таратылып берілгенмен; алайда аталмыш Артыштық екі бек Уәлихан-төреге қорқынышсыз келеді, өйткені, олар Қытай үкіметіне қызмет етіп жүрсе де, олар қожалармен құпия қатынаста болып, оларға "ғазат" бола қалған жағдайда қажет болар деп қомақты қаржы жіберіп түрған.

Уәлихан-төре сол уақытта мыңбасы дәрежесін жаңғыртып, қоқандық ақсақал Нүрмұхаммедті тағайындайды; Басқа да сарайлық қызметтер қоқандықтар мен қашғардан көшкендерге беріледі.

Көтеріліс тез өріс алып, қожа аз уақытта жетпіс мың сипай (кавалерия), төрт мың сарбаз (пехота), оның сыртында қалалар мен ауылдарда қақтығыс іздеп жүргендерден: дәруіш, анаша құмарлар мен т.б. құралған әскер жинап алады. Әскер біркелкі киіндіріледі, қожа тарапынан қаруландырылып, бес жүз кісіден бір ту астына жиналады, оларды пансадтар (бесжүздіктер) басқарады.

/34б/ Қаланың барлық түрғындары күнделікті кетпен мен күректерін алып, өзен ағысын Қытай қамалына бұру үшін Қызыл өзенін бөгеуге баратын; сонымен бірге барлық шетелдік саудагерлер де (қожалар берген) қысқа найзамен қаруланып, қорғаныс жұмыстарына келуге міндетті болатын.

Қожа өз әскерінің сақадай сақ түруы үшін барлық жағдайды жасайды: Қашғардың барлық шеберлері қару-жарақ жасаумен шұғылданып; түрғындар мен шетелдік саудагерлердің аттарын тартып алып әскерге береді. Уәлихан әскерлерге үнемі алым-салықты көбейтіп отырды. Қожа сонымен қатар артиллерия да ұйымдастырған, ол нашар істелінген барлығы сегіз зеңбіректен түрған. Зеңбіректер Қашғардың өзінде, әлдебір ауғандықтың қарамағында құйылған. Көзімен көргендердің айтуынша, оның әскері, Орталық Азияда үлгілі болып саналатын Бұхар әмірінің әскерінен де құрылымы мен қаруланууы жағынан әлдеқайда мықтырақ еді.

Қытайлықтар қоршау жұмыстарын жүргізбес үшін қамалдан шығып түрған, бірақ әрқашан жеңіліске ұшырап отырған,

сондықтан соңғы уақытта /35а/ тек қамал қабырғасынан оқ атып, ал *солондар* мен *сиболар* садақ оғын жаудырып тұрған.

Қожа көп ұзамай Янысар қаласын қолға алады: Яркендке шабуыл жасауға ол өзінің жақсы көретін, Янысарлық бір эмигранттың баласы Тилля-ханды жібереді, оны оған тапсырылған істің сәттілігі үшін қожа деп жариялаған.

Яркендті қоршау шілде айының соңында басталады, Яркендтік маньченнен Тилля-ханға қарсы шыққан қытайлықтар қырылып, олардың қару-жарағы жеңушілердің қолына түскенімен, қала тұрғындары қорғануға көшеді. Жергілікті бектер, бұхарлықтар, бадахшандықтар мен балтылықтар қожаға жақтас халықтарды көтеріліске қосылмауларын, Тилля-ханның қожалар тұқымына жатпайтынын, негізінде Янысарлық қасапшының ұлы екенін айтып үгіт жүргізген. Яркендтік хакімбек Измаил-ванның халыққа, қытайлықтардан қаймықпай, айтқан сөзі керемет. Онда ол, егер шын қожа келсе, оның өзі, Измаил-ван, оған қарсы қару жұмсауға қолы көтерілмейтінін айтқан.

/35б/ Қожаның билігін қолдап тұрған қуатты күшке қарамастан, қашғарлықтар тарапынан осынау мейірімсіз билеушінің барлық жүз он күндік қатыгездігі мен әділетсіздігіне шыдау үшін көп шыдамдылық пен берілгендікті қажет етті. Анаша шегуге әбден дағдыланған Уәлихан-төренің есаланданып өзінің құмарына берілгені соншама еді; оның құмары қан төгу болатын, ол бір де бір күнді бос жібермей өз қолымен бірнеше кісіні шапқыламаса тура алмайтын. Қызыл өзенінің жағасына ол адам бастарынан пирамида түзіп, осы өзіне лайықты ескерткіштің өсе түсуін қатаң қадағалап отырған; барлық жерлерде өлтірілген қытайлықтар мен мұсылмандардың бастары жиналып, пирамидаға жіберіліп отырған. Көптеген белгілі кісілер де оның қанішерлігінің құрбаны болған, оның ішінде себепсіз жазаға тартылғандар: бірнеше рет Қашғар ақсақалы болған, қожаның қызметіне кіру үшін Қоқаннан қашып шыққан Намед-хан; өзінің ең берілген және ержүрек серіктерінің бірі, Яркенді қоршауға қатысқан артыштық Халық-бек, және бір еуропалық-саяхатшы.

Соңғысы Қоқанға бара жатқан /36а/ және жолда қожаға кездесуі керек болатын; ол менің бір танысым маргеландық саудагер Наманбайдан, өзіне үнділік алтын парча мен кашмирлік шәлілер тауып беруді сұраған, оларды кездескенде Уәлиханға сыйға тартпақ болған. Естуімізше, бұл еуропалық, өзін Бомбейден Қоқан ханына бара жатқан ағылшын уәкілі деп таныстырған; қожа одан құжаттарын талап еткенде, оларды кімге жіберілсе, соған ғана көрсетемін деп жауап берген. Бейшара *френгтің*[139] тағдырын шешуге осы жауаптың өзі ақ жеткен. Қашғарда оны ағылшын агенті деп санайды, бірақ болған уақыты мен Еуропадан алынған мәліметтерге қараған-

да, 1857 жылдың жазында жазаланған еуропалық, күмәнсіз, Пруссия ғалым-саяхатшысы Адольф Шлагинтвейттен басқа емес деп пайымдауға болады. Оның дүниесі мен қағаздары қожаның қолына түскен, одан арғысы белгісіз. Онымен бірге келген үндіс, әлі күнге Яркендте тұрып жатыр.

Бұл қожаның қанішерлігінің деңгейін төмендегі оқиғалардан көруге болады: /36б/ бір қашғарлық шебер, бірнеше қылыш жасап, оларды қожаға сыйға тартпақ болып, ұлын ертіп келеді. Қожаның алдына шақырылған, оның қолын сүю құрметіне ие болады. Қожа қылыштың бірін алып, "Өткір ме?" – деп сұрайды. Шебер оны мақұлдайды. "Көрейік" – деп, қожа шебердің ұлының басын шауып түсіреді, де: "Йә, тамаша қылыш", – деп, шеберге құрметті шапан жабуға бұйырады.

Бір күні Уәлихан-төре Қашғардың құрметті кісілерін – бірнеше әндіжандық саудагерлерді шақыртады екен. Қашғарлық әдет бойынша, музыканттар алдырады. Ойын-тойдың қызған уақытында: "Жаналғыш!" – деген қожаның қатты дауысы шығады. Қонақтардың бәрі де оның таңдауы кімге түсерін қобалжып күтеді; жаналғыш келіп, ол абайсызда есінеген әншілердің біріне меңзейді; бәрінің көзінше басы шабылып, пирамидаға жіберіледі. Әйелдер, еркектер, *ақтаулықтар* мен *қаратаулықтар*, солдаттар мен молдалар бәрі бірдей қожаның қанішер қылығынан көресісін көрді; түрмелер тұтқындарға толып, Қашғар түгелімен /37а/ әр жерде өліктер шашылып жатқан сормаңдай мекенге айналады.

Қашғардың дәстүр-салты қоқандықтан өзгеше болатын, [сондықтан] қожаға жақпайтын да, сол үшін құдалайтын. Ұлттық киім-кешекке тиым салып: әйелдер әндіжандықтардың үлгісімен шаштарын ақ орамалмен жауып, көшеде не жағдай болса да беттерін ашып жүре алмайтын, оған қоса шаштарын өруге де тиым салынады да, полиция бұған қатаң қадағалау жасайды. Бұл жарлықты бұзған әйелдердің бұрымдарын кескен. Еркектер алты жастан бастап шалма киюге міндетті болып, әрдайым мешітке барып тұруға тиіс болған, оған қашғарлықтардың бойы үйренбеген еді. Осындайдан кейін Іледен орасан зор Қытай әскері келе жатыр деген хабарды олардың зор қуанышпен қарсы алғандығы әбден түсінікті болады.

[Олар] осындай жантүршігерлік сұмдықтан тезірек құтылуды шыдамсыздықпен күтеді: оның үстіне қашғарлықтар әскер мен сарайдағы барлық жоғарғы лауазымдарға тек әндіжандықтардың тағайындалуымен қорланған еді. Мыңбасы болып бұрынғы қоқандық ақсақал Нұрмұхаммед, *михтар* болып – Мұхаммед Рахым, қазынашы – /37б/ Мад-Карим-қазы, сарай қызметкерлерінің басы, *ұдайшы* дәрежесіндегі қыпшақ Сатықұл мен қашғарлық эмигрант Мұса-*пансад*, оққағарлар басшысы, *курчи*, алдымен Тохтар жасауыл болса, кейіннен тағы

басқа қоқандықтардың бірі болған. Әскердің жеке бөліктерін: Маргелан төңірегіндегі Шаймардан мазарының шайхтарының бірі Абдуллахан қожа, ол Ақшапан қожа атымен белгілі болған; Яркендті қоршаған бөлімнің басшысы, Уәлиханның бұрынғы *мягремі* (түріктің чибукчиі*[115] сияқты) Тилля-хан; ал Ақсу мен Хотанға жіберілген жорық бөлімдерін: біріншісін – белгілі қарақшы мен ұрыншақ *чалгурт* Тохта-манжу, екіншісін – әлдебір маргеландық қасапшы басқарған. Соңғысы Яркендтен Хотанға бара жатқан жолда үлкен елді мекен Гуманың иемденіп үлгереді. Ақсу бөлімінң басшысы Тохта-манжу кезінде қытайлықты өлтіргені үшін оңтүстік губернияға жер аударылған еді, ол жерден манжур шенеунігінің бейнесіне еніп Қашғарға өткен, мұнда қарапайым солдат дәрежесінде Қашғар ақсақалына қызмет еткен. Қашғарлықтардан қожаның түсында аздаған құрметке ие болғандар: /38а/ Астын-Артыш мекенінен шыққан, ең бай да Қашғардағы жалғыз белгілі *ақтаулық* – Шайх-ахун; Уәлихан-төре оның қызын алған.

Әскер ішінде *пансад* дәрежесінде қашғарлықтар мен *чалгурттар* көп болған, алайда олардың ешқайсысы да қожаның сеніміне кірмеген, тіпті қожаға тура бара алмайтын да. Осындай, қоқандық ақсақал тұсында қарапайым солдаттардан шыққан әндіжандықтарға берілген артықшылықтар, алғашында қашғарлық патриоттардың шамына тиіп, олардың наразылығын тудырған.

Бір қашғарлық ахун маған қожаны қарсы алғандағы тасыған қуаныштары туралы айтып берген еді. Қашғарды алған күннің ертесіне бикаримдық және артыштық қолдар Шайх-ахун мен екі бек, Тайыр мен Халықтың басшылығымен, маңайды қуанышты айғайларымен жаңғыртып, қолдарына түскен нәрсемен қаруланып, туларын желбіретіп, кернейлетіп, өздерінің қожаларын көріп, қолын сүюге сарайға келеді. Сарайды қоршап, оларды қожамен кездесуге жібермеген қоқандықтардың бейнесі олардың шулаған наразылықтарын туғызады. /38б/ "Біз қожаны шақырып, ол үшін барымыз бен жанымызды құрбан етіп жүрсек, әндіжандықтар мынасы не?" – деп шулайды. Осы сәтте қожадан Мұса-пансад шығып, қысқа ғана: "Егер бастарыңды көтеріп жүруге ауырламасаңдар, Аллаһ үшін, доғарыңдар" – дейді. Осы көріністен кейін қашғарлықтар үндемей, көңілдері қалып тарқайды.

Қожалар әулетінен соңғы күндері Уәлихан-төреге Кішік-хан-төре мен Каттахан-төренің он үш жасар ұлы келді.

Елдің қоры соңғы кездері таусылуға айналған еді, саудасаттық пен өндірістердің тоқтағаны қатты сезіле бастады. Аттар, есектер әскер үшін алынған болатын, мыс қазандар,

*[115] *Чибукчи*, дұрысы *чубукчи* – темекі шегетін мүштектерді ұсынушы.

ыдыс-аяқтар және мыстан жасалған барлық зат зеңбірек құюға тартылып алынды.

Жүз күн бойы барлық халық қоршау жұмыстарымен айналысып, үй шаруашылығы мен күнделікті шаруа жайына қалды. Оның үстіне қожаның күдікшілдігі мен қанішерлігі шегінен шықты. Қоршау жұмыстарын басқарып жүрген Намед-хан өлтірілді, барлық шенеуніктер қуғынға ұшырады; мыңбасы бірнеше рет түрмеге түсіп, өз өмірі үшін зор құн төледі, барлық және әрбір адамның өміріне қауіп төніп тұрған болатын. /39а/ Қожа тұсында *удайчи* болған кісі, әрбір сағат пен әрбір минутта өлім күткенін айтады. Осындай ауыр жағдайдың ұзаққа созылуы мүмкін емес еді; халық Қытай қамалының алынуын шыдамсыздана күтті, оның қабырғасы Қызыл өзенінің тегеурінімен құлауға жақын тұр еді, алайда тамыз айында кенеттен Қытай әскері келді. Барлығы да қуана кетеді. Өлім жазасына кесілген мыңбасы, сол уақыт барлық әскермен шегініп, Қоқанға қашып кетеді.

Жүз он бес күн бойы азапты қоршау жұмыстарына салынып әрі балта жүзінен көптеген жақындарынан айрылған өндіжандық саудагерлер де мыңбасыдан үлгі алып, соңынан кетеді. Айта кету керек, арасында бір де бір қоқандық қалмаған, маңайындағылармен жалғыз қалған Уәлихан-төре Дарваз атты тау иелігіне қашып кетеді, оның /39б/ билеушісі Исмаил-шах қожаның Қашғардан әкелгенін түгелдей тартып алып, оның өзін Қоқан ханының талабы бойынша ұстап береді.

Яркендте қалған бөлімдер де қашады, ал Ақсуға жіберілген чалгурт Тохта-манжу, Маралбасыдан бірнеше мың *долондарды*[140] әулеттерімен көшіріп әкетіп, өз атынан оларды Қоқан ханына өткізеді. Хан өзінің Қытай үкіметі алдындағы міндеттеріне қарамастан, оған бұл зорлап көшірілген *долондарды* билеуге рұқсат етіп, тіпті олардан жиналатын зекетті де береді.

Қашғардан Қоқанға бұл уақытта өз еркімен он бес мыңға дейін кісілер көшіп кетеді. Қашғарды алған қытайлықтар Уәлихан-төреден кем емес қатігездіктер жасайды. Әсіресе маңайдағы ауылдар қытайлықтардан қатты жәбір көреді, олар бидай, шөп, малын және басқаларды тартып әкетеді; тіпті мешіттер мен мазарлардың терезе, есік және басқа да ағаштан жасалған бөліктерін мұсылмандардың қайғысына орай отқа жағылған еді. Қалмақтар мешіттерге жылқыларын қамап, /40а/ еш себепсіз жергілікті халықты соққыға жығып, әйелдерін зорлайды.

Қытайлықтар хакімбектің міндетін атқарушы қылып Құтлубекті тағайындайды, ол бұрынғы хакім Амет-ванның (Ахмед) тұсында ерекше тапсырмалар шенеунігі қызметін атқарған, ал бұрынғы хакімбек Амет-ван бейқамдық пен ықылассыздығы үшін сотқа беріліп, біздің барған тұсымызда

Ілеге (Құлжаға) аттанған болатын. Құтлүбек өте зерек те пысық кісі, қаланы тыныштандыруға шаралар қолданады: Қашғардан қалмақтарды қуып шығып, қалада олар жасаған бассыздықты тияды. Оның айтуы бойынша, көтеріліске қатысқан барлық кісілер ұсталып, басқаларға сабақ болуы үшін жазаланады. Алдында біз бірнеше рет айтып өткен Шайх-ахун мен оның үлкен ұлы Қазы-ахун, түрмеге түсіп, азапталғаннан кейін, бастарын алады; оның екі ұлы Құртқаға қашып үлгіреді, одан әрі Қоқанға кетеді.

Жазаның басқа құрбандары белгісіз кісілер болатын, олар жазаға тек *чалгурт*, әндіжандық болып, немесе қожаларға немесе олардың шенеуніктеріне қызмет еткендері үшін ғана ұшыраған еді. /40б/ Осы жазаға ұшыраған кісілердің бастары, Қашғарға кіретін қақпа алдындағы жолда арнайы жасалынған торларда сәндік үшін қатарлап қойылған.

Әндіжандықтардың үйлерін Қытай әскерімен бірге келген құлжалық не Яркендтік бектер алады. 1858 жылдың тамыз айына дейін қытайлықтардың әскери азаптары жалғаса берді, осылайша Қашғар екі жыл бойы қанды көріністер, азаптау мен жазалау ордасына айналды. Сауда-саттық бұл уақытта жүрмей қалды. Әркімнің өз өміріне деген қорқынышы қандай да болмасын өндіріс пен шаруашылықты жүргізбеді, ал бұрыннан қалған өнімдерді қалмақтар тонап алған еді.

Астық алқаптарын таптап, ал барлық шабындық пен бау мен бақтарда қалмақтардың табындары жайылып жүрді. Сол арада Қоқанда қожаларға ашулы хан, Уәлихан-төренің қайтып оралуынан кейін, оны сарайға қамап, ғұламаларға /41а/ Уәлихан төренің осыншама кінәсіз мұсылмандарды өлтіргені үшін қандай жаза лайықты екенін шешуді тапсырады. Қожа өлтірген Намед-ханның туысқандары жазалауды талап етеді; оларға басқа да жазалауды өтінгендер қосылады. Осы арыздардың нәтижесінде қожаға қызмет еткен көптеген қоқандықтар дәрежесінен айырылады, олардың ішінде Қашғар ақсақалы Нұрмұхаммед те бар.

Бірақ Уәлихан-төренің өз ісі, Хұдайардың талап еткеніне қарамастан, ол үшін жағымды жаққа шешіледі, өйткені барлық саййидтар оның жағына шығады. Бүкіл Түркістанда ерекше құрметке ие болған Сахиб-зада әулетінің мүшелері, істің шешімін бұрмалағандары сондай, Уәлихан-төре жазаға ұшырамақ түгілі, оның жазалануын сұраған кісілер кінәланып, оларға үлкен көлемдегі төлем салынады. Қожаға қарсы қозғалған іс /41б/ Мұхаммед [Пайғамбардың] ұрпақтары – саййидтердің барлық ерекше құқықтар берілген тұқымдарына тиісті болады, шариғат бойынша олар өлім мен дене жазасынан босатылған.

Олар елдің құрметіне сүйеніп, ортаазиялық иеліктермен қорқынышсыз күреске шыға береді, өлімге ұшыраудан қорық-

пай хандарға реніштерін айтады, олар амалсыздан оларды тыңдауға мәжбүр. Осылайша саййидтар біршама дәрежеде хандардың қысымына шектеу қояды.

Осыдан кейін әрине Хұдайар-ханның Сахиб-заде мен қожалар әулеті мүшелерінің тарапынан қатты қарсылық көргені түсінікті нәрсе. Уәлихан-төрені дәлелдеп жазаға бір рет жол берілген жағдайда, салдары ретінде жаза басқа саййидтерге де қолданылуы мүмкін еді. Соған қарамастан Хұдайар-хан барлық қожалардың үстінен қатты қадағалау қояды, шекаралық қалаларға әрбір қаланың сыртына он шақырымнан артық шыққан қожаны қарауылдың қарамағында Қоқанға алып келуді бұйырады.

/42а/ 1858 ж. көктемінде Қашғарға бұрынғы қарым-қатынастарды жаңғыртып, Қытай үкіметіне ханның қожаның қашып шығып, Қашғарда көтеріліс ұйымдастырғанына қапалы екенін, және де қазіргі уақытта ол бүлікшіл кісенделіп, зынданда отырғанын (қытайлықтар осының бәріне сенеді, не сенген сияқты болады), хан мұндай жағдайды енді болдырмау үшін барлық жағдайды жасап отырғанын жеткізу үшін қоқандық елші жіберіледі. Бұл келіссөздер 1847 жылы жеті қожа көтерілісінен кейін елші болып барған, Шахриханның билеушісі Наср ад-дин[141] *саркарге**[116] жүктеледі. Іс тез шешімін тауып, қоқандықтарға өз ақсақалын отырғызып, бұрынғы негізде сауда-саттық ашуға мүмкіндік беріледі. Ақсақал қызметіне сол Наср ад-дин датқа лауазымымен сайланады.

Тамыз айында қоқандық ақсақал Қашғарға кішігірім керуенмен /42б/ және бес мыңға жуық қашғарлықтармен келеді, олардың жартысы Уәлихан-төренің солдаттары күштеп алып кеткен, қазір үлкен төлемге жіберілген бектердің әйелдері мен басқа да әйелдер еді. Шамамен осы уақытта Құтлұбектің орнына Қашғарға жаңа хакімбек сайланады, ол Хотаннан шыққан әлсіз де жасы ұлғайған, бірақ нәсіпқұмарлыққа барымен берілген Алычбек деген кісі еді.

Алычбек Қытай *мандариндеріне* бас ұрғанды ерекше бір бақыт деп санайды. Оның көмекшісі – ішкаға бек болып Яркендтен шыққан Сыпергу-бек тағайындалады. Хакімбек қызыл домалақ шар мен *тайдзи* лауазымын алады, ал Сыпергу-бек ашық көк түсті шар мен бесінші дәрежелі лауазымда. Хакімбектің қызметін атқарған Құтлұбек Файзабад мекенінің хакімі болып, біздің кетеріміздің алдында Үш-Тұрфанға хакімбек болып тағайындалды.

---

*116 *Саркар* – қолбасшы.

ХАЛҚЫ

/84а/ Барлық мұсылмандық Шығыстың бәрінде азаматтық құрылымның негізі – Құран; әдет-ғұрып, заң мен қоғамдық және халықаралық қатынастардың барлығы соның негізінде атқарылады да, сондықтан мұсылман елдері халықтарының билігі мен өмірі азды-көпті үқсас болып келеді. Бірақ Шығыс Түркістан бұл жағынан келгенде мүлде ерекше. Мұнда мұсылманшылық жергілікті дәстүр-салтқа ыңғайланып, өзінің фанатикалық құрсауын босатуға мәжбүр болған, әйелдердің еркіндігі – басқа мұсылман елдерінде кездеспейтін бір ғана осы жағдайдың өзі-ақ осыған жеткілікті дәлел бола алады.

Мұсылмандық фанатизмнің дамымау себебі Шығыс /84б/ Түркістанның жағрафиялық орналасу жағдайына байланысты. Өзінің фанатикалық көршілерінен өтуі қиын таулармен бөлініп түрса, Аспан асты империясы жағымен керісінше, оның халқы қытайлықтармен еркін араласып, олардың дінге деген еркін көзарасын үйренген.

Бұл мақалада біз кішібұхарлықтардың мінез-құлқы мен мекемелерінің ерекшеліктері, олардың жалпы мұсылманшылықтан айырмашылығын көрсетуге тырысамыз. Біздің салыстыруымыздың негізгі нысаны Қоқан мен Бұхара болады.

Кіші Бұхария жергілікті түрғындарының ортақ халықтық атауы жоқ, олар өздерін қалалар бойынша атайды: қашғарлық, хотанлық, комуллық*[117] және т.б., немесе қарапайым ғана [й]ерлик – жергілікті.

/85а/ Қытайлықтар оларды *чанту* (оралған бас)[142], қалмақтар – *хотан*, ал ортаазиялықтар, қырғыздар мен буруттар *қашғарлық* деп Шығыс Түркістанның барлық халқын атайды. Бұл елдің жергілікті түрғындары түркі тілінің ерекше бір диалектісінде сөйлейді, бұл тіл шығыстанушылар арасында үйғыр тілі деген атаумен белгілі; бет-әлпетінің түрпатына қарағанда олар бір тайпаға жатады, бірақ шығу тегі, аздаған тілдік ерекшеліктері мен түрмыс салттарына қарағанда [олар] үш халыққа бөлінеді, олар:

1. Байырғы үйғырлардың ұрпақтары, олар Хами мен Түрфан князьдықтары мен Лобнор көлінің жағасындағы сол аттас ауылда түрады; оларға тағы Солтүстік шектегі түркістандықтарды, яғни /85б/ Іле өзенінің жоғарғы жағында, осы аттас қаладан 40 шақырымда жатқан Құлжа қаласының мұсылмандарын жатқызуға болады.

2. Долондар, олар Ақсу, Яркенд пен Харашар округтеріне жатады. Ақсу мен Яркенд долондары Қашғар-Дария мен Яркенд-Дария өзендерінің бойын жайлайды; бірнеше үлкен қоныстары бар, олардың ішінде елеулілері: Қытай гарнизоны

*[117] яғни *Хами қаласының түрғыны*.



Шығыс Түркістан үйғырларының түрпаттары. Ш. Уәлихановтың салған суреті. Қарындаш. 1859 ж.

бар Барчук пен Маралбасы. Харашар долондары Корла мен Бугур қоныстарында тұрады. Долондар қожалардың басыбайлы қызметшілері болды, басқа түркістандықтардан өздерінің тілдік акценті және әйелдерінің басына қырғыздар мен буруттардың әйелдері тәрізді ақ орамал тағуларымен айрықшаланады.

/86а/ 3. Нюгейт, жартылай көшпелі тайпа, *буруттардан* тарайды дейді, олар Мұзарт тау етегін мекендеген және Тұрфан округінің иелігіне жатады, негізінен мал шаруашылығымен айналысып, жазда киіз үйлерде тұрады; нюгейттер Қытай үкіметіне тәуелді болып, Мұзарт асуының мұзын ойып түруға міндетті.

Қалғандары Шығыста сирек кездесетін біркелкі түрғындар.

Барлық кішібұхарлықтар мұсылман дінінің ханафийалық мазхабын[143] ұстанады, тек қана Лобнор қонысының түрғындарының діні белгісіз, олар жоғарыда айтылған нюгейттерден өзгеше отырықшы өмір сүреді.

Басқа тайпа халықтарынан /86б/ "Алты шаһар" түрғындарының құрамына:

1. Манжұрлар, сиболар, солондар, дахурлар, қытайлықтар мен дүнгендер.

2. Қара қырғыздардың торайғыр-қыпшақ тайпасы.

3. Азиялық шетелдіктер мен чалгурттар (шетелдіктер мен жергілікті әйелдерден тараған ерекше халық).

Цин әулетіне тікелей тәуелділер: манжұрлар, *сибо*, *солондар* мен *дахурлар* және Орта империяның түрғындары – қытайлықтар мен дүнгендер, Қытайдың өкілдері. Манжұрлардың бірі қалмай шенеуніктер немесе солдаттар, Кіші Бұхарияның билігінің басында түрған жоғарғы *мандариндердің* бәрі де осы тайпаға жатады. Сибо, солондар мен дахурлар, /87а/ біздің казактарымыз тәрізді Іле аумағындағы әскери қоныстардан бір жылдық әскери қызметке алынып тұрады, олар бұл жерлерге Жоңғарияны жаулап алудың алғашқы кезеңінде Уссури, Сунгари және Амур жағалауларынан көшіріліп әкелген.

Қытайлықтардың көпшілік бөлігін "жасыл тулық"[144] аталатын солдаттар, тағы бір бөлігін шенеуніктер мен саудагерлер, шеберлер мен басқа да жеке кісілер осы ұлтты құрайды, олардың бәрі де Шань-си мен Гань-су провинцияларынан шыққан; дүнгендер, қытайша хой-хой, қытайлық мұсылмандар Шань-си, Гань-су және Сы-чуэнь провинцияларынан; барлық дүнгендер*[118] Кіші Бұхарияда жеке үйлерде тұрады, олар асханалар (фузул) ұстайды немесе /87б/ шай көліктерін жеткізу үшін жалданып жүк тасиды.

Қытай үкіметі Кіші Бұхарияны қол астына алғаннан кейін барлық азды-көпті маңызды қалалардың маңайына 2-ден 7 шақырымға дейінгі қашықтықта қамалдар, немесе *рабаттар* салды, олар /88а/ *ман-чэн* атауымен белгілі, жергілікті халық оларды *гулбаг*, немесе *янышар* (жаңа шаһар) деп атайды. Жоғарыда аталған тайпалардың солдаттары мен жеке адамдарды осы қамалдарда тұрады да жергілікті қалалармен тек күндіз қатынасады. Оның сыртында, қытайлықтар, *сибо, солондар* қарауыл болып /88б/ шекаралық бекеттер мен қоныстарды

---

*[118] Осы бір ерекше халық туралы осы күнге дейін білетініміз аз болатын. Бізбен барған кісілер оларды кішібұхарлықтармен шатастырып, оларды көдімгі түркістандықтар деп атайтын. Путинцев пен Борнс[3] олар туралы өте сәйкес келе бермейтін мәліметтер жеткізген, сондықтан олар туралы толығырақ мәлімет бере кетуді артық деп санамаймыз. Қытайлықтар оларды хой-хой деп атайды, ол мұсылман дегенді білдіреді, олар өздерін дүнген немесе түнген деп атайды. Бұл халықты Қытайға, олардың ғұламаларының айтулары бойынша әр түрлі кезеңдерде, /88а/ әр түрлі мұсылман елдерінен көшірген, оны олардың бір бөлігінің имам Ханифа ілімін, енді бірлері имам Шафи'и ілімін[5] ұстанатындығы дәлелдейді. Түнгендер Қытай киімін киеді, бет-әлпеттері де қытайлықтарға ұқсас және қытай тілінде сөйлеседі. Олар өздерінің ли-байсыларында (мешіт) намазды қытай тіліндегі түсіндірмелерімен араб тілінде оқиды. Түнгендер шын берілген мұсылмандар: мұрттарын қырып тастап, темекі шекпейді, шарап ішпейді және шошқа етін жек көреді, бірақ бұның бәрі оларға /88б/ қытай қыздарына үйленуге кедергі емес, және де оған қуанбаса ренжімейді, олар балаларын өз заңында тәрбиелеуге құқылы. Түнгендер Польшаның татарларын еске салады және де солар сияқты ерекше шыншылдықтарымен ерекшеленеді, сондықтан Қытай үкіметі оларды полицейлік қызметтерге тағайындайды. Бұл халықтың жалпы сипатын өте жоғары дәрежеде дамыған өндірістік рух айқындайды. Біздің ойымызша, түнгендердің /89а/ саны өте көп, өйткені олар кездеспейтін империяның бірде бір бұрышы жоқ. Құлжа мен Чугучакта олар тұрғындардың басым бөлігін құрайды. Миссионер де ла Брюньердің айтуынша Манжуряадағы Ляодунь қаласы тұрғындарының 1/3 бөлігі мұсылмандар. Діндерінің бірлігіне қарамай түнгендер /89б/ кішібұхарлықтар мен басқа ортаазиялықтардан бөлектенеді, олар да өз тарапынан түнгендерді қытайлықтардан айырмайды. Қашғардағы соңғы көтеріліс кезінде оларды кәпірлермен бірдей кескілеген. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

мекендеген. Жергілікті қалада бірнеше адам қытайлық полисмендер болып, олар ерекше рұқсатпен осы қалаларда тұрып, шарап дүкендерін үстайды.

Бурут рубасысы Аким империяға 1758 жылғы соғыста сіңірген еңбегі үшін /89а/ қытайлықтармен Ташмалық қаласының хакімбегі болып сайланған. Оның ұрпағы Садық-бек 1857 жылғы көтерілістен кейін сенімділігі мен ынтасы үшін бас киіміне қызыл шар алып, қашғарлық *амбанның* ерекше құрметіне бөленген. Оған тиесілі буруттар торайғыр-қыпшақ руына жатады; Садық-бектің буруттары – қырғыз руларының ішіндегі Қытай тәуелділігіндегі түркістандықтармен ортақ құқықтағы жалғыз өкілдері.

/89б/Шетелдіктерге берілген ерекше құқықтар мен саудасаттық ісінің пайдалылығы себепті Кіші Бұхарияда көрші азиялық иеліктерден келген көптеген саудагерлер, қолөнершілер мен жеке кісілер тұрғылықты өмір сүреді; адам саны мен маңыздылығы жағынан бірінші орын қоқандықтарға тиесілі, одан кейін бұхарлықтар, олардан соң бадахшандықтар, кашмирліктер мен балти.

Соңғы үш халық көбіне Яркенд пен Хотанда өмір сүреді. Олардан тыс ауғандықтар (кабулдықтар мен логандар), еврейлер (бұхарлық), үндістер, парсылар, ширвандықтар мен татарлар көп. Барлық шетелдіктердің, /90а/ бадахшандықтар, кашмирліктер мен балтилардан басқасы, өздерінің ақсақалдары бар; барлық шетелдіктерді қытайлар "ань-цзи-джан" (қоқандық) деп атайды және келісімшартқа сәйкес олар Қашғарда тұратын қоқандық ақсақалға тәуелді, оның резидент пен консулдық құқығы бар. Шетелдіктерге құқықтары бойынша аралас кісілерден туған (metissage) *чалгурттар*, шетелдіктердің жергілікті әйелдерден туған балалары мен олардың ұрпақтары жатады. Кез келген мұсылман дініндегі шетелдік жергілікті әйелге аз ба көп пе уақытқа үйленуге болатын дәстүрлерінің арқасында, *чалгурттар* саны өте көбейіп кеткен. Чалгурттар тілі және тұрғылықтылығымен /90б/ Кіші Бұхариялықтар, және де ол жерлердің патриоттары, дегенмен олар шетелдіктер ретінде қытайлықтар мен жергілікті билікке тәуелді емес, сондықтан ең тәуелсіз қоғам болып саналады.

"Алты шаһар" халқының санын дәл анықтау мүмкін емес. Қытай үкіметінің бұл елді қоластына алғанан кейін жүргізген санағы, сол бойынша әлі күнге алым-салық алып отыр, жергілікті халықтың санын анықтайтын жалғыз негіз болып табылады. Ол бойынша Алты шаһар әулеттерінің саны төмендегідей: Қашғар – 16 мың үй немесе әулет; Янысар – 8 мың, Яркенд – 32 мың, Хотан – 18 мың, Ақсу – 12 мың, және Түрфан – 6 мың.

Халықтың негізгі бөлігі /91а/ қалаларда шоғырланған; ауылды мекендер үлкен кеңістіктерге орналасқанымен, халық

саны аз. Олардың ішіндегі ең үлкендерінің, оларды қытайлықтар қала деп атайды, адам саны жағынан аз, мысалы, Қашғар аумағындағы ең үлкен: Файзабад, Хан-арықта тек 2 мың үй болса, Астын-Артышта – 1500, Үстін-Артышта – 500; Яркенд аумағындағы: Гумада – 200, Қарғалықта – 350; Ақсу: Байда – 500, сондықтан, бір үйде дөңгелектегенде 4 адам деп санағанда, ал ауыл тұрғындарын қала тұрғындарының жартысына теңестіріп және оған 27 мың *долондарды* (Ақсу мен Яркенд аумақтарының) қосқанда, біз "Алты шаһардың" барлық жергілікті халқының санын – 579 мыңды шығарамыз. Ташмалықтық қырғыздар, Цзянь-Луннның тізімі бойынша, /91б/ 500 үй деп саналады, яғни 2 мыңға дейінгі жан.

Шығыс аймақтарының адам саны бұдан да аз; Куча азды-көпті тұрғылықтанған деп есептеледі.

Кіші Бұхарияда Қытай гарнизондары төмендегідей орналасқан: Қашғарда 5500 адам, Яркендте – 2200, Хотанда – 1400, Ақсуда – 600 және Түрфанда – 800. Бұған үлкен ауылды мекендерде орналасқан гарнизондарды қосқанда – Барчукта 300 адам, Сайрамда да сондай, және шекаралық қарауылдар мен бекеттердегі жасақтарды, саудагерлерді, жеке адамдарды қосқанда, біздің ойымызша, олар 15 мыңнан аспайды.

Шетелдіктердің санын шығару одан да қиын. Олардың ең көбі Қашғарда. Жаңа ақсақалды қарсы алғанда /92а/ бұл қоғамнан көп кісі жиналды, шамамен 6 мың адам тек қана әндіжандықтардан, чалгурттарды санамағанда. Қашғардан кейін шетелдіктердің саны бойынша Хотан, одан соң Яркенд, шетелдіктердің ең аз тұрақтанған жерлері Ақсу мен Үш-Түрфан. Қашғарда, пайымдалуынша, шетелдіктердің саны жергілікті халықтың ¼ бөлігін құрайды, яғни, шамамен 145 мың адам.

Кіші Бұхарияның тұрғындары, өздерінің қоғамдық дәрежесі мен танымдылығы бойынша үш сатыға бөлінеді: шенеуніктер (бектер), діни кісілер (ахундар) және қарапайым халық (алван-каш). Алғашқы екі тап салықтан босатылған, ал соңғы тап қалалықтар мен жер өңдеушілер деп бөлінеді. <Олардың айырмасы, /92б/ қалалықтар салықты ақшамен төлесе, жер өңдеушілер астықпен төлейді>. Кейбір бек тұқымдары, оларға Қытай үкіметі берген мұрагерлік құқықтарын пайдаланады, мысалы, Комул мен Тұрфан князьдары. Басқалары, олардың дәрежесі заңмен айқындалмаса да, байлығы мен байланыстарының арқасында, өз әулетінде бірнеше жүзжылдықтар бойы бек лауазымын сақтап келеді. Барлық хакімбектер мұрагерлік әулеттерге жатады.

Кіші Бұхариядағы діни таптар мұрагерлі шайхтар мен молда қызметкерлерінен тұрады; соңғылары жер билігіне қатысқандарымен, басқа мұсылман елдеріндегідей ықпалдары кең көлемдегі артықшылықтары жоқ.

Өте ауыр тиетін /93а/ салықтардың және де басқа да міндеттердің салдарынан жергілікті саудагер-капиталистер өз отандарынан тыс жерлерге сіңіседі: Құлжада немесе Үрімшіде, немесе өз байлығын жасырады, өйткені Шығыс Түркістанда саудагершілік қоғам, жеке тап ретінде болған емес, ал діни таптың ықпалы жоқ болғандықтан, ақсүйектер (дворянство) мен халық арасында алынбас кедергі орныққан. Ақсүйектер қара халықтан өздеріне тиесілі артықшылықтарымен, шығу тегімен бөлектенген. Олар Қытай әдетін сақтап, халықпен араласудан қашқақтап жүреді, ал қара халық оларды бүкшеңдеп қорлықпен қарсы алғандары болмаса, мүлде жек көреді.

Салық төлеуші халық Шығыс Түркістанда ең төменгі жағдайда. Қытайлықтар*[119], бектер, тіпті азиялық шетелдіктер, Бұхара қалаларында олар /93б/ өздерінің тәуелсіз жағдайлары бойынша азат тапты құрайтын, бәрі де өздеріне әрбір жергілікті азамат пен жерөңдеушінің иіліп тұрғанын талап етеді. Қытай шенеуніктері мен бектер, тіпті манжур солдаттары, жерді өзара бөліп алған. Әрқайсысының өз клиенттері бар. Қалалық-міндеткер өз иесіне ет, май және басқа да тағамдар әкелсе, ал ауылдық міндеткерлер жер жыртып, кезектесіп өз иесіне қызмет жасап, оның үй шаруасын орындаулары керек.

Шенеуніктер ештеңе істемей қытайлықтардан жалақы, жергілікті халықтан алым алады, ал халық заңды салықтарды төлеп, /94а/ қытайлықтар мен бектердің аранын тойдырып, және өздері аштан өлмес үшін еңбек етеді. Осының салдарынан мұрагерлік құқықтары бар шенеуніктер, басқаша айтқанда, жергілікті ақсүйектердің халыққа қысым жасаулары мен парақорлықтары арқасында көп жылдар бойы жинап алған үлкен байлықтары бар, кең жерлері, бақтары, бірнеше үйлері бар. Жерлері мен бақтары тегін өңделіп отырады, үйлері де тегін келген дүниемен әрі тегін салынады. Хакімбектің орнын алу үшін ақсүйектер қытайлықтарға үлкен пара беріп, сол орында бір жыл отырғанда ол шығарған қаражаттарын толықтырып қоймай, үстеме жасап алады.

Кіші шенеуніктердің жағдайы олардың мұрагерлік иеліктері болмаса да, ақсүйектерден еш кем емес. Астық, тамақ пен ақшаны олардың клиенттері әкеліп береді. /94б/ Шенеуніктердің барлығы, қалай 5-ші дәрежеге (лауазымның бір түрі) қолы жетеді, сол сәтте жер, үй сатып алады да, соның арқасында тұқымдары мұрагерлік құқыққа ие болады.

Халық кедейшілікте өмір сүріп, таршылық көріп, жұмыстан қолдары босамайды. Егер түркістандықтар өз еңбегінің жемісін өздері пайдалана алса, олар ең бай Шығыс халықтарының бірі болар еді, бұрындары солай болған да. Шектен

*[119] Яғни *Қытай шенеуніктері*

шыққан салықтар, клиенттік жүйе мен бектердің қысымы олардың барлық табыстарын сыпырып кетеді.

Әлдебір кісінің табысы көбейген сайын, соған теңдесе ол кісіге билеушілер тарапынан салынатын салық та, қысым да көбейеді. Сондықтан кез-келген дүние-мүлкі бар жергілікті тұрғын, /95а/ өз табысына сәйкес өмірдің құндылықтарын пайдалану үшін отанын тастап кетеді. Ал отандарында қалғандары бәрін мүқият жасырып, кедейшілікте өмір сүреді. Түркістандықтардың көбісі отандарын салық төлей алмағандықтан тастап кетеді, өйткені бектердің салықты заңға қайшы үш есе көбейтуі ауыр тиетін: қытайлықтар өнімнің оннан бірін алады.

Діни мұрагерлік таптар, әулиелердің мазары жанындағы шайхтар, вакуфтық жерлерден түскен түсімді пайдаланатын болғандықтан өте бай. Қашғардағы ең бай кісі Астын-Артыш ауылындағы Сутук-Бугра-хан мазарының шайхы, Кіші Бұхариядағы мұсылманшылықтың бірінші апостолы болған хан мазарының шайхы болатын. Жазаға ұшырағаннан кейін /95б/ 1857 жылы оның дүние-мүлкі қазына пайдасына тәркіленген болатын. Шайх-ахунның артында көптеген жерлер, бірнеше үй, астықтың үлкен қоры, және жергілікті халықтың айтуы бойынша, жарты миллионға дейін жамбы (ямб) қалған. Басқа шайхтар қазір мейілінше сақ болып, өздерінің "бауырларының" тағдырын қайталаудан қорқып, қарапайым өмір сүруге тырысады.

Білімнің өзі аталған топтардың арасына өлшенбес терең ор қазып, оларды бір-бірінен шеттетеді. Азияда тек қана діни білім бар. Бұхарлық медреселерде тек молдаларға қажетті дін оқытылады, сондықтан халықтың көпшілігі, тіпті шенеуніктер де, медреселердің есігі барлық таптарға ашық болатынына қарамастан сауатты емес. /96а/ Бұхара мен Қоқанда халықтың ең білімді тобы діндарлар мен саудагерлер. Кімде-кім діннің сыртқы ұстанымдарын орындап, сөз арасына Хафиз, Маулави-Жамидің[147] шығармаларынан үзінділер қосып әңгімесін көркемдесе және әр түрлі хикаяттар мен Абу Муслим т.б. туралы батырлық дастандар білсе, сол кісі оқыған білімдар кісі болып саналады. Осындай білім алу үшін тіпті де мектепке барып керегі жоқ, тек базарларда сандалып жүріп, дервиштердің қызылтілді әңгімелерін ұғып алсаң болды. Әкімшілік және әскери кісілер, тіпті уәзірдің өзінен мырзабасы (хатшы) ұстау талап етіледі.

Бірақ Кіші Бұхарияда әрбір ақсүйектен діннің басты ережелерін, /96б/ отан тарихын және қытай мен манжур тілдері туралы аз да болса білулері талап етіледі. Қытай даналығын толық игере алуға мүмкіндіктері болмаған бектер, оны үстіртін үйреніп, жартылай білім салдарынан Қытай өркениетінің тек күңгірт (теріс) жақтарын алып, тек қытайлық сырткөз салттарына құмартып, қытайлық шенеуніктердің

алдында тәрбиесіз көрінбес үшін оңтайлы тізерлеуге дағдыланып, жерге дейін иіледі. Барлық қытайлықтарға еліктеп, олар Оңтүстік бет шенеуніктерінен үлгі алады, олардың көпшілігі солдаттан көтеріліп, өздерінің көп күнін ішкілік пен нәпсіқұмарлықта өткізеді. Осындай /97а/ мектептен олар өздерінің бір діндес тәуелділері – адам мен жануардың арасындағы дүбара бірдене деген түсінік алып шығады.

Білім алу мұнда Қоқан мен Орта Азиядағы басқа да иеліктердегідей құлдырау үстінде. Бірақ айта кету керек, еркек пен әйел жынысты балалар медресеге барады, алайда дін ілімінің негізгі түсініктерін ғана алады, толық курсты тек ахун дәрежесіне оқып жатқандар ғана бітіріп, парсы, араб тілдерімен айналысады. Діндарлар Құранды, тәпсірлер мен отан тарихын жақсы біледі, дүниеге бұхарлық молдаларға қарағанда дұрысырақ және ұстамды көзқараста. Жалпы алғанда білімділік қалаларда көбірек дамыған; /97б/ ауыл тұрғындарының өз білімдерін көтеруге уақыттары болмайды, сондықтан оқу білетін жер өңдеушіні сирек кездестіруге болады.

Шығыс Түркістанда басым болып тұрған жаңаұйғыр тілді әдебиет тәржімаларға өте бай. Парсы тілін білмеу кішібұхарлықтарды өз тіліне парсы, араб тілдерінен діни мазмұндағы барлық ең таңдаулы шығармаларды тәржімалауға мәжбүр етті. Кіші Бұхарияның тәржіма әдебиеті қандай бай болса, өз жерінде жазылған әдебиетке сондай кедей, кішібұхарлықтардан шыққан бірде бір ақын не белгілі жазушы жоқ. Жергілікті жерде жазылған шығармалары /98а/ бірнеше діни шариғат туралы түсініктемелер, олар, айта кету қажет, өз жанрындағы ең жақсы шығармалар десе болады, өйткені олар фанатизмге берілмеген және қатаң ұстанымдарға қарсы; жергілікті әулиелер туралы шығармалар мен бірнеше тарихи әңгімелер. Өздерінің ақындары болмағандықтан, Шығыс Түркістанда Мір Әлішерді[148] оқиды. Поэзияның жалғыз көрінісі – ол халықтық өлеңдер; олар төрт жолды шумақтар түрінде құралады, және олардың мазмұны саяси оқиғалар мен махаббатқа арналады; өлеңдерінің жалпы сипаты – мұң мен зар.

Музыка жағына келгенде кішібұхарлықтар барлық орта-азиялықтар арасында құрметті орында. Олардың музыкалық аспаптары: екі ішекті *лютня-дутар* мен *ситар*, бұл аспап 18 сым ішектерден тұрады, оны /98б/ ысқымен (смычок) ойнайды; қыл ішекті *гиджак*[149], оны виолончель сияқты ұстайды; цимбал сияқты *рабаб* немесе *калун*, онда таяқшалармен ойнайды, және кішкене *дабылдар* (чермендэ немесе даб). Кіші Бұхарияда әрбір қалада ресми музыка бар, ол Қытай *гонгонғы*, *сурна**[120] мен үлкен *дабылдан* тұрады. Қытай күнтізбесі бойынша қайғыруға тиіс күндерден басқа күндері билеушінің түскі

*[120] Яғни *зурна* – шығыстық үрмелі музыкалық аспабы.

ас ішкен уақытында мұнарадан осынау кісі құлағын түндырар және өте жағымсыз музыка ойнатылады. Ойын-той кезінде міндетті түрде музыка болуы тиіс. Бір немесе екі әнші қол дабылдарын ойнап тұрып Әлішердің шығармаларынан, онан соң махаббат және отансүйгіштік мағынадағы өлеңдер оқиды.

Кіші Бұхария халықтарының рухани келбеті жалпы алғанда, оларды жамандаудан гөрі мадақтауға лайық. Қытайлықтар түркістандықтарды сенімсіздік, қулық, алдамшылық, жалқаулық /99а/ пен тәрбиесіздікпен кінәласа, азиялықтар олар туралы: қорқақ, дінсіз және нәпсіқұмар деп кінә тағады. Ылғи құлдықта болып, бұл халық көрген қысымшылық пен әділетсіздік оларда көптеген жағымсыз: сенбеушілік, пысықайлық пен алдамшылық сияқты қасиеттердің дамуына соқтырды, алайда түркістандықтардың, басқа мұсылман халықтарында жоқ, көптеген жағымды қасиеттері де бар және олар басқа жағдайда бұл халықтың өз діндестерінен озып шығуға мүмкіндік берер еді.

Қашғарлықтар мейірімді, ашық мінезді, қонақжай, еңбекқор және де шектен шыққан сыпайы. Халықтың барлық таптары сыпайылық ережелерін бұлжытпай орындайды. Әр адам әдептілік ережелерін түгел біліп, оны міндетті түрде орындауы тиіс, ал бектер арасында бұл дәстүр мүлтксіз сақталады, үсақ-түйегіне дейін қалт жібермейді.

Кіші Бұхарияда кісі өлтіру жоқ десе де болады, ал ұрлық – өте сирек. Оларды жалқау деп кінәлау тіпті әділетті емес; бұл халықтың бетіне басатын қорқақтыққа келетін болсақ, біз /99б/ қашғарлықтар өздерінің табиғи биязы мінезділігінің арқасында, оларға жантүршігерлік батылдық пен қоқандықтардың мақтаншақтығы тән емес, бірақ ауғандықтардың көзіне көтеріліс кезінде қашғарлықтар қоқандықтарға қарағанда шыдамды болып көрінген. Азиялықтар өздерінің пайымдауларында, өздерін бәрінен жоғары қойып, өздеріндегідей болмағанның бәрін теріс деп табатын шалабілімді халықтардың көпшілігіне ортақ түсініктерді басшылыққа алады. Қоқандықтар қашғарлықтарды дінсіз, нәпсіқұмар дейді; соңғы тағылған кінә кей жағдайда әрине дұрыс айтылған. Азияда діннің сыртқы ережелерін ұстану фанатизмге жеткізілген. Билеушілер ол жағын қатты қадағалап отырады және, Борнс айтқандай: "...Бұхарада Мұхаммед [Пайғамбардың] заңдары өзі қадағалап тұрғандай, мүлтксіз орындалады". Бұл елдерде ерекше діни шенеунік болып, оның соңынан, Рим ликторларының*[121, 150], соңынан жүргендей, шыбық алып жүреді. Ол көшеде кез-келген мұсылманды тоқтатып, оның шариғат заңдылығын білуін

*[121] *Ликтор* – Ежелгі Римдегі төменгі қоғамдық қызметтердің бірі. Кез-келген лауазымдық қызметтің міндетті белгілерінің бірі оған ликторлардың еріп жүретіндігі болған.

тексеріп, білмеген жағдайда – сол жерде жазалауға құқы болған. Намазға азан шақырылған уақытта полиция барлық халықты мешіттерге қуып, олардың әдептілігіне, темекі тартпай, шарап ішпеулеріне қадағалау жүргізеді. Қашғарда мешітке өз қалауларымен барады, полиция анаша тартқандар мен шарап ішкендерге көңіл аудармайды, тек тәртіп бұзушылық болмауын қадағалап, мас кісілерді көшеде ғана тұтқындайды.

/100а/ Бәрінен де қашғарлық ұстамдылық әйелдердің үй мен қоғамдық тұрмыста артықшылықты жағдайда болуынан көрінеді. Кіші Бұхарияда әйелдер <қоғамда> құрметті орын алады, олардың көпшілігінің тарихта есімдері белгілі. Жейма[151], Яркендік хакім Авдейдің әйелі, 1765 жылы Яркендте тәртіп орнатқан; Секима-хан, қашғарлық хакім Юнус-ванның әйелін қытайлықтар жазалаған. Әйелдер өз күйеулерінің құмарларына қатысады, және осындай жиындарда олардың қатысуы міндетті саналады. Көп әйел алу түркістандықтар арасында өте сирек, өйткені әйел күйеуін өзі қалаған уақытта тастай алады; егер айырылысуды әйелі қаласа, ол үйден ештеңе әкете алмайды; ал егер күйеуі кететін болса, ол әйелінің тіршілігін қамтамасыз етуге тиісті.

Мұсылманшылықтан тыс тағы бір ерекше салттары бар – ол уақытша үйлену; оның таңқаларлық жағы, қашғарлықтар суннаның Ханафи мазхабына жатады, ол ілім бойынша уақытша үйлену рұқсат етілмеген. Бұл дәстүр /100б/ пұтқа табынушылық заманынан қалған салт. Марко Поло[152] айтады, комулдықтар қонақ келгенде, оны еш қысылмас үшін өз әйелімен жеке қалдырып, үйлерінен кетіп қалатын болған, Хұбылай бұл салтқа тиым салған кезде, комулдықтар дүркін-дүркін кісі жіберіп бұл билеушінің мазасын алғаны соншама, ол өзінің бұйрығын жойған екен. Қазіргі уақытта бұл салт мұсылмандық шариғатқа бағынған: некелесу мен айырылысу шариғат заңдарына сәйкес қиылады.

Уақытша үйлену салты Алты шаһардың шетелдіктер көп келетін аудандарында кең таралған, ал Кучадан шығысқа қарай бұл дәстүр жойылып кеткен, өйткені ол жақтарға шетелдік керуендер бармайды. Бұл дәстүрдің тәртібі көп қиын емес: күйеу өз әйелін тек киіндіріп, тамағын тауып беруі керек. Хотанда әйел алу үшін, біздің ақшамен 1 сом 50 тиынға күміске сәйкес шығын шығару керек. Яркендте /101а/ ерекше базар бар, онда күйеу іздеп жүрген әйелдерді кездестіріп келісімде тұруға болады; Ақсу мен Түрфанда [үйлену] қымбатырақ тұрады. Осының салдарынан, әйелдерге таңдау мен махаббатқа толық еркіндік берілгенімен, білім мен намыс туралы түсініктің жоқтығынан үйлену одағы құрметтен қалған, сондықтан Шығыс Түркістан әйелдері аса әдептілікпен ерекшеленбейді.

Мұхаммед [Пайғамбар] әйелдерді қоғамнан тыс қойып,

шарапқа тиым салып, мұсылмандардың әдептілігін сақтамақшы болған, алайда бұның негізінде одан күштірек бұзылушылық шықты. Мұсылмандар шарапты масайтатын, шараптан көрі күштірек бүлдіретін темекі мен шөптермен ауыстырды.

Ортаазиялықтар көңілдерін көтеру үшін, анаша, апиын мен көкнәр тартып, кесілген көкнәр бастарының шырынын ішеді. Осындай есірткілерге құмартқан кісілер халықтың көптеген пайдасыз тобын – бәңгілерді*[122] құрайды.

Бұларға қатты құмарта елігуге кісінің бойын босатқан және бір ерекше /101б/ есірген күй қосылады. Халықтың төменгі таптарынан шыққан *бәңгілер* тамақтарын асырау үшін дәруіш болып, садақамен күнін көреді. Қашғарда құмарпаз бәңгілер өте көп, және қарапайым халық та анаша шегеді. Шенеуніктер қытайлықтарға еліктеп, шарап ішіп, тіпті апиынды да қытай әдісімен шегеді. Шарап пен боза ішу Қашғарда үкімет тарапынан қудаланбайды.

Қытайлықтар шарап дүкендерін үстап, қала сыртында бірнеше жерде боза дайындайтын зауыт салған. Боза сататын орындар ылғи адамға толы. Қашғарда тұратын шетелдіктер жергілікті әдет-ғұрыптың еркіндігін пайдаланып, азғындыққа әбден салынады, өйткені өз билеушілерінің қатаң қадағалауының астында әбден запы болған олар үшін, шарап пен әйелдерге ерекше әуес болады.

Кіші Бұхария халқының барлық таптары арасында сүйек ойыны (нарды) кең таралған, бұл кеселден тіпті әйелдер де ада емес. Бәңгілер, апиыншылар мен құмарпаздар халықтың ең бір сотқар да ұрыншақ тобын құрап, /102а/ барлық көтерілістерге құлшына қатысып отырады. Бұхара мен Қоқанда да әйелдер құлқының аса тазалығымен ерекшеленбесе де, қамауда әрі қырағы сақшылармен қоршалған, көрінеу жағдайларының салдарынан, тек гаремдегі өзара пәлекорлықтарымен шектеледі; ол жерлерде жезөкше әйелдер жоқ, ақыр аяғы, жазаға ұшырау қаупі оларды бұзақылыққа салынудан тежейді. Бұхарада зинақорлық үшін таспен ұрып өлтіреді. Кіші Бұхарияда әйелдердің, жоғарыда айтып өткеніміздей, еріктері өздерінде, сондықтан полицияға белгілі бұзылған әйелдердің саны Алты шаһарда көбейіп кеткені сондай, бұл жағдай тек ортаазиялық мұсылмандардың ғана емес, тіпті қытайлықтардың өздерін де алаңдатып отыр. Қытайлықтардың барлығының да жергілікті әйелдерден ашыналары бар, олардан туған балалар жергілікті болып есептеледі. Қала маңындағы көптеген зинаханаларда әйелдер харам бұзақылыққа салынады. Қашғарда зинақорлыққа салынған әйелдердің санының көбеюі, көбіне кедейшілік пен жетіспеушілік себепті болып отыр.

---

*[122] *Бәңгі* – есалаң, алкоголді жүйке қабыну психозымен ауыратын кісі (Корсаков психозы).



Үйғыр еркегі мен әйелінің бастары. Ш. Уәлихановтың қарындашпен салған суреті. 1859 ж.

Түркістандықтарды ерекшелейтін әрі жақсы /102б/ қасиеттеріне ақжарқындығын жатқызуға болады. Олар көпшілікті жақсы көреді, жиі-жиі кешкі сауық жиындарын ұйымдастырып, онда әдетте шарап пен музыка, әйелдер болады. Сауық иесі әдетте қожайын-әйел. Бұл кештер шетелдіктерді әбден мезі ететін ұзаққа созылған рәсім салтпен, бітпейтін сыпайылықпен жүргізіледі. Жергілікті халық өз рәсімдерінің ережесін ұсақ-түйегіне дейін қалдырмай, ерекше ұқыптылықпен орындайды, шамасы өздері содан ләззат алатын болулары керек. Қашғарлықтардың шектен шыққан кішіпейілдігін, бір-біріне мұштік, шарап немесе басқа кез-келген нәрсені бергенде қонақтар үздіксіз орындарынан атып тұрып, тізерлеп тағызым етіп және осындайда айтатын тұрақтанған сөздерді айтып барып ұсынатындарынан-ақ көруімізге болады. Түркістандықтардың тілінде "мархаба", "ашкалла" деген сөздер бар, ал салттарында алғыс айту әдеті де бар, бұл сөздер мен әдет ортаазиялықтарда тіптен белгісіз. Қоқандықтар ешқашан, ештеңе үшін де алғыс айтпайды, ал қажет болған жағдайда "Құдыретің өссін; Алла жарылқасын" деп екіүшты сөздер айтады.

Қашғарлық "машраб" кештері бисіз өтпейді, оған /103а/ қонақтардың бәрі қатысады. Өзі ұйымдастырған кештерінде Хакімбек те биге араласып кетеді. Кіші Бұхарияда ерекше биші әйелдердің – *ача* аталатын кәсібі бар. Түркістандық би аздап *лезгинкаға* ұқсайды.

Біз осыған дейін кішібұхарлықтардың киім-кешегі жөнінде ештеңе айтпадық. Ақсүйектері шетінен қытайша киім киіп, қашыр жеккен қытай арбаларына мінеді. Екінші дәрежедегі шенеуніктер мен қала халқы пішіні мен түсі жағынан қытай *епаншаларына* ұқсас шапандар киеді. Әйелдер киімі ашық түсті жібек не мақта матадан тігілген көйлек, қытай күртешелерінен және біздің әскери мундириміздегідей қиыс тік жағалы шапаннан тұрады; үйден шығарда осының бәрінің үстінен кеудесінде



Шығыс Түркістан үйғырларының киім-кешегі. Ш. Уәлихановтың салған суреті. Қалам. 1859 ж.

алтын баулары бар жібек жамылғы мен ұзын ақ чадра киеді. Бетті жабуға арналған қара немесе ақ тор қала киімінің міндетті бір бұйымы, бірақ түркістандық әйелдер оны үстеріне жамылып жүргенімен, беттері әрдайым ашық.

Қоқандықтар /103б/ мен бұхарлықтар өз әйелдерінен чадраларын жауып жүрулерін талап етеді. Еркектер мен әйелдер жазда дөңгелек, қарбыз тәріздес, алтын парча немесе атластан, ал қыста шетіне қой немесе түлкі терісі тігілген бас киім киеді. Кәмшат терісінен тігілген жаздыққа ұқсас биік бас киімді тек бай әйелдер киеді. Аяққиімге келетін болсақ, қарапайым халық орыс етіктерін немесе татарлардың мәсісін киеді. Әйелдер қызыл шұғадан кестелеп тіккен етік, ал жаздың күні жалаң аяғына сол қызыл шұғадан тігілген башмақ киеді.

Шығыс Түркістанның аспаздық өнері де қытайлардың әсерімен ерекшеленеді. Түркістандықтың түскі асы көкөніс салынған сорпа, лағман, етті самса, түшпара мен әр түрлі қышқылданған көкөністерден тұрады; тағамның соңғы түрлері қытайлықтардан алынған. Түркістандықтар ет пен палау жемейді. Шығыс Түркістанда сырттай болса да қытайлықтар қатты әсер еткен. Түркістандықтар қытайлардан кейбір өнер /104а/ мен қолөнер түрлеріне үйреніп, көп сөздер ауыстырып алған. Тіл құрамына енген қытай сөздері сәулет өнерінің әр түрлі бұйымдары, сән мен киім түрлеріне жатады; әсіресе кеңсе тіліне көп сөздер енген. Бұл халықтың



Шығыс Түркістан үйғыр әйелдерінің шаш сәндері мен бас киімдері.
Ш. Уәлихановтың салған суреті. Қалам мен сия. 1858 ж.

ислам нанымдарынан асып, барлық шетелдік жетістіктерді қабылдау қабілетіне қуанбаса болмайды. Түркістандықтар қытайларды жек көреді, бірақ бұл олардың өркениетін үйренулеріне еш кедергі етпейді. <Мұсылман діні ұлтшылдықты жояды, оған біздің татарларымыз дәлел бола алады>.

Осының бәрін қорыта келе біз кішібұхарлықтардың басқа мұсылмандар қатарынан ілгерілетіп тұрған ең керемет ерекшелігін атаймыз – ол отаншылдықтары мен *қаратаулықтар* мен *ақтаулықтардың* саяси партиялары.

ӨЛКЕНІҢ ҮКІМЕТТІК ЖҮЙЕСІ МЕН САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

/303а/ Шығыс Түркістан Қытай империясының бір бөлігі ретінде Батыс өлкенің иелігіне, яғни Іле цзян-цзюнінің қарамағына жатады.

Цзян-цзюн Батыс өлкенің жоғарғы билеушісі және сол жерлерде орналасқан әскердің жоғарғы қолбасшысы. Оның үш кеңесшісі немесе серігі – *хебе-амбандары* бар, оның біреуі жанында болса, екеуі: бірі – Солтүстік, ал екіншісі – Оңтүстік шектерді басқарады. Солтүстік шектің бас билеушісі Тарбағатайда тұрса, Оңтүстіктікі – Яркендте тұрады. Қытайлар Кіші Бұхариядан елдің жоғарғы иегерлері – қожаларды қуып шығып, қалған /303б/ билік

тәртібін бұрынғы негізде қалдырған. Ішкі тыныштықты сақтау және сыртқы жаудан шекараны қорғау үшін, [олар] барлық үлкен қалалар мен маңызды елді мекендерге гарнизондар орналастырып, шекаралық бекеттер ұйымдастырған, және де ішкі қатынас пен хабар алмасуды ұйымдастырған. Жергілікті хакімдер сол иелікте орналасқан гарнизон басшысына бағынышты болып, ал ең негізгі басшылық *хебе-амбанға* – Оңтүстік шектің әскери қолбасшысына тапсырылған, ол алғашында Яркендте отырса, кейіннен Қашғарда отыратын болған. 1765 жылғы Үш*[123] көтерілісінен кейін оның тұрғылық орны Үш-Тұрфанға көшіріліп, кейіннен тағы Яркендке ауыстырылған.

Қытай басшылығы /304а/ жергілікті биліктің қызметіне жалпы қадағалаумен шектеліп, ішкі билігіне араласпайды. Жергілікті халықты қадағалау үшін приставтар тағайындалған, ал қала полициясына бір офицер мен бірнеше солдат сайланған. Тек жергілікті шенеуніктерді сайлау, таңдау және бекіту жағын қытайлықтар өз құзырларына қалдырып, бұл олардың ерекше зейінмен шұғылданатын ісі болып отыр. Жоғарғы лауазымдар сенімдеріне енген, *богдыхан* үкіметіне берілгендіктерімен белгілі кісілерге ғана беріледі.

Әсіресе сыртқы шабуылдарға ұшырап тұратын қалалардың хакімдігіне өз әулеттерінің беделі мен байлығы үшін Қытай үкіметіне борышты Комул мен Түрфан князьдарынан таңдап қойылады.

Билеуші хакімбектер мен олардың көмекшілері – ішкағалар мен басқа да /304б/ жоғарғы дәрежелі шенеуніктерді *богдыханның* өзі бекітеді, ал қалған орындар цзян-цзюн мен *хебе-амбанға* байланысты. Лауазым тарату Қытай *мандариндерінің* жеке пайдасы мен кірістерінің бұлағы болып табылады. Әр жылдың соңында Алты шаһар қалаларының бірінің хакімі Пекинге алым-салық алып барады; апаратын кісіні таңдау да жоғарғы билеушіге байланысты. Және де әр айдың басы мен ортасында барлық жергілікті шенеуніктер Қытай *амбанына* дәстүрлі амандасуға келіп тұруға міндетті.

Қытай күнтізбесі бойынша жаңа жылда бектер Қытай генералына сый алып, құттықтауға барады, бұл сыйлықтар Ілеге сарайға жіберіледі. Жергілікті халық /305а/ бұл күні қытайлықтардың түркістандық бектерді императордың суретіне жерге дейін иіліп тағызым етуге мәжбүрлейтінін наразылықпен айтады.

Кіші Бұхарияның батыс қалалары ауылдарды қоса алғанда жергілікті билігіне қарағанда бір-бірінен тәуелсіз иеліктер құрайды. Алты қала – Яркенд, Хотан, Қашғар, Ақсу, Янысар мен Түрфан маңайындағы ауылдарымен қоса алты бір-біріне тәуелсіз өлкелер құрайды. Әрбір қаланың өзіндік ерекшелігі

*[123] Яғни *Үш-Тұрфан көтерілісі.*

бар: өлкенің бас билеушісі – хакімбек, оның көмекшілері – ішкаға, шанбегі, бас қазынашыдан тұратын жалпы билікті құрайтын үкіметі бар. /305б/ Жеке бөліктермен тікелей билікті жүзеге асыру үшін және де алым-салықты жинау ыңғайы үшін халық жүздер мен мыңдар деп аталатын бөлімдерге бөлінген. Жүздерді жүзбегі, мыңдарды – мыңбегі басқарады. Бірнеше мыңбегілер Мираб-бектерге бағынады, олардың негізгі міндеті жыл сайынғы дау мен арыздың себебі болатын суландыру арықтарын меңгеру.

Қалалардағы тыныштық пен жайбарақаттықты қадағалап тұру үшін полициялық мекеме – *тынзалар* құрылған, оған қытай офицері – *пия* мен бірнеше қытайлық полисмендер және *пачшаб*[*124] аталатын жергілікті бектер кіреді. Түркістанда /306а/ әр түрлі дәрежелі шарлары бар, бірақ анықталған қызметі жоқ шенеуніктер көп. Олар Қытай шенеуніктері мен билеушіге байланысына қарай билік қызметтеріне қатысады, өз клиенттері бар және де өздеріне құрмет көрсетулерін талап етеді. Бұл дәрежеге хакімбектер мен басқа да белгілі шенеуніктердің қызметшілерін құрайтын *тунчи*[153] – Қытай генералдары жанындағы *драгомандар* (тілмаш), *даруға*-бектер (адъютант), *мирахор*-бектер (үзеңгіші), сарай-бектері, хатшылар жатады. Олардың қызметшілері мен малайлары да шенеуніктердің төменгі дәрежесін құрайтын *даруға* аталатын билікші тапқа жатады.

/306б/ Сот билігі діндарлардың қолында. *Алим-ахун* – тек діни басшы емес сонымен қатар бас *қазы* да сол, оның қарамағында бірнеше *қази-ахундар* мен *муфтий*[*125]*-ахундар* бар, соңғыларының қызметі адвокаттың міндеті тәріздес. Негізінде діни тапты *хатиб-ахундар*, жұма мешіттерінің имамдары, *мутавлли-ахундар*, жұма мешітінің жанындағы садақа жинаушылар, және де *имам-ахундар* – мешіт имамдары құрайды; соңғыларына жастарды тәрбиелеу ісі қарайды, олардың үлкендері *мударрис*[*126]*-ахундар* (профессор) деп аталады.

Үлкен қоныстардың да өз билеушілері – *хакімбектері, алим-ахундары, қазылары, мирабтары*, /307а/ *мыңбегі, жүзбектері* бар; ал кішігірімдерін *мирабтар* немесе тек *мыңбегілер* басқарады. Жер иелері, яғни қоныс шенеуніктері бар жағдайда өлкенің жалпы басшылығына бағынады. Қашғар мен оның өлкесінде қызметкерлер, яғни жалақы алатын және анықталған міндеттері бар шенеуніктер 61, ал діни қызметкерлер 55 деп саналады; Яркендте шенеуніктер 136, ал діни қызметкерлер 95. Бұл шенеуніктік дәрежелер Кіші Бұхарияда ерте

[*124] Дұрысы: *потшаб*.

[*125] *Муфтий* – шариғат бойынша бас қазы, ол сот шешімдері бойынша пәтуа шығаратын болған.

[*126] *Мударрис* – медресе мұғалімі.

заманнан келе жатыр, тек айырмашылығы, қазір қытайлықтардың қолында тұрған орталық билік, алғашында хандар қолында болса, кейін билеуші қожалар қолында болған.

Қытай қоластына кірмей тұрғанда хакімбектер халықтың таңдауымен /307б/ билеушінің келісімімен сайланатын; халық [оларды] бір жыл өткесін өзінің қалауы бойынша не ауыстырып, не өлтіруге құқылы болатын. Өз тарапынан хакімбектердің де құқысы мен билігі көбірек болатын. Біздің заманымызда азды-көпті маңызды істер қытайлықтардың құзырына берілген, ал хакімбек өз еркімен ешкімді орнынан алып, біреуді лауазымды орынға сайлай алмайды. Бұрынғы уақытта бектер қорғаушылар ұстап, өздерін шығыстық сән-салтанатпен қоршайтын. Салтанатты мейрамдарда олар арғымақ мініп, алдарына жүк тиеген түйе мен сәнді әбзел таққан жылқы жіберіп, дабыл қағып музыка ойнатып ойқастап шығатын; халық оларды қоршап, еріп /308а/ жүретін болған, [бектер] сол халыққа үйлерінде ас беретін болған. Қазіргі хакімбектер бар жағынан Қытай сәніне еліктеп, олар көшеге шыққанда, оның шабармандары халықты көшеден қуып тығады. Бұрынғы сән-салтанаттан тек ресми музыка қалыпты. Алты шаһар қалаларының хакімдері сарайларының жанына ерекше қалқима орнатып, одан түскі ас кезінде керней ойнап, дабыл қағылады.

Кіші Бұхария қалаларының табысын анықтау өте қиын, олар өте күрделі де біркелкі емес; белгілі жерлерге ғана тиесілі салықтар бар. Жалпы сипаты төмендегідей: қазыналық астық өндіруші деп жазылған түркістандықтар, қазынаға астық өнімінің ½ өткізуге, /308б/ ал қалған басқа халық – оныншы бөлігін беруге міндетті. Оның сыртында, бүкіл халық диірмен, дүкен, бау-бақша, мақта плантациялары мен тағы басқалар үшін ақшамен салық төлеулері тиіс.

Оның үстіне алтынмен, күміспен және Пекинге жіберілетін жергілікті "дали" аталатын өнімдермен, кейде ақша орнына дабы мен мақта-матамен алым алады. Қай қала қанша табыс беретінін санап, анықтайтын мүмкіндік жоқ, сондықтан бұл жағдайда Қытай шығармасы "Си-юй-вынь-цзянь-лу"-ға қосымша берілген Қаржы Палатасының Жарғысынан алынған шынайылығы басым үзінділерді Иакинф /309а/ "Жоңғария мен Шығыс Түркістанның сипаты" атымен басып шығарған; бұл елдерде ұзақ уақыт тұрған, сондықтан сенуге тұрарлық жоғарыда аталған автордың келтірген Шығыс Түркістан қалаларынан жиналатын алым-салық көлемі сандарының Жарлықта көрсетілген сандардан біршама айырмашылығы бар.

Біздің жергілікті адамдардан білген мәліметтеріміз бойынша, Яркендтен жылына 61000 топ дабы, 31000 қапшық астық және ай сайын 2500 теңге, яғни жылына 30000 теңге алынады. Бұл мәлімет "Си-юй-вынь-цзянь-лу" авторының куәлігіне біршама сәйкес келеді; оның айтуы бойынша, Яркенд тұрғын-

дарынан алынатын жылдық алым 30504 қапшық астық, 57569 топ бөз, 35370 лан /309б/ күміс; оның сыртында, автор сыйға кететін 1649 лан кеденнен алынған күміс, 30 лан алтын, 800 гин май, 15000 гин мақта, 3000 гин мыс, 1432 кенеп қапшық, 1297 топ кенеп жіпті қосады.

Қашғар өзі жеке заңды алым-салығына 3600 лан күміс пен 14000 қапшық астық береді. Қытайлықтардың кедендік табысы Шығыс Түркістанда өте аз, өйткені шетелдіктер оны қытайлықтарға емес қоқандықтарға төлейді. Сауданың негізгі кілті – шайға салық Ішкі Қытай мен Үрімшіде салынады, ал жергілікті сауда ұсақ-түйекпен жүргізіледі. Жергіліктілер шетелдерден алынатын мал мен тауарға, олардың жиырмасыншы бөлігін береді (5 пайызы), /310а/ жібек маталар, бөз бен теріден – 10 пайызын. Салық заттың өзімен немесе келісілген сомада ақшалай алынады. Мал, үй мен дүние сатқан немесе сатып алған жағдайда күмістің әрбір ланынан $^{3}/_{100}$ бөлігі және пұлдан $^{3}/_{100}$ [пұл][280] алынады.

Шығыс Түркістанда алым-салық қауымдастықтарға салынады, соның үшін халық мыңдықтар мен жүздіктер және әулеттерге бөлінген.

Алғашқы тізімге алу және сонымен бірге тарату елді басып алған уақытта-ақ, өткен ғасырдың ортасында жасалынған болатын; сол уақыттан бері бұл қауымдағы әулеттер саны көптеген өзгерістерге ұшыраған, бірақ алым-салық бұрынғы ереже бойынша алынады, сондықтан бір бөліктерде айына кісі басына 6 пұл, /310б/ 10 және 12 пұлдан келсе, басқаларында – 1-ден 2 және 3 теңгеге дейін келеді. Кейде ауқатты адамдар 6 пұл береді де, кедейлері 3 теңге береді. Айына кісі басына ақшамен 6 пұл беретін қауымда, жылына салық төлеуші 2 ху бидай (3 пұт) беруі тиіс; ал 10 пұл беретін қауымдар – 4 ху, 12 пұт – 15 ху. Айына 1 теңге беретіндер жылына 10 ху, 2 теңге – 20 ху. Қытайлықтар алатын салықтан басқа жергілікті үкіметтің пайдасына алынатын салықтар бар. Соңғы салық былайша бөлінген: айына 6 пұл төлейтін салық төлеушілер қала пайдасына 1 ден 2-ге дейін теңге; ал 10 пұл берушілер – 3 тен 4-ке дейін теңге; /311а/ 1 теңге төлеушілер 12, 2 теңге төлеушілер – 20, ал 3 теңге төлейтіндер – 30 [теңге].

Қытайлық және жергілікті үкіметтердің шексіз алым-салықтары және біркелкі бөлінбегендіктен әрі оның үстіне жергілікті шенеуніктер қытай *мандариндерімен* келісімде салынатын заңсыз салықтар жағдайды одан сайын ауырлатады.

Салықтан түскен астық пен ақшаны қытайлықтар әскерді ұстауға жұмсайды; бұл жеткіліксіз болса керек, өйткені Пекин сарайы Батыс провинцияларына екі миллион лан күміс, немесе 4544 пұт және 74 фунт күміс бөліп отырады; бұның, айтуларынша, ½ миллион лан (1136 пұт және 14 ½ фунт күміс) Оңтүстік бет әскерлерінің қажетіне жұмсалып отырады. /311б/

Соңғы жылдары, ішкі соғыстардың салдарынан Ішкі Қытайдан күміс жіберу тоқталған кезде Жоңғарияда қатты жетіспеушілік болғанда, Оңтүстік беттің қытайлықтары бұрындары Пекин мен Ілеге жіберіліп тұратын алым-салықтың бір бөлігін өз қажеттеріне жұмсаған.

Алты шаһар қалаларындағы қытайлықтардың әскери күштері 15000 адамға дейін. Жергілікті халық әскери қызметке алынбайды. Алғашында түркістандықтардың өздерінің милициясы болған, бірақ қытайлықтар оны дұрыс емес деп, таратып жіберген, сөйтіп Батыс өлкеде оның барлық шекарасы кеңістігінде, әскери істен жергілікті халықты тыс шығарып, *манжұр, қытай, тунгус* және *чахарлардан* әскер ұстайды. *Олоттарды* – малшылыққа, ал түркістандықтарды – жер өңдеушілерге айналдырылған.

Оңтүстік беттің солдаттары, барлық Батыс өңіріндегідей – садақ және найзамен қаруланған, тек /312а/ аздаған бөлігінің мылтығы бар. Естігеніміздей, артиллериясы аз, оны қожаларға қарсы сирек қолданғанынан-ақ көруге болады. Қытай қамалдарында зеңбіректі пайдалануы үшін үш адамды қажет ететін қамал мылтықтарымен ауыстырған. Қытайлықтар, бұрыннан белгілі, нашар солдаттар: Кіші Бұхарияда орналасқандар сөл де болса соғысуға икемдірек. Олар оңашаланған бекеттер мен өз қамалдарында бейбастақ өмір сүреді, және де бірі қалмай апиын тартады, соның салдарынан олардың арасында өлім көп, денсаулықтары және рухани жағынан әлсіз. Көтеріліс кезінде қытайлықтар өздерінің қамалдарында қамалып қалады, қашан өздерін босатып алу үшін Іледен жаңа әскер келгенше қамалып отыра береді.

Батыс өлке қытайлықтарының /312б/ рухтары түскендігі сондай, олар өз бекеттерінен екі ақ шақырым жерде өздерінің қазыналық жүк керуендерін қырғыздарға тонатып қойып отыра береді. Шәуешекте байжігіттіктер қаланың тура маңында сауда керуендеріне шабуыл жасайды, саудагерлер қытайлықтардан көмек сұраған кезде, олар әдетте "Төбелескен жақсы емес" деп отыра береді. Қытайлықтардың осындай жағдайында елді сыртқы жау мен ішкі бүліктен қорғау күнен-күнге қиындаған, оның үстіне Іле мен Ішкі Қытайдан жанды әскери көмек бере алмайды. Жоңғірдің тұсында әскери көмек Ішкі Қытай мен Солтүстік беттен келетін болған. Соңғы көтеріліс кезінде қытайлықтар ішкі провинциялардан көмек беретін мүмкіндіктері болмаған; /313а/ Іледен де Құлжаны әлсіретпей әскер жіберу мүмкін болмаған, сондықтан 1847 жылы жер аударылғандар, ал соңғы көтерілісте – қалмақтар жіберілген.

Қытайлықтар Кіші Бұхарияда соғыс бола қалған жағдайға Лянчжоуда әскери қор, Комул мен Үрімшіде астық қамбаларын жасап қойған. Ішкі Қытаймен қатынас: асығысы бір

айда, ал ауыры 4-5 айда жасалады; сондықтан, көтеріліс туралы хабар алынғаннан кейін көмек пен тамақ қоры 6 айда ғана келе алады. Құлжамен қатынас 18 және 20 күнде жасалып тұрады, және Іле өлкесінен үлкен әскери көмек күту қиын. Жау егер жергілікті халықпен қосылатын болса, артықшылық соларда болады. Қытайға сенімді болып қалған барлық қалаларда, әрдайым /313б/ тамақ қорының жетіспеушілігі, әсіресе мал етіне тапшылық байқалды.

Оңтүстік шептегі әскери маңызды мекендер: Алты шаһарды Ішкі Қытай және Ілемен байланыстырып тұрған – Ақсу; одан кейін сырттан шапқыншылыққа ұшырап тұратын – Қашғар; ішкі жолдардың ортасында жатқан Барчук пен Қытайға баратын жолды қорғайтын Бюгур; бұл қаланың маңында бір ғана сүрлеу жол бар. Кіші Бұхарияны қоршап тұрған таулар сыртқы шапқыншылықтан қорғайтын табиғи қорғаныс болып табылады, ал қыс уақытында, әсіресе көп қар түскенде, Теректіден басқа барлық тау асуларынан адам өте алмайды*[127]. Куен Лун мен Болор асулары өте күрделі, сондықтан аздаған күшпен қорғап қалуға болады. Тек Ақсудан Янысарға дейінгі шепте азды-көпті ыңғайлы жолдар бар, сондықтан арнайы қорғауды талап етеді.

Қашғар қаласы /314а/ өзінің орналасуымен қытайлықтар үшін қоқандықтар мен қожалардың шапқыншылығынан қалқа болуы мүмкін еді, бірақ ол мақсатқа жеткізбей отыр: ішкі тыныштықты әскери күшпен ұстап тұру қажеттілігі, қытайлықтарды маңызды стратегиялық жерлерден гөрі, көп тұрғынды қалаларда көп санды қарауыл ұстауға мәжбүр етіп отыр. 1825 жылдан бастап олар өз әскерін орналастыру үшін оқшау қамалдар салған. Қытай қамалдары мен жалпы Шығыс Түркістанның қалалары қалың, биіктігі 6 дан 8 сажынға дейінгі саз қабырғалармен қоршалып, оның айналасында 3 немесе одан кем сажын тереңдіктегі ор қазылған. Қабырғалар бірнеше мұнаралармен құрсанған, олар Қытай күркелеріне ұқсайды. Дегенмен қапталдық (фланговый) қорғанысы жоқ қытай қамалдары мен Кіші Бұхария қалалары /314б/ дұрыс ұйымдастырылған қоршауға төтеп бере алмайды да оны алу аса қиындық туғызбайды; тек азиялық әскерлерге ғана олар алынбас қамал болып, тек аштықпен алынуы мүмкін.

Оңтүстік шек Аспан асты империясының күмәнді жетістігі.

---

*[127] Дегенмен, Тамерлан Тянь-шанға бірнеше жорықтар жасаған. Әдетте ол қысты Атбашта немесе Үзгендте өткізген. Болорда болған үлкен әскери жорықтар тарихта өте сирек. Біздің білетініміз, қашғарлық хан Рашид Бадахшанға жорық ұйымдастырып, кейін ғазауатпен белурларға және Тибетке барған, бірақ еш жерде тұрғындардан қатты қарсылық кездестірмеген, сондықтан оның атты әскері тек табиғи кедергілермен күрескен. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

Халық қытайлықтарды жек көреді және ылғи болып тұратын көтерілістер мен қасарысқан күресті қолдап отырады. Тек әскери күштер мен қатаң шаралар тыныштықты сақтап тұр, ал әлі күнге қытай билігінің сақталып, қожалардың істері сәтсіз болып тұрған себебі: біріншіден жергілікті халықтың өзара тату емес болып, іштей қарама-қайшылықтары, екіншіден қоқандықтардың әсері. Осы себептерді жойған жағдайда Кіші Бұхарияның, ең болмағанда /315а/ Алты шаһар қалаларының Қытайдан тәуелсіздік алатындығы даусыз. Бұл себептерді тәптіштеп талдап көрелік.

Ауыр алым-салық, заңсыз алымдар, парақорлық пен қытайлықтар мен олар тағайындаған бектердің жасайтын қысымы Алты шаһар қалаларының тұрғындарының ығырына тиген, олар қытайлықтарды да, өз шенеуніктерін де жантәндерімен жек көреді. Қытайлықтардың жағдайы бұл уақытта тығырыққа тірелгендігі сондай, олар халықты өз жағына тартуға бар күштерін салса керек еді, бірақ қытайлықтар ол туралы тіптен ойламайды. Айнала жауларымен қоршалған олар өз ашуын халықтан алады, көпшілік болса /315б/ бұның бәрін шыдамдылықпен көтеріп, тек қожа келгенде өшімізді алармыз деп өздерін өздері жұбатады.

Қытайлықтар өздерінің ештеңе істей алмайтындарын біліп, өте секемшіл де ашушаң болып алды. Әрбір көтерілістен кейін олар құтырып кетеді: бәрін талап, әйелдерді зорлап, мешіттерді қиратады, елдің қорқынышын туғызу үшін дәруіштер мен басқа да бейшара адамдарды жазаға тартады, ал азды-көпті беделді кісілерді, олардың көтеріліске қатысқандарына қарамай, бұрынғы орындарында қалдырып, тіпті жоғарғы шарлар береді. Олардың бұл саясаты түркілерді еске салады, олар қарақшыларды өздері аяусыз тонаған провинцияларға губернатор етіп қойған. /316а/ Тек шайх-ахунды жазалаған оқиға ғана бұл дәстүрден тыс болды, бұл хакімбектің ұсынысымен болған еді, өйткені Шайх-ахун Қашғардағы ең бай кісі саналатын еді. Басқа уақытта ашық тонау болмағанымен, қысымшылық қатты болады. Қытайлықтар көшеде аттан түспегендердің бәрін ұрып-соғып, дүкендерден тауарларды тартып, тегін алып кетеді, асханаларда тегін тамақтанады. Әрбір қытайлық шенеунік тіршілік қажеттерін тегін алады, жергілікті халықтан олардың қоластында құл ретінде жүретін клиенттер ұстайды.

Қытайлық және жергілікті шенеуніктердің секемшілдігінің /316б/ шегі жоқ. Полиция да әрдайым қырағы және өз ісін жақсы атқарады. Қашғарда қожалар туралы әңгіме айтуға тиым салынған, бұл сөздің өзі құдалауға түскен. Түркістандық тілде қожа – қожайын деген мағынаны береді де, әрбір кісі есіміне осы сөзді қосып отырады, ал қазір оны ахун сөзімен ауыстыра бастаған. Отаншылдық өлеңдерге де тиым салынған, бірақ ол сәтсіз болып отыр.

Қашғар шенеуніктері қытайлықтардан сайланады. Олардың жоғарғылары комулдықтар мен түрфандықтар; олар өздері билеп отырған халыққа бөтен болғандықтан, тек өз қамдарын күйттейді, өздеріне дүние-байлық жинайды, және де олардың билігі қытайлықтарға байланысты болғандықтан, барлық жағдайда /317а/ бағыныштыларына жағынады. Қытай өркениетінің ылғи жағымсыз жақтарын үйренген олар, өз тәуелділеріне үстемшілдікпен менсінбей қарайды, ал қытайлықтар алдында құрдай жорғалайды, күндерін маскүнемдікпен, жеңіл жүрісті әйелдер ортасында өткізеді, осындай құмарлықты қонаққа келген қытай шенеуніктеріне де көрсетеді. Ұсақ шенеуніктер де жоғарғы шенеуніктерге еліктегенімен, оларға қарағанда дөрекі, тік болып келеді.

Бектер өз діндестерін қытайлықтардан асып түспесе кем қыспайды, дұрыс емес алымдар салады, керегін тегін тартып алады, өз билігін дәлелдеу үшін көшеде халықты соққыға жығады. Салық төлемеген жергілікті халықты, не тауып бермейінше /317б/ не қашып кетпейінше жазалауға ұшыратады; ешқандай сылтау қабылданбайды. Шетелдіктермен шенеуніктер әдепті, бірақ жылпос және күмәнмен қарайды. Қытайлықтарға жергілікті шенеуніктердің асыра сілтеулері бәсенеден белгілі. Кіші Бұхарияда көп жылдар бойы қызмет еткен "Батыс өлке туралы"[155] кітабының авторы: "Күштілер әлсіздерді қысымға алады, бектер зорлықпен баюға құмар; егер кедей азғантай бір дүние жиса, оны сорып алуға тырысады" деп жазады. Осыны біліп қытайлықтар шенеуніктерді кемсітіп, оларға менсінбей қарайды, соған қарамастан олардың істерін қолдап отырады, өйткені бұл олардың саясаты.

Қытайлықтар тек үстемшілдерге сенім білдіреді, яғни олар /318а/ халықпен еш ортақтығы жоқ. Олардың қатты қорқатыны, шенеуніктер өздерінің мақсатын халықтың мүддесімен қосуы, өйткені сонда олар қауіпті болар еді. Жеті шаһар тұрғындары өте сирек жоғарғы лауазымдарға сайланады, әсіресе қашғарлықтар, өйткені олар ең сенімсіз тәуелділер саналады. Қашғарда осы жерден шыққан жалғыз хакімбек Құтлұбек болған, оның өзі ұзақ отыра алмады. Жалпы алғанда алтыншы дәрежеге жеткен шенеуніктер өз отанында қызмет ете алмайды. Осылайша қытайлықтар өз мақсаттарына жетіп отырады: шенеуніктер тіпті бөлек, халықтан бөлектенген, [қытайларға] бар ынтасымен /318б/ берілген тапты құрайды, тек төменгілердің арасында, әсіресе ауылды мекендерде, артыштық мыңбегілер – Халықбек пен Тайырбек сияқты отаншылдар бар.

Сонымен халық қытайлықтар мен бектерді жек көреді. Осы жерде сұрақ туындайды: егер қытайлықтардың өздері әлсіз және де Кіші Бұхарияда өздеріне қарсы топтармен қоршалған болса, онда қоқандықтар мен халық қандай, және де

қожалардың осы күнге дейін жеңіске жете алмай жүргендеріне не себеп? Алты шаһар түрғындары жоғарыда түсіндірілген себептермен, екі діни-саяси партияларға бөлінген – өзіндік рухани басшылары (пірлері) бар *ақтаулықтар* мен *қаратаулықтар*. /319а/ Кіші Бұхариядағы зиялы билік үшін осы *тариқаттар* пірлерінің арасында күрес болып түрған. Осының салдарынан *тариқат* рухы саяси мағына алған, осылайша діни басшылардың құқықтары зиялы билеушілердің қарым-қатынастарымен ауысқан. Олардың арасындағы қайшылықтар бірте-бірте күшейгені сонша, олардың тіршілік мақсаты бір-бірін жоққа шығару болған. *Ақтаулық* барлық жағдайда *қаратаулыққа* қарсы болып, ал *қаратаулық* – *ақтаулықтарға* қарсы болуы керек. Бұл *тариқаттардың* барлық діни ережелері мен саяси сенімдері осыған саяды.

Шығыс Түркістанда *қаратаулықтар тариқаты* билікке қол жеткізіп, отандарының тәуелсіздігі үшін /319б/ жоңғарлар мен қытайлықтармен күреске кіріскен уақытында, *ақтаулықтар* қытайлықтармен сыбайласып, *қаратаулық* қожаларды қуып шығып, басымдылық алады. 1758 жылы олар да өз кезегінде елден қуылып, отандарын азат ету үшін шабуылдарын бастағанда, бұл *тариқаттың* маңызы өзгереді. *Ақтаулықтар* отаншыл болып, ендігі жерде азаттық үшін қызу күрес жүргізеді. *Қаратаулықтар* олардың қайтпас қарсыластары болып алған, дегенмен қытайдың қысымы екі жаққа да бірдей болғандықтан, олар өз қарсыластарына, тек сол кезеңдегі көзқарастарды ұстанған консервативті *тариқат* ұстанушылар ретінде ғана қарсы бағыт ұстанған.

Алғашында бұл *тариқаттар* тек /320а/ бас киімдерінің түсімен ажыратылған: *ақтаулықтар* ақ, *қаратаулықтар* қарасын киіп, олардың атаулары осыған байланысты болған. Таулық (таглық) – кішібұхарлықтарды дала түркістандықтарынан айыру үшін айтылатын аталуы (қоқандықтар Қашғардан келген эмигранттарды *таглық* деп атаған). Қазіргі күні бұл *тариқаттар* арасында сыртқы айырмашылықтары жоқ және де "Сіз қай *тариқаттансыз*?" деген сұрақ жөнсіз болып саналады? Дегенмен олардың арасындағы қайшылықтар әлі де күшті. Жалпы сөз қолданыстағы "Піріңді қарғыс атсын!" – деген ұрысты сөздің өзі-ақ осы жағдайды көрсетеді. Қалаларда *тариқат* саны біркелкі емес, Қашғар, Ақсу мен Кучада *ақтаулықтар*, ал Янысар, Яркенд пен Хотанда – /320б/ *қаратаулықтар* көбірек. Қашғарда, қаланың өзінде, және солтүстік-шығыста жатқан ауылдарда *ақтаулықтар* көбірек болса, оңтүстік-батыстағы ауылдарда *қаратаулықтар* басым.

Чалгурттар – шетелдіктердің ұрпақтары, олар тілі мен түрғылық жағдайына қатысты Шығыс Түркістандық болғанымен, шетелдіктердің құқығында, сондықтан біршама тәуелсіз. Олардың бәрі де осы *тариқаттардың* біріне жатады, бірақ

мүрагерлердің бәріне бірдей беріліп, көтерілістерге қызу қатысады. Естуімізше, *ақтаулықтардың* саны *қаратаулықтардың* санынан басымырақ, бірақ олардың күші теңесетін жері, *ақтаулықтардың* ішіндегі байлығы мен беделі жағынан азды-көпті белгілі кісілері Қоқанға көшіп кетіп, өз пірлерінің қол астында өмір сүруде, ал соңғы /321а/ және олардың ішіндегі ең танымалы – артыштық Шайх-ахунды қытайлықтар жазалаған, және оның дүниесі тәркіленген. Бұл *тарықаттың* шайхтары ұрпағынан Аппақ-қожа мазарының шырақшылары ғана қалып отыр. Бұл мазардың бас Шайхы – Сунуджа-қожаны қытайлықтар Қоқанға елші ретінде жіберілген, сондықтан, оны *ақтаулықтар тарықатының* берілген сарбаздарының бірі деп айта алмаймыз.

Қаратаулықтар консерваторлар ретінде барлығы өз отандарында қалып, өз пірлеріне, маргеландық қожаларға, жыл сайын мол садақа жібереді. *Тарықаттың* Қашғардағы өкілі болып шайхтардың бірі Данийал-қожаның ұрпағы ханарықтық Алимахун саналады; бұл ахун /321б/ өз *тарықатының* арасында үлкен құрметке ие болған, және де осы құрметін екіжүзділік пен құпиялықтың арқасында сақтап отыр.

Аппақ әулетінен тараған қожалар, Қашғарды өз қолдарына алған кезде, екі *тарықат* діндарларының арасында айырмашылық жасамай, екі жаққа да бірдей құқық беруге тырысады, дегенмен *қаратаулық тарықаттың* түп негіздерін жеңе алмай отыр. Қытайлықтар бұл *тарықаттардың* маңызын түсінбегендіктен, оларды өз пайдасына пайдалана алмай отыр; олар қаратаулықтарды хаймоуза – қаратақиялы; *ақтаулықтарды – баймоуза* – ақтақиялы деп атайды, соған қарамастан олардың мағынасын толық түсіне бермейтін сияқты[156]. Жоғарғы жарлықта, /322а/ 1830 жылы жарияланған, былай делініпті: "Қаратақиялы мұсылмандардың князы өз патшалығының барлық қолымен келді". Бұл сөздер олар істің жайын тіптен білмегендігін көрсетеді. Бұл *тарықаттардың* қайшылықтары Шығыс Түркістанда жалпыхалықтық көтерілістің болмауы, қожалардың осы күнге дейін жеңіске жетпеуі, сонымен қатар бұл елде ешқашан тыныштық болмауы себепті. Барлық көтеріліске тап болған елдерде бүлік пен қақтығыссыз тұра алмайтын ерекше топтар болады, /322б/ олар бүлікшілікті өнер еткен.

Қашғарда, жалпы Кіші Бұхарияда бұл тапты: дәруіштер, анаша тартқыштар, құмар ойыншылар мен салтандар (пролетарий)[157] құрайды; олар көтеріліс кезінде бірінші болып қару көтеріп, бектер мен қытайлықтарды қырады, ал қожалар қашқан уақытта олардың жақтаушыларының үйлерін тонап, қытайлықтарға көмектеседі. Осылайша, Шығыс Түркістанның шынайы ішкі саяси жағдайы, қытайлықтардың да, қожалардың да билігі үшін бірдей жағымсыз. Енді бұл елдің саяси

болашағына әсер етіп отырған қоқандықтардың ықпалына тоқталып, олардың Оңтүстік шеп үкіметімен қарым-қатынас жүргізуде басшылыққа алып отырған ережелерін қарастырсақ.

/323а/ Қоқандықтардың Шығыс Түркістанға әсері негізінен бұл иелікте Кіші Бұхариядағы билікке таласы бар қашғарлық қожалардың ұрпақтарының мекен етуіне негізделеді. Мұсылмандық Шығыста Мұхаммед [Пайғамбардың] ұрпақтары ерекше құрметке ие болған, және олар саййид, шайх, қожа, әмір атауларымен жоғарғы таптың ерекше бір бөлігін, діни бекзадалық сияқты тапты құрайды. Діндарлар ортаазиялық елдерде екі топқа бөлінеді: халықтың фанатикалық құрметіне ие болған және билеушілерге сөзі өтетін мұрагерлік топ, және молдалар немесе үлемдер тобы, олар діни қызметкер, қазы, сот және мұғалімнің міндеттерді орындайды. Біріншілерге: /323б/ Мұхаммед [Пайғамбардың] ұрпақтары (саййидтар мен қожалар), халифтар мен әр түрлі қасиетті әулие кісілердің (шайхтардың) ұрпақтары жатады. Діндар ұрпақтардың өзіндік иерархиясы бар. Олардың және жалпы барлық діндарлардың басында бір қожа-*калан**[128], бірнеше ишан-*нақиб**[129] және ишан-*судурлар**[130] тұрады. Бұл кісілер тек саййидтардан болуы тиіс.

Үлемдер тобын бір шайх ал-ислам*[131], екі қазы-калан*[132], бір әскердегі сот ісінің меңгерушісі қази-әскер, діни сенімдерін қадағалап отыратын бір раис, бірнеше қази-күзет*[133], алимдер*[134], мүфтилер, *уласкарлар**[135], қарапайым қазилар мен мүфтилер ... Діни қызметкерлер мен халықтық мұғалімдер: имамдар, халфелер*[136], хатибтар*[137] мен молдалар құрылды.

Ортаазиялықтар ырымшыл да фанатикалық сенімде. Саййидтар олардың надандығын пайдаланып, /324а/ халық арасында үлкен құрметке бөленген; олардың оқушылары мен мүридтері*[138] олар жасады деген әр түрлі кереметтер туралы таратып, барлығы соған сенеді. Мұхаммед [Пайғамбардың]: "Менің ұрпақтарымды құрметтеңдер, тіпті олар құрметке лайықты болмаса да: осылайша мені құрметтейсіңдер" деген

---

*128 *Ишан-калан* – "ұлы қожа" – жоғарғы діни лауазым, оның міндетіне діндарлардың қызметіне жалпы қадағалап отыру кірген.

*129 *Ишан-нақиб* – сопы тариқатының басы.

*130 *Ишан-судур* – негізгі ишандардың бірі.

*131 *Шайх ал-ислам* – мұсылман қоғамының басшысы.

*132 *Қази-калан* – бас жоғарғы сот.

*133 *Қази-күзет* – жоғарғы сот.

*134 *Алим* – "ғұлама", сот шешімін бекітуші.

*135 *Уласкар* – дұрысы қази ул-аскар – әскери сот.

*136 *Халфе* – имамның көмекшісі, діни мектептің мұғалімі.

*137 *Хатиб* – уағыздаушы.

*138 *Мүрид* – әлдебір құрметті саййид немесе шайхтың ізбасары.

сөзімен өлімнен құтылған олар халықтың өздерінен керемет иелерін көретін фанатикалық сеніміне негізделіп, олар қорықпай билеушілермен қарсы тұрады, оларға ескертулер айтады, ал олар таза мұсылмандар ретінде көніп бар ынтасымен құлақ асады, өздері де олардың кереметіне иланады.

Осылайша саййидтар деспотизмді шектейді, ал дін қызметкерлері заң орындаушылары ретінде, билікке үлкен әсерін тигізеді. Борнс /324б/ Бұхарадағы билікті тамаша сипаттаған.

Үкіметке тигізетін әсері жағынан діни үрпақтардың маңызы өте зор, сондықтан негізінен Қоқан хандығында тұратын саййидтар мен шайхтардың белгілі әулеттері туралы айта кетуді жөн көрдік.

Ортаазиялықтардың көзсіз сенімі бойынша саййидтардың ең құрметті әулеті – Мийандар, басқаша айтқанда Фарухилар, немесе Сахиб-заде; бұл әулет өз бастауын халиф Омардан бастайды, ең жақын буынында имам Раббаниден, ал аналық тармағында – Мұхаммед [Пайғамбардың] қызы Фатимадан таратады. Бұл әулет өте алыс емес заманда Пешавардан шыққан. Бұл құрметті үрпақтың өкілдері: /325а/ Бұхарада – Мийан-Фазыл-Улема-Қадыр, Қоқанда – Мийан-Бузрук, ол Катта-hазрет атымен белгілі, алдыңғысының бауыры, және туысы ишан-Мийан-Мұхаммед-Халил, ол 1842 жылы біздің сарайымызда елші болған. Бұхар [әмірінің] ұлы Сахиб-заде, хан тұқымды ханшайымнан туған, ол Ақчада тұрады және ауғандық Досмұхаммедке жүретін үлкен беделі бар. Бұл әулетке тиесілі лауазым – hазірет.

2. Қашғарлық қожалар. Бұл әулеттің шығу тегі туралы біз бірнеше рет сөз қылдық; олар Қоқан мен Маргеланда тұрады. Қоқанда тұратындары Сарымсақ қожадан тарайды да қожалардың *ақтаулық тариқатына* жатады. /325б/ Маргеландықтар Абдулла- мен Патшахан-қожалардан тарап, *қаратаулық тариқатқа* жатады; бұл әулетке тиесілі лауазым – төре.

3. Түркістандық қожалар, қашғарлық қожалар сияқты таза қанды саййидтарға жатады, яғни Фатимадан тарайды. Бұл қожалар Түркістан немесе hазрет қаласында тұрады, қырғыздар (қазақтар) арасында тараған. Олардың көбі көшіп жүреді және өздерінің надандықтарының арқасында отырықшы ортаазиялықтардың сенімінен шыққан.

4. Касан-қожалар Касан мен Наманганда тұрады. Бұл әулет өте көп өсіп-өнген.

5. Майдан-қожалар – Әндіжанда; өніп-өскен әулет. Майдандар қара қырғыздардың арасында ел кезіп жүріп, /326а/ оспаға қарсы егумен айналысады, сондықтан олар шекмеқожа атымен де белгілі.

6. Омарилар – Ташкенттегі шайх Антаһуранның[158] үрпақтары. Бұлардан басқа да қожа аталуға таласгары бар көптеген үсақ әулеттер бар

Шайхтар деп Қоқан мен Бұхарада әулиелердің басына тұрғызған мазарлардың шырақшыларын атайды. Бұл шайхтар – немесе дін үшін жанын пида еткен *шаһидтардың* мазарының басында тұратын ұрпақтары немесе осы әулиелердің ұрпақтарының шәкірттері. Шайхтар алыс жерлерден діни зияратқа келген құлдық ұрушылардың садақаларына күндерін көріп, өте бай тұрады.

Мұсылман әулиелерінің мазарлары, /326б/ ортағасырлық христиан монастырлары сияқты көптеген байлықтар сақтаған. Мазарларға үлкен жерлер мен ауылдар және тұрғындар тиесілі. Орта Азиядағы атақты мазарлар: Палван-Ахмед Жамши – Үргеніште (Хиуа хандығы); Бахауддин Нақшбанди[159] – Бұхара маңайында; қожа Жаһанның – Гиждуанда (Бұхар хандығы); Зәңгі-Баба, қожа Ахрар-Уәли[160] – Ташкентте және Ахмед-Йасауи – Түркістанда. Қоқан хандығында, турасын айтқанда Ферғана жазығында, фанатикалық мұсылмандардың ойынан шығарған немесе діндарлардың алдамшылығымен ойлап табылған бірнеше мазарлар бар.

Алай тауларында, Маргеланнан оңтүстікке қарай Шаһимардан атты бай мазар бар; бұл мазар 11 орынның бірі, /327а/ олардың ойлары бойынша Әли жерленген. Әлиді Куф мешітінде өлтіргендері белгілі, бірақ оның денесін, мұсылмандардың айтулары бойынша, аспан түйесі арқалап, ғайып болып кеткен. Ош маңайында Тахты-Сүлеймен "Соломон тағы" аталатын тас бар – Асафтың мазары, ол шығыстық аңыз бойынша осы Пайғамбардың уәзірі болған, және Жүніс-пайғамбардың (Юнус, Ион)[161] мазары. Біз Ош маңайындағы киелі орындар туралы кітап оқыдық. Ол бойынша Мұхаммед [Пайғамбардың] өзі бұл қала туралы білетін болған және барлық мұсылмандарға өмірлерінде бір рет болса да Ош киелі орындарына зиярат етуді тапсырған. Бұл мазарлар Азия мұсылмандары арасындағы надандықтың ең көрнекті сипаты. Шайхтарды /327б/ Шаһимардан басындағы қожалар деп атайды, олар Маргеланда Мешхет махалласында тұрады. Ош шайхтары да саны жағынан көп. Бұл жерлерге зиярат етуге жыл сайын Қоқаннан, Маргеланнан, Әндіжаннан және де Ферғана жазықтығының басқа да қалаларынан көптеген зияратшылар әулеттерімен түгел келеді.

Қожалар немесе саййидтар, жоғарыда айтып өткеніміздей, қандай жағдайда болмасын өлім жазасы мен дүре соғудан босатылған, одан шығыста тіпті уәзірлер де босатылмаған, олар сонымен қатар барлық міндет пен алым-салықтан азат етілген. Мийандар мен қашғарлық қожалар Құдай сүйген кісілер ретінде белгілі болып, оларға ерекше құрмет көрсетіледі. Мийандардың барлығының керемет әлденелер жасау қасиеті бар және /328а/ болашақты болжау құдыреттері бар, сондықтан билеушілер олардан қорқақтайды, оларға барынша құрмет

көрсетіп, олардың кеңесінсіз әрі батасын алмай ештеңе жасамайды, өздерін олардың мүридіміз, шәкіртіміз деп санайды, ал халық оларды шексіз қадірлейді. Бұл екі әулеттің мүшелері Бұхара әмірінің, Қоқан ханының және басқа да билеушілердің әулеттерімен құдалық қатынасқа түсе алады. Олар ең жоғарғы діни қызметтерді атқарады. Бұхаралық қожа-каландар Мийандар әулетінен шыққан, қоқандық Сабырхан-төре – қашғар қожаларының ұрпағы. 1842 жылы біздің сарайымызда қоқандық елші болған Ишан Мийан-Халил *ишан-накиб* лауазымында болған.

Сайиидтар биліктің басында тұрып, /328б/ жоғарғы, тіпті елшілік қызметтерде пайдаланылады. 1829 жылы Петерборда болған қоқандық елші де қожа болған және *ишан-судур* лауазымында болған. Сахиб-зада мен қашғарлық қожалар өте бай, олар үзбей діндар мұсылмандардан садақа алып отырады, оларға өмір бойына вакуфқа берілген кең жерлері мен ауылдары бар. Басқа қожалар кедей және өздерін асырау үшін көптеген алдамшылықтармен айналысады, кедейлерді емдейді, тұмар сатады, садақа жинайды.

Қашғар қожаларына, тек хан тұқымы балаларына ғана тиесілі – төре лауазымы берілген. /329а/ Бұл тармақтың үлкендерінің өкілі – Махдум-и Ағзам ханмен теңдес құрметке құқығы бар.

Қазіргі күні Қоқан мен Маргеланда тұратын қашғарлық қожалар әулетінің саны екі жүз кісіден астам. Маргеланда тұратын *қаратаулық* қожалар осы күнге дейін көтеріліс бастауға еш талаптанбаған. Оның себебі, біздің ойымызша, ортазиялықтардың олардың зиялы билікке құқықтарын мойындамауы, ақырында өз маңайларында партизандары жоқ, әрі *ақтаулықтар* қуатты әрі саны жағынан көп болғандықтан болар. *Ақтаулық* қожалардың әрқашан көмекке келуге дайын тұрған көшпелі өзбектер, /329б/ қырғыздар арасында ізбасарлары бар. Сонымен қатар, Қоқан хандығында *ақтаулық тарикаттағы* қашғарлық эмигранттар да көп; олар Әндіжан, Шахрихан мен Қарасу маңайындағы ауылдарда тұрады, таулық аттылары шамамен 50000 әулет. Одан басқа қалаларда да көп тұрады, Ташкент маңында Янги-Шаар атты қашғарлық эмигранттардың тұтас ауылы бар. 56000 таулықтар өз қожаларына барынша берілген қауымды құрайды, қол көмегімен де, мүлікпен де жәрдемдесуге даяр.

Барлық бай да беделді *ақтаулықтар* Қоқанда тұрады. Яғни, қожалар /330а/ материалдық жағынан қуатты; ал олардың адамгершілік жағына келетін болсақ, оны Бадахшандық билеуші үйінің[162] құлауын Пайғамбардың қожаларды өлтіргені үшін көрсеткен ашуымен байланыстыратындығынан байқауға болады. Борнс, бұл хабарды жеткізе отырып: "Қожалар әулетіне тиесілі осындай пікір болып тұрған уақытта, оның

мүшелері қытайлықтар үшін қауіпті көрші болып қала береді" дейді.

Қара қырғыздар өздерінің бір руы – машақтар – қытайлықтарға Жаңгір-қожаны ұстауға көмектескендері үшін кедейленіп, тарқап кетті деп сенеді. Жаңгірдің үйі болған жерді қоқандықтар /330б/ дұға оқитын жерге айналдырып, оған бағыштап құрбандық шалып тұрады. Азиялықтар бұл әулеттің әрбір мүшесін Құдайдың қасиетті рухы қолдаған деп санайды. Олардың сенімінің күштілігі сондай, тіпті олардың кемшілігін, діни булығу деп санап, олардың маскүнемдігі мен зинақорлығына [олар] құрметпен қарайды. Осындай беделдерін пайдаланған жас қожалар көше кезіп, ит теуіп, әйелдердің жамылғысын ашады, оларды ешкім де тоқтатуға батпайды. Қашғарлықтардың, яғни *ақтаулық тариқаттың* бұл қожаларға деген көзсіз сеніміне шек жоқ. Олар [қожаларды] католиктер папаны ойлағандай, күнә жуқпас, пәк деп ойлайды.

/331а/ Қытайлықтар қожалардың Шығыс Түркістанға ықпалы мен бұл жердегі орнын жақсы біледі. Бадахшандық билеушілерге жыл сайын Сұлтан-Шах Бұрханеддин мен қожа Жаһанды өлтіргені үшін зейнетақы беріп тұрған, зейнетақы елді кундуздық мір жаулап алғанда ғана тоқтатылған. Шетелдіктермен астамшыл саясат ұстанатын Пекин сарайы Қоқанмен үзілмес қарым-қатынас жасап тұрады, Қоқан ханы мен оның әмірлеріне ылғи сыйлықтар жіберіп тұрады, кедендік салықты ресми бергенін санамағанның өзінде. Қытайлықтардың Қоқанмен өзінің қатынасын қалай атайтынын білмейміз. Қоқанға кең көлемдегі артықшылықтар берген *богдыхандық* үкімет олардан бір ғана – қожаларды қадағалап ұстауларын және оларға ғазат жасауға мүмкіндік бермеулерін сұрайды. Қоқандықтардың /331б/ өз міндеттерін қалай орындап жатқандығын алдыңғы тарихи очерктен байқадыңыздар.

Қытайдың Қоқанмен, Орта Азиямен алғашқы қатынасы Шығыс Түркістанды жаулап алысымен басталды. Ердене мен Нарбота, қытайлықтардың жазуы бойынша, олардың билігін мойындаған. Кейіннен қожалар Қоқанға көшкеннен кейін, қытайлықтар бұрынғыдан жиірек келіссөздер жүргізе бастаған. Қытай сарайының елшілері Қоқанға келіп, ал қоқандықтар Оңтүстік шептің *хебе-амбанымен* қатынасып, қомақты сыйлықтар алып тұрған. 1825 жылдан бастап қарым-қатынас өзгерген. Қоқандықтар қытайлықтардың әлсіз жерін көріп қожаларды пайдаланған және 1831 жылы шетелдіктер әкелетін тауардан алынатын кеден салығы бұлардың пайдасына шешіліп, және барлық шетелдіктер /332а/ қоқан ақсақалының қарамағына өткен. Мемлекеттегі барлық қызметтер сатылатындығы сияқты, бұл қызмет Қоқан ханына беріледі.

Алғашқы кезде бұл қызметке саудагерлер тағайындалатын болған, бірақ соңғы кездері [бұл қызметті] көбіне әскерилер-

мен ауыстырған. Соңғы екі ақсақалдар *датқа* шеніндегі сипайлардан болған. Бас ақсақал резидент құқығымен Қашғарда тұрады, оның жанында зекетшілер – салық жинаушылар, газанчи – қазынашы, мирза-баши – іс басқарушы және әр түрлі тапсырмаларды орындау үшін бірнеше сипайлар болады. Басқа қалаларға ақсақал тағайындау осы бас ақсақалға байланысты, ол да өз тарапынан бұл қызметті қаладағы сауданың жай-күйіне және қаланың табысына байланысты баға береді.

Бұл жағынан алғанда /332б/ Хотан, мануфактуралық өндірістің және тауардың көтерме саудасының негізгі мекені ретінде, үлкен маңызға ие; естуімізше, бұл қаладан алынатын түсім қоқандықтардың басқа бес қаладан алатын бағасына теңдес. Хотан ақсақалының орны – 15 жамбы, ақсұлық ақсақалдың орны – 8, Яркендік – 6, түрфандық және янысарлық – 4; одан басқа, ақсақал әр түрлі ауылдарға полицейлік бақылау үшін диван-бектерін тағайындайды және *чонбагыш* руының қырғыздары ұлысына оған бағынышты елбегілерді тағайындайды. Қашғарда оның құрбашысы – полицмейстер, қази – сот пен имамдары бар. Ақсақал жанында хан тағайындаған делдал болады, ол сол үшін хан-делдал деп аталады; бұл шенеунік /333а/ шетелдіктердің саудасындағы делдалдығы үшін, егер сауда жамбыға жүргізілген болса, бірінен 3 алтын, ал егер алтынға жүргізілсе оннан бірін; Қашғардан шығатын керуендерден ол әр жүк тиелген малдан 2 теңге алады. Делдал қазынаға жыл сайын 1200 фу-шай, яғни шамамен 3600 күміс ақша өткізіп отыруға міндетті. Оның кірісі қазынаға тапсыратынынан әлдеқайда көп болғандықтан ақсақал оған серіктер тағайындайды. Ақсақалдың өзінің табысын анықтау өте қиын, өйткені ол өте күрделі.

Ақсақал мұсылмандарға тиесілі тауар мен малдан $^{1}/_{40}$ бөлігін алады, еврейлер мен үндістерден – $^{1}/_{10}$ бөлігін. Оның сыртында саудагерлерден сыйлықтар алады, өзінің барлық өкілдерінен де /333б/ сыйлық талап етеді; үйі мен шаруашылығы бар әндіжандықтар мен чалгурттардан да талап етеді, ол Қоқандағыдай салық алады; астық және мақта плантацияларынан 10 батманнан бірін алады; бау, бақша мен шабындықтардан өнім өндірмесе де салық алады; оның өлшемі – танап – 0,375 десятина. Жеміс бауларынан әрбір танаптан 10 теңге, ал бақша мен шабындықтан – 5 теңге. Қырғыздардан 40 бас малдан бірін алады. Ақсақалдың бір жылдық табысының көлемділігін, біздің болған уақытымызда, бір күнде кеден салығы 900 тіллә – 4500 сом күміспен жинағанынан-ақ көреміз; осыған қарамай ақсақал ханға жылына тек 800 немесе 1000 тіллә беріп, /334а/ оның өзі мен уәзірлеріне тарту жібереді. Біздің көзімізше Нұрмұхамед-*датқа* сарайға 30 жылқы көк шай мен 18 жамбы, 18 ішік, жібек маталар мен фарфордан тұратын 9 тоғыздық жіберген болатын.

Барлық шетелдіктер, чалғұрттар да қоқандықтарға бағынады. Бұл жағдай қоқандықтардың қожалардың кәсіпорындарына ықпалын қоса алғанда, зор мүмкіндіктер береді, бұл мүмкіндіктерді олар барынша тиімді пайдаланады. Алты шаһардың түрғындарының ¼ бөлігі, шамамен 145000 жан, барлық жағынан қоқандықтарға бағынышты, бұл жағдай оларды қытайлықтармен және жергілікті билікпен де дөрекі қатынаста болуға итермелейді. Қоқандық ақсақал /334б/ қытайлық ресми тілде *шань-я* (сауда ағасы) аталады, шындығында ол жеке губернатор іспеттес. Алғашында жергілікті хакімбектер, барлық азиялықтар секілді мақтаншақ қытай *мандариндері* сияқты менменсіп, өздерін шах деп атап, ақсақалдар арасынан тағайындалған болса оларға сен деп дөрекі сөйлеген.

Байхан тағайындалған кезден бастап өктемсіген пиғыл өзгеріп, өздерін басқалармен тең ұстайды. Байхан шенеунік болған, және ақсақал орнына оштық зекетшіліктен келген. Қашғарға келіп, ол барлық әндіжандықтарға жергілікті шенеуніктердің алдында аттан түсуге тиым салады, өйткені ондай дәстүр қоқандықтарда болмаған, ал жергіліктілерден /335а/ олардың дәстүріне сәйкес хакімбекке қандай құрмет көрсетсе өзіне де соны көрсетуді талап етеді. Оны мен Қашғардың хакімбегі арасында кикілжің басталады. Байхан әлдебір қашғарлық шенеунікті, оның алдында аттан түспегені үшін соққыға жығады, ал кейін, зембіл үстінде келе жатқан хакімбекпен кездескенде, жанынан шауып өтеді, және оның атқосшыларының бірі зембілді соғып өтеді; ызаланған бек өзінің сақшыларына айыптыны ұстауға бұйрық береді. Қоқандықтар қарсы шығады да, оған халық қосылады, сөйтіп қалада жаппай төбелес басталады. Әндіжандықтар өз махаллаларын қорғау үшін тосқауыл жасай бастайды, олардың қызып кеткендері сондай қылышпен шауып, мылтық ата бастайды. Бұл аласапыранды естіген қытайлықтар, делдалдыққа келіп, /335б/ елдеріне кетеміз деп, соғыспен қорқытқан қоқандықтарды жұмсарту үшін, хакімбекті кінәлап, орнынан алады. Осылайша ақсақалдар өздеріне хакімбектермен тең құқылы тағзым көрсетілетін құрметтеу салтын иемденеді.

Қашғарда шетелдіктер құрметті тапты құрап, халықтың құрметіне ие болған. Кейбір халықтар бар, олармен қарымқатынас жүргізуде айтқанына көну ең үлкен қате болып табылады, оларды, былайша айтқанда қатал ұстап, қорқытып отыру қажет: шамалы көнбістік көрсетіп, одан да өтіп, сәл әлсіз жеріңді байқаса, олар талапшыл да дөрекі болып алады. Қоқандықтар осындай халықтар қатарына жатады.

1845 жылы, қыпшақтар кезеңінде, Қоқан ақсақалы болып ташкенттік саудагерлерден шыққан Намед-хан болған. Қара қырғыздың /336а/ найман руынан Тилля, өз жауын – Әлімбек қырғызды, ол қыпшақтарға наразы болып Тянь-Шаньға қаш-

қан, қуып келе жатып, өз қарақшыларымен бірге Қызыл арқылы Терекке ең қысқа жолмен өту үшін Қытай бекеттері шекарасынан кесіп өтеді. Қытайлықтар бұл жорықтан қорыққандары сондай, және де [Тилляны] тоқтатын күштері болмағандықтан, Қоқан ақсақалына мол сыйлық беріп, оның қырғыздарға шекара ішіне қарумен кіруге тиым салуын сұраған. Намед-хан бұдан соң, тағы сыйлық алуға үміттеніп, қырғыздарды осындай шекара бұзушылыққа өзі итермелеп отырған.

Қоқандықтардың Қытай үкіметімен санаспайтындығының дәлелі, /336б/ кезінде қожаларға қызмет еткен қоқандықтар Қашғарда ақсақалдың қоластында еш қорқынышсыз тұрып жатқандары. Қытайлықтар ол адамдардың бүлікке қатысқандарын білгендерімен, оларды еш құдалай алмайды: қоқандықтар әдейі істегендей, оларды Қашғарда қызметтерге тағайындайды. Малибек[163] сайлаған ақсақал – кезінде қожаға қызмет жасап, оның мыңбасысы болған кісі. Біздің Қашғарда болған уақытымызда онда екі ақсақал болды, және біз олармен жақын қатынаста болғандықтан, олардың Қытай мен жергілікті билікпен қарым-қатынасын жақсы білеміз. Бірінші ақсақал, Насреддин-*датқа* өте пысық, турашыл кісі және де таза өзбек ретінде дөрекі болатын; соңғы /337а/ көтеріліске белсене қатысқан кісілердің барлығы да соның жанында болатын. Михтар-Уәлихан оның зекет жинаушысы – удайшы; қожалардың қазынашысы және басқа да көптеген оларға қызмет еткен адамдар соның маңында. Насреддин хакімбекпен араз болғандықтан оған ылғи қиянат жасап түрған, қытайлықтармен қатынаста да өзін дөрекі ұстап, қожалармен қорқытатын.

Қытайлықтар мен қалмақтар бұрынғы әдеттері бойынша көшеде басымшылдықтарын жасап тұрады, базар күндері топ-топ болып жүреді, көшеден кетіп үлгермегендерді қамшымен ұрып құдалаған, біздің болған уақытымызда да өз қамалына отын тиеген есектерді қуып әкеліп, отынды түсіріп алып, оларды шығарып жібереді, содан бейшара /337б/ есек иелері күні бойы есектерін іздеп жүретін.

Насреддин осы басынғандықты келесі мүмкіндікті пайдаланып тыйды: мас *сибо*, қоқандықтардың керуен-сарайына ат үстінде кіріп келіп, әлдебір себеппен құрметті қоқандықты қамшымен сабайды. Қоқандықтар оны атынан құлатып түсіріп, өлесі қылып ұрып, *дынзаға* алып барады. Осыдан және осы тәріздес бірнеше жағдайлардан кейін қытайлықтардың көрінеу қысымшылығы мен басынғандықтары тыйылады. Насреддин жергілікті биліктің ісіне араласып отырған; оның талабы бойынша бірнеше жезөкшелер үйі жабылған (публичный дом) және жезөкшелерге қалаға кіруге тиым салған. Аса діндар мұсылман ретінде ол қашғарлықтардың немқұрайдылығына /338а/ қапаланатын, қашғарлықтар діни парыздарды сақтамайтын, ол хакімбекті әдептілік қадағалаушысы –*раис* лауа-

зымында бір *ахун* тағайындауға көндіреді. Бұл шенеунік өз лауазымының белгісімен, басына шалма, мойнына шынжыр тағып алаңға келгенде халықтың шулаған таңданысын тудырады. Оның қызметі ұзаққа созылмады. Хакімбек ол *раисқа* діндар қызметкер ретінде әндіжандықтарды да жазалау құқын бермек болады; ақсақал ол туралы тіпті де естігісі келмейді және ол хакімбек *раис* арқылы өзінің ескі кегін алмақшы дейді, ол пайымдауы рас болып шықты, өйткені *раис* үшінші күні-ақ жоқ болып, /338б/ одан кейін тіпті көрінбей кетеді.

Насреддиннің орнына келген Нұрмұхамед-*датқа* адамгершілігі жоғары кісі еді және көп уақыт бұл жерлерде тұрып, жергілікті халықты жақсы білгендіктен қашғарлықтар білімділіктің белгісі санайтын сыртқы әдепті сақтайды. Жеке қарым-қатынаста хакімбекпен және жергілікті шенеуніктермен тату болатын, сыйлықтармен алмасып, оның алдындағы [ақсақалдың] еш жағдайда жасағысы келмеген ісі, *амбанның* қабылдауына баратын, ал қытайша жаңа жыл күні *амбанға* сыйлықтар жібереді. Бір нәрсе ғана оны ыңғайсыз жағдайға қалдыратын.

Соңғы кездері бұхарлықтар қоқандық ақсақалға қарсы ұйымдасады. Көбіне бұхарлықтар /339а/ өз саудаларын Яркендте жүргізеді. Бұл халықтың саудагерлері 1857 жылғы көтерілісті пайдаланып, қоқандықтардан бөлініп өз ақсақалы етіп Камилді сайлап, кашмирлықтар мен бадахшандықтармен жергілікті үкіметке қожаларға қарсы белсене көмектеседі. Уәлихан қашқаннан кейін барлық әндіжандықтарды тұтқындағанда, бұхарлықтарға тиіспеген; екінші жағынан, Ташмалық мекенінің билеушісі Садықбек, өз иелігіне, бұрындары ақсақалға *зекет* төлеп тұрған, бірнеше жан таулық тәжіктерді қосып алады. Насреддин-*датқа* мен Нұрмұхаммед барлық Алты шаһардың жеріндегі барлық шетелдіктер /339б/ қоқандық ақсақалға тәуелді деген шешімге сүйеніп, бұхарлық Камилді қолдарына беруді және тәжіктерге тәуелділіктерін қайтаруды талап етеді. Қытайлықтар бірден жоқ деп айтуға батпады, дегенмен бұл мәселені шешуге асықпады. Жаңа ақсақалмен бірге келген қоқандық елші Мад-Карим-бий, талаптардың орындалуын қатаң талап етіп, болмаған жағдайда барлық қарым-қатынасты үзумен қорқытады. Бұл істің немен біткені белгісіз, бірақ пайымдауымызша, бұхарлықтардың пайдасына емес, өйткені олардың саны аз және де қытайлықтар Бұхар әмірімен тікелей ресми қатынас орнатпаған.

Осындай жағдай бұрындары Хотанда да болған, және оған айыпты кісі Қашғардағы ақсақалға /340а/ қолы кісенделіп, қарауылдың қарамағында жеткізілген. Бұл екі оқиғадан қытайлықтардың жанама жолмен болса да қоқандықтарға беруге мәжбүр болған биліктерін шектемек болғандарын көреміз. Жәңгір көтерілісінен кейін қытайлықтар қоқандықтарды жаза-

ламақ болған, ол үшін Қоқанмен сауда-саттық қатынасты үзіп, Бұхараға әмірден өз жақтарына шығуын сұрап Елші жіберіп, оны қоқандықтарға қарсы салмақ болған. Әмір қытайлықтар ұсынған қарым-қатынастан қашқақтайды; айтуларынша, әмір діндар билеуші болғандықтан пұтқа табынушылармен ортақ іс жүргізуді күпір санаған, – ал шындығында біздің ойымызша Бұхараның алыс жатқандығы және де өз елшілерінің бұларға жаушылықта отырған /340б/ Қоқан мен Кундуз *мірінің*[*139] иеліктеріне өту қажеттілігі оның осынша ұстамдылығының себебі болған. Кундузбен де қытайлықтар қарым-қатынас орнатпақ болған және Мұрадбектен[164] елші де келген; бірақ бұл билеушінің қожаларға ықпалы болмағандықтан қарым-қатынас та үзілген.

1830 жылғы оқиғалар қытайлықтарға қоқандықтардың қауіптілігін көрсетті де, бірте-бірте осынау нәтижелерге соқтырды. Қытайлықтар қоқандықтардан қорқып қалғандары сондай оларды тіпті кейде істері шектен шығып кетер бас еркіне қоя берген, дегенмен [қытайлықтар] /341а/ бұл иеліктің бейшаралығын жақсы біледі.

Қытайлықтар көңіл аударуға тұрмайтын халықтар ретінде азиялықтар туралы өте аз біледі. Мұсылмандық Шығыс оларға Кіші Бұхариядан бастап Меккеге дейін, Хой-хой-бу атауымен белгілі. Бүкіл ортаазиялықтар, парсылар, кабулдықтар тағы басқаларды қосқанда, әндіжандық аталады. Оңтүстік шептің тыныштығы қоқандықтармен байланыстылығы себепті, олар осы жабайыларға көңіл аударып, олардың жерлеріндегі оқиғаларды бақылап отыруға мәжбүр болды. Ендігі күні олар Бұхараны – Айвуханьды /341б/ Қоқаннан – Аньцзи-чженнен айыра алады. Бұл иеліктердің ішкі қайшылықтары оларға жақсы белгілі, қоқандықтар оны тіпті де жасырмайды. Қашғарлық ақсақалдардың бірі жазаға ұшыраған, ал қалғандары ауысқан кезде азапталып, дүре соғылады, сондықтан қытайлықтар оларға жиі-жиі адамгершілік туралы әңгіме айтумен келген. Қытайлықтардың Қоқанның шынайы жағдайымен танысуы тек төмендегі нәтижеге әкелді, /342а/ [олар] қарым-қатынастағы кездесу әдебін (церемониал) ғана ауыстырды. Бұрындары Қоқанға елші ретінде қытайлықтар жіберілетін және қоқандық елшідерді *хебе-амбан* қабылдайтын. Қоқанда соңғы қытайлық Ширали-ханның[165] тақка отырғанында болған; ол қаза тапқан Мадалі-ханның аруағына арнап азалы от жағуға келіп және жаңа ханға 200 жамбы, жібек маталар мен фарфор алып келген.

Осы уақыттан бастап елші ретінде /342б/ жергілікті бектерді немесе діндар адамдарды жібере бастайды да, қоқандық елшілерді қашғарлық *амбан* қабылдайтын болған. Діндар

*139 *Мір* немесе *мир*, яғни билеуші.

кісілерді жіберу Қытай үшін пайдалырақ болды, өйткені Қоқанда оларға көбірек құрметпен қарайды, қытайлықтардан болған елшіні онда әр түрлі қорлықты әдептерді жасауға мәжбүрлеп, және де хан оларға қарап басқаша емес, тек көпір деп сөйлейтін болған. Біздің тұсымызда болған қоқандық Елші хакімбектің сарайының жанындағы елшіхана үйінде тұрып, /343а/ [хакімбек] елші мен оның жанындағыларды жабдықтап тұрған.

Қоқандықтар сыртқы әдеп пен әдептілікке көп көңіл аудармайды, көбіне бұрыннан бері уақытылы алып келе жатқан сыйлықтарын күйттейді. Жалпы қытайлықтардың қоқандықтар турасында жүргізіп отырған төзімді саясатына таң қалмай болмайды, ал олар болса, осындай өздеріне деген артықшылықтарды пайдаланып, кезектерінде өз міндеттерін орындамайды, және де шектен асқандықтары сондай, 1831 жылғы келісімді бұлжытпай орындауларын талап етеді, /343б/ осы одақтың негізгі талаптарын өздері үнемі бұзып отырады.

Барлық көтерілістерге қоқандықтар белсенді қатысып отырады және де қаланы қожаларға бірінші болып тапсырушылар Қоқан ханының өкілдері – ақсақалдар. Осындай жағдайда Шығыс Түркістанда тыныштық ешқашан орнамас. Қоқандық үкімет бұған тіптен көңіл аудармайды, өйткені ол орныққан қарым-қатынасқа еш әсер етпейді де оларға бұрынғы құқықтарын пайдалануға кедергісін тигізбейді; /344а/ ал шындығына келсек, олардың таза пайдасы орныққан жағдайды одан әрі қарай үстап түруды қажет етеді.

Қытайлықтар ұзақ уақыт тыныштықтан кейін оларға берілетін сыйды ұмытып немесе азайтып және артықшылықтарын кеміте бастаса, олар 1847 жылдағы сияқты, қожалардың ғазат бастағанына кедергі келтірмей, тіпті оған демеу көрсетіп отырады; ал қожалар күшейіп, көтеріліс халықтық сипат ала бастаған, қожалар оларды көтеріліс басынан аластата бастағанда, олар әскерде алауыздық туғызуға тырысып және өздерінің /344б/ қашуымен қожалардың қолына зиянын тигізеді. Қытайлықтар оларға барлық көтерілістердің тез басылуы үшін борышты. Осылайша, олар бейбіт күні қытайлықтардан сыйлық алса, көтерілістер кезінде тонау жасап және қожалардан сый алады. Қытайлықтар мен жергілікті билікті ылғи қорқынышта үстап, және қожалар мен қашғарлықтарды отандарына қайтару ниеттерін үздірмеу олардың негізгі үстанымдары. Қытайлықтар мұны жақсы түсінеді де /345а/ қоқандықтарды жан-тәндерімен жек көреді.

Біз қытай қаласына шай сатып алу үшін барғанымызда, оның халқының бізді жақтырмай қарсы алғандары соншама, біздің тезірек дүкенге тығылуымызға тура келді, – бұл көтерілістен кейін қытай қаласына қоқандықтардың бірінші барғаны болатын. Жан-жақтан үрыс естіліп жатты, әсіресе

"ұрлықшы" деген сөздер жиі естіледі. Жергілікті шенеуніктер де қоқандықтарды жек көреді, өйткені оларды [қоқандықтар] менсінбейді, ең негізгісі оларға иіліп сәлем бермейді. Біздің тұсымызда жергілікті бектермен бірнеше қақтығыстар болды. Біздің сарайымызда бір қоқандық әлдебір ақсүйек бекпен дауласып қалды; қашғарлық қамшысын көтеріп ұрмақшы болады, бірақ өзі жанында тұрған ауғандықтан соққы жейді; шенеунікке көмекке оның қызметкерлері жүгіреді: дорогалар, /345б/ малай, атшы және басқа да шенеуніктер дәрежесіне жататын адамдары жан-жақтан жүгіріп келеді. Біз олардың шабуылын тойтардық, айта кетерлігі әсіресе ауғандықтар ерекше көзге түсті, сөйтіп қақпаны жауып алдық. Жиналған көпшілік қоршап тұрып алып, қабырға үстінен тас лақтыра бастады. Ақсақалдың талабымен қақтығыстың айыптылары – көк шарлы шенеунік пен басқа да бірнеше адамдарға дүре соғылып, жазаланды.

Янысарда, бұл қаладағы қоқандық ақсақал ішкағаны ұрып және ол соққыға жығылудан қашып барып тығылған хакімбектің үйін, өзінің қызметкерлерімен бірге қоршап алады. Бұл жолы да жергілікті шенеунікті кінәлі деп табады. *Амбанның* тәржімәшілары, жақсы әулеттен шыққан жас жігіттер, мас күйлерінде екі қоқандық атқосшыны ұрады, /346а/ тізесіне жығылып құлдық ұрмағандары үшін. Ақсақал бұл іске де барлық шетелдік қауымның талабымен белсенді қатысады да, *амбанға* жеткізбекші болады. Тәржімәшілар бір бай да беделді қоқандық саудагердің делдалдығының арқасында, 6 жамбы айып төлеп, және көпшілік алдында ақсақалдан кешірім сұрап құтылады. Осыдан кейін жергілікті биліктің қоқандықтарды жақсы көрмейтіндері түсінікті.

Ал халық болса қарама-қарсы сезімде, олар қоқандықтардан билікке қарсы тұрған оппозицияны көреді, өйткені көтерілістер кезінде қоқандықтар билік басында тұрады; оның үстіне, құдалықпен бітіскен туыстық байланыстар халықты /346б/ шетелдіктермен біріктіреді. Жергіліктілердің егер дәрежесі мен ақшасы болса менменсіп қалады; ал ең танымал деген қоқандық ақсүйектер қоғамның барлық топтарымен біте араласып тұрады.

Қара қырғыздардың қожалардың істеріне қатысуы да Қоқанның Қытайға қарым-қатынасымен байланысты. Қырғыздар өз жайлауларымен Шығыс Түркістанның шекарасын Ақсудан Хотанға дейін қоршап тұр және көрші тұрғандықтан XVI ғасырда бұл елді сілкіндіріп тұрған барлық бүліктерге қатысқан.

Қара қырғыздардың тұрған жерлері әр түрлі мемлекеттердің иеліктеріне тиесілі болса да, /347а/ Қоқан ханының билігін мойындайды; бұған қарағанда, 1852 жылдан бастап біздің боданымыздағы, бірақ қоқандықтарға әлі күнге зекет,

ал қытайлықтарға салық төлеп тұратын Ташмалық ауылының маңайында көшіп жүрген, 500 үйлік аздаған әулет және Қытайға кіріптар *бұғы* руы ғана өзгеше.

Қоқанға байланысты қырғыздарды Қоқанға бағыныштылар және оның билігін мойындаушылар деп бөлуге болады; алғашқылардың өзбектермен бірдей құқығы бар, олар әскерге алынып, әскери және азаматтық қызметтер атқарады. Қалғандары зекет төлеп, қажет болғанда қосымша әскер беріп тұруға міндетті.

Қоқан хандығы азаматтық басқару пен әскери жағынан бірнеше иеліктерге немесе /347б/ әскери округтерге бөлінеді. Қара қырғыздар да тұрған жерлеріне орай округтар ведомстваларына тіркелген: Маргелан, Ош, Әндіжан, Намаген*[140] және Ташкент округтары. Фергана жазығында көшіп жүрген қырғыздар салықты аталған округтердің әскері бар, Қоқанға бағынышты қала басқарушысына төлейді. Бұл топқа кіретін рулар: адгене, ичкилик, мундус, мунолдыр және найманның кейбір бөліктері; ал қорғаушылықты мойындаған буын әндіжандық, ташкенттік билік ведомстваларына жатады. Бұл топқа Памир мен Куен Лунда көшіп жүрген қырғыздар жатады. Қырғыздарды бақылап жүру үшін қоқандықтар олардың көштерінде қорғаушылар мен ерекше /348а/ шенеуніктер – ильбегилер ұстаған, олардың үлұстарында тұрған.

Сырт үстіртінде және Нарын өзенінің бойында көшіп жүрген қырғыздар, әндіжандық басқарушыға тәуелді, ол: Нарындағы Құртқа[166] мен Тоғыз-Тарауды және Жумгол өзені бойындағы Жумгол қамалына басшылық етеді. Талас пен Шу бойында көшіп жүргендері ташкенттік билеушіге қарасты; оларды және қайсақтарды бақылап тұру үшін: Шолақ-қорған, Әулие-ата, Соли-қорған, Мерке, Пішпек және Тоқмақ қамалдары салынған. Болор қырғыздарының жайлауларында екі бекініс: Бустан-терек пен Памирдегі Ташкурган қамалдары бар. Бұл Хотанға дейін көшіп жүретін қырғыздармен дұрыс қатынас орнатылмаған. /348б/ Олардың үлыстарында зекет жинау мақсатында кейде маргеландық, кейде оштық сипайлар жүреді. Чонбағыштар зекетті қашғарлық ақсақалға төлейді. Осының бәріне қарамай Қоқанның қырғыздарға жүргізетін билігі әлсіз, және олар хакімдерді тыңдай қоймайды, әсіресе соңғы кездері солай. Малибек таққа қырғыздар мен қыпшақтардың көмегімен отырды. Қазіргі қоқандық уәзір Әлімбек-*датқа* – қара қырғыздан; хакім мен әскербасы қызметтерінде де қырғыздар көп.

Қырғыздар Қашғардағы көтерілістерге ертеден қатысып келеді.

Қырғыздар нашар мұсылмандар: діни парыздар туралы

*[140] Дұрысы: *Наманган.*

білімдері қараңғы, шамандық дәстүрді көп сақтаған, және де сауатты /349а/ оқи алмайды, сондықтан олардың қожалардың көтерілістеріне қатысуын тек қана олжа түсіру мақсатымен ғана түсіндіруге болады; айта кету қажет, халық неғұрлым діни сауатсыз болса, соғұрлым наным-сенімі көп. Тянь-Шаньда біз қырғыздың қалмық тайпасының бір әулетін кездестірдік, олар ауқатты болатын. Олар өздерінің ауқаттылығын, олардың аталары Мамеке мен Шопақ бауырлас Бұрханиддин мен Ходиджанға қызмет етіп, оларға қожалардың берген батасынан болған деп түсіндірді. Оларда қасиетті зат ретінде осы қожалардың біріне тиесілі болған темір шідер сақталып тұр. Қырғыздар егер жылқының бірі ауыра қалса, осы шідерін кигізсең болды мал жазылып шыға келеді деп сендіреді.

/349б/ Не жағдай болса да қырғыздар қожалардың белсенді жақтаушылары болған және болып қалады да. Жоңғірдің кезінде саяқ, чирик, бассыз және *бұғылар* қожалардың жансыздары болған, ал чонбағыштар жасырын қытайлықтармен қатынасып тұрған. Олардың рубасыларының бірі — Измаил, Жоңғірге деген жеккөрінішінің арқасында қаратаулық деген атау алған. Қожалардың негізгі жансыздары — Тянь-Шаньда көшіп жүрген қырғыздар: *бұғы*, *сарыбағыш* пен *султу*, олар тікелей қатыспаған. 1846 жылы Тәуекел-қожа, алда ұйымдастырылатын ғазауатқа садақа жинап жүріп, осы рулардың ауылдарына барған. Оны барлық жерлерде де құрметтеп қарсы алып, мол садақ жиналған. Қырғыздар қожалардың қытайлықтарға әкелер қорқынышын біледі де, /350а/ оны өздерінің жеке табыстары үшін пайдаланады. Түрфан маңайында Көкшал өзені бойында көшіп жүрген *чириктердің* рубасыларының бірі Түрдыкенің бұл қала *амбанына* көңілі толмайтын; оны өз талаптарына көндіру үшін, әлдебір сартты ұстап алып, басына шалма орап, Түрфанның қабырғасына жақындап келеді де оны қожа деп қорқытады; тек қызыл шар мен жыл сайынғы сыйлықтар ғана бұл қырғызды сабасына түсіреді.

Қырғыздар қожаларға едәуір пайда әкеле қоймаса да, олар қызмет етуге әрдайым дайын тұратындықтарымен маңызды. Бір қызығы, қырғыздар қожалар келгенде өздерінің Қоқанға қатысын міндетті емес санап, /350б/ қоқандықтарды тыңдамайды, тек қожалардың айтқанын орындайды. Біз жол бойы кездестірген қырғыздар, тек *газат* туралы әңгімелеп, Бұзрұқханның*[141] атқа отыруын асыға күтіп отыр.

Қытайлықтар қырғыздардың көтерілістерге қатысуын Қоқанның әсері деп ойлайды, және бұл жағдай олардың көзқарастарында Қоқан ханының мәртебесін өсіреді, алайда олар қырғыздарды сыйлықтармен өз тараптарына тартуға тырысады және олардың ұлыстарында өз жансыздары бар.

---

*[141] Бұзрұқ әлі ғазат жасамаған. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

Қытайлықтар Тибетпен тату жағдайда, олар ағылшындардың осы жерді иеленіп кетпеуіне баса көңіл қойып, қырағылық танытады. Яркендтік *амбан* /351а/ жиі-жиі *гильгиттердің* елшісін қабылдап, оларға шай, күміс және басқа да заттар береді, оларды жабайы-елшілер иықтарына салып алып кетеді.

Империяның негізгі ұстанымы – шетелдіктерді өз иеліктеріне жібермеу – Шығыс Түркістанда ағылшындар мен орыстар тараған, армяндар Қашғарда тұрды, олардың өз шіркеулері болды. Ағылшындардан қорқынышы тіпті күшті, өйткені, Кіші Бұхарияда Үнді кампаниясы қожаларды Кашмирге шақыру үшін елші жібергендігі оларға өзінің көмегін ұсынғандығы туралы қауесет кең таралған. Бұның қаншалықты шындық екенін біз білмейміз. Айтуларынша 1855 немесе 1856 жылдары, /351б/ есімізде жақсы қалмапты, ағылшындар Яркендке келіп, сосын кейін қайтарылған. Біз болған кезде, Хотанға өлтірілген еуропалықтың тағдыры туралы білгісі келген агенттің уақыты мен жағдайға қарап ол пруссиялық ғалым Адольф Шлагинтвейт болуы керек деп пайымдауға болар еді. Қытайлықтар еуропалықты көтерілісшілер өлтірді, сондықтан оқиғаның жай-жапсарын білмейміз деп жауап берген. Орыстардың Оңтүстік беттегі қытайлықтарға, әсіресе жергілікті билікке қандай қауіп тудыратынын Қашғарда керуенімізді қалай қарсы алғандықтарынан ақ көруге болады.

/352а/ Жоғарыда айтылғандардан белгілі болғаны, Шығыс Түркістанның жағдайы қазіргі уақытта өте нашар, және де қытайлықтарға да, қожаларға да бірдей қолайсыз. Қытай мен жергілікті үкіметтің қолға алған шаралары мүлде әлсіз, және олардың саясаты тыныштық пен бейбітшілік орнатуға ешқандай кепіл бола алмайды, тек қана тағы да бүлікке апаратын шаралармен, күнделікті бүліктен, қысаң және күмәнді іздестірілуден кейінгі қатал ұрып-соғумен шектеледі. Қожалар табысқа жету үшін, *қаратаулықтар* мен *ақтаулықтардың* арасындағы қайшылықтар жойылуы тиіс, бұл өте, өте қиын. Қоқандықтар әрқашан өздерінің екіжүзді рөлдерін ойнап отырады, өйткені ол оларға тиімді. Осылайша бұл елдегі бүліктердің соңы көрінбейді. Соңғы болған уақиға Кіші Бұхарияның үмітсіз жағдайын көрсетеді.

1857 жылдан бастап жергілікті бектер қожалардың тосын шабуылдарының алдын алу үшін барлық шараларды қолданады; айтуларынша қытайлықтар, жергілікті билік өз қалаларын сыртқы шабуылдардан қорғауға міндетті және де /352б/ кімдекім /352б/ жау көрінген уақытта өз орнын тастап кететін болса, өлім жазасына кесілетін болады деген шешімдерін жариялайды. Егер бұл рас болса, бұл жарияланған шара, бектерді шарасыздық пен қамсыздықтан оятатын ең ықпалды шешім болып табылады. Осы күнге дейін олар пара алды, халықты әр түрлі тәсілмен қанады, ал бектер, қожалар келген пайда

болған кезде ешқандай шара қолданбай, Қытай қамалына тығылды, тек хакімбектер ғана қамсыздығы үшін айып төледі, немесе уақытша Ілеге жер аударылды.

Бектердің жаңа шешімі бойынша қолайсыз ережелер қабылдады: егер қожалар Қашғарды алатын болса оларды қожалардың соққысынан болатын немесе қытай сотының тарапынан қашып құтыла алмайтын өлім күтіп тұрды. Осының барлығынан құтылу үшін олар мынандай шаралар қабылдады: 1) қожалардың қашқандығы туралы дер кезінде хабар алып тұру үшін және олардың іс-әрекеттерін қадағалап отыру үшін [олардың] Қоқанда, әсіресе шекаралық қала Ошта (Тахт-и Сулайман), Теректі, Үзген және Нарын бойымен көшіп жүрген барлық қырғыз рубасыларының жанында өз агенттері болуы керек; 2) маңайдағы ауылдар тұрғындарынан 100 кісіге*[142] дейін қол жинау. Астын- және Үстін-Артыш, Бишкерим және Аргу елді мекендерінен құралған жасақтары 500 адам /353а/ солтүстік-шығыстағы күзет шептерін, олардың бір бөлігі солтүстік-батыс шекарадағы тауды қадағалайды. Егер кімде балта болса, оған мылтық пен найза берілмейді, осы секілді тәртіппен балтамен, найзамен және мылтықпен қаруланды. Олар қызметтеріне өз аттарымен, өз киімдерімен аттанады, олардың атақтарын сол жақ иықтарына тігілген қытайша жазуы бар қызыл матадан ажыратуға болады; 3) халық қожаларға қарсы қаруланууы үшін балталар мен найзалар жасап, қала қақпасының және полиция ғимаратының жанына жинайды. Барлық ұсталар белгілі бір мөлшерде бұл қаруды тегін жасауға міндетті, ал темірді үкімет әкеліп береді; 4) қала қабырғасында күні-түні қарауылдайтын күзет ұйымдастырылған, оларға кезекпен кезек шенеуніктер, тіпті молдалар да жіберіліп тұрады. Егер шабуылдың басталатыны байқалатын болса, онда күзет күшейтіліп, бектер түгелге дерлік қала мұнараларында болады. Алты мұнарада қожалардан қалған төрт зеңбірек бар деп естідім, алайда мен біреуін ғана көрдім.

Қоқандағы тәртіпсіздік туралы белгілі болуына [байланысты] қашғарлық үкіметтің назары /353б/, әсіресе керуендер кідірген Ошқа қарай ауды, хабар және анық жетпеді. Осы уақытта қашғарлық агенттер, жайсыз хабарлармен жиі келе бастады; қала қақпасы маңындағы күзет күшейтілді, және бір шенеунік келіп, кетіп жатқан қоқандықтарды қадағалап отырды. Түнде ішкі тыныштықты бақылау үшін көше-көшені аралап алау ұстаған қарауылдар жүріп отырды және қала қабырғасындағы күзеттер күшейтілді. 1857 жылдан үздіксіз сағат 9-да көшемен жүруге тиым салынды, сондықтан әрбір махаллада күзетші тұрады және жасақшы аталатын түнгі күзетшілер жүрді.

---

*[142] Қате кеткен, *1000 кісі* болуы керек.

Жергілікті биліктің мұндай дабылды қамқорлығының себебін біз кейін білдік, сөйтсе Уәлихан-төре Қашғарға қашып кетіпті деген қауесет тараған екен. Халық арасындағы алаңдаушылықты жою үшін қолға алынған шаралардың қатарында мына жағдайға байланысты шығарылған жарлық қашғарлықтардың есінде қалыпты. Мұсылмандық *шағбан*[*143] айының 15-і жұлдызына сәйкес келетін исламдық мейрам – *барат* Қашғарда ертеден ерекше салтанатпен тойланып келеді. Барат кешіне әдетте алыс /354а/ қалалар мен ауылдардан келетін зиараттшылар, мұсылман әлемінде ең қасиетті әулиелеріндің қатарына жататын, қазіргі қожалардың түп атасы, Аппақ қожаның мазарына жиналады.

Қашғар қаласы ілезде осы мазарды қоршаған бақтарға қоныс аударғандай болады; асхана ұстаушылар, жеміс-жидек, қант, тәтті тоқаштар және басқа да тағамдар сатушылар осы жерлерге кетеді.

Түнде мазар, мешіт пен басқа да ғимараттар түрлі-түсті шамдармен жарқырап тұрады, намаздан кейін келесі күнге дейін жұрт бақтарда серуен құрады.

Хакімбек қытайлықтардың бұйрығымен, осындай көп тобырдың жиналуын болдырмас үшін 5 наурызда 15 шағбан күні ешкім де Аппақтың [мазары] маңайына жоламасын деген бұйрығын шығарады. Бұл бұйрықты бұзғандардың барлығы жазаланады: еркектерге – дүрес соғылып, ал әйелдер – үстеріне киген сәнді киімдерінен айрылады; сонымен қатар көшелерде топтанып жүруге және әңгімелесуге де тиым салынады.

/354б/ Біздің есімізде қалғаны, осы барлық қысаң шаралардан соңғысы барша топтардың қарсылығын туғызды және олар Аппақ әулие бұл аруақ сыйламаушылықты жазасыз қалдырмас деген сенімде болды.

Қытай үкіметі өз тарапынан көтерілістен кейін 1857 жылы тек бір ғана жаңа тәртіп енгізді. Қашғар *амбаны* көтеріліс туралы тез арада хабар алып тұруы үшін, цзян-цзюнмен тікелей хабарласып тұруға құқық берілді, бұрындары бұл байланыс Яркендік *хебе-амбан* арқылы жүргізілетін.

Шынында, қожаның қашқаны туралы қауесет рас болып шықты, біз оны кейін білдік.

Қазан айында Хұдайар ханның үлкен ағасы Малибек Маргеланға келіп, бауырына қарсы қол жинай бастады. Қашғарлық эмигранттар бұл уақытта ғазатқа дайындалып, соғысқа сақадайсай түрған болатын. 1858 жылы Янысарда билеуші болған және Яркендтік қолдың қолбасшысы болған Тілла-хан /355а/ өз қашғарлықтарын жинап, бірінші болып Малибек туының асты-

*143 *Шағбан* (дұрысы *ша'абана*) – қамари жыл санауы бойынша сегізінші ай.

на түрды. Кішікхан-төре Қоқандағы бүлікшілікті пайдаланып, *газат* жасау үшін қашып шығады, бірақ, өз отандастарының Малибектің шараларына қатысып жүргенін көріп, өз ниетін қалдырып, Малибектің қоластына, ол Қоқанды қоршап тұрған кезінде келіп қосылады. Көп уақыт өтпей Малибекке Уәлихан-төре де қосылады, оған *бунчук* беріп, егер Қоқанды алатын болса оны *қожа-калан* қылып, барлық қашғарлықтардың билігін беремін және келесі көктемде Қашғарға өзі барып, бұл қаланың билігін қолына алуға көмектесемін деп уәде береді.

Малибек хандыққа отырып, Нұрмұхамед-*датқаны* Қашғарға ақсақал етіп жіберген кезде, Уәлихан Қоқаннан шығып үлгереді, бірақ оның қашқаны білініп қалып, қарауылмен кейін қайтарылады. Осының салдарынан, /355б/ естуімізше, Малибек Уәлиханнан *бунчукты* тартып алып, оны Каттахан-төреге тапсырады да, оған өз туысқандары үстінен басқа қадағалау мен жауапкершілікті жүктейді. Малибек күнделікті, күніне үш мезгіл Аппақ әулетінің барлық мүшелері Каттаханға сәлемге келіп тұруды, ал егер кімде-кім келмейтін болса, сол мезетте өзіне жеткізуді бұйырады. Хан ендігәрі Қоқаннан өз еріктерімен шыққандары үшін қожаларды қуып, түрмеге жабатынын жариялайды, осының дәлелі ретінде Уәлиханды Түркістанға жер аударғанын айтады.

Бұл қауесеттердің шынайлығы күмәнді болатын, дегенмен ханның қожалар Қашғарға шапқыншылық жасамас үшін алдын ала шаралар ұйымдастырғаны және Каттаханды әулеттің басы етіп қойғаны шындық еді; ал ханның Уәлиханды Түркістанға жер аударғаны ақсақалдың ойынан шығарғаны еді, /356а/ ол Қоқан елшісінің қытайлықтармен келіссөздерінде өз пайдасына шығу мақсатымен айтқан болатын. Пайымдауымызша, қашғарлық шенеуніктер қоқандықтарға аса сенім білдірмеген.

Дәл осы уақытта қожалардың қашқаны туралы қауесет одан сайын күшейді, Уәлихан қара қырғыздар арасында жүр дейтін. Барлық алаңдар мен ас үйлерде әйелдер мен балалар тек осы туралы әңгіме айтып, жақында қожа келеді дейтін. Қашғарлықтар Уәлиханнан қатты қорқатын, және ол тағы Қашғарға келе жатыр деген қауесет тараған кезде, жергілікті халықтың есі кетті. Барлық жерде: "Енді біз не істейміз? Қожа біздің бәрімізді бауыздайды" – деген сөздер естілетін. Оларға бұл жағдайда ең жақсысы оны қалаға кіргізбей, қорғану керек деген кезде, олар таңданып: "Қожаға қарсы келуге бола ма екен?" – деп сұрайтын. /356б/ Қаланы қорғау үшін жинақталған қарауыл да қаруларын мегзеп: "Оны бізге не үшін берді? Шынымен біз қожаға қарсы оқ атпақшымыз ба? Біз – мұсылмандармыз және де өз жанымызды құтқаруға мүдделіміз!" – дейтін. Осыдан кейін, егер қожалар келсе, қала 1857 жылдағыдай оңай берілетіні әбден түсінікті.

Сөз аяғында, біз болашақ көтерілістерлің басында болуы мүмкін қожалардың мінездері мен мүмкіндіктері туралы бірнеше сөз айтамыз.

Қытайлықтардың жазасынан қашып құтылған Сарымсақ-қожаның үш ұлы болды: Йусуф-қожа, Бахауддин-қожа. Үлкені Бұхарада тұрған және 1830 жылы қоқандықтардың шақыруымен көтеріліс бастаған. Екіншісі 1825 жылғы көтеріліс кезінде өлтірілген, үшіншісі – Жәңгір, белгілі таққа таласушы, оны қытайлықтар жазалап өлтірген.

Йусуф-қожадан үш ұл қалған: Ишанхан-төре, ол /357а/ Каттахан-төре атымен атағы шыққан, және Уәлихан-төре мен Кішікхан-төре. Олардың үлкені 1847 жылғы көтерілістің басшысы болған, ол әлжуаз, ақылы кем кісі болған және өзінің билік құрған уақытын үлкен гарем жинаумен өткізген; Уәлихан-төре, пысық, ақылды кісі болған, алайда анаша шегумен әуестеніп, қатыгез болған; оның жеке басын біз алдында сипаттап өттік. Кішікхан-төренің көзге түсер ерекше қасиеттері жоқ; бірнеше рет нәтижесіз аяқталған *газат* бастаған: алғашқыда оны Құртқаның комендантты ұстап алып Қоқанға қайтарған; 1847 және 1857 жылдары ол көтерілістерге қатысқан, алайда оған жеке жауапкершілік тапсырылмаған.

Жәңгірден бір ұл – Бұзрұқхан-төре қалған. Ол үлкен әулеттің өкілі ретінде *махдум-и ағзам* лауазымын иеленген; 38 жаста, /357б/ оқымысты және әулие кісі саналады, мінезі жұмсақ; Қоқан мен Кіші Бұхарияда оны ерекше құрметтейді, сондықтан Уәлихан Қашғарды оның (Бұзрұқхан-төре) атын жамылып алған; барлық кішібұхарлықтар бар үмітін соған артып отыр, қырғыздар да шыдамсыздықпен осы бекзада бастайтын *газатты* күтіп отыр. Қашғарлықтар Пекинде Аппақ қожадан тарайтын бір әулет бар дейді, олар Шығыс Түркістанды басып алған уақытта тұтқынға алынған Тұрды-қожадан тарайды. Бұл қожа *гун* лауазымын алған. 1856 жылы оның бір ұрпағының мүрдесін Аппақ ұрпақтарының әулеттік мазарына жерлеуге алып келеді. Мүрдені алып келген бұл қожаның *наибы* түркі тілін білмеген және қытайша киім киінген екен.

ӨНДІРІС ПЕН САУДА

/65а/ Шығыс Түркістанда көршілес ортаазиялық иеліктерге қарағанда өндіріс онша дами қоймаған. Шектен тыс салық өндіріс пен сауданың жолын кескестейді. Жиі болатын соғыстар салдарынан алқаптар өңдеусіз күйі жатады. Жергілікті тұрғындар соғыс кезінде өздерінің күнделікті айналысатын шаруаларынан қол үзіп, көтерілістерден кейін шекара асып кетеді.

Шығыс Түркістандағы ауыл шаруашылығының түрлері:

егіншілік, мақта-мата, *сора*, *күнжіт*, қолдан шабындық өсіру, жібек (Хотанда ғана), темекі өсіру, бақша, бау және мал шаруашылықтары.

/65б/ Егіншілік пен мақта-мата өсіру халық байлығының негізі, осылар арқылы жергілікті халық қытайлықтарға салық төлейді, осылар арқылы моңғол хандарына да алым-салық төленді.

Түркістандықтардың осыншама құнарсыз жерлерді өз шаруашылығы үшін өңдейтін еңбекқорлығына әділетті баға берілуі қажет. Жер жырту әдістері, суландыру жүйесі мен егіс уақыты өзге де ортаазиялық мемлекеттермен бірдей. Жыртпас бұрын бұл жерлерге каналдардан су жіберіледі, дән сепкеннен соң тағы да су жіберіледі. Түркістандықтардың егіншілік құралдары: ағаш тісті соқа мен тырманы алмастыратын шегелі тақтай. Астық бастыру аттың күшімен, яғни атты бағанды айналдыра айдау арқылы, немесе қытайлықтардан үйренгендей, тас не болмаса ағаш бөренені аттың қамытына байлау арқылы жүзеге асырылады. Жерді /66а/ қосақтап жегілген аттармен жыртады, егер барлық Орта Азияда бұл үшін өгіздерді пайдаланса, қырғыздар түйемен жыртады. Жерді қимен тыңайтады. Жерді үш жылда бір, тіпті одан да сирек ауыстырады. Диірменді қытай әдісімен құрып, суға орнатады.

Кіші Бұхарияда өндірілетін егін түрлері: бидай ерте күзде себіліп, маусым, шілде айларында жиналады, алқап алты ретке дейін суарылады; күрішті сәуір айының басында сеуіп, ылғи суда ұстайды, [оны] тамыз айының аяғында, қыркүйек айында жинайды. *Джугара* немесе *гаулян* сәуір айында себіліп қыркүйектің соңында жиналады, тек екі немесе үш рет суарылады; одан нан пісіріледі және мал жемі ретінде пайдаланылады, ал сабағы отынға жұмсалады.

Арпа мен жүгері сұлы орнына пайдаланылады; біріншісін күзде себеді, ал екіншісі – ерте көктемде. Жасымық пен тары аздап қана себіледі де, соңғысы /66б/ боза дайындауға пайдаланылады.

Мақта дәнін сәуір айының басында сеуіп, қыркүйектің соңында жинайды. Бұл өсімдік плантациялары алдымен жіңішке арықтар арқылы суарылады, бірақ суға толтырылмайды, суға тек өсімдік бас көтере бастаған кезде ғана толтырылады. Мақтаны дәнінен тазарту үшін арнайы құрылғы пайдаланылады.

Сора, оның дәндерінен май (зығыр) дайындалады, ал үрғашы гүлдерінен естен тандыратын сығынды *бәңгі* (хашиш) дайындайды. *Бәңгі* жасау үшін сора гүлдерін қырыққабат жапырақтарына орап, ыстық күл арасында буландырады, сосын күрғатылған күйде үн қосқан сүтке былғайды. Хашиш сыртқа шығарылатын тауарлардың ең өтімдісіне жатады.

Күнжіт, оның дәнінен май (*зығыр*) дайындалады, ал сығындысынан кенеп пен мақта дәндері және ұсақталған сабан-

нан /67а/ *кунжара* аталатын шелпек дайындайды, ол түйе мен сиырға жем ретінде беріледі.

Табиғи жайылымдардың жоқтығынан, шабындықтар егу үлкен көлемде жүргізіледі. Қолдан жасалынған шабындықтар өсіру үшін мусуй пайдаланылады. Мусуйді алты жылда бір себеді, оны сәуір айының басында сиректеп себеді; бірінші жылы бұл шөпті шаппайды. Мусуйді жиі суарып отыру қажет: әрбір он күн сайын. Келесі жылы үш рет шауып алса болады; одан кейінгі жылдары алты ретке дейін. Бірінші шабу шөп гүлдеп тұрған уақытта жүргізіледі. Мусуйді пішеннің орнына пайдаланады, бауы 10 және 11 фунттан сатылады. Күніне бір жылқыға жеті бау жеткілікті. Мусуй жаңа шабылған кезінде қауіпті, сондықтан кептірілген күйінде сатылады; малға бермес бұрын арнайы құрылғының көмегімен ұсақтатылады.

Оның сыртында Кіші Бұхарияда *риян* (марена) себіледі, оны /67б/ екінші не үшінші жылы шабады; бұл өсімдік өкінішке орай өте аз көлемде өндіріледі.

Жібек өндірісімен тек Хотанда және оның маңайындағы мекендерде айналысады, жібек құрттарын өсіру мен күту Азияның басқа елдеріндегімен бірдей: құрттарды (пілла) қолмен тасиды.

Темекі негізінен Үш-Түрфанда өсіріледі, ол ащы, қара қырғыздарға сатылады. Кіші Бұхарияның басқа қалаларында темекі өте аз шығады және жергілікті халық сырттан – Қоқан мен Бұхарадан әкелінген темекіні пайдаланады; (Бұхар хандығындағы) Қаршы [темекісі] ең жақсы саналады.

Түркістандықтар бақшашылықпен жақсы айналысады. Жер өңдеудің басқа түрлеріне, мысалы бау өсіруге аса көңіл бөлмейді. Інжір мен анар ағаштарының өсімталдығына қарағанда Кіші Бұхария бау өсірумен нәтижелі айналысса болар еді сонда /68а/ өз табиғатын әр түрлі жеміс ағаштарымен, пайдалы өсімдіктермен байытар еді. Орта Азияда жүзімнен *ширини* аталатын ерекше сірне және шарап жасайды, ал кептірілген жемістерді, миндаль, грек жаңғағы мен пістелерді сатумен айналысу халық байлығының негізгі бір саласын құрайды. Кіші Бұхарияда жемістер қожайындардың өздерінің пайдалануымен, базарда жаңа піскен күйінде сатылуымен ғана шектеледі; түркістандықтар жемістер мен қауындарды қыс бойы жаңа піскен күйінде сақтай алады. Соңғы кездері бұхарлық еврейлер Қашғарда әндіжандықтардың тапсырысымен жүзім спирті мен *мусаллес* (шарап) дайындай бастады; бірақ жергілікті халық *арақ* ішеді, оны джугарадан қайнатады, және сорочин бидайынан *боза* жасайды. Шығыс Түркістанда шарап дайындаумен негізінен қытайлықтар айналысады.

Кіші Бұхарияда мал шаруашылығымен айналыспайды десе де болады. /68б/ Шабындықты және жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі оны дамытуға кедергі болып отыр; тек қана

қой шаруашылығы, қодас пен есек өсіру Кіші Бұхарияның кейбір өңірлеріндегі түрғындардың шаруасы болып отыр, оның өзі де аз мөлшерде.

Ақсу мен Түрфан өңірлерінің түрғындары – *долондар* қалмақ тұқымдас қой өсірумен шұғылданады, оларға қолайлы жағдайлары бар: біріншіден – Тарым өзенінің шабындықты жағалауы, екіншіден – таулы жайылымдар.

Хотанда сондай-ақ қой шаруашылығымен айналысады, одан ақ та жұмсақ тері өндіріледі. Қойдың бұл түрі, бұхарлық қойлар тәрізді далалық құрғақ та тікенекті өсімдіктерді қанағат тұтады. Яркенд пен Хотан өңірлерінің таулы жерлерінде орналасқан ауылдарында қодас өсіріледі. Памирдегі Саркөл мен Куен Лун шатқалдарында орналасқан Санчжу мен Кильян ауылдары осындай шаруашылықтарымен белгілі. Асырауы оңайырақ және күтімді талап етпейтін есек өсіруді /69а/ Кіші Бұхарияның жергілікті түрғындары жөн санайды. Басқа жануарлар көршілес көшпелі ордалардан айдалып келіп, әр түрлі қажеттіліктерге жеткілікті мөлшерде ұсталады, сондықтан Кіші Бұхария ет өнімдері жағынан көшпелілерге толықтай тәуелді.

Кіші Бұхарияда, барлық Орта Азиядағыдай, мануфактура жоқ, тек қана қолөнершілік бар. Өндірістің бұл түрі дамудың төменгі сатысында болып, тек мақта-мата өндірісімен шектеледі. Біздің ойымызша, Шығыс Түркістан көптеген ғасырлар бойы мануфактуралық өндіріс жағынан ешқандай дамымаған, Хотанда милади жыл санауымен 645 жылы болған қытайлық пұтқа табынушы Гуэнтсанг*[144], бұл өлке жүн кілемдер, жұқа киіз, *тафта* мен нефрит өндіреді деп жазады, /69б/ бүгінгі күні де өңірдің өндірістік қызметі осы өнімдерді өндірумен шектеліп түр. Алты шаһардың барлық мануфактуралық өнімдерін тәптіштеп қарастырып көрейік.

I. Кең көлемде өндірілетін өнімдерінің негізгі түрі *даба*, *бөз* немесе *мата*. Қашғарлық *даба* екі түрлі болады, олар қырғыз саудасында *көк-жиекихам* деген атпен белгілі. Бірінші дәрежелі сапалысының ені 6½ нан 8 тұтамға (вершок) дейін, ұзындығында 12-ден 16 аршынға дейін. *Хам* өз алдына бірнеше түрге бөлінеді: жұқарағы – *биш-бах* (бесжіпті), Қашғарда оның бағасы 2 теңге және 10 *пұл*[145] *төрт-бах* – 1 теңге 3 *пұлдан* 1 теңге 4 *пұлға* дейін; бұл екі түрінің де ұзындығы 12 ден 14 аршынға дейін және ені 6½ нан 8 тұтамға дейін болады. Хамның төменгі сапалысы: *джувт-хам*, оның ені 10-нан 12 тұтамға дейін болса, ұзындығы 13-тен 14 аршынға дейін болады, оның бағасы 80-нен 95 *пұлға* дейін; *таха-хам* –

*144 Қазіргі транскрипциямен – Сюань-Цзан.

*145 Теңге құны бойынша жамбыға айналады; орташа құнымен алғанда біздің 20 тиын күміске теңестіруге болады, 5 пұл 2 тиын күміске тең. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

35 тен 45 *пұлға* дейін және *сам-су* – соңғысының ең жақсы түрі, /70а/ *чи-зябу* деп атайды, құны 75-тен 80 *пұлға* дейін; екінші дәрежелі сапалысы – файзабадтық – 50-ден 55 *пұлға* дейін; үшіншісі – артыштық – 41-ден 44 *пұлға* дейін тұрады. Дабының бұл түрлерінен басқа Қашғарда бөздің ерекше жұқа түрін өндіреді. *Шан-мата* ұзындығы 12 аршын және ені 12 тұтам болады.

Яркендте *сары-боз* атауымен *дабының* бір түрін өндіреді, оның ұзындығы 11 аршын және ені 10-нан 12 тұтамға дейін; сол жерде 65 *пұлдан* 1½ теңгеге дейін тұрады. *Шиша* немесе *дәйек*, ені 10 тұтам және ұзындығы 8-ден 12 аршынға дейін болады, ол Ақсуда өндіріліп, 30-дан 35 пұлға дейін бағаланады.

Хотанда бөздің ең жұқа түрін *шан-мата* жасайды, ол қазынаға кетеді де, саудада сирек кездеседі; оның ұзындығы 10-нан 12 аршынға дейін болады да, ені 12 тұтам болады, сол жерде 80 *пұлдан* 2 теңгеге дейін бағаланады.

II. *Мақта-мата* (шекмен), ұзындығын 17½ аршын, ені 8 тұтам, Қашғардағы бағасы 3-тен 8 теңгеге дейін; /70б/ *шекмен* сұр, қоңыр, сары және қара-көк түстерге боялады.

Яркендте бұл матаның жұқа түрлері шығарылады, олардан шекпен тігіледі, бағасы 20 теңге.

III. *Машру* – қалың жартылай жібек мата, Хотанда өндіріледі, ұзындығы 7-ден 8 аршынға дейін, ені 9 тұтам болады, бағасы 3-тен 5 теңгеге дейін; [бір] жамбыға 108 ден 115 бөлекке дейін береді.

"Машрудың" жоғары сапалысы да болады, оның екі кесегі [бір] алтын тұрады.

IV. *Киіз* Хотан мен Ақсу өңіріндегі Бай елді мекенінде өндіріледі. Хотандық көбіне ұзындығы 3, ал ені 2 аршын болады да, 3-тен 3½ теңгеге дейін бағаланады, боялғаны – 5 теңге. Үлкен киізден жасалған гүлді жайнамаздар 12-ден 13 теңгеге дейін саудаланады. Байда жасалынған киіз қалыңырақ, бірақ көлемі үлкендеу келеді, ұзындығы 4 аршын, Қашғарда сұр түстісі 2-ден 5-ке дейін бағаланады, ақ түстісі 6 теңге. Хотандық киіз мол көлемде Қоқан, Бұхара мен жалпы /71а/ Шығыс елдеріне шығарылып, кілемнің орнына қолданылады, ал Байда жасалынғандары Құлжаға апарылып, жергілікті халық пайдаланады.

V. *Кілемдер* Хотан мен Яркенде өндіріледі. Түркістандық кілемдер сапасы жағынан түркімендік кілемдерге жетпейді, дегенмен әсем қытайлық оюлармен безендіріледі. Олар түріне қарай екіге бөлінеді: түкті және түксіз болып; жасалғанына қарай – жүн және жібек кілемге, ал көлемі бойынша, үлкен [кілемге] – 3-тен 8 аршынға дейін [және кіші:] екі кісілік (*чаруза*) ұзындығы 2 аршын және бір кісілік (*маруза*) 1 аршын ұзындықта. Үлкен жүн кілемдер 1 ден 3 алтынға дейін бағаланса, *чаруза* 12 ден 13 теңгеге дейін, ал *маруза* 3½-ден 5

теңгеге дейін бағаланады. Жібек кілемдер шамамен бір бағамен бағаланады.

Оған қоса, кілемнен жол қаптарын және ерге жабатын жабу дайындайды.

Қашғарлық эмигранттар Қоқан хандығында, Маргелан қаласында қытай оюларымен жібек кілемдер өндіре бастады.

VI. *Тимпаи* – мақтадан жасалынған, қалың /71б/ мата, *тик* сияқты, қара-көк сызықтары бар, ұзындығы 8 аршынға дейін, әрқайсысы 3½ теңгеге қосақталып сатылады, немесе қосағы алтынға 5½ теңге. Оны Хотанда, Яркенд пен Ақсуда өндіреді, ол көбіне қырғыз ордаларына жіберіледі. Бұл матаның қырғыздар қатты жақсы көретін ең жоғарғы сапалысын Наманганда өндіреді (Қоқан хандығында), ол *қара-қасқа* атауымен белгілі; өндірілген жерінде ең жоғары сапалысының қосағы 2 сом 40 тиын (12 теңге) тұрады, ал қырғыздар 5 қойға дейін төлейді.

VII. *Дараи* – жібек *бөз* және жібек *шуға*, Хотанда өндіріледі. Біріншісі Қашғарда 2 сом 40 тиын тұрады (12 теңге), ал соңғысы 4 сом 40 тиын (22 теңге). *Дараидың* ең сапалысын Маргелан мен Қашғарда өндіреді, бұл тауарды көбіне қоқандық өндірістерге сатады.

VIII. *Елтірі.* Ақсу қаласы Кіші Бұхарияда тері өндірісімен ерекше /72а/ белгілі болған; Ақсу өнімі 2 сом 40 тиын (12 теңге) тұрады, ал ұлтарақтық тері 2 қосағына (пара) – 60 тиын тұрады. Қашғар мен басқа да қалаларда да бұл өндіріспен шұғылданады, бірақ терінің сапасы төмен болғандықтан, оны жергілікті кедей халық қана сатып алады. Яркенд пен Хотанда моңғол сиырларының (қодас) терісінен күдері жасайды, оны жүген баулары мен жабу жасауға пайдаланады; тері 8-ден 12 теңгеге дейін бағаланады.

Қорыта келе айта кетуіміз керек, Яркендте қалың жүн жіптен (*гарус*) тоқылған орамалдар өндіреді, олар 30-дан 40 *пұлға* дейін бағаланады; ал Қашғарда соңғы кездері Қоқаннан оралған эмигранттар көрпе бидайлары (выбойка) мен кабулдық тәрізді тоқыма белбеулер өндіре бастады. Бидайлық матаның бір тобы 1 теңге 5 пұл тұрады, көрпелік – 2 теңге, ал белбеулер – 2 пұлдан 2 теңгеге дейін. Сонымен қатар /72б/ иленген тері – *шегрен* былғары (*кимсен*) да жасай бастаған. Бұл өндірістің қолға алынғанына тек екі жыл болды, әлі «балғын» дәрежеде.

Жоғарыда аталып өткен өнімдер түрғындардың сұранысын қанағаттандырады және де халықтың сауда-саттық тауарлары болып табылады. *Дабы* қара қырғыздарға, қырғыз (қазақ) даласына, Құлжаға, кейде Қоқан мен Ташкентке шығарылады. Қалмақтар ташкенттік *сары-бозды* жақсырақ көреді. Қашғарлық *бөз* көшпелілер арасында өзінің мықтылығы мен сапасы жағынан ерекше бағаланады. Мақта-мата мен *шекмен* және

олардан тігілген шапандар қара қырғыздарға шығарылады. Қалған өнімдер кейін Қоқан мен Бұхараға апарылады.

Қашғар қаласы ерте замандардан бері өзінің кең көлемде жүргізілетін саудасының арқасында Орта Азияның бірінші дәрежелі базарларына жатады. Ол басты пункт болды, ол арқылы Шығыс Қытай өнімдерін алып түрды.

Ферғана даласынан /73а/ Теректі арқылы Қашғарға апаратын сауда жолы Птоломейге де белгілі болған. Қазіргі кезде бүкіл Орта Азия Қашғар арқылы шай, бұл елдерде де біздегі сияқты шайды пайдалану жалпыға таралған, сондықтан Қашғардың және Шығыс Түркістанның алты шаһарының саудасаттығы бұрындары да, қазір де Қытай өнімдеріне, әсіресе шайды тасуға негізделген. Шығыс Түркістан Үндістанмен сауда қатынастарын жүргізуде кілті болып табылады деген пікір әділетті емес, өйткені бұл елдің Үндістанмен қарым-қатынасы Бұхара арқылы жүргізіледі, тек Тибетпен және Кашмирмен тікелей қарым-қатынас бар, алайда жол қиындығынан сауда қызметі кең көлемде жанданбаған.

Ішкі сауда көбіне, базар күндері деп аталатын күндерде қызады. Әрбір қала мен үлкен ауылдарда саудасының жағдайына байланысты жетісіне бір немесе екі рет, /73б/ базар күнін өткізеді, ондайда маңайдағы мекендерден халық сауда жасау үшін базарға ағылады; Қашғарда ол жетісіне бір рет өткізіледі. Маңай түрғындары базар күндері нан, отын және әр түрлі өзінің апталық еңбегінің нәтижелерін алып келеді. Оның сыртында, қалалар мен үлкен елді мекендердің дүкендерінде сауда үзілмейді, онда тамақ, бакалеялық және мануфактуралық өнімдер, әр түрлі ыдыс-аяқ, дайын киім-кешек, елтірі және де басқалар сатылады, және тек қана көтерме сауда жасалынатын сауда алаңдарында мақта мата, мал және басқа сауда жүргізіледі.

Қашғарда арнайы базарлар да бар: *гундан* – *дабы* сататын, *гайчан*[*146] – мал сатуға және *пахта-базар* – мақта-мата сатуға арналған. Жалпы алғанда ішкі сауда ұсақ саудалы, тек *даба*, мақта-мата мен мал ғана мол көлемде сатылады. Қашғарлық кеден басшылығының мәліметтеріне қарағанда, /74а/ әдетте *гунданда* жетісіне 60-тан 65 мыңға дейін топ *даба* сатылады. Қытай Түркістанында, жоғарыда айтып өткеніміздей, ауқатты байлар аз, олардың өзі ауыр салықтың салдарынан өз отандарынан тыс жерде: Құлжа, Үрімші мен Шәуешекке шығып кеткенді жақсы көреді. Жергілікті халықтың көпшілік бөлігі ұсақ саудамен және қара қырғыздардан мал айырбастап алумен айналысады. Қытай үкіметі эмиграциядан қорқады, сол себепті жергіліктілерге шекарадан асуға рұқсат бермейді, берсе де өз қоғамының тапсырмасы бойынша ұлықсат етеді. Бұл

*146 Дұрысы: *Сюй-чань.*

ұсақ-түйек саудагерлері көктемде Ыстық көлге бірнеше атқа тауар тиеп барып, күзде Қашғарға қайтады.

Сауда-саттықтың осындай жағдайында жергілікті халықтың сауда қызметінің басында азды-көпті ауқатты – әндіжандықтар тұр.

Шетелдіктерге берілетін ерекше артықшылықтар мен еркіндік, Орта Азияның ауқатты байларын осында тартады. Маргелан тұрғындары, Қоқандағы өзінің мануфактуралық өнімдері бойынша ең маңызды қаласы, өз саудасын Қашғармен жүргізуге мүдделі. Жалпы алғанда Шығыс Түркістандағы сауда ісі қоқандықтар мен бұхарлықтардың қолында, олар барлық сауда істерін шай сатып алуға бағыттаған. Шай саудасы маңызды болғандықтан біз көңілді осы тауарға аударуды ұсынамыз.

Қашғар саудасында шай сорттары өте көп емес, Кяхта, Шәуешек пен Құлжаға әкелінетін көптеген сорттары бұл жерде кездеспейді, ол тұтынушылардың қалауына байланысты. Қашғарда шайдың бес сортын айырады.

I. Көк шайлар: а) ақ-шай, жәшігі*[147] /75а/ 90 *лан* күміс тұрады; б) *гура*-үлкен, үлкен домалақ жапырақты, жәшігі 80 *лан* [тұрады]; в) *гура*-ұсақ – 75-тен 80 *ланға* дейін; г) *шивы*-шай – 55-тен 60 *ланға* дейін; ж) *кирк-мышвах-дар* – 45 тен 47 *ланға* дейін және з) қарапайым *кирк-ма* 38-ден 40 *ланға* дейін. Қалайы құтылардағы көк шайды аз сатады, салмағы шамамен 2½ біздің фунтымыз, ал *гинмен* (1½ фунт) қызыл қағазға оралған; біріншісінің бір құтысы үш алтын тұрады. Көк шайдың төменгі сорты бар, азиялық саудада *ресми* атымен белгілі; бұл шай көк бояумен боялған, бағасы 25 тен 30 лан күміске дейін. Соңғы екі жылда ол тасымалда болған жоқ.

II. *Цабет-шай* – қамыс *цибиктерде*, 13 орыс фунтында, екі сортта: *мишик-куз* (мысық көз), бағасы *жамбыға* 14 *цибик*, және ресми – қарапайым – *жамбыға* 17-ден 18 *цибикке* дейін.

Жалпы бұл шайдың бағасы /75б/ соңғы кездері айтарлықтай көтерілген; бұрындары біріншісі *жамбысына* 17 *цибик* және екіншісі 24-тен сатылатын.

III. *Фу-шай*[167] – қағаз картонға бекітіп жапсырылған төрт бұрышты текшелерде, салмағы 7½ орыс фунты; біреуі 10-нан 11 теңгеге дейін тұрады, ал *жамбыға* 60-тан 63 текшесін береді.

IV. *Цянь-лян-шай*, азиялықтардың арасында *атбаш* (аттың басы) атауымен белгілі, – ұзынша бұрышталған *цибиктерде*, салмағы 6 *пут* 6 немесе 8 фунт, біреуінің (*бауза*)*[148] бағасы 9 *лан* күміс, ал *жамбыға* 5½ бөлегін береді.

---

*[147] Көк шайдың бір жәшігі 105-тен 108 *гинге* дейінгі салмақта; *гин* бір жарым орыс *фунтына* сәйкес келеді (Ш. Уәлихановтың ескертпесі).

*[148] Дұрысы: *баоцзи*, яғни байлам (тюк).

V. *Джайнек-шай* – бұрышталған цибиктерде, салмағы 9 фунт; оның баузасы 1 *лан* және 4 *цян* тұрады.

VI. *Байха* шайы Қашғар саудасында сұранысқа ие емес; біздің тұсымызда 80 жәшік (әр жәшік 80 фунт салмақта) ляпилік шай әкелінген еді, оның 12 жәшігін /76а/ біздің керуен Ресейге апару үшін 17 *лан* күміске сатып алды. Кірпіш шай, әдеттегідей, 2½ фунт салмақта, және қалмақтық, үлкен кірпіш – 2½ фунт, мұнда ешқашан әкелінбейді, жалпы Орта Азияда да сұраныс жоқ.

Солтүстік және Оңтүстік Тянь-Шань шептерінен Батыс өлкеге апарылатын барлық шай, шет елдерге Ганьсу[168] губерниясындағы Лянь-Чжеу*[149] қаласы арқылы, осы қалада берілетін билеттерге сәйкес шығарылады, ал одан ары Цзяюй-гуань шекаралық бекеті арқылы негізгі сақтау орны Гучэн (Үрімші)[169] қаласына жеткізіледі.

Үрімшіден, транзиттік салық төленгеннен кейін, шай солтүстікке Тарбағатайға (Шәуешек) және Ілеге (Құлжа) тасылады, және оңтүстікке, Ақсуға, одан жинақталып Қашғарға, Яркендке және Хотанға жіберіледі. Лян-Чжеуде салық тауардың өзімен $^{2}/_{10}$ төленеді, яғни 8 пайызы.

Гучэнде транзиттік салық әкелінетін шайдың сорттарына сай алынады. /76б/ Бірінші сорт: *бай-хао, сянь-пянь, у-и, чжулянь, даэча* мен *пур-ча* – бұл сорттың 100 *джинынан* 1 *лан* күміс алады; екінші сорт: *янь-аца-цзинь-чжуань, гуан-хэ, цяньлян* және *болян* – бұл сорттың 100 *джинынан* $^{6}/_{10}$ *лан* күміс алынады; үшінші сорт: үлкен кірпішті – *да-джуань*; бұл сорттың 100 *джинынан* $^{3}/_{10}$ *лан* күміс белгіленген. Оңтүстік шепке жіберілетін шайдан алынатын басқа салық жоқ.

Шайды түйеге тиеп тасиды; жүктің салмағы 8-ден 9 *пұтқа* дейін болады, одан көп емес. Шайдан басқа Оңтүстік шеп Қытайдан *рауган* (ревень) алады, онымен сауда жасау ылғи түркістандықтардың қолында болған, фарфор мен жібек маталар алдырады. Соңғы кездері бұл заттарды жіберу азайған, сондықтан жібек маталарды Құлжадан алдырады.

Шығыс Түркістандағы шайдың сақталу қоры /77а/ Ақсу қаласында, одан Қашғар мен Яркендке тасылады. Ақсуда шай саудасы тек қана қытайлықтардың қолында, Қашғар мен Яркендте ғана оны азиялықтар сатып алады. Бұл мәселеде Қашғар басқа қалалардан жоғары тұр. Шай саудасын азиялықтар күміс пен алтынға жүргізеді; шайға ауысатын тағы бір зат *апиын*; оны Мешһедтен алдырады, Бұхарада оның *пұты* 50 және 56 алтын түрса, Шығыс Түркістанда – 2 ден 2½ *жамбы*, кейде 3-ке дейін көтеріледі. Қоқаннан әкелінетін барлық тауарды тұрғындар жергілікті ақшаға ауыстырып алады, оны кейін күміске ауыстырады, оның үстіне бұхарлық, хиуалық,

*[149] Дұрысы: *Лянчжоу*.

қоқандық және парсылық күміс ақшаларды да әкеледі; алтын бұл жерлерде қоқандық және бұхарлық *тіллә* (червонец) түрінде ұсталады.

Шай саудасын жүргізу үшін қоқандықтар қытай /77б/ қаласына барады, шай үлгілерін алып, оларды ішіп көргеннен кейін, ресми делдалдың көмегімен келісімге келеді.

Шай саудасының жылдық айналымын анықтау айтарлықтай қиындық туғызады. Естуімізше, Ош кедені арқылы жылына шайдың 50 мыңнан 80 мыңға дейін жылқы теңі өтеді, яғни бұхарлықтар мен бадахшандықтардың Яркендтен әкететін шайларын есептемегеннің өзінде. Әрине, бұл қаладан әкетілетін тауар, Бұхараға дейін жолдың ұзақтығы (65 күн жүріс), және оның қауіптілігі себепті, Қашғардан әкетілетіннен айтарлықтай кем, және Борнстың көрсетуі бойынша, 1832 жылы Яркендтен шайдың 950 жылқы теңі әкелінген, немесе шамамен 200 мың фунт, бірақ ол кезде қытайлықтар қоқандықтармен жаушылықта болған, сондықтан Оңтүстік шепке шай әкелу аз мөлшерде болған.

Қашғарға әкелінетін тауарлар төмендегідей. I. Орыс фабрикаларынан: *шұға* (немесе *мәуіті*), *дрядедам, сиса, нанка, миткаль, зон*[*150], *коленкор, кенеп*, шалмалық *муслин*, жүн (*гарус*) және // жібек маталар, зерлі және алтынды *парчалар*, кесте жібі (*канитель*), рига бархаты, барқыт (Барқыт), *тик*, кәмшат, айна, *сандал, кошениль*[*151], бұрыш, қалампыр, мүсәтір, сынап, *киноварь*, әр түрлі металдар: темір, мыс, қалайы және металды бұйымдар: самауыр, шәйнек, табақ, шара, шырағдан, жайпақ табақ (поднос), темекі сауыты, түйме, көзілдірік, темір бақыраштар, қол гармоньдары, құлып, бәкі және тағы басқа темір заттар; әр түрлі тері тауарлары; онан басқа, мұнда кішігірім 5-тен 8 фунтқа дейін салмақта дайындалған қант әкелінеді. Сонымен қатар Азияға ағаш сандықтар, қобдиша, қобди және т.б. көп тасылады.

Қашғарға әкелінетін *шұға* екі түрлі: мезерицкилік және корноволық, олардың бағасы Ірбіт жәрмеңкесінде кесегі 60 сом, ал екіншісі – 40 сом; *нанка* Мәскеу мен Шуй мануфактураларынан. Кяхта саудасына әкелетін Мәскеулік Мединцов саудагерлері мен /78б/ ағайынды Ремизовтардің *нанкалары* ең жақсы саналады.

Орыс тауарлары төменде көрсетілген кестеге сай бағалармен сатылады.

---

*150 *Зон* – коленкордың бір түрі.
*151 *Кошениль* – қызыл түсті бояу.

Тауардың аты	Ірбіт жәрмеңкесінде сатып алғандағы баға	Қашғарда сатылатын баға
1	2	3
Мезерицкилік шұға, ені 2½ аршын, тобы 25 аршын	60 сом	23 алтын
Корноволық шұға кесегі, ені 2¼ аршын, ұзындығы 22 аршын	40 сом	17 алтын
Алексеев [фабрикасының] ені 2 аршын		14-тен 15 алтынға дейін
Шұғаның төменгі сұрпы, ет түстес, бір аршыны	1 сом 70 тиын	10 алтын
Қызыл шұға	1 сом 50 тиын	8 алтын
Драдедам	Сол бағада	
Рига бархаты, аршын	Сол бағада	2½ алтын
Жартылай барқыт, 12 аршын	40 тиын	1 алтын
Барқыт	23 тиын	18 аршын бір алтынға
Мединцов фабрикасының нанкасы	12 тиын	Кесегі 1½ алтын
Ремизов нанкасы	12 тиын	Кесегі 1½ алтын
Шүбар нанка	9 тиын	Кесегі ¾ тен 1 алтынға дейін
Жақсы сисадан 60 аршындай	15 тиын	Кесегі 2 алтын
Посылиндік	10 тиын	Кесегі 1½ алтын
Иванов фабрикасынікі	9 тиын	1 алтын
Орамалдардың дюжинасы	2 сом	бір алтынға 40-ы
Парча	1 сом 50 тиын	бір алтынға 8 аршын
Люстрин	40 тиын	Кесегі 4½ алтын
/79а/ Саржа	35 тиын	Кесегі 2 алтын
Муслин	6 сом	Кесегі екі алтын
Кенеп	12 тиын	Біреуі 1¼ алтын
Коленкор, кесегі 15 аршын	2 сом 10 тиын	20-сы 9 алтын
Зон	20 тиын	Кесегі 2 алтын
Кәмшат	13 сом	15 алтын*[152]
Айна, біреуі	2 сом	5-і 4½ алтын
Былғары	4 сом	1 алтын
Қызыл тері	[3 сом]	Бунт алдында 10 алтынға сатылып, кейін бағасы 9 алтынға дейін түскен.

*[1] *[152] Мәтінде қате кеткен: *1-і 5 алтын* деп оқу қажет.

II. Бұхарлықтар Қашғарға еуропалық өнімдерден: алқызыл, ашық-қызыл түсті швейцарлық *сиса*, француз және ағылшын *сисасын*, ағылшын және американдық *коленкорлар* әкеледі.

Оның сыртында Бұхарадан: апиын, қой елтірісі: *данадар, қаракөл, йаныфари* түрлері, гузераттық алтынды *парчасы* мен *индиго* алынады.

Еуропалық мануфактураның өнімдері /79б/ төмендегі бағамен сатылады:

Тауардың аталуы	Өлшемі	Бағасы
1	2	3
Швейцарлық Staub et C° Wollenshofen фабрикасының сисасы	22 ярд	3 алтын
Манчестер фабрикаларының ағылшын сисалары	28 ярд, ені 14½ тұтам	1½ алтын
Ralli brys фабрикасының сисасы	28 [ярд], ені 13 тұтам	1¾ алтын
Ағылшын сисасының төменгі сорты, азиялықтар оны "яхак" атайды	28 де 12½тұтам	1 алтын
John Byradaile et C° фабрикасының ақ коленкоры	40 ярд, ені 1 аршын 4½ тұтам	2 алтын
Манчестерлік Willm Graham et C° фабрикасының	28 ярд	1-ден 1½ алтынға дейін
Бомбейлік Wallace et C° фабрикасының	–//–	–//–
Мақта кашемир (Turkey red)	28 ярд және 25 ярд	2 алтын 6 теңге
Глазго фабрикаларының муслині	Ұзындығы 12 аршын, ені 1 аршын 7 тұтам	1 алтын және 1¼ алтын

III. Ортаазиялық мемлекеттердің өнімдерінен Қашғар базарына әкелінетін жібек маталардың төмендегі түрлері болады: /80а/ жіңішке сызықтары бар немесе үлкен түрлі-түсті гүлдері бар *шәйі*; шәйі секілді, бірақ одан жұқарақ *гүлбара; дурийа, падшаий* мен *бехасаб*, түрлі-түсті гүлдері бар жартылай жібек маталар және әр түрлі мақта маталар, *алаша* атымен белгілі (олар әр түрлі бағада, 5 сомнан бастап, кесегіне 20 тиынға дейін).

Азиялық өнімдердің бағасы:

Тауардың аталуы	Мөлшері	Жергілікті бағасы	Қашғардағы бағасы
1	2	3	4
1-ші сортты шай	20 түйір	16 алтын	24 алтын
2-ші сорт	–//–	25 алтын	27 алтын
Гулбара	–//–	9–11 алтын	12-ден 13 алтынға дейін
Дүрийа 1-ші сорт	40 түйір	11 алтын	14 алтын
2-ші сорт	–//–	18 алтын	18 алтын
Падшаий	–//–	9–10 алтын	11 алтын
Бехасаб 1-ші сорт	–//–	7 алтын	8 және 8½ алтын
2-ші сорт	–//–	16 алтын	әкелінбейді
Пар-парчи 1-ші сорт	–//–	14 алтын	16 алтын
2-ші сорт	–//–	24 алтын	26 алтын
Саранжа	Кесек	4 сом күміспен	Өте аз әкелініп, қоқандықтар пайдаланады
Осы тауардың төменгі сорты	–//–	2 теңге	2 теңге

/80б/ Әкелінетін және сұранысы көп тауар жағынан бірінші орын Ресейге тиесілі, және де жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, азиялық және ағылшындық тауарлардан гөрі жақсы сатылады. Ұлыбританиялық өнімдер Қашғарға негізінен Бұхарадан Мешһед арқылы келеді, сондықтан *мешһеди* деген атаумен белгілі. Ағылшын тауарларына Бұхарада транзиттік салық салынып, жергілікті саудагерлер сатып алып, одан әрі Қоқан мен Қашғарға жіберіледі, жол бойы Қоқанда да, Қашғарда да жаңа салықтар төленеді.

Осының салдарынан ағылшын тауарлары орыстардікіне қарағанда өте қымбат. *Сиса* өте аз мөлшерде әкелінеді, сондықтан әзірге Қоқан мен Қашғарда орыс *сисасымен* таласа алмайды. Ағылшын *сисалары* орыстікімен салыстырғанде ені көп кем, ашық түстерге боялып, шығыстық оюлармен безендірілгенімен, тез арада түсі өңіп, тез тозады; /81а/ керісінше қызыл мақта *кашемирі* (Turkey red) мен гүлді ақ *муслин* өте кең таралған және де әрбір қашғарлық әйелдің киіміне байланысты сұранысқа енген.

Азиялық сұранысты тауарлар негізінен жібек және жартылай жібек маталар және бағасының қымбаттығына байланысты оларды сатып алу бай не орташа бай кісілерге ғана мүмкін болады. Мақта өнімдері Қашғарға әкелінбейді, өйткені жергілікті халық қоқандықтардан гөрі өздерінікін артық көреді. Керісінше, орыс *сисасы*, *саржа* мен *нанка* барлығының қолы жетерліктей.

Орыс тауарлары Қашғарға Қоқан мен Құлжа арқылы жеткізіледі. Орыс тауарларын шет елдерге шығарғанда олардан Семейде не Петропавлда 1 пайыз төлем алынады. Ташкентте олардан транзит салығы немесе Құранда жазылған *зекет* алынады, мұсылмандардан капиталынан $^{1}/_{40}$ алса, яғни 2½ пайыз, ал христиандардан – $^{1}/_{20}$ алынады.

/81б/ Осылайша, саудагер ташкенттік *зекетшіден* куәлік алып, Қоқан хандығының барлық қалаларында бір жыл бойы салықсыз сауда жүргізе алады, алайда сол жылы Ресей мен Бұхараға шығатын болса, ол жағдайда ...екінші рет *зекет* төлеуге міндетті, өйткені оның капиталы екінші жылдық айналымға түседі.

Қашғарда салық құқығын қытайлықтар қоқандықтарға тұтас берген; онда алынатын салық таза діни құрылымдық *зекетке* жатпайды да, *баж* деп аталады. Қашғарда барлық тауардан, ол қайдан әкелінбесін, қоқандықтар өздерінің *бажын, зекет* көлемінде, яғни $^{1}/_{40}$ мұсылмандардан алса, $^{1}/_{20}$ – христиандардан алып отырады. Қашғардан басқа *баж* тура осы қалаларға келуші керуендерден Түрфан мен Яркендте алынады, /82а/ бұл жағдайда Қашғарда олар салықтан босатылады. Қашғардан әкетілетін тауардан салық *зекет* түрінде Ош қаласында алынады.

Басқаларға қарағанда шай сатуда басым түсетін Қашғар қаласы, сонымен қатар мал айдап келетін негізгі орындардың бірі. Шығыс Түркістанда мал шаруашылығын жоқ десе болады, бүкіл ел қырғыз ордаларынан айдалып келетін мал етін пайдаланады.

Тянь-Шань, Талас, Шу бойы, Ыстық көлде көшіп жүрген қара қырғыздардың ордаларымен сауда ісі қашғарлық және үштүрфандық саудагерлер мен қоқандық қала Наманганның түрғындарының қолында. Намангандықтар кең көлемде бау өсірумен және қырғыз саудасымен айналысады; оларда тек қырғыздардың сұранысына лайық бұйымдар өндіріледі. Орта-азиялық мақта өнімдері /82б/ қырғыз қолынан шыққан, өте қатқыл, бірақ мықты, сондықтан қырғыздарға ұнайды, олар не ашық түс, не әсем оюларды талап етпейді, тек сапасы мықты болса болды. Мақтадан жасалынған шұбар *тикті* олар жартылай жібек маталардан артық көріп, қымбатырақ сатып алады; барлық рубасылар мен байлар осы матаның *қара-қасқа* аталатын ерекше түрінен киім киеді, және ол үшін үш еседен

артық күнын төлейді, өйткені екеуі (2 кесек) Наманганда 16 теңге тұрады (3 сом 20 тиын), ал қырғыздар оны 5 қойға сатып алады. Қашғарлықтар оларға *бөз, шекмен, машра* мен түрфандық темекі алып барады; осының бәрін қырғыздар тез арада сатып алады, осылайша қашғарлықтар жаз уақытында өз тауарларын екі рет сатып үлгереді. Қырғыз рубасыларының қысымшылығы мен кейде болып тұратын тонаушылыққа қарамайды, олардың пайдақұмарлығын ештеме тоқтата алмайды.

/83а/ Соңғы кездері тыныштық қырғыз көшпелілеріне орыс тауарлары да жете бастады, бірақ аз мөлшерде: біздің тауарымыздың табысты өтуі үшін қырғыздар өз талғамдарын өзгертулері тиіс. Жалпы алғанда, бұл ретінде біршама жетістіктер байқалады. *Бұғылықтар* мен *сарыбағыштар* өздері үшін сәнді заттармен танысып, олардың әйелдері орыс *сисасын, коленкор* мен қоқандық жартылай жібек шапандарын кие бастады. Осыған орай олар қызыл *юфт*, темір және шойын ыдыстарға келгенде бізге әбден тәуелді; олар қажетті тұтыну заттары қатарынан және петропавлдық татарлар оларды сатудан жақсы пайда түсіріп отыр.

Қашғарға жыл сайын 200 мыңнан астам қой айдап әкелінеді; бізбен қатарласа келген қашғарлықтардың керуені, /83б/, 60 мың қойға дейін айдап келді. Қашғарда қойдың бағасы 1½ және ¾ алтын, кейін ¼ ке дейін түсті; *жамбыға* шамамен 60 қой беретін. Қашғардан қойды басқа қалаларға айдап әкетеді. Үш-Тұрфан қой айдап әкелу жағынан Қашғардан кейін екінші орында.

Шығыс Түркістан Қытай мен қырғыздармен жүргізетін сауда қатынастарынан тыс Бадахшан, Тибет (Лех пен Балты) және Кашмирмен қатынасып тұрады. Хотан мен Яркендте тұратын қоқандықтар онда орыс *шұғасын*, орыс *парчасын*, *галун*, бір түсті *нанка*, *коленкор* жіберіп отырады – бұлар біздің тауарларымыздың пайдасына шешілетін өте ерекше жағдай. Ортаазиялық өнімдерден, мануфактуралық бұйымдардан басқа Тибетке көптеп төменгі талаптағы асыл тастар, *тибети* аталатын бірюзаның ерекше төменгі сорты жеткізіледі. Ладакта бұл тауарларды кашмирліктерге сатады да, олар өз кезегінде оларды Хласса*[153] мен төменгі Тибетке жібереді. Шығыс және Батыс Тибеттің саудасы кашмирліктердің қолында, олар Хлассада *каччи* атауымен құрметті тапты құрайды.

Ладактан ортанқол кашмирлік шәлі, бал мен Гильгит және Канжут атты таулық иеліктердің билеушілері сататын құлдарды сатып алады. Бұл жерде сонымен қатар /84б/ отаны Ладак маңайындағы малшылар жазығында жатқан атақты ешкі түбітін, және *тути* аталатын тибеттік аласа жылқылардың түрлерін сатып алады.

---

*[153] Дұрысы: *Лхаса*.

Тибеттен кейде ағылшындық *коленкор*, *кисея*, *сиса* мен әртүрлі дәмдегіштер мен дәрі-дәрмектер алынады. Бұл тауарлар Ладакқа екі жолмен жеткізіледі: Хласстан және Кашмирден. Жалпы Шығыс Түркістанның Үндістанмен Тибет арқылы қатынасы өте аз транзитпен шектеледі. Жолдың қолайсыздығы бұл транзитті жетілдіруге кедергі болады, сондықтан азиялықтар Лехтан ары өте сирек барады; ал Үндістанда болғандары, таулы жолдар туралы асқан қорқынышпен әңгімелейді, онда тауарларды тасу үшін ешкілерді пайдаланады, ал адамдар тау сүрлеулерімен тек жаяу ғана өрмелеп өте алады. Айта кету керек, азиялықтар асыра сөйлеуге бейім келеді, соған қарамастан Тибет арқылы Үндістанға өтетін жолдардың асқан қиындығы шындыққа сай келеді, /85а/ тіпті жәй саяхатшылар үшін де. Әйтпегенде ағылшындықтар өздерінің саяси және саудасаттық ықпалын жүргізу үшін бұрыннан-ақ осындай жақын көршілікті пайдалана қояр еді, оның үстіне, Ладак Лахорлық раджа Сулаб-Сингтың иелігіне жатады.

Шайдан басқа азиялықтар Шығыс Түркістаннан жергілікті өндірістің өнімдерін алады.

Негізгі сатылатын өнім мақта; оның бағасы орыс пұтына 8-ден 12 теңгеге дейін (1 сом 60 тиыннан 2 сом 40 тиынға дейін). Қашғарлық мақта Алты шаһар жерлерінде ең жақсы саналады, ол көп көлемде өндірілгенімен, сатылуы аз мөлшерде. Кейде мақтаның шықпай қалуына байланысты ол Қоқанға қажет болады да аз бөліктермен Солтүстік шепке жіберіледі, онда түйе теңі (15 тен 16 пұтқа дейін) шығуына қарай 8-ден 14 алтынға дейін бағаланады. Қашғар мақтасы, қоқандықтан гөрі сапасы жақсы және түрғындар оны қоқандықтарға қарағанда жақсы күтеді, онда мақтаны піспей тура жинап алады.

Хотандық жібектің пұты сол жерде 7-ден 9 алтынға дейін тұрады және ол тарқатылған күйінде сатылады; Қашғарда пұтына 8-ден 11 алтынға дейін берсе, Қоқанда – 12-ден 14 алтынға дейін төлейді, оны бұл жерде жергілікті жібекпен араластырып, Бұхараға, Лебабқа жібереді; Бұхарада бұл жібектің пұты 16-дан 17 алтынға дейін бағаланады және лебабтық жібекпен аралсып, ол қабылға дейін жетеді. Хотан жібегі қызыл түске боялып, Қара қырғыздарға жіберіледі. Хотан жібегі бұхарлық және қашғарлық жібекке қарағанда сапасы жақсырақ деп айтады; бірақ Хотанда да /86а/ жібек күрттарының күтіміне жақсы қарамайды және олардың сапасын жақсарту үшін күш салмайды. Тарқатқан кезде күтімсіздіктен жібек шатасып, таза шықпайды; осының салдарынан Хотан жібегі сыртқа кетеді.

Бөнгі немесе *наша*, *қарасора* сығындысы Қоқанға, Бұхараға, Персия мен Тибетке шығарылады және бүкіл Шығысқа ерекше белгілі; ең үздігі янысарлық саналады, оның бағасы Қашғарда пұты 20 теңге, Қоқанда – 30 және 40 теңге тұрады.

Қоқанда жасалынатын *нашада* янысарлықтай сапалы емес, сондықтан оның құны 16 теңге.

Алты шаһардың ең негізгі сатылатын бұйымы – *бөз*, ол Құлжаға, Шәуешекке, Үрімшіге және де Солтүстік шептің басқа да мекендеріне шығарылады; тағы оның үлкен бөлігі Қоқан мен Ташкентке әкетіліп, қашғарлықтардың өздерімен қара қырғыздарға апарылады. Айдап әкелініп жатқан мал /86б/ бұл тауардың қырғыздарға көп көлемде сатылатындығының дәлелі.

Кіші Бұхариядан көп көлемдегі *дабы* Солтүстік шепке жіберіледі; Құлжадан 1854 жылы бұл тауардан қырғыз даласына және Семейге 54689 бөлігі 22858 сомға шығарылған, ал 1855 жылы – 110545 бөлігі 42190 сомға. Қоқан хандығында көптеген елді мекендер тек *бөз* өндірумен айналысса да, бірақ ең жақсысы қоқандық *бөз*, ол қашғарлықпен салыстырғанда өте қымбатқа сатылады, ал төменгі сорттары енсіз және берік емес. Осы себептен қашғарлық *дабыға* сұраныс ылғи болып тұрады, әсіресе қазіргі кезде Қоқанға үлкен көлемде қажет болып отыр.

Яркенд, Хотан мен Ақсудан елтірінің екі түрі алынады: қара мен *караганка*; жақсы түлкі 2½ және 2¼ алтын тұрады, сусар терісі – 2-і бір алтынға және арзанырақ; қасқырдың үшеуі бір алтынға сатылады. /87а/ Елтіріні Хотаннан көбіне ақ түстісін әкеледі, бірақ оның сатылымы көп емес, керісінше, Кіші Бұхарияға Бұхара мен Қоқанның елтірісіне сұраныс көп.

Машра, шекмен мен *тимпаи* қырғыз саудасына жіберіледі, әсіресе алғашқы екі сорты. Бұл маталардан қырғыз саудасына дайын шапандар тігіледі; *машра* Құлжа мен Шәуешекте кездеседі, одан ары қырғыз даласына әкетіледі. Кілем, киіз бен *дүрийа* ішкі сауда тауарлары және Орта Азия иеліктерінде азды-көпті кең сатылады.

Бұл жалпылама очерктен көретініміз, қашғарлық сауданың ең негізгі тауары – шай болып табылады. Қашғардың барлық сауда-саттық маңызы осы тауарды шығарудан құралады; соңғы кездері ташкенттіктер, Іле өлкесі арқылы өтетін жолдың қауіпсіздігін пайдаланып, Шәуешек пен Құлжаға жиі келетін болды; бірақ бұл қалаларда /87б/ көбіне *байха* мен қалмақтық кірпіш шайы болады, ал Азияда сұраныстағы *цабет, фу, атбаш* пен көк шай бұл қалаларға тіптен әкелінбейді десе болады; сондықтан, қашғарлық сауда бұл жақтан қауіптенбесе болады.

Ағылшындар шайды Бұхараға Бомбейден жеткізбекші болған; шай Қоқанға жеткен, және бұл шайдың жоғарғы сорттары 4 пұттық жәшігіне 65 тен 70 *тіллаға* дейін сатылған, ал ортаншы сорты – 38 ден 42 *тіллаға* дейін. Осындай арзандығына қарамай, бомбейлік шай табыс әкелмеді, өйткені жүпар

иісі жоқ, әрі сапасы жағынан қашғарлық шайға жетпейтін. Азиялықтар теңіз арқылы келген шайдың дәмі мен жұпары кетеді деп санайды; және де, бұл шайды әкелген саудагерлер шайды орауға көңіл аударуға уәде етіпті, бірақ соған қарамай, Бомбейден шай әкелу ертеректе басталса да (1830 жылдары), әлі күнге ағылшындар қанағаттанарлық нәтижеге жетпей отыр.

Қашғарлық сауданың барлық пайдасы саяси және жағрафиялық орналасуы жағдайы себепті қоқандықтардың қолында.

Ресей Шығыс Түркістанмен тікелей сауда-саттық қатынастар орнатпаған, дегенмен 1800 жылдан бастап, үкімет әрдайым бұл елге көңіл аударып келеді. 1810 жылы Ақсу, Қашғар және Яркенд қалаларымен сауда-саттықты негіздеу тәжірибелері жасалынды; біздің керуендеріміз кедергісіз бұл қалаларға келіп түрған және 1813 жылы Рафаилов орыс атын жамылып Тибетке дейін өткен, оның губернаторы Махмұд Ресеймен сауда-саттық қатынас орнатуға ниет білдіріп, өз елшісін де жібермек болған. Грузиялық ақсүйек Мадатов та бұл елдерге дейін барған және табысты сауда айналымдарын жүргізген. Олардың екеуі де Қашғарда еш қиналмай орыс тауарларын /88б/ күміске ауыстырған.

1825 жылға дейін біздің азиялық саудагерлеріміз бен бір орыс көпесіміз Пиленков бұл өлкеге барып түрған, бірақ сол мезгілден бастап кенеттен біздің қатынастарымыз үзіледі, тек сирек түрде татарлар қара қырғыздардан ауыстырып алған қойларын айдап әндіжандық атын жамылып барып түрған. Біздің керуеніміздің келуі жалпы халықты елең еткізді, алайда ақсақалдар бұрындары Ресейден көбірек сомадағы тауармен керуендер келіп түрғанын біледі. Бізбен бірге болған татарлар өз аттарын жасырмады, бұл оларға өз істерін жүргізуге еш кедергі болмады.

Орыс көпестерінің Қашғармен өз қатынастарын үзуінің себебі, мынада: 1) таулы жерлермен жүретін жолдардың қиындығы; 2) қара қырғыздардың шабуылдау қауіпі; 3) Құлжа мен Шәуешекпен тура сауда қатынастарының ашылуы. Қазіргі жағдайда, /89а/ жолдың басым бөлігінде қауіп жоқ деуге болады. Бұрындары керуендерге Семейден Ыстық көлге дейін жасақтар еріп баратын, ал қазір керуендер еш қауіпсіз Ыстық көлге дейін жете алады және тек Зауқы өткелінен кейін ғана қарауыл қажет болады.

Шапқыншылық жасайтын тыныштандық қырғыздар кедейленген, әрі бір-бірімен жаушылықта түрған рулардан құралған; бірліктің жоқтығы, әрі жылқы тапшылығы оларға 100 адамнан артық жиналуға мүмкіндік бермейді, ал керуендерді іздеп алысқа жүруге мүмкіндіктері жоқ, өйткені тебіндеп күн көретін жылқылары тек күзге қарай қонданады. Тыныштандық қырғыздар біздің *бұғылықтардан* қорқады, және солардың

көмегімен қашанда жазалап отыруға болады, ал егер керуендер Шу өзенінің жоғарғы жағын алғаннан кейін Терек-Даванға дейін кішігірім казак жасақтары қоритын болса, /89б/ ол қырғыздар жайлауының ең шеті, сонда шапқыншылықтан түгел құтылатын болады.

Ыстық көлден Қашғарға дейін 12 күндік керуен жүрісі екенін, ал Терек-Даванға дейін 8 күн екенін қаперге алсақ, Ыстық көлде тұрған жасақ керуенді шығарып салып, өз орнына 16 күнде қайтады. Шу өзенінің жоғарғы жақтарын бағындырған соң, және қоқандықтардың ықпалын жойғаннан кейін біздің Қашғардағы сауда қатынастарымыз жақсы болуы тиіс. Табиғи кедергілер әрине қиындықтар туғызады, бірақ оларды жеңуге болады. Тау өткелдерін түйемен өтуге болады; мамырдан қыркүйекке дейін қатты суықтан қорықпаса болады: жүк малына су мен жайылым жеткілікті, ал қажетті отын ретінде тезек қолданылады. Дегенмен, отыны мол жолды таңдап алуға да болады, мысалы /90а/ Нарын бойымен, керуеннің қайтар жолы туралы жазылғанда баяндалғандай, бірақ онда Құртқа қамалын қорғаушы қоқандықтармен қақтығысуға тура келеді.

Біздің саудагерлігімізге басты және әділетті қауіп Шығыс Түркістанда жиі болып тұратын көтерілістер мен саяси төңкерістер; бұл төңкерістер кезінде біздің көпестердің мүддесі зиян шегуі мүмкін, ол шығынды қытайлықтар да, қоқандықтар да қайтармас. Мәселе мұнда: Қашғарлық сауданы қолдарына алып алған қоқандықтар біздің саудагерлердің тікелей қарым-қатынас жасауына кедергі келтірмей ме деген сұрақтың аса маңызы жоқ, өйткені қоқандық үкімет бәрінен бұрын зекет жинауды көбейту туралы ғана ойлайды. Әрине біз, Шығыс Түркістандағы барлық шетелдіктер сияқты, ең құрығанда алғашқы кездің өзінде, Қытай үкіметі құқық берген қоқандықтарға салық төлеуден азат болмаймыз.

/90б/ Кей жағдайда Қашғарда орыс тауарларымен сауданы Қоқан арқылы жүргізген тиімді, қара қырғыздар арқылы өтетін жолда ол тауарлар жоқ, атап айтқанда: жүк тасу өте арзан бағамен жалдамалы жүк тасушылармен атқарылады, ал Тянь-Шань арқылы өткенде өз түйелерің немесе жылқыларың болуы тиіс, жүк тасушылар кездейсоқ жол қиындықтарына да ұшырайды және қолайсыз жағдайларда артық шығын мен қиыншылықтарға да соқтырады; бірақ Қоқан арқылы жолды таңдап және сауданы қоқандықтардың қарамағына беріп, тауар үшін екі есе салық төлеу үшін бұл артықшылық соншалықты маңызды емес.

Уақыт өте келе Ұлы жүздің қырғыздары (қазақтары) мен қара қырғыздар Сібір өңірі ордалықтары сияқты жүк тасымалымен айналыса алады да қазіргі күнгі қиыншылықтар жойылады.

Қашғар мен Шығыс Түркістанның басқа да қалаларының сауда жағынан маңыздылығы /91а/ шай саудасына негізделген. Бірақ шай, жоғарыда айтқанымыздай күміс пен алтынға сатылып алынады, ол өз кезегінде көбіне орыс тауарларын сатудан түседі. Біздің тауарларымызға деген сұраныс күшті және оларға деген талап та тұрақты. 1855 жылы Құлжаға әкелінген тауарлардың басым бөлігін қашғарлықтар өз отандарына апару үшін сатып алған. Қашғардан біздің фабрикаларымыздың өнімдері: бір түсті нанкалар, шұға, жүн маталар мен сиса Тибетке барып, Лхассаға дейін жетеді. Бұл жағдай біздің Шығыс Түркістанда ағылшындардың бәсекелестігінен қорықпай сатуымызға болатынының ең мықты дәлелі. Үндістаннан төте шығатын жолдардың қиындығы сондай, Тибетте біздің тауарларды ағылшындықтардан гөрі көбірек пайдаланады.

Шынын айту керке, соңғы кездері Орта Азияда еуропалық мануфактуралардың тауарлары кең таралуда, /91б/ әсіресе Бұхарада, – онда олар көп пайдаланылады, және де алыс транзитке шығару бағасы қатты көтерілгенімен, тауарларды Қоқан мен Қашғарға тасу артып келеді. Бұның себебі, ағылшындар тұтынушылардың талабына сәйкес келуге машықтанып алған, бұл жағынан оларға бас июге болады. Қашғарда әрбір әйелге қажет кең глазголық муслинді *шадрага* пайдаланады. Швейцарлық сисалар мен қызыл мақта кашемирі азиялықтарға қатты ұнайды.

Егер де біздің фабриканттар азиялықтардың сұранысына бейімделе түссе, әрине, ағылшын тауарлары шеттетілер еді. Бұның дәлелі ретінде, бірнеше жылдар бұрын Бұхара мен Қоқанда шалманы Үндістаннан әкелетін ақ муслиннен тағатын болса; қазір, осындай муслиндер Ресейде жасалына бастағанда, оларды Үндістаннан әкелу мүлде тиылды.

Біздің шұғамыз, /92а/ ағылшындық тауарларды тек Орта Азиядан емес, тіпті бүкіл Қытайдан ығыстырды. Мединцовтар фабрикасында өндірілетін нанкалар Қашғарда үлкен сұранысқа ие болып қана қоймай, Кабул мен Тибетке де жеткен. Шығыс Түркістан ашық түсті, әсіресе қызыл түсті сисаларды, люстринді, сондай-ақ ашық түсті кумачты талап етеді, күңгірт және қызыл түсті шұға да сұраныс табады. Әлі күнге дейін осындай шұғалар қырғыздарға сатылады, ал қалғандары Қоқанға шығарылып, Қашғарға жіберіледі, өйткені Кіші Бұхарияның әйелдері осы шұғадан етік пен мәсі киеді. Қытай сәнінің әсерімен еркектер көбіне қытайлықтар жақсы көретін, бір түсті маталарды сатып алып, содан киім киеді; әйелдері ашық түстерді жақсы көреді де осы әдеттерінің нәтижесінде өте жақсы киінеді.

/92б/ Біздің басқа өнімдерімізден бұл жерде кәмшат терісін, канитель, штофты және пен темір бұйымдарын жақсы сатып алады; бірақ қазандар мен темір ауыр болғандықтан

көбірек жүк малын талап етеді және малдың арқасы тез бүлінеді, сондықтан олардың сатылу күні әкелген жолын жаппайды; соған қарамай табақтар, құлып пен әр түрлі ұсақ металл бұйымдары мұнда жақсы пайда түсіреді.

Қалай болғанда да біздің саудагерлеріміз арқылы тікелей сатылатын тауарлар қоқандықтарға қарағанда көбірек пайда әкеледі. Егер Ресей Кіші Бұхариямен тікелей сауда қатынасын орнатар болса, онда қоқандықтардың әсері және олардың сауда мен саяси қарым-қатынастағы басымдығы әлсіреуі тиіс, өйткені өлкені малмен, азық-түлікпен қамтамасыз ету бізге байланысты болады; шай саудасы да /93а/ біздің қолымызға өтуі мүмкін, және Азия оны біздің саудагерлеріміздің алатын болады. Не болса да, біздің тауарларымыздың саудасы бұл елде пайдалы болатыны даусыз. Біз өз тарапымызда Кіші Бұхариядан мақта, жібек, түбіт пен даба алатын боламыз. Елдің өндірістік күштері әлі дами қоймаса да, алайда талапқа орай кеңірек етек алуы мүмкін, мысалы, мақта-мата мен жібек, бұл өнімдердің ортаазиялық сорттарына қарағанда олардың сапасы жақсы.

[Ақша, ұзындық пен салмақ өлшемдері]

Қытай провинциясы ретінде Шығыс Түркістанның, қытайлық *чохтрадың* үлгісіне сай өзінің пұл аталатын мыс ақшалары бар. Түркістандық пұл қызыл мыстан құйылады, ортасында төрт бұрышты тесігі бар дөңгелек түрінде болады: оның бір жағында – /93б/ қай қалаға тиесілі болса қытайша жазылған сол қаланың аты, ал келесі жағында да солай, тек қытайша және түркіше жазылған[170]. Түркістандық ақшалар екі түрлі болады: *дачан* екі пұл құнымен және *чаучан* бір пұл құнында; 50 *чаучан* тізбегі немесе 25 *дачан* бір теңгені құрайды, ол біздің ақшамызбен 20 күміс тиынға тең. Бұл монета ақша сарайы[171] бар Ақсуда соғылады.

1856 жылдан бастап Қытай үкіметі қандай да бір себептермен Шығыс Түркістанда салмағы ауырлау пұл енгізген. Бұл монета да екі түрлі: бірі 20 пұлдық, келесісі 10 пұл құнында. Бір ерекшелігі бұл монеталар тек Қашғар мен Яркендте енгізілген, ал басқа қалаларда ұсақ пұлдар айналымда қала берген.

Жаңа монета дөрекі жасалынғандықтан, қара қырғыздар оны қолдан жасап Қашғарға жасырын көптеп әкеле бастаған, /94а/ онда өз адамдары арқылы айналымға түсірген. Соңғы кездері айналымда жүрген монеталардың барлығы дерлік қырғыздардың қолдарынан шыққан – салмағы жеткіліксіз және қалайы араласқан, ақырында Қытай үкіметі өзінің бейқамдығына көңіл аударып, ақыры 7 қарашада оларды заңсыз деп жариялады. Бұл шара осы жамандықты тоқтату үшін қажет болды. Барлық

тұрғындардың, әсіресе дүкен иелері мен қолөнершілердің осының салдарынан тартқан шығындарын үкімет өз жауапкершілігіне алмады да ынталандыру шарасы ретінде қазына монеталарды мыс ретінде қабылдайтынын жариялайды: бір *гиніне* 3 теңге. Осындай жарғы көп шу туғызуы керек сияқты еді, бірақ керісінше іс өте бейбіт шешілді және базарда айғайлап жамбыны 800 теңге, ал алтынды – 20 теңгеге тең деп санау қажет деп жариялағанда жұрт немқұрайлы тыңдап тұрды.

/94б/ Үкіметтің қолданған шарасы әдеттен тыс еді, өйткені ол қолданыста жүрген монетаны заңсыз деп жариялап, оны басқамен ауыстырмады. Айналымға түскен монетаның саны өте аз көлемде болатын, сондықтан мыс монетаның құны жамбыға қатысты тез көтеріле бастады және үкімет тағайындаған 800 теңгеден 460 теңгеге дейін жетті. Монетаға байланысты қиыншылықтар қаңтар айына дейін созылды, сол уақытта оны Ақсудан, Хотаннан және Янысардан әкеле бастады, ол жерлерде ұсақ пұлдардың айналымы тоқтамаған еді; қашғарлық үлкен пұлдар Яркендке жіберіліп, олар осы күнге дейін айналымда пайдаланылып отыр. Осындай дағдарыс 1855 жылы Құлжада мамыр айында болған.

Ілелік *чохтар*[172], бүкіл Қытайдағы *чохтар* сияқты, сары мыстан құйылады, оның $^{3}/_{5}$ мыс және $^{2}/_{5}$ қалайыдан тұрады; олар салмағы бойынша: *гин, лянь, цян* мен *фынь*-ға бөлінеді; 750 *чох* бір *гинге* тең. Ішкі Қытайдан күміс әкелінбегендіктен, оның жеткіліксіздігі себепті, Іле басшылығы /95а/ айналымға үлкен сары және қызыл түсті монеталарды 100 және 50 чох құнында және қалайы 10 чох құнында; осының салдарынан ұсақ чохтарды көбірек құя бастайды, онымен әсіресе оңтүстік губерниядан көшіп келгендер айналысады. Ақырында, үкімет Қашғардағы сияқты, еш орнын толтырмай 100 және 50 чохтық монеталарды да заңсыз деп жариялауға шешім қабылдады.

Көп ұзамай, үлкен толқулар басталды. Бейшара қытайлықтар дүкендерге барып, олардың *чохтарын* бұрынға бағамен қабылдауларын талап етті, олай болмаған жағдайда, асханаларды тонаймыз деп қорқытты. Халық көшеге толып, олар ызалы дауыспен өтініштерін қанағаттандыруды талап етіп, төбелес пен бұзақылық полициялық шаралар қолдануды талап етті.

Саудагерлер шойын және қызыл мыстан жасалынған үлкен монеталарды жоюды және бір үлгідегі монеталарды толық қанағаттандыруды талап етті, олай болмаған жағдайда сауданы тоқтатқылары келді. /95б/ Қаладан шығу қажет болған Цзянцзюньды өз тілектерінің орындалуын талап еткен халық тоқтатты. Іле басшылығы, ақырында, алдымен дүнгендердің талабын орындауға мәжбүр болып, 100*[154] *чохтың* орнына 400 *чох* беруге келіседі. Айтқандарынан қайтпай және ақшаның

*[154] Дұрысы: *1000 чох*: басқа нұсқаларында солай.

жеткіліксіздігіне көнуге келісім берген қытайлықтардың талабын қанағаттандыру үшін шенеуніктер мен цзян-цзюнь өз ақшаларын берді, ал үлкен *ярмактарды*[173] төменгі бағада айналымда қалдырды.

Мыс монеталардан басқа Шығыс Түркістан саудасының айналымында қоқандық және бұхарлық червонецтер және қытайлық күміс құймалар. Мыс монетаның күміс пен алтынға шаққандағы құны тұрақты емес; оның құлдырауы мен көтерілуі базар мен кездейсоқтықтарға байланысты. Біздер болған уақытта ақша құнының төмендегідей өзгерістері болды. Қазан айында мыс монетаның *жамбыға* шаққанда құны үнемі 1800-ден /96а/ 1900 және 2400-ге дейін түсіп тұрды, ал қараша айында үлкен *пұлдарға,* 2600 теңгеге дейін жетті. Осы бағасында бұл монета жойылды. 11 қарашада жаңа монетаның жамбыға шаққандағы құны 800 теңге деп жарияланды, ал 12-нен бастап оның құны 600, 550-ге дейін біртіндеп өсті, желтоқсан айында 460 дейін жетті; қаңтар айында монеталар әкелінгеннен кейін қайта түсе бастады, алдымен 525 теңгеге, ал ақпан айының соңында 590 теңге болды да, біз кеткенше осы бағада тұрақтады.

Алтынға шаққанда қоқандық червонецтерде келесі өзгерістер болды: үлкен пұлдармен червонецке қазан айында 58, кейін 65, 75 және 84-ке дейін, онан соң червонецтер құны тез көтеріліп, 11 қарашада 20 теңгеге жетті, келесі күні 19-ға, ал қаңтар айының басында 14 теңгеге дейін көтерілді де, тек ақпанның соңына қарай 17-ге дейін түсті. *Жамбыға* үнемі червонецтерді ауыстырады 31½ және 32, *жамбының* көлеміне қарай.

/96б/ Қытайлықтардың күміс құймалары әр түрлі, *жамбы* деп ең үлкен құйма аталады, оның салмағы 50 немесе 51 қытай *ланы*, ал біздің салмақ өлшемімізбен 4 фунт 45 немесе 56 алтын және сауда жасағанда 120 сом күміске теңеледі, осылайша, қоқандық червонецтің құны шамамен 3 сом 75 тиын. Қоқандық червонецтің салмағы 1 мысқал 11 пай, айтарлықтай жоғары сортты; [ол] 20 немесе 21 қоқандық теңгеге теңеседі, теңге – аптекарлық 77 гран салмақтағы күміс монета; біздің ақшамен теңге шамамен 20 тиын күміске теңдеседі. Бұхарлық червонец Бұхарада 30 теңге тұрады, ал қоқандық Бұхарада – 17 теңге; бұхарлық червонец Қоқанда жергілікті құнымен бірдей. Қоқан мен Бұхарада мыс монетаны *пұл* деп атайды, ол қызыл мыстан құйылады; 24 *пұл* бір теңгені құрайды; теңге өз ішінде 4 *мирға* тең; 6 пұл бір *мирді* құрайды.

/97а/ Жер өнімдері Қашғарда *чариктармен* өлшенеді, ол орыстың жарты пұтына сәйкес. *Чарик* өзінде 4 *исчакқа* бөлінеді, ал *исчак* – 4 *чакс*; бұл салмақ қытайлықтарда былайша қолданылады: 6 *чарик* 1 *хуға* тең және өзінде 12½ *гринге* теңдес. Сұйықтық өлшемі ретінде де қытайлық *гин* қолданылады, ол 1½ орыс фунтына сәйкес келеді.

Күміс пен басқа да асыл бұйымдар үшін қытай өлшемдерін пайдаланады да: *сар, мысқал* мен *фынмен* есептейді.

Ұзындық өлшемі ретінде орыстың аршыны мен біздің жарты аршынымызға теңдес қытайлық *чизды* пайдаланады. Кейбір өнімдерді сатқанда "*байра*"мен санайды. Жер өлшемі ретінде қытайлық *му* мен *цинді* қабылдаған; біріншісі 1200 фунтқа, ал екіншісі – 120000 фунтқа сәйкес және оған 100 *му* кіреді. *Лиді* түркістандықтар *юл* деп атайды, ол қашықтық өлшемі. *Лиге* /97б/ орыстың 271¼ сажыны енеді. 10 *ли* 5 шақырым мен 210 5/17 сажынға сәйкеседі. Қашғардағы қоқандықтар орыс аршыны мен орыс өлшемдерін пайдаланады; тек астыққа байланысты және жалпы үлкен салмақтарға өз өлшемдері бар – *чарик*, ол біздің 12 фунтымызға сәйкес келеді. Қоқандық *чарик* те 4 *исчак* пен 8 *чаксқа* бөлінеді. Осындай өлшемдер мен салмақтардың тұрақсыздығы салдарынан көп алдаушылық болады, оның үстіне үкімет те бұған ешқандай назар аудармайды. Қоқан мен Бұхарада арнайы шенеунік тағайындалып, ол осындай теріс пайдаланушылық болмауын бақылайды.

/77а/ ПОРУЧИК УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАШҒАРҒА САЯХАТЫ ТУРАЛЫ ЕСЕБІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

Поручик Уәлиханов 1858 жылдың 28 маусымында Қапал қаласынан 30 шақырым жердегі Қарамола шатқалынан өтіп, сауда керуенімен, қауіпсіздігі үшін Қоқан азаматы Әлімбайдың атын жамылып, Қашғарға жолға шығады. Керуен құрамында керуенбасыдан басқа 7 саудагер мен 34 қызметші, сонымен бірге 101 түйе мен 65 жылқы болған.

Тамыз айының соңына таман керуен /77б/ қырғыздардың кеңесімен, Қара қырғыздар ордасында өз істерін аяқтаған қашғарлықтарға қосылады. Осылайша кісі саны 60-қа дейін көбейеді. Енді Қашғарға дейін ең ыңғайлы жолды таңдау ғана қалады. Біраз уақыт кеңескеннен кейін басқа керуен жолдарына қарағанда ең қауіпсіз деп табылған Ақсай жолымен шығуға үйғарады.

Ақсай жолы Ыстық көлдің тегіс те құнарлы жерлерінен басталып, көп ұзамай тау арқылы жүреді, ондағы өткелдер /78а/ тік те тар жартасты болып екі альпілік көлшіктермен текшеленген. Жартас сынықтары түйедей болып, жолды бөгеп қалай болса солай шашылып жатыр. (Зауқы) шатқалы тік көтерілетін жолмен ұласады, биіктігі шамамен 800 сажын. Бұл тік жартасты жауып жатқан мал сүйектері, одан өтудің қиындығын дәлелдейді. Керуен тауға бір күнде шығып үлгермей, оның бір бөлігі жарты жолда, кішігірім қорысты үстіртте (plateau) түнеді. Шынында, /78б/ қалың жауған қар, керуеннің көтерілуіне қатты кедергі келтірді: жүк тиеген жылқылар мен түйелер дымқыл тастардан сырғанап, тіпті жүріп келе жатып тайғанап құлап, төменге дейін сырғанап барып құлайды. Осылайша 5 түйе мен 2 жылқы шығын болды.

Зауқы шатқалынан Қашғарға дейін Сыртпен 150 шақырым (арқа), өзінің биікте жатқандығынан бұл жер солай аталады. Қырғыздар оны мәңгілік қыс елі деп елестетеді.

Керуен 15 қыркүйекте /79а/ осынау адам тұрғысыз, аппақ қар жамылған, өлкеге аяқ басты. Жағасынан жол өтетін көлдің бетін мұз басқан. Таудан екінші рет өткенде керуен 200 қойға шығынға ұшырады, олар қараңғы кеште құзға құлап кетті. Онан ары қауіпті тау беткейінен өткеннен кейін, жол тау етегімен жүріп отырады да бірнеше жазықтықтарды кесіп өтеді, өткелдер қиын болғанымен түйелер өте алатындай. Барлық жол бойы су жеткілікті, бірақ мал қиынан басқа отын жоқ. Ауа-райы суық болғанымен ылғи ашық болып тұрды, тек /79б/ бір рет қана қарлы боран көтеріліп, кешкісін

басылды. Жүк малы жиі-жиі кездесіп түрған асу мен суықтан әбден титықтап, Қашғарға 101 түйеден тек 36-сы жетті.

Жол бойы керуенді мазаламаған қырғыздар, Теректі шатқалының биіктігінен жазықтыққа түскен уақытта, саяхатшыларды татар деп ойлап, шапқыншылық жасады. Дегенмен олар, біздің алдымызда өткен керуеннің /80а/ өте алыс емес жерлерде 200 адам орыстар түйеге әр түрлі қару тиеп келе жатыр деп таратқан қауесетінің арқасында аздаған тартумен шектелді. Осы қауесеттің арқасында жол бойы отырған ауылдар шетке қарай көшіп кетіп, керуенді мазаламады.

Теректі шатқалында тағы жазбен кездестік: шөп әлі сарғаймаған, ал терек, тал, зерек пен розадан тұратын орманның жапырағы түспеген.

Еш жерде орыс жасағының жоқ екендігіне көздері жеткен қырғыздар, сол екі ортада, алданғандарын біліп, керуеннің соңынан қуып жетіп, /80б/ асып өтті де соңғы асуға (Көккия) өтетін шатқал өткелінің кіреберісін алды. Керуен қарсыласуға мүмкіндігі жоғын көріп, енді бізге пайдасыз болатын келісімге бармақшы болып жатқанда, Қашғардан қарсы алуға жіберген бес қоқандық сипайдан тұратын жасақ көмекке келе қалды. Саудагерлер мен қаруланған сипайлардың біріккен қолы қырғыздарды қашырды. Сол жерде қашғарлық ақсақал шетелдіктерге өз күрметін көрсету үшін беріп жіберген шапандар қонақтарға кигізілді.

/81а/ Керуен Қытай империясының шекарасынан өтіп, қытайлық бекеттен 50 сажын жерде тоқтады. Оның қамалын бұрыштарында төрт мұнарасы бар саз қабырға мен оның қақпасының алдына отырғызылған түт ағаштары құрайды. Шекарадан өткен керуендерді бақылап, кісі, түйе мен жылқы санын жазып отыратын офицер бұл жолы бекетте болмағандықтан, керуен оны 12 сағат бойы күтуге мәжбүр болды, бәрі-бір бекер болды: офицер келмеді. Ақырында, бошко – /81б/ оның орнында қалған, аздаған сыйлық үшін керуенге жолға шығуға рұқсат берді. Аудармашы барлық кісілердің есімдері мен қызметкерлердің санын, жүк малы мен қой санын жазып алып, оған да сыйлық бермегенімізден болар, тек 14 адам деп көрсетіпті, оған барлығы 100 кісі, бірақ керуен олардың барлығын көрсеткісі келмеді деп, және де ол 100 кісі де қаруланған деп қосыпты. Бұл, былай қараса ештеңеге тұрмайтын жағдай, бірақ кейіннен біраз қиыншылықтарға соқтырды.

Келесі күні, кешкісін керуен /82а/ Қашғардың маңайына жетті де лагерь құрып қаладан 12 шақырым жерде тоқтады, керуенбасы аздаған кісілерімен ол жердің ақсақалына кетті.

Алдын ала таратылған орыс жасағы туралы қауесет пен аудармашының жіберген мәліметі қытай үкіметін қорқытқаны сондай, тіпті қамал қабырғаларына күзет қойылып, түні бойы қарауылдар жүріп, ал керуенге тоқтаған жерінде тексеру үшін тәжірибелі шенеуніктер жіберілді. Керуенбасын жақсы танитын ақсақал /82б/ оларға көңіл аудармай, керуеннен жіберілгендерді ашық-жарқын қарсы алды. Сол арада қытай шенеуніктері келіп, бейбіт керуенді жоғарыдан қарап, дүрлігіп отырған қаланы сабасына түсіру үшін қайтып кетті.

Тағы бірнеше тексерістен өтіп, заңды да заңсыз салық төлеп, керуен биік қамалмен қоршалған қалаға кірді. Бұрыш-бұрышында

жеңіл қытай сәулетімен салынған мұнаралар түрды. Қабырғадан не бақтар, не үйлер көрінбейді. /83а/ Шығыс Түркістанның барлық қалалары осындай. Саздан салынған, тіпті сарайларының өздері де, олар нөсер жаңбырмен шайылып кетуі мүмкін, сондықтан жергілікті халық одан қатты қорқады*[155].

Қақпа алдындағы жол бойына аллея тәрізденіп қатарластыра жіңішке бөренелер орналастырған, оларда 1857 жылғы көтерілістен кейін жазаланғандардың бастары торға салынып ілініп тұр.

Бұл қожалар бастаған соңғы көтеріліс болатын, олар Шығыс Түркістанда ислам қабылданғаннан бері /83б/ халыққа шексіз билік жүргізіп, тіпті өздері Қоқанға қуылғаннан кейін де оларға рухани ықпалын сақтап қалған.

1857 жылы қожа Уәлихан-төре қасына жеті қашғарлық эмигранттарды ертіп Қоқаннан қашып шығады, Қашғардан шығып қырғыздардан зекет жинауға бара жатқан кішігірім жасақты өз жағына шығарып, қарауыл қойып, қаламен байланысатын барлық жолды кеседі. Содан соң қырғыздардан қол жинауға адам жібереді. Бірнеше қашғарлық бектерді /84а/ қытайлықтар шапқыншылық туралы қауесетті тексеруге жібереді, оларды үстап Уәлиханға алып келеді, олармен сөзге келмей өз қолымен бастарын шабады. Келесі күні қожа Қытай бекетіне кіріп, тағы өз қылышымен қытайлықтардың жайбарақат апиын тартып отырған барлық жасағын қырып салады. Ертесіне таңертең қожа Қашғар қақпасын бекеттен алған оқ-дәрімен жарып, атшабарды көше аралап өз атын жариялауға жібереді. Қала көтеріліп қытайлықтарды қырып салады, ал олардың /84б/ үйлері мен дүкендерін тонайды. Қашып үлгермеген бектерді қожа өз қолымен шауып өлтіреді. Көтеріліс тез өріс алып, Уәлиханның қол астында 70 мың сипай (атты әскер) мен 4 мың сарбаздан (жаяу әскер) тұратын әскер жиналады. Ол тіпті артиллерия үйымдастырып, Қашғардың өзінде зеңбірек құя бастаған. Қалалар бірінен соң бірі беріледі.

110 күн бойы қожа Қашғардың толық билеушісі болды. Бірақ бұл билікке төзу үшін халық тарапынан асқан төзімділік қажет болды, /85а/. Ылғи гашиш тартқан Уәлихан төренің есінің ауысып, қатыгез, қанішер болып, қан төгу ол үшін қажеттілік болды. Ол өз қолымен бірнеше кісі өлтірмей бір де күн тұра алмайтын. Қызыл өзенінің жағасында ол кісі бастарынан пирамида жасап, өзіне лайықты монументтің онан сайын биіктей беруін ғана ойлайтын. Қытайлық болсын, мұсылман болсын шабылған бастар /85б/ осында жан-жақтан жіберіліп, пирамидаға жеткізілетін. Өзін қауіпсіздендіру үшін ағылшын агентімін деген бір еуропалық та қағаздары растамағаны себепті, қожаның жазасына ұшырап, басы пирамидаға кеткен. Бұл әйгілі еуропалық прус ғалымы Шлагинтвейт болуы мүмкін.

Оның келесі бір қасиеттері Уәлихан төре үшін адам өмірінің қанша тұратындығына жақсы куә болады. Әлдебір қашғарлық ұста, /86а/ бірнеше тамаша қылыш жасап, ұлын ертіп қожаға сыйға тартуға

*[155] Қашғарда 16000 үй бар деп есептелінеді. (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

алып келеді. "Кәні өткір ме екен, көрейік" деп қожа, қылышты қолына алып, ұлының басын шауып түсіреді. Сосын "йә, жақсы екен" – деп, оның әкесіне сый береді.

Келесі жолы қожа қонаққа бірнеше қашғарлық құрметті кісілерді шақырады. Музыка ойналады. Бір кезде, тойдың қызған шағында, қожайынның "Жаналғыш келсін!" – деген, ақырған дауысы шығады. Барша жұрт бұл жолғы қаһардың кімге түскенін білмей естерінен танып қалады. /86б/ Қожа есінеп қойған музыкантты нұсқайды. Сол арада оның шабылған басын пирамидаға апаруға бұйырады. Әбден титықтап, шаршаған Қытайлықтар ақыр соңында Қашғарды бағындырып, қожадан құтылған кездегі қуаныш жалпыға ортақ болады. Бірақ та жеңгендердің жаңа қатыгездіктері басталып, Қашғарды қанмен жуу үзаққа созылды.

Керуен қиыншылықты заманға ұшыраған Қашғардың жан түршіктірер қалдықтары жанынан өтіп, қашғарлық және қоқандық шенеуніктердің ертуімен /87а/ тура кеденге келді. Мұнда ақсақал мен екі қашғарлық бектер күтіп тұрды. Біріншісі ерекше жайдары, қонақтарды өзіне шақырып, оларды өз қамқорлығына алатынын айтты. Тауарларды тексерген кезде орыстың темір күректері жергілікті билікке қару сияқты көрініп, күдік туғызды. Тіпті осынау қауіпті қарудың бірнеше үлгісі айып дәлелі ретінде *амбанға* (қаланың қытайлық бас билеушісіне) жіберілді.

Қайта-қайта кеңсеге шақыру мен тексерулер басталды.

/87б/ Шеттен келгендерге қойылатын көп сұрақтардан кейін, тергеушінің ойынша қу шетелдіктерді тығырыққа тірейтін, ең соңғы сұраққа жауап беру ғана қалды: "Мына көп қаруды не үшін әкелдіңдер?" – деп сұрап, үстел үстінде жатқан күректерді көрсетті. Оған байланған қытай жарлық-қағазы [күректің] қытайлық сотта болғанын көрсетіп тұрды. Бекке бұл қаруды қалай қолдану керек екендігін түсіндіріп, одан келетін барлық /88а/ қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, оған [күректің] барлығын сатып алуға ұсыныс жасап, көңілін орнына түсірдік. Келесі күні сырттан келгендер *амбанға* барады, ол бұларға қарап: "Бұлар орыс та емес, татар да емес" – деп, жақсы қарсы алды.

Бірнеше күннен кейін келгендер өздерінің Қашғарда болған уақытында үйленуге тиісті болды. Бұл заң әрбір шетелдікке міндетті. Уақытша күйеуге шыққысы келетіндер айрықша базарға шығып, сол жерде /88б/ аз уақытқа үйленгісі келетіндермен келісімдер жүргізіледі. Әдет бойынша жүргізілген некелесу бұл одақты қосып, күйеуіне бір ғана міндет – әйелін тамақпен қамтамасыз етіп, киіндіруді ғана міндеттейді.

Бірінші аптада-ақ тауарлар күміс пен алтынға сатылып кетті. Жалпы шетелдік саудагерлерді құшақ жая қарсы алды. Орыс тауарларын мұнда Үндістаннан келетін ағылшын тауарларына қарағанда жақсы алады.

Поручик Уәлиханов Қашғарда 5 ай тұрып, /89а/ маңайдағы қалаларға барып, көп нәрсені көріп, біліп үлгірген.

Шығыс Түркістанның барлық қалаларында барлығы тек 15000 қытайлық әскер бар. Жергілікті халық әскери қызметке алынбайды.

Солдаттар садақ пен жебемен қаруланған, тек аздаған бөлігінде мылтық бар; артиллерияны жоқ десе болады. Бұл адамдар апиын тартып, өздерінің әлжуаздығымен және қарсы тұра алмайтындықтарымен ерекшеленеді. Көтерілістер кезінде қытайлықтар өздерінің саз қамалдарына тығылып алып, одан қай жақтан болмасын /89б/ көмек келмейінше шықпайды. Керуендерге жиі-жиі шапқыншылық болып тұрады, ал көмек сұрап өтініш еткен кезде: "Соғысу жақсы емес!" – деп, орындарынан да қозғалмайды. Әскер үшін қажеттіліктер қоры қай жерде де жеткіліксіз.

Жергілікті халықтың қытайлықтарға деген жек көрінішті шексіз, өйткені: қытайлық шенеуніктер тонайды, халықты қорлайды, тауарды күнын төлемей тартып алады; әрбір қытайлық өзімен кездескенде аттан түспеген қашғарлықты ұруға құқым бар деп санайды. Жалпы Шығыс Түркістанның жағдайы /90а/ өте аянышты, оның үстіне, осындай қатыгез езушіні құлату үшін халықты біріктірмей отырған екі *тарықаттың* өзара жаушылығының арқасында тығырыққа тірелген.

Қытайлықтардың бар көңілі орыстардың, әсіресе ағылшындардың Қашғарға енулеріне жол бермеуге бағытталған. Бұл жерде ағылшындар Қашғарға өз агенттерін жіберіп қожаларды көтеруге, оларға өз көмектерін ұсынуға жіберілген деген сенім орныққан.

Сауда қоқандықтардың қолында. Дегенмен Ресей оны оңай өз қолына ала-алады, ол үшін /90б/ Шығыс Түркістанмен тікелей қатынас орнатылуы керек, өйткені қоқандықтарды малмен қамтамасыз ету түгелімен орыстардың қолында.

Қашғарда ақпан айынан бастап көктем басталады, бірақ бұрынғы жолдың өткелдері қармен бітелген, сондықтан Құртқа қамалына апаратын жолды таңдауға тура келді. Қашғарда одан ары қалу мүмкін болмады: керуенде орыс агенті бар деген сыбыс қаланы қатты үрейлендіріп, сырттан келгендердің үстінен қадағалап тұрған. Керуен қайтар жолға 11 наурызда шыққан.

/91а/ Ауа-райы жылы болып тұрды. Табиғат енді ғана көктеммен оянып: шөптер көгеріп, қар шатқалдың әр жерінде ағараңдап жатты. Тойын өзені жазықтығымен жүретін жол жеңіл, өсімдіктер көп, тек өзеннің жоғарғы ағысына көтерілген тұста ғана табиғат кедейленеді; қар мен мұз кей жерлерде керуенге жол бермей, сүрлеуді ашу үшін қарды күрекпен аршуға тура келеді. Бірнеше қиындықты асулар бар: бұл биік тау етегімен түсетін сүрлеулер. /91б/ Жүк малы қайтар жолда да әбден титықтады.

Бір шатқалдан (Зауқы) шығар тұста, 23 жол асып 530 шақырым өткен соң, керуенді қырғыздар қарсы алды, олар керуенде поручик Уәлихановтың барлығын білген. Осы үшін керуен оларға 300 сом күміс құнындағы сыйлық беруге мәжбүр болып, біраз қорлық көрген: қырғыздар егер оларға үнап қалса бұлардың шапандарын шешіп алып, керуенді тонап аламыз, ал Уәлихановты Қоқанға алып барамыз деп қорқытқан. /92/ Бақытқа орай, қарсы алуға жіберілген орыс жасағы керуенді тағы қиын жағдайдан құтқарады. Уәлиханов 10 ай мен 14 күн қиыншылықты саяхаттан кейін 12 сәуірде ғана Верныйға оралды.

ПОРУЧИК УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАШҒАРИЯНЫ НЕМЕСЕ АЛТЫШАРДЫ*[156] СИПАТТАУЫНАН ҚЫСҚАША ҮЗІНДІЛЕР

1. Қашғарға баратын және Алатау округіне қайтар жолдың сипаты

Қытай империясының батыс провинциялары Тянь-Шань жотасымен екіге бөлінеді: Солтүстік және Оңтүстік тяньшаньдық шептер. Оңтүстік шеп: Кіші Бұхария, немесе Шығыс Түркістан, немесе Қашғария, немесе, ақырында Алтышар аталады. /1-11/*[157]

Семейден 1858 жылдың 15 шілдесінде шығып керуен тамыздың басында Ыстық көлге Қарақырғыздар еліне келді. /11-19/

Тянь-Шань арқылы өтетін жолдар мен асулар көп, бірақ біздің өлкемізден Қашғарияға өтетін ыңғайлы жол саны үшеу деп саналады. Керуеннің жүруі үшін ортаншы жол – Ақсай жолы таңдалды. Жолдың қиындығы сондай, Ыстық көлден Теректі-Даванға дейінгі баржоғы 175 шақырымда 11 асу кездескен. /19-33/

27 қыркүйекте керуен Қашғария жеріне аяқ басты.

Керуен ішінде орыс бар деген сыбыс Қытай үкіметін қатты алаңдатты. Осының салдарынан қытай шенеуніктері керуенбасын, жанына ерткен үлкен серіктерін қатаң тергеуге алды. /33-49/

Қашғарияда қоқандықтардың едәуір ықпалдары бар болғандықтан, Қоқан ақсақалы (сауда консулы) мен шетелдік саудагерлердің сеніміне кіру қажет болды.

Керуен әкелген тауарларды сату табысты болады. 1858 жылы Қоқанда болған бүліктер Қашғарда қоқандық басшылықтың ауысуына әкелді. /49-64/

Қашғарияда 6 ай болғаннан кейін, 1859 жылдың наурыз айында керуен қоқандық Құртқа қамалы арқылы жаңа бағытпен қайтар жолға шығады.

Қашғардан 580 шақырым жүріп, көшпелі қырғыздардың керуенге жасаған үздіксіз шапқыншылығынан көп қиыншылықтар көріп, 2 сәуірде Ыстық көлге жетеді.

Керуеннің сауда-саттығы қанағаттанарлық болған, бірақ пайда түсірмеген, өйткені, жергілікті халықтың керуенде орыс агенті бар деген қауесеттен туындаған күдікшілдігінен құтылу үшін, үлкен шығындар шығаруға тура келген.

---

*[156] *Алтышар* жергілікті тілде "Алты шаһар өлкесін" білдіреді (*Ш. Уәлихановтың ескертпесі*).

*[157] Қолжазбада осылай берілген, сандар негізгі мәтіндегі беттерін көрсетеді.

I бөлім. Қашғарияның жағрафиялық жағдайы

Қашғария үш жағынан тау жоталарымен*[158] қоршалған құмды шөл дала, ал төртінші, шығыс жағынан Гоби даласымен көмкерілген. Шекаралас жоталардың ішінде ең қолжетерлігі Тянь-Шань, жоғарыда айтқанымыздай ол арқылы үш жол өтеді.

Таулардан көптеген өзендер ағып шығады, олардың біреулері құмда жоғалса, қалғандары Лоб-норға (Жұлдызды теңіз) құятын Тарымгол өзенінің жүйесін құрайды. Бұл өзендерсіз құнарсыз топырақты жерлерге адам тұра алмас еді, олар жерді қолмен суғаруға мүмкіндік беріп, астық түқымдас өсімдіктердің өсуіне жағдай жасайды.

Өзендер ішінде Тарымголде ғана қайық жүреді. /120-124/

Қытайдан Қашғарияға бір ғана жол бар. Ол жол жақсы, шөлді жердегі жол қашғарлықтардың күшімен салынған, бұл пошта тасуға пайдаланылады. /124-130/

Ауа-райы қолайлы, жергілікті халыққа да, шетелдіктерге де жағады, қысы ұзақ емес, қар да көп жаумайды. /130-139/

Елдің минералдық байлықтары аз зерттелген; алтын мен мыстың белгілері бар*[159]. Күкірт, мүсәтір, ашутас пен селитра өндіріледі. Қашғарияның ең тамаша байлығы болып шығыстық яшма саналады. /139-143/

Ел жүзім, мақта, астық және бақшашылық өсімдіктер өндіреді.

Жапырақты ормандар тек өзен жазықтықтарында кездессе, ал қылқанжапырақты ормандар – тауларда кездеседі. /143-159/

Шығыс Түркістан түрғындарының саны 580 мыңға дейін. Олар негізінен алты қала мен оларға жақын орналасқан ауылдарда шоғырланған. Қалалар биік саз қабырғалармен және терең орлармен қоршалған, үйлерін де саздан салып, төбелері аласа болады. Жалпы қалаларының сыртқы келбеті біркелкі және көріксіз. /159-181/

II бөлім. Тарихи очерк

Шығыс Түркістанның халқы алдымен пұтқа табынушы болған, онан соң буддизм дініне кіріп, ақырында, XVI ғасырда Мұхаммед [Пайғамбардың] үрпақтары – қожалардың келуімен бірге ислам да келген, бірақ ол түрғындардың дәстүр-салтын өзгертпеген, мысалы, Қашғарияда әйелдер толық еркіндікте. Қожалар мен олардың үрпақтарының әлі күнге діни және саяси ықпалы күшті. Қожалар бір-біріне жау екі *тариқатқа* бөлінген – *қаратаулықтар* мен *ақтаулықтар*; осы қайшылықтарын жоңғарлықтар пайдаланып шамамен 1750 жылы Қашғарды тәуелді еткен. Бірақ көп ұзамай (1758 жылы) өздері де сол күйге түсіп, өздері енді басып алған елмен қоса Қытай империясының қоластына енуге мәжбүр болған. /190-226/

Қожалар Қоқанға қашып шыққан. Жайылым мен малдың жетіспеушілігі қытайлықтарды қоқандықтардың малын Қашғарға

*[158] Солтүстігінде – Тянь-Шан, батысында – Болор, оңтүстігінде – Куэньлунь.

*[159] Қашғарияны Қоқаннан бөліп түрған батыс шекаралық жотада сом алтын көп.

жергілікті өнімдерге айырбасқа әкеліп тұруларына рұқсат етуге мәжбүр етті. Бұл жағдай қытайлықтарды жек көретін тұрғындарға қожалармен ылғи қатынасып тұруға мүмкіндік берді, олар қоқандықтардың көмегімен үздіксіз Қашғар мен басқа да қалаларда көтерілістер жасап тұрады. /226-236/

Бірінші көтеріліс 1826 жылы болған, қытайлықтар оны басып, қоқандықтарға Қашғарға келуге тіпті тиым салмақ болған. Бірақ қоқандықтар қолдарына қару алып бұрынғы тәртіпті қайтаруларын талап еткен. Жеңіс қоқандықтар тарапында болып, 1830 жылғы келісіммен олар тек қана еркін сауда құқығын алып қана қоймай, сонымен қатар өлкенің ішкі басшылығына араласу құқын алған. /236-258/

Онан кейін 1847 және 1857 жылдары осы сияқты тағы екі көтеріліс болған, екеуі де қоқандықтардың қолдауымен. Соңғысын қожа Уәлихан-төре ұйымдастырып, алдында жеңіске жеткенімен, кейін өзінің қатігездігі мен қанішерлігі үшін бәрін тастап кеткен ол, қашуға мәжбүр болған. /258-266/

Қоқандықтардың бұл көтерілістерге ашықтан-ашық қатысуларына қарамай, қытайлықтар қоқандықтарға Қашғарға келуге тиым салуға күштері болмады, олар әлі де қытайлықтармен тең құқықты пайдаланады. /266-287/

III бөлім. Халқы

Қашқарияның тұрғындары түркілік жергілікті халық пен шетелдіктерден тұрады. Тұрғындардың көпшілігі отырықшы өмір сүреді де, тек аздағаны жартылай көшпелі болып отыр. /292-296/

Тұрғындар үш тапқа бөлінеді: шенеуніктер, діндарлар және қара халық. Алғашқы екі тап салықтан босатылған, соңғыларының үстінен ауыр салық салынып, оның үстіне жоғарғы таптардың, оның ішінде шетелдіктер де бар, қысымшылығында қалған.

Барлық тұрғындар өзара қатынастарына байланысты патрондар мен клиенттерге бөлінеді. Соңғылары салықтың үстіне өз патрондарын барлық қажеттіліктерімен қамтамасыз етулері тиіс.

Қытайлықтардың билеуімен төменгі таптың жағдайы өте қиындап, сол уақыттан бастап Қашғариядан күшті эмиграция басталды.

Жергілікті халық мейірімді, ашық, еңбекқор және өте әдепті. /304-327/.

IV бөлім. Үкіметтік жүйе мен өлкенің саяси жағдайы

Батыс өлкесі тұтасымен Қытай империясының өкілі және сол жердегі әскердің бас қолбасшысы – цзян-цзюньнің иелігіне қарайды. /328-336/

Қытайлықтар ішкі басшылыққа араласпайды, бірақ өздеріне жергілікті шенеуніктерді таңдау мен тағайындау құқығын қалдырған. Салық жинау үшін өлкелер қауымдыққа, мыңдыққа және

жүздіктерге бөлінген, олардың өздерінің басшылары бар. Бұл тәртіп өткен ғасырдың ортасында жарияланған, және содан бері өзгермей келеді. Осындай тәртіпте міндет біркелкі бөлінбей, және оның үстіне шенеуніктердің парақорлығымен ауырлай түседі. /336-342/

Қытайлықтардың Қашғариядағы әскери күштері 15 мыңға дейін жетеді. Бұл әскер қытайлықтар мен манжұрлардан тұрып, көбіне садақ пен жебемен қаруланған, мылтықтары аз, артиллериясы аяныштy күйде. Қамалдарда зеңбірек орнына қамал мылтықтары пайдаланылады.

Шекаралық бекеттерде елдің іш жағында орналасқан қамалдардан гөрі аз көлемдегі әскерлер шоғырланған, өйткені қытайлықтар жергіліктілерді шығынға ұшыратып әр түрлі жеңілдіктер беріп өздерінің Қашғариядағы билік жүргізулеріне көндіріп алған қоқандықтар мен қара қырғыздардың шапқыншылығынан гөрі, халықтың көтерілісінен қаттырақ қорқады. /342-349/

Қашғарияда қытайлықтарды жек көреді, жергілікті халық қожалардың келіп, қытайдың езуінен құтқаруын шыдамсыздана күтеді.

Қытай өз күштерімен Қашғарияны ұстап тұра алмас еді, егер олардың билігіне бұл жерде екі жағдай мүмкіндік бермесе: біріншісі – жергілікті түрғындардың қарсылас екі *тарықатқа* бөлінуі – *қараталықтар* мен *ақталықтар* және екіншісі – Қоқанда қашғарлық қожалар тұрып жатқандықтан, олар Қытай үкіметін, егер әлдебір жағымсыз оқиға болса қожалар жағына шығумен қорқытып ұстап отырған қоқандықтардың Қашғарияға ықпалы.

Қарақырғыздар да өздерінің көршілес жатқандығымен әрі маңызды жағрафиялық орналасуымен Қашғариядағы бүліктерге белсенді қатысып отырады.

Қашғарияда ағылшындар өлкенің қазіргі жағдайын пайдаланып, көтеріліс бола қалған жағдайда оларға көмекке келмек ниетімен қожаларды Қашғарға шақырыпты деп айтады. Осындай шараның ағылшындар үшін жемісті болуы әбден мүмкін, оның үстіне олар Қоқанда тұрып жатқан 50 мың қашғар мұғажырларының көмегіне сенуіне болады, олар әрине өз отандарын азат етуді мойнына алғандарға қосылады.

Осы айтылғандардың бәрінен көретініміз, бұл қытай билігі астындағы елдің жағдайы барлық жағынан мүшкіл және біздің билігімізді Шу өзенінің жоғарғы жағына, қара қырғыздар еліне бекіту өте маңызды: бұл жерлерден біз Қашғариядағы істерге тікелей әсер етіп, қырғыздардың да, қоқандықтардың да бұл елдің ішкі істеріне араласуын тежей аламыз /349-419/

V бөлім. Өндіріс пен сауда

Өндіріс пен сауда аз дамыған.

Ауыл шаруашылығының түрлері: астық шаруашылығы, мақта мен кенепшөп өсіру, қолдан шабындық өсіру және аздап жібек өндірісі.

Табиғи жайылымдардың жетіспеушілігінен қолмен шабындық өсіру үлкен көлемде жүргізіледі. /420-428/

Қашғарлықтар жүн кілемдер, жүқа киіз, тафта мен мақта-мата өндіреді, бірақ мұның бәрінің сапасы онша жоғары емес. /428-438/

Сауда шетелдіктердің қолына шоғарланған, әсіресе қоқандықтардың қолында, оның негізгі бұйымы – Қытайдан әкелінетін шай және далалы жерлерден айдалып келетін мал.

Шай саудасы өте үлкен көлемде жүргізіледі. Айтуларынша тек Ош қамалы арқылы ғана қоқандықтар жылына 50 мыңнан 80 мыңға дейін жылқы теңімен (шамамен 300 мың пұт) шай әкетеді. /438-445/

Шет елдерден әкелінетін тауарлардың ішінде Семейден әкелінетін орыс фабрикаларының тауарлары басым, олар: шұға, сиса, нанка, кенеп, металл бұйымдары, ас үй ыдыстары және т.б. Үндістаннан әкелінетін ағылшындардікіне қарағанда біздің тауарларды жеткізу арзанырақ, өйткені оларды жақсы сатып алады, ал ағылшындар азиялықтардың түсі мен ою талғамына жақсы сәйкестендіріп жасайды. /445-454/

Қашғар қаласына 200 мыңнан артық қой айдалып әкелінеді.

Бөлімнің соңында сондағы ақша жүйесінің түсіндірмесі келтірілген.

/1/ ҚАШҒАР МЕН ОНЫҢ ОКРУГІ ТУРАЛЫ

Қашғарда қытай жазбалары бойынша, 16000 [үй] бар деп саналады, бірақ шындығында 80 мың, ал маңайындағы ауылдарды қосқанда 300 мыңға дейін. Қытайлықтарға "албан"*[160] – 56 мың <бөлек> дабы, 36 мың қапшық (тағар) астық (дәндә дақылдар мен бидай) және ай сайын 2500 теңге береді. Оның сыртында қосымша салықтар бар, ол хакімбекке түседі. Кейбір кедей адамдар айына 10 теңге береді, ал байлары – 11 теңгеден 2 сомға дейін; оның бәрі қытай иелігінің салығында солай жазылғандықтан. Қашғар аумағында қызметкер кісілер 61 және 40 ахун бар. Қызметкерлер қатарына "қызметі" – шары барлар жатады, "утагу"..., тауыс қауырсыны, өйткені бұл белгілер кейде жай ғана "шан" құрметтеу ретінде, біздің медалдар мен крест сияқты беріледі. Шендердің тәртібі төмендегідей:

Хакімбек – билеуші, ишкаға бек – билеушінің көмекшісі, газначи-бек, шон бек, дарога-бек, 4 қалалық мыңбегі, мираб пен жүзбегі. Соңғылары албанның жиналуын қадағалайды. Барлық түрғындар осы жүзбегілерге бөлінген. Оның сыртында тағы драгомондар, "тунчилер" қытай *амбаны* жанындағы, тынза жанындағы полицейлер, олар падшаб-бек – түн патшалары деп аталады. Әрбір тынзада ақ шары бар қытай офицері бар және полицейлік қызметкер пия, Қашғарда екі пошаб-бек бар: Худжомджар мен Балту (біз болған уақытта қайтыс болды). Қашғарда екі тынза бар: біреуі үлкен алаңда айтганың жанында, басқасы ескі қалада.


/2/ Кейбір үлкен ауылдарда өз билеушілері бар – хакімбек және алим-ахун, мысалы, ең үлкен ауылдар Файзабадта, Ханарықта, Абадта; қалғандарынада тек мираббегі, мысалы Бишкерим, Тоғызақ т.б. сияқты. Қалғандарында тек жүзбегі бар.

Діндарлар: алим-ахун, муфти-ахун, қазы-ахун және медресе мен мешіттер жанындағы ахундар.

Базарлы ауылдар – Файзабад [базары] дүйсенбіде, Ханарық – жексенбі мен сейсенбіде.

Ташмалықтық Зийауддин-ахун *қаратаулықтардың* басшысы, көтеріліс бастап, жазаға ұшыраған. Ашрап-бек, оның ұлы, ол да көтеріліс бастап, қытайлықтар өлтірген. Содан соң Сұраншы-қырғыз-

*[160] Яғни: *салық*.



Қашғар қаласы маңайының сызба жобасы. Ш. Уәлихановтың күнделігіндегі сызбасы. Қалам, 1858 ж.

дың соғысы. Сонан соң тағы да Сұраншы Жәңгір-қожа соғысы. Мад-Саййид-ван өлтірілгеннен кейін, Қасым бек 4 ай бойы қызмет атқарып, кейін Исхақ-ван, Яркендте – Паянда бек болған.


/3/ 1833 жылы Қашғарды М. Йусуф-қожа басып алған; жазда келіп күзде қайтып кеткен. Тоқабек қожаға қызмет жасаған және онымен бірге Әндіжанға қашқан.

Лаба ауылында жексенбілік (мұсылманша сейсенбі) базар болып тұрады.

Мұғажырдың Қоқанға баратын жол туралы айтқаны: Біз 12 мыңдай кісі болдық; біз ылғи жаяу жүріп отырдық. Бұл күзде (қазан немесе қараша айында) болған еді. Қашғардан біз Мушиге бардық; бұл ауылдың үлкендігі Бишкеримдей болады. Жол Түмен (Тоин) өзенінің бойымен жоғары қарай жүреді, ал өзен тау арасымен ағады. Бесінші күні жеткен Қытай бекетінен Түмен оң жақ қолда қалады; жол жазықтыққа шығып, тау арқылы шатқалмен, оның тіктігі мен тарлығы соншама, екі адам қатар тұра алмас еді. Жазықтыққа шыққанан соң, ол оңға қарай алысқа созылып жатыр, сол жағымыздан Алайдың қарлы тауларын көрдік, алдымызда да тау тізбектері жатты.

Бұл тауға біз алдында жүріп өткен жазықтыққа ағып жатқан өзен аңғарынан пайда болған шатқал арқылы көтерілдік; жазықтықты өзен жағалауында ырғай өскен. Көтерілетін жер тік болса, түсетін жолымыз қиғаш та ұзақ болды. Оңтүстік бөктерінде кезінде қытайлықтар өнім өндірген қорғасын кеніші бар. Бұл өткел Нілдаван аталады, ол Тарбағатайдан біраз төмен жатыр.

Қарауылдан Нілге дейін олар 5 күндей жүрген, ал шатқал үсті мен Ніл арасындағы жоғарғы жазықтықты бір күнде өткен. Нілден 2½ күнде Оқсалур аталатын мекенге жеткен. Қошай аталатын жолдың оң жағында жатқан – айтарлықтай үлкен өзен, оның астынан ағып жатқаны да Оқсалур аталады; оның жағалауы ырғай мен басқа да бұталар өскен тоғаймен көмкерілген. Оқсалурдан үшінші күні өзен бойымен Терек-Даван өткелінің шыңына көтерілдік. Одан кішкене оңға қарай осы тізбек арқылы өтетін басқа өткел бар, ол Блай аталады, ол тік және



Қашғар қаласы маңайы жобасының жаңғыртылған түрі.

онда жиі-жиі тас көшкіні болып тұрады. Жол бойы мыс кеніштері бар (одан Терекке дейін біз 2½ күн жүрдік). Ніл мен Терек-Даван аралығында биік асулар жоқ, тек кішігірім жоталар кездесіп тұрды. Жол бойы еш жерде қар көрмедік, бірақ Теректің төбесі тұман болып тұрды, қар жауып тұрды, ал жол мұздақ (көп санды әскердің өткеніне байланысты болар). Теректің шыңынан біз Алай мен Қырғыз-Алатауын көрдік.

/3б/ Теректіден өзен бойымен төрт күн түстік. Ағысы қатты. Жазықтық бірте-бірте кеңейді [?] қар азая бастады, ал ақыр соңында өзен жағалауында терек пен талдардың қалың тоғайларын көрдік. Төртінші қоналғы Әндіжанның хакімі Иса-*датқа* салдырған тас рабаттың жанында болды. Бұл үй Терек өзенінің басқа сағалармен қосылған жерінде орналасқан. Бұл жерде өзенді кешіп өттік, екі күн дегенде Гульчиге жеттік. Жол бірнеше кішігірім тау жоталарынан өтеді. Гульчи жағаларында терек өседі. Біз ашығып, шаршаған едік. Біз бұл жерден жақсы қоналғы таптық, және Иса-*датқа* Әндіжаннан жіберген 30 арба нан келді. Ошқа теп-тегіс, ой-шұқырсыз жолмен екі күн жүрдік.

/3а/ ҚАШҒАРДАН ЯРКЕНДКЕ ДЕЙІН

1. Файзабад ауылына (язы) дейін шамамен 50 *ли* (25 шақырым). Бұл жерде Қызыл өзенінен кесіп өтіп, жол қытай қамалының жанынан өтеді (8 шақырым).

57 ар.	Зон, бір қойға 6 аршыннан	4 қой
25 ар. /44б/ 13 ар.	Сары нанка	1 қой
13	Қақпан	6 қой, 1 тоқты
56	Күрек	12 қой
11	Күрек	44 елтірі
19	Қытайы	9 қой
64 ар.	Трек, бір қойға 13 аршыннан	2 қой, 1 тоқты
	Барлығы 6 көште	3026 қой тоқтысымен, 6 жылқы, 11 түлкі терісі, 1 қасқыр терісі, 44 елтірі.

Ескертпе. Екінші, үшінші көштің қырғыздарға қой айырбастаған есептері абайсызда жанып кетті.

/45а/ Мірқұрбан Хаупбаевтың Қашғарда сатып алған тауарларының есебі

Саны	[Тауардың аты]	Қашғарлық жаңа теңге	Қоқандық тілла	Күміспен	
				сом	тиын
684 пар	Жібек мата (дүрия) 14½ теңгеден	9918	–	–	–
63	Жібек мата (патшайы) 9 теңгеден	567	–	–	–
340	(бихасап) 8 теңгеден	2720	–	–	–
14	(аркак) 11 теңгеден	154	–	–	–
24	(шаги) 27 теңгеден	648	–	–	–
432	(машру) 4½ теңгеден	1944	–	–	–
41	Кілем	9	17	–	–
18 ар.	Сиса	–	1½	–	–
5	Киіз	–	1	–	–
15 зол.	Дәрі (парпи)	–	2	–	–
	Әр түрлі дәрілік шөптер	70	–	–	–
2176	Бөз, 1 теңге 2½ пұлдан	2338½	–	–	–
5555	Бөз (така-хам) 30 дан 40 пұлға дейін	–	224	–	–
			–	–	–
2933	Бөз (джуфт-хам) 75 пұлдан	4399½			
1102	Дабы (самсу) 1 теңгеден	–	64	–	–
17	Шапан	–	18	–	–
12200	Опа-далап	373½	–	–	–
30	Сусар (терісі)	–	11	–	–
6	Түлкі (терісі) 2 тілла	28½	–	–	–
1 топ.	Борлат (кумач) үнділік	–	2½	–	–
1	Выбойка	1 1/8	–	–	–
1	Қытай армячинасы	7	–	–	–
35 ф.	Туш 2 теңге 30 пұлдан	90½	–	–	–
3 зол.	Яхонт (хакак)	60½	–	–	–
35	Мерлушка	17½	–	–	–
1	Қолжуғыш	12	–	–	–
7 ф.	Көк шай	–	2	–	–
/45б/11	Жәшікті шайлар бір жамбыға	–	117¼	–	–
	3 жәшіктен		864	–	–
–	27 жамбылық күміс	–			
11	Түйе 3½ жамбыдан	–	112	–	–
	Барлығы:	23360 3/8 1374 тилла	1436¼		
		2810¼ тилла =		14051	75

/46а/ Семей қаласынан Қашғарға дейін және қайтар жолда және Қашғарда болған уақытта жұмсалған шығындардың есебі

Саны		Күміспен		Қашғарлық	
		сом	тиын	Ескі теңге	Жаңа теңге
Бірінші көш 1858 жылдың 15 мамырынан Семейден бастап					
	Кісі тұтынуына				
25 фунт	Шай	29	–	–	–
1 бөлек	Фу-шай	3	–	–	–
1 пұт	Қант	15	–	–	–
5 пұт	Сорочиндік крупа	10	–	–	–
20 пұт	кепкен ақ нан	12	–	–	–
43	Қой	109	–	–	–
12	Қой өлді	24	–	–	–
Қашғарда 2 қазаннан					
	Жылқы қажетіне				
	Шөп (беде*[203])		–	676	–
	(Қунаққа) сұлы орнына		–	513	–
	Түйе қажетіне		–		
	Кенепшөптің дәні		–	246	–
	Кісі тұтынуына				
	Қашғар наны, сорочиндік		–	272	–
	крупа, ет, май				–
	Сорочиндік крупа		–	78½	–
	Нан		–	–	98½
	Отын		–	–	86½
	Майшам		–	–	34 1/8
	Қаймақ		–	–	22 3/8
	Сәбіз		–	–	
	Пияз		–	–	
	Ет		–	–	34½
	Май				
	Жылқы қажетіне				
	Шөп (беде)		–	–	400½
	(Қунаққа) сұлы орнына				397
	Тағалауға		–	–	17
	Түйе қажетіне				
	Кенепшөптің дәні		–	–	304 3/8

*[203] *Беде* – люцерна, клевер

1859 жылғы 4 наурызда кейін қайтқанда					
	Кісі тұтынуына				
54	Қой	108	–	–	–
1	Қант басы	8	–	–	–
10 ф.	Шай	15	–	–	–
1	Фу-шай	3	–	–	–
1	Бір құрметті кісіге фу-шай сыйға тартылды	3	–	–	–
	Үй иесіне тауарымызды сақтаған дүкені үшін	3	–	–	–
	Барлығы	342	–	1707	1473
	Орыс ақшасымен			115 сом	424 сом
				881 сом	

10 түйе, 2 жылқы өліп, 2 жылқы жоғалып кетті (қашып кетті).

Қашғарияға келгеннен кейін тауар үшін 38 тилля – /47а/ 190 сом зекет төленді.

Екінші көш

15 мамырдан Семейден бастап

	Кісі тұтынуына				
6 фунт	Шай	7	–	–	–
1 фунт	Шай	–	50	–	–
1 пұт	Сорочиндік крупа	2	–	–	–
16 пұт	Кепкен ақ нан	8	–	–	–
5 пұт	Көдуілгі крупа	3	–	–	–
49	Қой	74	–	–	–
9	Қой өлді	18	–	–	–
	Қашғарияда 2 қазаннан				
2 фунт	Шай	6	–	–	–
28	Қой	56	–	–	–
2 фунт	Жақсы шай	6	–	–	–
2 фунт	Көк шай				
	Ет				
	Май				
	Майшам	–	–	182	–
	Сабын				
	Отын				
	Жылқы қажетіне				
	Шөп (беде)	–	–	302	–
	(Қунаққа) сұлы орнына	–	–	342	–

1	2	3	4	5	6
	Түйе қажетіне				
	Кенепшөптің дәні	–	–	200	–
	Кісі тұтынуына				
	Нан	–	–	–	65½
	Отын	–	–	–	57½
	Ет, Май, Майшам, Сабын, Қаймақ	–	–	–	148
/47б/	Дүкен қожайынына		–	–	17
	Сорочиндік крупа		–	–	66
	Жүзім	–	–	–	32
	Жылқыға				
	(Қунаққа) сұлы орнына	–	–	–	205½
	Шөп (беде)	–	–	–	140½
	Түйеге				
	Кенепшөптің дәні	–	–	–	161
	Кері қайтқанда				
9 фунт	Шай	13	50	–	–
1	Фу-шай	3	–	–	–
	Жылқы тағасына	3	–	–	–
21	Тағамға қой	31	50	–	–
	Барлығы	231	50	–	893
				70 сом	255 сом

556 сом 50 тиын

6 түйе, 2 жылқы өлді. Қалған түйелерден екеуінің көтеремдігі себепті екі жылқыға айырбасталды.

Қашғарға келгенде тауарға зекетке 18 тіллә – күміспен 90 сом төленді.

Үшінші көш

Семейден Қашғарға дейін 15 мамырдан

	Кісі қажетіне				
6 пұт	Сорочиндік крупа	3	–	–	–
	Тұз	1	–	–	–
/48а/	Майшам	2	–	–	–
20 пұт	Әр түрлі ұсақ-түйек	5	–	–	–
10 пұт	Кепкен ақ нан	10	–	–	–
35 ф.	Крупа	5	–	–	–
	Қант	15	–	–	–

1	2	3	4	5	6
	Қашғарияда				
	Кісі қажетіне, жылқы мен түйеге (10 тіллә)	50	–	–	–
	Құрметті кісілерге қонақасы беруге (6 тіллә)	30	–	–	–
	Шай	–	–	–	120
	Сорочиндік крупа	–	–	–	91
	Майшам Сабын	–	–	–	37½
	Отын	–	–	–	117
	Ет Май	–	–	–	81½
	Нан	–	–	–	108
	Жүзім, пісте, қауын, тұз, сәбіз, пияз, қаймақ, су	–	–	–	209½
	Сүлеймен-Құлбекке сыйға: 1 бас қант, 1 фу-шай, 2 фунт жай шай	–	–	–	31
129	Тағамға қой	193	–	–	–
26	Қой өлді, 10 қой жоғалып кетті	54	–	–	–
	Жылқы қажетіне (48 тіллә)	240	–	–	–
	Түйе қажетіне (15½ тіллә)	77	50	–	–
	Барлығы	691	50	–	495½

918 сом 80 тиын

/48б/ 21 түйе, бір жылқы өліп, бір жылқы жоғалып кетті.

Қашғарға келгенде тауарға 37 ғ тіллә – 188 [сом] 75 [тиын] зекет төленді.

Төртінші көш

Семейден Қашғарға дейін 15 мамырдан

	Кісі қажетіне				
11 ф.	Шай	12	–	–	–
4	Фу-шай	3	–	–	–
3½ пұт	Сорочиндік крупа	6	–	–	–
36	Тағамға қой	72	–	–	–
	Қашғарияда				
2	Фу-шай	6	–	–	–
5 ф.	Шай	9	30	–	–
2	Фу-шай бекке сыйлыққа берілді	6	–	–	–
	Дүкен қожайынына	3	50	–	–
	Жылқы қажетіне	–	–	325	–
	Қунаққа (сұлы орнына)	–	–	247	–
	Беде (шөп)				

1	2	3	4	5	6
	Түйеге				
	Кенепшөптің дәні	–	–	126	–
	Әр түрлі шығын	–	–	125	–
	Кенепшөптің дәні	–	–	–	193
	Беде	–	–	–	173
	Құнаққа (сұлы орнына)	–	–	–	225½
	Отын Майшам Сабын	–	–	–	74
	Ет Май	–	–	–	22½
	Нан	–	–	–	56
	Сөбіз, қаймақ, пияз	–	–	–	51½
	Сорочиндік тары	–	–	–	21
	Әр түрлі үсақ-түйекке	–	–	–	–
	Тағамдық қой	38	–	–	–
	Қайтар жолда				
2	Фу-шай	–	–	–	21
10 ф.	Жай шай	15	–	–	–
12	Тағамдық қой	24	–	–	–
	Барлығы	194	80	823	856½
				55 сом	245 сом

494 сом 80 тиын

9 түйе, 1 жылқы өлді. Бір түйе жоғалды. Бір түйе жылқыға айырбасталды.

Қашғарға келгеннен кейін тауар үшін 13½ тіллә – 67 [сом] 50 [тиын] зекет төленді.

Бесінші көш

Семейден 15 мамырдан

	Кісі қажетіне				
2 бөлек 2 фунт 5 ф. /49б/	Фу-шай Жай шай Қант	8 2	– 50	– –	– –
	Сорочиндік тары, үн, ет, май, майшам, отын	–	–	161	–
	Беде Құнаққа (сұлы орнына) Кенепшөп дәні	–	–	725½	–
	Құнаққа (сұлы орнына)	–	–	–	184
	Беде	–	–	–	190¼

1	2	3	4	5	6
	Кенепшөп дәні	–	–	–	149½
	Отын	–	–	–	52
	Нан	–	–	–	66
	Ет Майшам Май	–	–	–	110
	Сорочиндік тары	–	–	–	24¾
	Дүкен үшін	–	–	–	11
	Барлығы	10	50	886½	787½
				65 сом	225 сом

300 сом 50 тиын

6 түйе, 1 жылқы өлді. Екі жылқы жоғалды.

Қашғарға келгеннен соң тауар үшін 7¼ тіллә – 36 [сом] 25 [тиын] зекет төленді.

Алтыншы көш
Семейден Қашғарияға дейін
және Қашғар қаласында 15 мамырдан бастап

	Керуенбасының жолдастарымен тұтынуына				
29 фунт	Қант	13	–	–	–
12 фунт	Шай	18	–	–	–
/50а/2	Фу-шай	6	–	–	–
	Әр түрлі ұсақ-түйекке	98	–	–	–
5 топ	Сиса	40	–	–	–
1 топ	Зон	10	–	–	–
1 топ	Миткал	6	–	–	–
1 топ	Выросток	5	–	–	–
16 1	Орамал Шаршы орамал	4	40	–	–
20 ар. 9 ар.	Демиткатон Кенепше	9	–	–	–
1	Мылтық	15	–	–	–
1	Қолшатыр	2	–	–	–
	Бас билеуші мен басқа да құрметті кісілердің қонақасына (17¼ тіллә)	87	–	–	–
	Бас билеушінің балаларына	11	–	–	–
	Хусаметдинге 2 тіллә	10	–	–	–
92	Тағамдық қой	160	–	–	–
/50б/	Әр түрлі ұсақ-түйекке	–	–	204½	–
	Беде	–	–	440½	–
	Қунақ (сұлы орнына)	–	–	408½	–

1	2	3	4	5	6
	Кенепшөп дәні	–	–	142¾	–
	Қунақ (сұлы орнына)	–	–	–	294⅛
	Беде	–	–	–	207⅛
	Кенепшөп дәні	–	–	–	190⅛
	Отын	–	–	–	124½
	Сорочиндік тары	–	–	–	72½
	Нан	–	–	–	117½
	Сабын	–	–	–	10¼
	Майшам	–	–	–	42⅜
/50б/	Ет пен май	–	–	–	56
	Қаймақ	–	–	–	40½
	Сәбіз, пияз, тұз, су	–	–	–	20½
	Барлығы	494	40	1196¼	1146
				85сом	336сом

915 сом 40 тиын

6 түйе, 1 жылқы өлді. Бір түйе жылқыға айырбасталды.

Қашғарға келгеннен соң тауарға 10 тіллә – 50 [сом зекет] төленді.

Барлық: шығын	4067	–	–	–
Зекет	622	50	–	–

60 түйе мен 8 жылқы өліп, 1 түйе мен 5 жылқы жоғалды. 4 түйе 4 жылқыға айырбасталды.

// Тізім ведомосі

	Сом	Тиын
Ірбіт жәрмеңкесінде тауар алынды	15964	44
Ұсталынған: қажеттілікке, Ресейден айдағаны және алып шыққаны үшін	3374	42
Барлығы	19338	86
Шығын		
Зекет	982	50
Қашғарияға дейін және қайтар жолға тамақтануға	4067	– –
Сыйға беріліп және тартып алынғаны	1302	13
32 қызметшіге жалақыға берілді	1036	63
Барлығы	7387	75
Қашғарияда тауар сатып алынды	14051	38
Барлығы шығынмен қоса	21439 Теңге	//2100 сом 52 тиын тіллә
Қашғарияда тауар сатып алынды	23360⅜ немесе 1374 тіллә	1436¼
Барлығы тілләмен	2810¼	
Орыс ақшасында	1405 сом 75 тиын	

/53а/ Қашғарда түрған уақытта және Ресейге қайтар жолда сыйлыққа берілген немесе тартып алынған тауарлар мен басқа да заттардың есебі

№	Саны	Заттардың аты	Күміспен		
			сом	тиын	
1	2	3	4	5	6
1		1858 жылы 3 қыркүйекте Текес өзенінде Қашғарияға өткізген кезде он қоқандық сарбазға:			
	10	Қойлар мен әр түрлі тауар	25	–	өз еркімен
2		*Бұғы* руының қырғыздарына 5 қой	10	–	
3		*Чирик* және *чонбағыш* руларының қара қырғыздарына; Стамбек Данияр-ға, Акке 9 қызыл тері	45	–	Күштеп тартып алды
4	–	Қашғардан қарсы алуға шыққан 5 сарбазға:			Өз еркімен, осы есептің 3 пунктінде көрсеткен қырғыздарға қарсы көмек көрсеткендері үшін
	20 ар.	Сукно	58	–	
	15 ар.	Люстрин			
	48 ар.	Сиса			
	6	Орамал			
5	–	Қашғар қаласында 1858 ж. 7 қазанында бас билеуші Насреддин-*датқа*га:	130		Ерікті сыйлыққа
	1 топ	Сукно			
/53б/	1 топ	Сиса			
	1 дюж.	Орамал			
	1	Айна			
	1 топ	Коленкор			
	16 ар.	Люстрин			
	2	Поднос			
	2	Бас қант			
	2 фунт	Иісті сабын			
		Оның ұлы Хусаметдинге:			
	1	Қалта сағат			
	8 ар.	Люстрин			
	1 топ	Сиса			
	1	Айна			
	6	Орамал			
	1	Бас қант			
	1 топ	Коленкор			
	1	Поднос			

1	2	3	4	5	6
	1 фунт	Иісті сабын			
6	–	Молла Мұхаммед-Рахымға, зекетші:			
	5аршын	Сукно			
	8аршын	Люстрин			
	1 топ	Сиса			
	6	Орамал	35	–	Сыйға ерікті түрде
	1	Айна			
	10аршын	Күлгін сиса			
	1 бас	Қант			
	1 топ	Коленкор			
7	–	Насреддиннің орнына 1858 ж. 25 қарашада жаңадан келген бас билеуші Нүрмұхаммед-*датқаға*:			
	1	Барқыт шапан			
	1 топ	Сукно (26 аршын)			
	1	Темір керует			
	16аршын	Люстрин	225	–	Сыйға ерікті түрде
	2 бас	Қант			
	2	Фу-шай			
	1	Қалта сағат			
	2	Кисея (жұқа кездеме)			
	5аршын	Сукно			
	1 топ	Сиса			
8	–	Қайтар жолға ташкендік жолкөрсетуші Ботағайға 9 тіллә	45	–	Еңбегіне
9	–	1859 ж. 21 наурызда қашғарлық қамал Құртқаға келген соң басшысы Мұхаммед-Разық-*датқаға*:			
	2	Үлкен жамбы	360	–	Зекет
	2	Кіші жамбы			
	5	Шапан			
	1 фунт	Көк шай	31	–	Сыйға ерікті түрде
	2аршын	Сукно			
		Сиса			
10	–	Қашғарлық сарбазға Құртқа қамалына дейін еріп барған			
		Тоқтарға:	33	–	Еңбегіне
	1	Жамбы			
	1	Саранджа шапан			

1	2	3	4	5	6
11	–	Қара қырғыз жерлерінде рубасы Оспан Тайлақовқа:			
	2	Парша шапан			
	1	Парша (даруи)	25	–	Қысталаумен
	1	Парша (бихасап)			
	3	Дабы			
	4	Қытайы			
	1 ф.	Шай			
	–	Табылды-батыр Әлике-евке:			
	1	Парша (даруи)			
	1	Парша (падшаи)			
	1	Парша (бихасап)	14	–	Қысталаумен
	3	Аракчина			берілді
	3	Бөз			
13	–	Найман Әлжан Бүйда-шевқа:	120	–	Қысталаумен
	5аршын	Сукно			
	2	Парша (даруи)			
	2	Парша (бихасап)			
	12	Бөз			
	2	Жібек шапан			
	1	Құндыз			
	3	Жібек мата (машруп)			
	1	Түйе (ұрғашы) ботасымен			
	½фунт	Қымбат шөп			
	14	Бөз			
	8	Саранджы			
	2	Мақта шапан			
14	–	Құртқа қамалының сарбазы Хасанбайға Кіші Нарынға дейін ертіп барғаны үшін:			
	4 пар	Парша (даруи)	32	–	Еңбегіне
	1	Қоқандық тіллә			
	2	Жібек мата (машруп)			
	1	Шапан			
15	–	1859 ж. 4 сәуірінде Төрегелді-батыр Ибатуллинға:	356	–	Қысастықпен берілді / 55а/
	1	Түлкі аяқ терісі			
	5	Шапан (бихасаптан)			
	11	Шапан (саранджыдан)			
	1	Шапан (жібектен)			
	2	Шапан (патшайыдан)			
	1	Шапан (машруптан)			

1	2	3	4	5	6
	17 пар	Парша (даруи)			
	4 пар	Парша (патшайы)			
	9 пар	Парша (бихасап)			
	14	Жібек мата (машруп)		–	
	6	Қытайы			
	29	Бөз			
	1	Фу-шай			
	24алтын	Қымбат шөп			
	4 фунт	Шай фамильный			
	2	Полоскательный кесе-лер			
16	–	Қашғарияда әр түрлі құрметті кісілерге:			
	4 пар	Парша (даруи)			
	2 пар	Парша (патшайы)			
	2 пар	Парша (бихасап)			
	1	Саранджа	118	–	Сыйға ерікті түрде
	2	Аракчина			
	4	Жібек мата (шағи)			
	8 пар	Парша (даруи)			
	1	Тіллә			
	2	Жібек мата (шағи)			
	2 пар	Кебіс			
		Барлығы	1302		

Мұнда 9 тармақта берілген зекетке төленген 360 сом көрсетілмеген.

/56а/ **Қашғарияға барған адамдардың тізімі**

№	Адамның лауазымы мен аты-жөндері	Қай өңірдің	Қай болыс-тың	Қырғыздарға қарайтын болыс билеушілерінің аттары
1.	Әлімбай Абдиллабаев (Шоқан Уәлиханов мырза)			
2.	Керуенбасы Мұсабай Тоқтабаев	ташкендік		
	Көш иелері:			
3.	Ташмұхамед Міркұрбанов	ташкендік		
4.	Мұхамедразық Берназаров	ташкендік		
5.	Абдикарим Шарипбаев	бұхарлық		
6.	Мурзамухсин Мурсагитов	бұхарлық		
7.	Кенже Сарыхожин	ташкендік		
8.	Ходжеке Қойгелдин	ташкендік		

1	2	3	4	5
	Приказчиктар: қырғыздар [қазақтар]			
9.	Жолай Матаев	Көкпекті	Мұрұн	Абдулла
10	Жүсіп Ағысов	Семей	Уақ	Шыңғожа
11	Хусаналы Миразизолин	Бұхарлық		
12	Қызметші: Алшынбек Байбеков	ташкендік		
13	/56б/ Шалабай Дарин	ташкендік		
14	Рақыш Ажиғожин	–//–		
15	Батыреке Қыстықов	–//–		
16	Бораншы Елемесов	–//–		
17	Бирмолда Кулбаев	–//–		
18	Төлеген Улақов			
19	Қамбар Мурзагелдин			
20	Құттыбай Журунов Қырғыздар			
21	Аркатпай Каратаев	Қарқаралы	Жалықпас	Досмын
22	Қошқарбай Қиятов	–//–	Тобықты	Сұлтабай
23	Жүрменбай Шағабаев	–//–	–//–	
24	Орман Үкібаев	–//–	Қаракесек	Алдаберген
25	Шалқыбай	–//–	–//–	Төленгіт
26	Суанбай Қожин	–//–	–//–	
27	Жедел	–//–	Тарақты	
28	Майқы Қабылов	Аягөз		
29	Шыныбай Айтқұлов	–//–	Тобықты	Сүйіндік
30	Күйік Құтаяқов	–//–		
31	Бижан	–//–	Уақ	Сәлменбай
32	Елеусіз Тобылдин	–//–	–//–	–//–
33	Бекмырза Тілеудлин	–//–	–//–	–//–
34	Қабыл Баиров	–//–	Суан	Жамантай
35	Ақжол Бөлеков	–//–	–//–	–//–
36	Текебай Боқбасаров	–//–	–//–	–//–
37	Көккөз	–//–	Уақ	Төрекен
38	Темірәлі	–//–	–//–	–//–
39	Қайыр	–//–	Семіз-Найман	
40	Жалбағай	Көкпекті	Керей	Тотин
41	Айгел Байтоқов	–//–	Матай	Мырзатай
42	/57а/ Сатен Сатпин	–//–	Бөрі	Ибрахим
43	Садық	Қытай билігінде	Байжігіт	

Қашғарияға барған Мұсабай Тоқтабаевтың керуенінде алты көште болған қызметшілерге берілген жалақының есеп қағазы

Саны	Кісі саны мен жалақы	Күміспен	
		сом	тиын
	Бірінші көште алты қызметшіге 12 ай 10 күнде:		
288	Бөз	123	84
36	Әр түрлі киім	72	–
		195	84
	Екінші көште бес қызметшіге:		
222	Бөз	95	46
27	Әр түрлі киім	54	–
		149	46
	Үшінші көште сегіз қызметшіге:		
381	Бөз	160	83
46	Әр түрлі киім	92	–
		252	83
	Төртінші көште төрт қызметшіге:		
186	Бөз	80	–
23	Әр түрлі киім	46	–
		126	–
	Бесінші көште төрт қызметшіге		
186	Бөз	80	–
23	Әр түрлі киім	46	–
		126	–
	Алтыншы көште төрт қызметшіге		
186	Бөз	80	–
23	Әр түрлі киім	46	–
		126	–
	Қызметшілер үстінен қарайтын кісіге		
70	Бөз	–	–
1	Ат	60	–
	Барлығы	1036	13

Ескертпе: Әлімбай Әбділлабаев (Шоқан Уәлиханов), керуенбасы Мұсабай Тоқтабаев, Мірқұрбан Хаупбаевтың екі ұлы Ташмағамбет Мірқұрбанов пен Кенже Сарыходжин және басқа приказчиктер: Мүхамедразық Берназаров, Әбдікәрім Шәріпбаев, Мырзамұхсин Мырзасағатов, Қожеке Қойгелдин, Жолай Матаев, Жүсіп Ағысов және Хусаналы Миразизолин ешқандай жалақы алмаған*[204].

*[204] Аударманың мәтіні соңында Мұсабайдың: [توختە باى اوغلى] [قاسماوف يازغوجى كاروان باشى موسى باى] *Йазгучи каруанбашы Мусабай Тухтабай уғлы Қасымов* деп өз қолымен жазғаны бар.

/58а/ 1859 ж. 1 шілдеде керуенбасы Мұсабайдың Ғалымбай-мырза – Шоқан Уәлихановқа берген [есебі]

Тізімі	Күміспен	
	сом	тиын
1	2	3
Қапалда шапан берілді	4	50
Екі көрпе, әрбірі 2 сомнан	4	-
6 фунт Жуков темекісі	9	90
32 аршын сиса, 4 жейде, 5 аршын сәрпеңкі шалбар астына	9	84
46 фунт қант, пұтына 18 сомнан есептегенде	21	60
Бір шалбар	5	-
Қара ешкі мәсі, кебісімен	4	50
3 фунт шай	4	30
1 тапанша	12	-
1 бума қағаз	8	-
Қара тон, казинетпен көмкерілген	15	-
Ер, жүгенімен	5	90
Жол бойы қырғыздарға 77 аршын сиса, аршынына 14 тиыннан	10	78
Қырғыздарға 1 фунт корольки, 2½ аршын дабы және 5 аршын сәрпеңкі тартылды	6	25
/58б/ Пәтер үшін 3 бөлек нанка мен 5 аршын дабы берілді	24	–
25 наперстка, 20 кіші айна, 40 тарақ, сақина, корольки, және басқа да ұсақ-түйек	18	70
Жолда екі ат алынды: бірі 18 сом, екіншісі 17 сомға	35	–
Қашғарияда қаражатқа 360 қашғарлық теңгелер алынды	21	50
Кебіс	2	–
Темекі	–	80
Аракчина	1	25
Шалмалық шарф	9	90
Белдіктер	3	85
Нығманбайға 5 аршын сукно, 14 аршын сатин, 1 портище сиса	30	80
Қаражатқа бір ширексіз 5 алтын алынды	24	–
Асанжанға 8 аршын сиса, 1 портище сиса мен 1 шапан берілді	12	30
Қашғарияда екі кітап сатып алынды	15	–
Жібек шапан	8	–
/59а/ Үйге төсеуге екі киіз	5	–
Кіші кілем	7	65
Үй ыдыстары: Шай құтысы мен су үшін де	15	–
Зекетшіге екі мақта шапан, 1 портище сиса, 1 үлкен айна берілді	20	–

1	2	3
Лапчатый тон, жейде мен шалбар асты киімі (подштанники)	23	85
Лапчатый тонның қақпағына даруидің үш кесімі	7	–
Қаражатқа алынды	16	95
Фарфор ыдыс	2	80
Түйме	–	75
15 аршын сиса	1	80
3 фунт көк шай	6	-
Тігіншіге	1	50
Жүген	3	75
Тоқым	4	95
Қаражатқа	11	–
Қызметшіге екі кіші айна берілді	3	–
/59б/ 2 бас қант, бағасы пұтына 4 қоқандық алтын	20	–
Бір пышақ	5	30
8 шапан сыйға берілді	36	-
Тамаққа пайдаланып және де қонақасыға жұмсалды	13	-
Жүзім, алма, анар және басқа жемістер	5	-
Жаңа билеуші Малибек ханның атымен 1 қоқандық алтын	5	-
Аракчин	1	-
Пәтер үшін қожайынына 24 аршын нанка, 1 портище бихасап, 25 қашғарлық теңге сыйға берілді	12	50
Кетер алдында бір атты 4 қоқандық алтынға сатып алдық	20	-
Қызметшілерге	6	50
/60а/ Аппақ-қожа мазарының шайхына 2 сом 50 тиын тұратын 2 даңғыра және 18 қашғарлық теңге берілді	10	-
Жылы етік, аспа дорба және ат шомы*[1] әбзелімен	6	50
Малибек хан болды деген хабар үшін әр көштен 1 тапа фу-шайдан берілді	3	-
Жаңа ақсақалды құттықтап барғанда әр кісіден 1 тапа фу-шайдан берілді	3	-
Керуен-сарай мен дүкендер үшін	5	-
Майшам мен сабын	11	-
Қашғарияда отын сатып алынды	23	-

*[205] *Шом* – жүк ері

1	2	3
Янысар мен Яркендке барған кезде әрқайсысының бағасы 5 сомнан бір ширексіз 20 қашғарлық алтын жұмсалды	98	59
/60б/ Жылқылардың жеміне ширексіз 8 қоқандық алтын жұмсалды	41	25
Кешкі ас беруге	34	50
32 кісі қызметшілерге бағасы әр қайсысы 43 тиын тұратын 95 бөз тартылған	40	74
Тамаққа жұмсалған	15	-
Қайтар жолда сарыбағыштықтарға 1 шапан, 2 портище даруи және 5 дабы сыйға тартылған	18	50
Алматыда алынды	42	-
Барлығының құны	936	36

Жоғарыда айтылған соманың қожайыны Мұсабай Тоқтабаев, (Есепті берген Қасымов)*[206].

*[206] *Аудармасы дұрыс емес, дұрысы:* Есеп берген жоғарыда аталған соманың қожайыны Мұсабай Тоқтабай ұлы Қасымов.

ҚАШҒАРДА ФАКТОРИЯ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАШҒАРҒА БАРАТЫН ЖОЛДАР ТУРАЛЫ*[207]

Қазіргі уақытта Алтышарда қытайлықтардың билігі айтарлықтай әлсіреген, бұл елдегі биліктің маңызды бөлігін қытайлықтармен бірге қоқандықтар иеленген.

Алтышардың, шамамен 580 мың жан болатын тұрғындары, түркі тайпасына жатады, мұсылмандық дінді ұстанады және де өткен жүзжылдықтың ортасына дейін өздерінің қашғарлықтар осы күнге дейін табынып отырған қожалар әулетінің бір ұрпағынан тараған тәуелсіз билеушілері болған.

Алтышарда қытайлықтардың билігі орнағаннан бері қожалар елді тастап шығуға мәжбүр болып, қазіргі күні Қоқан жерінде тұрып жатыр. Жергілікті халыққа тайпасы бөтен, діні бөлек қытайлықтардың билігі, астамшылығы мен парақорлығы Қытай билігін Алтышарда жек көрінішті еткен.

Қашғарлықтар осы күнге дейін бірнеше рет қытай езгісін ысырып, қожаларды қайтармақ болған. Соңғы отыз жылда Алтышарда осындай үш көтеріліс болған. Қоқандық хандар қашғарлықтардың Қытайға деген жек көрушілігі мен қожаларға берілгендігі өздеріне пайдалы боларын түсініп, соңғыларға ылғи қамқоршылық етіп және оларды қытайлықтарға қарсы күресінде қолдап отырады. Қоқандық хандар осы саясатының арқасында қытай үкіметінен Алтышарда үздіксіз болып тұрған көтерілістер мен бүліктен арылу және ондағы өз билігін ұстап тұру үшін Қоқанға биліктің қомақты бір бөлігін және де көптеген құқықтарды беруге мәжбүр болды.

Қазіргі уақытта қытайлықтар Алтышарда тек саяси билікке ие болып, жергілікті халықтан салық жинаумен айналысады; ішкі билік қытайлықтар мен қоқандықтарға бөлінген, ал, Алтышарда көптеген шетелдіктерден салық жинау және жалпы барлық шетелдік саудадан салық жинау құқығы тек қоқандықтардың қүзырында.

Қашғар Верный қамалынан 600 шақырымдай жерде орналасқан және бірінші дәрежелі Тянь-Шань жотасымен

*[207] Штаб-ротмистр Уәлихановтың Алтышар туралы жинаған соңғы мәліметтерінен. *(Сухозанеттің ескертпесі).*

бөлінген, ол арқылы сауда керуендерінің қатынасы қазан, қараша айларында тіптен тоқтатылып, сәуір немесе мамыр айларында қайта орнатылады.

Қашғардан Қоқанға дейінгі қашықтық 400 шақырымнан кем және онда қатынас ешқашан үзілмейді.

Іле аумағы өлкесінен Қашғарға дейін сауда керуендері жүретін жолдар Ыстық көлдің шығыс және батыс жақтарынан өтеді. Оның біріншісі қоқандықтардан алысырақ жатқандықтан, олардың шабуылына аз ұшырайды, бірақ бұл жолдар жүру үшін көптеген қиындықтардан өтуге тура келеді, көптеген бұрылыстар жасап, айналма жол болып саналады. Керісінше, Ыстық көлдің батыс жағынан өтетін жолдар қоқандықтардың шабуылына жиі ұшыратқанымен, жүріске ыңғайлырақ және де жақын жол болып табылады.

Верный қамалынан Қашғарға дейін Ыстық көлдің шығысынан өтетін жолдың ең қысқа қашықтығы 700 шақырым, ал батыс жағынан өтетін жолмен – шамамен 500 шақырым, яғни, батыс жолдар керуендерге Қашғарға дейін ең болмаса он күн ертерек баруға мүмкіндік береді.

Ең ыңғайлысы болып келесі жолды мойындайды: Қашғардан Артыш пен Ақсай өзендері бойымен Нарын өзені жазықтығына, Арша өзенінің басына, одан Ыстық көлдің батыс шегіне Шу жазықтығы арқылы, онан ары Кастек және Верный қамалдарына.

Іле өңірінен Қашғарға баратын Ыстық көлдің шығыс жағынан болсын, батыс жағынан болсын барлық жолдар бізге тәуелсіз қара қырғыздардың жерлері арқылы өтеді, сондықтан, тұрақты қатынас үшін қай жол таңдалмаса да, қандай жағдайда да жол бойындағы аралық қамал бөлімінің болғаны жөн.

Пайымдауымызша, бұл бөлімді орналастырудың ең ыңғайлы жері, ол Нарынға Арша өзенінің құйған тұсында.

Осынау құтты жазықтықта ең басты асудан Тянь-Шаньның оңтүстік беткейіне түскен жерде, және де Қашғар мен Верныйдың шамамен ортасында орналасып, бұл қамал Алтышарға дейінгі жолда жетіспеушілігі сезілген отыннан тапшылық көрмейді, әрі қатынасты сенімдірек қамтамасыз етеді, сонымен қатар керуендердің Тянь-Шань асуынан өтуіне көмек етеді.

Қашғар Верныйды Пішпекпен және Әулие-Атамен байланыстыратын негізгі жолда (шамамен 200 шақырым), 300 шақырымнан аспайтын қашықтықта. Әулие-Ата ең ыңғайлы жолда орналасқан орын ретінде, бірінші дәрежелі маңызға ие.

Әрине Қашғарияда фактория ұйымдастыру қоқандықтар тарапынан қатты қарсылық туғызбай қоймайды. Қоқандық хандардың Қашғардағы шетелдік саудадан жинайтын салығы табысының негізгі көзін құрайды, ал Алтышарда Қоқанға

тәуелді шетелдіктердің саны халықтың ¼ бөлігін құрайды. Өздерінің осыншама маңызды құқығынан айрылу қаупі, сөз жоқ, қоқандықтарды Қашғарда фактория ұйымдастыруға қарсы барлық шараларды қолдануға итермелейді. Соған қарамастан Қашғарда сауда факториясын ашу өте үлкен маңызға ие болып тұр.

Қашғарияда фактория ұйымдастыруды 1862 жылға дейін қалдыра тұру туралы да пікірлер бар. Бұл мәселені генерал Гасфортпен, Игнатьевпен және Циммерманмен талқылаған кезде, алғашқы екеуі, Қашғарда фактория ұйымдастыру барысында туындайтын барлық қиындықтар мен айтарлықтай шығынды мойындай отырып, сауда жолы қоқандықтарға салық төлеп, тек Тянь-Шань қырқасы арқылы Нарын өзені жазықтығына өтуі тиіс деп санайды. Циммерман керісінше, Алтышарда қожалардың арқасында қытайлықтардан гөрі қоқандықтардың көбірек билігі мен әсері күшті Қашғарияда факторияны ұйымдастыруды өте қымбат деп санайды. Сонымен қатар, оның ойынша, Қашғар арқылы сауда жүргізу алда болатын шығындарды жабатындай пайда әкелмейді және де қоқандықтар мен Ұлы жүздің қырғыздарын (қазақтар) кездейсоқ көтерілу мүмкіндігі өте жоғары...

Циммерман қателесіп Қашғар шығысқа қарай шетте және негізгі қатынас жолынан тыс жатыр деп ойлайды, шынында Қашғар Орта Азияның Кашмирмен және Үндістанмен қатынасы жолында орналасқан.

* * *

Жоспарланып отырған Қашғариядағы факториямен тұрақты қатынас үшін үш жол ұсынылады:

1. Семейден Құлжа арқылы үлкен керуен жолымен Мұзарт асуы арқылы Ақсуға.

3. Верный қамалынан Ыстық көлдің шығыс жағымен Нарын өзенінің бастауына, Ақсай өзені жазықтығына және одан ары Қашғарға.

3. Верный қамалынан Ыстық көлдің батыс жағынан Арша өзенінің жоғары тұсына және одан ары оның ағысы бойымен Нарын өзені жазықтығына, таулық Шатыр-көл өзені жанымен Қашғарға.

Бұл жолдардың біріншісі сауда жағынан қарағанда ең пайдалы болып табылады. Семейден Қашғарға дейінгі ең қысқа жолды ұйымдастырғанда (Семейден Құлжаға дейін 740 шақырым, Құлжадан Қашғарға дейін 750 шақырым), бұл жол керуендердің жүрісіне ыңғайлырақ және де ылғи жөнделіп отырады.

Соңғы екі жолмен керуен қатынасы, бірнеше қысқы айларды санамағанда, ылғи болып тұрады. Олардың ішінде, Верный қаласынан Ыстық көлдің шығыс жағынан жүретін жол –

шамамен 700 шақырым, батыс жағынан – 500 шақырым. Қашғар мен Кашмирге (Үндістанмен) тура қатынас жолдары бірнеше бағыттармен жүреді, олардың ішіндегі ең жиісі Яркенд және Ладак арқылы өтеді. Бірақ бұл жолдардың барлығы, соңғысын қоса, Гиндукуш пен Гималай жотасына жақындағанда өте қиындап кетеді. Бұл жерде тауарлар кей тұстарында қой мен ешкілерге тиеліп өткізілгендіктен, бұл тасымал тек бағалы және ауыр емес заттармен шектеледі. Үндістаннан Қашғарға ағылшын тауарларын жеткізетін керуен жолы Кабул мен Балх арқылы Бұхараға барады, немесе сол жаққа Мешһедтен және одан ары Қоқан арқылы Қашғарға жетеді.

ЕЖЕЛГІ ГРАМОТАЛАР ТУРАЛЫ АЛҒАШҚЫ ЖАЗБА

/33а/ Менің ата-бабаларым – қырғыздардың Орта жүзінің хандары: Абылай мен Уәлиден қалған әулеттік мұра арасында қытай императорлары Цянь-Лун, Цзя-Циннің[183] бірнеше грамоталары сақталған. Қырғыз даласын зерттеуге қажетті дерек көздер өте аз болғандықтан және олар негізінен Орынбор мен Сібір шегінде жазылып алынған өзара қарама-қайшы хабарлар мен өсектер түрінде сақталғандықтан, бұл актілер қырғыз орда-ларының тұрмысын суреттейтін жаңа деректер ретінде Орта Азия халықтарын мен біздің Қытаймен қарым-қатынасымызды зерттеумен айналысып жүрген жергілікті ғалымдардың көңіл аударуына тұрарлық, оған қоса олар қытайлықтардың көрші көшпелі тайпаларға деген көзқарасын түсіндіре алады. Оның үстіне, бұл грамоталар манжұр, қалмақ және Кіші Бұхара немесе Қытай Түркістаны тұрғындары сөйлейтін өте танымал емес (түркі) тілде жазылған, сондықтан біздің шығыстанушы ғалымдар үшін зор маңызға ие.

Осы жолы біз мына құжаттарды ұсынамыз: 1) жоңғар қоңтайшысы Қалдан-Сереннің қырғыз ру басшысы, көсемі (би және батыр) Малай-Сараға*[208] берілген тархан грамотасы, ол қалмақ тілінде жазылған; 2) Цян-Лун императордың ... (кейіннен хан болған) Абылай сұлтанға берген грамотасы[184], манжұр және қалмақ тілдерінде жазылған; 3) сол Цян-Лунның Орта жүз ханы Уәлиге берген грамотасы, үш тілде: манжұр, қалмақ және түркі – кіші бұхаралық сөйлеу мәнерінде; 4) Цзя-Цин императордың Уәли хан мен оның ұлы – қытай билеушілері Уәлидің мұрагері және ғұн деп мойындаған Аббас сұлтанға берген грамотасы, жоғарыда аталған үш тілде; 5) Дао-Гуан[185] (Гао-Канан) императордың Абайдолла сұлтанға Уәлиден кейін хан болуына берген грамотасы, үш тілде.

Бұл грамоталардың тек қана 2-шісі, 3-шісі және 4-шісі біздің меншігімізде. Біріншісін – қалмақша грамотаны біз Малай-Сарының ұрпақтарынан алдық, ал 5-ші грамотаның біз түркі тіліндегі нұсқасын алып, аудардық. Басқаларын манжұр

*[208] Көшірушінің қателігі, дұрысы: Малай-Сары

және қалмақ тілдерінен біздің досымыз ... Ғаббасов[186] аударды, ал ішінде көптеген дорақылық кездесетін қалмақ грамотасының аудармасы менің өтінішім бойынша ... қосымша тексеруден өтті.

Бірінші грамота қағазға жазылған, ол қағаз қытайлық немесе тибеттік болуы ықтимал, ханның аты грамотада аталмаған, соңында кішкене дөңгелек мөр басылған, мөрде суреттер бар сияқты, өйткені белгілердің барлығы бір текті емес.

2-шісі – Цян-лунның Абылай сұлтанға берген грамотасы, жұқа жібек матадан жыртылған ұзынша парақта жазылған, парақ белгісіз сары түсті затпен әрленіп, шеттері айдаһар суреттерімен әшекейленген.

3-ші грамота қызғылт сары қағазда жазылған, қағаз алтын түсті жіппен кестеленген, шеттері алтын түсті айдаһар суреттерімен әшекейлеген. Оны түптеу кезінде Ғаббасов қағаздың жұқалығынан және дұрыс күтімде сақталмағандығынан өшіріліп қалған кейбір сөздерді қызыл сиямен қалыпқа келтірді.

4-шісі – үшінші грамотаға ұқсас шеттері алтын түсті сары қағазға жазылған, сақталған қалпы жақсырақ болғанмен, шеттері аздап жыртылған.

5-ші. Бесінші грамотаның сыртқы сипаты туралы біз ешнәрсе де айта алмаймыз, өйткені біз оны көрген жоқпыз. Жалпы айта кететін бір жайт – барлық грамоталарда әр мәтіннен кейін төрт бұрышты мөр басылған. Аспанның қалауымен тағайындалған бәленше император бәленшеге деген сөздермен аяқталатын бірінші жол бөлініп екінші жолдан біршама жоғары түр, біртұтас мәтін осы екінші жолдан басталады; одан кейін үшінші жолдан бастап барлығы түзу жазылады. Соңғы жол ... бөлініп ... барлық жолдардан төменірек түр ... аудару жұмыстары кезінда біршама ... жасады.

Манжұр және қалмақ мәтіндері арасында айтарлықтай айырмашылықтар көп емес деген қорытынды дегенмен қалмақ тілінің манжұр мәтініне бағыныштылығын байқауға болады, сондықтан грамоталар алдымен манжұр тілінде жазылып, кейіннен қалмақ тіліне аударылған деген ой келеді, немесе одан әрі түпнұсқа қытай тілінде жазылған деп айтсақ дұрысырақ болады, өйткені грамотаның манжұр тіліндегі мәтінінде оның қытай тіліне бағыныштылығы байқалады.

Біз түркі тіліндегі мәтінді аудармамен салыстырдық, оның соңғы пікірінің негізі бар деп ойлаймыз, себебі мәтінде өте көп қытай сөздері кездеседі және сөздердің орын тәртібі тура қытай тіліндегідей – айтқандай, сөздердің осындай орын тәртібі Қытайлық Түркістанда тұрақты қабылданған.

Қажетті ескертпелерді мен қосымша етіп шығарып, онда мүмкіндігінше мәтіндердің арасындағы қарама-қайшылықтарды көрсетуге тырыстым, әсіресе тілдің аз таралғандығын ескере отырып, мен түркі мәтінінің сөздеріне көп көңіл бөлдім.

1. Қалдан-Серенің тархандық грамотасы

Мәтін [түркі] ...
Аударма ...
Осы грамотаға ескертпелер.

Малай-Сары, қалмақша, (Малая Шора), [Әбілмәмбет] пен Абылай хандардың уақытында Орта жүздің ең [беделді] билері мен батырларының бірі болған. Малай-Сары [арғын] тайпасының [бәсентин] руынан шыққан.

Қырғыз ордалары үшін сол бір аумалы-төкпелі кезеңде – Тәуке хан өлгеннен кейін бірнеше хан шыққанда – Орта жүзде [Сәмеке] және Ұлы жүзде біреу – олармен таққа таласып [арғын] мен [найман] тайпалары мойындаған Барақ сұлтан және // хиуалық (Қайып)*[209] ханның әкесі хан аталған Батыр сұлтан және кейіннен Абылай [сұлтан] кезінде: халықтан шыққан беделді ру басшылары Ұлы жүзден [Төле]-би, Орта жүзден [Қазыбек би], [қайсақтардың] біршама бөлігінің рубасылары ақсүйектердің арасындағы таласты көріп, біресе бір сұлтанды, біресе басқасын қолдау арқылы өздері (билікке ұмытыла) бастады. Жоңғарлар, буруттар, қарақалпақтар, башқұрттар, орыс казактары, еділ қалмақтары панасыз халықты мекендеген жерлерінен шегеріп, қарақшылық әрекеттер жасаған осындай үрыс-керіс, аш-жалаңаш жылдарда Абылай сұлтанды қоштаушылардың алғашқыларының бірі болған Малай Сары биікке көтеріле бастады. Ру ақсақалы кезінде белгісіз болған ... Орынбор мұрағатының құжаттарына (В.[187] «Исторические известия»)*[210] көз салсақ, XVIII ғасырдың ортасында de facto Орта жүздік ордада беделі басым Абылай сұлтан билік еткен, бірақ de jure [хан Әбілмәмбет болған]. Сол кезде Абылайдың жан-жағында бірнеше партиялар жиналған. Отан сүйгіш, ... қолдаған партия саны бойынша ең көп, басында ... болған, және ол партияның мықтылығы оның басшысы Малай-Сары болғандығында. Орыс партиясы әлсіз болған әрі оны әлсізірек және сондықтан ... рубасылары басқарған ... және белгісіз-бір [Шақшақ] баласымен және тарханмен. Бұл соңғы билер Орта жүзден шыққанмен, әрқашан [Ресейді] жақтап, аса беделге ие болмады. Бұл партиялар Абылай хан тағына отырған соң күштерінен айрылды, ал Малай-Сары кейінірек өзі достасқан қалмақтарға қарсы шайқаста мерт болды. // Малай-Сарыны халық та, Абылайдың өзі де қатты құрметтеген, себебі ол малға да ақылға да бай әрі ержүрек болған – мұндай қасиеттер бір адамның бойында сирек кездеседі.

---

*[209] 1904 жылғы басылымда қате: (Нүрәлі)

*[210] В.В.Вельяминов-Зернов. Қырғыз-қайсақтар туралы және Ресейдің Орта Азиямен қарым-қатынасы туралы тарихи хабарлар, 1 т, Уфа, 1853; 2 т, 1855.

Аңыз бойынша Абылайдан оның қолдаушыларының ішінде беделі жоғары кім болған деп сұрағанда, ол: Малай-Сары деп жауап берген екен. Айта кететін бір жайт, [қалмақ] хандарының тархандық грамоталары, Кабчи ... орыс билеушілері ол кезде ордада еш маңызға ие болмаған, қырғыздар оларды тек орыс және жоңғар шекарасында еркін [кіріп-шығуға] қолданған. Сол кездегі халық рубасыларының үлкені – көсемі және ақсақалы ... батыр өзінің Сары-Құл батырымен.

2. Император Цян-Лунның Абылай сұлтанға берген грамотасы

Манжұр мәтіні ...
Қалмақ мәтіні ...
Аударма.
// Бірінші ескертпе. Кейіннен хан болған Абылай сұлтан туралы менің мақаламды*[211] қара. Абылай қытайлықтармен олар Жоңғарияны басып алған сәттен бастап қарым-қатынас орнатты, 1756 жылы қытайлықтар оған қытай вассалдығының белгісі күнтізбені тарту етті. Жылы мен мазмұнына қарағанда, нағыз грамота дәл осы болуы тиіс, бұл туралы 1763 жылы Орынбордан Абылай сұлтанға Орта жүздің және көршілес жерлердің, әсіресе қытайлықтардың жағдайын барлауға аттандырылған аудармашы Гордеев жазған.

[...грамотаны] 1763 жылдың наурыз айында Абылайдың жиені аспан ұлының ордасына жіберілген Дәулет-Керей[188] сұлтан алып келген.

Аудармашының суреттеуі бойынша, грамота сары тафтаға желімделген жұқа қағазға жазылған (біздің грамота жай тафтаға жазылған), ол ұзындығы 2 аршын және ені 1 аршын орама түрінде болған (мұнысы ұқсайды), оның ішінде 5 үлкен қызыл мөр басылған (біздікінде бар болғаны екеу) («Известия», 109 бет.). Бұл грамотаның сыртқы сипатын және мазмұнын Гордеев хабарлағанмен, Абылайдың ауылында тұрған жоңғардың [сипаттауы] бойынша ол біздің грамотаға көбіне қарама-қайшы келеді және біздікінде жоқ көп нәрселерден тұрады, не дегенмен, // Гордеевтің көрген грамотасы біздің аударып отырған грамота екендігіне еш күмән жоқ, себебі біздің грамота 1762 жылы жазылған, дәл сол [уақытта] Дәулет Керей Пекинде болған.

Абылай хаттағы өзіне жайсыз нәрселерді жасыру [мақсатында], онда жоқ нәрселермен мақтануы ықтимал.

Цян-Лун грамотада қырғыздар Тарбағатай арқылы өтпесін деп жазады, ал Гордеевтің айтуы [бойынша], керісінше, импе-

*[211] Ш. Уәлиханов. Абылай. Орыс ғалымдары мен әдебиетшілерінің құрастырған энциклопедиялық сөздігі, СПб., 1861.

ратор қырғыздарға олоттарды қырғаннан кейін бос қалған жерлерді жайлауға рұқсат етті деп хабарлайды.

// Екінші ескертпе. Бұл бастапқы нұсқа, барлық басқа қытай грамоталарында, трибунал[189] ережесінде ... шетелдік немесе шетжерлік хандар деп аталатын, бірақ аспан баласының ... болып табылатын азиялық басшылармен ара-қатынасына боғдыхан қолданатын бекітілген формула болуы тиіс.

Бұхара әмірін, Қоқан ханын және басқа да Орта Азиялық басшыларды қытайлықтар осындай шетелдік вассалдар санатына қосқан. Осы бастапқы // кесінді аудару кезінде біз манжурша «обка», қалмақша [бұрханша] және түркіше «худ» сөздерінің орнына аспан сөзін қолдандық, себебі бұл сөз қытай тяніне сәйкес келеді, оның қытайша түпнұсқада болуы әбден мүмкін.

// Үшінші [ескертпе]. Қалмақша грамотада: «менің көйлегімнің етегін ұстаған» деп айтылған, дегенмен бұл да *хуандидің*[190] қамқорлығына алғандығын білдіреді. Г. Гордеевтің ескертпесі.

// Төртінші [ескертпе]. Манжурша «нүкте» және қалмақша «нуток» деген сөз жалпы алғанда жер, туған жер, жайлау деген мағынаға ие, ал кейде ол тұрақты жайлайтын жерді, белгілі бір руға тиесілі ата-бабалары мен балалары жерленген жерді білдіреді. Соңырақ боғдыхан қырғыздарға Тарбағатайды жайлауға рұқсат берді, бірақ бұл үшін оның қазынасына жыл сайын [саны бекітілген] жылқы беріп тұруды шарт етті.

// Бесінші [ескертпе]. *Амбань* – манжур сөзі, мырза, ақсүйек деген мағынаны білдіреді. Қызыл шарлары бар барлық манжурлар сол атаумен аталынған. Бұл жерде [*амбань*] атауымен іле цзянь-цзюнін және тарбағатайлық хебе– (*амбань*) білдірген болуы тиіс. Қалмақша мәтінде «асабек» сөзі «саид» – ақсүйек сөзімен аударылған.

// Алтыншы [ескертпе]. Бұл грамота Цян-Лун император билік құрған уақытта 1762 жылы берілген.

ПОРУЧИК СҮБХАНҚҰЛОВТЫҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІНЕН*[212]

// Бұхараға келген соң Сүбханқұлов Бұхара әмірі Мир Гейдер-ханға[191] сәлем беріп, оған мемлекеттік канцлер Румянцевтен мәртебелі грамота және орынборлық әскери губернатор князь Волконский беріп жіберген хаттарды табыс етті. Қаңтардың 28-інде (1810 жылы) хан поручикті түскі дәмге шақырып, оған «азиялық салт бойынша жақсы сыйлық жасап» жоғары мәртебелі тақсырға арналған хатты берді.

Бұхараға Қоқаннан, Ташкенттен, Қашғардан, Мешһедтен, Гераттан, Кашмирден, Үндістаннан, Хиуадан және басқа да қалалардан шыққан керуендер келеді.

Желтоқсан айынан бастап сауда басталады, ал сәуірдің 15-інен «ыңғайлы жерлерге» тарап кетеді. Еврейлер жібек өндірумен және бояу шығарумен айналысады. Оның кезінде Бұхарада армяндар түрған, «түркмендер әскери қызмет атқарады».

Сүбханқұлов Бұхара әмірінің Хиуа мен Қоқанға деген көзқарасын былай сипаттайды:

Қоңырат қарақалпақтары туралы. 1809 жылы Төре-Мұрад Сопының[192] бастауымен Жаңа-Дария өзені бойында көшіп жүрген қоңырат қарақалпақтары (шамасы қоңырат руынан шыққан қарақалпақтар болуы керек) *чикли* руларынан сауда жасап келе жатқан хиуалық керуенге шабуыл жасап, тонайды және бірнеше адамды өлтіреді. Хиуа ханы Мұхамед-Рахым[193] бұл туралы білгеннен соң қарақалпақтарды жазалауға әскер жібереді, олар қарақалпақтардың ауылдарының тас-талқанын шығарып, 300-ге жуық адамды отбасымен бірге түтқынға алады. Хиуа ханы қарақалпақтардың Хиуаға көшуін немесе Қырғыз даласына кетуін талап етеді, бірақ онысы қабылданбады.

Төре-Мұрад орданы бастапқыда өзінің ағасы Қожа-Мұрад-

*[212] Атау қысқартылып беріліп отыр. Қолжазбаның толық атауы: «Әскери-топографиялық депоның қолжазбалық мұражайынан үзінді. Поручик Сүбханқұловтың Бұхарияға 1809 жылы барған сапарында жасаған ескертпелерінен үзінді».

пен бірлесе билейді, бірақ 1807 жылы ағайындылар арасында келіспеушілік туып, Қожа-Мұрад Төре-Мұрадты өлтіруге бел буады, бірақ ол Бұхараға қашып, әмірден (әскери) көмек сұрайды. Қожа-Мұрад Бұхара ханынан қорқып, Хиуаға қашады, сол жерде қаза болады, сонымен Төре-Мұрад «Арал теңізі маңын жайлайтын қоңырат халқының» жалғыз басшысы болып қалады. Қоңырат пен Хиуа арасын басқа да қарақалпақтар мекендеген, оларды орталарынан шыққан Айдос-би[194] басқарады, Төре-Мұрад өзінің Бұхараның қолдауымен жеткен билігін Айдосқа мойындатқысы келеді, ол мойынұсына қоймаған соң олардың арасында қас жаулық басталады. 1809 [жылы] Төре-Мұрад Айдостың қарақалпақтары мен Хиуа ханын жамандап, Әмір-Хайдарға шағымданады, және одан он мың әскер беруін сұрайды, бірақ әмір оған 1810 [жылы] төртжүз адам жібереді, мұның немен аяқталғаны – белгісіз. 1810 жылдың қысында Төре-Мұрад Сырдария бойында көшіп жүрген *чиклилерге* шабуыл жасайды. Қырғыздар*[214] оған тойтарыс бергенмен, одан қорқып, Орынбор шегіне қарай кетеді.

Хиуа туралы. Хиуа мен Бұхара бір-бірін дұшпан санағанымен сауда жүріп жатады.

// Қоқан пен Ұратөбе[215] *туралы.* 1807 [жылы] Қоқан ханы Әлім[195] «шекаралық Бұхара қаласы» – Ұратөбеге шабуыл жасап, Хәкім-бидің ағасы Қабыл-биді (олар Өткір-Сопының балалары; ұратөбелік аталықтар*[216] болуы тиіс)[196] «бұхаралық әскермен» бірге тұтқынға түсіреді.

1810 жыл[дың] 5 қаңтарында Әлім-хан Ұратөбеге қайтадан шабуыл жасап, бұхаралық жауынгерлер мен түрғындарды «мүліктерімен» қолға түсіреді. Бұхарадан Ұратөбеге дейін сегіз күндік жол, ал Қоқанмен арақашықтық та дәл осындай. 15 қаңтарда бұхаралықтар қоқандықтардан жүз елу адамды тұтқындап, Бұхараға алып келеді. Қаңтардың 20 және 24-нде Бұхара әмірі қоқандықтарға қарсы он сегіз м[ыңдай] адам жібереді, бірақ бұл әскер Жизахқа*[217] дейін жетіп, Қоқан билеушісіне қарсы баруға жүректері шайлығып сол жерде қалады.

Ташкент туралы. Сәуір айында Қоқан ханы Ташкентті жаулап алады, оның билеушісі әмірден пана сұрап, сыйлықтар жасайды.

Бұхара туралы. 1 сәуірден бастап 18 мамырға дейін Бұхара хандығында қатты жел көтеріліп, ауылдар, бақтар және үйлер құм астында қалады. Суық қыстан астық та қатып қалады. Аштық басталады. Қаладағы базар алаңы бос қалады, сауда

---

*214 Яғни, қазақтар.
*215 Көбіне Ура-тепе деп те жазылады
*216 Аталық – ханның кеңешісі, оның балаларының тәрбиешісі
*217 Дұрысы: Жизақ (ӨзбекССР-ндегі қала).

тоқтайды, нан мен басқа да ас-тағамдар сатылмайды, ұрлық-қарлық, тонау және өлтірулер басталады. «Ханның қылмысқа баруына тура келді: ол нан сақталған қоймаларды бұзып, нанды саудаға шығаруға бұйрық берді». Аштықтан шетелдіктердің де Бұхарадан кетуіне тура келді. Бұхаралықтардың өздері де Самарқандқа, Шахрисябз, Қоқан, Хиуа және басқа да азиялық қалаларға шұбыра көшті. Түрғылықты халықтың үштен бірі өз отандарын тастап кетті.

Қоқан туралы. Бұхарада болған осындай жайсыз жайттарды пайдаланып Қоқан ханы Ташкентті алған соң тағы да Ұратөбеге келіп, бұхаралықтардың тас-талқанын шығарады. Әмір 19 шілдеде (1810 жылы) үш мың әскер жинап, Ұратөбедегі қоқандықтарға қарсы дайындалады, оның түйеге жеккен он бес зеңбіректері және тоғыз орташа көлемдегі бір атқа тіркелген екі доңғалақты зеңбіректері бар еді, бірақ ол 22 шілдеде ешнәрсе бітірмей қайта оралады, оған себеп жалақы төленбеген, тамағы аш, ат-саймансыз, ешқандай жәрдем алмаған әскер болады. Дегенмен, қалада қоқандықтар жеңілді, төртжүз адам түтқындалды деген өсек таратылады. Бірақ хан әскерге жорыққа дайын түруға бұйрық береді. Одан әргісі белгісіз: Сұбханқұлов осы кезде қайтар жолға шығады.

Қайтар жолда Ақ-Қошқар атты қарақалпақ қарақшы Жаңа-Дария өзенінің бойында керуенге шабуыл жасайды, бірақ қарсылыққа тап болып, өзі керуеннің қолына түседі. Бұл оқиғадан кейін қарақалпақтар керуенді өздерінің ұлыстары мен *шөмекей* қырғыздарының жайлаулары арқылы өздері шығарып салады. Жетіжүз түйесі бар бұхаралық керуен Сырдарияны қыстап қалады.

[ҚОҚАН ЕЛШІЛІГІ ТУРАЛЫ]

// Генерал Вельяминов Азия департаментінің директоры Константин Константинович Родофиникинге жазған хатында [қоқандтық] елшінің беті қайтпайтындығы туралы жазады, оған себеп – оның сыйлықтар алу ойы, және де штаб бастығы генерал-майор Броневскоймен болған әңгімесіне қарағанда, оның елшілік етуінің мақсаты – императордан қытайлықтарға қарсы жәрдем сұрау, [атап айтқанда] офицерлерлі артиллериялар мен басқа да жәрдем, өйткені олардың билеушісі соғысты аяқтай алмайтындығынан және [оның] салдарларынан қауіптенеді. Дегенмен, біздің Қытаймен достығымызды ескерсек [оны] Петерборға жіберу өте жақсы болмас еді, оған қоса елшілікті жібермес бұрын, бұрынырақ императорға қызмет етуге серт беріп, ақ жалау, алтын қылыш пен бес жүз червонец тұратын сауыт-сайманды сыйға тарқан Саржан Қасымовты хан өзінің жағына тартып алды. Осы жайтты және өтініштің шығындарын ескере отырып, елшілікті қабылдамауды ұйғарды, ал қытайлықтарды қайтарып жіберуді ыңғайсыз көріп, қалдырды, өйткені қытайлықтар мұны біліп қойса, жағымсыз ойда қалулары мүмкін.

17 қыркүйекте Нессельроде мырзаның 1831 жылы 24 тамызда жазған жауабы келеді. Жоғары мәртебелі император, оған елші жіберіп отырып, аймақтар құрамына кіретін қырғыздардың біршама бөлігінің[197 198] жебеушісімін деп өзін-өзі жариялаған Қоқан ханының опасыз әрекетін ескере отырып, елшіні қабылдауды орынсыз деп санайды және мәртебелі тақсыр оны сіздер шақырып алып, ел алдында оның ханының жағымсыз ісін бетіне басуды, және сондықтан император сарайында қабылданбайтындығын түсіндіруді және оның алып келген сыйларын қабылдамай, еліне қайтаруды күп көреді, оған қоса, ол ауылдарда іріткі салмасын деп, жасақпен шығарып салуға үкім етеді.

Қазанның 9-ында елшілік Тобольскден Петропавлға бет алды, ал қарашаның бірінде Петропавлдан шығып, 1832 жылы 21 ақпанда Ақ[мола] аймағынан жол бастады.

// 1831 жылы 14 шілдеде Қоқаннан Ақ[мола] жасағына *тоқ-*

саба Жанұзақ қырғыз сұлтандарының көндіруі бойынша, ханның Қытаймен достасқандығы туралы және онымен сауда қарым-қатынастарын қалпына келтіргендігі туралы императорға жазған хатын елшіге[199] тапсыруға келеді, бірақ елші өзі ханға жазған хатында оны қырғыздар тонапты деген өсектер жеткендіктен *тоқсаба* оның хал-жағдайын сұрауға келген деп жазды. Ол өзінің маңыздылығын көбейтуді көздеген еді. Елші оның қызмет етушілерінің бірін алып қойды [деп] ренжіп кетті, ол қызметші қашқын татар болып шықты және Орынбор мен Астрахань арқылы Петерборға ұсынылатынын айтып шағымданыпты.

Елшілікке 13 260 сом және ассигнациялармен 14 жарым тиын шығындалды.

Оның нөкерлерінің арасында есік-ағасы Қожабек бин Шадман-бек[1], үш *тоқсаба*, екі *мирахур*, бір *мырза-башы*, *джибашы*, төрт *қарауылбек* және жеті қызметші болды. Екі қытайлық Лянза мен Кянза. Біріншісі, Хуме-Джуга (?)*[218], моңғолша – Урманчи, қолдай болған, екіншісі – Ни-Чадтан, қарапайым қытайлықтардан шыққан, Қашғар маңында түтқынға түскен; [олар] өздерінің түтқынға алынған жерлестерін әсіресе Ташкентте көптеп кездестіреді.

// 1831 жылдың 24-ші сәуірінде Ақмола мекеніндегі шекаралық жасаққа ... Қоқан елшісі – ғұламалар тегінен шыққан, бұрын 1828 жылы Петерборда осындай атаққа ие болған Мир-Құрбан Судюр Каюмов әйелімен, он екі шенеуніктермен, жеті қызметшілерімен бірге мәртебелі императормен жеке кездесуге, оған сыйлыққа бір піл және екі қытайлықты алып келеді. Қытайлықтардың жағынан күмән туғызбау үшін, сібір басшылығы кірешілер [эстафета] арқылы вице-канцлер граф Нессельродеге хат жазады, және карантин және тазарту мақсатында деп ол жаққа анықталмаған уақытқа емші жіберді, сол арада келуге тиым салынғандығын білместен, елшілік Петропавлға 29 мамырда келіп қалды. 1831 жылдың 3 шілдесінде генерал-губернатор Вельяминовтың атына вице-канцлер Нессельроде мырзадан хат келеді, онда аталған елшіліктен келетін артық шығындарды және олардың белгілі бір дәрежеде пайдасыз жұмсалатындығын, әрі Қоқанның Қытаймен арасындағы дұшпандық қалпын, әрі соңғысымен бізде жақсы қарым-қатысымыз орнатылғандығын және өте табысты сауда жүргізуімізді ескере отырып, – бұл елшіліктің Петерборға келуіне тиым салуды жөн көреді. Сондықтан тырысқақ ауруының мұнда таралғандығын сылтау етіп, оны Тобольскде қабылдап, грамотаны алып Петерборға жіберу керек, пілді де офицердің жетектеуімен жіберген дұрыс, ал екі қытайлықты өздері қарсы болмаса// Иркутскдегі құпия кеңесші Лаванс-

*[218] Осы жерден бастап Ш.Уәлихановтың сұрақтары

кийге әрі қарай Ургуге аттандыру мақсатында жіберу керек. Лаванский мырза Орташа империяның шекаралық басшылығын бұл қоқандық достық байланыстарды бекіту мақсатында жасалған деп сендіруі керек, өйткені Қытай дүшпандық пейілді қабылдамайды. Қоқандықтар қытайлықтарға берілген бағыттарды білмеулері керек. Егер елшілік Петербордан жауапты күтіп алып, ханға өзім жеткіземін деп шекарада қаламын десе, келіскен жөн. Оларды күтуге қаржы министрі мырзадан сегіз мың сом тікелей бөлінеді.

1831 жылдың 25-ші шілдесінде елші Тобольскге келеді. Вельяминов мырза 25-ші шілдеде елшіге Петерборда жайылған және мыңдаған адамдарды құрбан еткен тырысқақ эпидемиясына байланысты ол елшіні Тобольскде қабылдауға мәртебелі рұқсат алды, оның мақсаты – елшінің өмірін «қауіпке, тіпті құрбандығын тез алатын өлімге» ұшыратпау болды, сол себептен күрметті елшіден аса қымбатты сарайға арналған грамоталар мен сыйлықтарды оған беруді сұрайды, өйткені мәртебелі император: «Батыс Сібір толық сеніп берілген өзінің орынбасары ретінде, сізден хан тапсырған тапсырмалар бойынша түсініктер алуды» сұрады. «Сіздің маған айтатыныңыздың барлығы императордың құлағына жетеді, ал жауап Қоқанға шабарман арқылы жеткізіледі. Сізбен менің түсіністіктеріміздің әділ екендігіне сендіру үшін, осы ұсынысты Сізге ресми жеткізуді жөн көрдім».

Елші бұған білікті жауап қайтарды, тіпті біздің іс жүргізу формаларынан хабардар екендігін көрсетті. Елші мәртебелі тақсырдың тілегін қайталаған ұсынысты мың да бір ғанибетпен қабылданғанын және өз шешіміне бекем екенін, бірақ «басқа ешкімге ашылуға» батылы жетпейтінін, өйткені сыйлықтарды және маңызы зор күпия тапсырмаларды жоғары мәртебелі императордың жеке өзіне жеткізуге бұйрық алғандығын айтты, және // өзінің билеушісінің еркін орындап отырғандығын, оған қатты ашуланбауымызды өтінді. Сонан кейін ол мәртебелі императорға оның сәлемін жеткізуімізді өтінді және осы пошта арқылы қосымша аса күрметті граф Карл Васильевич*[219] хат жазғандығын хабарлады.

Бұдан әрі сіз Ресей мемлекетінің кейбір губернияларында тырысқақ деп аталатын ауру бар екендігін түсіндірдіңіз. Ұлы да аса данышпан ханнан осындай зор маңызды тапсырманы алып тұрып, өлімнен қорқып мәртебелі біздің ханның тапсырмасын орындамай кері қайтқан ешнәрсеге татымайтынымызды көрсетер еді. Ажал ерте ме, кеш пе біздің барлығымызға жететін мұра.

Және, еш түсіндірместен, [елші] тырысқақтың аяқталуын күтуге дайын екендігін жариялады.

---

*[219] Яғни сыртқы істер министрі Нессельроде

* * *

// Штаб бастығы генерал-майор Броневскойдың Батыс Сібір генерал-губернаторы генерал-от-инфантерии Вельяминов В.-га құпия рапорты

28 маусымда Петропавлға келіп, елшіге барып, мен елшіліктің мынадай мақсаттары бар екендігін білдім:

1. Алты жыл бойы (1826 жылдан бері) Қашғардың түрғындары Қытайдың тепкісінен арылуға тырысуда; Қытайдың кеденінің ауыр салықтары, дін бостандығын (?) шектеуі, әйелдері мен қыздарын зорлауы; олар осы ауыртпалықтан арылуға шешім қабылдады және Қоқан ханынан жәрдем беруге уәдесін алды.

2. Қытайлықтар сыртқы саудаға қысым келтіретін жүйе орнатты, осының салдарынан осы елдің фарфор бұйымдары сатылмай, тек қытай кедені арқылы құпия өткізілді.

3. Қашғар билеушілері мү[сылмандар] қадір тұтатын киелі ру – қожадан тарайды, олар өздерін Мұхаммед Пайғамбардың ұрпақтарымыз деп атайды. Қытайлықтар жаулап алғанда, оларды Пекинге алып кетті, осы күнге дейін олар құрметпен ол жерде күтім көріп отыр, бірақ соңғы билеушінің немерелері, кездейсоқ құтқарылып, Қоқанның қамқорлығына алынды. Жәңгір қожа мен Мұхаммед Жүсіп қожа*[220] есейіп, өздерінің ата-бабаларының мұрасын қалай қайтарамыз деген ойға келді. Қытай билеушілері олардың күтіміне және бас көтеру мүмкіндігін бермеуі үшін Қоқан ханына мың жамбыға дейін ақы төлеп отырса да, хан, Қашғар халқының күйзелісіне және қожалардың өтінішіне құлақ асып, олардың ересегі Жәңгірге бес жүздей адам беріп, Қашғарға жіберді. 1827 жыл[ы] ол Қашғарға келгенде көтеріліс басталып, халық өзінің үміткерлерін шаттана қарсы алды. Гун-Я бастаған он жеті мың қытай әскері Гүлбағқа тығылып, ешқандай шартқа келіспеді, бірнеше шабуылдан кейін жарылыстан қаза тапты. Қалғандарының бір бөлігі мерт болып, басқасы тұтқынға алынды, Қоқанға мыңға тарта адам әкелінді.


// Қоқан ханның өзі осы оқиғаға қатысып отырды. 1828 [жылы] Қашғарды қытайлықтар тағы басып алды. Жәңгір тұтқындалып, көтеріліске қатысқандар жазаланды, олардың үйлері жермен жексен болып, туғандары шенеуніктерге құлдыққа таратылды. Қытайлықтардың жеңісін жаппай тонаумен мейрамдады. 1829 [жылы] қытайлықтар қоқандықтарға бейбіт қарым-қатынас орнатуға және ханның қожаларға көмектесуінен бас тартып, бұрынғыдай мың жамбы алып тұруына ұсыныс жасап елші жіберді. Хан бұл ұсыныстыны қабылдамай, Қашғарды азат етуге бел буды. Осы мақсатта ол Бұхара және Қаратегін билеушілерімен хабарласты, олармен

*[220] Қысқаша: Мяд-Жүсіп-қожа

көмек беруге уәделесті, ал соңғы сұлтан Махмұд-хан ер жүректілігімен атақты болған екі мың адамнан тұратын *галча* берді.

Қоқан әскері алпыс бес мыңға жетті, оның ішінде он мың жаяу әскер және он *замбурак* (түйе артиллериясы) болды. Қоқан ханы мен Мұхаммед Жүсіп қожа қырғыз вольницасы арқасында былтыр 1830 жылы Қашғарға кірді. Құлжа цзян-цзюнінің біршама әскері болғанымен, қытайлықтар жеңіліске ұшырады: бес жүз адам тұтқындалды (Қоқанға жіберілді), екі мың үлкен калибрлі және 12 ширек қару және үш адам алып жүретін 700 фальконеттер. Дегенмен, Қашғарды сақтап қалуға мүмкіндік табылмағандықтан және қытайлықтар қайта шабуыл жасаса аман [алып] қалайын деген оймен Қоқан ханы он жылдық жеңілдік беріп, жүз мыңдай отбасыны Ходжендтен төмен Сырдария өзенінің бойында Далварзы шатқалына көшірді. Қоқан ханы өз әскерінің осындай жетістіктеріне қуанып, бұл туралы Ресейге хабарлау мақсатында елші жіберді.

[ҚОҚАН БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ КЕСТЕСІ]



/13а/ Қоқан бектері: Эрдене-би, Шамаш-бидің ұрпағы; Эрдененің ұлдары: Нарбота-бек, Қажы-бек; Қажы-бектің ұлы Шерәлі-хан; Нарбота-бектің ұлдары: Әлімбек, Омар-хан; Омар-ханның ұлы: Мұхаммед-Әли [Мәделі]-хан, Махмұд-хан сұлтан; Мұхаммед-Әлидің ұлы – Мұззафар-хан, оның тағы бір ұлы бар. Махмұд-хан сұлтанның Бұхарада бір ұлы бар.

Шерәлі-ханның төрт ұлы бар: үлкені Сарымсақ-хан, одан кейін Маллабек-хан, Құдайар-хан, Сопыбек Сұлтанмұрат-хан[205]. Сарымсақ-ханның ұлы Шамұрат-хан.

Мұрат-хан тоғыз күн хандық құрды. Бес ай Қоқан Бұхараның билігінде болда. Әлімбек хан болған, Омар хан болған, Мәделі-хан хан болған, Шерәлі хан болған, Мұрат-хан, Сарымсақ хандар болған, Құдайар хан болған, Маллабек хан болған.

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБА

‖ Қайсақтар тайпасы Ташкент аймағында көшіп-қонып жүреді және Ұлы және Орта жүзге кіреді. Ұлы жүздің рулары: Ташкент маңында көшпелі шанышқылы, қаңлы, Шу және Талас өзендері бойын жайлайтын дулаттар мен жалайырлар және суандар; ал Орта жүз: қоңыраттар мен қырғыздар, олар Кенесары Қасымов сұлтанның балаларының ведомствосына қарасты Түркістан аймағы мен Қаратау өңірін жайлайды.

‖ Азаматтық басқару және әскери жағынан Қоқан бірнеше наместниктікке немесе әскери аймаққа бөлінген. Осы аймақтардың билеушілері (әкімдері) осы жерде орналасқан әскери күштердің бас басқарушылары болып табылады, олар өз орындарын жалға алады. Олардың табысын ешкім тексермейді және әскерді олар өздері қаржыландырады; ханға жыл сайын табысының белгілі бір бөлігін және өз бастарынан сыйлықтар жібереді. Әкімдердің *құшбегі*[206], *парванашы* және *датқа*[207] деген атақтары болады. Әкімдерде екі көмекші болады: халықты басқаруға ат салысатын *саркары*[208] және әскерді басқаратын *батыр-башы*. Хандықтың азды-көпті маңызы бар қалалары бөлек аймақ аталады. Олардың ішінде атап кетуге тұратындары: Қоқан – орданың тұрғылықты жері, онда билеуші жоқ, ал әскерді мыңбасының[209] өзі басқарады – ол хандықтағы ең жоғары шен, уәзір мен бас қолбасшының құқықтарына ие. Мұнда хандықтың негізгі әскери күштері мен жасақтың бір түрі – галаватрдың[210] үздік корпусы орналасқан.

Маргелан[211] – Қоқаннан кейінгі маңызы бойынша екінші [округ]. Әскери тұрғыдан ‖ бұл округ және оңдағы әскер Ярмазарлық деп аталады, бұл Маргеланның оңтүстік-батысында алты шақырым жерде әскер орналасқан қамалдың аты. Ярмазар корпусында 12 мыңдай жауынгер бар, оның 4 мыңы Ярмазардың өзінде орналасқан.

Үшінші [округ] – Наманған[212]. Ондағы әскер батысқа қарай сегіз шақырым жерде орналасқан қамалдың атымен Төрекорғандық корпус деп аталады.

[Басқа округтар]: Әндіжан – ежелгі Ферғана, Ош немесе

Тахт-Сүлеймен, Әңгірен даласындағы Шархия*[221], Құрама, Ұратөбе[213], Ходженд, және де ең үлкен Ташкент округі.

Барлық көшпенді тайпалар қоныстарының орналасқан жері бойынша октугтерге бекітілген, ал олардың жауынгерлері – сол жердің әскер құрамына кіреді. Минь өзбектері мен *юздердің* бір бөлігі Қоқанға қарайды, *юздер* – Ұратөбеге, қыпшақтар – Наманған мен Шахриханға, түркілер – Маргелан мен Ошқа, ал қара қырғыздар Маргелан, Ош, Әндіжан, Наманған және Ташкент округтарының ведомствосына қарайды. Жалпы қырғыздарды (*буруттарды*) және қайсақтарды Қоқанның басы байлы құзырындағылар деп және оның билігін мойындайтындар деп екі топқа бөлуге болады. Біріншілері көшпелі өзбектермен бірдей құқықтарға ие, әскерде қызмет өтейді, әскери және азаматтық лауазымдарды иеленеді. Олар: жазда Алай[214] тауларын жайлайтын ‖ қыста Ферғана даласын қыстайтын *адгене, ішкілік* және найман тайпасының қырғыздары, және Ташкент өңірінде көшіп-қонған Ұлы жүздің рулары – шанышқылы немесе қатаған және қаңлы. Шанышқылы мен қаңлы Ташкент округі әскерінің негізін құрайды. Екіншілері зекет төлейді және қажет болғанда қосымша әскер беруге міндетті. Бұлар: Қоқаннан арнайы бекітілген, *датқа* шеніне ие, Тасқорғанда тұратын және маргеландық және оштық әкімдерге зекет төлейтін әскери шенеунікке бағынышты Болор қырғыздары.

Салық жинаушылар қырғыз ұлыстарын Хотанның өзіне шейін аралап шығады. Нарын өзені бойында Тиекташ даласында Үш-Түрфан қаласына дейін көшіп-қонған қырғыздар Әндіжан билеушісіне бағынады, оған сонымен қатар осы қырғыздардың қоныстарында салынған Жұмғал, Тоғызтарау және Құртқа қорғандарының комендanттары да бағынады. Талас, Шу және Жұмғал бойын жайлаған қайсақтар мен қырғыздар ташкенттік ‖ наместникке қарайды. Оларды бақылауға мына қорғандар түрғызылған: Әулие-Ата, Шолақ-Қорған, Мерке, Пішпек және Тоқмақ.

Тәжіктер мен түркі тайпасының отырықшы халқы саудамен, қолөнер кәсібімен және астық егумен айналысады; ал көшпенділердің басым бөлігі жауынгер келеді, сондықтан хандықтың құрамында жеке элемент болып табылады. Қыпшақтар қала түрғындарын ғана емес, көшпелі өзбектер мен қырғыздарды да өздеріне қарсы қойып алған, бірақ олардың күші басым болғандықтан, наразы болғандар өшпенділіктерін көрсетуге бата алмайды. Содан көп ұзамай, қыпшақтардың ішінде келіспеушілік туындайды. ‖ 1846 жылы Ұратөбені жаулап алған кезде мыңбасының өзіне алған, бірақ Өтенбайдың жауынгері олжалаған бір ат үшін Өтенбай мыңбасымен жан-

*208 *221 Шахрия, яғни *Шахрухия*.

жалдасып, Наманған корпусын басқарған Мырзатпен қосылып, оның [мыңбасының] қосын басып алып, тонап, мыңбасы атағына байланысты берілген регалияларын құртып, оны Қоқанға жібереді. Мұсылманқұлдың[215] панасынан шыққанына қуанған хан ‖ Қалыбек молданы – ол да қыпшақ, мыңбасы тағайындайды, ал Мұсылманқұл өзінің ауылына барып, уәделескендей оңаша өмір кешуге рұқсат алады*[222]. Ажалдан аман қалған Мұсылманқұл келесі жылы өзінің руымен Мырзатқа шабуыл жасап, оны байлап, наманғандықтармен [әскермен] тура Қоқанға аттанады. Қаланы тез арада жаулап алып, Мырзатты қала қақпасында дарға асады. Осылайша, Мұсылманқұл мыңбасы атағына тағы да ие болады. Қыпшақтардың арасындағы рулық ара-қатынастан аттай алмағандықтан, Мұсылманқұл өзінің қас жауы Өтенбайды жазалай алмайды, бірақ ‖ оған деген ызасы одан сайын күшейе береді, ақыры, 1848 жылы Маргелан корпусын тексеру кезінде Өтенбаймен байланыстарының үзілуі ашық аңғарылады. Өтенбай өзінің жауынгерлерінің біреуін ат үстінде ойнау кезінде қимылдары дұрыс болмағандығы үшін найзамен шаншып өлтіреді, оны көрген Мұсылманқұл Өтенбайға ескерту жасайды. Намысына тигеннен кейін, күшбегі, мыңбасының салтанатты шеруі кезінде, өзі де аттан түспей, қарамағындағы [жауынгерлер] мен офицерлерге де Мұсылманқұлдың мыңбасы атағына тиесілі ізет көрсетуге тиым салады. Қыпшақтар үшін сондай жайсыз аяқталған қастық осылай басталады. ‖ Бағынудан бас тартқан Өтенбай мыңбасыға тістерін қайрап отырған Ташкент және Ұратөбенің билеушілерімен байланыс орнатады. Қыпшақтардың атақты рубасыларының бәрі – Көроғлы, оның ұлы Хал-Магомет, Шаерханның*[223] билеушісі – Өтенбайдың жағын қостайды. [Бірақ] мыңбасының әлі де күші көп, сондықтан ол бұл көтерілісті басуға шаралар қолданып үлгіреді; мыңбасыға наразылық көрсеткендер Ташкент билеушісі Нұрмұхаммедке қарай қашады, ал ол 1852 жылы ‖ мыңбасының қатал билігінен ашық бас тартады. Мұсылманқұлдың Ташкентті аламын деген ойы 1852 жылдың наурыз, шілде және тамыз айларында іске аспай, оны ақыры жеңілуіне әкеледі. Өтенбай өз әскерімен қоршауда қалғандарға қосылады; Өтенбайды жақтаған хан да ташкенттіктердің жағына шығады, ал барлығы теріс қараған Мұсылманқұл өз аулына қашуға мәжбүр болады. Осы арада мыңбасы атағын алған Өтенбай түрлі мемлекеттік лауазымда болған атақты қыпшақтардың барлығын жазаға тартады. Осыдан кейін қалған қыпшақтар бас қосып, [және] 1853[216] жылдың басында ‖ хан бастаған 60 мыңға жетерлік

*[222] Бұл сөздің тұсында дәптердің шетінде Ш.Уәлиханов NB деген белгіні қойып, *Жұмабай Әндіжанда қалдықтар* деп жазған.

*[223] Яғни, *Шахрихан*

әскер [Өтенбайдың] қыпшақтарына қарсы тұрады, Нарын және Сыр өзен[дері]нің арасында қырғын соғыс болады. Қыпшақтардың жанкешті батылдығына қарамастан, жаудың қатты*[224] күшіне төтеп бере алмай, күйрей жеңіледі, олардың қалғандары үкім бойынша қай жерде табылса да, өлімге ұшырайды. Мұсылманқұлдың ең үздік деген 600 қыпшақ жауынгерлерімен бірге басы кесіледі. Тек Өтенбай, Нұрмұхаммед, Қалмұхаммед қана аман қалып, ‖ лауазымдарын сақтайды, ал кейбіреулері Бұхараға қашып аман қалады.

Осылайша, қыпшақтардың үстемдігінен құтылған Құдайар мемлекетті тікелей өзі басқара бастайды. [Барлық] аймақтар ханның ағайындарына таратылып беріледі: Малибек Ташкентті билеуші болады, Сопыбек – Әндіжанға, Сұлтан-Мұратбек – Маргеланға тағайындалады, ал қалған қалалар оның сүйіктілеріне, негізінен жас жігіттерге беріледі. Ташкенттік қожалардан шыққан Шадман-Урак мыңбасы атағына ие болады. Құдайардың билеуінің бас кезі тыныш өтеді. Ол өзі момын, дінге берілген адам, ‖ жас кезінен дос болған адамдарға сеніп, жан-жағына жинайды, және күпия құбылыстарға иланауға дайын тұрады, сондықтан діни қауымның ықпалы күшейеді, мұның бәрі байырғы жауынгерлердің ызасын келтіреді. [Сондықтан] Малибек алғашқы болып көтеріліс туын тігеді, бірақ Бұхараға қашуға мәжбүр болады. Осы екі мемлекет арасындағы қастық ешқашан басылмайды, барлық Түркістанды билеуге ұмтылған, сондықтан Ұратөбе мен Ходжентке шабуыл жасап тұратын Бұхара әмірі ‖ Малибекті құшақ жая қарсы алады. 1855 жылдың қысында өзінің ағасының бірнеше рет қайталанған өтінішіне құлақ асып, Қоқанға оралады; ағасының сарайына келгенде, оны құрметпен қарсы алады, бірақ ол ешқандай лауазымға ие болмайды, оның үстіне оны бақылап тұруға Түркістаннан Қоқанның батысына көшірілген қоқандтық қарақалпақтардан шыққан Эрназар-пансад атты арнайы шенеунік бекітіледі.

Билік етуінің соңына қарай Құдайар мистицизм мен ойын-күлкіге әбден беріледі. Жорық кезінде темекі шегуге және намазға келмей қалуға тиым салынады. Өзінің сарайында хан құқықтар мен әдет-ғұрыптар туралы лекция оқиды не болмаса аң-жануарларды, әсіресе иттерді төбелестіруге алаң жасайды, құтырған түйелер, иттер, қошқарлар, қораздар арнайы айуанханаларда ұсталады. ‖ [Ол] үлкен кептерхана салады, қабаған иттерді өзінің мемлекетінің түрлі провинцияларынан, тіпті Хотан мен Жаркенттен жаздырып алдырады; мемлекеттік істерін сарайдағы шенеуніктер мен мыңбасы басқарады, соңғы кезде мыңбасы – 1856 жылдың аяғында Бұхараның тұтқынында болып, Ұратөбеде дарға тартылған Мани-

*[224] Яғни, үстем.

яс, 1857 жылдың күзінде қайтыс болған Қасым және Шадман-Урак[217] болады. Ұратөбеге 40 мың әскерді басқарып ханның өзі барады. Ұратөбе бегі, бұрынғы билеушілердің ұрпағы, Қоқаннан бөлініп, өзін Бұхара әмірінің вассалымын деп жариялайды. Қиын өткелде қоқандықтардың арьергардына [күтпеген жерден] 500 *юздер* шабуыл жасап, қирата жеңіп, мыңбасыны, жеті *пансадты* түтқынға алады және 12 мың арбаға тиелген азық-түлікті қолға түсіреді. Оның алдында Қоқанда бұхаралық елші сарайға келгенде, мыңбасы ханды балағаттап, елшіні шапалақпен салып қалады. Осы жорықтан кейін хан әулетінің ең кішісі жас Шамрат-бек[218] Тұрсын-пансадтың басшылығымен Ходжендті билейтін болады. Бұл жайт Малибектің ызасын күшейте түседі, ал хан болса, өзінің жайбарақат жүріс-тұрысымен халықтың ашуын шақыра бастайды; хан жаңа әйел алуға әуесқой [болып] алады: оған бір молда мың әйел алған ‖ жеті елді жаулағанға тең деп айтқан екен. Осындай «ұлы» іске ұмтылған хан аз уақыттың ішінде 80 қызға үйленеді. Осы кезде Ташкентте болған жағдай Малибектің саяси аланға шығуына түрткі болады.

Малибектің қашқында болған кезінен бері, Ташкентті билеп тұрған Мырза-Ахмет-парванашы болатын – бұл жас жігіттің осындай биікке көтерілуіне оның сұлу келбеті сеп болған еді, [ол] бұрын бір бай көпестің мехремі*[225] (түрік *тобукчи* сияқты) болған екен. Бұл – біздің шекарамызға екі рет: біріншіде Сарысу өзенінде оң жақ қанатқа, ал келесіде Пішпек жақтан, Ұлы жүзге, басып енген дәл сол парванашы. Ол өзін жан-жағын хан сарайынан асып түсетін асқан салтанатпен безендірді; осындай келбетті сақтау үшін көшпелі халықтарға ауыр салықтар салды; оның бар пейілі мол сыйлықтар алып тұратын және өзінің басшысына берілген әскерінде болды. Ал көшпелілердің ызасы күннен күнге арта түсті.

Аймақтың тұрақты әскерінің саны 40 мыңға жуық, ал төтенше жағдайларда*[226] ‖ ... және келесі көктемде Қашғарды басып алуға көмек беруге; [Малибектің жағына] өткендердің ішінде Нұрмұхаммед-*датқа* бар, ол сол жолы Қашғар ақсақалы атағын алады. 30-шы қазанда өздерінің мерт болған руластары үшін кек қайтарамыз деп асыра сілтеген қыпшақтардың бірнеше қателіктерінен кейін, Малибек Қоқанды басып алады, ал Құдайар Мырза-Ахметпен және Шадман-Уракпен Ходжентке, одан әрі Бұхараға қашады, әмір оны қарсы алады. Қазіргі уақытта бұл хан Самарқанд қаласында тұрып жатыр. Малибек хандықта Сеид-Багадур Магомет-Мале-хан атымен бекітілді. Малибек хан болған соң өзінің саясатын өзгертті. Қара қыр-

*[225] Мехрем – сенімді тұлға
*[226] Мәтін осы жерден үзіледі. Бір бет жоқ.

ғыздардың арқасында көтерілген ол, қыпшақтардың басшысы Әлібекті ‖ мыңбасы етіп қоямын деп уәде береді, бірақ ол жоғарғы уәзір құқықтарын пайдаланғанымен, ресми түрде [оны] бұл лауазымға бекіткен жоқ. Алғашында қырғыздар қыпшақтардан қалыспай біршама құқықтарды даулап алды. Бірақ қазіргі уақытта [олардың] қалаларда жасаған зорлық-зомбылық, тонаулары саябырсығанымен, олардың ықпалы біршама қатты сезіледі, көптеген маңызды орындарда қырғыздар отыр. Малибек Орта Азияда үлгілі болып саналатын бұхаралық басқару жүйесіне ұқсағысы келетін сыңай көрсетеді, сондықтан мыңбасы деген атақтың өзі жоқ болады деседі.

Басқаруының алғашқы кезеңінде Мали-хан*227 ‖ іскерлігін және әділдігін көрсетті. Құдайардың алған жеке қарыздарын төледі, қазынаға еш негізсіз иемделген нәрселер қайтарылды. Содан соң ол көптеген салықтарды жоқ қылды, ал кейбірін жеңілдетті, мысалы: біріншісі, никахана نکاحانه – некеге тұрғанда төленетін салық: жас қыз үшін бір алтын, жесір үшін жарты алтын; екіншісі, таракана تراکانه – қазынаға төленетін, қайтыс болған адамның мүлкінің 1/40 бөлігі; тараздар – үкіметтің қарамағындағы таразылар үшін төленетін салық; бір батманнан [астық] төленетін 1 мир (тяньганың 1/4 бөлігі) тіпті алмайтын болды; төртінші, харадж خراج – жер салығы – жеңілдетілді, астық алқаптарынан бұрын 5 пұттан 1 [пұт] алынатын, енді 10-нан 1 пұт алынатын болды, ал өңделмейтін жерлерден бұрын 10-нан – 1 пұт алынатын, енді бұл салық тіпті алынбайтын болды. Маргелан қаласы оған жәрдем бергені үшін хасаки*228 атағын алды, бұл арнайы қолдауға ие болатындығын білдіреді. Мали-хан басқару ісіне, елінің әлқуатын арттыруға көп көңіл аударатын болды; хан тағына отырғаннан кейін көп ұзамай, ол Маргеланға, Ташкентке барды, одан Ходженке соқты, қайтар жолда бірнеше күн Қоқанда болды, [одан кейін] Әндіжанға жол жүрді. Бұл 1858 жылдың наурыз айында болды.

Мали-ханның басқару ісінде, оның барлық жақсы жақтарымен қоса, бұхаралық ‖ әмірден жұққан болуы керек бір таңқаларлық нәрсе болды. [Бұл] арамзалық және екіжүзділік. Бұған мысал, оның қашғар ақсақалы Насреддинге берген грамотасы және Маргелан билеушісі болып тағайындалған Мулла-Халықұлмен болған жағдай. Көңілі әбден орныққан [Мадалі-хан] [олардың] тыққан мүлкін алып, [оларды] жазалауды және жер меншігін тәркілеуді бүйырады. Мұндай мысалдар көптеп кездеседі.

Ол қалалардың басшылығын тағайындады: Ташкентке қыпшақ Өтенбай-құшбегі, Маргеланға Мулла-Халықұлдан

*227 Мали-хан Малибек-ханнан қысқартылған.

*228 Дұрысы: *хаса, хасаги* – артық құқықтарға ие.

кейін екі басшы тағайындалды: әскерилерге – Балбек, жай түрғындарға (сарқар) – Сейіт, одан кейін Мадалі-хан кезінде Түркістан қаласын басқарған, одан бері Бұхара тұтқындығында болған Қанағатша[219]. Ол [Қанағатша] өзінің ағайындары Жорабекпен және Гадайбекпен бірге Қоқан хандығының ең ержүрек адамдары ретінде әйгілі. Бұл тәжіктер атақты құшбегі Ляшкердің[220] кезінде [Қоқанда] қызмет еткен, одан кейін Бұхарада әмірдің ерекше құрметіне ие болып қызмет жасайды. Малибек таққа отырған соң, Қанаярша*[229] өзінің 300 жауынгерімен Қоқанға қайта келеді. Құшбегінің ұлы Ешанқұл-*датқа* Бұхара әскерінде айрықша орын алады.

Әндіжан [билеушісі болып] Сарымсақ-ханның ұлы Шамұратбек, Наманғанға – ханның туған бауыры Сопыбек тағайындалды, Ходжентте бұрынғы билеуші орнында қалды; ‖ Құдайар-ханның жеңілісінен кейін бұхарлықтарға өткен Ұратөбе Қоқанның қол астына қайтарылды. Бұл аймақты мұрагер бектердің бірі [басқарады]. Соңғы жаңалықтарға құлақ түрсек, Ташкенке [жаңа билеуші] тағайындалыпты. Сәуір айының аяғында Өтенбай Қоқанға шақырылып, оның орнына Метмұса-түркі, ал оның көмекшісі (зекетші) болып – Джинны аталған Мадшаріпбай тағайындалыпты.

Қоқан ханының қазіргі жағдайы өте қиын. Бір жағынан, *мин* әулетінің ескі жауы Бұхара әмірі Бахадүр соңғы кезде (1856 жылы) *кенегес* атты өзбек руынан шыққан тәуелсіз билеуші басқарған Шахрисябзды[221] жаулап алып, күшін көбейтті. ‖ [Соңғысы] *маңғыттармен**[230] [олардың] пайда болған кезінен бастап соғысуда. Бахадүр-хан таққа отырғалы бері *кенегестермен* соғысты, бірақ әр кез жеңіліспен қайтып отырды. Сонымен, Шахрисябзды алып күшейген, және қолында Мадалі-хан Мүзаффардың ұлы Құдайарды, бұрын Шахрисябзда болған Махмұт сұлтанның ұлын ұстап отырған Насрулла әмір бұрынғыдан бірнеше есе көп қауіп төндіріп отыр. Ұратөбе соңғы кезде өзінің бектерін өзі тыныштандырып, өзін біршама еркін сезініп, ханның билігін шартты түрде ғана мойындайды. ‖ Осы жайттарға байланыста Мали-хан халықтың теріс кетпей, өзіне сеніп, жақсы қызмет етуі үшін оған біршама жеңілдіктерді беруге және басқару тетіктерінде болатын адамдарды аса талғампаздықпен таңдауға тиісті болды. Осы мақсатта бұрыннан келе жатқан, өзінің жеке басының пайдасы үшін ешнәрседен тайынбайтын өте қу жауынгер ретінде Өтенбай Қоқанға шақырылып алынды. Осы қысылған жағдайда, Сырдарияның жоғарғы жағында тұратын, осы билеушінің қатал және шешімді мінезін ұната қоймайтын

*229 Көшірушінің қатесі, дұрысы: *Қанағатша*.

*230 Бұл жерде *маңғыт* тайпасынан шыққан бұхаралық әулет туралы сөз болып отыр.

қара қырғыздар оның билігіне селқос қарай бастайды. Осы халықтың арқасында көтерілген және туыс болып келетін хан ‖ қоқандықтардың екіжүзділігін жұқтырып үлгірмеген, табиғаттың осы бір үлдарының өзіне берілгендігіне көбірек сенім арта алады. Қыпшақтар да [Малибектің жеңісіне] қолдау көрсеткен, сондықтан олардың көбі тағы да беделді орындарға ие болды, [мысалы], Нұрмамет-құшбегі, Халмамет және Малибектің көтерілісі кезінде көзге түскен Қылыш-күрші. Қыпшақтар тағы да Қоқанға жинала бастайды. Малибек қыпшақтардың ықпалының артуы қайталанады деп қорқады, өйткені оларды құрметтеп күткенімен, аймақ билеушілерінің орнын әлі күнге дейін бермейді. Осындай біртоға саясатты ұстану арқасында Малибек Бұхарамен, Ресеймен бейбіт қатынаста болуға тырысады (ол Ресейге жіберуге елшілік дайындап жатыр деген қауесет бар). Қытайға қатысты ‖ Малибек онымен де достық орнатуға тілегін білдірді. Малибек тағайындаған ақсақалмен бірге оның хан тағына көтерілгендігін хабарлауға Қашғарға бақауылбашы лауазымындағы Маткерім-би атты елші жіберіледі. Олармен Қоқанға қашғарлық елші Аппақ-қожаның[222] мазарының шырақшысы Самулла-қожа бірге келеді. Қашғарлық бектер, діни лауазымдағы адамдар [елші болып] тағайындалады, олар ханға сый-тартулар жасайды.

...*[232]| Құдайар ханның күйреуімен және Малибектің таққа отыруымен аяқталған. Қ[ашғар] мен Қоқан арасында хабар жеткізу жылдам [болды], шабармандар Қоқаннан 6-8 күнде келеді. Бізге барлық хабарлар ресми жолдармен жеткізіліп отырды. Қоқанды дүр сілкіндірген оқиғалар, Қашғарға да ықпалын тигізді, мұнда ақсақал Насыраддин-*датқаның* орнына[223] 57 жыл[ы] алдымен Қоқан ру ақсақалы болған, кейін қожалардың мыңбасы болған [Нұрмұхаммет] тағайындалды. Малибектің көтерілісі мен Құдайар-ханның құлауы, Қашғарда алынған толық мәліметтерге сүйенсек, былай болыпты*[233]. Анығырақ түсіндіру үшін, аздаған тарихи шолу жасауымыз керек.

Өзбектер Мәуереннахрды жаулап алғаннан кейін (XVI ғасырдың басында), Ферғана даласы кейбір өзбек руларының жайлайтын жерлеріне айналды. Қоқан шегінде, Ашпары маңында *мин* тайпасы көшіп-қонды, Ходженд маңында – *юздер*, Әндіжанда – түркілер мен қыпшақтар, Маргелан мен Наманған арасында – қыпшақтар. 1[509] жылы *маңғыт* атты өзбек руының рубасы Шадмбек *батуханилер* әулетінен шыққан ханды құлатып, өзін хан жариялайды. Осы кезде *мин* бұтағынан

*[232] Мақаланың бұл бөлігі №10 іште атаусыз сақталған

*[233] Бұл жерге қарсы дәптердің шетінде NB деген белгі қойылған.

тараған Чамаш-бидің руы көтеріле бастады. [Оның ұрпақтарының ішінде] Әбділкерім-бидің балалары (1745 жыл шамасында), Эрдене–батыр (1758 жылы), одан соң оның бауыры Нарбұта Сырдың жоғарғы жағында ықпалын арттыра бастады және Нарбота–би өзінің атына «*хутба*» оқуды бұйырады, ал оның баласы Әлім кейін хан атағын қабылдайды; ал 1801[жылы] құйылған тиында ол бек аталған, ‖ ал оның бауыры және оның асырауындағы Омар-хан (сайид М. Омар-сұлтан) өз атына мұсылмандардың билеуші сұлтаны – сайид атағын қосып алады. 1842 [жылы] Омар-ханның ұлы Мадалі хан Бұхара әмірі Насрулла-ханның қолынан қаза табады, ол Қоқанға өзінің адамдарын қояды. Қара қырғыз әйелден туған Әлім-ханның баласы Шер-Әли жас кезінен атасына, *сару* руынан шыққан Әжібайға кетіп қалады, содан барлығы оны ұмытқан соң, тыныш көшпелі өмір кешеді. Қара қырғыз әйелге үйленген оның үш ұлы болады: Сарымсақ, Малибек, Құдайар. Омар-ханның бұтағы Мадалі-хан мен оның ағасы Сопы Махмуд өлген соң әрі тарамай, тоқтайды, Мадалі бидің кішкене баласы әмірдің қолында болады, ал бұхаралықтарға әбден ызаланған халық толқып, сондай жек көрінішті болған езгіден құтылуға дайындала бастайды. Шер-Әлиде үміт пайда болады. Ақ киізден қырғыз қалпақ киіп және дөрекі қырғыз жамылғыны жабылып, қоқандықтар арасында Әлішер пайда болғанда, көтеріліс басталып кетеді.

Маңғыттар қырылып қалады. Әмір өз ықпалын қайтару мақсатында Қоқанға жол жүреді, бірақ жеңіліске ұшырап, қашуға мәжбүр болады. Шер-Әли хан аталады. Ол өте мейірімді, енжар және діни мистицизмге берілген хан болады, және әдет бойынша қанағатсыз сән-салтанатқа бас ұрады. Мадалідің жарқыраған салтанатына және қатал әмірдің қатыгездігіне үйренген қоқандықтар бұл ханды бағалай алмайды. 1845 жылы Мұрадбек[224] *юз* көшпенділерінің көмегімен Қоқанды басып алады, Шер-Әлиді өлтіреді, бірақ 9 айдан кейін Қоқанда көтеріліс басталады. Мұрад-хан мерт болып, қала Сарымсақты хан сайлайды. Шер-Әли-ханның бес ұлы болады: Сарымсақ, Малибек, Құдайар, Сопыбек және Сұлтан-Мұрадбек. Сарымсақтан бір ұл Сұлтан-Шах Мұрадбек қалады.

‖ Малибек қыпшақтардың кезінде Ташкенттің билеушісі болады, Ташкентті қыпшақтар жаулап алған соң, ол қашып Бұхараға барады, бірақ [1855] [жылы] ол Құдайардың бұйрығымен Қоқанға оралып, басқа бектер түрлі халықты басқарып отырған уақытта онда еш [лаузымға] ие болмай тұрады.

1858 [жылы] қырғыздардың күрметті билерінің бірнешеуін дарға асқан Ташкент билеушісі Мырза-Ахметтің қатыгездігіне және қысымына әбден күйінген қырғыз [-қайсақтар] оған бағынудан бас тартып, Әулие-Атаға, Шымкентке және басқа

қалаларға жол тартады. Хан Малибекті істің жайын біліп келуге Ташкентке жібереді. Ол қырғыздарды өте жақсы қабылдап, оларға не керек екенін сұрап біледі. Қырғыздар өздерінің тілектері тек біреу ғана екендігін, ол – Ташкент билеушісі Мырза-Ахмет [болмай], басқа адам болғандығын тілейтіндіктерін хабарлайды (әйтпесе, біз өз талаптарымыздың орындалуына қару күшімен қол жеткіземіз! [деп айтады олар]). Малибек қ[айсақтардың] ең құрметтісін ханға талаптарын жеке жеткізуі үшін Қоқанға жібереді. Хан Мырза-Ахметті шақыртып алып, оның жоғарылатылғандығын хабарлайды, қарауылшы жасақ қосып Қоқанға жібереді, онда хан сол жерде мыңбасы тағайындайды. Бұл Малибектің намысына тиіп, араздықтың бастамасы болады. Қытайдан үлкен иттерді жаздыртып алған және бір аптаның ішінде 17 қызға үйленген және қала сыртындағы Джир-Мамедтегі сарайын безендіруге қазынаның бар ақшасын жіберген ханның ақылға сыйғысыз әрекеттеріне наразы халықтың көңіл-күйін білген Малибек өзінің бауыры Сопыбек басқарып отырған Әндіжанға бара жатқан жолда Қоқаннан жасырын кетіп қалады. Құдайар не болғанын бірден түсініп, Малибектің Қоқанға оралуын сұрайды, тіпті оған Жарқын-Айым атты анасын жібереді, оны Қарасуға қашырған Хозретті жібереді ...*[234]. Бірақ Малибек ‖ айтқан шешімінен қайтпайды. Қарасуда ол барлық қырғыздардың бас рубасшысы Әлімбек-*датқаны* өзіне шақырады. Ол жерден соң Маргеленға келеді, Маргелан мен Ярмазар аралығында әскер жинай бастайды. Адамдар көп болғанымен, ақша мен қару жетіспейді. Ол Маргеланның тұрғындарына өтініш жасайды, олар жиналып серне жасайды, ал бір көпес 15 алтын теңге қосады, Малибек ...

‖ Қытайлықтар Жоңғария (біздің қағаздарымызда «Зюнгарская землица») мен Шығыс Түркістанды жаулап алған соң, Жоңғарияға шекаралас көшпелі халықтарға (қырғыздар мен буруттар), және бұрында жоңғарлық хандарға бағынған елдерге: Ташкент, Сайрам, Созақ, Түркістанға назарын аударды. Ырымшыл мұсылмандар, ақыр заман боларда қытайлықтар бүкіл әлемді жаулап алады деген ел аузындағы аңызға сеніп, қорыққандары сонша, өздерінің арасындағы бар ұрыс-керісті ұмытып, бірлесе одақ құрады, оның басына Орта Азиядағы ең күшті басшы ретінде Қандағардың билеушісі, *дуранилер* әулетінің негізін қалаушы Ахмет-шахты қояды. 1763 [жылы] Ахмет (33 сан*[235]) күшті әскерімен және артиллериямен Қоқан мен Ташкенттің арасында тұрып, қытайлықтармен келіссөз жүргізе бастайды, осы мақсатта ол 40 адамды жібереді.

*[234] Бұдан әрі қысқартылған екі сөз оқылуға келмеді.
*[235] Әр санда 10 м [ың] адам (*Уәлихановтың ескертпесі*).

Келіссөздер жүріп жатқан уақытта, Ахмет қырғыз хандары Нүрәли[225] мен Әбілмәмбетке оңтүстік шекараларға басып кірмекші қытайлықтарға қарсы соғысқа – «ғазатқа» – сенім үшін соғысқа көмектесуге шақыру жібереді.

Қытайлықтар Амурсананы беруді талап етіп орыс шекарасына әскерімен екпіндеп келді.

1764 жылы Нүрәли император әйел Екатеринаға Орта Азияның барлық мұсылмандары [оған] жасаған ұсыныс-шақыруы туралы [хат] жазды ... 1768 [жылдың]19-шы наурызында Нүрәлиге императордан грамота түсті деген сөз бар.

Моңғол тайпасы *дуранилердің* басшысы Ахмет-шах Надиршах қайтыс болған 1747 жыл[ы] Гераттан Lalungu әрі жатқан Парсы провинцияларын бөліп алып, Ауған патшалығының негізін қалады және өзінің билігін Үнді теңізіне дейін шығысқа, Пенджаб пен Кашмирге толықтай орнатты. Астанасы Қандағарда болатын. Ахмет 1773 [жылы] қайтыс болады, оның мұрасы Тимурға қалады. 1822 [жылы] дуранилер әулеті құлайды. Бұл әулеттің соңғы билеушісі Айюб Раджи Сингті паналай Лахорға қашады, ал Ауғанстанды *баракзилер* руынан шыққан оның уәзірінің Мұхаммед-Әзім-ханның балалары бөлісіп алады, олардың бірі Достмұхамедке Кабул тиесілі болады.

Қорқыныштың қатты болғандығынан, Орта жүздің Абылай ханы 1756 жылы, қытай әскерлері қырғыз жеріне аяқ басқанда-ақ, өзін боғдыханның вассалымын деп мойындап, князь лауазымын алған еді. Нүрәли Қытайға елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Эрдене-би (Одона) да 1758 жылы, қытайлықтардың дәлелдеуі бойынша, боғдыханның қол астында болуға келіседі.

‖ Қытайлықтардың өз жерлерін кеңейтуге деген ұмтылысы және Цянь-Лун[226] билеуі кезінде үстем болған әскери рухтың көрінісі мынадан байқалады: Абылай ханға 1756, 1758 жылдары екі [елшілік] [жіберіледі], [дегенмен] 1760 [жылы] Орта жүздің қырғыздары тұтқындаған адамдарды қайтарыңдар деген талаппен жасақ шығарылады. Кіші жүздің сұлтандары да 1763 [жылы] Пекинге өз елшілерін жібереді, [мысалы], Нүрәли – Батыр мен Әбілфейізді, ал Орта [жүзден] Әбілмәмбет – өз ұлын аттандырады. Ақырында, 1762 [жылы] Әбілмәмбет-хан мен Абылайға Цянь-Лун атынан 130 адамы бар қытай елшілері келіп, боғдыханның көктем шығысымен, Қожа Ахметтің мазарын[да] және Самарқандтағы Көк тауда қытай дәстүрлеріне сәйкес құрбандық шалу үшін әскер жібермекші екендігін хабарлайды, сондықтан олар әскерді алып жүруге бір *сан* (10000 адам) және жауынгерлерге азық сұрайды, соған жылқы, сиыр және қой керек дейді. 1763 жылдың 13-ші наурызында Абылайдың жиені Дәулеткерей Пекиннен оралады, ол ханға грамота алып келеді және жоңғарлардан кейін бос қалған Іле өзенінің бойындағы жерлерді жайлауға рұқсат бергенін, ал аманатқа найман руынан шыққан Кенже-батырды

сұрайтынын жеткізеді. Шілде айында ол [Абылай] Кенжені Орыс сұлтанмен аттандырады, оларға Нүрәлиден Батыр мен Әбілфейіз қосылады. Қытайлықтардан қорқу әсіресе олар Самарқандты аламыз деген ойларын жариялағаннан кейін, күшейе түскенге [ұқсайды]. Қырғыздар, Пекинге елші жіберуді тоқтатпағандарымен, сол кезде Ташкентті басып алған Қоқан билеушісі Эрдене-батырмен, және Ходжент билеушісі Фазылбекпен қосылып, Ахмет-шахқа, одан қолұшын беруді өтініп, хат жазады. Хатты алып баруға бұрынғы билеушілер Айқожа мен Күнқожаның екі ұлы тілек білдіреді. Айқожа мен Күнқожа Бадахшанға қашып, сол жерде мерт болады, ал оның балалары тұтқыннан қашып, Ахметке көмек сұрап келеді, ол 30 *лек* береді. Көктемде ауғандықтар келіп, Қоқан мен Ташкенттің ортасында тұрады, ‖ Пекинге Яркенд пен Қашғарды қожаларға қайтаруды талап етіп елші жібереді. Ауғандықтар мұсылмандарды қытайлықтарға қарсы көтерілуге шаралар қолданады, қырғыздарға жазып, оларды және барлық сарттарды Құлжаға сауда жасауға бармауға көндіреді. Ходженттік Фазыл-би Абылай ханнан ақыл сұрап, шақырады, ол құрамалармен*[236] соғысты сылтау етіп ол жаққа баруға болады [деп] ойлайды. Бұл кезде қытайлықтар жаулап алған жерлерінде күш жинай береді, олар Аягөз өзені бойында қала саламыз деп жоспарлайды; ауғандық елшілер өздерін дөрекі қабылдағаннан кейін және барлық ұсыныстарынан бас тартқан соң Пекиннен оралды. 1763 [жылға] дейін қашғарлықтар салық төлемейтін, тек сыйлықтар жасайтын. 1764 жылдың жазында Эрдене Абылайды ғазатқа шақырып тағы да хат жазады, хатында Қашғар түрғындары жәрдемдесуге ант етті деп хабарлайды. Ауған шахы *сяктармен* (сейк) соғыстан қолы босамайды, оның әскері Қашғарға апаратын жолда өмір сүріп жатты. Құдықтар мен арықтарды [тазартып], азық-түліктерін дайындап, тамызға дейін түк бітірмейді, олар көктемде бастаймыз деп ойлайды. Ахмет-шах ол жолы 15 мың әскерімен Бадахшанды алып, оның билеушісі Сұлтан-шахты тұтқындады. Бадахшандықтарды мұсылмандар қожаларды өлтіргендері үшін қарғайды [жазалайды]. Қожалардың төртеуі ұрыс кезінде қаза табады, ал екеуі қытайлықтардың қолына түсіп, Пекинге жеткізіледі. Жетінші Сарымсақ Үлкен Бұхарияға қашады.

---

*[236] *Құрама* – Қазақтар мен өзбектердің араласуынан шыққан, XVII ғасырдың өзінде өзбектер санатында болған, негізі Ангрен өзенінің алқабында түрған халық тобы

ЖОҢҒАРИЯ ОЧЕРКТЕРІ

‖ Орта Азияның үстінде осы уақытқа дейін қандай да бір күпия перде ілулі тұрғандай болатын. Еуропалық екі күшті мемлекеттің, Ресей мен Англияның көршілес орналасқанына қарамастан, оның көп бөлігі еуропалық ғылым үшін әлі ашылмаған, қол жеткісіз болып отыр. Қоғам бойынша жолдас болған ғалым П.П. Семенов[227] Риттердің «Erdkunde von Asien» [кітабының] өзі жасаған аудармасының II томын басу барысында, Орта Азия ішкі Африкадан артық зерттелген жоқ деген тұжырымға келді. Шынында да Орта Азия туралы біздің жағрафиялық әдебиетте келтірілген жаңсақ және бір-біріне қарама қайшы мәліметтер, бұл ел, ескіше айтқанда, жетілген terra incognita болмаса да, ең болмағанда қиын ғылыми ребус деген ой салады, ал Орта Азияның тұрғындарды туралы біз ешнәрсе де білмейміз.

Орта Азия қазіргі қоғамдық құрылысы бойынша өте аянышты, дамудың паталогиялық дағдарысы іспетті. Асырып айтты демеңіз, барлық ел қараусыз қалған, бүлініп шашылған су құбырларына, каналдар мен құдықтарға толы бір үлкен шөл; құм басқан, тікенек сексеуілдің ұсқынсыз бұталары өсіп кеткен және жабайы есек пен үркек сайғақтар ғана жайлаған дала. Осы сахараның ішінде өзен бойында кішкене жазиралар бар, онда терек, тұт ағаштары мен қарағаштар өседі, әр жерде қалай болса, солай салынған күріш алқаптары, піспей жиналып алынатын шөп-мақта алқаптары және жалқау адамдар Алланың бір өзіне сеніп тапсырған жүзімдіктер мен жеміс бақтары бар. Осы жазираларда, көп қақпалы қалалардың орнында аянышты саз-тамдар тұр, онда ‖ ислам ықпалынан әбден бұзылған әрі бір жағынан жергілікті билеушілердің діни және монархиялық қатыгездігінен, екінші жағынан қытайлықтардың әскери билігінен әбден қажыған жабайы, қараңғы тайпа тұрады.

Ежелгі Шығыстың (XVI және XV ғасырларда) ең сауатты әрі бай елі болған Мәуереннахрды[228] (қазіргі Бұхара, Хиуа мен Қоқан) қазір қай жермен салыстырсаң да, қараңғылығы мен кедейлігі жағынан барлығынан асып түседі. Самарқандтың,

Ташкенттің, Ферғананың (Қоқан хандығында), Хиуаның, Бұхараның[229] және тағы басқаларының кітапханалары, Самарқандтағы обсерватория[230] діни білімнен басқаның барлығын қарғаған татар вандализмінің және бұхаралық инквизицияның салдарынан мәңгіге жермен жексен болды. Немродовтық қарбаласқа[231] (немродовское столпотворение) ұқсаған деп, адамның Алла жаратқанға пендешілік тайталасы деп, молдалар өткен мәдениеттің тастан қалаған ескерткіштерінің өзін жойды, тек қана мешіттер, медреселер және мұсылман әулиелерінің молалары, кенеханалар мен биіктен қылмыскерлерді тастауға пайдаланылған мұнарлар өздерінің игі мақсатты көздегенінің арқасында біздің уақытқа дейін жетті.

Қазір Орта Азияның билеушілері ата-бабаларындай өлең немесе естеліктер жазбайды, аспан кестелерін сызбайды, бірақ олар күн сайын салтанатты шерумен мешітке барып, онда молдамен сыпайы әңгіме құрады, ал үйлеріне келіп *пажданмен*[232] сайран салады немесе алаңға барып, екі қошқардың мүйіз тірескен таласын тамашалайды; олардың біреуінің басы жарылғанша қарайды, одан кейін қан аңсаған күйінде өз генералдарын 40 рет арқасынан, 40 рет ішінен[469] ұрғылайды.

Орта Азияның басқа бір бөлігі – Кіші Бұхарияның[234] да жағдайы асып бара жатқан жоқ. Исламның басымдылығына қарамастан, әйелдердің бостандығы, дінге еріктілік, халықтардың құлықсыздығы мен муниципалдық бастаулар дамыған ел, алдымен, қытайлық шектеулерден және әскери шенеуніктерден әбден кедейленді, ал Александр Македонскийден[235] тарайтын Болор тауындағы кішкентай билеушілер қол астындағы адамдарды қырғыздар қой сатқандай қарқынмен саудаға шығарады. Қай жерге барсаң да төмен құлдырау, қараңғылық және шектен шыққан озбырлық. Өркениеті осындай күйде, немесе, дұрысырақ айтқанда, өркениеттен жұрдай болған Орта Азияны зерттеймін деген Ресей мен Англияның қадамдары сәтсіз, кейде шығынды болғандығы түсінікті болды.

1859*[237] жылдың аяғында мен қоқандық керуенмен қоқандық көпес ретінде Қашғарға өттім, ол жерде атақты Марко Полодан[236] (1272) және иезуит Гоестен[237] (1603) кейін тек қана екі еуропалық болған: неміс, ост-үндістандық қызметтегі офицер, аты-жөні белгісіз, оның артынан өте қызықты бағдар мен оның саяхаты туралы жазба[238] қалған, ал екіншісі ғалым пруссак Адольф Шлагинтвейт[239]. Біріншісін екі күн атқа отыра алмайтындай қылып Қашғарда бамбукпен соққыға жығыпты, ал екіншісінің басын кесіп, адамның бас сүйектерінен үйілген мұнараға қосыпты.

Қашғар Нан-Лу провинциясының (Оңтүстік шек) округтік қалаларының бірі және Птоломей[240] заманынан бері керуендер

*[237] Қате, дұрысы: 1858 жыл

арасында атағы шыққан деп айтуға болады, әсіресе шайды көптеп сатуымен белгілі. Қашғардың Азиядағы маңызы, бізге Кяхта, өзге еуропалықтарға Шанхай мен Кантонның маңызы қандай болса, сондай өте зор. Оған қоса, шығыста бұл қала көрікті жас әйелдерімен – «*чаукендерімен*»*[238] әйгілі, оларға еш қымсынбастан қаланың әр қонағы белгілі бір мерзімге немесе қалада болған уақытында үйлене алады. Қашғар сонымен қатар өзінің музыканттарымен, бишілерімен және әлемде теңдесі жоқ Янысар *хашишімен**[239] әйгілі. Осы атағының арқасында Қашғар материктің әр бұрышынан азиялық көпестер ағылатын жерге айналған. Бұл жерде Тибеттен және парсы елінен келгендерді, үндістік және еділдік татарды, ауғандықтарды, армяндарды, еврейлерді, сығандарды (*мультани* және *лулу*) және біздің бір отандасымыз – қашқын сібір қазағын кездестірдім.

Соңғы уақытта қаланың басқа жағынан атағы шыға бастады. Онда адамның бас сүйектерінен салынған мұнаралар[241] пайда болды, тауық сойғандай адамды бауыздау күнделікті әдетке айналды. Халық әнінде айтылғандай: «Қашғар қаласында ат ұстау қиын, себебі шөптің бір бумасы 12 пұл тұрады, бірақ басты сақтау одан да қиын, өйткені уай! уай!». Әннің біршама түсініксіз аяқталуы мұндағы халықтың қорқынышты көңілкүйін көрсетеді. Соңғы кезде бірнеше қанды көтерілістерден пайдаға шыққан бұрынғы Қашғар билеушілерінің ұрпақтары, қожалар тек қана қытайлықтарды ғана емес, өздерінің қашғарлық саудагерін де қыруда, біреулерін, мысалы, қытай үкіметі тұсында шенеунік болғаны үшін, басқасын есінегені үшін, үшіншісін *қаратаулық* болған үшін. Қытайлықтар, қожаларды кууды сәтті аяқтағаннан кейін, әскери әлсіздігіне қарамастан, бірінші қаланы тонайды, табын-табын жылқыларымен астық алқаптарын таптайды, әйелдерді алып кетеді, мешіттер мен молаларды бұзады, сонан соң азаптауға кіріседі және оны салтанатты түрде жан түршіктірер баппен жүргізеді.

Біз Қашғарға келген кезде, қытайлықтар өздерінің түрлі азаптау шараларын аяқтаған екен, қала қақпасына кірер жерде жіңішке құрықтар ұзын сап құрап тұрды, ал олардың басындағы торда қытайлықтар жазалған жергілікті тұрғындардың сары бастары ілініп тұрды. Қала өз қалпына келе бастаған. Қытайлықтар тағайындаған жергілікті биліктің жаңа өкілдері *мандариндік* қалпақтар киіп алып, оларға жол беріп үлгірмегендердің барлығын ұрып-соғып жүреді. Қоқанмен байланыс қайта орнығып, қоқандық елші Қашғарда бір айдан аса уақыт тұрып жатты, ал бұхаралық және қоқандық керуендер бос қал-

*[238] *Чаукен* (үйғырша – чокан, қырғызша – чокен) – күйеуге шықпаған қыз, қалыңдық

*[239] *Хашиш* – анаша гүлдерінің сығындысы, мас қылатын, мазаны алатын қасиеті бар (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

ған керуен-сарайларды күн сайын толтырып жатты. Біздің керуеннің келуі қалада біршама толқыныстарға себеп болды. Біз келмес бұрын қырғыздар Ресейден 500 түйеден тұратын керуен (бізде тек қана 60) келе жатыр, оларда жер-көктің тас-талқанын шығаратын қарулар тығылған сандықтар тиелген; «темір тақта» атты керуен басы (бұл атты қырғыздар тауып атапты, шамасы керуен басының темір керуеті болғандықтан болуы керек) күдікті адам екен, орыс шығар т.б. деген қауесет таратыпты. Азиялық адам сенбейтін қауесет жоқ, қауесет адам сенгісіз өтірік болған сайын, оған ол нағыз шындық тәрізді көрінеді. Қытайлықтардың бұл жағынан басқа азиялықтардан көп айырмашылығы жоқ екендігі белгілі – дәл солай болып шықты.

Мен уақыт пен көлемнің жетпейтіндігінен Қытай үкіметі мен жергілікті билік өкілдерінің біздің керуенді қалай тергеп-тексергендеріне көп тоқталмайын, одан да менің саяхатым мен Қара ордада болғанымның негізгі нәтижелері туралы жазғаным дұрыс болар.

Қазіргі уақытта Тянь-Шаньнің солтүстік бөктері Ресей жағынан зерттелген ‖ біздің қоғамның мүшесі П.П. Семенов Ақсарттың ағымдарының бірі Нарын өзенінің басына*[240] дейін ғана жеткен болса, мен Тянь-Шаньді екі жағынан басып өттім, Қашғар мен Янысарға жақын жатқан жерлерді қарап шықтым, және де сол Янысар мен Яркенд арасындағы құмды белдерді аралап шықтым. Бұрынғы ханды[242] тақтан түсірумен аяқталған Қоқанда болған және Қашғарда толқулар туғызған саяси оқиғалардың салдарынан мен барша Қытай Түркістанының ең үлкен және халқы көп Яркенд қаласын көре алмадым.

Басып өткен жерлердің сипаттамалары бойынша менің саяхатымды екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – менің Жоңғария[243], яғни Жетісу, Іле өңірі мен Ыстық көл жағалауында өткізген уақытым. Бұл өңірлердің физикалық сипаты Сібір штабының тамаша суреттеріннен белгілі және оларды ғылыми тұрғыдан Шренк, Влангали[244], Семенов пен Голубев[245] мырзалар зерттеген. Дегенмен, бұл зерттеулер физикалық географиямен ғана шектелген, этнографияға еш қатысы жоқ. Жоңғарияда мен бірінші рет 1856 жылы болдым, ол жылы мен Ыстық көлге полковник Хоментовский ұйымдастырған бірінші экспедициямен бірге бардым. Одан кейін үш ай Құлжада тұрдым. Жоңғарияда мен барлығы бес ай болып, бұл өңірді жан-жақты – Алакөлден Тянь-Шаньға дейін шарлап шықтым, Тянь-Шаньға мен Жырғалаң өзені бойымен көтерілдім.

Мен маған дейінгі зерттеушілер назар аудармай немесе жазбай кеткен нәрселер туралы ғана сөз қозғаймын. Жоңғарияның жан-жануарлар әлемі, бұл елдің ескіліктері мен ақырында тұрғындары туралы айта кетейін.

---

*[240] Яғни, Нарын өзенінің бастауына

Жоңғарияның өсімдіктер әлемі ‖ азды-көпті белгілі. Александр Шренк, ғалымға ғана тән ұмтылыспен бұл пәнді зерттеп, бұл елдің өсімдіктері туралы жалпы жазбасын неміс аудармасында Beitrage zur Kenntniss des Russischen Reiches 1840 жылы Гельмерсен[246] мен Бэр[247] басып шығарған әте қызық елінде*[241] тарту етті.

Г. Семенов те Тянь-Шаньнің өсімдіктерін назар аударған, ол біршама бай гербарий жинағанға ұқсайды. Доктор Татариновтың Е.П. Ковалевскийдің[249] Құлжаға саяхаты кезінде анықталған өсімдіктердің тізімін құрастырып, Влангал мырзаның шығармасында басып шығарды. Дегенмен бізде Жоңғарияның жан-жануарлар әлемі туралы жазылған мақала жоқ. Г. Карелин[250] Жетісу өңірінің табиғи шығармалары туралы кейбір мәліметтерді басып шығарған, оның ішінде жануарлар әлемі туралы да мәліметтер бар; Мәскеудегі табиғатты зерттеу қоғамының басылымдарында Абакумов[251] мырзаның осы қоғамға жіберген жасанды тұщы мен үлгілердің негізінде құстардың, құрт-құмырсқалардың, қоңыздардың сипаттамалары басылып шығарылды.

Ыстық көлде мен кішкене орнитологиялық және этнологиялық*[242] коллекция жинадым.

Бұл коллекцияны мен жоқта бір танысым Дрезденге жіберген еді, әлі жауап алынған жоқ.

Алакөл мен Балқаш көлдері бұрынырақ бір суқойма болып, содан екіге бөлінгенге ұқсайды, өйткені қазірдің өзінде көктемде су тасыған кезде Алакөл қырғыздардың айтуы бойынша, тұзды белдеу арқылы Балқашқа құяды. Осы белдеуді Семенов мырза Қырғыз даласы аяқталып, Орта Азия басталатын табиғи шекара[252] деп санайды, бұл жерлердің топырағы да, жан-жануары мен өсімдіктері бір-біріне ұқсамайды.

‖ Менің ойымша, Жоңғарияның өсімдіктер әлемі аса байлығымен және әр түрлілігімен мақтана алмайды. Жазық жерлердің өсімдіктері Қырғыз даласының оңтүстігіндегідей, ал таулы жердегілері – аздаған айырмашылықтарымен бар болғанымен, Алтай өңірінің өсімдіктеріне ұқсас келеді. Ал зоологиялық жағынан біршама ерекшеліктер бар.

Жан-жануарларының таралуы жағынан Жоңғарияны үш белдеуге бөлуге болады: таулық, жартылай таулық (Zona Subalpina)*[243] және жазықтық.

Жоңғар Алатауының және Тянь-Шаньнің таулық белдеуінде оңтүстік Сібірдің және Қырғыз даласының таулы жерлеріне тән сүтқоректілер өмір сүреді, олар: бұғы (Cervus elaphus [марал]), тау ешкісі (Ibex sibirius) [Capra sibirica], арқар

---

*[241] Көшірушінің қателігі: дұрысы, мақаласында (орысша *стране – статье*)

*[242] Қате, дұрысы: энтомологиялық

*[243] Субальпілік белдеу

немесе тау қойы (Ovis argali) [Ovis ammon], қасқыр, қара және қызыл түсті түлкі, сусар (куница белодушка) тағы басқалары. Сонымен қатар, қырғыздардың айтуы бойынша «*чибури*»*[244] деп аталатын итке қатты ұқсайтын қызылша түсті қасқыр да бар. Сипаты бойынша ол шақалға келеді, бірақ қырғыздардың *чибурiі* биік жазықтарда тұрады, сондықтан бұл шакал емес, иттің альпілік түрі болуы тиіс (Canis)*[245]. Жоңғарияда жыртқыш құстар ішінде барлығынан көбірек ягнятник (Gypaetus barbatus), Vultur fulvus Vultur meleagris [Gips fulvus – ақбасты сип], сирегірек: бүркіт (Aquila chrisaetus), сұңқар (Falco peregrinus, Falco subbuteo), қаршыға/ақ түйғын (Astur), ал кречет (Falco candicans Gm.) [Falco gyrfalcon] болса, мұнда тіпті де ұшып келмейді; түнгі жыртқыштарды мен көрмедім, бірақ бір қырғыздың айтуы бойынша, олар сирек кездеседі. Сорлық*[246] отрядтардан [тауық (Galliformes)] тауда ұлар [қара бүйірлі (Tetraogallus himalayensis)], Tetrao casicus айнымайтын сұр күр қоразы [тетерев-косач (Lyrurus tetrix)], каменная куропатка (Perdix saxatilis), [кекілік] (Alectoris graeca), және бөдене.

Жартылай таулы белдерде біз жолбарыстарды, барыстарды [қарлы – (Felis unica)], қабандарды, еліктерді, жей‖рандарды [Gasella subguttu-rosa]*[247], дикобразды, фазандарды (Phasianus colchicus), драхва*[248] (Otis tarda), колендухтар*[249] мен горлицаларды (Columba oenas et turtur) [Streptopelia turtur], кейбір лазундарды кездестіреміз. Бұл жануарлар жазық белдеулерде де кем тарамаған. Жартылай таулы жерлердегі тоғайларда кішкене құстардың [шымшық] (Passerini) түр-түрі көп кездеседі. Маған белгілі түрлер мыналар:*[250]

---

*[244] Дұрысырақ: шие-бөрі (қазақша) – қызыл қасқыр

*[245] Қызыл қасқыр туралы айтылып отыр

*[246] Қазіргі ғылыми тілде сор деп атау қабылданған

*[247] Моңғолша – дзерен. Қолжазбада Antilopa gutturosa Pall. (қате жазылған)

*[248] Яғни, дрофа

*[249] Яғни, клинтухтар

*[250] 1. Даурская галка; 2. Сизоворонка; 3. Шамасы, M.persica – жасыл щурка туралы емес, алтын щурка туралы сөз болып отыр.; 4. Қате, Сақсауыл сойкасы (Padoces Panderi) – шөл дала құсы; 5. Қызылқанатты стенолаз. Қыста тау бөктерлеріне түседі; 6. Дұрыс: Sitta curopaea – қарапайым оползень; 7. Сары бел қарлығаш (Hirundo daurica); 8. Қала қарлығашы; 9. Сұртамақты гаичка; 10. Ақ лазоревка; 11. Щегол; 12. Сібір вьюрок (Leocosticte arctoa); 13. Сібір дрозды; шамасы, қате көрсетілген; 14. Науманн дрозды, шамаса, қате көрсетілген. Шығыс Сібірде ұя салады. Кейде ұшып өтеді; 15. Розовая чечевица; 16. Сібір чечевицасы Шамасы, қате жазылған; 17. Қарапайым снегирь; 18. Ұзынқұйрық снегирь; 19. Овсянка ремиз; 20. Ақбас овсянка; 21. Желчная овсянка; 22. Қарапайым дубонос (Coccotraustes coccotraustes); 23. Гималай завирушкасы; 24. Қаратамақ завирушка; 25. Таулық завирушка; 26. Аққарын оляпка.

1. Corvus dauricus; 2. Coracias garrulous; 3. Merops persica Pall.; (4. Corvus Panderi Fish. болуы керек); 5. Tichodroma muraria; 6. Sitta uralensis; 7. Hirundo alpestris; 8. Hirundo lagopoda [Delichon urbica]; 9. Parus sibiricus [Parus cintus]; 10. Parus cyanus; 11. Fringilla orientalis [Carduelis carduelis]; 12. Fringilla arcticus; 13. Turdus sibiricus; 14. Turdus fiscatus [Turdus naumanni]; 15. Pyrrhulla rhodochlamis; 16. Pyrrhulla rosea [Erythrina roseal]; 17. Pyrrhula pusilla [Pyrrhula pyrrhula]; 18. Pyrrhulla sisrica [Uragus sibiricus]; 19. Emberiza rutica; 20. Emberiza pithuornis [Emberiza leucocephalos]; 21. Emberiza bruniceps; 22. Coccothraustes speculigerus; 23. Accentor altaicus [Prunella himalayana]; 24. Accentor atrogularis [Prunella monnella atrogularis]; 25. Accentor montanellus [Prunella montanella]; 26. Cinclus leucogaster [Cinclus cinclus].

Су құстары мен голенастые Жоңғарияның таулы белдеуінде де, шөл даласында да сирек кездеседі, олардың ішінде казарканы (Anas rutila) [қызыл үйрек, немесе атайка (Casara ferruginea)] жиірек кездестіруге болады.

Осылайша, Жоңғарияның өсімдіктер әлемі негізгі сипаты бойынша Оңтүстік Қырғыз жеріндегіге сәйкес келеді, тек қана айырмашылығы — біз мұндағы сүтқоректілер арасында қырғыз фаунасына тән кейбір түрлерді, мысалы сайғақ, құландарды кездестірмесек, ал құстардың ішінде, жыртқыш, лазун, сор және шымшықтар арасында, керісінше, жаңа түрлерді көре аламыз.

Балқаш пен таулы белдеу арасында жатқан құм белдеулер қырғыздық Борсықтердің (құм белдеулер осылай аталады), Қарақұмның және Хан-Тәудың жалғасы болып табылады және айырмашылығы бөленді емес; оның бойында түзды тақырлар көптеп кездеседі, Қырғыз даласында оларды «как»*[251] деп атайды, дегенмен тақыр дала мен Шу өзені бойындағы құмдарды жайлайтын құландар мен сайғақтар Ит-Кешу меридианынан шығысқа қарай ешқашан өтпейді. Бірнеше жыл бұрын ‖ тақыр далада тақыр мұз қатып, осының салдарынан аштық басталған соң, құландар мен сайғақтар Іле өңіріне жаппай көшіп, ішкері енеді, бірақ көктем шыға бұл жануарлар қайта оралады. Дегенмен, мен Іле жерінде, Қалқан мен Қату тауларының жанында, бір үйір құландарды көрдім, қырғыздардың айтуынша, олар сол жолғы жаппай көшуден қалған дейді. Орта Азиялық құланды Моңғол Гобиының[253] *джигетайынан*[254] бөлетін және төменгі шөлдердің сайғақ антилопаларын таулы далалардың жейранынан әрі асырмайтын табиғи шекара — Жоңғария екендігі шындыққа жақын. Жергілікті халық бұл құбылысты бұрыннан байқаған. Қырғыздардың айтуынша, Жоңғар Алатауының етегінде байқалатын терең сайлар

*[251] Ғылыми әдебиетте: тақыр

Жәнібек[255] хан құландарды жоюға қазғызған орлардан қалған, өйткен себебі бұл жануарлар ханның кішкене ұлы мініп үйреніп жүрген атты өз үйіріне арбап шақырған, содан әлгі бала мерт болған деседі. Содан хан Тарбағатайдан Ілеге дейін ор қазғызып, оған барлық жоңғарлық құландарды айдатқан екен, бірақ бір ғана айғыр биесімен бірге Балқашқа қарай қашып құтылыпты, ол өз үрпағына ол елге бармауға өсиет етіпті дейді.

Орыс Жоңғариясы Орта Азия халықтарының тарихи тағдырында классикалық зор мағынаға ие болған. Әбілғазының айтуынша, түркі тайпаларының түпкі атасы, Иафеттің баласы, Абулджа-хан[256] Талас, Шу өзіндері мен Ыстық көлдің маңында көшіп-қонған. Қытай жылнамаларынан білетініміздей, бұл жерде жоғарғы Гобиден көшкен барлық тайпалар орнығып, басқа күші басым тайпалар қуғанша, қуат жинаған. Шынында да, Орыс Жоңғариясының көшпелі түрмыс үшін барлық жағдайы бар: таулы жазықтар жаздың аптабында салқын пана болған, ал мазасы тыныш мал қарнын тойдырып, жайлауда еркін жайылған; күзге қарай көшпелілер жазық далаға төмен түсіп, астық жинаған; қыста саксауыл сияқты тамаша отынға бай, өзен бойындағы тоғайларда – *уремаларда**[252] немесе Балқаш жағасындағы даланың құм белдеулердің арасында суықтан тығылған. Көшпелілер үшін отынның болғаны өте маңызды, өйткені Монғол Гобиіндегі ең ұлы ханның киіз үйі тезекпен[257] жылытылған.

Орыс Жоңғариясы, көшпелі түрмыстың басым болғандығымен, аздап болса да отырықшылыққа да бейім болған: бұл туралы алғашқы тарихи хабарламаларды біз қытай тарихынан табамыз – атап айтқанда Ыстық көлдің шығыс жағасында орналасқан және *усунь куньмасы*[258] үшін қытайлықтар салған Чигу қаласы туралы. Орта ғасырларда бұл өңірде, әсіресе Іле жазықтығында[259] отырықшылық қатты дамыды. Алмалық[260] (қазір Түркістан ауылы), Хонакай[261] және Қайнақ[262] (әлі де бар) және Алмату[263] (қазір Верный қорғаны) саудасымен атағы шыққан және генуэздік көпестер[264] Қытайға, ал қыпшақ елшілері[265] ұлы ханға барған үлкен жолда тоқтайтын бекеттер ретінде болған.

Тағы бір айта кетерлік жайт, Азияның осы бөлігінде несториандық және монофизиттік конгрегациялар[266] көп болған, ал Ыстық көлде, каталондық картаға[267] сәйкес, әулие Матфийдің сүйегі (*мощи*) сақталған сириялық якобиттердің монастыры болған. Христиан дінінің бұл жерде таралғандығы сондай, оған қарсы біршама құғыншылықтар жүргізілді, ал XVI ғасырда Ыстық көлде бірнеше мұсылмандық ауылдар пайда болады. Бұл мәліметтер мені қызықтырды, бірақ

---

*[252] *Урема* – қалың бұталар өсіп кеткен өзен алқабы

өкінішке орай, қырғыздар аман қалған ғимараттардың[268] соңғы қалдықтарын *лама капищасына*[269] балап, жойып үлгергендігінен, үлкен жаңалықтар ашуға менде мүмкіндік болған жоқ. Ыстық көлде 1820 жылы болған қытайлық ол жерде тастан қашалған үлкен *идолды*[270] көргендігі туралы айтқан болатын, бірақ мен бұл тәріздес ескіліктің ізін де тапқан жоқпын, дегенмен Орыс Жоңғариясының бойында отырықшылықтың болғандығының дәлелдерін таптым, және олар туралы халық ішінен аңыз-әңгімелер жинадым; сонымен қатар ежелгі Алмалықтың орнында табылған бірнеше алтын заттар мен тиындарды сатып алдым. Бұл туралы мен бөлек мақалада сөз қозғамақшымын[271]. Осы жолы тек, Орта Азияның ішкері жағында мен тапқан *чуд копиларының*[272] іздері тау ісі финн расасының ғана жетістігі болмағандығы туралы ойлауға негіз береді деп айтумен шектелемін. Тарихи мәліметтерге сүйенсек, керісінше, финндіктерден гөрі түркілер бұл істе жақсырақ үлгірген, себебі *тугю*, қытайлықтардың жеткізуінше, *жужан* әулетінің[273] темір қазбашылары болған, ал Сібірді жаулап алғанда, бір түркі тайпасы темірші (*кузнецкий*) деп аталып кеткен, себебі олар темірді балқытып, көрші Моңғолдар мен финндерді металл бұйымдармен қамтамасыз еткен.

Хань династиясының кезінде Орта Азияны мекендеген халықтардың ішінен қытайлық жылнамашылар көздері көк, шаштары сары алты тайпаны атап өткен, оларды Клапрот (Tableaux historiques de l'Asie, p.82) және Абель Ремюза (Recherches sur les langues tatares, I том, 306 бет) үндігермандықтардан тараған тайпа деп санаған (Клапрот бойынша – nation Alanogothes, ал Аб.Ремюз бойынша – nations gothiques et hindo-scythiques). Бұл халықтардың ішіне, айтқандай, қытайлықтар атжақты (жылқы бейнелі)[274] деп атаған, оларды ерекше түрлерімен таңдандырған кейін *киликицалар**[253] болған хакастар, яғни қырғыздар мен үйсіндер бар.

‖ Қазіргі уақытта Жоңғарияны екі халық мекендейді: *буруттар*[275] немесе нағыз қырғыздар, және жинақталған түрде *үйсін* деп аталған Ұлы жүздің қырғыз-қайсақтары, бұлардың арасында *сары үйсін*[276] деп аталған тайпа бар, олардың бір қызығы – өздерін үлкен және күшті халықтың ұрпақтарымыз деп санайды.

Қырғыз ертегілерін, мифтарын, батырлық дастандары мен аңыздарын жинаумен мен бұрыннан айналысып жүріп, олардың мазмұнының еуропалық халықтардың, әсіресе славяндықтардың осындай шығармаларының мазмұнына сәйкес келетіндігіне таңқалдым*[254]. (Афанасьев)[255].

---

*[253] *Қырғыз* сөзінің ежелгі қытай тіліндегі айтылуы

*[254] Афанасьевтың[52] жинағында мен қырғыз редакциясында жоқ 6 ғана ертегі таптым (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

Мен алдымен бұл жайтты, Аб.Ремюздың пікіріне сәйкес, үндігермандық тайпалардың татарларға Орта Азияның жазықтықтарын қоса мекендеген кездегі ықпалы мен олармен араласуы арқылы түсіндіргенмін; дегенмен мен Ұлы жүзде қара қырғыздардан осы жайтты түсіндіретін сілтеме табуға, жинағыма бай материалдар қосуға үміттеніп барып едім, үмітім ақталмады. Қатты өкінішке орай, мен бұл өңірде не бір жақсы жырау, не бір жақсы кобызшы таппадым, мұндағы түрғындардың ән айтулары да сирек, егер айтса, міндетті түрде ақ ешкі немесе қара жорға туралы әрі «бойдым-талым»*255 сарынға салып айтады.

Өлең жазу бізге тие қоймады деп үйсүндердің*256 өздері мойындайды, олардың айтуы бойынша, бағзы заманда өлең (аңыздық бейнесі) жер үстінде ұшып жүріп, адамдарды «өлең» жазуға үйреткен екен. Ол өлең әйел затындай өте ерке мінезді болған екен: біреулерде ол көбірек тоқтап, басқалары оның даусын алыстан естіпті, *инде**257 ол үндемей өтіп, *инде* қасқардай ұлып өтіпті. Орта жүзде ол қонақтай тоқтапты, ал біз оның тек даусын естіп, есімізге сақтай алмадық. Дегенмен, мен, мұнда естіген ертегілер мен өлеңдерге, әсіресе *бурутгық* халық поэзиясына қарағанда, біздің қырғыздар (қазақтар) мен ноғайлардың үндігермандық сарындары, олардың славян әлемімен, Русьпен ара-қатынасы арқылы осында жеткен деген ой түйдім.

Үйсіндер мен Қара қырғыздар Ордасы туралы этнографиялық жазбалар, статистикалық мәліметтер, тарихи ашылымдар, халық әдебиетінің ескерткіштері менің жазбаларымда бірнеше дәптерге жазылған. Осы мақаланың соңында, мен сіздерді *буруттармен* жақынырақ таныстырғым келеді, өйткені олар туралы біз ешнәрсе білмейміз деп айтуға болады, Ұлы жүздің қырғыздары (қазақтары) туралы көп тоқталмаймын, өйткені олар өздерінің ағайындары – Сібірлік және Орынборлық қайсақтарға қай жағынан қарасаң да ұқсас келеді.

Буруттар мен *үйсіндер* туралы өзімнің этнографиялық жазбаларымды аяқтай келе, осы бір-біріне тіпті де ұқсамайтын екі халықты араластырмау керек екендігіне назар аударғым келеді. Бұл туралы кезінде Левшин, Мейндорф[278] мырзалар, әсіресе Иакинф басып айтқан болатын, бірақ осы уақытқа

---

*255 Ақ ешкі мен қара жорға туралы ән қырғыздардың ең ескі әндерінің бірі, және олардың жырауларының айтуынша, ол өткен ғасырдың аяғында пайда болған, ежелгі лирикалық әндердің қатарына жатады. Қырғыздарда қазір ән салушылар көп, бұрында оларда ән аз ғана болған, оның ішінде айтқандай «бойдай-талым» болған // (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

*256 Ұлы жүз қырғыздары оларды осылай атайды (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

*257 *Инде* – кей жерде

дейін ешкім оларға құлақ аспады. Олардың сөздері айдалада көмек сұрағанның айғайындай болды, тіпті Гумбольдт пен Риттер де істің мән-жайын дұрыс ұқпады, олар, *буруттардың* өздері Ұлы қайсақ жүзін құрайды деп, және бұл орданы Кіші және Орта жүзден айыру керек деп санады. Бұл ‖ құрметті ғалым ағаларының үлкен қателігі болды. Қырғыз-қайсақтардың Ұлы, Орта және Кіші жүздері «қазақ» атты бір халықты құрайды, олар қытайлықтар «*буруттар*» деп, ал орыстар «*қара*» (дикокаменные) деп атаған қырғыздардан басқа халық. Бұл екі халықтың тілі де, шығу тегі де, салт-дәстүрі де бөлек. *Буруттың* бет-әлпетінің өзінде де қайсаққа тән емес бір ерекшелік бар (мен 1856 жылы салған Боранбай манаптың суретін және 1848 жылы Омскде түсірілген басқа суретті қараңыз).

Жалпы басының формасына қарай Орта Азия халықтарын парсы, Моңғол және түркі халықтарына бөлуге болады. Парсылар екіге бөлінеді: таулық – *галча* және жазықтық – *тәжік* және олар кавказдық тайпаларға жатады; *тәжіктер* қара торы және қара шашты келеді, ал *галчалардың* арасында ақ шаштылары бар. Орта Азиядағы Моңғол типінің өкілдері ретінде қалмақтарды атауға болады: олардың шаштары қара, беттері сары, көздері қысық, беттері жалпақ, жақтары шығыңқы және мұрындары таңқы (Camus). Орта Азияның Моңғол-татар және де түркі-финндерден тараған басқа халықтарының типтері мен түстері тан қаларлықтай араласып кеткен. Олардың арасында сізге беті моңғолдық типтегі ақ шашты, қысық көк көзді адамдарды, немесе римдік тік мұрыны бар жалпақ, атжақты бетті адамдарды кездестіресіз. Жалпы, физикалық жағынан, бұл халықтардың арасында кавказдық тайпаларының моңғол тайпаларымен араласуы анық байқалады.

Менің саяхатымның екінші кезеңі Семенов мырзаның осы меридиандағы саяхатында жеткен шегі болған Сырдария өзенінің негізгі саласы Нарын өзенінің жоғарғы жағында басталды. Одан әрі, менің алдымда әлі ешкім зерттеп көрмеген terra incognita жатты.

‖ Қанша қауіпті болса да, мен жол бойы да, Қашғардың өзінде де күнделік жүргізіп отырдым. Жергілікті тұрғындармен, ғалымдармен және шенеуніктермен достық байланысым болып, өңірді еркін аралағандығымнан осы бір тамаша елді түгелдей шарлап шығуға мүмкіндік алдым.

Түрлі тайпалардан шыққан және түрлі елдерден келген көпестермен танысып, мен олардан көрші елдердің көптеген бағыттары туралы, сауда жүргізуі туралы біліп, сондай-ақ этнографиялық, статистикалық мәліметтер алдым. Ылғи да көпестердің ортасында болып, керуен-сарайларда тұрып, мен Орта Азиядағы сауданың ерекшеліктерімен, керуендік сауданың тауарларымен, жалпы және де Қашғардың өзіндегі Орта

Азиялық көпестікпен, оның коммерциялық түсініктерімен және экономикалық негіздерімен таныстым.

Осылайша, саяхат кезінде жинаған мәліметтер, біріншіден менің жеке байқағандарымнан, екіншіден сенуге тұрарлық және өзге көрсетілімдері арқылы сенімге кірген адамдар жеткізген мәліметтер мен материалдар, және соңында көпестерден, шенеуніктерден алынған жазба көздерінен және жергілікті жердің ресми құжаттары мен кітаптарынан тұрады.

Қазір мен жазбаларымды тәртіпке келтіріп, аса мәртебелі генерал-квартирмейстердің тапсырмасы бойынша ең жаңа суреттер мен біздің топографиялық депода сақталған бай материалдардың негізінде Орта Азияның картасын сызумен айналысудамын.

Қашғарда болған кезімде мен ол жердегі халық сөйлейтін үйғыр тілін[279] (Абель Ремюза осылай атайды) үйренуге тырыстым; бұл тіл еуропалық ғалымдарға мүлдем белгісіз, олар тек шағатай тіліне ұқсайтын кітаб‖и тілді ғана аздап біледі. Кіші Бұхарада қытай тілінің формаларының ықпалымен кеңселік тіл[280] де пайда болды; оның үлгілерін мен "Археологиялық қоғамның Шығыс бөлімінің жазбаларында" басып шығармақшымын. Мен қолданыстағы ауызекі тілдің кішкене сөздігін құрастырдым, *идиотизмдердің**[258] үлгілерін және көптеген халық әндерін жазып алдым.

Кіші Бұхараның тарихы бізге онша мәлім емес; бұл елдің тарихын біз қытай жылнамаларынан, одан кейін бұл туралы аз ғана жанап өтетін мұсылмандық мәлімет көздерінен Темірланның заманынан дейінгі кезеңіне дейін азды-көпті білеміз.

Сонымен қатар, бұл елдің тарихын тамаша суреттеген шығарма – XVI ғасырдың ортасында Қашғар ханы Абдул-Рашидтың[281] уәзірі болған Мұхаммед-Хайдар Курекан[282] мырза жазған және осы ханның аты беріліп, "Тарихи-Рашиди"[541] деп аталған кітап осы күнге белгісіз қалып отыр.

Ғылым Академиясының мұражайында*[259] бұл кітаптың түрікше аудармасы бар, ал С-Петербор университетінің кітапханасында – парсыша түпнұсқасы сақталған. Өкінішке орай, академиядағы кітап толық емес, ал университеттегі кітаптың қатесі көп, соған қарағанда оны парсы тілін білмейтін адам көшірген.

"Тарихи-Рашиди" екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімінде онда *хижраның* 962 жылына дейін [1554], Тоғлық-Темірден[284] Рашидке дейінгі қашғарлық хандардың тарихын баяндаса, екінші бөлімінде естеліктер келтіріледі.

---

*[258] *Идиотизмдер* (ескіше) немесе *идиоматизмдер* (қазіргі заман) – белгілі-бір тілде ғана бар сөз тіркестері, олар басқа тілдерге бөліп аударуға келмейді

*[259] Азиялық мұражай туралы айтылып отыр (қазір РҒА Шығыс қолжазбалары институты)

Мұнда, автор өзінің жеке басынан өткерген оқиғаларды, Тянь-Шань, Болор, Тибет және Куэнь-Лун туралы өте көп географиялық және этнографиялық мәліметтер береді. Автордың өзі атақты Доғлат әулетінен шыққан, оның ата-бабасы, ұлысбектер деген атпен Моғұл-ұлысында*[260] ‖ франктердің Меровинг[285] мажордомдарының рөлінен кем емес рөл атқарған.

Жоғарыда айтқанымдай, Хайдардың тарихы 1554 жылмен аяқталады. Тағы айта кететінім, бұл Еуропаға белгілі жалғыз тарихи шығарма болып табылады, дегенмен оның аты ғана ауызда (академиялық қолжазба әлі де сипатталған жоқ). Менің Қашғарда жолым болып, күтпеген жерден "Тазкиряи Ходжаган"[286] атты қолжазбаны сатып алдым, мұнда Қожалардың*[261] әулетінің тарихы жазылған, олар XVI ғасырда Шыңғыс тұқымының өкілдерін пұтқа табынушы *ойраттардың* көмегімен қуып жіберіп, Жоңғария вассалдары ретінде Кіші Бұхараны билеген. Бұл тамаша шығарма Яркендті 1758 жылы қытайлықтар жаулап алғандығымен аяқталады. Осылайша, "Қожалар тарихы" "Тарихи-Рашидидің" жалғасы болып табылады.

Менің Қашғарда сатып алған кітаптарымның ішінде мыналарға назар аудару қажет:

1. "Тазкиряи султан Сутук-Бугра-хан-газы"[287] (Илектер әулетінен[288] шыққан Сұлтан-Бугра ханның өмірбаяны, ол исламды бірінші болып қабылдап, оны Қашғарға таратты).
2. "Тазкиряи Туглук-Тимур-хан" (Моңғол хандардың ішінде исламды бірінші болып қабылдаған, шағатайлықтардан шыққан Туглук-Тимур-ханның өмірбаяны)
3. "Ришахат"[289] немесе Орта Азиялық заң жасаушылар мен балгерлер туралы.
4. "Абу-Муслим-Марузи"[290] – батырлар дастаны, бұған көпеген жергілікті тарихи аңыздар кіргендіктен бұл шығарманың ‖ құны жоғары.

Аталған нәрселерден тыс, мен саяхат кезінде аздаған нумизматикалық коллекция[291] жинадым, бұл туралы Ғылым академиясының "Бюллетеньдерінде" (Melanges asiatiques, IV, livrasion-ды қара) басылып шықты, жолда кездескен таужыныстарының коллекциясын, сондай-ақ Мирджей тауында, Яркендтің жанына немесе Қара-қашта өндірілетін нефриттің

---

*[260] *Моғұл-ұлысы* деп немесе *Чете* деп Шағатай үлесінің шығыс жартысы аталған; бұл үлестің хандары жазда Жоңғарияны жайлап, қысты Ақсуда, Қашғарда немесе Яркендте өткізген. «Чете моңғолдарын» моңғолдармен шатастырмаңыз, өйткен олар мұсылман болған және түркі тілінде сөйлеген (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

*[261] Орта Азияда Мұхаммедтің ұрпақтарын *қожа* деп атаған: олар рухани мұрагерлік өкілдері және халық алдында үлкен құрметке ие болған (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

бірнеше кесегін, болорлық яшмалар, мәрмәр хрусталь, Керия өзенінен құм алтынын жинадым, сонымен қатар мен сол өңірдегі жергілікті зауытардың өнімдерін және Қашғар базарында кездесетін ағылшын бұйымдарының үлгілерін алып келдім.

Міне, менің Орта Азияға саяхатымның негізгі нәтижелері осындай.

* * *

Менің саяхатым 1858 жылы[292] мамырдың 28-де басталды. Осы күні мен сол кезде Қапал қаласынан 30 шақырым жердегі Қарамола сайында тоқтап тұрған сауда керуеніне қосылдым; керуен Семей қаласынан шыққан, қоқандық және бұхаралық көпестердің бастаған керуені екен. Керуенде 8 киіз үй, 100 түйе, 65 жылқы, 34 адам қызметші және 20 000 күміс сомның тауары болды. Мен керуенде Әлімбай деген есіммен таныстым және керуенбасы аса құрметті Мұсабайдың туысы саналдым.

Мамырдың 29-да керуен жолға шықты. Тамаша ауа-райы біздің саяхатымызға жақсы жағдай жасап тұрды, біз алдымен пикеттік жолмен Алтын Емелдің пикетіне дейін Алатаудың етегіндегі керемет сұлу жерлермен жүріп отырдық. Алқаптар қызыл-сары қызғалдақтар мен көкнәр гүлдерінен алаулап тұрды, ал ақ күлқайырдың ұзын сабағына сары шымшықтар (Emberiza brunicpes) қонып алған. 25-шақырымдық жүрістен ‖ кейін керуен кеш түсіп, салқындағанда, сылдырап аққан бір өзеннің бойындағы биік теректердің немесе күміс жапырақты жиденің көлеңкесінде шатыр тігетін; жарқырап жанған оттың жан-жағында адамдар әңгіме-дүкен құрып, шуылдап, көңілді уақыт өткізетін; ал бұхаралықтар *қорқор* тартып, Хафиздің өлеңдерін жатқа оқитын. Бұл жерлерді жайлаған қырғыздар қойларын алып, бізге сауда жасауға, ал олардың рубасылары – бізден базарлық алуға келетін. Қасында көп қошеметшілері бар, салтанатпен олар керуенге келіп, "Осында ең байы кім?" деп сұрайтын. Әр шатырдың иесінің кезек-кезек бай деп аты аталатын; осылайша, кезекті бай ордалық шендерге дастархан жайып, шәй, кептірілген нан, жеміс-жидектер беретін; мұның барлығын қырғыздар қалталарына тықпыштап, базарлығын сұрап алып, тайып тұратын. Бірде керуенге *жалайыр* руының билеушісі Жанғазы сұлтанның өзі келген болатын, оның қасында ақылы кем болғандықтан Алатау аймақтық басшылар арнайы бекіткен, сондықтан қырғыз бастығы деп аталған көмекшісі жүретін. Сұлтанның оқыс мінезіне біз қатты таңқалдық. Ол қырғыздарда тек қана ерекше ресми жағдайда ғана қолданылатын семіз қаздың маң-маң басқан жүрісмен шатырға кіріп, төрге шығып, қатты бір ойға кеткендей түр жасап, үндемей отырып алды, ешкім тіл қатпады. Кенеттен

сұлтан басын көтеріп, барлығын көзімен бір шолып өтіп, "Жалайырда қой көп, Жанғазыда ой көп" деп екі шумақ өленмен тіл қатты да, пұттардың тас мүсініндей қалпына қайта түсті. Осы кезде қырғыз бастығы мен басқа қырғыздар сөйлесіп, Верный қорғанына генерал-губернатордың келгендігі туралы, оның қырғыз халқына жолдаған сөздері туралы, қандай ым-ишарат жасағандығын көрсетіп тұрып, егжей-тегжейлі айтып берді. Қырғыздар оларды "заңға" үйретуді қайта-қайта сұрады, "Әйтпесе, бізден *кордон* жұмыстарына деп бұқа, жылқыны алады, бірақ қайтарулары сирек. Ал казактар болса, өз заңдарын біледі, сондықтан бізге қысымшылық жасап, тонайды, ал олармен күресуге болмайды, – дейді олар: "царь адамы" есепте тұр, оны мерт қылсаң "тескен таудан"*[262] өтесің; еш хабарсыз жоқ болған үш казак үшін бізде үлкен шу болды: "помончик" (округ басшысының көмекшісі) пен Банушка (Ванюшка-тілмәш) қыс бойы Қараталда жатты; "сендер казактарды өлтірдіңдер", дейді, "мойындаңдар". "Ойбай, біз оларды көрген де жоқпыз!". Осы жолы губернатор: "Маған кінәлілерді тауып беріңдер, әйтпесе барлықтарыңды арқардың мүйізіндей иілдіремін" дейді, "мен найзағайдан бетер күштімін". Сұлтан осы кезде көзін әрі-бері жүгіртіп, арасында екі шумақ өленді айтып жіберіп отырды. Палау жегеннен соң, қонақтарымыз соңдарынан бізге оғаш бадам иісін қалдырып кетті.

Күзге қарай Алакөлдің оңтүстік жағалауында соғатын желге ұқсас, "*эбэ*" атты қатты солтүстік-шығыс желдері соғып тұратынымен белгілі Жақсы – Алтын Емел жолы арқылы Жоңғар Алатауын өткен соң, керуен тастақ жолға түсті. Алыстан Іле көрініп тұрды; біз осы өзен арқылы өту үшін қырғыздар ұстап тұрған өткелге бардық, сол жолы біз Қалқан тауының арасындағы құмда түнеп, жыланы, бүйесі, шаяны жыбырлаған жыраға түстік, содан біз осы түнді көпке дейін ұмыта алмадық. Түнді ұйқысыз өткізіп, таң сәріде жолға қайта шықтық.

Керуен Іле өзені арқылы, шіріген жайпақ түпті қайықпен екі күн бойы өтті. Суға жылқы жіберіп, оларға қайықты тартқызып, ал қайықшылар шелек-шелек суды қайықтан төгіп отырды. Іленің жағасында "құрбан айтты"*[263] тойлап, керуен ‖ Сөгеті, Торайғыр және Үш-Мерке өткелдері арқылы бар болғаны он жеті қонып, Қарқара жазықтығына жетті. Бұл жерде біз *айтбұзым* буынынан тараған *адбан* қырғыздарын кездестіріп, айырбас сауда жасау үшін ауыл-ауылға тарап кеттік. Бірақ қырғыздар қатты толқуда болды. Біз келердің алдында Қарқараның жағасында *қызыл-бөріктер* мен *айтбұзымдардың* арасында қанды шайқас болған екен. Содан

*[262] Қырғыздар каторгадағы жұмысты осылай атайды.
*[263] Мұсылман мейрамы

қызыл-бөріктер шағымданып, орыс шенеунігін шақыртыпты, соның келуін күтіп, егер жағымсыз шешім болса, қашуға дайын отыр екен. Дәл солай болып шықты. Тамыздың 4-де қырғыздар кенеттен көтеріле көшіп, кешке қарай Кеген мен Қаркараның жағаларында бір тірі жан қалмады, бір дыбыс та шықпады; біздің жалғыз қалған шатырларымыз меңірейіп тіршілігі тоқтап қалған қоршаған ортаға көңілсіз қарап тұрғандай болды. Біз өзімізді ыңғайсыз сезіндік. Керуенбасы мен біздің кей ақсақалдарымыз қырғыздармен айырбастаған 900 қойымыз бізге аз болады деп санағандықтан, Қара ордаға баруға шешім қабылданды. Тамыздың 6-да керуен қырғыз қоныстарына жетті. Бізде орыс үкіметін жақтап, *хорунджи* шенін алуды аңсаған *салмеке* руының басшысы Дәу*[264] аталып кеткен манап Карач қарсы алды. Оның Дәу аталуының себебі ол *дургам бұқасындай*[293] семіз болғандықтан екен. Карач ақ киізден тігілген шошақ төбе, маңдайы мен желкесінде етегі тілінген қалпақ, тік сияқты мықты жолақ қағаз матадан тігілген, біздің әскерилердің шекпендеріндей жағасы дөңгелетілген, кеудесінде жасыл түсті жібектен үш бауы бар мақталы шапан киіпті. Аяғында ебедейсіз қызыл күдеріден тігілген ағаш өкшелі етік. Оның ұлы да өзі ‖ сияқты киініпті, бірақ шапанының түсі одан да ашық және жағасы мен жеңі барқыттан. Карачтың қоштаушылары шоқпар мен найза ұстаған бірнеше алба-жұлба адамдар. Бір сары шашты найзашының үстінде тек іш киімі мен киіз шапаны, ал тағы біреуі, күннің ыстығына қарамай, жалаңаш терісіне тон, басына тері малақай киіп алыпты. Қырғыздар өте тез сөйлейді, дауыстары жіңішке, қайта-қайта насыбай атады.

Жоғарғы Кеген жазықтығының даңқы биік, мұнда қорек жетеді, өзен жағалаулары батпақты келеді, кей жерде "саз" деп аталатын түйір-түйір батпақ кездеседі, жалпы бір-біріне тіркескен тау етегіндегі үш жазықтық – Кеген, Текес және Қарқара бүкіл Жоңғария өңіріндегі қара топырағымен және қалың өскен шөбімен ерекшеленітін жерлер. Үлкен "саздың" үстінде қазір таратылып жіберілген қытайлық кеніштің жанында бұрында түрған IX дивизияның қалмақтарының киіз үйлері тұр. Біз шатырларымызды Чалкуду өзенінің жағасына құрдық; түнде қар түсті, жел үйлдеп, қыстағыдай қарлы шаңды боратты. Қатты салқындап, екі күн боран соқты, біздің қырғыздармен ара-қатынасымыз тоқтап қалды.

Үшінші күні керуенге қырғыз руларының басшылары келіп, бізді ауыл-ауылға алып кетті. Мен жолдасым Мамразықпен бірге *қыдық* атты кішкене рудың рубасшысы Борсық бидің аулына түстім.

Ауылға келген соң, біз қожайынға сәлем беруге үйіне бар-

*[264] Яғни, *Чон-Карач*

дық. Бізді киіз үйдің алдында ізетпен аттан түсіріп алып, ішке кірулерімізді сұрады. Киіз үй тесік-тесік әрі түтінмен әбден қарайған. Борсық қақ төрде, ошақтың басында, бетін есікке беріп отыр; есіктен оңға қарай бұзаудың терісінде оның кемпір әйелі, екі қызы және бірнеше қырғыз қыздар отыр. Дәл осы жерде есікке жақын қазандар, айран құйылған торсықтар, шелектер, кесе-аяқ, т.б. ыдыстар тұр. Есіктен солға қарай бір қырғыз қызыл күдері етікті қайып тігіп отыр, әр қайырған сайын ызаланып тікті тістейді, еденде жаңқалар, киіздің қалдықтары, жүн және мүжілген сүйектер шашылып жатыр. Бізді кілемнің орнына жүретін оюланған қара текеметтің үстіне отырғызды. Үй иесі құрметпен қабылдады, тек қана жиі біздің ата-бабаларымыздың мазарларын қарғай берді, бірақ, бұл әдет болып кеткендіктен болар; әйелінің аузындағы насыбай сөйлеуге кедергісін келтірмегенде ол бұдан да сыпайы, ізетті болар еді. Борсық бізге қымыз құйсын деп жарлық етті, оның әйелі ескі шапанға оралған кішкентай, бірақ толық торсықты шығарып, бірнеше ағаш тостағандарды алды. Тостағанның түбінде бұрынғы тамақтың қалдықтары болғандықтан, отағасының әйелі мен қыздары оларды саусақтарымен сүртіп, іліккендерін ауыздарына салып отырды. Борсықтың балалары (оның 9 баласы болған) бізге тостағанға құйылған қымыз алып келді. Менің тәбетім ашылып, қымызды сіміріп алдым, тостағанға цементтей қатып қалған қырғыз асының түр-түрлерінің қалдықтарына еш мән берген жоқпын. Бұл маған үлкен жаңалық болмады. 1856 жылы мен қырғыздардың ең бірінші байы жоғарғы манап Боранбайдың үйінде қонақта болдым. Біз оның үйінде кілемде отырдық, ал өзі бұхаралық көрпеде, әйелі бұзау терісінде отырды. Қымызды біз фарфор кеседен іштік, ал тұзды шай барлық ыдыс бос болмағандықтан, шойын қол жуғышта қайнатылды, жалпы үйдің жайы Борсықтың жайындай болды, дәл сондай жаңқалар, сүйектер т.б.

Қырғыздардың салақтығы әдет-ғұрыпқа сіңген және түрлі аңыздарға тиек болған. Ыдысты жууды олар, отқа түкіру, бие байлаған жіпті аттап өту т.б. сияқты күнә санайды. Олардың ойынша, ыдысты тазартқанда үйдегі бақыт, молшылық та шайылып кетеді. Олардың еркектері іш киімдерін ауыстырғанда оны әбден жыртылып біткенше киеді. [...] Қырғыздарда қайтқан кісіні жоқтағанда оның әйелі бір жыл бойы бетін жумайды, шашын тарамайды, көйлегінің киетін дымы қалмаса да ауыстырмақ түгілі шешпейді.

Буруттық бай өзінің қонақжайлығын жариялап, отарынан бізге арнайы қой алғызды. Оны көз жасына қарамастан, киіз үйдің ішінде біздің көзімізше сойып, мүшеледі, одан кейін от жағылды, үшаяқ, оның үстіне қазан қойылды, барлығы ретретімен жасалды. Қырғыздардың бейжай беттеріне жан кіріп,

отбасы мүшелері өздерінен-өздері қызғанып қазанның жанжағында бір-біріне кедергі келтіріп жыбырлай бастады, ақыры ұрысып тынды. Аш иттер қой сойған жерде жиналып, ашқарақтықпен еденді иіскей берді. Киіз үйдің іші «жұтым»*[265] аламыз деп үміттенген қырғыздарға тола бастады. Қырғыздардың әртісі балалайкада ойнап, дарылдаған даусымен «дөйт, дөйт» деп ән салды; ақыры, қазанды түсіріп, біздің алдымызға ең үстінде ең құрметті мүше – жаурын салынған қой еті таудай болып үйілген табақ тартылды. Біз етті тұзды сорпаға малып жедік.

Келесі күні таңғы шайға қарай бізге Борсық келді; түске қарай тағы келді; кешкі асымызға да ол ортақтасты. Осылайша келуді ол күнделікті әдетіне айналдырды. Одан балалары қалмайды ... Жалпы, Борсықтың әулетін тамақтандыру біздің заң бойынша міндетімізге айналғандай болды.

Қырғыздардың өздері сүтпен және мал*[266] етімен тамақтанады, *қыдықтар* өз ауылдарында сауда шатырларын бірінші рет көргенге ұқсайды. Мұны біз, Борсықтың біз келгелі кеудесін көтеріп, маңғаздана бастағанынан байқадық. Ол өзінің қарсыластарына: «Әкеңнің аузын ....! Міне менің үйімде сарттар, көпестер тұрып жатыр» – деп айтатын.

Оның үстіне, бізге жас келіншектер мен қыздар келетін; олар бізге пісірілген қой етін, шелектеп қымыз немесе айран, май-ірімшік алып келеді. Жергілікті салт бойынша, бұл үшін біз оларға сыйлық беруге тиіспіз. Менің жолдасым, аса тәрбиелі және әйел затын өте ұнататын кісі, бұған қатты қуанды. Оларға кепкен жемістер жегізіп, сиса, пүліш, королька сыйлап, оларға асақан шеберлікпен мақтау (комплимент) жаудыратын, өкінішке орай, *бурут* қыздары оны түсінбей: «Мынау не дейді?» – деп қайта-қайта сұрайды. Оның атағы алысты-жақынды ауылдардың барлығына жайылды.

Кейде кешке қожайынның қыздары менің жолдасымның шатырында отырыстар ұйымдастыратын. Бұған жастар, жас келіншектер мен қыздар жиналатын. Әйелдері бір жаққа, еркектері бір жаққа отырады. Содан ойын басталады. Қыздардың біреуі қылмыңсып орнынан тұрады да орамалымен ұрып өзіне ұнаған жігітті таңдайды. Бағы жанған жас жігіт ерекше күш және жылдамдық жаттығуларын көрсетуі немесе ән салып беруі керек. Мұның ешқайсысы да оңай емес. Ойынның мәні – пысық жігіт жеңісі үшін сыйлыққа қызбен сүйіседі, ал жеңілгенін соққыға жығып, әбден ұрғылайы. Дене жатты-

---

*[265] Қырғыздардың салты бойынша, қонақта отырған барлық кісілердің аузына өз қолымен бір жұтым ет салуы керек, өйтпесе ол әдепсіз, ұятсыз саналады (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

*[266] Қырғыздар қасқыр бауыздап кеткен немесе денесі жараланған мал етін ғана жейді. Өлген малдың етін жеуге исламда тиым салынған

ғуларынан гөрі ән салулары көбірек, бірақ бұл асып бара жатқан эстетикалық талғамның салдарынан деп айту қиын. Ән салулары былайша өтеді: әнші бір тізесімен отырып, көбіне мазмұны сүйіспеншілік туралы келетін бір әнді бастайды. Әннің әуені ерекше бір жат дауыспен айтылады. Бірінші нотаны алу қырғыздарға оңай түспейді; оның көзі қызарып, таңаулары делбеңдеп, алдымен бірнеше зорыққан төмен дауыс шығады, әншінің шамасы жетпей, кейін ғана әннің арнасына (тон)[294] түседі. Әнді аяқтаған соң, әнші орнынан тұрып, таңдаған қызбен dos б dos*[267] тіреп, үлкен қиыншылықтармен бір-біріне беттерін бұрып, сүйіседі. Жалпы, қырғыз қыздары мен жігіттерінің арасындағы қарым-қатынасында алғашқы қауымдағыдай еш имену-ұялу жоқ, мысалы қыздың әкешешесі, ағалары бұған қатал қарап, ұрысып жатпайды, ал үйленген жігіттер жолдастарының өз әйелімен жақын араласқанын қоштайды. Менің керуендік жолдастарым, бұл ғұрыпты ұстанудан қашпады, оның үстіне *бурут* қыздарының ішінде әдемілері де бар. *Буруттар*, біздің қырғыздар сияқты, азиялықтарға тән қызғаныш сезімінен алшақ болғанға ұқсайды. Мұндай шыдамдылықтың себебі – ислам пуританизмінің бұл халық ішінде жайылып үлгірмегендігі.

Буруттар өздерін мұсылманбыз деп атайды, бірақ Мұхаммедтің (Пайғамбар) кім болғандығынан бейхабар. Кісі жерлеу, үйлену тойларын олар шаман салт-ғұрыптарына сәйкес өткізеді, бірақ білімді ортаазиялық біреу немесе татар табылса, Құран оқытады. Бұл халық ішіндегі ешкім де, Ыстық көлдің жағалауындағы жайлаудан бастап Бадахшанға дейін, сауатын ашпаған деп айтуға болады. Қырғыздар қымыздан шарап жасап ішеді, *боза* жасайды, және дін адамдары азғырып, әр нәрсені сылтау етіп, мастыққа беріледі. Дәл осындай діни ұғымдар біздің Орта жүздің қырғыздарында осыдан отыз жыл бұрын болатын. Орыс үкіметі мешіттер салып, татарлардан молда тағайындады, содан татар элементтерінің ықпалымен Орта жүздік қырғыздар өздерінің дінге берілуі жағынан аударыспалы (кувыркательный) *Мевлеви* орденінің дәруіштерінен кем түспейді, бес намазды қалт жібермейді, отыз күн оразаны ұстайды, ал кейбіреулері гаремнің ішінде ешкіммен араласпай өмір сүреді. Қырғыз даласына қайсысы жақсырақ болар еді дегенге жауап беру қиын: діни төзбеушілікке тән емес бұрынғы қараңғылық, әлде соңғы 300 жыл бойы дамуға кедергі келтіріп отырған қазіргі заманғы татар білімі.

Ресейде татарлар, орыс халқының мүдделеріне ешқандай қатысы жоқ ерекше шығыс әлемін құрайды. Ұлы жүз қазір өтпелі кезеңде тұр. Татарлар ордаға түгелдей жайылып, өз

*[267] арқасын арқасына (*французша*)

ісінде жетістіктерге жетуде. Жауыздықтың нағыз үясы деп саналатын Орта Азиялық билеушілердің қол астында тұрса да, татарлардан алшақ болған сайын қырғыздардағы діни фанатизм азырақ екендігі анық. Біздің ойымызша, татар молдаларынан гөрі бұхаралық молдалар әлдеқұрлым қауіпсіз келеді.

Қара ордада, орнымызды жиі ауыстырып, көшіп отырып, қойға айырбас сауда жасап біз бір ай өткердік.

Жоғарыда айтылып кеткендей, біздің қожайынымыз қырғыз ақсүйектері – *манаптардың* қатарына жатпайтын, халық жиналыстарына қатыспайтын және өте кедей болатын. Бірақ Борсықтың жалпы рулық маңызға ие болғысы келді, және өзінің дәулетін асыру үшін қырғыз ақсүйектерінің барлығымен дерлік барымта жүргізді. Осы мақсатта ол өз ауылдарына жалпы жайлаулардан алысырақ қауіпсіз жерлерді таңдап отырды. Мен болған уақытта ол адам жетпес Мұзарт тауының шатқалдарында немесе жоғарғы Текес өзенінің батпақты жерлерінде қоныс тепті. Ол өз баспанасынан шыға қоймайтын, басқа рулар Кегеннің жалпақ жазығында ауылдарын қондырып, түгелдей жиналып Боранбай *манаптың* қайтыс болғандығына 90 күн толғандығын – үштігін салтанатты бәйге ұйымдастырып атап өткенде де бармады. Менің қожайыным өзінің тоғыз жалмауыз ұлдарымен бұл кезде жылқы ұрлап жүрді.

Менің қырғыздармен таныстығым, жоғарыда айтылғандай 1856 жылы басталды. 1855 жылы *бұғы* тайпасының жоғарғы *манабы* – Боранбай өзіне қарасты руларды бастап, оның ішінде 10 000 бас үйімен Ресей қарамағына өтті; келесі жылы көктемде, қырғыздардың өтініші бойынша, олармен жақынырақ танысу және осы тайпаға тиесілі жерлерді қағазға түсіруді сылтауратып полковник Хоментовскийдің басшылығымен казак отряды жіберілді. Бұл алғашқы орыс экспедициясы, екі айдың ішінде Ыстық көлдің солтүстік жағын қарап шықты, оның солтүстік жағалауымен Ақсу өзеніне дейінгі және оңтүстік жағалауымен Зауқы өзеніне дейінгі жерлердің картасын екі шақырымдық масштабта сызып шықтық. Экспедиция кезінде мен Боранбай ауылында болдып, бірнеше тамаша аңыз әңгіме жинап, қара қырғыздар*[268] туралы жазбамды жаздым. Кейінірек мен өзге тайпалық *буруттарды*: *сарыбагыш*, *солтулерды* кездестірдім, және ақыры осы саяхатымда сонау Қашғарға шейін *буруттардың* қоныстарымен танысып шықтым.

Қара қырғыздардың шығу тегі мен тарихы қытай және шығыс тарихын зерттеп жүрген тарихшыларға әлі де шешілмеген, дауы көп жұмбақ. Олардың көпшілігі, қазіргі қара қырғыздар өткен ғасырда жоңғарлар жаңа қоныстарға аударып жіберген Енисей қырғыздарының дәл өзі деп санай-

*[268] Бұл экспедиция туралы әңгімені «Қырғыздар туралы жазбада» және «Ыстық көл күнделігінен» қараңыз.

ды, осы себептен олар Тан әулетінің *хакастарымен* және Юань әулетінің *киликидзаларымен* теңестіріледі деп ойлайды. Рашид-Эддин өзінің Монғол тарихында қырғыздарды Бархуджин-Тукум елін мекендеген оңтүстік Сібірдің орман халқы деп санайды, оның еңбектерінде және Әбілғазының жазбаларында кездесетін қырғыздардан естіген Кем-Кемджут атауы Кем (Енисей) және Кемчук өзенін бірден еске түсіреді, бұл жерлер осы халықтың қоныстары болғанға ұқсайды. Сібірді алған кезде орыс казактары қырғыздарды Абаканда және Юста кездестіріп, олармен XVII ғасырдан XVIII ғасырдың басына дейін табан тірескен соғыс жүргізді.

Осы кезден бастап бұл халықтың атауы сібір жылнамаларынан кенет жоғалып кетеді. Фишердің ойлауы бойынша, оларды *хон-тайдзи* жоңғарлары көшірген және түрлі қауесеттердің негізінде, олардың жаңа қоныстары Тибет және Индукуш тауларының шекарасында болуы тиіс деп санайды. Г. Левшин, бұл жайтты тарихқа бірінші болып енгізген швед офицерлері дейді, және олардың жаппай көшірілуі орыс үкіметі мен жоңғар *хон-тайдзиінің* ерекше келісімінің салдарынан болған деп сендіреді. Дегенмен, қытайлықтар қара қырғыздарды *бурут* деп атайды және олар қазіргі қоныстарына, бұрын *булу* немесе *пулу* деген атпен Тан әулетінің кезінде тұрған Куэнь-Луннан көшіп келген деп айтады.

Иакинф Оңтүстік Сібірдің қырғыздарын қазіргі *буруттардан* бірінші болып айыра білді, соңғыларын ол түркі тайпасы деп, біріншіден ажырату үшін *кэргиздар* деп атады. Риттер өзінің Erdkunde von Asien еңбегінде қара қырғыз-*буруттарды* қырғыз-қайсақтармен еш негізсіз араластырып, олардың барлығын Енисей *киликидзелерінің* немесе *хакастардың* көшкен тайпалары деп жазады, ал соңғыларын, өз кезегінде, Клапорт пен Абель Ремюзаға сүйеніп, тайпалық араласудан түркі халықтарына сіңіп кеткен үндігермандық тайпаға жатқызады. Қырғыздардың орыс Сібірінен XVII ғасырдан бастап жоғалып кетуін Риттер олар көршілерінің қысымынан тайпалас *буруттар* мекендеген Шығыс Түркістанға және Иртыштың оңтүстік-шығысындағы жазықтарына қоныс аударған деп түсіндіреді, осының салдарынан, *буруттар* олардың қазіргі қоныстарын бұрыннан мекендеген халық деп санайды. Міне, қазіргі қара қырғыздардың шыққан тегі туралы сұрақ осындай шырмалған қалыпта. Осы шырмалаңнан шығу үшін, біз халық аңыздарын зерттедік және мынадай мәліметтер алдық: 1) қара қырғыз аталған халық өзін жай қырғыз деп қана атайды. Қалмақтар мен қытайлықтар берген *бурут* атауы оларға мүлдем белгісіз; 2) қырғыздар Әндіжан тауларын алғашқы отанымыз деп санайды; 3) олардың арасында Оңтүстік Сібірден көшу жайлы еш аңыз сақталмаған, дегенмен олар оңтүстіктен солтүстікке көшіп-қонып Қара Иртышқа, Алтай

мен Хангайға дейін, ал шығыста Үрімшіге дейін жайлағанбыз деп аңыз-әңгіме айтады.

Осы мәліметтердің негізінде, біз қара қырғыздар Енисей *хакастарына* немесе қытайша атауы *ки-ли-ки-цзы*, қырғыздарға бара-бар деген ойға келдік, өйткені Монғолдар кезінде өмір сүрген қытай жылнамашысы *ки-ли-ки-цзы* жергілікті халықтың тілінде қырық қыз[295] дегенді білдіреді дейді. Осы этимологияны өз атауын түсіндіргенде қырғыздар да қолданады. Бұған қоса, қырғыздар шығысқа*[269] қарай, қазіргі қоныстарына шейін өте ескі замандарда тараған, себебі 1253 жылғы Гулагу бағдарында қырғыздар (*килики-цзы*) Тянь-Шаньда кездеседі, және олардың Тянь-Шаньнан Хангайға шейін және одан бері қарай көшіп-қонулары бертін келе де жалғасқан, мұны халық аңыздары да дәлелдейді. Мұндай көшіп-қонулар тек қана Алтай мен Тянь-Шаньнің арасында ойраттардың немесе жоңғарлардың күшті тайпасы орныққанда ғана тоқтаған. Қырғыздарды Енисейден Тянь-Шаньға XVIII ғасырдың басында жоңғарлардың көшіруі орыс үкіметімен өзара келісім негізінде болған деген түгелдей дерлік ғалымдар қабылдаған пікір біз тапқан жаңа мәліметтерге[296] сүйенгенде дұрыс болмай шықты. "Тарихи-Рашиди" атты Қашғар тарихында XV ғасырдың аяғының өзінде қырғыздар (*бурутгар*) Әндіжан тауларының жанында көшіп жүргендігіне дәлел таптым, ал тарихшының заманында (шамамен 1520 жылы) олар Ыстық көлге дейін мекендеген. Сібір қырғыздарының Облыстық басқармасының Омскідегі мұражайында 1746 жылдың жазында қырғыздарды Сібірден көшіру туралы өте қызық акт бар; бұл актіде, Өскеменнен өздерін қырғыз-қалмақпыз деп атаған 12 адам әйелдерімен, балаларымен келіп, бұрын Том және Енисей қалаларының арасында Красноярск қаласына қарсы жерлерді, Ақ Юс аталған өзен жағалауын Танбын-батыр датшының бастауымен мекендегендерін, жоғарғы мәртебелі императордың қазынасына *ясакты* аң етімен төлегендерін хабарлады деген мәліметтер бар. Одан бері 50 не одан да көп жыл өтті дейді олар, қазіргі қоңтайшы Қалдан-Сереннің әкесінің кезінде үш қалмақ зайсаны: Дунар, Сандық және Чинбынь (басқа қуәліктер бойынша: Зухар, Сандық және Бенбень), 500 адам әскерімен келіп олардың қоныстарын жаулап алады, олардың өздерін бұрынғы ханы Танбын-батыр датшының баласы Чайнышпен бірге 3 000 адамның ішінде еріктен тыс, бірақ еш соғыссыз Жоңғар жеріне алып кетіп, Ургаға[5297] жібереді, сол жерде әлі күнге дейін, Қалдан-Серенге *албан*[*270] төлеп тұрып жатырмыз дейді. Айтқандай, бұл адамдардың айтуынша, олардың туыстары және басқа қырғыз-қалмақтар Сагай жазығын мекендейді

[*269] Қате, дұрысы: батысқа

[*270] *Албан* – салық түрі.

және ұлы мәртебелі император әйелдің жасағында қызмет етеді. Келесі 1747 жылы Жоңғариядан қашқан тағы екі қырғыз-қалмақ ұсталынды, олар да бұрынғылардың айтқанын дәлелдеді, және Сагай болысында екі ағайынды Харта Идаш пен Емген Мерген көшіп жүретіндігін қосып айтты. Бұл, Сібір қырғыздарының жоңғар және *урянхайлықтармен* көршілікте Монғолдармен араласып кеткендігін және жоңғарлар халықты жаппай емес тек 3 000 үйді көшіргендігін және олар жоңғарларға қосылып кеткендігін көрсетеді. Соңғылары қалмақ *нутугін* (буын) – «қырғызды» құрап, О. Иакинфтің Сібір қырғыздары Моңғол текті деген қорытынды жасауына негіз болса керек. Мұндай мәліметтерден кейін, бір ғасыр бойы Сібір қалаларына шабуыл жасап қорқынышта ұстаған, басқа көршілерімен – жоңғарлармен және алтын-хан *урянхайлықтармен* соғыс жүргізген батыр халық – Сібір қырғыздары қайда кетті деген сұрақ туады. Бұл сұраққа, олардың атауының жоғалуы, қырғыздарға салық төлеткен атақты алтын-хан *урянхайлықтарды* қазіргі уақытта орыстарға да, қытайлықтарға да салық төлеп отырғандықтан қоссалықты (двоеданцы) деп аталған екі кедей болысында күй кештірген заң негізінде болуы мүмкін деп жауап береміз. Сібір халықтары барлық жат халықтарға ерекше атау беретіндігі белгілі, Сібір қырғыздары бұрынғы жерлерінде бірақ жаңа атаумен көшіп-қонып жүр, әрине. Біз, Енисей губерниясының татар халықтарының бірі, *сагайлықтар* болуы керек, өздерін қырғыздардың тұқымымыз деп санайтындығын бір жерден оқығанбыз; Бас штабтың генералы, Муравлев мырза, жақында Алтай өңірінде саяхатта болып, Бұхтырманың жоғарғы жағында өздерін қырғызбыз деп атайтын және осында Кемнен (Енисейден) және Кемчуктен көштік деген екі болыс жайлағандығын маған хабарлаған болатын.

Ғалымдар халық ауыз әдебиетінің ескерткіштерін зерттеудің этнография үшін маңыздылығын бұрыннан байқаған болатын, оларда халықтың тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқы барлығынан бетер жақсы көрініс тапқан. Ата-бабалардан қалған мұраны құрметтеу және аңыз-әңгімелердің бай қоры Солтүстік және Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше мақтанышы болып табылады. Аңыздар қасиетті сөздер ретінде немесе ру ақсақалдарының естеліктері ретінде сақталады, мысалы заң жарғылары немесе шежіре сияқты, немесе дастан түрінде рудан руға әнші-жыраулар арқылы жеткізіліп отырған. Қазіргі уақытта қолданыстан шыққан көптеген сөздер мен тіркестер олардың ескілігін дәлелдейді. Шыңғысханның түпкі шешесі Гүлмәлика ханшайым туралы аңыз барлық татар халықтарының арасында кең жайылған. Тьерри[298] (Historie d'Attila et de ses successeurs) [оны] ғұндар мен Атилла туралы мифтың алшақтаған түрі деп санайды. Қара қырғыздардың

өздерінің қызыл тайғаннан және ханшайым мен оның 40 қыз көмекшілерінен тарағандығы туралы аңызы өте ескілердің қатарына жатады. Ежелгі Орта Азия халықтарының аңыздарының ерекшеліктерінің бірі – оларда халықтың белгілі бір жануардан шыққандығы туралы мифтің болуы. Қытай тарихында *гао-гюй* (Kao-tsche)[299], басқаша атауы *телэ* немесе *чилэ* қасқыр мен ғұндардың сұлу ханшайымынан тарағандығы туралы аңыз бар. Ғұн *шаньюйларының* (хандарының) бірінде асқан сұлу екі қызы болған екен, хан оларды қарапайым адамдарға тұрмысқа бергісі келмей, биік мұнара салғызып, адам тұрмас шөлде, «Аспан, оларды қабылдай гөр» деп айтып, қалдырады. Кіші ханшайым жалғыздықтан жалығып, бір жыл бойы күні-түні қамалдың жан жағын аралап жүрген, ақыры мұнараның түбінде апанын салған кәрі қасқырға назарын аударады; әпкесінің наразылығына қарамай, ол қасқырға күйеуге шығады*[271]. *Тюгу* (о.Иакинфтегі *дулгастықтар*) қасқырды, ал *туфандар* (тибеттіктер) – итті анамыз деп санаған. Қытайлықтар Моңғол хандарының түпкі атасы Батачи көгілдір қасқыр*[272] мен жабайы ақ кербұғыдан туған дейді (Memoires relatifs a l'Asie par Klaproth, p.204). Солтүстік Америкадағы қызыл түсті халықтардың кейбірі өздерін құндыздан, тасбақадан т.б. тарағанбыз деп санайды. Бұл мысалдар, осындай аңыздар Орта Азияда, тіпті Америкада ең ежелгі және шамасы, ең құрметті болғандығын көрсетеді. Қырғыз аңыздарының көп өзгеріске ұшырамай, өзінің алғашқы редакциясына жақын сақталғандығына, қазіргі заманғы қырғыз буынының пікірінше өте ерсі нәрселер туралы аңғырт салтанатпен әңгімелейтіндігі дәлел болады. Қыпшақтардың 99 буынының шығуы туралы аңыз өзбектер мен қайсақтарда сондай анайы түрде сақталғандықтан, оның баспаға шығуына біз күмәндіміз.

Аңыз-хикаялардың маңызды бөлігін генеалогиялық аңыздар құрайды. Осы аңыз-әңгімелер ру түрмысына негіз болады. Рулардың арасындағы қатынас олардың түпкі ата-бабаларының туыстығына байланысты. Бір рудың басқаларының алдындағы басымдылығы оның атасының туғаннан бірінші болғандығына қатысты. Мұндай аңыздар халықтың құрамы мен құрылуын көрсететіндіктен зор маңызға ие. Қайсақтардың, өзбектердің және ноғайлардың генеалогиялық кестелерінен олардың Алтын және Шағатай ордалары құлағаннан кейін құрылған түрлі түркі және моңғол тайпаларының одағы екендігін білеміз. *Буруттардың* шежіресінен бұл халықтың басым бөлігі түркі тайпасы қырғыздардан тұратындығынан, кейін екі жат бөлім қосылғандығынан хабардар боламыз. Осы жат бөлімдердің бірі

*[271] Histoire gйnйrale des Huns, des Turcs etc. par de Guignes, p.2, t.III.

*[272] *Борте-чене*, Әбілғазыда: *Бурте чино*

қыпшақ, найман және қытай руларынан тұрады; олардың қырғыз халқын құрғандығы генеалогиялық формада Қырғызбайдың ұлы тағайындаған ортақ ата-бабадан тарағандығын растауымен көрсетіледі. Басқа жат бөлім – *ішкілік*[*273], өздерін Қырғызбайдың ұлынан тарадық деп санағанымен, өзге рулар оларды мойындамайды. Үшінші бөлім нағыз қырғыздардан тұрады, олар екі қанатқа – «оңға» және «солға» бөлінген. Олар қазіргі буынында бірнеше кішкене буындарға бөлінеді, олар өз кезегінде әрі қарай бөліне береді.

Аңыз-хикаялардың үшінші түрі – ноғай жырлары[300]. Олар қайсақтарда, өзбектерде, ноғайларда және қырғыздарда кездеседі. Алғашында Орта Азияны мекендеген түркі және Моңғол тектес, татар тілінде сөйлеген барлық көшпелі тайпалар ноғай аталғанға ұқсайды, дәл осылай Моңғол тілінде сөйлеген көшпелілер қалмақ аталған. Ноғай жырлары XIV ғасырдың аяғына, XV және XVI ғасырларға жатады. Хикаялар дастан түрінде жазылған және үйқасты өлең түрінде әндетіліп айтылады, сондықтан халық ауыз әдебиетінің саласына жатады. Олар халық рухын, ұғымдарын, дәстүрлерін, мінез-құлқын, өмір салтын тамаша бейнелейді, сондай-ақ филологиялық жағынан көрнекті, тарихи құндылықтан да кенде емес. Өздерін Алтын және Шағатай ордаларынан тарататын қайсақ, өзбек және ноғай халықтарында ордалық батырлар: Едіге, Ер-Көкше, Орақ, Шора т.б. туралы бірнеше поэзиялық дастандар сақталған. Бұлар – тарихи тұлғалар. Едіге Темірланның әскербасыларының бірі болған, Темір-Кутлуктың кезінде Алтын Орданың зынданында болған, Ворскле кезінде Витовты жеңгендігімен тарихта белгілі. Орақ аңыз бойынша, оның ұрпағы, орыс тұтқынында болып, орыс княжнасына үйленген (бұған тарихи куәлік тапқан жоқпыз). Ер-Көкшеның аты Никон жылнамасында 1423 жылы Куидадат[*274] ханының *одойларға* шабуыл жасауы туралы жазбада аталған. «Сол жолы татар батыры Көкше де мерт болды, оның денесі де, күші де зор болды». Шора – қоршауда қалған Қазанға көмекке барған татар жауынгері. Оның аты Қазан жылнамасында сақталған. Бұл дастандар біздің көшпелілердің ата-баба мұраларын қалай құрметтейтіндігін және сақтайтындығын көрсетеді. Өлеңмен жазылған хикаялар қоныстардың көршілестігінен және тілдерінің ұқсастығынан бір халықтан басқасына ауыздан ауызға өткен, сондықтан оларды айыра білу керек. Г. Ходзько[301] Едіге жырынан үзінділерді түркімендерден естіген, ал түркімендер оны қайсақтардан немесе ноғайлардан алған, сол сияқты олардың классикалық қарақшысы Көр-Оғлы қайсақ жырауларына белгілі. Азияда көшіп жүрген аңыздар, хикаялар

*273 *Ішкілік* – оңтүстік қырғыздардың тайпалық бірлестігі.
*274 Яғни, *Құдайдат*

мен дастандар өте көп. Академик Кастрен Лапландияда және карель халқының аузынан халықтық ерекшеліктерін сәйкес өзгертілген Одиссеядан циклоп Полифем туралы мифті естіген болатын. Бұл миф Қырғыз даласында да белгілі. Циклоп адам етін жейтін дәу – алып деп аталып, Одиссейдің рөлі қырғыз батыры Батыр-ханға берілген.

Қара қырғыздардың ноғай жырларының қатарындағы бір ғана жыры бар, ол – «Манас». «Манас» бір уақытқа келтірілген және бір ғана тұлға – батыр Манастың маңына топталған барлық қырғыз мифтарының, ертегілерінің, аңыз-хикаяларының жиынтығы. Бұл жазық далалық Иллиада тәрізді. Қырғыздардың өмір салты, дәстүрі, мінез-құлқы, географиясы, діни және медициналық білімі осы үлкен эпопеяда көрінісін тапқан. Біздің ойымызша, бұл поэмаға қосымшалар қосылған және өзгертулер қазіргі заманда жасалған. Шамасы, оның проза күйіндегі *жумуктардан* (ертегілерден) бір тұтас *ырға* айналдыру соңғы уақытта жүзеге асырылған болуы тиіс. «Маната» тұтас түрдегі жеке-жеке көптеген эпизодтар бар. «Саметей» атты басқа дастан «Манастың» жалғасы болып табылады, және ол – *буруттық* Одиссея. Қырғыздар «Манасты» тыңдап шығуға үш түн де жеткіліксіз дейді, «*Саметейді*» тыңдауға да дәл сондай уақыт керек дейді, бұл асыра айтқан болуы керек. Поэманың басты кейіпкері батыр Манас, Йақубтың ұлы, алдымен Шудан Таласқа дейін ноғайлардың билеушісі, ал поэманың кей жерінде әндіжандық*[275], кейде самарқандық сарт*[276] деп аталады. Шығу тегі бойынша Манас ақсүйектер (яғни Шыңғысхан ұрпақтары) қатарына жатпайды, бірақ оның күші хандардан кем түспейді. Оның әкесі Йақуб: «Мен Шудан Таласқа аты шыққан жас Манастың әкесімін, хан емеспін, бірақ ханнан кем емеспін, мен хан Йақубпын» дейді. Манас қаһарлы да сезімтал дала жігіті қылып көрсетілген. Оның мінезі поэмада былайша суреттеледі: «Ол [Манас] Әндіжанда жартылай піскен нанды жеп және Әндіжанның жасыл алмасын кеміріп әбден семірді, 12 жасында садақтан оқ атты, 13 жасында қолына найза ұстап, жауларын жеңді, ер үстінен балаларды алып кетті, қырмызыдай қызыл қыздарды ұрлады, ер жүрек батырларды «көкелетті» (қырғыздардың ауырсынғанда айғайлап айтатыны), 14 жасында шатқалда жатқан ауылдарды тонап, биік таулар арқылы жаулардың табындарын қуып кетті, 15 жасында сан жетпес халықтың билеушісі болды. Тұлғасы биік Манастың қасы

*[275] *Әндіжан* – Қоқан хандығындағы қала. XII ғасырда бұл жерде Ферғана аймағының астанасы болған (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

*[276] *Сарт* деп ортаазиялық көшпенділер парсы тектес тәжік халқын атаған (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

көтеріңкі, түсі салқын, қаны қара; бірақ денесі ақ, қарны шұбар, арқасы көк. Ер Манас кімге ұқсайды? Ол жүні тікірейген көкжал қасқырға ұқсайды». Ашуланғанда Манас одан да қорқынышты. Оның сақалы мен мұрты тік тұрады, көзінен от, аузынан жалын шығады, оның тал бойы *алачугтей* үрлене бастайды (қырғыздар көш-қонға ыңғайлы киіз үйлерді осылай атайды; ал қайсақтар *джуламейки* дейді, орыс сөзі «лачуга» осыдан шыққан).

Поэма жас Манастың әкесін Қараханның қызы Ханікейге құда түс деп жібергенінен басталады, қыздың «беті аппақ қардай, бетінің ұшы албыртып, қарға тамған қандай». Бұл ханшайым 15 жасқа толыпты, шашы тілерсегіне түсіпті, иісі жұпар, тісі інжу».

Манастың әкесі Йақуб ұлына қалыңдық іздеймін деп, ұзақ жол жүреді, «аты ырғайдай*[277], биті торғайдай» болыпты. Ақыры ол керек ауылға жетіп, хан оның сөзін қабыл алмайды: «Менің қызыма хан баласы сай, ал сенің ұлыңа – қарапайым би қызы жарайды» – дейді хан. Манас соғыс бастап, хан қызын күшпен алады. Бұл бөлімде Манастың әрекеті әдептен тыс шығады, ол өзінің әкесін тонап, шал Йақуб пен кемпір-шешесін тақырға отырғызып кетеді. Келесі бөлімдерде біз оны әлсіздерді жақтаған, қалмақтармен соғысқан және Жоңғарияның ішкері жерлерінде ерлік көрсеткен батыр ретінде білеміз. Қырғыздардың айтуынша, Үрімшінің жанындағы Манас қаласы мен осы атты жоғарғы Иртыштағы сай осы батырдың атымен аталған.

Кукотай-ханның *үшін* беру туралы хикая «Манастағы» ең тамаша бөлім болып табылады. Бұл хикаяда, ноғай ханы Кукотайдың баласы Бук-Мурун әкесінің *үшін* беруге Ыстық көлдің маңынан көшіп, Қара Иртышқа, Алтайға және Хинганға Моңғол ханы Джулайдың қол астына барады. Асқа келген Манас және басқа да мұсылман көшпелілер көпірлердің қысымына шыдамай, төбелес шығарады. Содан соғыс басталады. Манас Джулай ханды жеңіп, мерт қылады. Қытай батыры Қоңырбай да оның қолынан сол соғыста қаза табады. Кейінірек Манастың өзі Моңғол ханы Наз-Қарының қолынан ажал құшады. Манастың ұлы Саметейдің әкесінің өлімі үшін кек қайтаруы қырғыздардың екінші эпопеясында әңгімеленеді.

«Манас» поэмасының эпизодтарының бірін, атап айтқанда Кукотай-ханның асын мен қырғыз жырауының аузынан жазып алдым. Бұл қағаз бетіне түсірілген бірінші қырғыз сөзі болуы тиіс. Мен қырғыз поэзиясының осы шығармасын аударумен айналысып жүрмін, және шығыстанушыларды осы күнге дейін белгісіз болған тіл диалектісімен таныстыру мақсатында кішкентай сөздік жасамақшымын.

---

*[277] *Ырғай* – пальма сияқты берік және қатты ағаш (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

Қара қырғыздардың тілі түркі тектес, Кіші Бұхарада қолданылатын ауызекі тілге басқалардан гөрі жақынырақ. Бұл тілде араб және парсы тілінен келген сөздер өте аз, тіпті жоқ деп айтуға болады, оның орнына Моңғол және ескі түркі сөздері көптеп кездеседі.

Қырғыздар туралы әңгімемізді тамамдай келе, бұл халықтың қазіргі уақытта қалай таралғандығы туралы, оның негізгі буындары туралы және олардың саяси тәуелсіздігінің деңгейі туралы біраз сөз айтып кетейін.

Қара қырғыздардың ордасы екі қанатқа бөлінген: «оң» және «сол», бұл Монғолдардың «*борангар*» және «*жоңгар*» дегеніне сәйкес келеді. Оң қанат екіге: *адгэнеге* және *тагайга* бөлінеді. *Тагай* ең көп тараған бөлім. Оған бір-біріне туыс, бірақ арасында қастастығы бітпейтін *сарыбагыш*, *бүгы*, *солту*, *саяқ*, *черик*, *чонбагыш* және *бассыз*, барлығы жеті ру кіреді. *Бүгы* 1855 жылдан бері орыс бодандығына өткен; оларды 11 [мың] бас үй (кибитка) құрайды. *Бүгылықтар* Ыстық көлдің оңтүстік жағалауында егін егеді, ал жазда Текес пен Кегеннің жоғарғы жақтарында көшіп жүреді. Ал 10 [мың] жетерлік үйлі *сарыбагыштар* Шу өзенінің бойын және Ыстық көлдің шығыс жағалауын қоныстайды. *Солту*, ең жауыз ру, 15 [мың] үйге жетерлік, Талас пен Шудың бойын, қоқандтық қамал Пішпектің маңын жайлайды. Саяқтар Нарынның өзенінің бас жағын және Джумгалды мекендеген; *черіктер* – Ыстық көлден оңтүстікке қарай Тянь-Шань бөктерлерін; *чонбагыштар* Қашғардан солтүстік-батысқа қарай тауды асып, қоныстарын тепкен. Соңғы екі ру өте кедей. *Тагай* буынынан тараған өзге рулар Наманғаннан сол[түстікке] қарай тауларды, Әндіжанның маңын және Джумгал өзенінің бас жағын мекендейді.

Адгэне қырғыздары Маргелан және Ош қалаларының жанында Ферғана жазығында егін егеді, ал жазды Оштан Қоқанға дейін тауларда өткізеді. Бұл қырғыздар өзбектермен бірдей құқықтарға ие, Қоқан әскерінде сипай ретінде қызмет өтейді, олардың рубасылары хан сарайы мен әскерде маңызды лауазымдарға ие болады. Қазіргі Қоқан уәзірі Әлімбек-*датқа* – осы рудан шыққан қырғыз биі; ол өзінің қырғыздарымен қазіргі хан Маллаға Қоқанды басып алуға көмек берген.

Сол қанат Талас бойында көшіп жүрген кішкене үш тайпадан тұрады. Олардың рубасылары шешелері қырғыз болған Қоқан хандарына туыс болып келеді. Наймандар, қыпшақтар және қытай – қырғыз халқына кейіннен қосылған тайпалар, Оштан Памир үстірті бойынша Бадахшанға дейін, одан әрі Қарақорым тізбектеріне дейін көшіп жүреді; олармен бірге *ішкіліктер* мен *адгэне* тайпасының кейбір рулары бірге жүреді. Орыс боданындағы *бугудан* және Қашғардағы Ташмалық қаласының маңын мекендеген торайғыр-қыпшақтардан басқа қырғыздардың барлығы Қытайға тікелей бағынышты, Қоқан хан-

дығының билігін мойындап, 100 жылқыдан біреуін зекетке беріп тұрады. Қырғыздарды басқару үшін қоқандықтар олардың қоныстарында қамалдар салған: Шу өзені бойында Пішпек, Тоқмақ, Мерке, және Талас өзенінде Әулие-Ата (ежелгі Тараз), Нарын өзенінде Құртқа және Тоғызтарау, Джумгал өзені бойында Кетментупе және Джумгал, Памирде Бустантерек және Ташқорған.

Тамыз айының соңғы күндері Қашғар көпестері ордадағы жұмыстарын аяқтап, қайтар жолға жинала бастады. Қырғыз достарымыз бізге қашғарлықтарға қосылыңдар деп кеңес берді, өйткені адамы аз керуен үшін жол қауіпті дейді. Үшқақпаққа өтетін Текес өзенінің жағалауы жиналу орны болып бекітілді. Қыркүйектің 27-не қарай бұл жерге 60 шатырдай, немесе керуен тілімен айтқанда 60 оттай жиналды. Керуен ақсақалдары Қашғарға қай жолмен бару керектігін кеңесіп жатқан кезде – жолдың бірнешеуі бар, біздің алғашқы жоспарымызды бұзған бір жағдай болды. Пішпектен *бугулықтардан* зекет жинауға жіберілген (*бугулықтар* орыс бодандығында болғанымен, қоқандықтардан да, қытайлықтардан да алшақтамайды) Қоқандық жүзбасы керуенге алты жауынгерімен келіп, олардан салық төлеуді талап етті. Оған бұл не салық және не үшін? деген сұрақ қойылды. Жүзбасы ренжіп, 300 қойды бөліп алып, тауға қарай айдап, олжасын бір ерекше мереймен күзете бастады.

Қытайлықтарға қарсы көтерілісте төбелеске әбден үйренген қашғарлықтар қолдарына найза ұстап, қоқандық жауынгерлерге бас салды және көзді ашып-жұмғанша аттарынан құлатып түсіріп, жауынгерлерді соққылағандары сондай, шайқас алаңында бір қоқандық демін зорға алып қалды. Қырғыздар ташкенттіктердің кегінен қорыққандықтан, қашғарлықтарға жаралы жауынгердің хал-жағдайы жақсарғанша оларды жібермейтіндіктері туралы хабарлады. Біз бұл төбелеске қатыскан жоқпыз, сондықтан татарлармен және бұған қатысы жоқ бірнеше қашғарлықтармен жолға шықтық, әрі тауда қар түсе бастағандықтан асығыста болдық. Біздің біріккен керуеніміз он оттан тұрды және адам саны 60-қа жетті. Текестің шыңдарынан екі түнде біз Темірлан туралы аңыздардан белгілі жазық бетті үстірт Санташ тау өткелінен өттік, одан кейін Қызылқияның аласа таулары арқылы Жырғалаң өзенінің жазығына шықтық; бұл түннен кейін жартылай жалаңаш *бурутмар* егін алқаптарында тер төгіп жатқан жазық құнарлы Теріскей даласына жол жүрдік. Жетіоғыз өзенінің бойында біз ескі танысымыз Борсықты кездестірдік, ол мұнда өз *қыдықтарымен* астық жинауға келген екен, сондай-ақ сол рудан шыққан Самсалы биге және атақты бұзық Жанетке бағынышты бірнеше ауылдарды да кездестірдік. Борсықтың ауылдарымен қоштасып, оның өзін қорғаушы ретінде алып, біз Зауқы шат-

қалына түстік. Дегенмен, Борсықтың бізбен болғандығы бізді қырғыздардың шабуылынан сақтамады. 11-ші күні, керуен, Семенов мырза табиғи баррикада деп тауып айтқан жартастардың сынықтар басып қалған тар шатқалмен көтеріліп келе жатқанда, біздің артымыздан кенет құлақ жарған айғай естіліп, бірнеше желбіреген ту көрінді. Біз қорғануға дайындалып, осы баррикадаларға мықтап орнығып әрең үлгердік, 70 адам қырғыз шабуылын бастап жіберді. Өздерінің бастарын сауғалаған біздің жолдастарымыз түйелердің артына тығылып, көзімізге көрінбеді. Біздің қызметшілер орнықты тұрғандықтан және жақсы қарулары болғандықтан, *буруттарға* тойтарыс берді және олардың басшыларының біреуін тұтқынға түсірді. Ақыры іс екі жақтан да жараланумен және тұтқындарды айырбастаумен аяқталды. Бізді қорғауға ілескен құрметті Борсық өзінің масқара болғандығын сезініп, біз уәделескен сыйлықты алмастан, жасырын кетіп қалды. Мен Зауқы шатқалы туралы көп айтпайын, оны П.П. Семенов тамаша суреттеген. Зауқы шатқалын оған құятын Зауқы өзені, Зауқышақ, Кашкаат және Дунгурем*[278] өзеншелерінен пайда болған, олардың ағымдары өткелдер да жасайды. Осылайша, алдымен жол үлкен өзеннің ағысымен жүреді, кейінірек бірнеше бағыттарға бұрылып кетеді. П.П. Семеновтың ойынша, ол Кашка өзенінің бойымен көтерілген, ал біздің керуен Зауқының өзімен жүріп отырды. Дунгурен өзені келіп құйғаннан кейін Зауқы өткелі тарылып, екі альпілік көлдермен терасса құрайды. Жартастардың сынықтары жолдың әр жерінде үйіліп, бітеп тастаған. Шатқал биіктігі 800 сажын жоғарыға күрт көтеріліп аяқталады. Ол жерде жайылып жатқан түрлі жануарлардың қаңқалары одан көтерілудің қандай қиын екендігін көрсеткендей. Мұның барлығы Семенов мырзаның айтқанына сайма-сай келеді, сондықтан мен оның жанында жергілікті қостаушылар болмаса, біздің саяхатшы Зауқы өткелін Қашқатамен шатастырмады ма екен деген ойдамын. Керуен бір күннің ішінде жоғары көтеріле алмады, сондықтан оның бір бөлігі Зауқы өткелін тамамдайтын батпақты үстіртте, ал қалғаны төменде бұрынғы орында түнеп қалды. Толассыз жауған қар көтерілуімізге көп кедергі келтірді. Жүк тиеген аттар мен әсіресе, түйелер су болған тастардың үстінде тайғанап, жүріп келе жатқан жерінен жиі-жиі төменге құлдырай құлап, тауды жаңғыртап жатты. Осылайша бес түйеміз бен екі атымыз мерт болды. Менің жолаушыларым тұнжырып қалды. Әрқайсысы өзінің жүк тиеген жануарын қалай жоғары алып шығамын деген ойға батты. Мал айдаушылардың айғайлары, балағат

*[278] Семенов мырза бұл өзен туралы білмеген, бұл жайт оның Риттер Азиясының II томына қатысты 16 беттегі ескертпесінен байқалады (*Ш.Уәлихановтың ескертпесі*)

сөздері мен қарғыстары, Аллаға, Бахауддинге, Аппақ-қожаға, тағы да басқа мұсылман әулиелеріне [бағышталған] жалбарыныштар айналадағы таулардың қарлы шыңдарын жаңғыртып жатты [...]*279.

Оқуға арналған мақаланың көлемі дәл қазір менің саяхатымның екінші бөліміне өтуге мүмкіндік бермейді, дегенмен, егер менің әңгімем менің қымбатты жолдастарымның назарына іліккен болса, Азияның аса танылмаған ішкі бөлігіне жасаған саяхатымнан алған әсерлеріммен Қоғамның келесі отырыстарының бірінде бөлісуді борышым деп санаймын.

*279 Қарқарадан Зауқы өткеліне дейінгі бағыт бұл жерден алынып тасталды. Ол «Қашғарға барар жол мен Алтай аймағына қайтар жолды суреттеу» бөлімінде тиянақты келтірілген.

ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

[1] УШЖ 1962 ж. 2 т. 167-175 бб. бойынша басылған. Қолжазбасы ҒАМ (СССР Ғылым Академиясы мұрағатында) (23 қ., 1 тіркеу (опись), 10 іс, 42-44 бб., 152 іс, 1-5 бб.) сақталған. Ш. Уәлихановтың Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Г.Х. Гасфортқа жазған үш хатының алғашқы (черновой) жобалары. 1858 ж. сәуір-мамыр айларында жазылған.

[2] *Гутковский Карл Казимирович* (1815-1867) – терең білімді офицер, Ш. Уәлихановтың жақын жолдасы, ұзақ уақыт сібір қырғыздары аймағы әскери губернаторының орынбасары болған.

[3] *Йақуб Жанқулов* – түбі Қоқаннан шыққан, саудагерлікпен айналысқан. Қоқан ханының көріне ұшырағаннан кейін Құлжаға көшіп, Ресеймен сауда-саттық жүргізген.

[4] Бұл жерде Верный (Алматы) қамалының негізін салушы, жоғары білімді офицер, М.Ю. Лермонтовтың Москва университетіндегі жолдасы – майор М.Д. Перемышльский туралы айтылып отыр.

[5] *Әлішер датқа* – қоқандағы Пішпек қамалының (Фрунзе қ.) әмірі, Ш. Уәлихановтың танысы.

[6] Абақумов С. – Ұлы жүз қазақтары мен Алатау өңірінің жасауылы (приставы).

[7] *Бурамбай (Боранбай)* – Бекмұраттың ұлы, қырғыздардың *бүгы* руының жоғарғы манабы. Оның қыстағы мен шабындық жерлері Теріскей-Алатаудың етегінде, Зауқы (Жууқу) шатқалына қарама-қарсы жерлерде болған.

[8] *Файзолла Ногаев* – Батыс Қазақстанда, кейін Жетісуда аудармашы және ішкі саясат мәселелері бойынша кеңесші ретінде ұзақ уақыт қызмет еткен қазандық татар; Бұхараға шыққан Негри елшілігіне (1824) қатысқан.

[9] Бұл жерде қырғыздың *сарыбағыш* және *бүгы* тайпалары арасындағы руаралық тартыстар туралы.

[10] *Бұрхан ад-дин* – XVIII ғ. Шығыс Түркістандағы тәуелсіздік үшін күрес басшыларының бірі.

[11] *Сали-қожа* – Қашғарияның тәуелсіздігі үшін күресті басқарушылардың бірі – Сарымсақ-қожаның атының қытайша айтылуы.

[12] Шығыс Түркістан мұсылмандарының екіге бөлінуі XVI ғасырдың ортасында болған.

[13] *Тәуекел қожа* – көтерілісті басқарған жеті қожаның бірі. Қаш-

ғарды алу барысында ол «Батыр-басы» лақабымен әскер басқарған. Алтышахарды тәуелсіз деп жариялағаннан кейін Ақсу қаласының әмірі болып тағайындалған.

[14] *Жеті қожа көтерілісі* – қашғарлықтардың Аппақ-қожа әулетінен шыққан жеті қожа басқарған көтеріліс. 1847 ж. болған бұл көтеріліске қырғыздар да қатысқан; көтерілісшілер Қашғарды алып, Иманхан-төре билігімен тәуелсіз иелік жариялаған. Көп ұзамай Циндар көтерілісті басып, қашғарлықтар тағы колониалды езгіде қалды.

[15] *Белек, қыдық, желден* – қырғыздың бұғы тайпасының рулары. Олар Ыстық көл қырғыздарына жатады. Олардың рубасысы Боранбай Бекмұратов 1855 жылы алғашқылардың бірі болып Ресей бодандығына енген.

[16] *Салмеке* – бұғы тайпасының руы; оның рубасысы манап Шон-Қараш Рахметов болған (II Қашғар күнделігінің түсіндірмесін қараңыз).

[17] *Түтек* – өте биік жерлерде ауаның сиреп, оттегінің жетіспеуінен болатын тұншығу.

[18] *Албасты* – қазақ, қырғыздардың түсінігі бойыша адамға әр түрлі қастандық жасайтын жауыз рух, арамза әйел. Тау ауруы да оның кесірінен делінеді.

[19] *Бұрхандар* – әр түрлі материалдан жасалған пұд тәңірлерінің мүсіндері.

[20] Киіз жамылғы – *кебенек* қазақтың ежелден бері келе жатқан киімі, оны ақ түсті тығыз иленген жұқа киізден тігеді, кең де ұзын жамылғы жауын мен қардан жақсы қорғаған. Кебенекті ертеде негізінен сарбаздар киген. Осыдан барып қазақтың "кебін киген келмейді, кебенек киген келеді" деген мақалы шыққан. XX ғ. басында кебенек бірте-бірте қазақ түрмысынан шыға бастаған.

[21] *Бүгін Мамай мен Измаилды хат беріп алдыға ақсақалға жібердік* – бұл жерде қоқандық ақсақал Насыр ад-дин датқаны айтып түр.

[22] *Абдулла-хан II* (1557–1598) – Шайбани әулетінен шыққан өзбек ханы. Ол Бұхараны өз астанасы етіп, Орта Азиялық жеке иеліктерді біріктіріп орталықтанған мемлекеттік билік орнатпақшы болған. Оның тұсында Хорезм, Балх, Бадахшан, Ферғана мен Ташкент біріккен. Үлкен суландыру жүйелері, көпірлер, керуен-сарайлар мен көптеген *сардоба* – керуен жолдарындағы су сақтаушы құдықтар, осы күнге дейін орындары Бұхара, Самарқанд пен Мешһед қалаларында сақталған қоғамдық және діни ғимараттардың салынуы Абдулла ханның атымен байланысты. Абдулла хан II қолөнер, сауда, сәулетшілік пен әдебиеттің дамуын қолдап отырған. Оның билігі тұсында Орта Азияның Орыс мемлекеті, Таяу Шығыс және Үндістанмен сауда-саттық және саяси қарым-қатынастары күшейген.

[23] *Елбегі* – 1831 жылы қоқандық Мадали хан Ош, Нарын және Тяньшань қырғыздары арасына, өзінің саяси резиденті ретінде тағайындаған ерекше шенеунік. Елбегі қырғыз ауылдарында тұрып, көбіне түрғындар үстінен бақылаушы қызметін атқарған, сот істерінде дөнекерлік жасап, кінәлі жақтан әндіжандық наместник

пайдасына айып жинаған және де ханның басқа да тапсырмаларын орындаған.

[24] *Бәйбіше* тауының атауын Ш. Уәлиханов әйелдердің бас орамалы – *күндікпен* байланыстырады, өйткені *күндік* басын қар басқан тауға ұқсайды.

[25] *Әлімбек-датқа* – XIX ғ. Қоқан хандығына тәуелді болған оңтүстік қырғыздары рубасыларының бірі. Ол өз руымен (*адыгине*) 1858 ж., нәтижесінде Қоқан билігіне Малла-хан келген оқиғаларға белсенді қатысқан. Шах-Мұрад тұсында (1862 ж.) бас уәзір қызметін атқарған; 1863 ж. кезекті сарай төңкерісінде өзінің қарсыласы – Әлімқұл қыпшақтың қолынан қаза тапқан.

[26] *Батыр-басы* – аймақтық билеушінің әскери көмекшісі. Әлімбек-датқа оның көмекшісі болған.

[27] *Мамразық* (Мұхаммад Разық) – Құртқа қамалының комендан-ты.

[28] *Пансат* (пансад-баши, парсы-түркілік тіркес "бес жүздік басы") – XIX ғ. Қоқан хандығы мен Қашғардағы әскери және әкімшілік шен, ол уәлайаттың наместнигіне немесе аймақтық билеушіге бағынатын болған.

[29] *Бунчук* – Шыңғысхан, Тимур және басқа да Орта Азиялық билеушілердің атты әскерінің соғыс жалауы болған ұзын таяққа қыс-тырылған жылқы қылы.

[30] *Мадали хан* (Мұхаммад 'Али хан) (1822–1842) – Қоқан ханы 'Омар ханның ұлы. Оның тұсында Қоқан хандығына Қаратегін, Ку-ляб пен Дарбаз таулы иеліктері қосылған; Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздар да Қоқан билігін мойындаған.

XIX ғ. 20 жылдарының соңынан Қоқан билігі Қашғарияда да күшейген. Шығыс Түркістан қалаларында сауда уәкілділігі ашылып, Қоқан хандығы ақсақалы сауда керуендерінен салық жинаудан тыс, уәкілдік қызметі де болған. Мадали хан өзінің қашғарлық қожаларға жақтасуымен белгілі болған, 1830 ж. ол қожаларға Қытайға қарсы соғыста әскер берген. Оны Бұхар ханы Насрулла өлтірген.

[31] *Қыпшақтардың биліктен кетуі* – Қыпшақтар XIX ғ. екінші жартысында Ферғана жазықтығындағы негізгі әрі көпсанды тайпалық одақтың бірі. Алтын Орданың түрғындарының басым бөлігі олардың ата-бабалары болған. Қыпшақтардың бір бөлігі әр кезеңдерде төменгі Сыр мен Торғай өлкесінен Ферғанаға көшіп келген.

XIX ғ. ортасында олар Қоқан хандығының ең мықты сарбаздары болған. Қыпшақ рубасыларының бірі – Мұсылманқұл Қоқанның Бұхарамен соғысы кезінде әскери қолбасшыға дейін көтерілген. 1844 ж. қыпшақ қолы көтеріліп хандықтың астанасы – Қоқанды басып алған. 1845 ж. Шир-'Алидің қазасынан кейін Мұсылманқұл жасөспірім Худайар ханның жанындағы регенті болған, шындығында хандықтың билеушісі болған. Барлық азаматтық және әскери қызметтердің барлығында қыпшақтар отырады, алайда олардың билігі ұзаққа созылмады. Көп ұзамай қыпшақтарға қарсы ферғаналық жер өңдеушілер көтеріліп, оларды күйрете жеңіп, жерлерді тартып алады.

Қыпшақтардың қолбасшысы Мұсылманқұл 1852 жылы қазаға тартылады.

[32] Қолжазба нұсқасы Архив ВГО (разряд 65, оп. 1, д. 72, лл. 1-29).

[33] *Мұхаммед-Разық Пирназаров* (Берназаров) – Қашғарияға керуен құрамында барған саудагер. Елге қайтқан соң Шоқан Уәлихановтың ұсынуымен Владимир лентасындағы алтын медальмен марапатталған. (ЦГВИА, ф. 447, д. 4, л. 294).

[34] *Мұсабай Тохтабаев* – керуенбасы. Саяхат барысында көрсеткен жанкештілігі мен ерлігі үшін, хорунжий шені берілген. Кейін ол Станислав лентасындағы алтын медальмен марапатталған.

[35] *Шоң-Қараш* – қырғыздың беделді манапы, Ш. Уәлихановтың Қашғарға сапарында бірге болған, керуенді тонаудан құтқарған. Көмегі мен атқарған еңбегі үшін хорунжий шені берілген.

[36] *Аям* – ораза-айт немесе құрбан-айт мейрамдарының алдындағы күндер.

[37] *Үлкен аям* – немесе *барат* кеші, *шағбан* айының он бесінші күні.

[38] *Науруз* – жаңа жыл ақпандағы жаңа ай тууымен басталып үш күн тойланады. Туған-туысқандарын аралап құттықтайды, ас береді. Базарларда алтыбақан құрылып, халық жиналып, ән-күй орындап, өлең айтып, би билейді.

[39] *Ақсақал* – Шығыс Түркістандағы әкімшілік-шаруашылық істермен айналысатын сайланбалы басшы. Сонымен қатар ол түрғындардан салық жинайтын болған.

[40] *Шар мен тауыс қауырсын тақкан бас киім* – Қытай үкіметінің бесінші дәрежелі шенеунігіне беретін ерекше белгісі.

[41] *Татарша бас киім* – елтірімен жиектелген шошақ бас киім.

[42] Архив ВПР (ф. IV–2, д. 8, лл. 156–196); ААН (ф. 23, оп. I, д. 20, лл. 117–164).

[43] *Алатау басшылығы* – Алатау округын патша үкіметі 1848 ж. Ұлы жүздің қазақтары мен XIX ғасырдың ортасында Ресей қоластына енген қырғыздарды басқарып түруы үшін құрған. 1854 жылға дейін, яғни Верный қаласын (кейіннен Алматы) салғанға дейін, Алатау округының орталығы Қапал қаласы болған.

[44] *Парванашы* (*парвана* – үкім деген парсы сөзінен) – әскери дәреже, генерал дәрежесіне сай келеді, ортаазиялық хандықтардағы жоғарғы дәрежелі шендердің бірі. Тимурдың ұлы Шахрухтың (1404-1447 жж.) тұсынан бастап берілетін болған. Бұрындары парванашының міндетіне хан жарлықтарын тапсыру кіретін болған, кейіннен ол әскери сипаттағы күрделі саяси тапсырмаларды орындайтын болған. Қоқан хандығында парванашы – уәлайаттың билеушісі.

[45] *Чигу қаласы* (Қызыл дала) – үйсін гуньмосының (билеуші) астанасы.

[46] "Жоңғария очерктерінде" Ш. Уәлиханов Қашғарда сатып алған кітаптар мен қолжазбаларды толық сипаттайды.

[47] *Ғұлама ахундар* – Бұхарадағы ең жоғарғы мұсылман ғұламала-

рының атағы, олар мүфтилер берген пәтуаны бекітетін болған, ғұламалар бекітпеген пәтуа заңды күш алмаған.

[48] *Бектер* – Қытай үкіметінің жергілікті жоғарғы таптан қойған шенеуніктері, хакімбектен – ірі қалалар, аймақ әкімі, онбегіге – он шаруашылық басқарушыларына дейін.

[49] *Хұдайар хан* – (Сайиид Мұхаммад Хұдайар хан, 1844 жылдан 1875 ж. дейін үзіліс салып билік еткен) – Минг династиясынан қоқандық хан, Шералы ханның ұлы. 1858 ж. Малла хан мен оның жақтастары – қырғыз, қыпшақтар тағынан тайдырған; 1862 жылы таққа қайта отырған, бір жыл өткен соң тағы оны Сұлтан Сайиид құлатқан. Үшінші рет Хұдайар хан Қоқан тағын 1865 ж. қайтарған. 1868 ж. қаңтарында Қоқанға қарсы патша әскерлерінің шығуына байланысты ол Ресейге тәуелділік туралы келісімге қол қоюға мәжбүр болған. Бұл халықтың наразылығын туғызып, ол тағы да тағынан айрылып, патша үкіметінің қоластына қашып кеткен. 1876 ж. Қоқан хандығы жойылып, Ресейге қосылды.

[50] ААН (ф. 23, оп. I, д. 22/7, л. 5).

[51] Ли – қытайдың ұзындық өлшемі, 576 м. сәйкес келеді.

[52] *Алтышар* (Алтышаһар) Шығыс Түркістанның бір атауы. Алты ең үлкен қалаларынан шыққан атау. Ш. Уәлихановта бұл қалалар: Қашғар, Йанысар (Янги-Хисар), Яркенд, Хотан, Ақсу, Үш-Түрфан. XIX ғасырдың 70-ші жылдары Йеттишар, яғни Жетішаһар атты жаңа атау пайда болады. Көтерілісшілер цин езгісін құлатып құрған жеке мемлекет. Оған – Қашғар, Янги-Хисар, Яркенд, Хотан, Ақсу, Куча мен Қарашар және бірнеше кіші қалалар мен елді мекендер кірген. Қараңыз: Д.А. Исиев. Уйгурское государство Йэттишар (1864-1877), М., 1981.

[53] *Нан-лу* – дұрысы – Наньлу, толық аталуы – Тянышань-наньлу (кит); орыстың революцияға дейінгі әдебиетінде – Оңтүстік шек, Қашғария, Шығыс Түркістан. Тянь-Шанның оңтүстік бөктерінде жатқан жерлер осылай аталған. Басқаша аталуы – Хойбу (кит.) – Уйгурия. Тянь-Шанның солтүстік бөктерінде жатқан жерлер Бэйлу (Жоңғария) деп аталған.

[54] *Кіші Бұхария* – орыстың революцияға дейінгі әдебиетінде Шығыс Түркістан, Үлкен Бұхариядан – Батыс немесе «орыс» Түркістанынан айыру үшін.

[55] *Болор* – Куньлунның солтүстік тізбегінің жергілікті аттарының бірі, қазір олар Сарыкөл және Қашғар қыраттары атауымен белгілі.

[56] *Гумбольдт Александр* (1769–1859) – белгілі неміс ғалымы, саяхатшы, өсімдіктер мен геофизика географиясының негізін қалаушылардың бірі. Орталық және Оңтүстік Американы зерттеуші. 1829 жылы Орал бойына саяхат жасаған, Семейде, Шығыс Қазақстан мен Алтайда болған, қайтар жолында Каспий теңізінде зерттеулер жүргізген. Бұл саяхатының нәтижелері оның белгілі еңбегі «Орталық Азияда» (1843 ж.) көрсетілген.

[57] *Гоби* – (манжұрша – құм, шөл), Говь (монғолша) – Моңғолияның оңтүстік-шығысындағы шөл мен шөлейттердің атауы.

[58] *Джепарле* (дұрысы: Жипарлық) – асудың атауы (асу Мүзарт – мүз асу) емес, үстінен көптеген шақырым асу сүрлеуі өтетін мүздақтың аталуы. («Россия». Под ред. П.П. Семенова-Тян-Шанского, т. XIX – Туркестанский край. СПб., 1913, стр. 73-75).

[59] *Алай* – Ферғана жазықтығын қоршап жатқан ендік бағыттағы қырат. Заравшан тауының түйіскен жерінде басталып, шығысында Ферғана қыратының оңтүстік-шығыс шетімен қосылады. Ол уақытта кең Памир мен Алай ауданы жеткілікті түрде зерттелінбегені себепті, Ш. Уәлиханов бұл жерлердегі негізгі қыраттардың орналасуы бойынша дәл мәліметтер ала алмаған.

[60] *Хулум* (Хульм, Хулм) – қазіргі Ташқорған қаласы, солтүстік Ауғанстанда, Хульм өзенінің төменгі жағында орналасқан.

[61] *Қаратиген* (Қаратегин) – бұрындары Памир бектігі, Вахш-Сурхоб өзені ағысының орта түсындағы жерде орналасқан, орталығы Гарм кишлағында болған. Қазіргі кезде Тәжікстанның құрамына кіреді (Гарм ауданы).

[62] *Дарваз* – бұрындары Памир бектігі, жолы қиын таулы өлкеде орналасқан (Дарваз қыраты) Петр I мен Ванч қыратының арасында, Пяндж өзенінің үлкен айрығында орналасқан. 1895 ж. Памир шекарасын анықтау нәтижесінде Дарваздың сол жағауындағы жерлер Ауғанстанға қарап кетті. Бұл жерлер қазір негізінен Тәжікстанның Таулы-Бадахшан автономиялық облысының Калан-Хумб ауданына жатады.

[63] *Даирим* – бұл жерде Рима деп аталатын Қарақорум қыратының бөлігі, оның оңтүстік жағында Кашмирден Қарақорым асуы мен ары қарай Йаркендке апаратын сүрлеу жол өтеді.

[64] *Канджут* – Хунза мен Нагар княздықтарының ескі атауы.

[65] *Гундзе* (дұрысы: Хунза) – кішігірім Пригиндукуш князьдығы, Кашмирдің қиыр солтүстігінде Индтың сағасы Гилгит өзеніне құятын Хунза өзенінің солтүстігінде орналасқан.

[66] *Искардо* (Скардо) – Инд өзенінің бойында Шайок өзенінің құйған жерінен төменірек орналасқан қала, Кашмирдің шекаралас өлкелерінің бірі Балтистанның орталығы.

[67] *Көкшаал* өзенінің төменгі және орта ағыстарын сипаттауда қателіктер кеткен. Ақсай өзені бұл жерде меридиалдық бағыт алатын Көкшаал қыратын жарып өтіп, Көкшаал атауын алады (ескі карталарда Таушкан-Дария) да, ағысын батыстан шығысқа жалғастырады. Үш-Түрфанға жақындаған жерінде, Көкшаал мен Қаратеке қыраттарының арасында ағып, өзен солтүстік-шығысқа бағытталады. Одан ары Қаратеке қыратының шығыс шетінде, оңтүстік-шығысқа бұрылады да, тура Ақсуға құяр түста тағы да ақырындап солтүстік-шығысқа бұрылады.

[68] *Қызылсу өзені* Заалай қыратының (Қызыларт асуынан шығысқа қарай) шығыс шетінің солтүстік беткейінен бастау алады да солтүстік-шығысқа ағады. Үлүғчат мекенінде оңтүстік-шығысқа бұрылады. Бұл бөлігінде басқаша аталады: Үлүғчат, Қабаатсу. Қашғар-Дария атауын ол Қашғардан кейін, өзінің төменгі ағысында алады.

Оның бастауынан батысырақ басқа Қызылсу өзені – Сурхобтың жоғарғы ағысы – Вахш бастау алып батысқа қарай ағады.

[69] *Үстен* – таудан шыға сала жасалынған магистралды канал. Ол біраз жерге кетеді, уақыт өте келе табиғи өзендерден айыру қиын болады.

[70] *Үстен* немесе *Яманйар* өзені Қаракөл көлінен Памир жерінен бастау алады. Яманйар өзені (дұрысы: Гез-Дария; Яманйар деп оның жеке бөлігі аталады) Сарыкөл қыраты мен Мұзтаг-Атаның батыс беткейіндегі мұздақтан шығатын кішігірім өзендерден құралады. Өзінің жоғарғы ағысында Сарыкөл жазықтығында орналасқан Кіші Қаракөл көлі арқылы өтеді. Памир үстіртінің солтүстік бөлігінде жатқан үлкен Қаракөл көлі ақпайды.

[71] *Йанысар-Үстен өзені Сарыкөл көлі өңірінен бастау алады ...* – Бұл өзен (қазіргі карталарда – Қараташсу) Қашғар тауларындағы Когур-Сұзтаг қыратының шығыс беткейінен бастау алады. Меркесу, Сугетсу мен Қараташсу өзендерінен құралады. Қараташсу мен Сугетсудың жоғары жағында мұз көлдер бар, олар картада көрсетілмеген, және де олар Саркөлдік деп атала ма жоқ па белгісіз.

[72] *Йаркенд-үстен* – мүмкін Йаркенд-Дарияның жеке сағасы болар, немесе одан шығарылған канал; бірақ өзеннің өзі олай аталуы мүмкін емес, өйткені *өстең* сөзі – канал – табиғи ағыстың өзіне байланысты айтылуы мүмкін емес.

[73] *Йаркенд-дария* немесе Йаркенд-Үстен, Куенлун тауларында құралады. – Бұл жерде қате кеткен. Өйткені Йаркенд-Дария, өзінің жоғарғы ағысында (Ташкорган-дария өзеніне құйғанға дейін) Раскемдария аталады, Қарақорым асуының солтүстік беткейінен бастау алады (оның бастауын ағылшындық Гейворд 1868 ж. ашқан). Алтын мен басқа да пайдалы металдарды шайып алуға болатындықтан ол Зеравшан, яғни алтын атушы аталады.

[74] *Тызнап* өзені (Тизнаб, Тизнаф) – қазіргі карталарда Тасқорған-Дария (жергілікті басқа аталуы: Сарыкөл, Тағдумбаш), Сарыкөл жазықтығында орналасқан Мұзтағ (Қарақорым) қыратындағы Худжераб асуынан құлап, Сарыкөл жазықтығымен солтүстікке қарай Ташқорған ауылына дейін ағып, одан төменірек Тизаб кишлағы тұсында шығысқа қарай тік бұрылып, 100 шақырымдай аққаннан кейін Яркенд-Дарияға құяды.

[75] *Хайду* өзені (Хайдыкгол) Таримға емес Баграшкуль көліне құяды.

[76] *Лобнор* – Қытайдың батысындағы ақпайтын тұзды көл. Ш. Уәлиханов оны «жұлдызды теңіз» деп түсіндіреді (монғолша). Нор, нуур – көл; лоб сөзінің мағынасы әлі күнге анықталған емес.

[77] *Уртэн, уртенги, уртон* (монғ.) – станция; тайчжань (қыт.).

[78] *Батыс өлке* (қыт. *Сиюй*) – Ерте (Батыс) Хань (б. э. д. 206 ж. – б. э. 250 ж.) династиясының билік құрған кезеңінен біздің э. д. II ғасырдан бастап кездесетін жағрафиялық термин, Дуньхуан шекаралық қамалының сыртында жатқан жерлер.

[79] *Канси* – Цин (1662-1722) династиясының 2-ші императоры

билігінің ұраны, императордың жеке есімі – Сюанье, храмдық – Шэнцзу. Императорлардың жеке есімін атауға болмайтындықтан, оларды қытайлық тарихи әдебиетте биліктің ұранымен атаған. Кеңестік және батыстық қытайтану ғылымында да осылай атайтын болған.

[80] *Патер Жербильон* (Жан Франсуа Жербийон, 1654–1707) – Қытайдағы император Кансидің сарайында болған француздық католик (иезуит) миссионері, онда діни-уағыздық қызметінен басқа аудармашы қызметін де атқарған.

[81] *Лан* (қыт. лян) – салмақ өлшемі, Қытай империясының әртүрлі аудандарында 35,0-ден 37,8 кг. дейінгі салмақтың өлшемі. 80 лан – шамамен 3 кг.

[82] *Ю* (дұрысы *юй*) – нефрит, яшма.

[83] *Гин* (қыт. цзинь) – салмақ өлшемі, 16 лянға сәйкес келеді, яғни 560-тан 605 грамға дейінгі салмаққа тең.

[84] *Гуэн-Цсанг*, Сюань Цзанның бұзылып айтылғаны (шамамен 600–664) – қытай саяхатшысы, пұтқа табынушылар монахы. 629-45 жж. Орта, Орталық және Үндістанда саяхатшылық еткен. Жинаған мәліметтерін «Записки о странах Запада» («Сиюйцзи»), 648 ж. жариялаған.

[85] *Гильгиттер* (гилгит) – түрғындардың емес, Гиндукуш қыратының оңтүстік бөктерінде, Читрал мен Хунзой – Нагар аралығында орналасқан Гилгит иелігінің атауы. 1890 ж. – британдықтардың түрғылықты бекеті, 1947 жылдан «Азад Кашмир» құрамында Пакистанның провинциясы.

[86] *Томсон Томас (1817-1878)* – ағылшын саяхатшысы, дәрігер және ботаник, 1847 жылы ағылшын-үнді үкіметінің шекараны анықтап, табиғи-географиялық зерттеулер жүргізу үшін Тибетке ұйымдастырған экспедицияның мүшесі. 1848 жылы Шайок (Индтың сағасы) өзенін оның Қарақорым өткеліндегі бастауына дейін зерттеген. Калькуттадағы ботаникалық бақтың директоры және ботаника профессоры болған. Еңбектері: «Western Himalaya and Tibet», london6 1852; «Flora of British India» (бұл еңбегі аяқталмаған).

[87] *Гаулен* – гаолянның бұрмаланғаны (тарының бір түрі) – сорго, дәнді дақыл.

[88] Ш. Уәлихановтың Н.И. Веселовскийдің редакциясымен шыққан Шығармаларында (СПб., 1904, 486 б.) Н.Ф. Петровскийдің Н.И. Веселовскийге жазған хатының үзіндісі берілген, онда: «Құтандар кездеседі, тек Батыс Түркістандағыдан басқа түрі».

[89] Н.Ф. Петровскийде оның уақытында (XIX ғ. 80-ші жылдары) Қашғарда үш қақпа болған: Су-дарбаза, немесе Тишик-дарбаза, Құм-дарбаза және Ярбағ-дарбаза. Әр түрлі авторларда Қашғардың екіден сегізге дейін қақпалары деп жазылады.

[90] *Зурдунбек* (Зухур ад-дин) – 1830 жылдан 1846 жж. Қашғардың билеушісі, қашғарлықтардың өз тәуелсіздігі үшін күресіндегі қытайлық бағытының жақтасы.

[90] *Сутук Богра-хан-гази* (Абд ал-Карим Сатук Бугра-хан, X ғ. ор-

тасы) – Орта Азияның шығыс жағында өмір сүрген түркі тайпаларының бірінің қағаны, Қараханилар династиясын негіздеуші.

[92] *Йанысар* – дұрысы *Янги-Гиссар* немесе *Янги-Хисар.*

[93] *Хебе-амбань* – дұрысы *хэбэй-амбань* (манжур.); *цанцзань-дачэнь* (қыт.) – өлке хакімінің (наместник) титулы.

[94] *Түнгендер* – қараңыз: 159-160 б. Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі.

[95] *Чатрар,* дұрысы *Читрал* – Пригиндукуштық князьдық, Тәжікстанның Таулы-Бадахшан облысынан Ауған Памирінің жіңішке жолағымен бөлінген. Батысында Ауғанстанмен шекаралас. Ең ыңғайлы деген асулар Гиндукуш арқылы Читралға бастайды.

[96] *Саркөл* – Сарыкөл ауыл емес, Ташқорған атты ауыл орналасқан жазықтықты мекен (Н.Ф. Петровскийдің ескертпесі).

[97] *Қытай мұсылмандары* (Хуйхуй) – дұңғандар.

[98] *Чжан-Цянь, Чжан Кянь, Чжан-Цзянь (дұрысы: Чжан Цянь)* – б. з. д. II ғ. Қытай саяхатшысы және дипломат. Шығыс Түркістан мен Орта Азияның кейбір иеліктерінде екі рет болған.

[99] *Абунаср Самани* (Наср I ибн Ахмад, 864–892) – Саманилер әулетінен шыққан эмир.

[100] *Саманилер* – Орта Азия мен Хорасанда IX–X ғғ. билік құрған әулет.

[101] *Имам Риза* ('Али ар-Риза ибн Муса ибн Джа'фар, 765–818) – ши'илік сегізінші имам, Мұса әл-Қазимнің ұлы және халиф 'Алидің ұрпағы, Шығыс Түркістандық қожалардың атасы саналады.

[102] *Махдум-и А'зам* – шайх Ахмад әл-Касанидің (1461/62–1542/43) құрметті атағы, XVI ғ. Орта Азиядағы нақшбандийа ордені сопыларының шайхы. Оның шежіресін ши'илік имамдарға – 'Али ұрпақтарына дейін таратқан. Өз кезегінде Шығыс Түркситандық қожалар әулеті одан тарайды.

[103] *Имам-Калан* (Ходжа-и Калан, Ишан-и Калан) – Мұхаммед Амин, Ахмад әл-Касанидің үлкен ұлы, Қашғарлық қожалардың ақтаулық тармағының негізін қалаушы.

[104] *Қожа Исхақ-Уәли* – Ходжа Мұхаммед Исхақ-Уәли (1699 ж. қайтыс болған), Мұхаммед Аминнің бауыры, XVI ғ. соңында Яркендте тұрақтанған қожалардың қаратаулық тармағының негізін қалаушы.

[105] *Қоңтайшы* – жоңғар ханы.

[106] *Бошекту,* дұрысы: *бошокту* (баталы) – жоңғар билеушісі Галданның (1678–1697) Далай-ламадан алған лауазымы.

[107] *Цеван-Раптан* – жоңғар ханы (1697–1727 жж.). Оның билігі тұсында Жоңғария құдіретті мемлекет дәрежесіне көтеріледі.

[108] *Ішкаға* (есік-ағасы) – хан сарайындағы ең үлкен лауазымдардың бірі.

[109] *Олоттар* – Юань династиясынан кейінгі батыс монғолдар.

[110] *Генерал Банди* – боржігіт руының монғолы, Циндарға қызмет еткен, манжур-қытай әскерінің солтүстік бөлімінің әскербасы (цзянцзюнь). 1755 ж. Жоңғарияға жасалған жорықта қоршауға түсіп, өзін-өзі өлтіреді.

[111] *Хусайын мырза* – Хусайын Байқара, Тимур ұрпағы, Хорасан-

ның билеушісі (1469–1506), ақын Әлішер Науаидің досы әрі қамқоршысы.

[112] *Чжао Хой* (1708–1764) – манжұрлық әскербасы, Шығыс Түркістан, Қазақстан мен Қырғызстанға жасалған жорық уақытында цин әскеріне қолбасшылық еткен.

[113] *Фудя, Фу Де* – монғол, Цин әскербасысы, Чжао Хойдің қоластында болған, 1776 ж. жазаға тартылған.

[114] *Хой-Юан-чен*, дұрысы Хойюань-чэн – 1763 ж. іргесі қаланған Іле (Құлжа) қаласы.

[115] *Цянь-Лун* – Цин династиясының (1736–1796) 4-ші императорының билік ұраны; Хунлидің есімі, храмдық есімі – Гаоцзун.

[116] *Ердене-би (Ирдана)* – Қоқан билеушісі (1751–1770), Минг әулетінің негізін қалаушы, Нарбота-биден бұрын болған.

[117] Манжұр-қытай әскерлері Қазақстан жеріне бірнеше рет жорық жасаған: 1756, 1757, 1758 жж., ал XVIII ғ. 60-шы жылдары қазақтар мен қырғыздардың жайлауларына шабуылдар жасаған. 1756 ж. Абылай хан қытайлықтармен бейбітшілік келісімге келеді де, Пекинге өз елшілігін жібереді. Осы уақыттан бастап қытай дипломатиясы оны Цин императорының вассалы қатарына енгізеді. Цяньлун Абылай ханды Орта жүзде ақ киізге көтеріп хан жарияламай тұрып-ақ хан деп мойындауға дайын болған.

[118] Қазақтар Жоңғар хандығында болған бүліктер кезінде-ақ, оны Цин империясы жаулап алмай тұра, Жетісудағы өз жайлауларын түгелдей дерлік қайтарып алады. 60-шы жылдары цин әскерлері оларды Лепсі, Қаратал өзендері аймағынан қуып шықпақшы болған. Ал 1767 ж. Цяньлун қазақтарға бұл жайлауларды пайдалануға "рұқсат еткен" бүйрығын шығарады.

[119] Цин императорлары қазақ хандарын Қазақстанда хандыққа тағайындағаннан кейін барып "бекіткен". Олар тек екі ханды "бекіткен". Орта жүздегі – Абылай мен оның ұлы Уәлиді. Fұбайдолланы хан бекітпек болған, бірақ орыс үкіметі Орта жүздегі хандық институтты жойады.

[120] Қытайлықтардың өлген ханға келіп еске алу салтын тек Абылай мен Әбілфейіз сұлтандарға (Әбілмәмбеттің ұлы) бір жыл кейін келіп өткізген.

[121] Сыртқы қатынастар бойынша *Қытай жарғысы*нда ("Лифанюань цзэли") қазақтар мен қырғыздарға байланысты тек шекаралық бекеттер мен жылқы шаруашылықтарынан мал ұрлағандар үшін ғана жазалау туралы екі баб болған.

[122] *Үш көтерілісі* – Үш-Түрфандағы 1765 ж. көтеріліс. Үш-Түрфан қытайша Уши (яғни, У қаласы).

[123] *Жәңгір-қожа* – 1825–1828 жж. көтерілістерді бастаушы қожа.

[124] *Юн-Чжен* (Юн-Чжэн) – Цин династиясының (1723–1735) 3-ші императорының ұраны, есімі – Фулинь, храмдық есімі – Шинцзун.

[125] Цяньлун сұлу тұтқын қыздың көңілін аудармақ болған, бірақ Ипархан өзін-өзі өлтірген.

[126] *Зйа уд-дин* ахунның көтерілісі 1816 ж. бір айға ғана созылса да Синьцзяндағы Цин билігін біраз әлсіреткен.

[127] *Абу Муслим* ('Абд ар-Рахман ибн Муслим ал-Марвази, Сахиб-да'ват ал-Хурасани) – Хорасандағы умавилерге қарсы қозғалыстың жетекшілерінің бірі, бірнеше қомақты тарихи оқиғалар оның есімімен байланыстырылады ("Абу Муслим қозғалысы"), оның нәтижесінде халифат билігіне Аббасилер келеді. Оның тұсында Мауераннахрды арабтардың жаулап алуы аяқталады. 755 ж. Ирақта халиф ал-Мансұрдың бұйрығымен қаза табады.

[128] *Муравьев Н.Н.* – 1819–1820 жж. Түркменстан мен Хиуаға саяхат жасаған орыс офицері.

[129] *Назаров Филипп* – Жеке сібір корпусы командирінің түркі тілдерінен аудармашысы, 1813–1814 жж. Орта Азияға саяхат жасап, оның жолы Омбыдан Петропавловск арқылы, одан ары Бетпақ дала арқылы Ташкент пен Қоқанға дейін өткен.

[130] *Омар* – Қоқан ханы (1809–1822).

[131] Қытай деректеріне қарағанда *Жәңгір-қожа* Сарымсақ қожаның екінші ұлы болған.

[132] *Сұраншы* – қырғыздың чонбағыш руының биі, Ауалдың ұлы, Қашғар тұсында өзінің 300 адамдық қолымен қытай қарауылын талқандаған, 1816 ж. Зиауддин ахунға қарсы шыққанда Жәңгір қожа жағында белсенді қызмет еткен, оның атасы 1765 ж. Үш-Түрфандағы көтерілісті басуға көмектескен.

[133] *Атантай, Тайлақ* – қырғыз рубасылары (саяқ руы), Жәңгір қожа жағында болған.

[134] *Замбурак* – үлкен оқты білтелі қару (ортаазиялық пушканың бір түрі), түйенің арқасына орнатылып, ұзақ қашықтықтарға атқан.

[135] *Сычуэнь* – Сычуань провинциясы.

[136] *Наян-Чэн,* дұрысы *На Яньчэн* – Синьцзян наместнигі.

[137] *Пиленков* – Семейлік орыс саудагері, Шығыс Түркістан және алатау қырғыздарымен сауда жүргізген.

[138] *Сибо, солондар* мен *манжұрлар* – XVIII ғ. екінші жартысында Синьцзянға әскери қызмет атқару үшін көшіріліп әкелген. Жасыл ту солдаттары қытайлықтардан болған.

[139] *Френг* – XI–XIII ғғ. крест жорықтарынан бастап мұсылмандық Шығыста барлық еуропалықтарды осылай атаған.

[140] *Долондар*, дұрысы *доландар* – Батыс Қашғарияның әр түкпірінен жер аударылған (үйғыр) тайпалардың тұқымдары, оларды XVIII ғ. екінші жартысында қытайлықтар Қарашар өлкесіне ығыстырған.

[141] *Наср ад-дин* – Ш. Уәлиханов Қашғарда болған кезде сауда консулы және саяси резидент Нұрмұхаммед-датқаның орнына келген қоқандық ақсақал.

[142] *Чанту* (чантоу) – "шалмалылар" қытайлықтардың мұсылмандарды кекетіп атауы.

[143] *Ханифи мазхабы* – VIII ғ. куфилік Әбу Ханифа әл-Куфи (699–767) негіздеген исламның сүннилік төрт мазхабтың бірі.

[144] "Жасыл ту" солдаттары – сары түсті туы бар манжұр әскерлерінен қытай әскерлері жасыл түсті туымен ерекшеленген.

[145] *Путинцев (Путимцев Н.Г.)* – аудармашы, 1811 ж. Құлжамен сауда-саттық қатынас орнату мақсатымен Іле өзеніне барған. *Борнс (Burnes)* – Александр (1805–1841) – саяхатшы, Ұлыбританияның саяси агенті. 1831–1838 жж. Үндістан мен Каспий теңізі аралығында жатқан елдерге саяхат жасаған. Өз саяхаттарын "Travels into Bokhara" (London, 1834) кітабында сипаттаған, орысша аудармасы (А. Борнс. Путешествие в Бухару, тт. I, II, М., 1848, т. III, М., 1849). 1842 ж. Лондонда оның тағы бір кітабы жарық көреді, ол орыс тілінде кең таралған (А. Борнс. Кабул. Путевые записки сэра Александра Борнса в 1836, 1837 и 1838 годах, чч. I, II, М., 1847).

[146] *Шафи'и ілімі* – шафи'и мазхабының негізін салушы Әбу Абдаллаһ Мұхаммед ибн Идрис аш-Шафи'и (767–820). Ханифи мазхабымен бірнеше мәселеде кереғар болған бұл мазхаб Орта Азия мен көршілес аумақтарда көп таралмаған.

[147] *Хафиз* (Шамс ад-дин Мұхаммед-ходжа Хафиз-и Ширази, шамамен 1325–1389) – атақты парсы ақыны. Ширазда дүниеге келген. Хафиз ("жадқа білуші", "есте сақтағыш") атағы оның жас кезінде есте сақтау қабілеті мен көптеген аңыз, әпсаналарды жақсы білгендігі үшін берілген. *Маулави-Жами* (Нұр ад-дин Абд ар-Рахман ибн Ахмад Джами Нақшбанди, 1414–1492) – көрнекті ақын, философ, лингвист және агиограф. Джам қ. (Хорасан) дүниеге келген, Самарқан мен Герратта білім алған, өмірінің басым бөлігін де осы қалаларда өткізген. Джами жүз шақты ғылыми және әдеби шығармалар жазған.

[148] *Мир Әлішер* (Низам ад-Дин Али-шир ибн Ғийас ад-дин Нава'и Фана'и, 1441–1501) – атақты ақын, филолог, ойшыл және мемлекеттік қайраткер, Абд ар-Рахман Джамидің жақын жолдасы әрі қамқоршысы.

[149] *Гиджак* (гыджақ) – өзбек, тәжік және түрікмен халықтары арасында кең тараған шекті музыкалық аспап.

[150] *Ликтор* – Римдегі құрметті қарауылдар, олар магистраттардың алдында фасции көтеріп жүретін болған.

[151] *Жейма* – қытайларды жақтаған үйғыр билеушісінің әйелі.

[152] Қате: бұл дәстүрге байланысты Марко Поло Хұбылайды емес Мункэ-кааңды (1251–1258) айтқан.

[153] *Тунчи* (тунчжи) – аудармашы.

[154] *Теңге* (танга, теньга) – XV – XX ғ. басында Орта Азия мемлекеттерінде шығарылған күміс ақша. Сипатталып отырған кезеңде Қашғарда Қоқандық, Бұхара және Хиуалық теңгелер жүрген; қоқандық теңге 2,8–3,1 г. Салмақта болып ½ күміс тиынға теңелген. *Пұл* (мыс-пұл, қара-пұл) – құндылығы ½ тиынға сәйкес ортаазиялық мыс ақша. XVIII – XIX ғғ. Шығыс Түркістан қалаларында шығарылған қытай үлгісіндегі монеталар да пұл деп аталған (басқаша атауы – *ярмак* немесе *чох*, ақша деген жалпылама мағынада).

[155] *"Батыс өлке туралы" кітап авторы* ... – цин шенеунігі Чунь Юанның "Сиюй вэнь цзянь лу" (Батыс өлкедегі көргендер мен

естігендер туралы жазбалар) атты 1777 ж. басылған, мазмұнын Ш. Уәлиханов Иакинф (Н.Я. Бичуриннің) еңбектерінен білуі мүмкін шығармасы болар.

[156] *Хэймаоцзы* (қытайша) – қаратақиялылар, *баймаоцзы* – ақтақиялылар.

[157] *Салтандар* – Ш. Уәлиханов үйымдасқан саяси күрес қолдарынан келмейтін қаңғыбас, кедей-кепшік, жалқауларды айтқан.

[158] *Антавур шайхтың үрпақтары* ... – XVIII ғ. екінші жартысы – XIX ғ. басындағы Ташкент хакімдері, Бағыстандық Омардың ұлы "әулие" шайх Хаванд-и Тухурдың үрпақтары. Хаванд-и Тухур (бұрмаланған Шайх-Антаур; 1355 немесе 1359/60 ж. қайтыс болған) Ташкент қаласының шайхы болған, қаланың бір бөлігі оның атымен аталған.

[159] *Бахауддин Нақшбанди* (Ходжа Баха ад-дин Мұхаммед ибн Мұхаммед Нақшбанд ал-Бухари, 1317–1389) – бұхаралық мистик, Орталық Азияда нақшбандийа тариқатының негізін салушы.

[160] *Қожа Ахрар* (1403–1490) – нақшбандийа тариқатының шайхы, Орта Азияда кеңінен танымал болған сопылықтың таратушысы. Соңғы Тимурилар кезінде саяси билікті өз қолына алып XV ғ. Орта Азияның саяси өмірінде үлкен рөл атқарған.

[161] *Юнус, Иона* – 12 кіші пайғамбарлардың бесіншісінің аты. "Иона пайғамбар кітабы" төрт бөлімнен тұрып, негізінен пайғамбардың өз өмірі туралы баяндайды.

[162] *Бадахшандық билеуші үйдің құлауы* – бұл жерде ақтаулық қожалардың шайхы Бұрхан ад-диннің 1759 ж. Қашғардан Бадахшанға қашқанда бірге кеткен бауыры Хан-ходжаның өлімінен кейінгі оқиғалар мен оны өлтіруге бұйрық еткен бадахшандық эмир Сұлтан-шахтың тағдырын айтып отыр.

[163] *Малибек* (Малла-бек, Малла-бahадұр-хан) – Қоқан ханы (1858–1862), Худайар ханның үлкен бауыры, хандыққа Мұсылманқұл тақтан тайған кезде Худайар ханға көңілдері толмаған қырғыздар мен қыпшақ рубасылары отырғызған. 1862 ж. ішкі бақталастардың салдарынан Малла хан сарай бүлігінен қаза тапқан. Одан кейін немере ағайыны (племянник) Шах-Мұрад хан тағайындалған.

[164] *Мурадбек-эмир* – Бұхар хандығынан бөлінгеннен кейін XIX ғ. 30-шы жж. Амудариянның оңтүстігінде құрылған Кундуз мемлекетінің билеушісі. Оған Кундуз, Хульма, Ханабад, Рустақ және бірнеше кіші қалалар кірген. 1838 ж. Кундуз эмиратына ауған билеушісі Дос Мұхаммед шабуыл жасап, өз иелігіне Хулмді қосып алып, Кундуз эмиріне өзін вассал деп мойындатқан; 1859 ж. Кундузді Ауғанстан толықтай өзіне қосып алып, ол жеке мемлекет ретінде жойылады.

[165] *Ширали хан* (Саййид Мұхаммед Шир-'Али) – Қоқан ханы (1842–1845). *Мадали* (Саййид Мұхаммед 'Али хан) – Қоқан ханы (1822–1842).

[166] *Құртқа* – Қоқан қамалы, Нарын өзенінің жоғарғы тұсындағы иеліктің орталығы; 1832 ж. салынған.

[167] *Фу-шай* (қытайша), *фуча* – кірпіш көк шай.

[168] Ганьсу –Ганьчжу (қазіргі Чжуаньдань) мен Сучжоу (қазіргі Цзюцюань) атауларының қосындысынан Цин билігінің (1644–1911) аяқталып, Мин билігінің басында құрылған Қытай провинциясы.

[169] *Гучэн* (Үрімші) – Гучэн қаласы Үрімшіден шығысқа қарай 160 шақырым жерде; Үрімшінің қытайша аты – Дихуа.

[170] Ақшаның бір бетінде төрт иероглифпен билеушінің ұраны жазылады (Даоган – 1821–1850 жж., Сяньфэн – 1851–1861 жж. т. с.с.) және ақшаның аталуы (тунбао – "айналымдағы"), екінші жағында – манжұр және үйғыр тілдерінде қаланың аты мен қытайша құны көрсетіледі.

[171] Қытай үлгісіндегі монеталар Куча, Йаркенд, Хотан және Үш-Түрфан қалаларында да құйылып түрған.

[172] *Чох* – қола цяндардың қытайша емес (монғолша болуы керек) аталуы, мағынасы жалпы ақша, монета деген түсінікті береді.

[173] *Ярмак* (түркіше) – Қашғарияның жергілікті түрғындары қытайлық мыс және қола (*цяни* немесе *чохи*) тиындарды атаған.

[174] *Мир Исет-Улла* ('Иззатуллаһ) – 1812–1813 жж. Орталық және Орта Азияның бірнеше өлкелеріне барған саяхатшы. Оның жолы Шахджаханабадтан (Ескі Дели) Қарақорым қыраты арқылы Тибетке, Шығыс Түркістан (Йаркенд–Қашғар) және Орта Азияға (Қоқан–Самарқан–Бұхара) өткен. Балх, Кабул арқылы ол Үндістанға қайтқан. Мир 'Иззатуллаһ өз сапарында көргендерін парсы тілінде жолнұсқаушы (путеводитель) түрінде жазып кеткен, оның парсы тіліндегі мәтіні әлі жарық көрмеген. Мир 'Иззатуллаһтың баянын Клапрот 1826 ж. алғаш рет француз тілінде басқан. Ағылшынша аудармасы да бар. Ағылшын және француз тіліндегі мәтіндерінің жинақтама аудармасын орыс тілінде Ю.А. Соколов жариялаған. (Қараңыз: Труды СГУ, 1956, вып. 78, 41–52 бб. "Путешествие Мир Исет-Уллы в Кокандское ханство в 1812 году").

[175] *Циммерман Карл* – неміс картографы. Ол К. Риттердің "Землевладение Азии" атты қомақты еңбегіне түсінік ретінде Ішкі Азия картасын жасаған.

Кипперт Генрих (Kiepert Heinrich) (1818–1899) – неміс географы және картографы. Ол бірнеше Азия картасын, оның ішінде Риттер еңбектеріне карталар жасаған.

[176] *Мирқұрбан Хаупбаев* – Ш. Уәлихановтың Қашғарлық экспедициясын ұйымдастыруға көмектескен белгілі семейлік көпес Боқаш Аупбаевтың ұлы.

[177] *Ташмағамет Мирқұрбанов* – 4695 сомдық тауары бар бірінші көштің иесі, Ш. Уәлихановтың жолсерігі.

[178] *Кенже Сарыгоджин* – Ш. Уәлихановтың жолсерігі, 2854 сомдық тауары бар екінші көштің иесі. Ш. Уәлиханов экспедициясына еткен қызметі үшін иығына шапан жабылған.

[179] *Әбдікәрім* (Шәріпбаев) мен *Мырзамухсинге Сагитов* – Ш. Уәлихановтың жолсерігі, үшінші көштің қожайындары; соңғысы станислав лентасындағы күміс медалмен марапатталған.

[180] *Мұхамедразық Берназаров* (Пірназаров) – Ш. Уәлихановтың жолсерігі, төртінші көштің қожайыны.

[181] *Қожеке (Қожа) Қойгелдин* – Ш. Уәлихановтың жолсерігі, бесінші көштің қожайыны, құрмет шапанын киген.

[182] *Йусуф (Жүсіп)* Ағысов – Ш. Уәлихановтың жолсерігі, алтыншы көштің қожайыны, күміс медалмен марапатталған.

[183] *Цзя-Цин* (Цзяцин) – цин императоры Юнъянның (1796–1820) билік ұраны.

[184] Бұл жарлық туралы қараңыз: В.В. Веляминов-Зернов. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абулхаир-хана (1748–1765), т. II, Уфа, 1855, 109 б.

[185] *Дао-Гуан* (Даогуан) – цин императоры Миньниннің (1821–1850) билік ұраны.

[186] *Ғаббасов Аблай* – Уәли ханның немере бауыры, Ғаббастың (Аббас) ұлы. Дипломатиялық қызмет үшін Қытайда тәрбиеленген, қытай және манжур тілдерін жақсы білген.

[187] *В. – Вельяминов-Зернов Владимир Владимирович* (1830–1904) – орыстың көрнекті шығыстанушы ғалымы, Орта Азия, Қазақстан, Қырым және Поволжьенің тарих, этнографиясы мен мәдениетін зерттеуші. 1851 ж. Орынборда тұрып Қазақстан тарихымен айналысып, қазақтардың заңы мен әдет-ғұрпынан үлкен жинақ құрастырған.

[188] *Дәулет Керей* – Дәулеткерей, Сұлтанмұхаммед ұлы (Сұлтанмәмет), Абылайдың немере бауыры; Қытайда оқыған, қытай тілін жақсы білген. XVIII ғ. 60-жылдарында Абылайдың бірнеше дипломатиялық тапсырмаларын атқарған, осы мақсатта Ұзақ уақыт Пекинде болған. Қытай деректері бойынша – Есімнің (Абылайдың немере ағасы) ұлы.

[189] *Трибунал* – орыс еңбектерінде Лифанъюань-ды (Тәуелді жерлер істері бойынша палата) осылай атаған.

[190] Хуандий (хуан-ди) – Қытай императоры.

[191] Мир Гейдер-хан (әмір саййид Мир Хайдар) – Маңғыт әулетінен (1800–1826) шыққан Бұхара әмірі.

[192] Төре-Мұрад Сопы – Қоңырат билеушісі, Хиуа хандарымен ұзақ уақыт бойы күрес жүргізген екі ағайындының бірі, орталығы Қоңыратта болған Қарақалпақ иелігін құрған. 1811 ж. өлтірілген.

[193] Мұхаммед-Рахым хан – Қоңырат әулетінен шыққан Хиуа ханы (1806–1825).

Аталық – хан балаларының тәрбиешісі, XIX ғ. аталықтардың беделі өскендігі сондай, олар хандардың бас кеңесшісі болып, бірінші уәзір ролін атқара да бастаған.

[194] *Айдус* (Айдост) – 1809 ж. қарақалпақ тайпаларының бірігуі үшін бас көтерген қарақалпақ биі, кейде Хиуа хандары тарапына шығып отырған. 1829 ж. Хиуада өлтірілген.

[195] *Қоқан ханы Әлім* – Әлім хан (Мұхаммед 'Али) – Қоқан билеушісі (1800–1809), Нарбота бидің ұлы, бірінші болып хан лауазымын алған. (қараңыз: А. Мухтаров. Очерк истории Ура-Тюбинского владения в XIX в., Душанбе, 1964, с. 26).

[196] *Аталық* – хан балаларының тәрбиешісі, XIX ғ. аталықтардың беделі өскендігі сондай, олар хандардың бас кеңесшісі болып, бірінші уәзір рөлін атқара да бастаған.

[197] Бұл жерде Ақмола, Баян-Ауыл және Қарқаралы аймақтары айтылып отыр, бұл жерлерге Қоқан хандығы таласып, өз эмиссарларын жіберіп отырған.

[199] Бұл жерде ол кезде Тобылда отырған Қоқан хандығының елшісі туралы айтылып тұр.

[200] *Шамаш би* – қоқандық жазба деректер бойынша Шахрухтың әкесі емес атасы болған: "Мунтахаб ат-таварих" бойынша: атасы. (Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I. М., 1973, 230 б.) "Тарих-и Шахрухи" бойынша арғы атасы. (Т.К. Бейсембиев "Тарих-и Шахрухи" как исторический источник. Канд дисс., Ташкент, 1983, 301 б.).

[202] *Абдрахман* ('Абд ар-Рахман) – Қоқан деректеріне қарағанда 'Абд ал-Каримнің (Абдекарим) ұлы, яғни Шахрухтың немересі. (В. Наливкин. Краткая история Кокандского ханства. Казань, 1886).

[202] *Раимбек бұхарлық* – Мұхаммед Рахым манғыт, Бұхараның билеушісі (1753–1758). Оның орнына Аштарханилер әулетінің соңғы ханы Абу-л-Ғази келген, ол 1785 ж. биліктен қуылғаннан кейін (1789 ж. дейін формальды түрде хандық құрған) Бұхара хандығына манғыт әмірлері отырған.

[203] *Эрдене би* – Қоқан деректеріне қарағанда 'Абд ар-Рахманның ұлы емес 'Абд ар-Рахым бидің ұлы болған (кестеде – Раимбек) (Наливкин В. Көрсетілген еңбек, 64 б.).

[204] *Нарбота би* және Хаджи би – қоқан деректері бойынша 'Абд ар-Рахманның үлдары, яғни Ирдананың бауырлары (кестеде Эрдене) (Наливкин В. Көрсетілген еңбек, 66 б.).

[205] Бұл жерде қате кеткен, мүмкін деректе Сопы бек пен Сұлтан-Мұрат бек арасында жалғаудың жоқтығынан болар (кестеде Сұлтанмұрат хан): олардың біріншісі Сун-Аимнан Шир-'Алидің үшінші әйелінен, ал екіншісі – оның бірінші әйелі Жарқыннан, Тоқта-Назардың қызынан туған.

[206] *Құшбегі* – (алғашқы мағынасы – құсбегі, яғни құс және мылтықпен аңшылық етудің бастығы болған) – Қоқан хандығында ең жоғарғы лауазым, мыңбасыдан кейінгі бірінші шенеунік, үлкен уәлаяттың билеушісі. Құшбегі ханның жақындарынан сайланып, кең құқықтармен пайдаланған. Бұхар хандығында құшбегі – бірінші уәзір, Қоқан хандығында оған мыңбасы қызметі сәйкес келген.

[207] *Датқа* – хан сарайындағы жоғарғы лауазымдардың бірі, беделділік кестесіне сәйкес хандықтағы төртінші кісі болған. Ол ханға түскен хаттарды қабылдап, хат иелеріне ханның кесімдерін жеткізіп отырған.

[208] *Саркар* – хакімнің көмекшісі. Ол алым-салық, харадж жинап мемлекет қазынасына өткізетін болған. Ол сонымен қатар астық қорын бақылап, хәкімдердің талабы бойынша әскери қолдарға тамақ пен мал қорегін бөліп отырған.

[209] *Мыңбасы* – ортаазиялық хандықтардағы жоғарғы лауазымдардың бірі. Қоқан хандығында ол әскербасының және бірінші уәзірдің атағы, Бұхар хандығына оған құшбегі лауазымы сәйкес келген.

[210] *Ғалаватр* – Қоқан деректерінде ол "гала-баһадур" түрінде жазылған, ол таңдаулы батырлардың бір бөлігі, бірінші рет Қоқанда Әлім-ханның (1798–1810) билігі тұсында құрылған. (Таарих Шахрохи. История владетелей Ферганы. Сочинение Моллы Ниязи Мухаммед бен Ашур Мухаммед хокандца, изданная Н.Н. Пантусовым. Казань, 1885 (парсы, шағатай тілдерінде), 42, 72 б.

[211] *Маргелан* – Ферғана жазығындағы қала. X ғ. жазба деректерінде Маргинан түрінде кездеседі (Ибн Хаукал, ал-Муқаддаси және т.б., сонымен қатар тиындарда). Қаланың сипатталуын Ферғанаға 1813-1814 жж. келіп, Маргеланда үш ай тұрған бірінші еуропалық саяхатшы Ф. Назаров жасаған.

[212] *Наманган* – Ферғана жазығының солтүстік бөлігіндегі қала. XVII ғ. белгілі.

[213] *Ұратөбе* – Орта Азиядағы ежелгі қала. Маңызды шекаралық қамал, ол үшін XVIII–XIX ғғ. бойы Бұхар және Қоқан хандықтары тартысқан.

[214] *Алай таулары* – Қырғызстанның оңтүстігіндегі Памир-Алтай тау жүйесіндегі, бір бөлігі Тәжікстан жеріндегі тау жотасы.

[215] *Мұсылманқұл* – Ферғана тарихындағы белгілі временщик (1844–1852). Ферғаналық қыпшақтардың жоғарғы табының өкілі. 1845 ж. хандықтың бірінші шенеунігі мансабын алып – мыңбасы болған. Жасөспірім хан тұсында Қоқан хандығының билеушісі болған. Бұл жылдары бірнеше рет, Бұхарадан сүйеніш іздеген Ұратөбе мен Ташкентке әскери жорықтар жасаған. 1852 ж. оны Хұдайар хан жазаға тартады.

[216] *1853 ж.* – шын мәнінде Хұдайар хан қыпшақтарды 1852 ж. күзінде жеңеді. (В.М. Плоских. Киргизы и Кокандское ханство. Фрунзе, 1977, 164 б.)

[217] *Шадман-Урак* – Қоқандық әскери және саяси қайраткер. 1860 ж. Ұзын-Ағаш шайқасында қоқандықтардың 7-мыңдық авангардын басқарған. 1862–1863 жж. мыңбасы болған, ферғаналық дала көшпелілермен бірігіп Хұдайар ханға қарсы күрескен. Онан кейін Ташкент билеушісі болған, көп ұзамай қоқандық диктатор Әлімқұлдың бұйрығымен өлтірілген. (Таарих Шахрохи..., 216, 232, 238-239, 255-256, 263-265 бб.)

[218] *Шамрат-бек* (Шах-Мұрад бек) – Шир-Али ханның (1842-1844) үлкен ұлы Сарымсақ ханның ұлы. 1862 ж. 15 жасында Ферғананың көшпелі рубасылары оны аз уақыт Қоқан тағына отырғызған. 1863 ж. олардың өздері өлтірген. (Таарих Шахрохи ..., 230-232, 239, 264 бб.).

[219] *Қанағатша* (Қана'ат шах) – тәжік, қоқандық әскери, саяси қайраткер. 1846-1847 жж. Түркістан қаласын билеген, ферғаналық қыпшақтардың бұрынғы Ташкент хакімі Сарымсақ ханды өлтіргенін білгеннен кейін, Қоқанда билік басына келген оларға қарсы шыққан. Түркістанды жеті ай қорғаған, кейін Бұхараға қашқан. 1860 ж.

Ташкентті билеген, Үзын-Ағаш шайқасында қоқандықтарды басқарған. 1861-62 жж. Түркістан, Йаны-Қорған мен Жулекке жорығын бастаған. Малла ханның өлімінен кейін (24 ақпан 1862 ж.) Түркістандағы әскербасылар хандыққа осының бастауымен Хұдайар ханды шақырған. Ол кезде Қанағат шах аталық мансабында болған. Хұдайар хан екінші рет таққа отырғаннан кейін (1862 ж.) келіссөздер жүргізу үшін Бұхар әміріне жіберілген, бірақ бірнеше күннен кейін оны жазаға тартқан (Таарих Шахрохи ..., 180, 215-220, 224-225, 227, 232-237, 239, 240 бб.).

[220] *Ляшкер* – Ләшкер құшбегі (бекларбегі лауазымы да болған) – Қоқан шенеунігі, ширек ғасыр (1842 ж. дейін) Ташкент пен Оңтүстік Қазақстанды билеген. (Таарих Шахрохи .., 81, 87, 91-92, 132-133 бб.).

[221] *Шахрисябз* – Орта Азияның ежелгі қалаларының бірі. Тимурдың жаздық сарайы болған.

[222] *Аппақ-қожа* (XVII ғ.) – Жуйбар шайхы Махдум-и А'замның ұрпағы.

[223] *Ақсақал* – Ақсақалдар ауылдарда әкімшілік-саяси істерді жүргізіп отырған. Түрғындардан салық жинап отырған. Қалаларда ақсақал – махалланың басшысы.

[224] *Мұрадбек* – Деректерге қарағанда Мұрадбек 1844 ж. Қоқандағы билікті басып алған, тақта барлығы 7 күн ғана отырған (кейбір деректерде 9-11 күн). Онан кейін Хұдайар хан жарияланған, ал Сарымсақ Қоқан тағына шыққан емес. (В.М. Плоских. Киргизы и Кокандское ханство.Фрунзе, 1977, 70, 160-161 бб.; Каталог монет Коканда XVIII-XIX вв. Составитель С.Х. Ишанханов. Ташкент, 1976, 4-5 б.).

[225] *Нұралы хан* – Әбілқайыр ханның ұлы, Кіші жүз ханы (1748–1786). Хиуалықтардың наместник Надир шахтың Хиуа тағына отырғызған Тахир ханға қарсы көтерілісі мен оның өлтірілуі нәтижесінде Нұралы Хиуа ханы болып жарияланған. Жарты жылдан сәл астам хандық еткен, Уфа қаласында айдауда өлген.

[226] *Цянь-Лун* – 1758 ж. Жоңғариямен болған ұзақ соғыстан кейін оны Цин империясына қосады. Көп ұзамай 1759 ж. Қашғария да тәуелді етіледі.

[227] *Семенов-Тян-Шанский Петр Петрович* (1827-1914) – атақты орыс географы, Тянь-Шан таулы жүйесінің алғашқы зерттеушісі, сол үшін оның фамилиясына құрметті қосымша қосылған. Ол орыс географиялық қоғамының іс жүзіндегі басшысы болған, Ресей мен Орталық Азияны зерттейтін бірнеше экспедицияның ұйымдастырушысы. Омбыда 1856 ж. көктемінде Ш. Уәлихановпен кездесуден кейін, онымен көп жылдар бойы жолдастық қатынаста болған.

[228] *Мәуреннахр* – арабшадан "өзеннің арғы беті". Сырдария мен Амудариянның аралығы.

[229] *Самарқан, Ташкент кітапханалары жойылып кетті ...* – Орта Азияның мәдени орталықтары Самарқан, Бұхара, Хиуа және Ташкент кітапханалары тіптен жойылып кеткен жоқ, олардың кей бөліктері осы күнге дейін жетіп отыр, тіпті жаңа табылған кітаптармен толық-

қан. Кітапханалық негізгі құндылықтар Өзбекстан орталығы Ташкентте жинақталған. (Қараңыз: "Собрание восточных рукописей Академии наук УзССР", т. I-X. Под ред. А.А. Семенова. Ташкент, 1952-1975).

[230] *Самарқандтағы обсерватория* – XV ғ. бірінші жартысында Тимурдың немересі Ұлықбек салдырған атақты обсерватория. Ұзақ уақыт бойы оны құм басып, қай жерде екені белгісіз болған. Тек көне қолжазбалардың көрсетуімен самарқандық археолог В.Л. Вяткин 1908-1909 ж. обсерваторияның негізгі құралы – секстантты тапты. (қараңыз: Т.Н. Кары-Ниязов. Астрономическая школа Улугбека. М., 1950, 60-92 бб.).

[231] *Немвродтық қарбалас* – Немврод (Нимрод) – Вавилондық құлиеленуші мемлекеттің негізін құрушы. Библиялық аңызға қарағанда ол зор ғимарат – аспанға тірелетін мұнара салуды бастаған. Бірақ оны соңына жеткізе алмаған, өйткені Құдай оларды жазалап, құрылысшылар әр түрлі тілдерде сөйлеп, бір-бірін түсінуден қалған. Немвродтық қарбалас – үйымсыз, қажетсіз істелетін жұмыстың белгісі.

[232] *Паж* – бұл жерде ортаазиялық жоғары тап иелерінің гареміндегі қызметші *бачча* туралы.

[233] *40 ұру* – шариғат бойынша мемлекетке қарсы келгендерге соғылатын дүре.

[234] *Кіші Бұхария* – Шығыс Түркістанның бір аталуы.

[235] *Александр Македонский* (б. э. д. 356-323 жж.) – Македонияның патшасы, ұлы әскербасы және мемлекеттік қайраткер.

[236] *Марко Поло* (1254–1324) – атақты итальяндық саяхатшы. 1271-1295 жж. Қашғария мен Қытайға саяхат жасаған. (Қараңыз: Книга Марко Поло. Серия: Открытия. Приключения. – Алма-Ата: Наука, 1990).

[237] *Гоес Бенедикт* (1607 ж. өлген) – португалдық саяхатшы. Үндістанда "Ұлы моғол" Акбардың сарайында ұзақ тұрған. 1603 ж. Қытайға (Лахор–Кабул Памир мен Шығыс Түркістан арқылы, онан ары Йаркенд–Ақсу–Түрфан–Хами–Орталық Қытай) саяхат жасаған. Саяхат үстінде Сучжоуда қайтыс болған.

[238] *Белгісіз саяхатшы* – Ост-Үндістан компаниясында қызмет еткен неміс офицері Георг Людвиг фон (фамилиясы белгісіз). XIX ғ. басында Орталық Азияға саяхат жасаған. Оның жазбаларының толық аталуы: "Путешествие по Верхней Азии. Из Кашмира через страну Болоров в Кашгар, Болор, Бадахшан, Вохан, Кокан, Туркестан, Киргизскую степь и обратно чеез Отрар, Самарканд, Кашгар и Яркент". Бұл жазба басында 1806 ж. 14 тамызда жазған автордың кіріспесі бар. (М.И. Венюков. Обозрение р. Чу. ЛБ, ф. 363, д. 4/1, л. 2 об.).

[239] *Адольф Шлагинтвейт* (1829–1857) – неміс ғалымы, географ, жаратылыс танушы және саяхатшы. 1854–1857 жж. Үндістан мен Орталық Азияның кейбір аймақтарын зерттеп, географиясы, этнографиясы туралы кең көлемдегі деректер жинап, өз саяхаты туралы жазғандарын ағылшын, неміс тілдерінде жариялаған. Еуропалықтар үшін

белгісіз ел Қашғарияны зерттеу мақсатында ресми хат алып барған, алайда қожа Уәлихан-төре оны қамауға алып, Қашғар алаңында басын алған. Оның осындай қасіретті өлімі туралы хабарды алғаш Ш. Уәлиханов алып келген.

[240] *Птоломей* (Птолемей) *Лаг* – Александр Македонскийдің қолбасшысы, Египеттегі (б. э. д. 305-30 жж.) эллиндік әулеттің негізін қалаушы.

[241] *Адам бас сүйегінен салынған мұнара* – қатыгез билеуші Уәлихан-төренің (1857 ж.) бұйрығымен ол жазаға кескен бастардан түрғызылған мұнара. Олардың ішінде ғалым-географ А. Шлагинтвейт пен Қоқан хандығында саяси қуғынға ұшыраған Намедханның да бастары бар. Қараңыз: П.П. Семенов[-Тян-Шанский]. История полувековой деятельности Русского географического общества, ч. I, СПб., 1896, стр. 276.

[242] Бұрынғы хан деп бұл жерде Хұдайар ханды айтып отыр, оны өз бауыры Малла бек Қоқаннан 1858 ж. қуып шыққан.

[243] *Жоңғария* – XIX ғ. Жоңғар Алатауы мен Іле, Алакөл ойпаңдары және Шығыс Тянь-Шан аралығындағы байтақ жердің географиялық аталуы.

[244] *Вланғали Александр Георгиевич* – тау инженері, саяхатшы. Ұзақ уақыт дипломатиялық қызметте болған. 1849-1851 жж. Шығыс Қазақстан мен Жетісу өлкелерінде геологиялық зерттеулер жүргізген. Құлжаға екі рет барған: 1851 ж. Е.П. Ковалевскиймен және 1856 ж. Ш. Уәлихановпен. Оның Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда жүргізген зерттеулерінің нәтижесі "Геогностические поездки в восточной части Киргизской степи в 1849 и 1851 гг" (СПб., 1853, ч. I–II.) жарияланған.

[245] *Голубев А.Ф.* (1832–1866) – Ыстық көл және Алакөл көлдерін зерттеуші, географ. Ол қытайлық офицер Ма Тян-шидің айтуымен топографиялық еңбектер жасаған (ЗРГО, 1862, кн. 2, стр. 93-100). Ш. Уәлихановпен ол алғаш Омбыда 1859 ж. кездесіп, онымен достық және кәсіби байланысын Петерборда да үзбеген.

[246] *Гельмерсен Григорий Петрович* (1803–1885) – Орал, Алтай, Қазақстанды зерттеген орыс геологы. К. Бэрмен бірлестікте "Beitrdge zur Kenntniss des Russischen Reiches und der angrdnzenden Ldnder Asiens" онда Ш. Уәлиханов сілтеме жасап отырған А.И. Шренктің еңбегі қоса басылған.

[247] *Бэр Карл Максимович* (1792–1876) – атақты ғалым-жаратылыстанушы. Ш. Уәлихановтың саяхаттарында жинаған кейбір экспонаттары Бэр құрған Петербор Зоологиялық мұражайында сақтаулы тұр.

[248] *Татаринов А.А.* (1817–1876) – медицина докторы, Шәуешектегі бірінші орыс консулы, Пекинде ұзақ уақыт бойы дәрігерлік қызмет атқарған, сонда қытай тілін меңгеріп, қытай медицинасын үйренген. 1865 ж. Орта Азиямен саяхатта жүргенде Бұхар ханының тұтқынына түседі. Орта Азиядағы өз естеліктерін ол "Семимесячный плен в Бухарии (с картой)" (СПб., 1867) жариялайды.

[249] *Ковалевский Егор Петрович* (1811–1868) – геолог, географ, саяхатшы, Ш. Уәлихановтың ұстазы.

хатшы, жазушы және қоғамдық қайраткер. 1839–1840 жж. Гернгросспен бірге Батыс Қазақстан мен Солтүстік Каспий жағалауымен саяхат жасап, Мұғаджар таулары, Арал маңы, Үстірт пен Ембі өзені бассейніне алғашқы геологиялық зерттеулер жүргізген. Осының нәтижесіндегі еңбектері: "Описание западной части киргиз-кайсацкой степи" ("Горный журнал", 1840, IV). 1851 ж. Жетісу бойына геологиялық зерттеулер жүргізіп, Құлжада болған (ЦГИАЛ, ф. 44, оп. 3, д. 91). Моңғолийа мен Қытайдағы сапарының нәтижесін "Путешествие в Китай" (СПб., 1853) жариялаған. Е.П. Ковалевский Ш. Уәлихановтың ғылыми, қоғамдық қызметіне атсалысып түрған, әрі оның Қашғарға саяхатын ұйымдастыруға белсене қатысқан.

[250] *Карелин Григорий Силыч* (1801–1872) – 1827–1828 жж. Батыс, 1840–1845 жж. Орталық және Шығыс Қазақстан, Жетісуға саяхат жасаған жаратылыстанушы ғалым.

[251] *Абакумов С.* – Алатау өлкесі және Ұлы жүз қазақтарының приставы. Мәскеулік жаратылыстанушылар қоғамының мүшесі болған.

[252] Бұл жерде кезінде Орта Азиялық шөлдердің табиғи-географиялық шегін белгілеу үшін қабылданған шартты шекара айтылып түр (оған Сырдария және Жетісу облыстары және Бетпақ-дала шөлінен солтүстікке қарай Қазақстанның шөлді даласы кірген).

[253] *Гоби* (монғолша: тақыр дала) – Монғолиядағы ұлы шөл.

[254] *Джигетай* (құлан – Equus hemoinius) – Монғолия мен Солтүстік-Батыс Қытайдың шөлді және шөлейтті далаларында жайылған жабайы жылқының түрі.

[255] *Жәнібек орлары* – немесе "Тамерлан орлары" Қазақстанның әр жерінде кездесетін тек аң аулау үшін емес суғару мақсатында қазылған орлар. (Д.Н. Джетбысбаев. Ров Тамерлана, ПТКЛА, 1899, с. 137–138).

[256] *Абулджа хан* – Рашид ад-дин мен Әбілғазы бойынша Сырдария, Шу және осы өзендердің солтүстігінде түрған ежелгі түркілердің аңыздық түп атасы.

[257] *Тезек* – Орта Азия, Қазақстан мен Монғолияның ормансыз аудандарында қолданылатын отынның негізгі түрі.

[258] *Куньми* (гуньмо) – ежелгіүйсіндік тайпалық мемлекеттің билеушісінің лауазымы. Оның кезіндегі бас ордасы Чигу-чэн Ыстық көлдің солтүстік-шығысында орналасқан.

[259] Ол туралы қараңыз: П. А. Кельберг. Поливные поля в Забайкальском крае. ЗРГО, 1861, кн. 1, стр. 183.

[260] *Алмалық* – Орта Азиядан Қытайға баратын керуендер жүретін жолдағы маңызды жерлердің бірі, Хоргос маңайында болған қала (Құлжа қаласының маңайында). XIII–XIV ғғ. шығыс Шағатайлықтардың бас ордасы болған, онда негізгі қоғамдық және діни ғимараттар болған (мешіттер және Шағатайлықтардың мазарлары). Алмалық XV ғ. соңында күйреген. (Қараңыз: В.В. Бартольд. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893–1894 гг. Сочинения, т. IV, М., 1966, с. 79-81).

[261] *Хонакай* – Жетісудағы ежелгі қала.

[262] *Қайнақ* (Рубрук бойынша Cailac – *Кайлак*) – VIII–XIII ғғ. Қаратал өзені жазықтығында Қарлұқ хандығының орталығы болған ежелгі қала. Оның қирандысы Дүнгене атымен Талды-Қорған қаласының маңайында. (Қараңыз: Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Гылым, 1993; А.Н. Бернштам. Памятники старины Алма-Атинской области. – "Известия АН КазССР", серия археологическая, вып. I, Алма-Ата, 1948, стр. 82–84).

[263] *Алмату* – Іле Алатауының етегіндегі ежелгі қала, 1854 ж. оның орнында Верный қамалы тұрғызылған. (Қараңыз: В.Д. Городецкий. Остатки древнего поселения к югу от г. Алматы (бывш. Верный). – В.В. Бартольду туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927, с. 145–150; А.Н. Бернштам. Прошлое района Алма-Ата. Алма-Ата, 1948).

[264] *Генуэздік көпестер* – Дәшті Қыпшақ даласы, Орта Азия, Монғолия мен Қытайда сауда-саттық жүргізген Генуя қаласынан шыққан итальяндық көпестер.

[265] *Қыпшақ елшілері* – XIII– XIV ғғ. моңғол хандарының астанасы Қарақорымға жіберілетін Алтын Орда елшілері.

[266] *несториандық және монофизиттік конгрегациялар* – христиандық ағымдар (секталар).

[267] *Каталондық карта* – 1375 ж. Италияда құрастырылған географиялық карта. 1742 ж. Францияда басылып шыққан "Notices et Extraits des Manuscrits de la Bibliothique du roi ets. " T. XIV – Paris, 1742. Каталондық карта XIV–XV ғғ. Дәшті-Қыпшақ, Орта Азия және Шығыс Түркістанмен сауда жүргізген итальяндық көпестердің пайдалануы үшін жасалынған. Ол туралы: Loachim Lelewel. Geographie du Moyen Age t. II, Bruxelles, 1852, p. 52–88.

[268] Орта Азия халықтары ешқашан сәулет өнері ғимараттарын қиратпаған, керісінше оларды қасиетті санап қорғап отырған. Бұны көптеген саяхатшылар өз жазбаларында ерекше атап кеткен.

[269] *Лама капищасы* – пұтқа табынушылардың сиынатын орны. XVII–XVIII ғғ. жоңғар қалмақтары салған. XIX ғ. ортасында орыс діни цензурасы христиандық емес діни ғимараттарды: мешіт, кешен, дүрбе, дынг және т.б. белгілеу үшін "капище" сөзін енгізген.

[270] *Идол* (қазақшасы: *сынтас*) – гранит немесе құмтастан қашалып жасалған ұзын дөңес немесе төрт қырлы бақан түріндегі өлген кісілердің мүсіні.

[271] Ш. Уәлиханов сырқаты себепті Алмалықтың ежелгі мәдениеті туралы арнайы мақала жазу ойы жүзеге аспаған.

[272] *Чуд копилары* – Қазақстан, Оңтүстік Сібір және Оңтүстік-Шығыс Орал аудандарында кездесетін ежелгі қазба орындары. Уақыты жағынан қола заманының андрондық және карасу кезеңдеріне жатады.

[273] *Жужан әулеті* – Орталық Азияда III– IV ғасырларда өмір сүрген тайпалық бірлестік. (Қараңыз: *Н. Пигулевская*. Сирийские источники СССР. М.–Л., 1941, стр.75).

[274] *Атжақты* (жылқы бейнелі) – антропологиядағы "долихоцефал" (ұзын бас сүйекті) терминіне сәйкес келеді.

[275] *Буруттар* – көрші халықтардың (қытай, қалмақтар) қырғыздарға берген атауларының бірі.

[276] *Сары үйсін* – қазақтың үйсін тайпасының бір руы, олар Іле өзенінің төменгі жағы мен Жоңғарияға шекаралас жерлерде өмір сүрген. Олар көбіне жер өңдеушілік пен үй шаруашылығы ыдыстарын жасаумен айналысқан.

[277] *Афанасьев А.Н.* (1826–1871) – орыс фольклорисі, орыс және славян ертегілері мен аңыздарын жинаушы.

[278] *Мейндорф Г.* (1798–1865) – орфс офицері, Бұхараға 1820 ж. жіберілген Негри елшілігінің хатшысы. Ш. Уәлиханов оның француз тіліндегі "Voyage d'Orenbourg a Boukhara fait en 1820" (Paris, 1826) еңбегіне сілтеме жасаған. (Қараңыз: *А. Каменский.* Нравы и обычаи киргизцев (из "Путешествия в Бухару" барона Мейендорфа). "Северный архив" 1826, ч. 2, стр. 268–281).

[279] *Ұйғыр тілі* – Шығыс Түркістан (Синьцзян) мен Ганьсу провинциясында тұрған халықтардың тілі. Бұл терминді алғаш рет Мұхаммед Хайдар қолданып, кейін француз шығыстанушылары Абель-Ремюза мен Клапрот та пайдаланған.

[280] *Кеңселік тіл* – С.Е. Малов жариялаған құқықтық жарлықтардың тілі. Ш. Уәлиханов кеңсе тілінің үлгілерін толық басып үлгермеген, бұл мәселеге байланысты кең түрғыдан жазылған жазбаларының автографы табылмаған.

[281] *Абдул-Рашид* – XVI ғ. ортасында хандық құрған Са'ид ханның ұлы.

[282] *Мухаммед-Хайдар Курекан* (Мырза Мұхаммед Хайдар доғлат, 1499–1551) – тарихшы "Тарих-и Рашиди" шығармасының авторы. (Қараңыз: Мирза Мухаммад Хайдар. Та'рих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Ташкент: Фан, 1996. стр. 7-9.)

[283] *"Тарихи-Рашиди"* – Мырза Мұхаммед Хайдардың тарихи шығармасы. В.В. Вельяминов-Зернов "Исследование о Касимовских царях и царевичах" еңбегінде үзінділерін аударған; Ағылшын тіліне аудармасы: Mirza Muhammed Haidar, Duglat. The Tarikh-i Rashidi: A History of the Moghuls of Central Asia. An English version, ed... by N. Elias. The translation by E. Denison Ross. London, 1895; Орыс тіліне аудармасы: Мирза Мухаммад Хайдар. Та'рих-и Рашиди. Введение, перевод с персидского А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. Ташкент: Фан, 1996; Парсы тіліндегі толық мәтіні: Tarikh-i Rashidi. Mirza Muhammad Haidar Dughlat (905-957 A.H. Edited by Dr. 'Abbasquli Ghaffari Fard. Tehran: Miras-i Maktub, 2004; *Султанов Т.И.* "Тарих-и Рашиди" Мирза Хайдар Дуглата. (Литературная история памятника) // Письменные памятники Востока: Историко-филологические исследования. М. С. 116–135; *Сонікі.* Рецензия на книгу: Мирза Мухаммад Хайдар. Та'рих-и Рашиди. Ташкент, 1996. 728 с. // Восток. Афроазиатские общества: История и современность. М. № 6, С. 171–175;

Сонікі. Тюркские версии "Тарих-и Рашиди" и их место в средневековой восточнотуркестанской историографии // Петербургское востоковедение. СПб., Вып. 9. С. 356–383.

[284] *Тоғлық-Темір* (1362 ж. қайтыс болған) – соңғы Шағатайлық, Моғолстанның негізін қалаушысы және ханы (1347–1362 жж.) XVI ғ. ортасына дейін хандық құрған хан әулетінің түпатасы, оның иелігі Іледен Памир мен Күнь-Луньға дейінгі жерді алып жатқан. Саййид Рашид аддиннен мұсылмандықты қабылдаған; мұсылман дін қызметкерлеріне мұрагерлік жерлер мен ерекше артықшылық құқығын берген.

[285] *Меровинг* – Францияда (V–VIII ғғ.) билік құрған королдер әулеті, олардың құқығы шексіз болған. VI ғ. елдегі билік бұл әулет кезіндегі жоғарғы мемлекеттік қызметкерлер – мажордомдардың қолына өтеді. Моғолстандағы қызметтік лауазымдар туралы: *В.В. Григорьев.* "Восточный или Китайский Туркестан ...", стр. 298.

[286] *"Тазкиряи Ходжаган"* – Мұхаммед-Садық Қашғаридің "Тазкира-йи қожаған", толық нұсқасы "Тазкира-йи 'азизан" шығармасын алғашқы рет Ш. Уәлиханов Қашғардан алып келіп Азиялық мұражай қорына тапсырған. Бұл шығарма туралы: *Michell, John and Robert.* The Russians in Central Asia. London, 1865.; Bellew H.W. History of the Khashghar. Report of a Mission to Yarkund in 1873 under Command of Sir T.D. Farsyth... Calcutta, 1875; *Григорьев В.В.* Землеведение К.Риттера. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россиею. Восточный или Китайский Туркестан. Выпуск второй – дополнения. СПб., 1873. С.354-390; The History of the Khojas of Eastern Turkistan Summarised from the Tazkira-i-Khwajagan of Muhammad Sadiq Kashghari, by the Late Robert Barkley Shaw,... Edited with Introduction and Notes by N. Elias. Calcutta, 1897; *Бартольд В.В.* Отчет о командировке в Туркестан // Соч. Т.VIII. М., 1973. С. 173; *Hartmann Martin.* Ein Heiligenstaat im Islam. Das Ende der Caghataiden und die Herrschaft der Chogas in Kasgarien // Der Islamische Orient, VI-X. Berlin, 1905.; *Hartmann Martin.* Der Islamische Orient. I. Berichte und Forschungen. II. Die Arabische Frage mit einem versuche der archaologie jemens. III. Unpolitische briefe aus der Turkei. Mit zahlreichen anmerkungen und nachweisen und mehreren registern. APA – Oriental Press. Amsterdam. 1976; *Сәйдуллаев И.* Муһәммәт Садиқ Қәшқәрий ижадида тәзкирә жанри // Үйғур әдәбияти вә фольклордики жанрлар. Алмута, 1980. 125 б.; *Сәйдуллаев И.* Муһәммәт Садиқ Қәшқәрий // Үйғур әдәбиятиниң қисқичә тарихи. Алмута, 1983. 86 б.; *Моллаудов С.* XVIII әсир үйғур поэзияси (тәтқиқат вә текстлар). Алмута, 1990. 203 б.; *Салахетдинова М.А.* Сочинение Мухаммед-Садыка Кашгари "Тазкира-и ходжаган" как источник по истории киргизов // Известия АН КиргССР, 1959, Т. I, вып. 1 (история), сс. 93-125.; 1988. – 418.; Қазақша толық аудармасы: Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. VI т. Мұхаммед-Садық Қашғари. Тазкира-йи 'азизан. Кіріспе, қазақ тіліне аударма, түсіндірмелері, мәтін факсимилесі, көрсеткіштер *А.Ш. Нұрмановікі.* Ғылыми редакторы *Ә.Қ. Муминов.* Алматы: Дайк-Пресс, 2006.

[287] *"Тазкиряи султан Сутук-Бугра-хан-газы"* (Сұлтан Сатұқ Боғра ханның өмірбаяны) – Қарахани (илектер) әулетінен шыққан Сатұқ Боғра ханға (955 ж. қайтыс болған) арналып Қашғарда жазылған шығарма. Ол алғаш исламды қабылдап Шығыс Түркістан мен Жетісу өңіріне таратқан. (қараңыз: *В.В. Бартольд.* Очерк истории Семиречья. Сочинения. Т. II, ч. 1. М., 1963, с. 41-42).

[288] *Илектер әулеті* – Қараханилер әулетінің (X – XIII ғ. басы) "төменгі" хандарының лауазымы, ол лауазым жоғарғы хандардың тәуелділігіндегі туысқандарына берілген. Илектер Жетісу мен Ферғанада үлкен саяси беделге ие болған. XI ғ. кейін илек лауазымы айналымнан шығады. Кейде қараханилар әулетіне синоним ретінде қолданылады, алайда ол дұрыс емес, өйткені олардың барлығы илек болмаған.

[289] "Ришахат" (Рашахат 'айн ал-хайат) – 1503 ж. Али ибн Хусейн ал-ва'из ал-Кашифи, лақабы ас-Сафи (1532 ж. қайтыс болған) жазған нақшбандийа шайхтары мен Орта Азиялық сопы ақындарының өмірбаяндарын сипаттаған шығарма.

[290] "Абу-Муслим-Марузи" – ('Абд ар-Рахман ибн Муслим ал-Марвази, Сахиб-да'ват ал-Хурасани) – Хорасандағы умавилерге қарсы қозғалыстың жетекшілерінің бірі, бірнеше қомақты тарихи оқиғалар оның есімімен байланыстырылады ("Абу Муслим қозғалысы"), оның нәтижесінде халифат билігіне Аббасилер келеді. Оның тұсында Мауераннахрды арабтардың жаулап алуы аяқталады. 755 ж. Ирақта халиф ал-Мансұрдың бұйрығымен қаза табады

[291] Ш. Уәлиханов жинаған нумизматикалық топтама (18 экземпляр) Азиялық мұражайға өткізілген. Олардың сипаттамасы осы басылымның 5-томында берілген. Ол монеталар 1930-1931 жж. Мемлекеттік Эрмитаж қорына өткізілген.

[292] 1858 ж. – қолжазбада қателесіп 1856 ж. деп жазылып кеткен.

[293] *Дургам бұқасы* – Күшті де семіз бұқалар өсірумен атағы шыққан ағылшынның Дургам (Durham) қаласы мен осы аттас графствоның атауынан шыққан.

[294] М.И. Венюковтың куәлік етуі бойынша қырғыздың ақынәншілерінде "удивительно верная интонация, которую можно было ценить даже непонимающему слов поэмы, умение вовремя употреблять скороговорку, речитатив или протяжное унылое пение, составляли неотъемлемое достоинство рапсода" (*М.И. Венюков.* Путешествия по окраинам Русской Азии и записки о них, стр. 169).

[295] *Қырық қыз* – Орта Азия мен Қазақстан түркі халықтарында 40 саны қасиетті мағынаға ие, "40 қыз", "40 жігіт", "40 уәзір" және т.б. аңыз-әпсаналар көптеп кездеседі.

[296] Ш. Уәлиханов қырғыздарды Енисейден көшіп келді леген пікірге үзілді-кесілді қарсы шығады, оның тұжырымдауы бойынша қырғыздар Тянь-Шаньның жергілікті тұрғындары, олар бұл жерлерде ерте замандардан бері тұрады, олар Алтай мен Енисейге дейін жылдық Тянь-Шань мен Оңтүстік Сібірге көшу үрдістерімен жетіп отырған. Уәлихановтың ойы бойынша олар ол жақтарға көшуді тек жол-

дарында күшті ойрат мемлекетінің Жоңғарияда орнығуымен (XV–XVIII ғғ.) доғарады.

[297] *Албан* – салық түрі.

[298] *Тьерри Амадей* (1797–1873) – француз тарихшысы, ғұндар тарихы мен олардың Риммен қарым-қатынасын зерттеумен айналысқан. Ш. Уәлиханов бірнеше рет оның "Historie d'Attila et de successeurs" еңбегіне сілтеме жасайды.

[299] *Kao-tsche* (Гаочен) – Түрфан жазирасы мен Тарым өзені алқабы. (Қараңыз: Д. Позднеев. Очерк истории уйгуров. СПб., 1883).

[300] *Ноғай жырлары* – қазақ, ноғай және қарақалпақтардың эпикалық жырлары, олардың негізгі мазмұны XIII–XVII ғғ. тарихи оқиғалар. Оларға "Еркөкше", "Ер-Сайын", "Ер-Тарғын", "Қобыланды", "Қамбар" және т.б. жырлар жатады.

[301] *Ходьзко Александр* (1804 ж. туылған) – белгілі поляктың ақыны, шығыстанушы. 1845 ж. Иранда Ресей консулы болған, шығыс халықтарының әдебиетін зерттеген. Ш. Уәлиханов оның A. Chodzko. Speciment of the popular poetry of Persia ... London, 1842. Орысша аудармасы С.С. Пенна "Кер-оглу". Восточный поэт-наездник. Тифлис, 1856. еңбегіне сілтеме жасайды.

КӨРСЕТКІШТЕР

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Абақумов С. – 7, 345,
Абд ул-Афур – 151,
Абд ул-Рашид, Қашғар ханы – 352,
Абд ул-Уахаб – 131, 133, 134,
Абдекарим, Қоқан билеушісі – 328,
Абделкарим, Качибектің бауыры – 38,
Абдиллабаев Әлімбай / Шоқан Уәлиханов – 53, 227, 230, 231, 232, 305, 307, 308, 354,
Абдолла қожа / Патша-қожа, Йусуф қожа ұлы – 134,
Абдолла, қырғыз – 136,
Абдрахим, долондардың бегі – 134,
Абдрахман-би, Қоқан билеушісі – 328,
Абдрахман-қожа – 241,
Абдулла, болыс – 306,
Абдулла, Бұхар ханы – 26, 73,
Абдуллахан қожа / Ақшапан қожа – 51, 157, 186,
Абдулмажитов Измаил – 253, 271,
Абсаттар, Артыш бегі – 131,
Абу Муслим ал-Марвази – 142, 167,
Абулджа-хан, Иафеттің баласы – 348,
Абунаср-Самани – 127,
Абылай хан – 138, 317, 318, 339, 340,
Авдей – 169,
Ағысов Йусуф/ Жүсіп, саудагер – 290, 306, 307,
Ажиғожин Рақыш – 306,
Айдос-би, қарақалпақ биі – 321,
Айқожа – 340,
Айтқұлов Шыныбай – 306,
Айюб Раджи Синг – 339,
Ак – 302,
Аким, бурут рубасысы – 164,
Ақбаш, Измаил ханның бауыры – 130,
Ақжол, көш қызметшісі – 13, 14, 15,
Ақ-Қошқар, қарақалпақ – 322,
Алдаберген, болыс – 306,
Алексеев, фабрикант – 213,
Алим хан, Нарбота би ұлы, Қоқан ханы – 321, 328,
Алим-ахун, ханарқытық, Данийал-қожаның үрпағы – 184,
Алимбек-датқа, қоқандық мыңбасы – 28, 29, 33, 50,78, 197, 272,
Алим-патша, саудагер – 150,
Аллақули, Куча бегі – 134,
Алычбек, хакімбек – 160,
Амед-ван (Ахмед) – 43, 158,
Амет-ван (Ахмед), хакім
Амурсана – 131, 132, 133, 135, 339,
Анбар ана, Зоңгінің жүбайы – 51
Антаһура шейх – 186,
Аппақ, қожа – 128, 129, 137, 151, 201, 202, 203, 371
Арслан-хан ғази – 69, 241,
Асанбай, қырғыз – 30, 31, 74, 76, 79, 81,
Асанбай-елбегі, керуенбасы – 27, 29, 30,
Асанжан, маргеландық – 67,
Асаф – 51, 187,
Аталық-хан Алим би ұлы, Қоқан билеушісі – 328,
Атантай, чонбагыштың қолбасшы – 32, 76, 143, 144, 146, 149,
Атилла – 363,
Ауенбай – 38,
Афанасьев – 349,
Ахмад-Джамши – 51,
Ахмед, Аппақтың ұлы – 130, 133,

Ахмед-Аркан – 51,
Ахмед-қожа – 135,
Ахмет Йасауи – 51, 52,
Ахмет-пансат – 29,
Ахмет-шах, дуранилік – 138, 338, 339, 340,
Ахрар-Уәли, қожа – 51,
Ашраб-бек, Зйа уд-дин ұлы – 141, 237,
Ашуркузи бек – 135,
Әбдікөрім, саудагер – 287,
Әбілғазы – 9, 348, 361,
Әбілмәмбет хан – 138,
Әбілмәмбет, Орта жүздің ханы – 317, 339,
Әбілфейіз – 339, 340,
Әділбай – 38,
Әжібай, сару руынан – 337,
Әлжан, Әлеке баласы – 32, 77,
Әли, халиф – 51, 187,
Әли-Асқар, Зәңгі-Баба ұлы – 51
Әлібек, қыпшақ басшысы – 334,
Әлім Нарбота ұлы – 337,
Әлімбай, қараңыз – Абдиллабаев Әлімбай.
Әлімбек-датқа, қырғыз – 191, 338,
Әлімжан, әндіжандық – 241,
Әлішбек, Аличбек – 43, 48,
Әлішер, қоқандық датқа – 6, 8,
Әмір-Хайдар – 321,
Әтеке, чонбағыштық – 62

Бабатүнғыз – 50,
Бабур – 255, 256, 282,
Баиров Қабыл – 306,
Байбеков Алшынбек – 306,
Байтоқов Айгел – 306,
Байторы Жаланаков – 32, 77,
Байтұры, Жеманақ ұлы, қараңыз Байторы Жаланаков.
Байхан, шенеунік – 191,
Балбек, әскербасы – 335,
Балту, пошаб-бек – 237,
Банди, генерал – 133,
Банушка /Ванюшка-тілмәш – 355,
Барақ сұлтан – 317,
Бардашев А.И., тілмаш – 87, 254,
Батачи – 364,
Батыр-сұлтан – 317, 339,
Батыр-хан – 366
Баха уд-дин-қожа, Сарымсақ қожа ұлы – 143, 203,
Бахадүр, Бұхара әмірі – 335,
Бахауддин-Балягярдан (Нақшбанд) – 51, 371
Бедил мырза – 52
Безверхов – 248,
Бекмырза, көш қызметшісі – 13,
Берназаров Мұхамедразық, саудагер – 287, 305, 307,
Бижан – 306,
Бламберг И.Ф. – 280,
Боқбасаров Текебай – 306,
Боранбай, қырғыз манапы – 8, 14, 55, 88, 92, 351, 360,
Борнс – 169, 186, 188, 212,
Борсық, қырғыз – 14, 38, 54, 58, 356, 357, 358, 359, 360, 369, 370
Ботағай, ташкендік жолкөрсетуші – 303,
Бөлеков Ақжол – 306,
Броневской, генерал-майор – 323, 326,
Бук-Мурун, Кукотай ұлы – 367
Бұзрұқхан-төре Махдум Ағзам, Жәңгір-қожа ұлы – 11, 153, 198, 203,
Бүйдашев Әлжан – 304,
Бүрхан ад-дин ибн Махмуд, қожа – 10,
Бүрхан ад-дин, Ахмед қожа ұлы – 133, 134, 135, 136, 137, 189, 198,
Бэр К.М. – 345,

Вельяминов В., генерал – 323, 325, 326,
Вельяминов-Зернов В.В. – 317,
Виткевич, поручик – 283,
Влангали А.Г. – 344, – 345,
Волконский, князь – 320,

Гадайбек, қоқандық – 335,
Галдан-Черен хан – 129, 130,
Гасфорт – 313,
Гельмерсен Г.П. – 345,
Гоес, иезуит – 342,
Голубев А.Ф. – 344,
Гордеев Г., аудармашы – 318, 319,
Гумбольдт А. – 97, 98, 249, 250, 253, 351,
Гун-Я, әскербасы – 326,

Гутковский К.К. – 6
Гуэн-Цсанг, қытай жиһанкезі – 110, 126, 206,
Гүлмәлика ханшайым – 363,

Ғази, хакімбек – 135, 136,
Ғазибек хакім – 132,
Ғалдан-Бошоқту – 10,

Даваци – 131, 132,
Данийал, қаратаулық қожа – 130, 184,
Дан-чин, зайсаң – 133,
Дао-Гуан (Гао-Канан)
Дарин Шалабай – 306,
Дәулеткерей, Абылайдың жиені – 318, 339,
Джан-кян, қытайлық саяхатшы – 9
Джуджаг ад-дин, бұхаралық қожа – 9,
Джулай, Монғол ханы – 367
Джунь-тань, Қытай сановнигі – 146,
Досмын, болыс – 306,
Дост-Мұхаммед, Мұхаммед-Әзім-хан ұлы – 339,
Дост-Мұхаммед/Досмұхаммед хан, ауғандық – 51, 186,
Дунар, қалмақ зайсаны – 362,

Едіге, батыр – 365,
Екатерина, император – 339,
Елемесов Бораншы – 306,
Емген Мерген – 363,
Емин-қожа – 140,
Ердене-би / Эрдене, Қоқан билеушісі – 138, 189, 328, 337, 339, 340,
Ерке, Йусуф қожаның ұлы – 136,
Ер-Көкше, батыр – 365,
Есенбай – 38,
Есім хан / Ашем, Яркенд ханы – 130,
Ешанқұл-датқа, күшбегі Ляшкар ұлы – 335,

Жалбағай – 306,
Жамантай, болыс – 306,
Жанғазы сұлтан, жалайыр рубасысы – 354, 355,
Жанет – 14, 18, 57, 369
Жантай ұлы Исабек – 87,
Жантай, сарыбағыш рубасы – 82, 83,
Жанұзақ, тоқсаба, қырғыз – 324,
Жарқын-Айым, ханша – 338,
Жаһан қожа, Данийал қожа ұлы – 130, 132, 135, 136, 137, 189,
Жәнібек хан – 348,
Жәңгір-қожа, Сарымсақ қожа ұлы – 10, 11, 29, 40, 75, 140, 143-148, 179, 189, 198, 203, 238, 326,
Жедел – 306,
Жейма – 170,
Жербильон П. – 108,
Жорабек, қоқандық – 335,
Жошы-хан – 9,
Жуков – 308,
Журунов Құттыбай – 306,
Жұмабай – 331
Жүніс, құрман руынан – 38,
Жүніс-пайғамбар (Юнус, Ион) – 51, 187,
Жүсіпхан-төре, Сарымсақ қожа ұлы – 11,

Зәңгі Баба – 51,
Зәңгі-ата – 51,
Зиауддин, ахунд – 10, 141, 237,
Зильберштейн – 251,
Зурдун, хакімбек – 118, 151,

Иакинф – 177, 350, 361, 363,
Иафет – 348,
Ибадулла-қожа – 47, 51,
Ибатуллин Төрегелді-батыр – 304,
Ибн Хажиб, шейх
Ибрагим-қари – 46,
Ибрахим, болыс – 306,
Игнатьев – 313,
Измаил бек, мыңбегі – 20, 22, 39, 43, 65, 155, 198,
Измаил, Қашғар ханы – 129, 130,
Измаил, наиббек – 47,
Имам-Калан, қожа – 128,
Иса датқа, Ташкент әмірі – 32, 144,
Исабек, Жантай ұлы –
Иса-датқа – 76, 239,
Исак-ван – 146,
Исенбұға хан – 9,
Исет-Улла, Мир –
Исламжан, әндіжандық – 241
Исмаил-хан, Дарваз шахы – 12, 158,
Исхақ-ван – 238,
Исхақ-Уәли, қожа – 128, 130,

Ишанхан-төре / Каттахан-төре, Йусуф-қожа ұлы – 85, 151, 152, 202, 203,

Йақуб Жанқұлов – 6, 7,
Йақуб, Манастың әкесі – 366, 367,
Йахия қожа, Аппақтың үлкен ұлы – 130,
Йахия қожа, Жаһанның үлкен ұлы – Йусуф Хамадани – 52,
Йусуф, Данийал қожа ұлы – 130, 131, 132,
Йусуф, Сарымсақ қожа ұлы – 203,

Кабат мурза (Қуат мырза) – 132, 134, 135, 136,
Камил, бұхарлықтардың ақсақалы – 193,
Каньси, император – 108, 140,
Каратаев Аркатпай – 306,
Карач, манап – 356,
Карелин Г. – 345,
Кармышева Дж. – 261, 271,
Кастрен, академик – 366
Каттахан-төре, қараңыз Ишанхан-төре.
Качибек – 38,
Каюмов Мир-Құрбан Судюр – 324,
Кенже-батыр, найман – 339,
Кенжес, би – 32, 77,
Киперт – 253,
Клапрот – 253, 349, 361,
Ковалевский Е.П. – 345,
Көккөз – 306,
Көр-Оғлы – 365
Көроғлы, қыпшақ рубасы – 331,
Кузнецов, ренегат – 6,
Куилдат – 365
Кукотай, ноғай ханы – 367
Кулбаев Бирмолда – 306,
Күнқожа – 340,
Кішікхан-төре, Йусуф-қожа ұлы – 50, 152, 157, 202, 203,
Кянза, қызметші – 324,

Қабыл-би, ұратөбелік аталық, Өткір-Сопы баласы – 321,
Қабылов Майқы – 306,
Қазан, Шағатай әулетінен 25-билеуші – 9
Қазы-ахун, Шайх-ахун ұлы – 159,
Қазыбек би – 317,
Қайып хан – 317,
Қайыр – 306,
Қалдан-Серен – 317, 362,
Қалыбек, молда – 331,
Қанағатша немесе Қанағат шах, әмір – 335,
Қарахан – 367
Қарача, Қара қырғыз – 251,
Қари, бұхарлық – 67,
Қари-Мумин, хакімбектің қызметшісі – 49,
Қарымсақ, би – 32,
Қасым, мыңбасы – 333,
Қасым-бек, хакімбек – 146, 151, 238,
Қасымов Кенесары – 329,
Қасымов Мұсабай Тоқтабай ұлы, керуенбасы – 38, 39, 257, 258, 305, 307, 308, 310,
Қасымов Саржан – 323,
Қаттахан төре – 50, 157,
Қиятов Қошқарбай – 306,
Қожабек бин Шадман-бек, есік-ағасы – 324,
Қожа-Жаһан ибн Махмуд, қожа – 10, 51, 52,
Қожа-Мұрад, Төре-Мұрад Сопы бауыры – 320, 321,
Қожин Суанбай – 306,
Қойгелдин Қожеке, саудагер – 189, 305, 307,
Қоңырбай, Қытай батыры – 367
Қошқар, Ш. Уәлихановтың қызметшісі – 15
Құдайар хан, Шер-Әли ұлы, қараңыз – Хұдайар хан.
Құдайар, Мұзаффар ұлы – 335,
Құтаяқов Күйік – 306,
Күтлүбек, хакімбек – 158, 159, 160, 182,
Қылыш-күрші – 336,
Қыстықов Батыреке – 306,

Лаванский, күпия кеңесші – 324, 325,
Левшин Г. – 350, 361,
Лянза, қызметші – 324,
Ляшкар күшбегі – 31, 76, 148, 149, 335,

Ма Тянг-ши – 93, 96,

Мадалі хан/Мамед-Али/Мад-Али, Омар хан ұлы, Қоқан ханы – 10, 31, 76, 148, 194, 328, 334, 335, 337,
Мадамин (Мұхаммед-Амин), Нарбота би ұлы, Қоқан билеушісі – 328,
Мадатов, Грузиялық ақсүйек – 220,
Мад-Йусуф, Жәңгір-қожаның үлкен бауыры – 148, 149, 326, 327,
Мад-Карим-бий, қоқандық елші – 193,
Мад-Карим-қазы – 156,
Мад-Саййид-ван – 238,
Мад-Шариф – 149,
Мадшаріпбай, зекетші – 335,
Македонский Александр – 98, 342,
Малай-Сара / Малай-Сары – 317, 318,
Малибек хан, Шер-Әли ұлы, Қоқан билеушісі – 69, 70, 71, 192, 197, 201, 202, 309, 333, 334, 335, 336, 337,
Малибек, Ташкент билеушісі – 332, 338,
Маллабек хан – 50,
Мамай – 22,
Маман – 14,
Мамед-Әли, Қоқан ханы
Мамеджан, татар – 17,
Мамед-Йакуб, қараңыз Йакуб Жанқұлов.
Мамеке Шопақ, тыным сеит рубасы – 77,
Мамеке, қалмық рубасы – 32, 198,
Мамыразық – 29, 30, 31, 35, 38, 47, 72, 75, 76, 77, 78, 356,
Манас, Йақуб ұлы – 366, 367,
Манияс, мыңбасы – 332,
Марко Поло – 127, 170, 342,
Матаев Жолай – 306, 307,
Маткерім-би, бақауылбашы – 50, 336,
Маулауи Джами – 52, 167,
Махдум-и Ағзам – 128, 188,
Махмуд сұлтан, Омар-хан ұлы – 335,
Махмуд, қожа – 10
Махмуд, Тибет губернаторы – 220, 326,
Мединцов – 38, 212, 213, 222, 285, 286
Мед-Саид-ван, Қашғар билеушісі – 145,
Мейндорф Г. – 350,
Мет-Йусуф-қожа, Сарымсақ қожа ұлы – 143,
Метмұса-түркі – 335,
Меһди, Измаил ханның ұлы – 129, 130,
Мийан Абдулрахман – 51,
Мийан-Бузрук / Катта-һазрет – 51, 186,
Мийан-Мұхаммед-Халил, ишан – 51, 186, 188,
Мийан-Фазыл-Улема-Қадыр – 51,186,
Мир Гейдер-хан, маңғыт, Бұхара әмірі – 320,
Мир Исет-Улла – 253,
Миразизолин Хусаналы – 306, 307,
Миргузбек, Қарғалықтың хакімбегі – 134,
Михтар-Уәлихан, удайшы – 192,
Муминбек – 50,
Муравлев, генерал – 363,
Муравьев Н.Н. – 142,
Мурсағитов Мурзамухсин, қараңыз – Сағитов Мухсин.
Мұрад хан, Алим би ұлы, Қоқан билеушісі – 328, 337,
Мұрадбек, Кундуз әмірі – 194,
Мұратбек, Сарымсақ қожаның туысқаны – 143,
Мұса-панач – 51
Мұса-пансад, қашғарлық эмигрант – 156, 157,
Мұсылманқұл, билеуші – 151, 331, 332,
Мұхаммед Жүсіп қожа / Мяд-Жүсіп
Мұхаммед Рақым, зекетші – 303,
Мұхаммед, Пайғамбар – 9, 12, 50, 90, 123, 126, 127, 128, 152, 159, 169, 170, 185, 186, 187, 188, 233, 326, 359,
Мұхаммед-Айиуб датқа, таулық – 12,
Мұхаммед-Әзім-хан, уәзір – 339,
Мұхаммед-Әли [Мәделі]-хан, Омар-хан ұлы
Мұхаммед-Емин, Измаил ханның бауыры – 129,
Мұхаммеджан, татар – 42, 46,
Мұхаммед-Разық Пірназаров, саудагер, қараңыз Мамыразық.
Мұхаммед-Разық-датқа, Құртқа хакімі – 303,
Мұхаммед-Рахым – 43, 156,

Мұхаммед-Рахым, Хиуа ханы – 320,
Мұхаммед-Хайдар Курекан – 255, 352, 353,
Мүмін-қожа, Йусуф қожа ұлы – 134,
Мырза-Ахмет-парванашы, Ташкент билеушісі – 333, 337, 338,
Мырзамухсин, саудагер – 287,
Мырзат, мыңбасы – 331,
Мырзатай, болыс – 306,
Мір Әлішер Науаи – 52, 168, 169,
Міркүрбанов Ташмағамет – 285, 305, 307,

Надир-шах – 339,
Назар, қожа – 137,
Назаров Филипп – 143,
Наз-Қары, Монғол ханы – 367
Найман Бүйдаш ұлы, бұғы рубасы – 30, 32,34, 35, 76, 77, 80, 81, 82, 252,
Найманбай, маргеландық саудагер – 45, 67, 85, 155,
Намет-хан, Қоқан ақсақалы – 12, 151, 152, 158, 159, 191, 192,
Нарбота, Қоқан билеушісі – 138, 328, 337,
Насраддин-датқа, қашғарлық ақсақал – 50, 70, 160, 192, 193, 302, 336,
Насрулла-хан, Бұхара әмірі – 335, 337,
Настич В.Н. – 52
Наян-Чэн, наместник – 147,
Немвродов – 342,
Нессельроде К.В. – 323, 324,
Никон – 365
Нияз, ішкаға – 135,
Нұралы, кіші жүз ханы – 138, 317, 339, 340,
Нұрмағамбет-датқа, қараңыз – Нұрмұхаммед-датқа.
Нұрмұхаммед, әндіжандық ақсақал – 12, 30,
Нұрмұхаммед-датқа, Қашғар ақсақалы – 70, 84, 153, 154, 156, 190, 193, 202, 303, 333, 336,
Нұрмұхаммед-күшбегі, Ташкент билеушісі – 331, 336,

Омар (Фарух), халиф – 50, 186,
Омар хан, Нарбота би ұлы Қоқан билеушісі – 143, 328, 337,
Орақ, батыр – 365,
Орман, сарыбағыш рубасы – 82, 88,
Орыс би – 77,
Орыс сұлтан – 340,
Осман, *саяқ* руының биі – 29, 30, 31, 32, 34, 75, 79, 80,
Осман, Тайлақ ұлы – 76, 77, 78,

Өтенбай-күшбегі, қыпшақ – 330, 331, 332, 334,

Патшахан қожа, Сарымсақ қожа ұлы – 51, 186,
Паянда бек – 146, 238,
Пиленков, орыс көпес – 148, 220,
Пищулина К.А. – 52
Полифем, циклоп – 366
Птоломей – 99, 209, 255, 342,

Раббани (Аянди), имам – 50, 186,
Раимбек, Қоқан билеушісі – 328,
Рафаилов – 220,
Рахымқули, долон бегі – 136,
Рашид ад-дин – 127, 361,
Рашид ад-дин/Жамал ад-дин, Джуджаг ад-дин ұлы – 9
Рашид, қашғарлық хан – 180,
Ремизов – 38, 212, 213, 286,
Ремюза Абель – 349, 350, 351, 361,
Риза, имам – 9, 128,
Риттер – 113, 253, 341, 351, 361, 370
Родофиникин К.К. – 323,
Румянцев, канцлер – 320,

Саадатбай, маргеландық – 67,
Сабырхан-төре, қоқандық мийан-қожа – 188,
Сағитов Мухсин, бұхарлық саудагер – 68, 305, 307,
Садық – 306,
Садық қожа, Жаһан қожаның ұлы – 132,
Садық-бек, Аким ұрпағы – 164, 193,
Сали-қожа / Сарымсақ қожа – 10,
Салман-Фарс – 51
Салмеке-Жарқын
Самеджан – 46,
Саметей, Манастың ұлы – 366, 367
Самсалы, би – 57, 369
Самулла-қожа – 336,
Сандық, қалмақ зайсаны – 362,

Сарыжақ, чирик рубасы – 77,
Сары-Құл батыр – 318,
Сарымолла Тахир Танаоғлы – 273,
Сарымсақ хан, Шер-Әли ұлы, Қоқан билеушісі – 337,
Сарымсақ, болорлық – 6, 8,
Сарымсақ-датқа, сару рубасысы – 273,
Сарымсақ-қожа / Сали қожа Бұрхан ад-диннің ұлы – 11, 137, 140, 142, 143, 186, 203,
Сарыхожин Кенже – 286, 305, 307,
Сасық-Ұрыс, би – 32, 77,
Сатқұл, қыпшақ – 50, 156,
Сатпин Сатен – 306
Сатук Боғрахан-ғази – 119, 127, 353,
